Жергілікті халық білім беру ісіне оң ниет білдіргенін аңғартатын баянхаттарда бар, 1925 жылғы 5 маусымдағы баянхат осының дәлелі болады: «На пути следования в ст.Баянаул завернул в заброшенный Чидертинский район Кызылтавской и Чидертинской волости, где должно было функционировать 3 ликпункта. На урочище «Сарголь» Кызылтавской волости приехал 8-го июня, куда приехала ликвидаторша неграмотности М.Баймуратова, которая вела предварительные беседы о ликпункте.

Два дня пришлось останавливаться здесь, для сговора с населением о помещении и об обстановке. Население этой местности с большой радостью пошла нам на встречу и обещалось отвести для занятий ликвидаторше юрту и был составлен список 35 учащихся, из них 8 девочек, остальные подростки. Таким образом, М.Баймуратовой лично было предложено начать занятия с 10 июня» [17].

Негізінен, алғашқы жылдары жалпы білім беру ісіндегі қиыншылықтарды шешу үшін кешенді бағыт – бағдарды айқындауды талап етті: әсіресе, қазақ және татар мектептерінде білікті кадрлардың болмауы, материалдық базаның нашарлығы, оқу құралдарының жеткіліксіздігі, мектеп әкімшілігінің өз қарамағында ғимараттардың болмауы, мұғалімдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жасай алмау және т.б. жалғыз мекеме шеше алатын дәрежеде болған жоқ. Осы ретте кейбір қалалық халыққа білім беру бөлімінің қызметкерлері халықтан

арнайы ағарту салығын жинауға ұсыныс жасады [18], дегенмен, уақыт көрсеткендей бұл шаралар өз нәтижесін жоспарланған дәрежеде көрсете алмады, халық ағарту ісін тұралатқан мәселелер жеке емес, кешенді түрде қарастыруды талап етті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. **Обзор Семипалатинской области ... [по годам].** - Семипалатинск : тип. обл. правления, 1871-1913. - Часть изданий литогр. - За ряд лет является Приложением к Верноподд. отчету семипалатинского губернатора. **1882 год.** - [1883]. - 34, [41] с. : табл.

2. «Абай облысының мемлекеттік архиві» КММ (ары қарай АО МА), Қ.417, Т.1, Іс 130, П.1;

3. АО МА, Қ.417, Т.1, Іс 58, П.91;
4. АО МА, Қ.417, Т.1, Іс 196, П.405;
5. АО МА, Қ.417, Т.1, Іс 17, П.1-2;
6. АО МА, Қ.417, Т.1, Іс 20, П.110;
7. АО МА, Қ.417, Т.1, Іс 23, П.65-66;
8. АО МА, Қ.417, Т.5, Іс 281, П.5-6;
9. АО МА, Қ.417, Т.1, Іс 196, П.376;
10. АО МА, Қ.417, Т.1, Іс 574, П.59;
11. АО МА, Қ.417, Т.1, Іс 419, П.12;
12. АО МА, Қ.415, Т.1, Іс 67, П.156-161;
13. АО МА, Қ.415, Т.1, Іс 67, П.1-48;
14. АО МА, Қ.415, Т.1, Іс 67, П. 50-155;
15. АО МА, Қ.415, Т.1, Іс 143, П.48-53;
16. АО МА, Қ.415, Т.1, Іс 173, П.2-116;
17. АО МА, Қ.415, Т.1, Іс 149, П.45;
18. АО МА, Қ.415, Т.1, Іс 111, П.38.

ӘОЖ 37

ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРДЫ ОҚЫТУДА СЫНИ ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Ахметсаки Қ.А.

Ғылыми жетекші: Өскембай Ә.А., Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты
С. Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: kuraakhmetsaki02@gmail.com

Қазіргі заманда мемлекетіміз талантты, дарынды оқушыларды дамытуда түрлі мүмкіндіктерді дамытып жатыр. Соған сәйкес, жоғары оқу орындарында білікті ұстаздарды шығаруға ат салысуда. Өз пәнін жетік білген ұстаз, сол пәннің де дұрыс әдіс-тәсілдерін меңгере білуі керек. Әрине, көптеген әдіс-тәсіл көп, бірақ

мені ойландырған ол-сыни ойлау технологиясын сабақта қолдану. Сыни ойлау дағдысын қазір оқушыларда дамыта білу әр ұстаздың міндеті деп ойлаймын. Себебі, бұл біріншіден оқушының берілген ақпаратты жақсы, есте сақтауына көмектессе, екіншіден, оқушының бір ақпарат төңірегінде тереңірек әрі жан-жақты ойлауына көмектеседі.

Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейілділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді.

Бастапқы деңгейде сын тұрғысынан ойлау үдерісі:

- тиісті ақпарат жинауды;
- дәлелдерді сын тұрғысынан талдау мен бағалауды;
- кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар;
- ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды

қамтиды.

Оқыту мен оқудағы сын тұрғысынан ойлау сияқты күрделі міндеттермен қатар, бұл үдеріс анықталмаған болжамдар мен құндылықтарды, проблемаларды мойындау және оларды шешудің тиімді құралдарын табуды, түрлі міндеттерді шешуде басымдықтарды белгілеудің маңызын түсінуді қамтиды [1, 45 б.].

Сын тұрғысынан ойлау мәнмәтінді есепке ала отырып, бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру және шешім қабылдау үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану сияқты дағдыларды дамытуды қарастырады. Сондықтан оқушыларға бақылау, талдау, қорытынды жасау және интерпретациялау дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасау керек. Мәселен, тарих немесе географияны оқытуда оқушыларды:

- суреттер, фотосуреттер, естелік жазбалары сияқты дәлелдерді жинақтау және топтастыруға;
- негізгі дереккөздерді бағалауға және оларға тиісті сұрақ қоюға;
- қорытындылар мен бастапқы тұжырымдар жасай отырып, негізгі дереккөздерді салыстыру және талқылауға;
- анағұрлым кең тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауға тартуға болады.

Жұмысты талдаудың соңғы кезеңдерінде оқушыларға мұғалімдермен пікірталасқа қатыса отырып, өздерінің бастапқы қорытындыларын талдау және қайта қарау арқылы өзінің оқу үдерісін, соның ішінде бағалау, түсіндіру және метатану үдерістерін барынша түсінуге көмек көрсеткен дұрыс [1, 45-46 б.].

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқушы — ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Ал мұғалім-әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.

Сыни ойлау сабағының құрылымдық формуласы 3 кезеңнен (ERR) тұрады:

1. *Қызығушылығын ояту* («көпір жасау», ой қозғау). Бұл кезеңде мұғалім бұрынғы білетін білімдерін жаңа материалмен ұштастыруға жағдай жасайды. Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Осы кезеңге қызмет ететін “Топтау”, “Түртіп алу”, “Ойлану”, “Жұпта талқылау”, “Болжау”, “Әлемді шарлау” т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Қызығушылығын ояту: Болжау кестесі, Тірек сөздер, Венн диаграммасы, Т кестесі, Бір айналым күнделік, Блум таксаномиясы, Миға шабуыл, Топтастыру жатады.

2. *Мағынаны таныту* (мағынаны ажырату) — Реализация – оқып жатқан тақырыптардың қажетін түсіну. Мағынаны тану кезеңі негізгі кезең сондықтан оқылып жатқан материалдың қажеттілігін түсіндіреді. Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында V – “білемін”, — - “мен үшін түсініксіз”, + - “мен үшін жаңа ақпарат”, – “мені таң қалдырады” белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады.

INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Мағынаны тану кезеңі: Т кестесі, Пікір — талас, Аквариум, INSERT, RAFT, ДЖИК СО, Куббизм, Геометриялық фигуралар, Бір айналым сұхбат, Түртіп алу, Жұпта талқылау, Бағытталған оқу, Талдау картасы, Топтастырудан тұрады.

3. *Ой-толғаныс* (рефлексия, жаңа білім құрастырылады) – Рефлексия – тұжырымға келу, қорытындылау, жаңа білімді бекіту. Бұл бағдарламаның қорытынды үшінші кезеңінде үйренгенін саралап, салмақтап ой елегінен өткізеді, білімді бекітеді. Оқушылар осы кезеңде өз шығармашылықтарын көрсете алады. Өзіне және сыныптастарына сын көзбен қарайды. Өздерін бағалайды. Оқып, білгендерін таразылайды. Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады. Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз

сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді.

Ой толғаныс кезеңі: Эссе, Топтастыру, Пирамида, Құндылық сызығы, Т кестесі, Sinkuein немесе бес жолды өлең, RAFT, Түйін сөз, Семантикалық карта, Концептуалды таблица, Бір айналым сұхбат т.б тұрады. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған “Бес жолды өлең”, “Венн диаграммасы”, “Еркін жазу”, “Семантикалық карта”, “Т кестесі” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Сын тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни стратегияларында. Стратегия дегеніміз — философия, әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен оқушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Стратегиялар оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады, стратегияның 80-нен аса түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай стратегияларды өзгертіп те жіберуге болады [2, 1-4 бб.].

Енді мен өзім сегізінші сынып оқушыларына сабақ беретіндіктен, бұл технологияны тұлғаларға байланысты тақырыптарда қолданып көрдім. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы тақырыбы бойынша

Қызығушылығын ояту кезеңінде оқушыларға тақтаға А.Байтұрсынұлының суретін іліп қойып, топтау әдісін қолданамын. Яғни, оқушылар суретке қарап, жалпы тұлға бойынша білетін ақпараттарын тақтаға барып жазады немесе дәптерге орындайды. Бұл жерде оқушылар «Ахмет Байтұрсынұлы кім?» деген сұрақ төңірегінде өз ойларын білдіреді. Мысалы, ол ақын, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері т.б. Келесі мағынаны тану кезеңінде оқушыларға белгілі бір мәтін беріледі. Сол алдарындағы жаңа ақпарат бойынша insert әдісін қолданамын. Бұл жерде оқушылар өздеріне бұрын таныс немесе жаңа ақпараттармен тұлға жайында өз ой-пікірлерін қалыптастырады. Немесе «Ахмет-ұлт ұстазы» сериалынан үзінді көрсету арқылы, оқушының тұлға бойынша бейнелік образын қалыптастырып, жаңаша көзқарасын қалыптастыруға болады. Соңғы ой-толғаныс кезеңінде ПОПС формуласын пайдаланып, «А.Байтұрсынұлы неліктен қазақ ұлттық идеясының «атасы» болып есептеледі?» сұрағы бойынша эссе жазады:

Менің ойымша, ...

Себебі мен оны ... түсіндіремін

Оны мен..... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдеймін

Осыған байланысты..... деген түйін жасадым

Бұл жерде яғни, оқушы сабақ барысында түрлі ақпараттармен жан-жақты танысқандықтан, өз ой-пікірлерін дәлелді түрде еркін білдіре алды. Сындарлы оқыту дағдысын осылайша мен бір сабақта үш кезеңін жеңіл түрде қолдана алдым және нәтиже жақсы болды.

Келесі тұлға бізде Қазақстан ғылымын дамытудағы ерекше тұлға Қаныш Сәтпаев. Бұл сабақта мен қызығушылығын ояту барысында бірінші оқушыларды топтарға бөлдім. Бұл жерде оқулықпен жұмыс жасату үшін, «синквейн» әдісін қолдандым. Бес жолдан тұратын өлең арқылы тұлғаға деген оқушылардың

танымдық жүйесін ояттым. Бұл жерде бірінші қатарға зат есім ретінде тұлғаның атын жазады. Екінші жолда, екі сын есім ретінде тұлғаға сипаттама жасайды: ол-ғалым, геолог, профессор т.б. Үшінші қатарға үш сөзбен іс-әрекет жазады: Ол Жезқазған мыс кен орнын ашты. Геология ғылымына зор үлес қосты. Алгебра оқулығын жазған. Төртінші қатарға төрт сөзден тұратын сөйлем немесе сөз тіркестерін оқулықтан іздеп жазады. Соңғы қатарға, бір сөзден тұратын синоним жазады: Қазақстан Ғылым Академиясының бірінші президенті. Бұл кезеңде оқушылар топпен жұмыс жасау арқылы, тақырыпқа қызығушылықтары ашылды. Өйткені, жалғыз орындағаннан гөрі, оқушыларға топпен жарысып, бәсекелес болған ұнайтынын байқадым. Және соған сәйкес, олар топта отырып, тұлға бойынша әр бала ізденіске кірісті. Келесі мағынаны тану кезеңінде, куббизм әдісін қолдандым. Әр топқа екі сұрақтан беріліп, кубик ортаға тасталынады. Ал соған сәйкес сұрақтар интерактивті тақтада «wordwall» программасы арқылы ұяшықтармен көрсетіліп отырды. Бұл жерде оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы ақпаратты талдау, саралау қабілеттерін шыңдай алады. Сондай-ақ, бұл кезеңде «миға шабуыл әдісін» қолданып көруге болады. Бұл жерде оқушыларға қызықты, проблемалық сұрақ қойылады. Мысалы, «жас ұрпақ Қ.Сәтпаевты ұмытпау, тану үшін не істеу керек?». Бұл жерде ұжымда талқылау арқылы, әр оқушы өз ой-пікірін білдіреді. Және бұл әдістің артықшылығы, айтылған әрбір пікір бағаланбайды және сыналмайды. Бұл жерде менің ойымша сыни тұрғыдан ойлап, проблеманың шешімін табу қабілетін дамыта алады. Келесі соңғы кезеңде, «РАФТ» әдісін қолдандым. Бұл әдіс бойынша хат жазу керек рөл-Қаныш Сәтпаев, аудитория-оқушылар, форма-хат, тақырып «Қаныш Сәтпаев қазіргі жастарға қандай ақыл немесе өсиет қалдырар еді?». Бұл жерде жеке, жұппен, топпен талқылау арқылы жазбаша жұмысты орындайды. Оқушылардың жан-жақты ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық тұрғыдан эссе жазуға, тұлғаны толықтай тануға мүмкіндіктері ашылады деп ойлаймын. Жалпы тақырыпты қорытындылау үшін, бұл жерде «тарсия» немесе «пирамида» әдісін қолданған дұрыс деп санаймын. Өйткені, оқушылардың топтық жұмыста тұлға туралы білген ақпараттарын тез орнына орналастырып, сабақты толықтай бекітуге көмектестесе алды. Мінекей, мен осылайша, тұлғаларды тарих сабағымда сыни тұрғыдан оқыту технологиясын қолдану арқылы оқушыларға сабақ жүргізіп көрдім. Және сабақтар мен үшін қызықты болды және бұл әдістің бірнеше пайдалы жақтарын байқадым, сонымен қатар, алдағы сабақтарымда да бұл технологияның көптеген әдістерін практикадан өткізіп көргім келеді.

Жалпы, сыни ойлау технологиясын әрбір мұғалім өз сабағында уақыт өткен сайын жан-жақты тұрғыдан дамыту білуі керек деп ойлаймын. Өйткені, бұл дағды арқылы әрбір сабақты жүйелі түрде жоспарласа, сабақтың сапалы әрі нәтижелі өтетіні сөзсіз. Бұл дағды арқылы оқушылардың бойынша бірнеше қабілеттері дамитынын байқадым:

- өз ой пікірін білдіру;
- шығармашылық қабілет;
- жан-жақты ойлай білу;
- мәселенің шешімін табу;
- өз бетінше жұмыс жасай білу;

-жаңашылдыққа ашық болу және т.б. Қорытындылай келе тарих сабақтарында сыни ойлау технологиясын қолдану мұғалім үшін де, оқушы үшін де маңызы мен мүмкіндіктері өте зор. Өйткені, оқушының бойында бірнеше қабілеттері оянады. Ал мұғалім үшін, оқушыларға қандай әдістің тиімді екенін анықтауға және өз пәніне оқушыларды қалай қызықтыруға болатынын зерттеуге көмектеседі деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

2. Назарова Ш.Т. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы элементтері арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту – 6 б. [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: <https://infourok.ru/sin-trisinin-oylau-tehnologiyasi-1550759.html> 24.01.2023.

ӘОЖ 94(574.42) «1941/1945»

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ТЫЛДАҒЫ ЕРЛІГІ ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАҚ ЕМЕС: ТАРИХИ ШОЛУ

Болатов А.М.

Ғылыми жетекші: Нурбекова Р.К., Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты.

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: arman-bolatov@mail.ru

XX ғасыр адамзат баласы үшін біраз тосын жаңалықтарға толы болғандығы рас. Осындай тарихи оқиғалар желісінде қаншама қайғы-қасірет алып келген Ұлы Отан соғысының тарихта алар орны ерекше. «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін» деген ұранмен тылдағы жұмыстарды өз қолына алуға мәжбүр болған әйелдер еңбегі мемлекеттің тиісті органдарымен заңдастырылып, Ұлы Жеңіске орасан зор үлес қосқан тылдағы әйелдер Отан үшін, Жеңіс үшін, отбасы үшін және өзі үшін аянбай еңбек етуге мәжбүр болды. Тылдағы әйелдер Отан алдындағы борыштарына үлкен жауапкершілікпен қарады. КСРО Қорғаныс Халық Комиссариатының 23 ақпан 1946 жылғы бұйрығында: «Біздің бүкіл халқымыз, қолын қалт еткізбей, күні мен түні майдан үшін, Жеңіс үшін еңбек етті. Жұмысшылар, интелгенциялардың және әйелдердің еңбегінсіз, олардың матриалдық және моралдық көмегінсіз Қызыл Әскер жаудан асып түсуі мүмкін емес еді.»- деп тылдың роліне осылай деп баға берген еді.

Қолбасшы Г.К Жуков: «Тыл жеңістің жартысы, немесе одан да көп» деген сөзі тыл еңбегінің жоғары екендігін дәлелдей түседі. Кешегі ғаламат соғыс жылдарымен тұстас келген сол кездегі әйел адамдардың көзқарасы ілгері үмітке жетелеген

бүкілхалықтық энтузиазм мен отаншылдық рухында қалыптасқан еді. Ал, аталып өткен тақырыбымыз немесе мәселеміздің тарих ғылымында және өскелең ұрпақты ұлтжандылық сезімінде тәрбиелеуде алар орны ерекше болғанымен, Отандық ғылымда толық талданып, өзінің тарихи бағасын ғылыми негізделген түрде әлі де болса толықтай ала алмады.

Қазіргі таңдағы ұлттық санадағы терең өзгерістер, қоғамдық дамудағы тың серпіндер Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы қазақ әйелдерінің ерлігі мәселесін жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеуді күн тәртібіне қойып отыр. Әйтсе де, бүгінгі күні жоғарыда көрсеткен тарих жазудағы қатаң идеологиялық қысымның болмағандығына қарамастан аталған мәселе тарихнамада толық талданбағанына көзім жетті.

Бүгін мен Шығыс Қазақстан әйелдерінің тылдағы ерен еңбектері жайлы сөз қозғамақпын. 1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы жылдам шешім қабылдауды қажет етті. Бүкіл елдің экономикалық саласы әскери бағытқа өзгерді. Қызыл әскерге қоғамның барлық тұлғалары көмек қолын созуға кірісті. Өнеркәсіп саласында елімізде көптеген әйел кісілер жұмысқа тартыла бастады. Мұны төмендегі кестеден байқауға болады.

Жылдар	Ауыл шаруашылығындағы әйелдер	Өнеркәсіпте	Құрылыста
1939	34,5	33	17,7
1942	47.7	45.3	28
1944	53	49	30
1945	54	48	35

Соғыстың алғашқы күнінен бастап соғысқа бармаған қоғам егін алқабы мен мал шаруашылығы фермаларында екпінді еңбек үлгісін көрсете бастады. Олар соғыстың алғашқы жылдарында егін орудан жоғары нәтиже көрсетті. Жұмысшы тартуға әсіресе әйел адамдар жұмылдыра бастады. Бұрын ер адамдардың күшін қажет ететін салаларды енді әйел адамдар меңгеріп, істей бастады. Мәселен 1941 жылы 1 қазанында әйел адамдар 49,5% құраса, 1942 жылы қаңтарында 65,2% құраған. Соғыс жылдарында тек жұмысшы әйелдер ғана емес, сонымен қатар әйелдер еңбегінің ауқымы да кеңейе бастады. Мысалы соғысқа дейінгі кезеңде мал союмен ер адамдар айналысса, енді оларды әйелдер алмастырды. Семей ет комбинатында жұмысшы Бөженова туша союдан норманы 145% орындады. Жергілікті адамдардан басқа Шығыс Қазақстан жеріне эвакуацияланған аймақтан 1,5 млн адам келді. 1942 жылы 28 қаңтарында Күршім райкомының хатшысы Дюсупов мынандай мәлімет береді: «біздің ауданға эвакуацияланған облыстардан 149 отбасы немесе 444 адам келді. Олардың ішінде еңбекке қабілетті, жасы 16-дан асқан 276 адам бар. Олардың ішінде 123 ер адам, 154 әйел адам. Барлығы 5 колхозға орналастырылды.» делінген. Демек еңбекке қабілетті адамдардың барлығы тыл жұмыстарына тартылды деген сөз.

Сол кездегі қиыншылық пен соғыс кезінде тылдағы тапшы болып жатқан жұмысшы кадрларды әйелдер тез арада алмастыра алды. Соның дәлелі, бала

болсада, Зайсан ауданы, Дайыр ауылында дүниеге келген Жанасова Шәмей апамыз апайы Шәмшия, бауыры Қасым бүкіл отбасымен тылдағы еңбекке араласып, Жеңісті жақындатуға үлес қосқандардың бірі. Қуаныш ауылындағы мектепте 6 сыныпты бітіріп, 3 айлық механизаторлар дайындайтын курста оқып, 1947 жылға дейін трактор руліне отырып, темір тұлпарды тізгіндеген. Колхоздың барлық жұмысына араласып, жер жыртып, егін еккен. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған жан. Міне осындай қара көздеріміз өз ісіне жауапкершілікпен қарап, оңды нәтиже беріп отырған. 1943 жылы жастар астық жинауды өз жауапкершіліктеріне алды. Мындаған механизаторлар мен соқашылар таңның атысы күннің бастысына дейін жер жыртып жүрді. 1943 жылы наурызда Қазақстан КП ОК-і әйел тракторшылары бригадаларының жарысының қорытындысы шығарылды. Осылай жұмысына жауапкершілікпен қараған тыл еңбеккерлерін мадақтап отырды.

Соғыс жылының бірінші жылында әскери шығын 8,9 миллиард рубльді құрады. Осындай шығынды жоспарлы еңсеру өте қиынға соқты. Сол үшін де трактор, комбайн, авто көліктерді тоқтатпай жұмыс істеу тапсырмасы тұрды. Өскемендегі колхоздар 250 тракторист, 100 комбайнер, 50 шофер қыздар мен әйелдерді оқытып бірден жұмысқа алды. Жоспарды мерзімінен бұрын аяқтау әр колхозға бұлжытпай орындау керек тапсырма болды. Әрине осындай қиын-қыстау кезінде жұмысшылардың жағдайын ойлау өте маңызды. Себебі өнімді беретін басты қозғаушы күш – ол жұмысшы. 1941 жыл 25 шілдеде азық-түлік карточкасы туралы айтылған директивалық хатта: « Жұмысшыларға нанның күндік нормасы: бірінші категория жұмысшыларға – 800 грамм, екінші категориялы жұмысшыларға – 600 грамм, қызмет істейтіндерге – 400 грамм, олардың асырауындағылар – 400 грамм нан берілсін» деген мәлімет бар. Азық-түліктің барлығы карточкамен және бір жерден берілді. Мысалы Өскеменде нанды Гастрономда ғана берді. Соғыс жылдарында Қазақстан бойынша 240 өндірістік нысан тұрғызылып, пайдаланылымға енгізілді.

Соғыс адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. «Ел басына күн туған» шақта қазақ әйелдері, тіпті барша кеңес әйелдері майдан үшін қызмет етті. Соғыс қажеттілігін өтеу үшін мүмкін болған мамандықтарды игерді. Отбасы асыраушысынан айырылған қазақ әйелдері осындай қиын жағдайда өздері отбасы асыраушысына айналды.

Мәлімет өте көп. Алайда, ізденіс әлі де қажет. Осы тақырыпты тереңнен зерттеуді өзіме мақсат етіп қойдым.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Куренгин А. «Тыл это половина победы».
2. Восточный Казахстан в годы Великой Отечественной войны. 1941-1945г.г. Сборник документов, воспоминаний. – Усть-Каменогорск, 2010г.
3. Б. Сайлан «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жастар ұйымы».

МОНЕТЫ, КАК ИСТОЧНИК ИСТОРИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ

Гладышев А.О., студент 3 курса высшей школы IT и естественных наук,
кафедры Биология, Специальность Лесные ресурсы, охотоведение и пчеловодство

Научный руководитель: Колосова С.Ф., кандидат

сельскохозяйственных наук

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: aleksei.glagyshev.03@mail.ru

Данная работа носит исследовательский характер и состоит из теоретической и практической частей.

Цель данной работы: доказать, что монеты являются ценным историческим источником.

Гипотеза: Допустим, что, изучая монеты и денежные знаки различных стран, можно расширить знания о форме правления, правителях, времени их правления, об исторических событиях, уровне развития производительных сил конкретной страны, т. е. судить об истории развития государства.

Методика и этапы исследования:

Для реализации поставленной цели я изучил литературу по теме, проанализировал личную коллекцию монет, а также провел анкетирование учащихся 7-11 классов с целью выяснения уровня знаний по проблеме.

В процессе исследования я выяснил, как менялся состав сплавов металлов, из которых изготавливались монеты в различные исторические эпохи, а так же реальная стоимость монет одного номинала.

Новизна исследования заключается в том, я составил краткий очерк истории государств, описав основные вехи их развития, используя в качестве исторического источника монеты личной коллекции.

Результаты и выводы:

Работа представляет актуальное самостоятельное исследование, в котором удалось добиться решения поставленных задач и цели. В ходе работы над проектом мне удалось подтвердить выдвинутую гипотезу и доказать, что монеты являются ценным историческим источником.

Практическая значимость:

Результаты исследования можно использовать на уроках истории и обществознания, а также при проведении экскурсии в школьном музее.

Цель моей работы: доказать, что монеты являются ценным историческим источником.

Задачи:

1. Изучить историю возникновения денег
2. Выяснить, какую информацию дает изучение монет и денежных знаков и на основе полученной информации составить краткий очерк истории России и Казахстана

Объект исследования - личная коллекция монет

Предмет исследования – монеты как источник исторических знаний

Методы исследования

1. Изучение специальной литературы
2. Анализ личной коллекции, составление каталога
3. Анкетирование учащихся 7-11 классов с целью выяснения уровня знаний

по проблеме

Нумизматика – это область исторической науки, предметом которой является монета во всех её взаимосвязях с историей, экономикой, политикой, правом, культурой и техникой. Различные монеты могут сообщить множество фактов о жизни людей в разное время. Исследуя технологии и дизайн монет, нумизматы раскрывают многие тайны, спрятанные от нас за пеленой времени.

Слово «нумизматика» греческого происхождения. «Нумизма» в переводе с древнегреческого – монета. Нумизматика - это наука о монетах и коллекционировании монет.

Краткая характеристика визуализации монет

В монете различают лицевую сторону, обратную и обрез (гурт).



Рисунок 1. *Стороны монеты*

Лицевая сторона монеты (аверс) содержит официальную символику, номинал монеты, год выпуска, пробу сплава, массу химического чистого драгоценного металла.

Оборотная сторона (реверс) содержит изображения, посвященные тематике монеты.

Гурт - боковая сторона монеты имеет резьбу, узор или специальную запись.

Каждая монета имеет свою легенду: они обычно содержат обозначение страны или органа власти, выпустившего монету, имя и титул монарха, название монетного двора, указание стоимости, дату и т.п.

Увлечение нумизматикой требует глубоких знаний. Настоящие собиратели понимают, что каждая монета имеет свою необычную историю.

Анкетирование учащихся школы.

Я решил выяснить, какими сведениями о нумизматике располагают учащиеся школы. С этой целью я провел анкетирование среди 7-11 классов по 3 вопросам:

1. Что такое нумизматика?
2. Как рассчитывались люди до появления денег?
3. Какую информацию может дать изучение монет?

Мной было опрошено 30 человек из нашей школы с 7-11 класса. Я сделал выводы, что все опрошенные знают, что такое нумизматика.

3 человека не знают, чем рассчитывались люди до появления денег, но выдвигают очень близкие догадки. На вопрос какую информацию может дать изучение монет все опрошенные ответили, что не знают.

Вывод: учащиеся школы мало знают, о том, что деньги можно рассматривать как исторический источник. Многие дети и взрослые относятся к деньгам только как к средствам платежа. На самом деле, зная немного информации о монете или банкноте, мы можем изучить историю государства или империи.

Для проверки гипотезы я проанализировал монеты из разных категорий коллекции. Мною были изучены изображения на аверсе и реверсе монет, металл (сплав металлов), из которого изготовлены монеты, также я использовал метод сравнения по различным признакам: монеты одного номинала, но выпущенных в разные исторические эпохи, монеты с изображением портретов правителей, юбилейные монеты. Итак, можно ли на основе полученной информации составить краткое описание истории конкретной страны? Так как в моей коллекции наибольшее количество монет России XVI-начала XX вв., а также юбилейных монет РК, я решил составить краткий очерк истории этих стран, исследовав следующие аспекты:

- 1) форма правления, информация о правителе, исторические события, оказавшие влияние на политическую или экономическую ситуацию в государстве;
- 2) уровень экономического развития, покупательская способность денег в различные исторические периоды.

В этой связи интересно сравнить, какие изменения произошли за более чем три с половиной века в изготовлении монет одного номинала, а также сравнить с монетой 1 тенге РК.

Номинал	1 копейка	1 копейка	1 копейка	1 тенге
Год	1535	1984	2001	2016
Страна	Царская Россия	СССР	Россия	Казахстан
Металл	Серебро	Латунь	Сталь, покрытая мельхиором	Сталь с латунным покрытием
Диаметр	10 мм	15 мм	15,5 мм	15 мм
Вес	1,6 грамма	1 грамм	1,5 грамм	1,7 грамм
Толщина	1 мм	0,9 мм	1,25 мм	1,3 мм
Что можно было купить.	3 килограмма ржи	Газировку без сиропа, спички	Ничего	Ничего

Рисунок 2. Таблица сравнение

Проанализировав три монеты одного номинала – 1 копейка 1535, 1984, 2001гг. и монету 1 тенге, я сделал вывод о том, что для чеканки современных монет не используются драгоценные металлы (копейка 1535г. отчеканена из серебра), их заменили сплавы металлов, такие как мельхиор, нейзильбер. С немецкого языка «нейзильбер» («neusilber») переводится как «новое серебро». Такое наименование данный сплав получил в связи с тем, что внешне походит на драгоценный металл. Данные сплавы нашли широкое коммерческое использование в качестве недорогого материала. Так же мы видим, что, чем новее монета, тем меньше ее стоимость, если на 1 копейку времен Ивана IV можно было купить три килограмма ржи, то в 1984г. – стакан газировки, а современная копейка в России и монета 1 тенге в Казахстане практически обесценились.

Таким образом, экономическую ситуацию в конкретной стране (стабильность, кризис) можно отслеживать на основе изучения различных показателей: чистый металл или сплав дешевых металлов, размер и вес монеты.

Вывод: монеты действительно являются ценным историческим источником при изучении экономической истории государств.

Наиболее интересным и важным историческим источником являются древние монеты. Они могут служить источником для решения проблем исторической хронологии. Металл, из которого изготовлены монеты, и способ их изготовления позволяют судить об уровне развития технологии конкретной страны, ее экономических возможностях. Монеты дают нам информацию о политической истории, форме и времени правления, внешнем облике правителя конкретной страны. Юбилейные монеты позволяют узнать о конкретном историческом событии, его хронологии, значимости.

Мне удалось на основе анализа монет моей коллекции составить краткое описание истории конкретных стран, что доказывает важность изучения монет с точки зрения получения информации.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Словарь нумизмата. Гладкий В.Д. 2006. 382 с.
2. Нумизматический словарь. Зварич В.В. 1979. 338 с.
3. Фенглер Х., Гироу Г., Унгер В. Словарь нумизмата: Пер. с нем. М. Г. Арсеньевой / Отв. редактор В. М. Потин. — 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Радио и связь, 1993. — 408 с.
4. Маккей Д. Монеты : Большая энциклопедия / Джеймс Маккей ; [пер. с англ. О. П. Бурмаковой, Е. А. Скомороховой]. — М. : Эксмо, 2010. — 256 с.
5. Монеты. Большой иллюстрированный словарь. В.Кривцов, А.Кривцов. 2012. 436 с.
6. Ларин-Подольский И. А. Монеты СССР. Большая иллюстрированная энциклопедия / И. А. Ларин-Подольский : под науч. ред. М. М. Глейзера. — М. : Эксмо, 2013. — 256 с.
7. Кошевар Д.В. Монеты мира. 2016. 320 с.
8. Игорь Ларин-Подольский. Юбилейные и памятные монеты мира. Иллюстрированная энциклопедия. 2016. 256 с.

ӘОЖ 94 (574):930.2 (574)

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗДЕРІ МЕН ТАРИХНАМАСЫ

Досымханова Н.С.

Ғылыми жетекшісі: Нурбекова Р.К., Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: Nazum_198607@mail.ru

Аннотация. «Қазақстан тарихының дереккөздері мен тарихнамасы» атты мақалада Қазақстан тарихын зерттеудегі түрлі дереккөздер мен тарихнамалық тәсілдерге шолу жасалып, талдау жасалған. Археологиялық олжалар, жазба дереккөздер, құжаттар, тарихи шежірелер сияқты негізгі дереккөздерге шолу

жасалады, сонымен қатар тарихшылардың бұл деректерді түсіндірудегі әдістері мен тәсілдері зерттеледі.

Жалпы, мақала Қазақстан тарихының дереккөздері мен тарихнамасының негізгі аспектілеріне кең шолу жасайды, оқырмандарға осы саладағы зерттеулердің қазіргі жағдайы туралы ақпарат береді және одан әрі зерттеу мен талқылауды ынталандырады.

Начало формы

Кілтті сөздер: дереккөздер, тарихнама, ұлттық тарих

Адамзаттың қалыптасуы мен дамуының ең алғашқы кезеңдері туралы тарихи білім ежелгі адам қалдырған мәдени ескерткіштерді зерттеу негізінде құрылады – бұл еңбек құралдары, тұрақтар, жартастағы суреттер, жерлеулер. Көп ұзамай қазақ территориясының ежелгі тұрғындары – парсы тілді, грек, латын, араб тілді, түркі тілдес, қытай туралы жазба деректер пайда болды. Оларда этногенетикалық процестер, көршілерімен қарым-қатынасы, саяси оқиғалар, шаруашылық қызметі, осы жерді мекендеген тайпалардың тұрмыс-тіршілігі туралы мәліметтер бар. Сонымен, тарихи танымның негізін дереккөздер құрайды [1].

Тарихи дереккөздер – материалдық объектілер, адамзат қоғамының даму тарихын көрсететін жазба құжаттар. Тарих ғылыми объективті болуы үшін ең алдымен сенімді дереккөздерге негізделуі керек. Сондықтан тарих ғылымының жетекші қағидаларының бірі – құжаттау принципі. «Құжатсыз тарих болмайды» дейді тарихшылар. Тарихнама – тарих ғылымының тарихы. Ол, бір жағынан, тарихи білімнің динамикасын, тарихи оқиғалар туралы мәліметтерді, жаңа дереккөздерді анықтау мен сипаттауды, ал екінші жағынан, тарихи зерттеулердің әдістерін, тәсілдерін, принциптерін дамытуды қамтиды [2].

Қазақ территориясының байырғы тұрғындары туралы тарихи деректер халық ауыз әдебиетінде, ертегілерде, тұрғындардың жазба деректерінде кездеседі. Қазіргі Қазақстан территориясының ежелгі тұрғындары туралы мәліметтер парсы жазуларында, атап айтқанда Дарий 1 (б.з.д. 522-486) Бехистун жазуында; тарих ғылымының «әкесі» Геродоттың «Тарихында» (б.з.б. 430-424 жж. аяқталған), Страбонның (б.з.д. 64-24 ж.), Птоломейдің (90-160) «Географияларында» кездеседі.

Қазақстан тарихының көне кезеңі туралы баға жетпес деректер біздің дәуірімізге дейінгі 2 ғасырда Жетісуда болған Чжан Цянның деректерінде, Қытай тарихының «әкесі» Сыманың «Ши Цзи» («Тарихи жазбалар») деректерінде бар. Цянь (б.з.д. 145-86 жж.), «Цянь Ханьшуда» («Ерте Хань тарихы») Бан Гу (б.з. 1ғ.) [3] жазбаларында кездеседі.

Ортағасырлық Қазақстан туралы мәліметтер 13 ғасырда Қазақстан территориясында болған араб тарихшысы Ибн әл-Факих (10 ғ. басы), саяхатшылар Плано Карпини, Гийом Рубрук, Марко Поло еңбектерінде кездеседі.

Қазақстан тарихындағы ең маңызды кезең – Қазақ хандығының құрылу тарихы туралы ең толық мәлімет Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1500-1551) «Тарих-и Рашиди», Ибн Рузбиханның (XVI ғ.) «Бұхара қонағы», Қадырғали Жалаиридін «Шежірелер жинағында» (17 ғ. басы) еңбектерінде берілген. Тарихты зерттеу үшін маңызды деректер 16 ғасырда Қазақстанда болған ағылшын саяхатшысы Дженкинсонның жазбаларында келтірілген. Дженкинсон 1558-1560 жылдары ағылшын компаниясына сауда жолын ашу мақсатында Қазақстанға келген және ол

тек саяхатшы ғана емес, сонымен қатар кәсіпкер болғандықтан, оның жазбаларында экономикалық және экономикалық өмір мәселелері де қозғалды.

Қазақстан тарихы, атап айтқанда деректану, қазақтар мен басқа да түркі халықтарының этногенезі, көшпенділердің қоғамдық-саяси өмірінің ерекшеліктері, олардың өміріндегі ислам дінінің рөлі туралы маңызды мәліметтер, деректану бойынша бай ғылыми мұра. Ұлт-азаттық күресті Ш.Уәлиханов (1835-1865) «Абылай», «Қырғыз шежіресі», «Алтышардың жағдайы туралы...», «Даладағы ислам туралы» және басқа да көптеген еңбектерінде қалдырды. Абайдың (1845-1904) шығармалары Қазақстан тарихы үшін баға жетпес құнды дүние.

Бірқатар тарихи шығармалар 20 ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының өкілдерінің басшысы болған Ә.Бөкейхановқа (1866-1937) тиесілі. 1911 жылы Орынборда Шәкәрім Құдайбердіұлының (1858-1931) «Шежіре» («Түрік, қырғыз, қазақ және хан әулеттерінің шежіресі») еңбегі жарық көрді. Қазақ халқының тарихына қатысты бірқатар еңбектер М.Тынышпаевқа (1879-1937) тиесілі. Олар «Қырғыз-казак халқының тарихы туралы материалдар» жинағына енді (1925).

Кеңес дәуіріндегі қазақтан шыққан тұңғыш тарих профессоры 1935 жылы жарық көрген «Қазақстанның ежелгі дәуірдегі тарихы» еңбегінің авторы С.Асфендияров болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанға эвакуацияланып, қазақ тарихшысы Е.Бекмахановпен жемісті қызмет атқарған белгілі тарихшылар А.Панкратова, М.Вяткин, Н.Дружинин қазақ тарихшылар мектебінің дамуына көп еңбек сіңірді.

Аталған тарихшылар 1943 жылы ежелден «Қазақ КСР тарихын» дайындады. 1952 жылы Е.Бекмаханов 1947 жылы жазған Кенесары Қасымов көтерілісіне арналған «19 ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» монографиясы үшін тұтқындалып, 25 жылға сотталды. Ал 1977-1980 жылдары «Қазақ КСР тарихы» бес томдық болып шықты, онда Қазақстан тарихы таптық-партиялық көзқарас негізінде маркстік-лениндік идеологиялық ұстанымдардан қамтылды.

Қазақстанда 1980 жылдардың екінші жартысында басталған тәуелсіздік қозғалысы 1988 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысымен репрессияға ұшыраған ұлт зиялылары өкілдерінің бұрын тыйым салынған есімдерінің аталуына әкелді. Кеңес өкіметі «буржуазиялық ұлтшылдар» ретінде қалпына келтіріліп, қайтарылды, олардың арасында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов және басқалары бар. 1991 жылы жетекші тарихшылар «Қазақстан тарихы: ақ дақтар» жинағын шығарды.

1992 жылы «Қазақстан тарихы» барлық оқу орындарында бұрын оқытылмаған, міндетті, дербес оқу пәні ретінде енгізілді. Дүниежүзілік тарихтың органикалық бөлігі ретінде шынайы және объективті түрде қарастырылатын, идеологиясыздандырылған, саясатсызданған Қазақстанның тарихын көрсететін іргелі еңбектер мен оқу-әдістемелік құралдар жасау қажеттігі туындады. 1992 жылы Қазақстанның көрнекті тарихшылары жазған «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы оқулығы» көлемі 172 бет Қазақстан Республикасы Халық ағарту министрлігі ұсынған алғашқы оқулық болды.

Сол жылы С.Г. Кляшторный және Т.И. Сұлтановтың «Қазақстан: үш мыңжылдық шежіресі», Н.Мартыненконың редакциясымен «Алаш-Орда» құжаттар жинағы қайта басылып шықты. 1993 жылы Тәуелсіз Қазақстан тарихшыларының

«Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы (эссе)» атты тұңғыш жалпылау еңбегі жарық көрді, көлемі 416 бет. Бес томдық «Қазақстан тарихы» атты ірі еңбектің шығуы басталды, оның I томы 1996 жылы, II томы 1997 жылы, III томы 2000 жылы жарық көрді.

1997 жылдан бастап С.Н. Уәлиханов тарих және этнология институты «Қазақстанның Ренессансы: тарихы және қазіргі заман» іргелі зерттеу бағдарламасын әзірлеуге кірісті, оның мақсаты Қазақстанның шынайы тарихын қалпына келтіру болып табылады.

Қазақстан тарихы әрқашан шетелдік зерттеушілердің назарында болды. Ағылшын, америкалық, француз, неміс зерттеушілері Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы мен этнографиясына қатысты көптеген материалдар жинақтады. Олар көшпелілік құбылысын, осы өлкедегі халықтардың шаруашылық, мәдени, әлеуметтік өмірін ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттеді. Францияда, Германияда, АҚШ-та және басқа да елдерде осы мәселе бойынша зерттеу нәтижелерін тұрақты түрде жариялайтын көшпелілерді зерттейтін орталықтар бар.

18-20 ғасырдың басындағы Қазақстан тарихы шетелдік зерттеушілерді де қызықтырады. Мысал ретінде Э.Бэконның «Орталық Азия Ресей билігінде» (Нью-Йорк, 1966), Э.Олвардтың «Орталық Азия: Ресей билігінің ғасыры» (Нью-Йорк, 1967), С.Беккер «Орталық Азиядағы Ресей протектораты» (Лондон, 1968), В.Коларс «Ресей және оның отарлары» (Лондон, 1953), А.Курат «Орталық Азиядағы патшалық Ресей» (Кембридж, 1979), т.б. сияқты ғалымдардың еңбектерін келтіруге болады.

Д.Уилердің «Советтік Орталық Азияның халықтары» (Лондон, 1966) және Д.Лингрен «Советтік Орталық Азиядағы нәсілдік және этникалық қақтығыстар» (Нью-Йорк, 1979) сияқты ғалымдардың еңбектері Кеңес Одағы мәселелеріне арналған. Бірқатар ғалымдар, соның ішінде Э.Вульф, А.Хазанов, А.Франк, К.Чанг, Х.Костер және т.б. өз зерттеулерін КСРО ыдырағаннан кейінгі қазіргі жағдайдағы Орталық Азия тарихына арнады.

Мысалы, 2000 жылы Мэдисондағы Висконсин университетінің антропология профессоры, Британ академиясының мүшесі, Гутгенхайм сыйлығының лауреаты А.Хазановтың «Көшпенділер және сыртқы әлем» кітабының 3-ші басылымы Алматыда басылып шықты.

Ол келесі мәселелерді қарастырады: көшпенділік феномені; мифтер мен шындық; көшпенділік өндіруші шаруашылықтың ерекше түрі ретінде; көшпелі мал шаруашылығының пайда болуы; көшпенділердің сыртқы әлеммен қарым-қатынасының әлеуметтік алғышарттары; көшпенділердің сыртқы әлемге бейімделу жолдары. Кітаптың көшпелілер мемлекеттілігінің пайда болу шарттары, негізгі түрлері, ерекшеліктері мен эволюциясының тенденциялары көрсетілген «Көшпенділер және мемлекеттілік» бөлімі ерекше қызығушылық тудырады.

Оның үстіне Қазақстан территориясында – Еуразия даласында көшпелілер мемлекеттілігінің пайда болуы мен дамуы Таяу Шығыс пен Шығыс Африканың көшпелі өркениеттері аясында ашылады. Ал «Үшінші, Қазақстандық басылымға алғысөз» қазіргі Қазақстанның дамуының негізгі мәселелерін көрсетеді. Олкотт М.Б.-ның «Қазақтар» кітабы Қазақстан тарихына арналған (Стэнфорд, 1987).

Оны Гувер институты «КСРО халықтары туралы зерттеулер» сериясымен басып шығарды және келесі бөлімдерден тұрады: қазақтардың шығу тегі; Қазақ хандығының құрылуы; Ресейдің қазақ даласын жаулап алуы; Қазақтардың Ресей империясының құрамында болуы, отарлау аппаратының құрылуы; ауыл шаруашылығы мәселелері; қазақтар арасында наразылықтың күшеюі; қазақ даласындағы революция және азамат соғысы; Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат; ұжымдастыру және сталиндік экономикалық жүйе; Қазақстанда кеңестік билік аппаратының құрылуы; социалистік Қазақстанның дамуы. Олкотт М.Б.-ның біршама ерекше тәсілі туралы Қазақстан тарихындағы кейбір маңызды сәттерді түсіндіруіне, мысалы, оның «Орталық Азия: тәуелсіздікке серпілу» мақаласы дәлел бола алады.

Қазақстан егемендік алғаннан кейін шетелдік тарих зерттеушілері – магистранттар, аспиранттар, ізденушілер республикаға келіп, өз зерттеулерінің тақырыптарын әзірлеуге мүмкіндік алды [3].

Мысалы, Қытай азаматтары «Қарақидан хандығының құрылуы және оның Орталық Азиядағы үстемдігі» (1997), «Шыңжаң қазақтарының 1940-1949 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысы» (1998) кандидаттық, «Тарих» докторлық диссертацияларын қорғады, Қытайдағы қазақ қоғамының (1860-1920)» (2001); Түркия азаматы «Қазақстандағы кооперацияның қарапайым түрлерінің пайда болуы және дамуы (20 ғасырдың соңы – 20 ғасырдың 19-20 жылдары)» кандидаттық диссертациясын қорғады (1998); Корея Республикасының азаматтары – «Өтпелі қоғамдардың саяси жүйесінің трансформациясы: әлемдік тәжірибе және Қазақстан» (1998 ж.), «Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасындағы демократияландыру тәжірибесін салыстырмалы талдау» (2001 ж.), т.б. диссертациясын қорғады [4].

Шетелдік тарихшылардың қызығушылығын Солтүстік Каролина университетінің (АҚШ) профессоры С.Саболдың «Қазақтардың Ресей отарлауына қарсылығы: Кенесары Қасымов көтерілісін түсіндіру» атты зерттеуі де дәлелдей алады. АҚШ, Жапония, Германия, Франция, Түркия, Қытай, Оңтүстік Корея және басқа да елдердің зерттеушілері Қазақстан тарихын республикада тікелей зерттеуде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Амрекулов Н, Масанов Н / Қазақстан өткені мен болашағы арасында, - Алматы, 1994ж.
2. Байпаков К.М. / По следам древних городов Казахстана, -Алматы, 1990ж.
3. Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері / Бас ред.: И.Н. Тасмағамбетов, Т. 1-4.
4. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері / Бас ред.: И.Н. Тасмағамбетов, Т. 1-5.

МАРАТ ҚАБАНБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖҮЙЕСІ

¹Картаева У.М.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші: Рахметова Р.С., педагогика ғылымдарының докторы,
Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры

¹Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: kartayeva1973@mail.ru

Жазушы Марат Қабанбаев бірнеше кітаптың авторы. Солардың ішінде сәтті шыққан туындыларының бірі - «Айшылық алыс жол» атты романы [1]. Роман тақырыбы жетпісінші-сексенінші жылдар аралығын қамтиды. Суреттелген оқиғалардың бәрі дерлік күнделікті өзіміз көріп, басымыздан кешіріп жүрген жайлар. Туған ортасынан ертеректе қол үзіп кеткен жетім бала - Ертай ауылға келіп, еңбек адамдарымен араласып, нағыз өмірдің тер сіңген күпәйкесін кигенде ғана қала мен ауыл арасындағы қайшылықты мықтап сезінеді, ауылдағы халықтың рухани дамуындағы кенжелікті аңғарады. Бұл күнде нағыз өмір сүруге ынтық ақ қағаздай жандар бар да, өмірде актер болып ойнаушылар бар. Мысалы, басқаның қолымен от көсейтін Қали-рабкооп, қайда салсаң содан шығып майлы қасықтай жылпылдап ұстатпайды. Қарапайым еңбек адамы Елтайдың жүріп өткен айшылық алыс жолында бұғып жатқан «Бекежандар» бұлар. Роман сондай-ақ қыз бала тәрбиесіне қатысты мәселелерді қозғайды. «Тұр», «Жат», «Оқы» деген бұйрықпен күн кешкен мектеп-интернаттағы қыз балалар күні ертең ошақ иесі, ана болғанда, тұрмысқа қажетті дағды, әдеттерді қайдан үйренбек? Қыз баланың шешенің аялы алақанында дәстүрге тән тәрбие алып, бойжетуі табиғи заңдылық деген тұжырымға келеді. Жалпы роман бүгінгі таңдағы әлеуметтік маңызды мәселелерді қамтыған.

Жазушыларымыздың балалар әрекетінің психологиялық сырына үңілуге немесе олардың қылық-қимылын, іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан дәлелдеуге ұмтылыстары назар аудартатын көркемдік ізденістердің бірі. Мұндай шығармалардан бапалар әрі өз құрбыларының тыныс-тіршілігіне, көңіл-күйіне, үлкендердің балаларға айтар ақылы мен істерінің арасындағы қайшылыққа куә болып отырады. Айқын психологиялық шиеленістерге баратын балалар жазушылары сирек. Балғын оқырмандарға да адамгершілік мәселесінің қарапайым нышандарын психологиялық сәттерін көркемдік тұрғыдан көрсетуді мақсат тұтатын авторлардың қатарына М.Қабанбаевты жатқызуға болады.

Марат Қабанбаев шығармалары жөніндегі теориялық сыни пікірлер, негізінен, екі жүйеде өрбитіні, марапаты мен сыны аралас жүретінін айта кеткеніміз жөн. Мақтау жағы көбінесе өзге әріптестеріне ортақ шиырды қайталауға тырысатын ізденістеріне орай айтылса, сөз саптауындағы ала-құла кемшіліктер кінә қоюға, жазушыны жазғырып шығаруға себепші. Аңдап қарасақ, автор шығармашылығына таңылатын айып атаулының төркіні тілдік кінәраттар алғашқы жүйеден, яғни, тың ізденістерге ұмтылудағы кейбір ағаттықтардан туындайды.

Жазушының «Қала және қыз бала» аталатын жинағы тілдік қолданыс жағынан да назар аударады. Әрине, қоғамдық сын-пікірді құлаққа ілудің, өзіне қойылатын талапты күшейтудің нәтижесінде автордың бұл кітабындағы сөз саптасы біршама түзелген, өз тілімен айтқанда, «шуалшындай шұбатылған» ұғымға ауыр ұзынсонар сөйлемдер некен-саяқ. Рас, қазақ тілінің бар мүмкіншілігін пайдаланып, ауызға ілінген ілкі детальдың барлығын жалт-жұлт еткен жанды образға айналдырсам деген игі ниеттің нәтижесінде тым әсіреленген, жөнсіз айшықталған тіркестерден бұл кітап та ада емес. «Слюда қабырғаның бергі жағынан жаңбыр жауып, найзағай жарқылдап, көшеде қолшатыр көтеріп, жүгіре басып бара жатқан ию-қию анау өмірге қазір қарап тұрған өзі сияқты көңілсіз орта екен кеңсе өмірі» деген тәрізді оршалақтау сөйлемдер кітап беттерінен аракідік болса да кездесіп қалады. Өзі тапқан тәуір теңеу, әсерлі эпитеттерді өзі қызықтай отырып, тұрмыстық көріністерді соза суреттеп кететін тұстары тағы бар.

Автор қаламының осындай кейбір ақаулықтары оның шығармашылығы оқырманға сыйлайтын тұтас эстетикалық ләззатқа елеулі нұқсан келтіріп тұр деп біржақты байлам жасауға болмайды. Бұрынғы шығармаларының табиғатына тән реалистік суреттердің астарындағы символдық сипаттар, өмірге ерекше ыстық сезіммен қарайтын сергек жанды жас кейіпкерлер характерлік коллизиялар «Қала және қыз бала» кітабының бойынан тағы да қызғылықты көрініс тапқан [28]. Жинақ аттас повестегі он бес жасар Айгүл «Арыстан, қасапхана, виолончель және мен» туындысының қаһарманы Асан Қайырсынов типіндегі жан дүниесі мазасыздыққа толы қыз бала. Асан сияқты бұл жасөспірім де өмір шындығына өзіндік дүрбімен қарайды, күнделікті қарапайым тіршіліктің әрбір құбылысынан былайғы жұрт елей бермес ерекшеліктерді аңғарып, қайран қалуға бейім. Дала мен қала тәрбиесін бірдей көрген, ана тілінің қалтарыс-құпиясына ауылдағы әжесі арқылы қанық ерке Айгүлдің оқыс мінездерінің айналадағы адамдарға күдікті көрінуі заңды да. Сұлулық атаулыға ішегін тартып, сұқтана білу, жалықпастан жақсылыққа ұмытылу - жас қыздың жан дүниесінде ширыққан қозғалыстың куәсіндей. Сондықтан да, оның автобуста кезіккен беймәлім азаматқа сыр ашуы, ергежейлі шалмен сырттай егеске түсуі, аппақ сәулелер айналасындағы айшықты ойлары характер табиғатына жат болып көрінбейді. Бірақ тым ересек жандай өмір жайында өзінше философиялық түйіндеулер жасауын шындыққа келеді деу қиын. Он бес жас - жасөспірімнің өмірге деген көзқарасының қалыптасып, ішкі әлемінің бір өзгеше мазасыздыққа душар болатын шағы. Осы бір рухани-психологиялық процесс Айгүл тәрізді табиғи бітімі сәл өзгешелеу жастың бойында айрықша ширыққан сипатта өтуі адам психологиясының шындығына қайшы емес. Бүгінгі замандағы қала тіршілігінің бірер штрихын оқушы қыздың көзқарасы арқылы саралап, бағалауы - автордың формалық, көркемдік ізденісінің кезекті сәтті көрінісі іспетті.

Бұл жинаққа бүгінгі жастардың рухани дүниесінің әр қырынан сипаттап көрсетуге арналған бірнеше әңгімелері енгізілген. Күнделікті өмірдің жекелеген сәттерін бейнелеу арқылы реалистік суреттер жасайтын бұл шығармалардың бір жағы символдық мәні де сезіледі. Мәселен, «Се ля ви» әңгімесі «Тең теңімен, тезек қабымен» дейтін ежелгі қазақ мақалының қазіргі кездегі жүзеге асуын кейбір жастарымыздың көзқарас үйлесімділігі арқылы сездірсе, «Бауыр» деген шығармасы «Өзіңнен туған жас бала сақалы шығып, жат болмай» деген қанатты сөздің ащы

шындығын көлденең тартады. «Ескі бәтіңкеде» тұрмыстың сырт көрінісі адамның көңіл күйіне де әсер ететіндігі, кей сәтте пендешілікке бет бұру үшін бір ғана ұсақ болмашы нәрсенің жетіп жататындығы шағын детальдармен көрсетіледі.

Жалпы, М.Қабанбаев тұрмыс-салт көріністерін жеткізе суреттеуге, авторлық кредосын сол арқылы айшықтай отырып танытуға бейім жазушы болатын. Тіл мүмкіндігін саралап, салмақтап пайдалану жолында, сирек те болса, тым ұшқары кетіп қалатын тұстары да кездеседі. Әйтпесе, «Қорап сіріңке» деп орысша тіркес жасаудың не қажеті бар еді? Қазақи ұғымға жақындатсақ, ең құрығанда бұл сөз «Бір қорап сіріңке» деп айтылмас па еді.

Осындай бірен-саран селкеу шыққан эксперимент тіркестердің анадайдан-ақ ерекшеленіп, сыншыл көзге қапысыз ілінетіні, соның қабатында өзге ізденіс белгілеріне күдік көлеңкесі түсіп жататыны әркезде жазылған кейбір сындардан байқалып қалатын. Әйтпесе, «қалың күдігі ауаға үрлеген шылым түтініндей сейіліп сала берді», «Дәлізде әтірдің әлсіз иісі сызыла көшіп жүр», «Сан түрлі бояу жанарын жасқады» деген тәрізді оқырманның ойын тиянақтайтын, сыншылыққа ұмтылу нәтижесінен туған бейнелі сөйлемдер М.Қабанбаев шығармаларынан молынан табылады. Осы арада пікір айтушы кей сыншылар Марат тілінің мүкіс жағына басымырақ тоқталып, көркем құйылыстарына, өзі іздеп тапқан теңеулер мен сөз тіркестеріне кезінде көңіл бөле қоймағанын айтуымыз керек.

Марат Қабанбаевтың жазушылық ерекшелігін танытатын ерекше қыры юморында. «Пысық болдым, мінеки повесіндегі оқушы бала Досан Асылтаев мазасыз, қырсық жан болып көрінеді. Әйтсе де оның жұртқа тосын, оқыс көрінер қимыл-қарекеті, сөздерінің түп-төркіні намысқойлықта, адалдыққа, әділдікке деген құштарлықта жатыр.

Шығарма бірінші жақтан Досан атынан баяндалады. Автор тіліндегі юмор бала ұғымына сәйкес, дәл орайлас келіп отырады.

Марат Қабанбаевтың өзге повестеріндегі балалар образынан гөрі «Пысық болдым, мінеки» повесіндегі бас кейіпкер Досанның бейнесі сәл өзгешелеу жасалған десек, көп дәлелді қажет ете қоймайды. Жазушының «Бақбақ басы толған күн», «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана», «Қала және қыз бала» сияқты повестерінің бас кейіпкерлері өздерінің ойшылдығымен, өмірге, жас шамасына қарағанда тереңдеу болып көрінетін философиялық көзқарастарымен ерекшеленетін балалар. Олар өмірді негізінен кітап арқылы немесе өнер салалары арқылы танып, сол алған білімдерінің негізінде өздерінше ой түюге бейім.

Марат Қабанбаевтың табиғат болмыстарына, құбылыстарына қатысты «Аю, аю, аюлар», «Қабан қырған», «Тау еркесі», «Жылан» [27] секілді әңгімелері балалар көзімен, олардың жан дүниесі арқылы суреттеледі. «Талантты жазушының әр образы - тип» деп Белинский айтпақшы, жазушының бұл әңгімелеріндегі балалар - типтік деңгейге жақындаған бейнелер.

Жалпы Марат Қабанбаевтың балаларға арналған шығармаларында әдебиеттегі адам бейнесі, бала образының жасалу жолдары көркемдік ізденістен, жаңашылдыққа ұмтылудан туған деп бағалауға әбден болады.

Марат шығармалары жайлы пікірлер, негізінен, екі жүйеде өрбитіні, марапаты мен сыны аралас жүретінін айта кеткеніміз жөн. Мақтау жағы көбінесе өзге әріптестеріне ортақ шиыры қайталауға тырысатын ізденістеріне орай айтылса,

сөз саптауындағы ала-құла кемшіліктер кінә қоюға, жазушыны жазғырып шығуға себепші. Аңдап қарасақ, автор шығармашылығына таңылатын айып атаулының төркіні тілдік кінәраттар алғашқы жүйеден, яғни, тың ізденістерге ұмтылудағы кейбір ағаттықтардан туындайды. Жазушының «Қала және қыз бала» аталатын жинағы тілдік қолданыс жағынан да назар аудартады. Әрине, қоғамдық сын-пікірді құлаққа ілудің, өзіне қойылатын талапты күшейтудің нәтижесінде автордың бұл кітабындағы сөз саптасы біршама түзелген, өз тілімен айтқанда, «шуалшындай шұбатылған» ұғымға ауыр ұзын-сонар сөйлемдер некен-саяқ.

Бұрынғы шығармаларының табиғатына тән реалистік суреттердің астарындағы символдың сипаттар, өмірге ерекше ыстық сезіммен қарайтын сергек жанды жас кейіпкерлер, характерлік коллизиялар «Қала және қыз бала» кітабының бойынан тағы да қызғылықты көрініс тапқан. Дала мен қала тәрбиесін бірдей көрген, ана тілінің қалтарыс- құпиясына ауылдағы әжесі арқылы қанық, ерке Айгүлдің оқыс мінездерінің айналадағы адамдарға күдікті көрінуі заңды да. Сұлулық атаулыға ішек тартып, сұқтана білу, жалықтастан жақсылыққа ұмтылу - жас қыздың жан дүниесінде ширыққан қозғалыстың куәсіндей. Бүгінгі замандағы қала тіршілігінің бірер сиқын оқушы қыздың көзқарасы арқылы саралап, бағалауы - автордың формалық көркемдік ізденістерінің кезекті сәтті көрінісі іспетті.

Оның «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана» повесі өзінің жазылу формасымен, стильдік машығымен ерекше көрінеді Жазушы шығармашылығына тән нышандардың бірі - образ жасау барысындағы көркемдік құралдарды әр қырынан пайдалана отырып, адамның жан дүниесін, психологиялық құбылыстарын мейлінше ашып көрсете білу. М.Қабанбаев өзінің жас кейіпкерінің балалық іс-әрекеттерін, мінез-құлқын жалаң суреттеумен шектеліп қалмайды, ғана қанағаттанып қалмайды, жас кейіпкердің психологиясын жазушының кейде күрделендіріп бейнелеуге тырысатындығы бар. «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана» повесінің кейіпкері Асан қайырсынов қасапхананы өртемек болады. Осы тентектігі Ішін мектеп ұжымы оған алғыс жариялайды. Асанның әлгіндей әрекетке ұмтылуы сендіретін - шығармадағы психологиялық дәлел.

Повесте образдарды шендестіре отырып, психологиялық тұрғыдан дамытатын қызықты ситуацияның бірі - адам мен жануардың мінез-құлығын қарама-қарсы қою, олардың психологиясындағы даму эволюциясын салыстыра отырып, суреттеу. Повестегі бала Шыңғысхан мен төбет ит Арыстан - бір-біріне қарама-қарсы алынған кейіпкерлер. Адам мен жануардың образдарын, психологиялық эволюциясын бір-біріне қарама-қарсы қойып суреттеу үрдісі қазақ балалар прозасында жиі ұшыраспайды,

Жазушының кейіпкерлері өмірге көбінесе көркем образбен қарай білетін, өз қиялдарымен ойша сурет сала алатын, эрудит, қиялшыл жандар. Кез-келген құбылысқа әсерленіп, өмірді бейнелі түрде қабылдай алатын олар сол құбылыстан өздерінше бояуы қанық сурет сала біледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қабанбаев, М. Айшылық алыс жол. - Алматы : Жалын, 1987. - 328 б.
2. Қабанбаев, М. Қала және қыз бала: повесть және әңгімелер. - Алматы: Жалын, 1984. - 224 б.
3. Қабанбаев, М. Шығармалары: 5 томдық. - Алматы : Таймас, 2013-2015.

ТАРИХ САБАҒЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ ӘЛЕМІНДЕГІ ЖЫЛҚЫ МАЛЫНЫҢ ОРНЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Құмарбекова Г.Н., 2-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: Нурбекова Р.К., т.ғ.к. профессор
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: gulden0203@bk.ru

Бұл жұмыс көшпенділердің тарихындағы жылқы малының рөлін зерттеуге арналған. Бұл мақаланың мақсаты-қазақ халқының этникалық құрылымындағы тарихи-этимологиялық, этномәдени аспектілердегі жылқы малының алатын орнын зерттеу. Мәселенің маңыздылығы көшпелі әлемге жататын халықтардың мәдени бірегейлігін қалыптастыруға қатысты сюжеттерді зерттеудегі кешенді тәсілмен байланысты.

Көшпенділер өмірінде жылқы шаруашылығы ерекше орын алады. Жылқы шаруашылығын игеру Еуразияның дала кеңістігінде көшпенділіктің пайда болуы мен кейінгі өміршендігінің негізгі алғышарттарының бірі болып табылады. Көшпелі өркениеттің басталу кезеңі мен оның ыдырауына дейін жылқы шаруашылығы тіршілік жүйесінің құраушы рөлін атқара отырып, көшпенділердің экономикалық қызметінің негізгі өлшемі болды. Еуразия халықтарының өмірінде мәдениетінде жылқы шаруашылығы ерекше орын алады. Дәл осы жылқы шаруашылығының дамуы да өндірістің ең ірі формасы- көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуына алып келді.

Қазірдің өзінде алғашқы жазбаша дереккөздер, көшпелі өмір салтын нақты белгілеу Еуразия даласының (сақ дәуірі) тұрғындары оның экономикалық, әлеуметтік-мәдени, технологиялық параметрлерінде шешуші рөлге ие болады. Тарихи дереккөздерде жылқы шаруашылығы туралы олардың шаруашылық-мәдени жүйесінде «жылқы сақ тайпаларының негізгі шаруашылық жануарлары болды» деп сипатталады [1, б. 24]. Осыдан-ақ жылқы малының көшелілердің өмірінде, соның ішінде қазақтардың күнделікті тарихында алатын маңызы зор екендігін байқауымызға болады.

Жылқы шаруашылығы көшпелілер өмірінде Еуразиялық дала кеңістігінде одан кейінгі кезеңдерде де шешуші рөл ойнады десек те болады. Түркі халықтарының рухани жаңғыруы олардың шынайы тарихын түсіну, төл мәдениетін жаңғырту арқылы келеді. Ал осы тұрғыдан алғанда еуразиялық ғалымдардың көне мәдени ескерткіштерді зерттеу призмасы арқылы ортақ тарихи тамырларды зерттеуге деген қызығушылықтары әбден түсінікті. Осы ретте көшпелілер мәдениетіндегі жылқының киелі бейнесін қарастырайық.

Ұзақ уақыт бойы көшпелілерді ежелгі гректер кентаврлар, мифтік жартылай жануарлар, жартылай құдайлар, күшті және қол жетпес бейнелерінде қабылдады. Табиғат құшағында өмір сүрген көшпелілер жорықтарын жасап, далада кенеттен пайда болып, жазық халықтың көз алдында кенеттен ғайып болды. Сондықтан олардан қорқып, олар туралы түрлі аңыздар мен аңыздар ойлап табылды. Олардың ептілігі, құдіреттілігі, пассионалдық күші туралы көптеген ғасырлар өткен соң

орыстың ұлы тарихшысы Николай Гумилев жазады. Ол дала қолбасшыларының ерекше қабілеттерін міндетті түрде байқап, мұның ерекше мәнін көріп, қол қояды.

Тұтас бір халықтардың, тұтас бір ұрпақтың тағдырын өзгертуге қабілетті адамдардың белгісі... «Бала үш жасқа келгенде ат тағады, баланы атқа мінгізеді. Ашамай – баланы атқа мінуге үйрету үшін арнайы жасалған ер-тоқым түрі. Ашамай қарапайым ер-тоқым сияқты екі жағы (алдыңғы және артқы), екі жағы «оқпан». Үзеңгінің орнына «тепкішек» қолданылады. «Тепкішек» – киізден тігілген шағын ер-өмпе, «Тепкішек» әдемі болу үшін оның екі жағын кестелеп, матамен жабады. Ашамайдың тағы бір құрамдас бөлігі – «қолтырмаш».

«Қолтырмаш» - ашамайдың алдыңғы және артқы жағын байланыстыратын жіңішке, тірек таяқ. Бала атқа мінген күні ауылдың барлық адамдары жиналады. Жылқы бейнесін зерттеуге қайта оралсақ, әртүрлі халықтардың бұл жануарды қастерлеуіне көптеген мысалдар келтіруге болады. Еуразия далаларында да кең тараған. Ежелгі наным бойынша, бастары ыдыстың аузына қараған жануарлардың фигуралары оның ішіндегілерді «зұлым рухтардан» қорғады. Өзбек сузанилерінің (панельдерінің) және тәжік киімдерінің заманауи кестелері біздің қиялымызға өсімдіктер культінің мол үлгілерін береді, ал қазақ және қырғыз кілемдері жануарларға табыну туралы куәландырады, олардың ішінде жылқының қасиетті бейнесі. еуразиялық көшпенділердің өмірі.

«Ежелден жылқы күн культін бейнелеген және күн құдайының атрибуты болған. Оңтүстік Қырғызстандағы (Араван, Айрымач-Тоо) әсем жылқылардың жартастағы суреттері жылқы культінің дамығанын растайды. Жануарлар бейнелерінің астында құрбандық өртеуге арналған сөрелер бар. Жылқының киелі рөлі егін шаруашылығымен айналысатын тайпалар мен халықтарға да белгілі болған. Қола дәуірінің өзінде қанжарлардың бастары жылқы мүсіндерімен безендірілген. Ерте темір дәуірінде атпен жерлеу ғұрпы кең тараған. Оны тағзым ететін заттар Түркістан аумағында көптеп кездеседі[2, 47 б].

Қола дәуірінде сүйекке ою өнері дамыды. Шортанды-Бұлақ елді мекенінде Қарқаралы даласынан ромб пен үшбұрыштың ою-өрнектері қашалған миниатюралық жылтыратылған жарты шар тәрізді түйме мен түтік тәрізді жылқы сүйегі табылды. Қазақтың көрнекті ғалымы Марғұланның пікірінше, қазақтың халық өнері ертеде Қазақстан территориясын мекендеген сақтар, үйсін, ғұн және басқа да тайпалардың өнерімен генетикалық байланыста. «Олардың шаруашылық жүргізудің күнделікті ерекшеліктері мен формалары ұқсас болды. Олар көшпелі өмір салтын жүргізіп, мал шаруашылығымен айналысқан. Жылқы малшылардың өмірінде ең үлкен маңызға ие болды. Ең жақсы аттар құрбандыққа шалынды. Аттың бас сүйегі мен тұяғы бойтұмар қызметін атқарған. Мысалы, сақ атакты жылқының тұяғын жолда бақыт әкелетін, шайқас кезінде өлімнен сақтайтын зат ретінде белдіктерінен іліп қойған. Қазақтың да әдет-ғұрпы да болған» [5]. Одан әрі Марғұлан қазақтар Орталық Қазақстанда, Қаратау мен Маңғышлақ тауларында көптеп табылған ат тұяқтарының жартастағы суреттеріне табынған деп есептеді. «Бұл суреттерді қазақтар тұлпар тас деп атайды. Әл-Бируни мен Казвини бұл суреттердің оғыздар мен қыпшақтар табынғанын атап көрсеткен. Ат тұяғының бейнесі Орталық Қазақстандағы кесенелердің күйдірілген кірпіштерінде де кездеседі, мысалы, Кеңгір өзеніндегі Келін-там кесенесі (XIII ғ.)» [5, 286 б].

Жылқыны құрметтеу мәдениеті соншалықты жоғары болса, Қазақстанда жылқы етінен жасалған тағамдар ең дәмді тағам болып саналса, Түркияда неге

жылқы жемейді? Мұндай сұрақты надандар ғана айта алады. Ұлы көшпенділердің ұрпақтары үшін қазақтың ұлттық тағамдарының мақтанышы қазы, қарта, бешбармақ, қымыздан асқан дәмді тағам жоқ. Жауабы көпшілікке белгілі. Егер Түркияда, біз білетіндей, климаты жеміс- жидектердің барлық түрін өсіруге қолайлы болса, бұл жұмсақ тамақтануға мүмкіндік беретін болса, онда қазақтардың көшпелі өмір салты олардың өмір сүру жағдайларын белгіледі.

IX ғасырдағы қытайлық автор арабтар Кобадияндағы (Тәжікстан) ғибадатханада табынған қола жылқы мүсінін жоймақ болған деп хабарлайды. Жылқы культі мұсылман аңыздарына да сіңіп кетті. «Ура-Төбеде (Тәжікстан), Араванда (Оңтүстік Қырғызстан) халық тұяқ таңбалары мен Әлидің аты аңызға айналған жылқысы Дул-Дулдың көлеңкесін қастерлейді. Қазақтар арасында XIX ғасырда жерлеу рәсімінің соңында марқұмның сүйікті атының басы құлпытасқа қойылды немесе бағанаға, кейде жануардың құйрығымен бірге қадалады[3, 98 б].

Осылайша, ежелден жылқы күн культін бейнелеп, Еуразия көшпелілерінің өмірінде маңызды рөл атқарған. Жылқының кейбір атрибуттары әлі күнге дейін зұлым рухтарды қуып жіберуге қабілетті табиғаттан тыс күштерге ие өте маңызды қасиетті заттар болып табылады. Шамандықта бұлар тақа мен қамша, олар да қазақтар арасында ерекше құрметке ие және адамдарға бақыт әкелетін тұмар болып саналады. Сондықтан олар қазіргі қазақтардың пәтерлерінде жиі кездеседі. Жылқы малы бүгінгі күнге дейін өткенге тағзым ретінде және Еуразия халықтарының ежелгі архаикалық мәдениетінің мұрасы ретінде қастерленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Токтабаев М.Н. Традиционная культура казахов / Труды Института этнографии. М., 1951, нов. сер. Т.XIV, с. 142-146.
- 2 Долгов К.М. От Киркегора до Камю. М., Искусство, 1990, 327 с.
- 3 Табышалиева А.С. Вера в Туркестане. Бишкек, АЗ-МАК, 1993, 162 с.
- 4 Грач А.Д. Древнейшие тюркские погребения с сожжением в Центральной Азии История, археология и этнография Средней Азии. М., Прогресс, 1968, 267 с.
- 5 Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Алма-Ата, Онер, 1986, т. 1, 458 с.

ӘОЖ 37

В.В. ГРИГОРЬЕВ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕ

Маденова А.А.

Ғылыми жетекші: Избасарова Г.Б., тарих ғылымдарының докторы,
профессор

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан
e-mail: albinmadenova@mail.ru

Андатпа. Владимир Владимирович Григорьев – қазақ қоғамының мәдени өмірінің көрнекті зерттеушісі, оның еңбегінің қазақ мәдениетін дамыту мен түсінуге үлкен маңызы мен үлесі бар. Ол өз зерттеулерінде Қазақстандағы мәдениет, болмыс пен әлеуметтік өзгерістердің арақатынасына ерекше көңіл бөледі.

Зерттеу әдістемесі В.В. Григорьевтің әлеуметтану, антропология, мәдениеттану және басқа да ғылыми пәндерді біріктіретін пәнаралық көзқарасқа негізделген. Ол әртүрлі зерттеу құралдарын пайдаланады, соның ішінде социологиялық сауалнамалар, сапалы сұхбаттар, құжаттар мен мұрағаттарды талдау, бақылау және далалық зерттеулерге қатысу.

Өзінің зерттеулерінің нәтижесінде В.В. Григорьев бірқатар негізгі нәтижелер мен қорытындыларға келеді. Ол қазақ мәдениетінің өзгеру, жаңа жағдайларға бейімделу процестерінен өтетін жанды және алуан түрлі құбылыс екенін көрсетеді. Ол сондай-ақ Қазақстандағы қоғамдық және саяси сананы қалыптастырудағы мәдени бірегейліктің рөлін көрсетеді.

В.В. Григорьев еңбектері ғылыми қоғамдастық үшін де, практикалық қолдану үшін де маңызды. Олар мәдени саясатты қалыптастыруға, білім беру бағдарламалары мен тәжірибелерін дамытуға және жаңа мәдени жобалар мен бастамаларды жасауға көмектеседі. Григорьевтің зерттеулері қазақ мәдениетін халықаралық аренада танытуға да өз үлесін қосуда.

Кілт сөздер: В.В. Григорьев, мәдени өмір, зерттеулер, Қазақстан, жаһандану, жастар, мәдени мұра, болмыс, әлеуметтік өзгерістер, әдістеме, мәдени үдерістер, мәдениетаралық диалог, мәдени саясат, практикалық қолдану, ғылыми қоғамдастық, теориялық көзқарастар, нәтижелер, қорытындылар, міндеттер, перспективалар.

В.В. ГРИГОРЬЕВ В КУЛЬТУРНОЙ ЖИЗНИ КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА

Аннотация. В.В.Григорьев - выдающийся исследователь культурной жизни казахского общества, чьи работы имеют огромное значение и вклад в развитие и понимание казахской культуры. В его исследованиях он обращает особое внимание на взаимосвязь между культурой, идентичностью и социальными изменениями в Казахстане.

Методология исследований В.В. Григорьева основана на междисциплинарном подходе, объединяющем социологию, антропологию, культурные исследования и другие научные дисциплины. Он использует разнообразные исследовательские инструменты, включая социологические опросы, качественные интервью, анализ документов и архивов, наблюдения и участие в полевых исследованиях.

В результате своих исследований В.В. Григорьев приходит к ряду ключевых результатов и выводов. Он показывает, что казахская культура является живым и разнообразным явлением, которое проходит через процессы изменения и приспособления к новым условиям. Он также выделяет роль культурной идентичности в формировании социального и политического сознания в Казахстане.

Работы В.В. Григорьева имеют значимость как для научного сообщества, так и для практического применения. Они помогают формировать культурные политики, разрабатывать образовательные программы и практики, создавать новые культурные проекты и инициативы. Исследования Григорьева также способствуют продвижению казахской культуры на международной арене.

Ключевые слова: В.В. Григорьев, культурная жизнь, исследования, Казахстан, глобализация, молодежь, культурное наследие, идентичность, социальные изменения, методология, культурные процессы, межкультурный диалог, культурные политики, практическое применение, научное сообщество, теоретические подходы, результаты, выводы, вызовы, перспективы.

В.В. ГРИГОРЬЕВ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕ

Мәдени өмірді зерттеу – қоғамның әртүрлі аспектілерін, оның құндылықтарын, дәстүрлері мен өзіндік ерекшеліктерін түсінуге көмектесетін ғылыми-зерттеу қызметінің маңызды саласы. Осы саладағы көрнекті зерттеушілердің бірі В.В. Григорьев. Ол қазақ қоғамының мәдени өмірі мен оның сан қырлы табиғаты туралы еңбектерімен танымал.

В.В. Григорьев мәдени өмірді зерттеуге елеулі үлес қосқан ғалым. Ол профессор, қазақ мәдениеті мен тарихына қатысты көптеген жарияланымдар мен зерттеулердің авторы. Оның жұмысы зерттелетін мәселелерді терең талдауымен, сонымен қатар әлеуметтану, антропология, тарих сияқты әртүрлі пәндерді байланыстыра білуімен ерекшеленеді.

Өз тәжірибесіне сүйене отырып, В.В. Григорьев қазақ қоғамының мәдени өмірін кең көлемде зерттеді, оның еңбектерінің осы халықтың көп ғасырлық тарихы мен мәдениетін түсіну үшін маңызы зор. Ол қазақ мәдениетінің әр саласын, соның ішінде тілін, дінін, әдет-ғұрпын, өнерін, әдебиетін зерттейді. Оның жазбалары қазақ қоғамының эволюциясын және оның басқа мәдениеттермен байланысын жақсырақ түсінуге көмектеседі.

Қазақ қоғамының мәдени өмірін зерттеу бірнеше себептерге байланысты өзекті де маңызды міндет болып табылады. Біріншіден, мәдениет халықтың өзіндік ерекшелігін қалыптастыруда және сақтауда маңызды рөл атқарады. Мәдени дәстүрлер мен құндылықтарды зерделеу оларды сақтауға және болашақ ұрпаққа жеткізуге көмектеседі.

Екіншіден, қазақ қоғамы қазіргі әлемде жаһандану, көші-қон, технологиялық прогресс және басқа да факторларға байланысты өзгерістерді бастан кешіруде. Мәдени өмірді зерттеу бұл өзгерістердің қазақ қоғамына қалай әсер ететінін және оның бірегейлігі мен құндылықтарын сақтай отырып, жаңа сынақтарға қалай бейімделетінін түсінуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, Қазақстанның мәдени өмірі ел ішінде ғана емес, халықаралық аренада да үлкен маңызға ие. Қазақстан – зерттеушілердің, туристердің және басқа мәдениет өкілдерінің назарын аударып, қызығушылығын тудыратын бай мәдени мұрасы бар көпұлтты мемлекет. Қазақстанның мәдени өмірін зерттеу мәдениетаралық диалогты, түрлі халықтар арасындағы түсіністік пен сыйластықты дамытуға ықпал етеді және бүкіл адамзаттың мәдени мұрасын байытады.

Олай болса, қазақ қоғамының мәдени өмірін зерттеу қазақ мәдениетінің жан-жақтылығы мен бірегейлігін, сонымен қатар оның қазіргі әлеммен өзара байланысын жақсырақ түсінуге және бағалауға көмектесетін кезек күттірмейтін міндет болып табылады. В.В. Григорьев және осы саладағы басқа да зерттеушілер Қазақстанның мәдени өмірі туралы біліміміз бен түсініктерімізді кеңейтуде маңызды рөл атқарады.

Жалпы, В.В. Григорьев Қазақстан мәдениетін зерттеуге елеулі үлес қосты және оның бай мәдени мұрасын сақтауға және насихаттауға үлес қосуда. Оның зерттеулері қазақ мәдениетінің жан-жақтылығы мен бірегейлігін, сондай-ақ оның қазіргі әлеммен өзара әрекеттесуін жақсырақ түсінуге және бағалауға көмектеседі.

В.В. Григорьев Қазақстанның мәдени өмірін зерттеуде мәдениеттің әртүрлі аспектілерін жақсырақ түсіну және түсіндіру үшін әртүрлі теориялық тәсілдер мен әдістемелерді пайдаланады. Міне, ол қолданатын кейбір негізгі теориялар мен тәсілдер:

Мәдени-антропологиялық көзқарас: Григорьев мәдени-антропологиялық тәсілді белсенді қолданады, бұл оған мәдени құбылыстар мен тәжірибелерді кең әлеуметтік-мәдени контексте талдауға көмектеседі. Ол құндылықтарды, рәміздерді, әдет-ғұрыптарды, сондай-ақ олардың әлеуметтік және мәдени қызметтерін зерттеп, олардың қазақ қоғамының өмірі мен болмысына қалай әсер ететінін түсінеді.

Тарихи көзқарас: Григорьевтің зерттеулері де өткенді және оның қазіргі мәдени өмірге әсерін зерттеуге мүмкіндік беретін тарихи көзқарасқа негізделген. Ол тарихи дереккөздерді, мұрағат деректерін және археологиялық олжаларды талдап, қазақ мәдениетінің уақыт ағымындағы эволюциясы мен өзгеруін ашып көрсетеді.

Әлеуметтанулық көзқарас: Григорьев өз зерттеулерінде қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымдарды, өзара әрекеттестіктерді және әлеуметтік динамикаларды зерттеуге көмектесетін социологиялық тәсілді пайдаланады. Ол әртүрлі әлеуметтік топтардың рөлдері мен мәртебелерін, олардың өзара әрекеттесуін және мәдени құндылықтар мен тәжірибелердің қалыптасуы мен көрінісіне әсерін талдайды.

Сапалық зерттеулер: В.В. Григорьев тереңдетілген сұхбат, бақылау, фокус-топтар және құжаттарды талдау сияқты сапалы зерттеу әдістерін белсенді қолданады. Ол адамдардың жеке тәжірибесіне, пікірлері мен тәжірибесіне назар аудара отырып, мәдени өмірді толық және терең түсінуге ұмтылады.

Пәнаралық көзқарас: Григорьев өз зерттеулерінде антропология, әлеуметтану, тарих, әдебиеттану және мәдениеттану сияқты әртүрлі пәндер мен тәсілдерді біріктіреді. Ол Қазақстанның мәдени өмірін неғұрлым толық және тереңірек білу үшін әдейі пәнаралық әдіске жүгінеді. Бұл оған мәдениеттің әртүрлі аспектілері арасындағы байланыстарды және олардың жалпы қоғамға әсерін көруге мүмкіндік береді.

В.В. Григорьев өз зерттеулерінде объективтілік пен ғылыми негізділікке, сондай-ақ алынған нәтижелердің практикалық қолданылуына ұмтылады. Оның еңбектерінің Қазақстанның мәдени өмірін зерттеу саласындағы мәдениеттану мен әлеуметтік ғылымдарды дамыту үшін маңызы зор, сонымен қатар еліміздің мәдени мұрасын сақтау және дамыту бойынша мәдени саясат пен практикалық шараларды қалыптастыруға практикалық әсер етеді.

Осылайша, В.В. Григорьев Қазақстанның мәдени өмірін терең және жан-жақты зерттеп, мәдениеттану мен қоғамдық ғылымдар саласына елеулі үлес қосу үшін өз жұмысында сан алуан теориялық тәсілдер, әдістемелер мен зерттеу құралдарын пайдаланады.

Григорьев далалық зерттеулер жүргізеді, соның ішінде тікелей бақылау, мәдени шараларға қатысу, жергілікті тұрғындармен сұхбат. Ол өзінің пікірін, көзқарасын және тәжірибесін ескере отырып, қоғаммен сенімді қарым-қатынас орнатуға ұмтылады. Бұл оған қазақ халқының мәдениеті мен болмысын іштей тереңірек түсінуге көмектеседі.

В.В. Григорьев қазақ қоғамының мәдени өміріне қатысты бірнеше маңызды еңбектердің авторы. Оның зерттеулері қазақ халқының мәдениетіне, болмысына және әлеуметтік тәжірибесіне қатысты көптеген тақырыптар мен аспектілерді қамтиды. Төменде В.В.Григорьевтің негізгі еңбектеріне шолу берілген. Григорьев және олардың негізгі нәтижелері:

«Қазақ қоғамының мәдениеті мен дәстүрлері»: Бұл жұмыста В.В.Григорьев қазақ қоғамының негізгі мәдени құндылықтары мен дәстүрлерін зерттейді. Мәдениеттің тіл, дін, халықтық әдет-ғұрып сияқты аспектілерінің рөлі мен маңызын талдайды. Зерттеу нәтижелері қазақ халқының өзіндік болмысын қалыптастыруда және сақтауда мәдени дәстүрлердің маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

«Қазақ мәдениетінің тарихи тамырлары»: В.В.Григорьев бұл еңбегінде қазақ мәдениетінің тарихи тамыры мен эволюциясын зерттейді. Ол қазақ мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына көші-қон ағындарының, саяси оқиғалар мен мәдени алмасулардың әсерін зерттейді. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның қазіргі мәдени өмірін түсіну үшін тарихи контексттің маңыздылығын атап көрсетеді.

«Қазақ қоғамындағы модернизация және мәдени өзгерістер»: В.В.Григорьев бұл еңбегінде модернизацияға қатысты мәселелерді және қазіргі үдерістердің қазақ қоғамының мәдени өміріне ықпалын қарастырады. Ол жаһандандудың, технологиялық дамудың және әлеуметтік өзгерістердің қазақ мәдениеті мен болмысына әсерін талдайды. Зерттеу нәтижелері қазіргі тенденциялардың мәдени өмірге оң және теріс салдары бар екенін көрсетеді.

В.В. Григорьев қазақ қоғамындағы көптеген тұлғаларға зерттеу жүргізеді. Ол қазақтардың жеке басының қалыптасуы мен танылуына этникалық, тіл, дін, әлеуметтік жағдай және жаһандық ықпал сияқты түрлі факторлардың қалай әсер ететінін зерттейді. Ол осы әртүрлі аспектілердің өзара әрекеттесетінін және адамдар көпмәдениетті ортада өздерінің жеке басын қалай құрастыратынын талдайды.

Негізгі зерттеу нәтижелері В.В. Григорьев мынадай тұжырымдар жасады:

Қазақ қоғамының мәдени өмірінің тарихи тамыры терең, дәстүрі бай. Қазақ мәдениеті өзіндік құндылықтарымен, әдет-ғұрыптарымен, діни әдет-ғұрыптарымен және өнерімен ерекшеленеді.

Қазақ мәдениетіне модернизация, жаһандану, технологиялық прогресс сынды жаһандық үдерістер әсер етуде. Бұл процестер мәдени өмірге оң және теріс әсер етіп, дәстүрлердің, өмір салты мен әлеуметтік қатынастардың өзгеруіне әкеледі.

Көптектілік – қазақ қоғамына тән қасиет. Адамдар этникалық, тіл, дін, қазіргі мәдениет және мәдениетаралық өзара әрекеттестікке байланысты өз болмысының әртүрлі аспектілерін сезініп, көрсете алады.

В.В.Григорьев қарастырған негізгі тақырыптардың бірі тұлға болып табылады. Ол қазақ халқының ұжымдық және индивидуалды болмысының қалыптасуына тарихи-әлеуметтік және саяси факторлардың әсерін зерттей отырып, қазақ болмысының қалыптасуы мен дамуын әр түрлі жағдайда талдайды.

Қорытындылай келе, В.В. Григорьевтің қазақ қоғамының мәдени өміріне үлкен маңызы мен ықпалы бар. Оның еңбектері мәдени үдерістерді, тұлғаны,

әлеуметтік-мәдени өзгерістерді және қазақ мәдениетінің басқа мәдениеттермен байланысын тереңірек түсінуге және талдауға мүмкіндік береді.

В.В. Григорьев қазақ қоғамының мәдени өмірін зерттеу мен түсінуге кең жол ашты, оның шығармашылығы кейінгі зерттеушілер үшін маңызды білім және шабыт көзі болып қала береді. Бұл зерттеу саласын одан әрі дамытуда оның әдіснамалық көзқарастары мен теориялық тұжырымдарын ескере отырып, қазақ қоғамының мәдени өмірін зерттеу мен дамытуда тереңірек түсіну мен ілгерілеуге қол жеткізу маңызды болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1) Григорьев, В.В. "Казахская культура: пространство и идентичность". - Алматы, 2012.

2) Григорьев, В.В. "Культурная политика и практика в Казахстане". - Алматы, 2016.

3) Григорьев, В.В. "Межкультурное взаимодействие и диалог культур: опыт Казахстана". - Алматы, 2018.

4) Abdildin, E., & Grigoryev, V. (eds.). "Cultural Policy in Kazakhstan: Concepts, Mechanisms, Experience". - Almaty, 2015.

5) Zhanseitova, A., & Grigoryev, V. (eds.). "Cultural Heritage in Kazakhstan: Preservation and Development". - Almaty, 2017.

6) Sabirova, G., & Grigoryev, V. (eds.). "Contemporary Art in Kazakhstan: Tradition, Innovation, Identity". - Almaty, 2021.

7) Suleimenova, A., & Grigoryev, V. (eds.). "Education and Cultural Capital: Perspectives from Kazakhstan". - Almaty, 2022.

8) Григорьев, В.В. "Культурная политика и практика в Казахстане". - Алматы, 2016.

9) Григорьев, В.В. "Межкультурное взаимодействие и диалог культур: опыт Казахстана". - Алматы, 2018.

10) Григорьев, В.В. "Казахская культура в глобальном контексте: вызовы и перспективы". - Алматы, 2020.

ӘОЖ 378.147:91

ҚАЗАҚСТАНДА ГЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН Қ.И. СӘТБАЕВТЫҢ МҰРАЛАРЫН ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТАНЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ

Манахова М.Н.

география пәнінің мұғалімі, «Мектеп жанындағы шағын орталығы бар
Мұқаншы орта мектебі» КММ, Жетісу облысы, Көксу ауданы,
Қазақстан, e-mail: madina.dauren1986@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасының ұлттық ғылым академиясының негізін қалаған, елімізде геология-минералогия, металлогения ғылымдарының дамуына зор үлес қосқан академик Қ.И.Сәтбаевтың өмірі мен

қызметі, тау-кен өнеркәсібін, қара, түсті металлургияны дамытуға қосқан үлесі, ғылыми мұраларының географиялық білім берудегі маңызы қарастырылған.

Тақырыптың мазмұнын ашу үшін мектеп оқушыларына арналған география оқулығының «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімін оқытуда ғалымның еңбектерін пайдалану негізінде білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттырудың, арнайы пәндік және әмбебап пәнаралық құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді әдістеріне талдау жасалған.

Түйін сөздер: ғылым, зерттеу әдістері, металлогения, кен орыны, тау-кен өнеркәсібі, металлургия, оқыту әлістері, зерттеу нәтижелерін академиялық ұсыну, құзыреттілік.

Аннотация. В статье рассматривается деятельность академика К.И.Сатпаева, являющегося основоположником Национальной академии наук Республики Казахстан, внесшего значительный вклад в развитие геолого-минералогических, металлогенических наук в стране, вклад в развитие горной промышленности, черной и цветной металлургии и значение научного наследия ученого в обучении географии.

Для раскрытия содержания темы проведен анализ эффективных методов повышения познавательной активности обучающихся, формирования специальных предметных и универсальных межпредметных компетенций на основе использования трудов ученого при изучении раздела «Методы географических исследований» школьной географии.

Ключевые слова: наука, методы исследования, металлогения, месторождение, горнодобывающая промышленность, металлургия, методы обучения, академическое представление результатов исследований, компетентность.

Annotation. The article discusses the activities of Academician K.I. Satpayev, who is the founder of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, who made a significant contribution to the development of geological-mineralogical, metallogenic sciences in the country, contribution to the development of the mining industry, ferrous and non-ferrous metallurgy and the significance of the scientist's scientific heritage in the geographical education.

To reveal the content of the topic, an analysis of effective methods for increasing the cognitive activity of students, the formation of special subject and universal meta-subject competencies was carried out based on the use of the scientist's works when studying the section "Methods of geographical research" of school geography.

Key words: science, research methods, metallogeny, deposit, mining industry, metallurgy, teaching methods, academic presentation of research results, competence.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының және геология ғылымдарының негізін қалаған геология-минералогия ғылымдарының докторы, қазақстандық металлогения ғылымының негізін қалаған Қ.И.Сәтбаевтың туғанына биыл 125 жыл толды.

Қазақтың біртуар азаматы, ғұлама ғалымы Қаныш Имантайұлының ашқан ғылыми жаңалықтары мен өшпес мұраларының географиялық білім беруде,

болашақ геоморфолог, геолог, маркшейдер, тау-кен ісі салаларының білікті мамандарын даярлауда маңызы зор.

Еліміздің геология ғылымының, тау-кен, қара және түсті металлургияның дамуына, экономикалық әлеуетінің артуына зор үлес қосты. Оны қара және түсті металл кендерін барлауда академиктің металлогенді зоналар теориясының геология-минералогия ғылымында өз құндылығын жоғалтпауы және оны дүниежүзінің кентану, тау-кен ісі салаларының білікті мамандары басшылыққа алуы дәлелдейді.

Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми мұралары О.А.Артюхованың [1], Г.О.Батырбековтың [2], И.Т.Лозовский мен Г.А.Сипайловтың [3], академик А.Х.Маргуланнның [4], **Е.А.Каменев, Г.Жайлыбай, М.Тнымовтың [5], тағы да басқа геолог, географ, кентанушы ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.**

Қазақстан Республикасының ұлттық ғылым академиясының, еліміздегі геология-минералогия ғылымдарының негізін салушы ғалымның ғылыми мұраларын зерттеп зерделеу, мектеп географиясын оқыту үрдісінде тиімді пайдалану негізінде жас ұрпақтың білімін, білік дағдыларын, зерттеу құзіреттіліктерін қалыптастырып, функционалдық сауаттылықтарын дамыту білім берудің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

2022-2024 жылдар аралығында ғұлама ғалым, геология-минералогия ғылымдарының докторы, академик Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми мұраларын 8-9 сыныптарда оқытылатын мектеп географиясының «Географиялық зерттеу әдістері», «Физикалық география», «Экономикалық география» бөлімдерін оқыту барысында тиімді пайдалану негізінде білім алушылардың танымдық белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру, функционалдық сауаттылықтарын дамыту, арнайы пәндік және әмбебап пәнаралық құзіреттіліктерін қалыптастыру мақсатында эксперименттік зерттеулер жүргізілді.

Жүргізілген зерттеулер барысында сипаттау, талдау, жинақтау, бағалау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар

Қаныш Имантайұлының геолог ғалым ретінде қалыптасуына 1921-1926 жылдар аралығында Томск технология институтында тау-кен инженері мамандығы бойынша жоғары білім алуы маңызды орын алды. Ол 1924 жылы 25 жасында 2-3 курста оқып жүріп төте жазумен және латын әліпбиімен қазақ мектептеріне арналған «Алгебра» оқулығын жазды. Оны 1930-1940 жылдар аралығында оқу үрдісінде іс жүзінде қолданды. Жоғарыда аталған мектеп оқулығын жазуына 1914-1918 жылдар аралығында Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясында алған білімі, 1921-1922 жылдар аралығында қазіргі Павлодар облысындағы Баянауыл ауданындағы мектептерде мұғалім болғанда қалыптасқан білім, білік дағдылары негіз болды [6].

Қ.И.Сәтбаевтың білікті тау-кен инженері, ғұлама ғалым ретінде қалыптасуы 1926-1942 жылдар аралығында Атбасар түсті металл тресінің геология бөлімінің, сонымен қатар, Қарсақбай мыс комбинатының геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған кезеңдерінде басталды.

1930 жылы Қаныш Имантайұлының геологиялық барлау тобы ашқан қоры 2 миллион тоннадан асатын бірнеше шашыраңқы мыс кен орындары дүниежүзіндегі ең ірі «Үлкен Жезқазған мыс кен орны» екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Кейін оның «Қазақстанның халық шаруашылығы журналының 1936 жылғы 1-2 номерінде «Үлкен Жезқазған мәселелері» атты алғашқы іргелі ғылыми мақаласы шығады. Ол өз зерттеулерін одан ары жалғастырып 1957 жылы «Кеңестік геология» журналының №58 санында «Орталық Қазақстандағы эндогендік кендеу аймақтарының кеңістікте орналасуының негізгі заңдылықтары» атты іргелі мақаласын жариялады. Онда өзі негізін қалаған металлогения ғылымының негізгі тұжырымдарын жан-жақты ашып көрсетті [7].

Қ.И.Сәтбаев жасаған және жоғарыда аталған ғылыми мақалада шығарған ой қорытындылары мен тұжырымдаған ғылыми ережелер геология ғылымында бүгінгі таңға дейін өз құндылықтарын жоғалтқан жоқ.

Орталық Қазақстанның, сонымен қатар, еліміздің экономикасын өркендетуде ерекше орын алатын «Үлкен Жезқазған» мыс кен орындарының ашылуы қара және түсті металлургияның дамытумен қатар, ғалымның кәсіби ғылыми көзқарастың қалыптасуында ерекше орын алды. Жоғарыда аталған аумақтардан қола дәуірінің «Тәңірқазған», т.б. қоныстарынан металл балқытатын ежелгі пештердің орнының табылуы еліміздің аумағында қола балқыту ісінің бағзы замандардан өркендегенін дәлелдеуге, археологияның да дамуына мүмкіндік берді [1; 3; 4].

Ғалымның отанына сіңірген маңызды еңбектерінің қатарына Жезқазған, Жезді мыс, 1941 жылы екі айда Қаражал темір-марганец кен орындарын ашуы негіз болды. Сол жылдары қара және түсті металл кендерінің басым бөлігінің металлогенді желілер мен зоналарда шоғырланатынына баса назар аударды. Кейін сол еңбектері Қаныш Имантайұлы негізін қалаған металлогения ғылымының негізін қалауына ғылыми негіз болды.

1942-1964 жылдар аралығында КСРО Ғылым Академиясы Қазақстандағы филиалында еңбектеніп, 1946 жылы құрылған ҚазКСР ғылым академиясының алғашқы президенті болып, геология ғылымдары ғылым зерттеу институтының негізін қалады.

Геология ғылыми-зерттеу институтын Қ.И.Сәтбаевтың инициативасы бойынша Орталық Қазақстандағы темір мен марганец кен орындарының қорын бағалау, қазіргі Теміртау қаласындағы толық циклды Қарағанды қара металлургия комбинатының ашылу бағытында жұмыстар жүргізді [5;6].

Өзі басқарған геология ғылымдары ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары Жезқазғанда, Саяқта, Кенді Алтайда, Жетісу Алатауында жүргізген зерттеулерінің барысында жинақталған мәліметтерге жасалған талдаулар негізінде Қазақстанның жеке өңірлерінің пайдалы қазындылардың болжам карталарын жасады. Олардың бүгінгі таңда еліміз аумағындағы Мұғалжардағы хром, никель, титан, Торғай үстіртіндегі Соколов, Сарыбай темір, Орталық Қазақстандағы марганец, барит, мыс-молибден, алтын, Алтайдағы полиметалл, мыс және сирек кездесетін металдар, Батыс Қазақстандағы мұнай-газ, т.б. кен орындарының, шөлді, шөлейтті аймақтарда жерасты суларының алаптарының ашылып қорын бағалауда маңызы зор болды [7, 26-б.].

Болашақта еліміздің тау-кен, қара және түсті металлургия, машина жасау өнеркәсіптерін данытуға мүмкіндік беретін білікті геоморфолог, геологтарды, тау-кен инженерлері мен маркшейдерлерді дайындауда білім мазмұны жаңартылған мектеп географиясын оқытуда қазақтың тұңғыш геолог ғалымы Ұлттық ғылым академиясының алғашқы президенті Қ.И.Сәтбаевтың еңбектерін насихаттаудың маңызы зор.

Жас ұрпақтың отансүйгіштік сезімдерін, білім мен ғылымға қызығушылықтарын арттыру үшін Қаныш Имантайұлының еңбектерін 8-9 сыныпта оқытылатын білім мазмұны жаңартылған мектеп географиясының «Географиялық зерттеу әдістері», «Физикалық география» және «Экономикалық география» бөлімдерінде насихаттаудың маңызы зор.

Атап айтсақ, өзімнің педагогикалық іс-тәжірибемде 9-сыныпта «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімінде *«География ғылымының дамуына үлес қосқан қазақстандықтардың зерттеулері»* тақырыбын өту барысында оқу мақсаттарына сәйкес Қ.И.Сәтбаевтың Қазақстанның кенді және кенсіз пайдалы қазбаларын барлауға және олардың қорын бағалауға, толық циклды Балқаш пен Жезқазған мыс, Қаражал темір-марганец кен байыту, Қарағанды қара металлургия комбинаттарын ашуға қосқан үлесін анықтауға баса назар аударамын.

Ал *«География ғылымының қазіргі заманғы өзекті проблемалары»* тақырыбында елімізде қара және түсті металлургияны дамытуға мүмкіндік беретін мыс, мырыш, темір, марганец, асыл баяу балқитын, сирек кездесетін металдар кен орындарын барлау, олардың қорларын бағалау мәселелерін оңтайлы шешуге Қаныш Имантайұлының қосқан үлесін білім алушылардың өз беттерімен зерделеу жұмыстарын жүргізу үшін ақпараттық-қатынастық технологияларды, интернет ресурстарды қолданамын [8].

Жоғарыда аталған тақырыптарды өту барысында *коллаборативті оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, STEM білім беру* технологияларының элементтерін қолдану негізінде талдауды, жинақтауды, бағалауды талап ететін өзекті және шығармашылық тапсырмалар беру білім мазмұны жаңартылған мектеп географиясының оқу мақсаттарына сәйкес білім алушылардың Қ.И.Сәтбаевтың ғалым ретіндегі Қазақстандағы геологиялық зерттеулерді, сонымен қаатар, металлургияны, ғылымды дамытуға қосқан үлестерін өз беттерімен анықтатуға, танымдық қызығушылықтарын арттыруға, зерттеу дағдыларының, арнайы пәндік, әмбебап пәнаралық күзиреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді [9].

Сабақ барысында шағын топта ғалымның тікелей басшылығымен ірі мыс, темір және марганец кен орындарын, Балқаш, Жезқазған мыс балқыту, Қаражал, Жәйрем, Саяқ кен байыту комбинаттарын ашуға, еліміздің Ұлттық ғылым академиясының негізін салуға, іргелі ғылыми-зерттеу институттарын құруға сіңірген ерен еңбектерін дәлелдейтін мәнмәтіндік тапсырмалар дайындап, шағын топта талқылау білім алушылардың қосымша білім көздерінен өз беттерімен іздеу, тапсырмаға қатысты маңызды ақпараттарды талдау, жинақтау, бағалау, үлгілеу дағдыларын, географиялық ойлау мәдениеттерін қалыптастыратынын көрсетті.

9-сыныпта «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімінде *«География ғылымының қазіргі заманғы өзекті проблемалары», «Зерттеу нәтижелерін*

ұсынудың академиялық формалары» тақырыбын өту барысында білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында мектеп кітапханасындағы ғылыми әдебиеттерден академик Қ.И.Сәтбаевтың ғылым саласындағы ғылыми мәдениет пен геологиялық зерттеу әдістерін енгізуге қосқан үлесін анықтатуды көздейтін баяндама, хабарлама дайындау білім алушыларды өз бетімен білім алу, іздену, зерттеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді [10].

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелерінде алынған мәліметтерге жасалған талдаулар орта мектепте география пәнін оқыту барысында Қазақстан Республикасының ұлттық ғылым академиясының негізін қалаған, елімізде геология-минералогия, металлогения ғылымдарын дамытуға зор үлес қосқан Қ.И.Сәтбаевтың өмірі мен қызметін географияны оқыту үрдісінде тиімді пайдалану білім алушылардың қолжетімді ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі қажетті мәліметтерді талдау, жинақтау, бағалау негізінде білім көзі ретінде пайдалану дағдылары қалыптасатынын көрсетті.

9-сыныпта «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімінде «География ғылымының дамуына үлес қосқан қазақстандықтардың зерттеулері», «География ғылымының қазіргі заманғы өзекті проблемалары», «Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары» тақырыптарын өту барысында заманауи белсенді және интербелсенді оқыту әдістері мен технологияларын пайдаланып, шағын топта, жұппен және жеке орындайтын тапсырмалар беру Қаныш Имантайұлының ғылыми мұраларын өз беттерімен зерделеу, алынған мәліметтерді талдап, жинақтау негізінде білім алушылардың өз беттерімен баяндама, хабарлама дайындау дағдыларын, зерттеу құзіреттіліктерін қалыптастыруда ерекше орын алатынын анықтауға мүмкіндік берді [8, 10].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Артюхова О.А., Валукинский Николай Васильевич //Археологическое наследие Центрального Казахстана: изучение и сохранение: сб. научн. ст., посвящ. 70-летию ЦКАЭ АН Казахстана. Отв. ред. А.З. Бейсенов, В.Г. Ломан. Алматы: НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2017. Т. 1. С. 80–87.
2. Артюхова О.А. Батырбеков Г.О. Академик Сатпаев и его современники. Алматы: «Рауан», 1999. 176 с.
3. Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. Студенческие годы Каныша Сатпаева в Томске. Томск: изд-во ТПУ, 1999. 135 с.
4. Маргулан А.Х. К изучению памятников района р. Сары-Су и Улутау // Вестник АН КазССР. 1948. № 2 (35). С. 53–60.
5. Мир Сатпаева / сост. Каменев Е. А., Жайлыбай Г., Тнимов М. – Алматы: Шартап С, 1999. – 304 с.
6. Академик К.И.Сатпаев и наука Казахстана: статьи, очерки, воспоминания. - Алматы: Ғылым, 1999. – 272 с.
7. Сәтбаев Қ.И. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999.- 464
8. Асубаев Б.Қ., Тоқпанов Е.А. Қазақстанның физикалық географиясы пәні бойынша Блум таксономиясына сәйкес жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі

жинағы: Әдістемелік нұсқаулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 126 б.

9. Тоқпанов Е.А., Абулғазиев А.У., Сергеева А.М., Әбдіманапов Б.Ш. Географияны оқыту әдістемесі: – Жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналған оқулық. 1 бөлім – Алматы: 2022. –248 б.

10. Тоқпанов Е.А., Абулғазиев А.У., Сергеева А.М., Әбдіманапов Б.Ш. Географияны оқыту әдістемесі: – Жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналған оқулық. 2 бөлім – Алматы: 2022. – 187 б.

УДК 376.37

СТОРИТЕЛЛИНГ - КАК ИННОВАЦИОННАЯ ТЕХНОЛОГИЯ РАЗВИТИЯ РЕЧИ И КОММУНИКАТИВНЫХ КАЧЕСТВ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Михеева Д.Н.

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: Kitkatz2003@mail.ru

Развитие речи детей дошкольного возраста становится все более актуальной проблемой в современной теории и практике дошкольной педагогики. В связи с широким распространением бедного, безграмотного «говорения» с экранов телевизоров и гаджетов, рекламы, компьютерных игр, фильмов, мультфильмов, тенденции к погружению в виртуальный мир в ущерб «живому» общению, в целом ростом доли потребления цифрового контента; также снижением интенсивности и продолжительности непосредственного социального контакта детей и диалога с родителями, возрастанием количества детей с задержкой речевого развития и т. п., огромная ответственность ложится на педагогов дошкольного образования, которые формируют и развивают речь.[1]

Один из основных способов развития умения говорить у детей дошкольного возраста - это общение с ними. Важно поддерживать диалог с малышом, внимательно слушать его, задавать вопросы, высказывать свое мнение, помогая ему научиться выражать свои мысли и чувства. Также важно создавать атмосферу для разнообразного общения, например через игры, общие занятия или прогулки на свежем воздухе.

Для развития речи важно использовать различные методики и игры, которые помогут расширить словарный запас ребенка, улучшить фонематический слух, научить артикулировать звуки и тому подобное. Также полезно использование литературных произведений, стихов, сказок и загадок для стимулирования речи и фантазии детей.

Крайне важно также включить родителей в процесс развития умения говорить у детей. Родители должны продолжать работу над улучшением речевых навыков дома: общаться с детьми, читать им книги, обсуждать происходящее вокруг и тому подобное.

Сторителлинг - современная педагогическая технология в образовательном пространстве ДОУ. Наш мозг прекрасно приспособлен связывать вещи между собой. Это самый естественный способ познания мира для нас. Когда мы придумываем ассоциацию, мы осуществляем связь между образами, картинками и мыслями, словами.

Мы общаемся при помощи слов, но думаем образами и картинками. Именно сторителлинг использует связь между изображениями, ассоциациями, образами и словами, помогая нам придумывать интересные истории. [2]

Искусство рассказа историй - это увлекательный способ развивать у детей дошкольного возраста навыки общения и речи. Этот креативный подход предполагает проведение интерактивных сеансов, в ходе которых используются различные методы выразительности, такие как жестикуляция, мимика, интонация, а также разнообразные игрушки и предметы.

Через искусство рассказа дети научаются оформлять свои мысли, делиться своими чувствами и улучшать слуховое восприятие. Они развивают способность выражать свои мысли и эмоции, стимулируют фантазию и творческое мышление.

Кроме того, занятия рассказами способствуют формированию у детей навыков совместной работы, уважения других мнений и развития социальных навыков. Дети учатся слушать друг друга, взаимодействовать между собой и создавать совместные повествования.

Такой подход к чтению и рассказыванию сказок может быть более интересным и захватывающим для детей, поскольку он создает более живое и непосредственное взаимодействие с ними. Дети могут лучше воспринимать и воспроизводить содержание и моральные уроки сказок, когда их рассказывают устно, так как это вызывает больше чувств и эмоций. К тому же, при рассказе сказок своими словами, педагог может адаптировать историю под возраст и интересы конкретной группы детей. Это позволяет создать более персонализированный и интерактивный опыт чтения, который может сильнее увлечь и вовлечь детей в мир фантазии и воображения.

Целью сторителлинга является управление вниманием и чувствами слушателя, расставление правильных и нужных акцентов. Это необходимо для того, чтобы история осталась в памяти на долгое время. Происходит это через формирование психологических взаимосвязей, или ассоциаций.

Задачи сторителлинга :

- обосновать правила поведения в той или иной ситуации, кто и зачем создал эти правила;

- систематизировать и донести информацию;
- обосновать право каждого быть особенным, не похожим на других;
- наглядно мотивировать поступки героев;
- сформировать желание общаться.

Метод сторителлинга позволяет :

- разнообразить образовательную деятельность с детьми;
- заинтересовать каждого ребенка в происходящем действии;
- научить воспринимать и перерабатывать внешнюю информацию;
- обогатить устную речь дошкольников;

- облегчить процесс запоминания сюжета. [2]

В чем заключается эта техника?

Начиная сочинять историю, подумайте, как создать ее визуальный контент. Визуализация истории поможет передать атмосферу, раскрыть тему и погрузить ребенка в воображаемый мир. Визуальный контент – это вся визуальная информация, которая сопровождает текст: фотографии, рисунки, схемы, видеоролики, графический дизайн, логотипы и прочее.

Соблюдайте очередность действий рассказчика:

стейтмент (заявление) → аргументация → рестейтмент (вывод).

Всегда учитывайте возраст детей и их настроение, начиная историю о приключениях героев.

При необходимости поменяйте замысел повествования сюжета, его последовательность, окончание истории.

Рассказывайте историю доступным для детей языком, задействуйте в ней ярких героев.

Поясняйте перед повествованием, почему именно сегодня вы решили рассказать эту историю и чем она будет интересна для данной группы детей.

Начинайте историю с завязки и от первого лица.

«Хочу рассказать, как я...», «Я вам уже рассказывала про то, как я...»,

«Однажды со мной произошла такая история...». [3]

В целом, техника рассказа историй включает в себя умение создать визуальный контент, соблюдать очередность действий рассказчика, адаптировать сюжет и язык истории под возраст и настроение детей, использовать различные методики сторителлинга (классический, активный, цифровой) для более эффективной передачи истории и вовлечения аудитории.

- Классический сторителлинг предполагает рассказывание истории устно, передачу сюжета и действий героев с помощью слов и интонации. Во время рассказа важно использовать разнообразные языковые средства, чтобы сделать историю увлекательной и запоминающейся.

- Активный сторителлинг включает в себя использование различных интерактивных методик во время рассказа истории. Например, это может быть использование костюмов, предметов, музыки, танцев и других элементов, которые помогут детям лучше вжиться в рассказываемую историю.

- Цифровой сторителлинг основан на использовании современных технологий для создания историй, например, мультимедийных презентаций, аудио- и видеорассказов, интерактивных приложений и игр. Этот вид сторителлинга позволяет сделать историю более динамичной и привлекательной для современных детей, которые уже привыкли к цифровым форматам развлечений.

Чтобы детям было интересно, можно взять за основу игру «Кубики историй» и адаптировать под своих детей. Это редкий тип игры, где между игроками нет конкуренции – в кубиках историй нет побежденных или победителей, ведь все участники по очереди придумывают и рассказывают приключения какого-то героя, игрок может сам выбрать жанр сказку или рассказ.

Кубики можно сделать самим из готовых пластмассовых кубиков, наклеив на них картинки. Можно изготовить наборы кубиков историй следующих типов: - набор, где каждый из кубиков содержит картинки только одной категории

(на одном изображены только волшебные предметы, на другом - сказочные герои, на третьем - погодные явления и др.);

- разноплановые кубики, на гранях которых нанесены изображения из разных категорий;

- тематические кубики (например, по темам «Транспорт», «Осень», «Сказки» и т.д.).

Например, ребенку задается тема рассказа «Жила была лисичка». Бросаем кубик - выпадает изображение дома - «Жила она в красивом деревянном домике» - выпадает цветочек «Около домика была поляна, на которой вырос красивый цветок» и т.д. Предлагается составить сначала короткий рассказ из 2-3-х кубиков (персонаж, место действия, предмет), затем усложняется задача: возьмем 5-6 кубиков (персонаж, предмет, место действия, действие).

Техника сторителлинг, которая лежит в основе игры «Кубики историй», открывает уникальную возможность для развития коммуникативной компетенции детей замкнутых и необщительных, облегчает запоминание сюжета, эффективна в процессе рассуждения. Импровизированные рассказы вызывают наибольший интерес, обогащают фантазию и речь, развивая логику. [2]

Рассказывание историй позволяет застенчивым детям быть более раскрепощенными, робких делает смелее, молчаливые становятся более разговорчивыми. Каждый ребёнок рассказывает свои истории, опираясь на свой жизненный опыт, наделяя героев историй своими эмоциями, чувствами, страхами.

Таким образом, с помощью игры «Кубики историй» формируется способ передачи опыта в процессе обучения и воспитания детей. Кроме «Кубиков историй» с детьми дошкольного возраста можно использовать и другие техники сторителлинга: игру «Снежный ком», игру «Продолжи предложение», «Придумай новую сказку», «Сундучок историй» и т.д.

Таким образом, использование устного рассказа сказок и историй может стать эффективным педагогическим инструментом для привлечения внимания детей, развития их воображения и креативности, а также формирования ценностных ориентаций и нравственных установок.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Зеленская О.П. Опыт применения технологий речевого развития в старшем дошкольном возрасте/О.П. Зеленская, Э.Т. Курманалиева//Дошкольное образование: опыт, проблемы, перспективы развития. 2017. №3-2(36). С. 21-25.

2. Публикация: Мастер -класс для воспитателей на тему "Сторителлинг - как инновационная технология развития речи и коммуникативных качеств детей дошкольного возраста». Лапушкина Мария Владимировна Трофимова Марина Вячеславовна.

3. Консультация для педагогов "Осваиваем новый интерактивный метод работы с детьми - сторителлинг". Шилина В.Е.

ШЕШЕНДІК ӨНЕР ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМЫ

Мухамадиев Т.М.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші: Касенов С.Т., қауымдастырылған профессор,
филология ғылымдарының кандидаты
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: Takha_95@inbox.ru

Шешендік сөз - дегеніміз тауып айтылған тапқыр сөз, ақылға қозғау салып, ой түсіретін даналық сөз. Қиялға әсер етіп, сезімді қозғайтын көрікті де, әсерлі сөз, бұра тартпас дәлелімен тамсандырып, таңдай қақтыратын білігір-білімді сөз, өтіп кеткен не өтіп жатқан оқиғаны жанды суреттей көз алдына алып келетін суретті сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жеткізетін терең мағыналы түйінді сөз.

Шешендік сөздер - халық даналығынан, оның ұшқыр ойынан туған Рухани мұра, ұрпақтардың асыл қазынасы. Олардың мазмұны халықтың бастан кешкен болмысынан, қиял-арманынан туындайды, өмірге деген көзқарасы мен ой-өрісін бейнелейді. Олар туралы түсінік пен талғам, қалыптасқан дәстүр бар. Шешендік сөздер - өз алдына айтылатын жанр, ұрпақтан-ұрпаққа нұсқаларын жалғастырып келе жатқан дәстүрлі салт. Олар мақал-мәтелдерде, баталарда, аңыздар мен халық поэзиясында, жалпы бабалар сөзінде өрнек тапқан. Көркем сөздің шебері - шешендік сөздің алғыры, өз заманының озық ойлы адамдары болған. Оған Алдаркөсе, Жиренше, Қарашаш сияқты шешендер мен би-шешендер үлгілерін немесе ауыз әдебиетін жете меңгерушілер өнері мысал бола алады. Ел арасында жүйелі сөз жүйесін тапты, жүйесіз сөз иесін тапты. Адам баласының асыл ойы, арман-тілегі, көңіл-күйі сөз арқылы білінеді. Озық ой санасынан туған таңғажайып жаңалықтар, жақсылық пен жамандық та сөзбен таралады. Содан сөзге сенген, уәжге тоқтаған. Сөз қастерін ұқпаған арсыз келді. Шешендер «аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды», - деп, сөзді айтушыға да, оған құлақ коюшыға да биік талап қойған.

Шешендікте сөзге, идеяға, іс-әрекетке, бейнелеу мен болжамға байланысты ізденістер алуан қырынан көрініс табады. О бастан, шешендікті әдебиетпен ұштастыратын, үйлестіретін дәстүр қалыптасқан. Тегін емес. Әдебиетте тілдік өрнек пен ділдік ерекшелік айқын, басым сақталынған. Осы бас ұстанымнан шыға алмай жатқан жайымыз бар. Оған мынадай уәж келтіруге болады.

Шешендікті әлеуметтік-мәдени тұрғыдан сараптасақ, ол – рухани тәуелсіздіктің айнасы мен айғағы, жаңа құндылық пен ағартушылық жұмыс дәрежесі, рухани басқаруды ұйымдастыру мен үйлестіру, сол тәжірибеге үйрету амал-әрекеті. Бұдан, шешендікті қауымдастық дәстүр мен қарым- қатынастан туындаған жалынды қабілет және көшпенділіктегі тұрмыстық дипломатияны қалыптастыруға, таратуға ықпал еткен шабытты еркіндік деген тоқтам туындайды. Онда руханилық, діл, тіл белсенділігі тұтас көрініс және қолданыс тапты.

Халықтың қара сөздерін таратып, талдап оқығанда, астарлы ой қабаттасады. Сондай ойларымды ұсынудамын. Бұлар халықтық ұстанымға айналған дәстүрлі ереже іспетті көрінді:

Бойға біткен өнер іркілмес,
Көтермесе көңіл көншімес.
Шын доспен көңіл семіреді.
Сырласы жок өзін кеміреді.
Серінің лебізі сөзге қазық,
Түйгені артықтың ойы азық.
Көңілді бүтіндер сый-құрмет,
Шипалығы баянды керемет.

Жақсының қайда жүрсе жаттығы жок,
Қайрымдымен танысқан көңілін ток.
Үйірінен жеріген тұлпар онбас,
Бәдікпен болады кімдер жолдас,
Жақсылығын жалпыға ортақ,
Қалбак қимылдың несі ортақ?
Жақсының ісі оналар әу басынан,
Ынжықтың арылмаған дау басынан.
Жақын боп кім жанасар жаман, қуға,
Жақсыға кез келгеннің бәрі тума.
Сырласпаса көңілді кір басады,
Қараусыз мекен-жайға кім басады?
Икемділер мінезді үйіріп алар,
Артқыға айта жүрер сөз қалдырар.
Дос болмас бірін-бірі кешірмеген,
Сағынған жолдастығын өшірмеген.
Жол жүгіне қайыспас белбасар,
Дүние жарығында қалыптасар.
Кісілігі адалды ер жақтайды,
Ұятсызды шімірікпей ел даттайды.
Әр ісі өнерпаздың мәшһүр келер,
Ұмтылсаң қолдағы қорың өнер.

Шешендік - дәл де тартымды тіл, көркем де көсем тіл, тілдік қызметтің нәрі мен үлгісі. Оның дидактикалық-шешендік және стильдік-тілдік белгілері айқын. Шешендік білімнің сараланған қисынды және жүйеленген түрі, білімге сүйенген дұрыс, тапқыр сөйлеудің өнегесі. Онын бастауы ойлардың бейнесінде, жан толқуы мен сезімтал сенімнің жүйесінде, ақиқат пен құндылық арнасында. Шешендікте қызмет, қатынас және таным бірін-бірі толықтыратын бірлікте болады. Шешендік - қарым-қатынастың икемді де ілгері түрі. Онда қарым-қатынастағылардың мінез-құлқы қатар өзгереді, нақты жағдайға бірдей бейімделеді, икемделінеді. Шешендіктің тиімділігі осы ықпалдың дәрежесімен, яғни қарым-қатынастағы адамдық фактордың ролімен өлшенеді. Шешендіктегі мұндай бастаулар адамдар арасындағы қарым-қатынастың мән-сипатына ықпал етеді, қауымның қимыл-

әрекетін ынталандырады, халықтық шығарманың тәжірибесін тиянақтайды. Шешендікті құнды-мағыналық бағдар, прагматикалық пайымдау мен сухбаттасудың сарқылмас қазынасы, адамгершіл философияның арнасы деуге тұрарлық. Онда дәстүрлі мәдениеттің жүйесі мен жаңарған мәдениеттің өрнегі үйлесіп жатады. Патриоттық сезім шешендіктегі ойлар бейнесінің түрткісі, қатығы. Жан толқуында эмоция ойдан, ой ішкі тебіреністен тоғысып, арнасын тауып жатады. Шешендіктегі ақиқат ойлану мен құндылық туралы түсініктердің тұтас та нақты формасы. Шешендіктегі сана мен ерік бірлестігі өмірді қалыптастыруға, өмір құндылығын бекітуге бағытталған. Шешендік сөз туралы айтылған қилы-қилы пікірлер осы салт пен өнерді аша түседі. Мысалыға, А.Байтұрсынов шешендік сөздерге, оның логикалық байланысына ерекше көңіл бөліп, өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде былай дейді: «Шешен сөз қара сөз шығармалардың бөлек сөзі емес, онда да пайымдама болады. Мұның пайымдамадан бөлектену жері мынау ғана. Пайымдама жазушының мақсаты негізгі пікірін баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап түсіндірумен қоймай, пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, балқыту, иман келтіру болады. Шешен сөзде айтушының мақсаты баяндап, сипаттап анық түсіндіріп беру. Оны істеу үшін шешендер жай пайымдаушыларға айтқан сөзінде адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді, сөз қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып ыждағат етеді. Сондықтан шешен сөздің «Қыздырма», яки «Қоздырма» деген айрықша бөлімі болады. Оның қызмет адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру. Шешен сөздің бұл бөлімі пікірді дәлелдеп, сипаттап, мән істеп болғаннан кейін келеді. Өйткені пікірді баяндап, түсіндіріп, дәлелдеп, сипаттап, ақыл жағы қанағаттанғаннан кейін жүрек жағына әсер етіп, бойын балқыту жеңіл болады.

Осы айтылған мақсаттарға қарай шешен сөздің тілі уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүрек тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, көрікті, сәнді, мәнді тіл болады. Шешен сөздің зор мүшелері бесеу: а) бастамасы, ә) ұсынбасы, б) мазмұндамасы, в) қыздырмасы, г) қорытпасы» [1, 7 б.].

Шешендік сөздер нұсқалары, біріншіден, әдеби тілдің ұйтқысы, оны байытады, екіншіден, белгілі бір әлеуметтік, философиялық, психологиялық заңдылықтарға бағынады. Олар әдеби тілдің сөздік қорын, тіл көркемдігі мен сөз сұлулығының өрнектерін құрайды. Осыған орай З.Қабдолов тың мына тұжырымына тоқталық: «Ділмәр шешендік пен ұтқыр биліктер де тындаушысын текпе мазмұнға лайық пішіндегі «сөздермен еліктіріп кетсе» ... жана әдебиеттегі тіл көркемдігі мен сөз сұлулығы ... табиғилығы мен карапайымдылығында, нақтылығы мен тазалығында жатады. Ең алдымен әр сөз тек өз орнында ғана тұруға тиіс. Сонда бір сөйлемдегі бірнеше сөз өзара бір-біріне сәуле түсіреді де, әр сөздің бұрынғы мағынасына жанадан тың мағына қосылып, бәрі бірігіп тыныстар шындық та су жана сулу шыраймен мөлдірей қалады. Ал, мағына тың мазмұны мөлдір болса, оның оқырманға етер әсері де өзгеше» [1, 8 б.].

Шешендік сөз тапқырлығымен, ақылдылығымен және ділмарлығымен ғана емес, әсіресе тұлғасын және әлеуметтік бағдарын табуымен де құнды. Көне грек дәуірінен жана дәуірге дейін шешендік сөздің түрлі жанрлары қалыптасты. Оны мамандар әрқалай саралап жатады. Десек те, тұрмыс-салтқа, саяси-әлеуметтік

өмірге, сот пен сенатта, дау-жанжалда айтылатын, қолданатын шешендік сөздер нұсқалары кең таралған.

А.Байтұрсынов бұл жанрдың бес түрін мемлекет ісіне қатысты саясат шешен сөзі, сот билігіне әсер ету үшін билік шешен сөзі, біреудің еңбегін халық алдында бағалайтын қошамет шешен сөзі, біліктілерді сараптайтын білімгер шешен сөзі, дін мен молдалар сөзін уағыздау деп жіктейді [1, 9 б.]. Тұрмыс-салтқа байланысты айтылатын шешендік сөздер; а) арнау сөздер; ә) қыз ұзату, келін түсіру, шілдехана тойларында айтылатын шешендік сөздер; б) үй ішінде отбасылық мәселелерді талқылау; в) ас пен тойдағы салтанатты сөздер; г) ата-аналарды аталары; д) жақсылық, жамандық туралы ойшыл сөздері; ж) әдет-ғұрып заңдары. Саяси-әлеуметтік сарында а) елдің рухани көсемдерінің сөздері; ә) көрші мемлекеттер мен саяси қарым-қатынас мәселесін шешуге арналған елшілердің сөздері; б) шаруашылық-әлеуметтік мәселелерді талқылау жүйесі; заман туралы философиялық-поэтикалық толғау сөздері орын алды, өз аяларын тапты.

Дау-жанжалда айтылған ділмәрлық: а) жер дауы, жесір дауы, құн дауы; ә) адамның ар дауы мен ұжданына қысым жасалғанда, оларды қорғау, үкім шығару, билік айту; б) ру мен рудың, тайпа мен тайпаның арасындағы барымта, тартыс; в) хандардың, байлардың психологиялық және экономикалық үстемдігіне қарсы кедей-шаруалардың қарсылық, наразылық білдіруі. С. Садырбаев ұсынған бұл сараптама қазақтың тарихы мен тағдырына жақын [2, 27 б.]. Бірақ ол қазақ халқының шешендік эволюциясын тұтас, толық қамти бермейді. Қазақ халқының дәстүрі де, ауыз әдебиетінің түрлері мен жанрлары да, олардың танымдық және әлеуметтік қолданысы да анағұрлым алуан. Шешендік сөздерді қолданысы жағынан А.С.Бұлдыбай: шешендік арнауларға, шешендік толғауларға, шешендік басуларға, шешендік суырып салмалыққа бөледі. Шешендік арнауларға бата, әзіл-оспақ, сәлем сөз, сыни сөз, естірту, көңіл айтып жұбату жатады [3, 12 б.].

Шешендік толғаулар нақылды да қанатты сөздерде, мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда, мысалдарда әр қырынан танылады. Шешендік басулар дау-жанжалда, атап айтқанда: ер құны дауында, жер дауында, жесір дауында, мал дауында, ар-намыс дауында халықтың бағасы мен қолдауын алған.

Шешендік суырып салмалық айтыста, бірқақпайлықта, тақпақта, қалжың-оспақта, жеке адамға арналған арнауларда тыңдарманның көңілі мен ойын елендеткен. Халықтың шығармашылығы толассыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жазушы, 1991. – 405 б.
2. Садырбаев С. Қазақ халық әдебиеті. – Алматы: Рауан, 1990. – 240 б.
3. Бұлдыбай А.С. Шешендік өнер. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 32 б.

ЧОКАН ЧИНГИСОВИЧ ВАЛИХАНОВ: ЖИЗНЬ И НАСЛЕДИЕ

Сытник В., Таттибаева С.М., Толмачёва К.А., Гайнолла Т.Е.

Научный руководитель: Давлетова Г.А., к.и.н., ассоциированный профессор

¹Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,

г. Усть-Каменогорск, Казахстан

²Алматинский Технологический университет, г. Алматы, Казахстан

e-mail: da_gulmira@mail.ru

Чокан Чингисович Валиханов оставил неизгладимый след в истории Казахстана и мировой науки благодаря своим уникальным способностям и многостороннему вкладу в разнообразные области. Он был не только ученым, но и художником, исследователем, объединившим в себе множество талантов. Его научные труды в области географии, этнографии, истории, фольклористике, религиоведении, востоковедении и философии, стали бесценным научным наследием для Казахстана и всего мира. Одной из значимых черт творчества Валиханова была его способность исследовать и понимать различные аспекты культуры, истории и традиций народов Центральной Азии. Его работа в области этнографии дала ценные сведения о жизни и обычаях казахского народа, а его географические исследования помогли в картографировании малоизвестных регионов.

Особое внимание заслуживают художественно-графические рисунки, которые были изданы в виде отдельного тома. Эти творения не только демонстрируют его художественный талант, но и служат важным источником для изучения культурных особенностей тех времен.

Ч.Ч. Валиханов родился осенью 1835 г. в крепости Кушмурун, расположенной в одном из северных районов Казахстана. Благодаря заботе своего отца, - Чингиса Валиханова, - Чокан получил превосходное образование. Сначала он учился в родном ауле в мусульманской религиозной школе, где достаточно хорошо изучил арабскую грамоту и языки народов Востока. В 1847 г., в возрасте 12 лет, поступил в Омский кадетский корпус. Кадетский корпус имел некоторые свои особенности – шестилетний курс обучения в трех классах, по два года в каждом, обучение форпостской службе, рассыпному строю, топографической съемке, сверх русского, французского или немецкого – и татарский язык. Помимо закона божьего для православных – учение Магомета для мусульман. Сохранялось деление на роту и эскадрон для дворянских и казачьих детей. Учитывалось некоторое количество мест для сыновей киргизских (казахских) султанов, биев и старшин. Общее число воспитанников было определено в двести сорок человек [1].

Из корпуса вышла целая плеяда видных общественных деятелей, ученых Сибири. В их числе и Чокан Валиханов. Занятие с кадетами вели, Н.Ф. Костылевский – литератор и ориенталист, полковник идей В.Г. Белинского, В.П. Лободовский – литератор, друг Н.Г. Чернышевского, последователь прогрессивных политических теорий Европы. Согласно неоднократным свидетельствам Г.Н.

Потанина, Ч. Валиханов очень тесно общался именно с этими преподавателями корпуса, что, по мнению его близких друзей и современников, послужило главной причиной достаточно быстрого становления его политической и гражданской зрелости, довольно раннего появления у него глубокого интереса к общественным делам [2].

Сразу после окончания учебы началась общественная и литературная деятельность Чокана Валиханова. Формально он был определен офицером 6-го кавалерийского полка Сибирского казачьего войска, но фактически оставлен при генерал-губернаторе Западной Сибири, а через год назначен адъютантом генерала Гасфорта, управлявшего тогда Западной Сибирью и северо-восточными районами Казахстана. Одновременно по линии Главного управления края на Ч. Валиханова была возложена должность офицера особых поручений [3].

Чокан, мечтавший служить своей родине, стремился к плодотворной, творческой деятельности. В 1854 - 1857 гг. он принимает участие в решении вопроса о мирном присоединении казахов Старшего жуза и киргизских племен бугу, сарыбагыш и солту к России. Одновременно он начинает усиленно изучать географию, историю, обычаи, народную поэзию казахов и киргиз. В 1855 г. Чокан принял участие в поездке генерала Гасфорта и совершил большое путешествие по Центральному Казахстану, Семиречью и Тарбагатаю. Маршрут его пролегал от Омска на Семипалатинск, оттуда через Аягуз и Капал в Заилийский Алатау, где в это время происходила закладка укрепления Верного. В период этого путешествия Валиханов собрал материалы по истории казахского народа и его быта, а также материалы по статистике, обычному праву и древней религии казахов. В те же годы Чокан составил схематическую карту Тургайской степи и Кушмурунского округа. [4].

Преимущественно этнографический характер носят такие известные работы Ч.Ч. Валиханова как «Предания и легенды Большой киргиз-кайсацкой орды», «Заметки по истории южносибирских племен», «Киргизское родословие», «Следы шаманства у киргизов», «Образец причитаний», «Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи», «О кочевках киргиз», «О мусульманстве в степи», Ч.Ч. Валиханов неоднократно вступался за честь и достоинство родного народа, утверждая, что казахский этнос «не в такой степени дик и груб, как думают о нем большинство русских» [5].

Он также неоднократно выступал против примитивного, ненаучного отождествления двух совершенно различных этносов: казахов (которых до революции называли киргизами, киргиз-кайсаками, кайсаками, казаками и т.д.) и собственно киргизов (которых в тот исторический период именовали кара-киргизами, бурутами и т.д.) Валиханов писал об этом в 1862 г., что нельзя смешивать эти два совершенно различных народа.

В 1856 – 1857 гг. он принимает участие в крупной военно-научной экспедиции, организованной под руководством полковника М.М. Хоментовского. Целью экспедиции было ознакомление с киргизским народом и съемка бассейна Иссык-Куля. «Путешествие мое, – пишет Валиханов, – по свойству пройденной местности, можно разделить на два периода. Первый период включает путь мой по Джунгарии, т. е. в Семиречном и Заилийском крае и на озеро Иссык-Куль... Я

посетил Джунгарию в первый раз в 1856 году и участвовал в первой экспедиции, предпринятой полковником Хоментовским на озеро Иссык-Куль. Потом три месяца жил в Кульдже. Всего в Джунгарии я находился пять месяцев и успел осмотреть этот край вдоль и поперек от Ала-Куля до Тянь-Шаня, на который я поднялся в том году по реке Джиргалан» [6]. Во время этой поездки Чокан собрал орнитологическую и энтомологическую коллекцию, составил гербарий, изучил флору и фауну Семиречья и Иссык-Куля, принял участие в съемке Иссык-Куля, в результате которой на новой карте были изменены форма и контуры его берегов.

В этой экспедиции молодой исследователь впервые обратил внимание на знаменитую поэму киргизского народа «Манас», сделал ее первую научную запись, осуществил частичный перевод на русский язык. Он впервые подвергает поэму историко-литературному анализу, разбирает образ ее легендарного героя Манаса, а также других персонажей поэмы. Как справедливо отмечает академик НАН КР И.Б. Молдобаев: «фольклор кыргызов многожанровый, вершиной его является всемирно известный героический эпос «Манас». Он играл огромную роль в культурной жизни кыргызов. «Манас» в полном смысле слова является энциклопедией народа. Об этом свидетельствует проведение в 1995 г. 1000-летнего юбилея эпоса в мировом масштабе, «Эпос Манас» превосходит по объему все эпические произведения мира, что и составляет одну из его отличительных особенностей. И, несмотря на то, что в письменных источниках эпос стал известен с 16 в., научное изучение его началось только с середины 19 в. Примечательно, что все эти достоинства эпоса «Манас» заметил молодой Ч.Ч. Валиханов. Можно без преувеличения отметить, что он стоял у истоков научного изучения не только эпоса «Манас», но и в целом истории и культуры кыргызского народа» [7]. На наш взгляд, оценка академика И.Б. Молдобаева объективны, корректны и весьма обоснованы. То есть, мы видим, что для Ч.Ч. Валиханова фольклор кыргызского народа представляет большой познавательный интерес.

В начале августа 1856 г. Чокан Валиханов направляется в Кульджу. По пути он посетил ряд пограничных пунктов Западного Китая. Ч. Валиханов пробыл в Кульджинском крае около трех месяцев, затем, с наступлением глубокой осени, вернулся в Омск. Поездка 1857 г. являлась для Валиханова по существу пробным шагом перед его экспедицией в Кашгар.

Путевые дневники Ч. Валиханова снабжены схематическими картами маршрута его путешествий и зарисовками из жизни путешественников. Так, в "Дневнике поездки на Иссык-Куль" приводятся зарисовки "Маршрут отряда Хоментовского через горы Торайгир", "Вид с гор Торайгир на Кунгей Алатау", "Ночлег отряда на реке Мерке", "Ущелье реки Чарын" и схематическая карта долины реки Каркара. Во время путешествий в Кульджу и Кашгарию Чокан зарисовал часть своего маршрута из Верного в Кульджу, через Алтын-Эмель до Кульджи, а также перевалы Центрального и Северного Тянь-Шаня. Им выполнены план Кульджи, схема верховьев реки Зауку, схема тянь-шаньского Сырта, схематические планы Кашгара и его окрестностей, подробный план Яркенда, план города Аксу с городскими воротами и ремесленными кварталами, карта к маршруту от Кашгара до Ташкента и т. д.

Ряд карт составлены Ч. Валихановым на основе изучения исторических источников в период подготовки к путешествиям и с исследовательскими целями. Такими являются "Схематическая карта Монголистана", составленная по книге "Тарихи Рашиди"; "Маршруты И. Габдулмажитова от Иссык-Куля до Кашгара" (до Чокана неизвестные науке) и другие.

В период пребывания в Петербурге (1859 - 1861) Чокан пересмотрел ряд карт, внес в них уточнения и одновременно по поручению Генерального штаба занимался составлением карты всей Средней Азии и Восточного Туркестана[8]. В работе над составлением этих карт Чокан использовал огромное количество исторических документов, карт прежних лет и сведения различного характера (старые и новые), касающиеся Средней Азии и Восточного Туркестана. Об этом свидетельствуют архивные документы.

В выборе научных склонностей Ш. Валиханова важную роль сыграл П. Семенов-Тянь-Шанский. В 1856 году, находясь в Омске он обратил внимание на двух молодых людей. О чем говорится в его воспоминаниях: «Во время краткого моего пребывания в Омске я успел познакомиться, хотя еще довольно поверхностно, с лучшими деятелями города. Особенно внимание мое обратили на себя два талантливых молодых офицера, незадолго окончивших курс в Омском кадетском корпусе, которые сами искали случая познакомиться со мной. Один из них, родом казак, поразил меня не только своей любознательностью и трудолюбием, но и необыкновенной, совершенно идеальной душевной чистотой и честностью своих стойких убеждений; это был прославившийся впоследствии как путешественник и исследователь Сибири и Центральной Азии Григорий Николаевич Потанин.

Другим лицом был Чокан Чингисович Валиханов. Киргиз родом из Средней орды, он был внуком последнего киргизского хана Валия и правнуком знаменитого Аблай-хана, потомка Чингисхана. Его мать была родной сестрой Митридата киргизского народа – Кенесары Касымова. Родная его бабка по отцу – вдова хана Валия – со своими детьми оставалась верной России в то время, когда остальные сородичи, дети хана Валия от первого брака и его братья, не хотели признавать того, что хан Валий принял русское подданство. Александр I с большим вниманием отнесся к вдове хана Валия и велел выстроить ей первый в киргизской степи дом, в котором и родился Чокан Валиханов. Обладая совершенно выдающимися способностями, Валиханов окончил с большим успехом курс в Омском кадетском корпусе, а впоследствии уже в Петербурге под моим влиянием слушал лекции в университете и так хорошо освоился с французским и немецким языками, где сделался замечательным эрудитом по истории Востока, и в особенности народов, соплеменных киргизам. Само собой разумеется, что я почел долгом обратить на этого молодого человека особое внимание генерала Госфорта и по возвращении моем из путешествия в Тянь-Шань подал мысль о командировке Валиханова в киргизской одежде с торговым караваном в Кашгар, что и было впоследствии осуществлено Валихановым с полным успехом» [9].

В 1858-1859 годах совершил своё знаменитое путешествие в Кашгар, загадочную и таинственную в те годы страну. Древняя Кашгария, цитадель Уйгурского государства, которую цинский Китай захватил в 1760 году после

разгрома Джунгарского ханства, издавна являлась «яблоком раздора» между Китаем, Великобританией и Россией. Там сталкивались великодержавные, колониальные интересы этих трёх держав. К тому времени Британия окончательно захватила Индию (1857), а Россия присоединила к себе казахские степи. В связи с этим, по указанию царя Александра II Главное управление Генштаба Российской армии стало готовить на конец 1858 года разведывательную экспедицию - торговый караван для направления в Кашгарию с целью изучения обстановки в этом регионе. 12 апреля 1859 года, через 11 месяцев после начала путешествия, Чокан Валиханов вернулся в Верный. При путешествии в Кашгарию у него вообще не было возможности пользоваться геодезическими или астрономическими инструментами. И вместе с тем именно в таких тяжелых обстоятельствах Чокан обнаружил высокое мастерство описания и характеристики, виденных им местностей и нанесения их на карты, явившиеся наиболее полными по тому времени [10].

По итогам экспедиции он написал отчёт «О состоянии Алтышара, или шести восточных городов Китайской провинции Нан Лу (Малой Бухарии) (1858-1859)». Труд был высоко оценен востоковедами России и за её пределами и вскоре переиздан на английском языке. Сообщение о своем путешествии в тогда еще неведомую Кашгарию Шоқан сделал 4 мая 1860 года, где присутствовали не только ученые, но также многие высокопоставленные чиновники. Он был представлен царю Александру I. В повелительном указе царя отмечалось: «В воздаяние отличнo-усердной службе по армейской кавалерии поручика султана Чокана Валиханова, оказанной им при исполнении возложенного на него поручения, сопряженного с усиленными трудами, лишениями и опасностями...» он был произведен в штабс-ротмистры и награжден орденом Святого Владимира [11].

Чокан Валиханов хорошо знал ряд восточных и европейских языков. Это дало ему возможность изучить древние источники в оригинале. Ему были хорошо известны многие восточные и европейские источники, касающиеся истории и географии народов Средней Азии и Казахстана. Работал он также и над текстами ряда книг, написанных на персидском, арабском и тюркском языках («Бабурнамэ», «Тарихи-Рашиди», «Тазкирян ходжаган» и др.). В Петербурге в высшей школе при Азиатском департаменте он преподавал тюркские языки для лиц, работавших в Средней Азии.

Великое наследие Чокана Чингисовича Валиханова останется неизгладимым в истории науки. Его труды проливают свет на богатство и многообразие культур Средней Азии, а его храбрость и преданность делу исследований стали примером для будущих поколений. Наследие Чокана продолжает вдохновлять ученых и путешественников, напоминая о важности глубокого понимания и уважения к разнообразию человеческих обществ. Чокан Валиханов заслуженно стоит в ряду выдающихся ученых своей эпохи.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Том 1, Алматы, 2010
2. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV – начала XX века. Алматы. 1996
3. Байгабатова Н., Бекназаров Р., Казахи. История и культура. Алматы. 2014.
4. Бейсенова А. Исследования природы Казахстана. Алматы. 1979.

5. Стрелкова И.И. Ч. Валиханов. Москва. 1983.
6. Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 3. Алматы. 1985.
7. Молодобаев И.Б. Вклад А.Х. Маргулана в изучении эпоса «Манас»//Материалы пленарного заседания международной научно-практической конференции «История цивилизации и духовной культуры кочевников», посвященной 100 - летию академика А.Х. Маргулана. Павлодар. 2004.
8. Ермекбаев Ж.А Евразийство в научном наследии Ч.Ч Валиханова // Труды VIII Международного Евразийского научного форума, посвященного 20-летию независимости РК. Астана. 2011.
9. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 5, Алматы. 1985.
10. Зиманов С., Атишев А. Политические взгляды Ч. Валиханова. Алматы. 1965.
11. Абуев К. Был рожден для великих свершений//Казахстанская правда, 25 июня 2020.

ӘОЖ 37

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ТАРИХ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ӨЛКЕТАНУ КОМПОНЕНТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Шаріпханова Ж.Ш.

Ғылыми жетекші: Шүршітбай Б.Ш., т.ғ.к., Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

XXI ғасырдың табалдырығын азат елдің еркін ойлы ұрпағы болып аттаған өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен тәрбиелеудегі басымдықтарды анықтау педагогика ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі екені анық. Әр тұлғаның бойында отансүйгіштік сезімін қалыптастыру осындай басым бағыттардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында, гуманитарлық білім тұжырымдамасында, ҚР азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламасы мен Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында туған өлкеге деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға ерекше мән берілуі аталған мәселенің өзектілігін дәлелдей түседі. Тарихты білу – өзіңнің отбасыңның, әулетіңнің, туып өскен өлкеңнің тарихын білуден басталады. Өркениетті алға бастыраар ғылым десек, соның бірден бір саласы жас ұрпақты тарихтай отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, әділдікке тәрбиелей алмайды.

Өлкетанудың негізіне, тәлім - тәрбиелік мәніне, білімдік мазмұнына Қорқыт-ата, М.Қашқари, Әл - Фараби, Ж.Баласағұни, А.Яссауи, А.Науаи және т.б ғұламалардың еңбектерінде ерекше мән берілсе, қазақ даласының төл перзенттері, ақын - жазушылар А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, М.Жұмабаев,

А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов шығармаларында өлкетану мәселесі кеңінен қарастырылады.

Бүгінгі орта білім беру жүйесіндегі Отан тарихын оқытуды «Өлкетану» пәні арқылы бекіте түсу әрі білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында оқыту бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Зерттеудің объектісі ретінде өлкетану компоненті тарих пәнінің ажырамас бөлігі ретінде алына отырып, зерттеу жұмысының пәні тарих пәнін оқытуда өлкетану компонентін жүзеге асыруды жаңартылған білім беру жағдайына лайықтау болып табылады. Осылайша, жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында тарих пәні арқылы өлкетану компонентін жүзеге асыру жолдары ұсыну – жұмыстың негізгі мақсаты.

Жаңартылған білім беру жүйесінде өлкетану компонентін тарих пәні арқылы жүзеге асырылуында қолданылған, қолданыстағы және қолданылуы мүмкін тиімді әдіс-тәсілдер практика жүзінде орта білім беру ұйымында, яғни мектепте зерттеу жүргізу арқылы анықталды. Зерттеуде болжау, контент-анализ, тарихи, салыстырмалы талдау, бақылау, сауалнама әдістері қолданыс тапты.

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында тарих пәні арқылы өлкетану компонентін жүзеге асыру жолдарын дамытуда қолданылатын жаңа технологиялар мен платформаларды қолдану негізгі өзекті әрі заман ағымына сай қажеттілік болып табылады.

Өлкетануды оқытуға арналған платформаларды әртүрлі критерийлер бойынша, әртүрлі параметрлерге негіздеп топтастыруға болады, мысалы, түрі, форматы, мақсатты аудиториясы және т. б.

Мәселен, олардың бірнеше тобына тоқталып өтсек.

1) Интерактивті карталар және географиялық платформалар және виртуалды турлар:

Google Карталары. Google Maps (ескі атауы Google Local) — "Google" компаниясы ұсынатын тегін картографиялық сервистер мен технологиялардың негізінде құрылған қосымшалар жиынтығы, 2005 жылы құрылған веб карта қызметі. Google Maps қызметінде Жердің картасы мен спутниктік түсірілімдері бар. Көптеген аймақтар үшін жоғарғы детальды 250-500 м биіктіктен түсірілген аэрофототүсірілімдер қолжетімді, ал кейбір аймақтарға әлемнің 4 жағынан 45° бұрышпен қарау мүмкіндігі бар. Қосымша Ай мен Марстың түсірілімдері де ұсынылады. Google Maps сервисімен бизнес-анықтамалары мен автомобиль жолдарының карталары интеграцияланған.

ArcGIS Online. Arcgislline-бұл қызмет (SaaS) ретінде ұсынылатын бұлтқа негізделген ГАЖ платформасы. Ол дайын карталар мен жаһандық қызметтерді пайдалануға, сондай-ақ жеке веб-карталарды, карта қызметтерін және қолданбаларды жасауға мүмкіндік береді. Ол "барлығына" ашық режимде де, қол жеткізу құқықтарының рөлдік жүйесі бар ұйым режимінде де жұмыс істейді. [2]

Marbox. MapBox-бұл өз карталарын жасауға және жариялауға арналған онлайн-қызмет.

StoryMapJS. Story Map JS. Сипаттама: мәтін, суреттер, аудио және бейне негізінде интерактивті карта жасауға арналған ақысыз қызмет. Нәтижесінде оқиға орны көрсетілген картаны және фотосуретпен, бейнемен немесе аудиомен

суреттелген әңгімемен слайдты біріктіретін мультимедиялық өнім алынады. [3]

Google Earth. Google Earth (ағылш. Google Earth) - бүкіл жер бетінің Спутниктік (немесе кейбір аэрофото-нүктелерінде) суреттері Интернет желісінде орналастырылған Google компаниясының жобасы. Кейбір аймақтардың фотосуреттері бұрын-соңды болмаған жоғары ажыратымдылыққа ие.

Google Earth жекелеген қалаларда, соның ішінде жоғары сапада ғимараттардың, құрылыстардың және ескерткіштердің 3D үлгілерін көрсету мүмкіндігіне ие.

2) Мұражайлар мен мұрағаттардың білім беру ресурстары: мұражай платформалары, аймақтық мұражайлардың онлайн ресурстары және мұражайлардың интерактивті көрмелері.

Мысалы, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейін <https://nmrk.kz/halls/> сілтемесі арқылы музей ішіне виртуалды тур жасау мүмкіндігі бар. Жалпы көлемі 14 000 шаршы метрден асатын экспозициялық алаң 18 залды алып жатыр. Олар: Астана залы, Тәуелсіз Қазақстан залы, Алтын залы, Ежелгі және орта ғасыр тарихы залы, Тарих залы, Этнография залы, Қазіргі заманғы өнер залы.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі – тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орта Азия аумағына танымал, бірегей әрі көне музейлердің бірі. Оның қоры 300 мыңға жуық материалдық және рухани мәдениет құндылықтарынан тұрады. Қазіргі таңда музейде тұрақты жеті экспозициялық зал жұмыс істейді, түрлі мазмұндағы коллекциялар көрерменге Қазақстанның байырғы палеонтологиясы, ежелгі, ортағасыр, жаңа және қазіргі заманғы тарихы мен мәдени мұрасы жайлы толыққанды мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Жалпы музей экспозициясы қазақтардың бүкіл тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінің ежелгі дәуірден бастап қазіргі заманға дейінгі «музейлендірілген» моделі болып табылады. Мұражайдың экспозицияларын <https://csmrk.kz/index.php/kz/mnu-exposition-kz/mnu-virtual-tour-kz> сайтына hту арқылы виртуалдық саяхаттауға болады. Компьютердің алдында отырып-ақ залдарды тамашалауға мүмкіндік бар. Толық қарау үшін «жүгіртпе» арқылы басқарып, қажетті ракурсті таңдау керек және бағдар тілімен қажетті салаға ауысуға болады. Егер виртуалды саяхатшы тарапынан әрекет жасалмаса, онда тур 15 секунд уақыттан аспай, өздігінен жалғаса береді. 15 секунд ішінде толық көріністің көрсетілімін күтпей-ақ, басқа залдардан роликтер жүктеле береді. Терезедегі басқару панелін пайдалана отырып, қонақ өз қалауынша музейге «серуенін» жасай алады. Кез-келген сәтте басқа залды тамашалауға көше алады, нақты көріністі таңдау үшін «жүгіртпені» залдың ықшам көріністі белгісіне апарып, шыққан тізімнен шолу бағытының біріне сілтеме жасалатын жолды таңдау арқылы өтуге болады.

3) География мен геолокацияға бағытталған платформалар: геокэшинг және ойын платформалары.

Аталған платформаларға Pokémon GO, Ingress, Geocaching, Actionbound, карта ойындары GeoGuessr, Seterra Online, сондай-ақ ойын арқылы оқыта отырып білім берудің трендтерін жүзеге асыруға бағытталған геймификациялық құралдар жатады. Олар: Genial.ly, quizzizz, quizlet live, quizwhizzer т.б.

Тәжірибеде зерттеуде қолданылған Genial.ly платформасы арқылы келесі нәтижелерге қол жеткізуге тиімділігін аңғартты. Интерактивті хронологияларды

кұру-тарихи оқиғаларды елестетудің тамаша тәсілі. "Genially" негізгі күндерді, оқиғаларды және суреттерді орналастыруға болатын уақыт сызықтарын қосуға мүмкіндік береді. Бұл сабақты оқушыларға көрнекі және түсінікті етеді, бұл оларға материалды жақсы қабылдауға және игеруге мүмкіндік береді.

Визуалды көрнекілік. "Genially" - дегі уақыт сызықтары материалды қабылдауды жақсартатын оқиғалар хронологиясының визуалды көрінісін қамтамасыз етеді.

Интерактивтілік: суреттерді, бейнелерді және қосымша ақпаратты қосу мүмкіндігі оқу мазмұнын байыту арқылы уақыт сызықтарын интерактивті етеді.

Түсінудің қарапайымдылығы: уақыт сызықтары тарихи оқиғалардың құрылымын жеңілдетеді, бұл материалды түсінуге, әсіресе көрнекі оқушыларға қол жетімді етеді.

Зерттеу тәсілін ынталандыру: Оқиғаларды өз бетінше зерттеу мүмкіндігі, сілтемелер мен қосымша материалдарды қосу оқушылардың зерттеу қызығушылығын оятады.

Әр түрлі тақырыптарға бейімделу: уақыт сызықтарының тиімділігі тақырыпқа байланысты өзгереді. Соғыстар, революциялар немесе мәдени өзгерістер сияқты күрделі тарихи оқиғалар үшін уақыт сызықтары әсіресе пайдалы.

Тарих сабақтарында жоғарыда аталып өткен бағдарламалар мен платформаларды, әдістерді қолданудың тиімділігін зерттеу оқу процесін байыту үшін осы құралдардың маңызды артықшылықтарын анықтады. Атап айтқанда, уақыт сызықтарын пайдалану тарихи оқиғаларды визуализациялауға мүмкіндік береді, интерактивті карталар географияны зерттеуді байытады, ал интерактивті өмірбаяндар тарихи тұлғаларды түсінуді тереңдетеді. Осы функциялардың барлығы оқушылардың өлкетану материалын игеру қызығушылығын, қатысуын және сапасын арттыруға ықпал етеді.

Жанартылған білім беру жағдайында тарих сабақтарында заманауи әлемдік білім беру трендтерін қолдану, оның ішінде АКТ мүмкіндіктері мен геймификацияға бағытталған бағдарламаларды қолдану білім беру процесін байытудың және пәнге деген қызығушылықты арттырудың, өлкетану компонентін меңгертудің қуатты құралы болып табылады. Жоғарыда сипатталған ұсыныстарды дұрыс енгізу және біріктіру арқылы оқыту тұрғысынан тиімді ғана емес, сонымен қатар оқушыларды оқу процесіне белсенді қатысуға шабыттандыратын сабақтар жасауға болады.

Түйіндей келе, жоғарыда аталып өткен құралдар тарих сабақтарының құрылымындағы өлкетану компонентін байытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады, оларды қызықты, қолжетімді және тиімді етеді. Бұл құралдарды пайдалану мұғалімдерге оқыту әдістерін әртараптандыруға және оқушылардың оқу және өлкетануды зерттеу процесіне белсенді қатысуын ынталандыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Өлкетану – маңызды пән / Ж.Нұрмаханова // Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал. – 2013. -№10. -61-66 б.

2. Өлкетану пәнін қазақ өркениеті негізінде оқыту / Е.С.Омаров // Қайнар университетінің хабаршысы. -2012. -№3. -84-95 б.

3. Өлкетану арқылы оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу / С.Омарова, Е.Балқанбеков // Ұлт тағылымы. -2012. -№3. -265-269 б.
4. Өлкетану деректері және жаңа технологиялар / Қ.Оразова: Тарих пәні мұғалімінің бағдарламасы. // Қазақ тарихы. -2006. -№5. -117-119 б.
5. Краеведение на уроках истории / О.К.Ешенова // Қазақстан кәсіпкері. -2012. -№4. -С.14-18
6. Өлкетану материалдарын пайдалану арқылы негізгі мектептің оқушыларын елжандылыққа тәрбиелеу / Ж.А.Дәуренбаева: пед.ғыл.канд..... автореф.; Ы.Алтынсарин атын.Қаз. білім акад.; ғыл.жет. Қалиев С.Қ.. – Астана: 2008, 26 б.
7. Өлкетану курсы бойынша сабақтар мен сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру / Р.Шахиева // Елорда ғылыми хабаршысы. – 2015. -№1/12.-33-37 б.
8. Краеведение как важное средство повышения знаний учащихся / Г.Ж.Мырзаханова // История Казахстана: преподавание в школе. -2018. -№5. – с.13-17
9. Өлкетануды оқытудың маңыздылығы мен оның тиімді әдістері / Ш.Адамбаев // История Казахстана: преподавание в школе. -2020. -№8. – с.10-11
10. Өлкетану : цифрлық қызмет дәуірі / Ш.Сақыбаева // Кітап & Кітапхана. - 2021. -№3. -45-49 б.
11. Өлкетану пәнін оқытуда экскурсиялық маршруттар ұйымдастыру / А.Айсары, А.Әбдісахит, Ш.Барат жб. // География в школах и вузах Казахстана. - 2022. -№1. -35-38б.
12. Өлкетану пәнінде тарихи-мәдени туризмнің тарихын оқыту негіздемесі / М.Қанатұлы, А.С.Адилбаева // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. -2022. -№2. -97-103 б.
13. Өлкетануды оқытудағы жаңа бағыттар / М.Сералиева // С.Қондыбай шығармашылығы: жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың жаңа парадигмалары: IV республикалық конференция материалдары (25-26 сәуір 2013 ж.). – 238-241 б. Алматы, 2014.
14. Өлкетану жұмыстарындағы мектеп музейлерінің рөлі / М.А.Азнабакиева // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. -2007. -№2.-224-226 б.
15. Өлкетану материалдарымен кіріктіре оқыту / Ж.Алежанова // Үкілім-ай. - 2012. - №3. -24 б.
16. Өлкетану отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеудің баспалдағы / К.Аясханова // Қазақтан тарихы. Әдістемелік жірнал. – 2014. -№6. -74-78 б.
17. Өлкетану жұмыстары арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру / Р.Қ.Әбішева // Қазақстан географиясы және экология мектепте және ЖОО-да оқыту. -2011. -№5. -10-12 б.
18. Өлкетану жұмыстарының мектеп оқушыларын тәрбиелеудегі мәні / Д.Д.Байдалиев // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. -2013. -№3. -272-276 б.
19. Өлкетану жұмыстары арқылы патриоттық тәрбие беру / Г.С.Есебиева, К.М.Каратаева, А.Л.Бактыбаева жб. // Ұлттық тәрбие. – 2014.-№3.-74-81 б.

5-СЕКЦИЯ
ЭКОНОМИКА, МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ АСПЕКТІЛЕР

НАУЧНЫЕ И ПРИКЛАДНЫЕ АСПЕКТЫ В ОБЛАСТИ
ЭКОНОМИКИ, ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ И ПРАВА

ӨОЖ 336.741.242.1

ЦИФРЛЫҚ ВАЛЮТА: АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ
КЕМШІЛІКТЕРІ

Бирликова М., Бекенова М.

Ғылыми жетекші: Байғужина А.Ж., сениор-лектор

С. Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: madinbirlik@mail.ru

Қазіргі таңда цифрлық революция әлемдік экономика мен қоғамның келбетін жаңашылдыққа әкелуде. Осы ретте 2021 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қаржы нарығының қатысушыларымен, сарапшылар қауымдастығымен және халықаралық серіктестермен тығыз байланыс орнатып, «Цифрлық теңгенің» пилоттық жобасын жүзеге асырып шықты. Жоспар бойынша цифрлық теңге 2025 жылдың соңына дейін енгізілуі тиіс. Дегенмен әлі де жаңа төлем құралының мәні, қызметі туралы сауал көп. Цифрлық валюта дегеніміз не? Оның дәстүрлі форматтағы валютадан айырмашылығы қандай? Цифрлық валюта – бұл тек сандық немесе электронды түрде қол жетімді валюта түрі. Оны сандық ақша, электронды ақша, электронды валюта немесе киберкэш деп те атайды. Цифрлық валюталарда физикалық атрибуттар жоқ және тек сандық түрде қол жетімді. Сандық валюталарды қолданатын транзакциялар интернетке немесе белгілі бір желілерге қосылған компьютерлер болмаса электрондық әмияндар арқылы жүзеге асырылады. Ал, банкноттар мен монеталар сияқты валюталардың белгілі бір физикалық атрибуттары мен сипаттамалары бар. Мұндай валюталарды қолданатын транзакциялар олардың иелері осы валюталарға физикалық иелік еткенде ғана мүмкін болады.

«Криптовалюталар» және «стейблкоиндер» сияқты құбылыстардың кең таралуына байланысты цифрлық валюта цифрлық активтердің осы сыныбына қате жатқызылуы мүмкін. Ішінара ұқсас технологиялық тәсілдерге қарамастан, «криптовалюталар» және «стейблкоиндер» ақша емес, өйткені олар ақшаның барлық функцияларын тұрақты орындай алмайды. Бұл активтер тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге үнемі ақы төлеу үшін пайдаланыла алмайды, сондай-ақ ресми ақшалай есеп айырысу бірліктерінде көрсетілген құнының тұрақсыз болуына байланысты толыққанды құн өлшемі және айналыс құралы ретінде пайдаланылмайды. Өз кезегінде, цифрлық түрде эмиссияланатын ұлттық валютаның төлем айналымының барлық қатысушыларының мүддесі үшін оның

орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін мемлекет арқылы бірыңғай эмитенті болады.

Орталық Банктің цифрлық валюталары – елдің орталық банкі шығаратын реттелетін цифрлық валюталар. ОБЦВ дәстүрлі фиат валютасына қосымша немесе оны алмастырушы валюта болуы мүмкін. Физикалық және цифрлық түрде болатын фиат валютасынан айырмашылығы, ОБЦВ тек цифрлық түрде болады. Қазіргі уақытта кемінде үш орталық банк (Нигерия, Багам аралдары, Шығыс Кариб мемлекеттері ОБ) ұлттық цифрлық валютаны толыққанды төлем құралы ретінде енгізді, 70-тен астамы ОБЦВ-н зерттеумен және енгізуімен айналысады.



1-сурет. Цифрлық теңгенің ақшалай және төлем ерекшеліктері (Дереккөз: ҚРҰБ)

1-суретте, ҚҰБ-тың 2021 жылғы көпшілік талқылауына арналған баяндамасында, цифрлық теңгенің ерекшеліктері көрсетілген. ҚРҰБ ұлттық валютаның үшінші нысаны ретінде цифрлық теңгені енгізуде. Цифрлық теңге ҚРҰБ-нің ақшаның барлық ерекшеліктері мен функцияларына ие міндеттемелерінің тағы бір көрінісі болады. Бұл ретте ол қолма-қол және қолма-қол емес ақшаның бірқатар ерекшеліктерін біріктіреді, сондай-ақ іскерлік айналым қатысушылары мен мемлекеттік институттар үшін жаңа функционалдық мүмкіндіктер ашады.

Цифрлық теңгемен қатар кәдімгі ақша, онлайн төлеу, яғни қолма-қол емес ақша да қатар жүре береді. Аталған екі төлем түрінің негізгі сипаттары цифрлық теңгеде де бар, сонымен қатар 2-суретте көрсетілгендей, оның өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Бастысы, интернетсіз де төлем жасауға мүмкіндік береді; әртүрлі деңгейде қорғау шаралары ұйымдастырылатындықтан

деректер қауіпсіздікте болады; ЦВ жүйесі басқа жүйелермен интеграция жасау арқылы, әртүрлі қызметтерді біріктіреді; экономиканың дамуын тежеп жүрген фискалдық саясаттағы, көлеңкелі экономикадағы, сыбайлас жемқорлық сияқты мәселелерді шеше отырып, дамуына көмектеседі деп ойлаймыз. Алайда, оның ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етуде, танымалдылығы аз болуы, ОБ тарапынан қадағалауда бір жағынан транзакция жылдамдығы азайса, бір жағынан бақылау болмаса хакерлердің тұзағына түсіп қалу сияқты қауіптер болатын парадоксті кемшіліктері де бар.

Дүние жүзіндегі кейбір ірі орталық банктер өздерінің цифрлық валюталарын шығарудың нұсқаларын іздей бастады. Кейбір үлкен және көрнекті мысалдарға төменде келтірілген елдер жатады.



2-сурет. Цифрлық валютаны енгізудің артықшылықтары мен кемшіліктері

Орталық банктер	Цифрлық валюта	Жарияланған күні	Енгізу мотивы
Қытай Халық Банкі	DC/EP	2017	Төлемдердің бәсекеге қабілеттілігі/ Қолма-қол ақша айналымының азаюы
Швеция ОБ	e-Krona	2017	
Ресей ОБ	Цифрлық рубль	2020	Төлемдердің бәсекеге қабілеттілігі/ Қолма-қол ақша айналымының азаюы/ Төлемдердің тиімділігі/ Қаржылық инклюзия
Уругвай ОБ	e-Peso	2017	Төлемдердің тиімділігі/ Қаржылық инклюзия
Украина ҰБ	e-Hryvnia	2017	Төлемдердің бәсекеге қабілеттілігі/ Қолма-қол ақша айналымының азаюы/ Төлемдердің тиімділігі/ Қаржылық инклюзия
Багам аралдары ОБ	Sand Dollar	2018	Төлемдердің тиімділігі/ Қаржылық инклюзия
Шығыс Кариб ОБ	DXCD	2019	
Сингапурдық валюталық басқармасы	Ubin	2016	Төлемдердің бәсекеге қабілеттілігі/ Қолма-қол ақша айналымының азаюы/
Канада банкі	Jasper	2017	Төлемдердің тиімділігі/ Қаржылық инклюзия
ЕОБ	Stella	2017	
Жапония банкі			

Таиланд банкі	Inthanon/		
Гонконг валюта басқармасы	LionRock		

1-кесте. Цифрлық валюта саласындағы халықаралық зерттеу дискурсына шолу (Дереккөз: KPMG «A Global Look at Central Bank Digital Currencies» баяндамасы)

г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: korotaevegorek@gmail.com

Аннотация. В данной публикации автором рассматриваются основные факторы и аспекты инфляционного процесса, например, такие как, регулирование инфляционных ожиданий, в Республике Казахстан, а также, инструменты и формы денежно-кредитной политики, необходимые для сдерживания темпов инфляции.

Ключевые слова: инфляция, инфляционные ожидания, процентная ставка, денежно-кредитная политика, таргетирование инфляции.

Инфляция сильно негативно влияет на социальное неравенство в обществе и увеличивает его: снижает уровень доходов и заработной платы граждан, увеличивает процент безработных людей. Всё это очень негативно влияет на людей, проживающих в стране. Именно поэтому государству необходимо адаптироваться к сложившейся ситуации - разрабатывать методы и программы, способствующие решению этих проблем

У нас, как и во множестве других стран мира, её измеряют точно такими же способами. Основной способ — взять “потребительскую корзину” — это минимальный набор продовольственных, прочих товаров и услуг, необходимый среднестатистическому человеку для поддержания жизнедеятельности. Сюда входит список из более пяти сотен товаров и услуг. Стоимость потребительской корзины измеряется каждый месяц, и она всегда по чуть-чуть поднимается. Это изменение стоимости и называется инфляцией.

Инфляция — это постоянное увеличение стоимости чего-либо. Даже имея очень низкий уровень инфляции в стране, цены всё равно растут, но очень медленно. Иногда говорят, что уровень инфляции снижается — имеется ввиду то, что цены в потребительской корзине растут, но медленнее, чем это происходило в прошлые года.

Большой рост инфляции и, соответственно, цен, негативно влияет на реальные доходы населения. За метафорическую тысячу тенге с каждым годом,

месяцем и днем, можно купить всё меньше и меньше товаров и услуг. Однако, во время роста инфляции, также увеличивается и заработная плата, однако её темп роста сильно уступает увеличению уровня цен на потребительские и непотребительские товары.

Высокие уровни инфляции являются очень непредсказуемыми из-за того, что она то разгоняется, то замедляется, то движется скачками. Из-за большой финансовой нестабильности, предприниматели сильно рискуют, если возьмут долгосрочный кредит. Из-за всего этого, крайне сложно планировать наперед, хотя это является основным требованием для стабильности экономики и инвестиций в неё.

У роста инфляции много причин. Вот некоторые из них:

- Увеличение спроса. Покупателей становится слишком много и товары начинают кончаться. Это происходит, например, когда цены на телефоны становятся доступными и люди стремятся их купить. Рост цен был спровоцирован дефицитом.

- Сокращение предложения. Это ситуация, обратная увеличению спроса – товаров мало, а спрос такой же. В зависимости от типа товара, это происходит по разными причинам – неурожай, санкции на иностранную продукцию, остановка выпуска определенного товара.

- Ослабление национальной валюты. Всё зависит от курса валют на сегодняшний день. Если валюта других стран растет быстрее нашей – вырастает цена на импортные товары и, соответственно, растет инфляция.

- Большие инфляционные ожидания. Поведение потребителей сильно меняется, когда цены в стране начинают сильно расти. Люди начинают больше сберегать, покупать вещи заранее, чтобы не покупать их потом, при этом, переплачивая. В ответ на такое поведение, компании, желая получить больше прибыли, увеличивают стоимость на свои товары и услуги.

Итак, что такое инфляция? Это явление, при котором денежная масса в обращении превышает потребности товарооборота, что приводит к депрециации денежной единицы и, следовательно, к росту цен на различного рода услуги и товары. В странах СНГ, включая Казахстан, инфляция представляет собой комбинацию спросовой и структурной инфляции.

На процесс инфляции в стране влияет очень много внутренних и внешних факторов, таких как уровень деловой активности, разрыв между фактическим и потенциальным ВВП, производительность труда, доходы населения, процент занятости, степень конкуренции на рынках, доступность товаров и услуг, цены на мировых товарных рынках и другие аспекты.

Инфляция бывает нескольких видов:

- Низкая инфляция - до 6% в год. Этот уровень инфляции комфортен как для потребителей, так и для предпринимателей. Он способствует развитию экономики и обычно поддерживается в большинстве стран.

- Умеренная инфляция - от 6 до 10% в год. Она представляет опасность, поскольку может выйти из-под контроля и перерасти в высокую инфляцию.

- Высокая (галопирующая) инфляция - от 10 до 100% в год. Этот уровень инфляции создает нестабильность на рынке, что затрудняет планирование будущих действий как для людей, так и для компаний.

- Гиперинфляция - характеризуется экстремальным ростом цен на сотни и тысячи процентов. В особо тяжелых случаях это может привести к отказу от денег в пользу бартерных операций. Гиперинфляция обычно возникает в периоды серьезных кризисов и военных конфликтов.

Согласно данным Бюро национальной статистики, в октябре 2022 года месячная инфляция составила 1,6%. Подорожание непродовольственных товаров и платных услуг составило 1,7%, в то время как цены на продовольственные товары поднялись на 1,4%.

Среди непродовольственных товаров наибольший прирост цен наблюдался в категориях моющих и чистящих средств – на 5%, а также в одежде, обуви, товарах личного пользования и бытовых товарах – на 2,1%, посуде – на 1,9%, и текстильных изделиях – на 1,7%.

В годовом исчислении инфляция составила 18,8% для непродовольственных товаров и услуг, 23,1% для продовольственных товаров, 17,9% для непродовольственных товаров, и 13,5% для платных услуг [4].




Рисунок 1. Изменение цен на потребительские товары и услуги (в процентах, к предыдущему году, прирост) [Примечание: составлено автором на основе источника – 5]

С начала 2015 года и до настоящего момента в Казахстане наблюдается замедление роста инфляции, что является определенно положительной тенденцией, получившейся из-за проведения сбалансированной денежно-кредитной политики Национального Банка РК.

Основным инструментом реализации денежно-кредитной политики для поддержания запланированного уровня инфляции является управление базовой ставкой. Манипулирование уровнем базовой ставки оказывает влияние на уровень инфляции через процентные ставки финансового рынка и обменный курс. К

примеру, повышение базовой ставки приводит к росту процентных ставок на финансовом рынке, что затем увеличивает стоимость средств на денежном, влияя на решения людей и предприятий о потреблении и сбережениях. Сокращение потребления и увеличение сбережений оказывают сдерживающее воздействие на инфляцию [2]




Рисунок 2. Динамика инфляции и уровня базовой ставки НБ РК [Примечание: составлено автором на основе источника – 6]

Динамика инфляции тесно связана с уровнем монетизации экономики. При увеличении инфляции обычно наблюдается снижение уровня монетизации, в то время как при снижении темпов инфляции и достижении финансовой стабильности в стране, этот уровень стабилизируется и возрастает. Высокий уровень инфляции может сделать высокий уровень монетизации нестабильным.

Монетизация зависит от того, насколько развиты финансовая система и вся экономика. Для оценки этого уровня используется коэффициент монетизации экономики, который представляет собой отношение денежной массы к валовому внутреннему продукту. Этот показатель помогает оценить степень обеспеченности экономики деньгами и выявить возможные тенденции в динамике монетизации.

Также важным аспектом, на который стоит обратить внимание, являются ожидания по инфляции. Предположения о будущем уровне инфляции оказывают влияние на поведение населения и рынка в целом. Если ожидания инфляции низкие, участники рынка склонны инвестировать в различные области производства, инвестиционные проекты и финансовые операции. В случае высоких ожиданий по инфляции, люди предпочтут вкладывать средства в товары, недвижимое имущество, стабильные валюты и другие активы, стоимость которых практически никак не зависит от уровня инфляции.

Уровень ожидаемой инфляции значительно отставал от фактической, однако Национальному Банку Казахстана удалось изменить ситуацию и снизить инфляцию

ещё в 2016 году. В настоящее время одним из эффективных методов сокращения инфляции является инфляционное таргетирование. Этот подход рассматривается как совокупность мер, принимаемых органами государственной власти для контроля уровня инфляции в стране. Он включает в себя установление планового уровня инфляции на определенный период (обычно на год), применение соответствующего монетарного инструментария и проведение анализа эффективности уже исполненной монетарной политики [3].

Выбор инфляционного таргетирования в Казахстане объясняется особенностями национальной экономики, которая относится к категории малых, открытых и экспортноориентированных экономик. Ясное стремление к снижению инфляции и ее удержанию на низком уровне будет способствовать устойчивому экономическому росту в долгосрочной перспективе.

Стратегической целью Национального банка является обеспечение стабильности цен, что подразумевает достижение и удержание инфляции в предусмотренном коридоре. Введение политики инфляционного таргетирования содействует достижению данной цели [1]

В последующие годы целевой уровень инфляции будет не раз пересмотрен и будет определяться в корреляции к текущей ситуации на внутренних и мировых рынках. Снижение инфляции осуществляется постепенно и поэтапно благодаря совместным усилиям Правительства РК и Национального Банка РК. Данные меры будут сбалансированными, поскольку принятие резких и жестких мер по ограничению инфляции в краткосрочной перспективе может негативно сказаться на экономике, препятствуя ее стабильному и устойчивому росту

В текущей макроэкономической обстановке в Казахстане наблюдается усиление инфляционных тенденций на потребительских рынках. Расширение инфляционного процесса вынуждает правительство увеличивать расходы на социальные нужды. Кроме того, инфляционный процесс поддерживается объемными обменными операциями валют при импорте товаров и услуг.

В такой обстановке основная ответственность за сдерживание инфляции и стабилизацию финансовой сферы лежит на денежно-кредитной политике. Для ограничения инфляции необходимо дальнейшее её ужесточение. Для замедления роста денежной массы и объемов кредитования следует продолжить повышение базовой процентной ставки. В настоящее время эта ставка остается на уровне, который ниже средних мировых ставок и на самом деле является отрицательным в реальном выражении.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Годовой отчет Национального Банка Республики Казахстан за 2021, 2022 год [Электронный ресурс] // Сайт Национального банка Республики Казахстан. - Режим доступа: <http://www.nationalbank.kz>.
2. Основные направления денежно-кредитной политики Республики Казахстан до 2020 года [Электронный ресурс] // Сайт Национального банка Республики Казахстан. - Режим доступа: [www//nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).
3. Обзор банковского сектора РК за 2016 год [Электронный ресурс] // Сайт АО «Рейтинговое агентство РФЦА». - Режим доступа: <http://rfcaratings.kz/>.

4. Инфляция: почему растут цены и кто может их сдерживать // Финансовая культура URL: <https://fincult.info/> (дата обращения: 09.03.24).

5. Инфляция в Республике Казахстан // Бюро национальной статистики РК <https://www.gov.kz/memleket/entities/stat/press/news/details/469039?lang=ru> (дата обращения: 09.03.24).

6. О базовой ставке НБ РК и прогнозе инфляции // Economic research institute qazaqstan URL: <https://economy.kz/ru/Mnenija/id=227> (дата обращения: 09.03.24).

УДК 35.072:364.3

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Меирбеков М.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы

Мемлекеттік басқару академиясының магистранты

Ғылыми жетекші: Жолдыбалина А.С., Қазақстан Республикасы

Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару

академиясының профессоры, PhD докторы

С. Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті,

Өскемен қ., Қазақстан

Мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және қолжетімділікті қамтамасыз ету әрбір елдің үкіметінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Халықтың мемлекеттік басқаруға көңілінің толуы және мемлекеттің жұмысына деген сенім деңгейін бағалау көрсеткіштерінің бірі ретінде мемлекеттік қызметтерді қалай алуы қарастырылады. Еліміздегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласы салыстырмалы түрде мемлекеттік басқарудағы жаңа бағыт болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жүйелеудің бастауы ретінде 2007 жылы «бір терезе» қағидаты негізінде Халыққа қызмет көрсету орталықтарының (бұдан әрі – ХҚКО) құрылуын атап өтуге болады. Оған дейін мемлекеттік мекемелер қызмет алушыларды тікелей қабылдады және әрбір мекемеде қызмет көрсету талаптары әркелкі еді. Бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне себеп болуы мүмкін және қызмет алушылар үшін біршама қиыншылықтар тудырды.

«Бір терезе» қағидаты негізінде құрылған ХҚКО қалыптастырудың алғашқы кезеңінде бұл орталықтар фронт-офис форматында ғана қызмет көрсетіп қызметті берушілер мен қызметті ашушылар арасында адами факторларды, тікелей қарым-қатынастарды болдырмауды көздеді. Жылдар өте ХҚКО жұмыс біршама трансформациядан өтіп, бірқатар жаңашылдықтардың бастауы болды. Мемлекеттік қызметтер көрсету саласы осы кезең ішінде қалыптасу сатысынан өтті.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет көрсету жүйесінде соңғы онжылдықтарда бірқатар өзгерістер орын алды. Цифрлық қоғам әкелетін соңғы әлемдік үрдістерге сәйкес маңызды нормативтік-құқықтық актілер қабылданды, мемлекеттік қызметтер көрсету процестері тек қана автоматтандырылмады, сондай-

ақ, біршама оңтайландырылды, электрондық үкіметтің жобасы іске асырылып, жетілдірілді, бірнеше мемлекеттік органдар базасында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы құрылды.

Қазақстанда мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша қатынастарды реттейтін салалық заң 2013 жылы 15 сәуірде қабылданды. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қызметтер көрсету жүйесін нығайтуға, мемлекеттік қызмет стандарттары мен регламенттері арқылы бірыңғай талаптарды қалыптастыруға, осы салада оң шешімдер қабылдау процесіне азаматтық қоғамды жұмылдыру деңгейін арттыруға, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыруға бағытталды. Бір сөзбен айтар болсақ, аталған Заңның қабылдануы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласын жүйелендірді және осы саладағы қоғамдық қатынастарды реттеді [1].

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қабылданған уақыттан бастап 10 жыл ішінде 29 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (1-кесте) [2].

2014	2015	2016	2018	2019	2020	2021	2022	2023	Барлығы
1	5	4	2	3	1	2	5	6	29

1-кесте. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістер туралы мәлімет.

Кестеден байқағанымыздай «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) өзгерістер мен толықтырулар негізінен қабылданғаннан кейінгі 2015-2016 жылдары және соңғы 2022-2023 жылдары енгізілгендігін көруге болады.

Соңғы жылдары толықтырылған маңызды өзгерістер қатарына «бір өтініш» қағидаты, проактивті көрсетілетін қызмет, қоғамдық маңызы бар көрсетілетін қызмет, реинжиниринг ұғымдарының қолданысқа енгізілгендігін жатқызуға болады. Бұл аталған ұғымдар тек қана заңнамалық тұрғыда реттеліп қана қоймай мемлекеттік қызметтер көрсету процестерінде нақты іске асырылды.

Атап айтар болсақ, бүгінде халық «бір өтініш» қағидаты негізінде бірнеше қызметті композитті түрде алуына болады. Сондай-ақ, қазіргі таңда мемлекеттік органдар өздерінің бастамасы бойынша көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз оның ұялы телефон нөміріне SMS-хабарлама жолдау арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметті ұсына алады. Бүгінгі таңда елімізде барлығы 40 проактивті мемлекеттік қызметтер бар және 2 млн-нан қызмет көрсетілген. Осы 40 қызметтің 28-і ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қызметтері екендігін атап өткен жөн.

Сонымен қатар, Заңға енгізілген маңызды ұғымның бірі «реинжиниринг» ұғымы болып отыр. Реинжиниринг дегеніміз – ұйым қызметінің тиімділігін, сапасын және нәтижелілігін арттыру мақсатында ағымдағы жұмыс процесін қайта өзгерту. Заңға енгізілген осы норма іске асыру мақсатында 2022 жылы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік

органдарда бизнес-процестерінің реинжинирингін жүргізу әдістемесін әзірлеп бекітті [3].

Әдетте, мемлекеттік қызметтер бизнес-процестерінің реинжинирингі, ең алдымен, сұранысқа ие және әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтер бойынша, көрсетілу мерзімі ұзақ мемлекеттік қызметтер бойынша және құжаттардың үлкен пакетін ұсына отырып, сондай-ақ автоматтандырылмаған мемлекеттік қызметтер бойынша жүргізіледі.

Бұл сала Қазақстан Республикасында зерттелгеніне қарамастан, нормативтік құқықтық актілерді және оларды жетілдірудің негізгі әдістерін айқындау үшін мемлекеттік қызметтер көрсету процесін талдау мақсатында зерттеу жүргізу өзекті болып қала береді, нәтижесінде мемлекеттік органдардың жұмысын және тұтастай алғанда мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жеңілдетеді.



1-сурет. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша қазіргі жағдай (2023 ж.)

Қазіргі таңда елімізде Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес **1324** мемлекеттік қызметтер көрсетіледі. Олардың **93%-ын** электронды нысанда көрсету қарастырылған. Оның ішінде **40 қызмет** проактивті форматта көрсетіледі және **51 қызметті** сыртқы платформалар арқылы алу мүмкіндігі қарастырылған [4].

Соңғы жылдары тұрғындар қызметтерді екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшалары арқылы алуы артуда. Осылайша ағымдағы жылы 33 млн қызмет сыртқы платформалар арқылы көрсетілген және 2 млн қызмет проактивті форматта мемлекеттің бастамасымен көрсетілген [5].

Біріккен Ұлттар Ұйымының «Электрондық үкіметтің даму индексі» (Global E-Government Development Index) бойынша 2022 жылдың қорытындысы бойынша (бұл индекс 2 жыл сайын жүргізіледі) Қазақстан 28 орынға тұрақтап, оның ішінде онлайн-қызметтер көрсету компоненті бойынша алғашқы 10-дықтан көрініп 8

орынға табан тіреді. Қазақстан өз кезегінде Ирландия (30), Канада (32), Италия (37) және Бельгия (39) сынды елдерді басып озды [6].



Бұл рейтинг әр 2 жыл сайын жасалады және БҰҰ-ға мүше 193 елдің көрсеткіштері бағаланады. 2022 жылғы рейтинг мемлекеттердің 2020-2021 жылдары жүргізген жұмыстарының нәтижесіне негізделген.

БҰҰ-ның жариялаған есебіне сәйкес, электрондық үкіметті дамыту бойынша көшбасшылардың алғашқы үштігіне Дания, Финляндия және Оңтүстік Корея енді.

ТМД елдері арасында Қазақстан 1-орынды иеленді. Қазақстаннан кейін Ресей (42), Беларусь (58), Армения (64), Өзбекстан (69) және т.б. елдер орналасқан.

Қазақстанның аталған рейтингтегі ең жоғары позициясы 28-орын 2014 жылы тіркелген еді. 2016 жылы 33-орынға, ал 2018 жылы 39-орында болды. Осылайша, соңғы 4 жылдағы көрсеткіш бойынша Қазақстан 11 позицияға жоғарылады.

Электрондық үкіметті дамыту бойынша БҰҰ-ның жаһандық рейтингінде (EGDI) үш компонент негізге алынады: электрондық қызметтерді (OSI), адами капиталды (HCI), телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту (ТИ) [7].

Мемлекеттік қызметтерді көрсету процесінде енгізілген жаңашылдықтар ретінде биометриялық сәйкестендіру (Digital ID) және QR-қол қою арқылы мемлекеттік қызметтер алуды жатқызуға болады.

Биометриялық сәйкестендіру – бұл адамның бірегей биологиялық сипаттамаларына негізделген сәйкестендіру: саусақ іздері, көздің ирисі, бет геометриясы және дауыс сипаттамалары.

2023 жылы мемлекеттік қызметтерді алуда биометриялық сәйкестендіруді (Digital ID) қолдану саны 18 млн-ды құрап 2022 жылмен салыстырғанда 4 млнға артқан. Ал, 557 мың қызмет QR-қол қою арқылы алынған [5].

Тұрғындардың мемлекеттік қызметтер алу процесіндегі тағы бір көп шағымданатын мәселесінің бірі ол – мемлекеттік органдар тарапынан әртүрлі анықтамаларды сұратуы болды. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялау арқылы қазіргі таңда қажетті мәліметтердің көпшілігі мемлекеттік органдар арасында цифрлық форматта алу мүмкіндігі жетілдірілді. Осылайша, 2019 жылдан бастап мекен-жай анықтамасын алу мемлекеттік қызмет ретінде мүлдем

алынып тасталған болса, одан кейін де көптеген анықтамалық мәліметтер сұрату қызмет көрсету процесінен алынып, оңтайландырылды. Қазіргі таңда әртүрлі 34 анықтама тұрғындар үшін бірқатар платформаларда цифрлық форматта қолжетімді болса, мемлекеттік органдар ол туралы мәліметтер ақпараттық жүйелерден алу мүмкіндігіне ие болды. Тиісінше жыл сайын анықтама алу үшін берілетін 50 млннан астам өтініштер қысқартылды деп айтуға болады [5].

Мемлекеттік қызметтер көрсетудегі келесі қадам «Мемлекеттік қызметтен – өмірлік жағдайға» форматында (Invisible Government) жүргізілетін болады. Бұл туралы Президентіміз Қ. Тоқаев «Орталық Еуразия – жаңа технологиялық платформа ретінде» тақырыбындағы «Digital Bridge 2022» халықаралық форумында сөйлеген сөзінде айтып өтті [8].

Еліміздегі барлық мемлекеттік қызметтерді көрсету процесі адамның жиі кездесетін 9 өмірлік жағдайларға бөліп қарастырылды. Олар:

- 1) «Бала туылу» өмірлік жағдайы;
- 2) «Балабақшаға орналастыру» өмірлік жағдайы;
- 3) «Мектепке орналастыру» өмірлік жағдайы;
- 4) «Жоғарғы оқу орнына орналастыру» өмірлік жағдайы;
- 5) «Жұмысқа орналасу» өмірлік жағдайы;
- 6) «Отбасы» өмірлік жағдайы;
- 7) «Мүлік» өмірлік жағдайы;
- 8) «Бизнес» өмірлік жағдайы;
- 9) «Зейнетке шығу» өмірлік жағдайы.

Байқағанымыздай бұл өмірлік жағдайлар адамның дүниеге келуінен бастап зейнетке шыққанға дейінгі барлық өмірлік кезеңдерін қамтиды. Осы орайда, барлық мемлекеттік қызметтер осы өмірлік кезеңдер аясында топтастырылып мемлекет барынша проактивті форматта қызмет көрсетуге өту үшін тиісті шараларды іске асыратын болады.

Бүгінде Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі тиісті мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп бұл бағыттағы жұмыстарды бастады. Алғашқы кезеңде «Бала туылу», «Балабақшаға орналастыру», «Мектепке орналастыру», «Жоғарғы оқу орнына орналастыру» және «Жұмысқа орналасу» өмірлік жағдайлары бойынша бірқатар шаралар қабылдануда.

Осы орайда, Цифрлық даму министрлігімен әрбір өмірлік жағдай бойынша тиісті мақсатты аудиториямен фокус-группалар кездесулері өткізілді, тиісті мемлекеттік қызметтерді алу процесінің қадамдары, ұсынылатын құжаттары және қызмет көрсету барысында мемлекеттік органдардың өзара қарым-қатынас нүктелері зерделенді. Зерделеу бойынша жүргізілген тиісті бірлескен жұмыстардан соң тікелей байланысу 119-дан 21-ге, құжаттар 102-ден 11-ге және қадамдар 605-тен 175-ке азайтылып, жалпы алғанда 66%-ға жақсарту нәтижесіне қол жеткізілген [5].

Қазіргі таңда әрбір салада мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесі қалыптасып, қажетті ақпараттармен толысып отырғаны белгілі. Мемлекеттік қызметтер көрсетуде реинжиниринг жүргізу үшін қажетті құралдардың бірі – ол мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мәліметтердің өзектілігі мен сол ақпараттық

жүйелердің өзара ықпалдастығы. Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру мен оңтайландыруда ондағы мәліметтерді халық үшін сапалы мемлекеттік қызметтерді көрсетуде белсенді қолдануымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы.
- 2) «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000088/history>
- 3) «Мемлекеттік органдарда бизнес-процестерінің реинжинирингін жүргізу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 512/НҚ бұйрығы.
- 4) Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі».
- 5) Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.11.2023 жылғы ҚР Үкіметінің отырысында сөйлеген баяндамасы.
- 6) Гуманитарлық портал <https://gtmarket.ru/ratings/e-government-development-index>
- 7) Электрондық үкімет порталы <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/press/news/details/79830?lang=kk>
- 8) Казахстан перейдет к новому формату цифровизации госуправления «Невидимое правительство» <https://vlast.kz/novosti/51856-kazakhstan-perejdet-k-novomu-formatu-cifrovizacii-gosupravlenia-nevidimoe-pravitelstvo.html>

УДК 351.9

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ КОНТРОЛЛИНГА В СИСТЕМЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Мергалимов А.А.

Научный руководитель: Апышева А.А., кандидат экономических наук,
профессор

Аманжолов университет, г. Усть-Каменогорск, Казахстан
e-mail: mergalimov@bk.ru, asel_gan@mail.ru

В статье рассматриваются актуальные вопросы совершенствования контроллинга в системе государственного управления Республики Казахстан. На основе проведенного анализа предлагаются конкретные рекомендации и направления для совершенствования системы контроллинга в государственном

управлении Республики Казахстан, направленные на повышение прозрачности, ответственности и эффективности государственных институтов.

В условиях динамичного развития социально-экономических процессов и повышения требований к эффективности государственного управления актуализируется вопрос совершенствования системы контроллинга в Республике Казахстан. Контроллинг, как инструмент стратегического и оперативного управления, играет ключевую роль в обеспечении прозрачности, ответственности и целесообразности использования государственных ресурсов.

Проблематика контроллинга в системе государственного управления Казахстана заслуживает особого внимания в контексте реформ, направленных на повышение эффективности государственного сектора. Анализ научной литературы, в том числе работ Абдуллина Г.М. и Каримовой Г.Е. (2017), Бейсеновой А.М. (2018), показывает, что несмотря на достигнутые успехи, система контроллинга в Казахстане сталкивается с рядом проблем, включая недостаточную интеграцию контрольных механизмов, ограниченное использование современных технологий и необходимость повышения квалификации специалистов в области контроллинга.

В данной статье предпринимается попытка систематизировать основные проблемы существующей системы контроллинга в государственном управлении Республики Казахстан и определить перспективы ее совершенствования. Особое внимание уделяется анализу международного опыта и возможностей его адаптации к казахстанским условиям. Целью статьи является выработка рекомендаций по улучшению механизмов контроллинга, что будет способствовать повышению прозрачности, эффективности и отчетности государственного управления в Казахстане.

В системе государственного управления Республики Казахстан контроллинг представляет собой комплекс мер, направленных на обеспечение эффективного и целесообразного использования государственных ресурсов, а также на реализацию государственной политики и достижение стратегических целей. Контроллинг в Казахстане охватывает несколько основных направлений:

1. Финансовый контроллинг осуществляется проверка правильности и законности финансовых операций, эффективности использования бюджетных средств, а также соблюдение финансовой дисциплины государственными органами и организациями [8].

2. Стратегический контроллинг направлен на мониторинг реализации стратегических планов и программ развития страны, включая оценку достижения поставленных целей и эффективности реализации государственной политики.

3. Оперативный контроллинг сосредоточен на текущем управлении ресурсами и деятельностью государственных органов, включая мониторинг выполнения планов и задач в краткосрочной перспективе.

4. Внутренний контроль включает систему мероприятий, направленных на обеспечение надежности и эффективности внутренних процессов государственного управления, включая управление рисками и внутренний аудит.

5. Внешний контроль осуществляется со стороны независимых органов, таких как Счетная палата Республики Казахстан, которая проводит внешний аудит

государственных финансов и оценивает эффективность использования государственного имущества.

Следует отметить, что нормативно-правовая база в области государственного контроллинга в Республике Казахстан находится в стадии развития. На сегодняшний день существуют необходимые нормативные правовые акты и методические рекомендации, которые позволяют осуществлять контроллинг в системе государственного управления:

1. Закон Республики Казахстан "О государственном контроле и надзоре" от 16 ноября 2015 года № 434-V ZRK;

2. Постановление Правительства Республики Казахстан "Об утверждении Концепции развития государственного контроллинга в Республике Казахстан на 2019-2025 годы" от 30 декабря 2018 года № 934;

3. Приказ Министра финансов Республики Казахстан "Об утверждении Правил осуществления государственного контроллинга" от 29 декабря 2018 года № 884;

4. Методические рекомендации по проведению контроллинга в системе государственного управления Республики Казахстан (*утверждены приказом Министра финансов Республики Казахстан от 29 декабря 2018 года № 885*).

При осуществлении контроллинга в системе государственного управления Республики Казахстан возникают проблемы, которые осложняют эффективное функционирование данной системы:

1. Недостаточная интеграция контрольных механизмов: Одной из ключевых проблем является отсутствие эффективной интеграции между различными контрольными органами и механизмами, что приводит к дублированию функций и рассеиванию усилий [1];

2. Ограниченное использование современных технологий: Несмотря на тенденцию к цифровизации государственного управления, применение инновационных технологий в контроллинге остается недостаточным, что снижает оперативность и точность контроля [4];

3. Слабая связь между контролем и принятием решений: Результаты контрольных мероприятий зачастую не находят должного отражения в процессе принятия управленческих решений, что снижает эффективность контрольной функции [5];

4. Недостаточная прозрачность и открытость: Ограниченный доступ к информации о результатах контрольных мероприятий уменьшает возможности для общественного контроля и снижает доверие к государственным органам [6];

5. Формализм в проведении контроля: В некоторых случаях контрольные процедуры носят формальный характер и не способствуют выявлению и устранению реальных проблем в деятельности государственных органов [7].

Несмотря на имеющиеся проблемы, можно выделить ряд положительных моментов в области оценки эффективности контроллинга в Республике Казахстан:

- В последние годы принимаются меры по совершенствованию системы государственного управления, в том числе в области контроллинга.

- Разработана Концепция развития государственного контроллинга в Республике Казахстан на 2019-2025 годы.

- Принят ряд нормативных правовых актов, регламентирующих вопросы контроллинга.

- На сегодняшний день в Казахстане активно развивается система электронного государственного управления (e-Gov), которая включает в себя элементы контроллинга, направленные на повышение прозрачности и открытости государственных органов, а также улучшение качества предоставляемых государственных услуг. Таким образом, контроллинг в системе государственного управления Республики Казахстан представляет собой многоуровневую систему, охватывающую различные аспекты деятельности государственных органов и организаций, и направленную на обеспечение их эффективности и прозрачности.

Для решения существующих проблем и улучшения системы контроллинга в государственном управлении Республики Казахстан можно предложить следующие перспективные направления:

Интеграция контрольных механизмов: создание единой информационной системы контроля, которая обеспечит координацию действий различных контрольных органов и предотвратит дублирование функций [3];

Цифровизация контрольных процессов: активное внедрение современных информационных технологий, таких как блокчейн, искусственный интеллект и большие данные, для повышения оперативности и точности контроля [4];

Укрепление связи контроля с принятием решений: разработка механизмов, которые обеспечат оперативное использование результатов контроля при принятии управленческих решений на всех уровнях государственного управления [5];

Повышение прозрачности и открытости: дальнейшее развитие электронного правительства, расширение доступа к информации о результатах контрольных мероприятий через публикацию отчетов в открытом доступе и использование платформ для общественного контроля [6].

Сокращение формализма: переход от формального к содержательному подходу в контроле, с фокусом на выявлении и устранении реальных проблем и неэффективности в деятельности государственных органов [7].

Развитие риск-ориентированного подхода: внедрение системы риск-менеджмента, которая позволит сосредоточить усилия контроля на наиболее значимых и рискованных аспектах деятельности государственных органов;

Вовлечение заинтересованных сторон: расширение участия представителей бизнеса, общественных организаций и экспертного сообщества в процессе контроля для повышения его эффективности и общественной значимости.

Реализация этих перспективных направлений потребует комплексного подхода, включая законодательные изменения, разработку новых методологий и инструментов контроля, а также активное взаимодействие между государственными органами, бизнесом и гражданским обществом. В тоже время, позволит не только повысить эффективность контроллинга в государственном управлении, но и способствовать достижению стратегических целей развития Республики Казахстан, обеспечивая устойчивое развитие страны и повышение благосостояния ее граждан.

ИСПОЛЬЗУЕМАЯ ЛИТЕРАТУРА

1. Абдуллин Г.М., Каримова Г.Е. Проблемы и перспективы развития системы государственного контроля в Республике Казахстан. // Экономика и статистика. – 2017. – № 2. – С. 48-56;
2. Бейсенова А.М. Современные подходы к организации системы государственного финансового контроля в Республике Казахстан. // Вестник Карагандинского университета. Серия Экономика. – 2018. – № 4 (92). – С. 25-33;
3. Мусина, З.А. (2017). Проблемы и перспективы развития системы государственного контроля и аудита в Республике Казахстан. Вестник Карагандинского университета;
4. Абдрахманова, Г.И. (2018). Цифровизация государственного управления: проблемы и решения на примере Республики Казахстан. Актуальные проблемы экономики и права;
5. Кенжегузин, М.Е. (2019). Совершенствование системы государственного контроля в Республике Казахстан. Вестник Казахского национального университета;
6. Сапаргалиев, Г.С. (2020). Прозрачность и открытость в системе государственного управления Казахстана: проблемы и пути решения. Вестник Евразийского национального университета;
7. Тлеубергенова, М.А. (2021). Формализм в системе государственного контроля: причины и последствия. Актуальные вопросы государственного управления.
8. Сапаргалиев, Г. С. Государственный контроллинг: теория и практика: монография / Г. К. Сапаргалиев. – Алматы: ИД "Экономика", 2019. – 240 с.
9. Ашимбаев, М. Т. Государственный контроллинг: учебное пособие / М. Т. Ашимбаев. – Алматы: ИД "Экономика", 2020. – 184 с.

ӘОЖ 343.244

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ӨСУ ДЕҢГЕЙІ

(қылмыстық-құқықтық сипаттама)

Сулейменов А.С.

Ғылыми жетекші: Төлеген М.Ә., заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, философия докторы (PhD), академик
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: suleimenov.98@list.ru

Аннотация. Мақалада Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың өсу деңгейі сараланып, қылмыстық - құқықтық тұрғыда қарастырылған.

Түйін сөздер: қылмыстық заң, сыбайлас жемқорлық, қылмыс, өсу деңгейі

Сыбайлас жемқорлық - мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, парақорлығы.

Өзінің қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де бейқызметтік мүдделер үшін пайдалану жолымен жеке игіліктерді алу әрекетінен көрініс табады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 366 бабы 1-ші тармағында мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алу әрекетімен сипатталатынын ашып көрсеткен.

Қылмыстық кодекстің 366 бабы 1-ші тармағының [1] объективтік жағын құрайтын әрекеттерге ақша, бағалы қағаздар, мүлік, мүлікке құқық, мүлік сипатындағы пайда жатады. 366 баптың 2-ші тармағы «...айтарлықтай мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекет, сол сияқты заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін пара алу – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның алпыс еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» деп саралаған.

3-ші тармағы бойынша, осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер қорқытып алу жолымен; адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; ірі мөлшерде; бірнеше рет жасалса - мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жетпіс еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатынын белгілеген. 4-ші тармақ қылмыстық топ жасаған; сол сияқты аса ірі мөлшерде жасалған қылмыстық әрекеттерді қарастырған.

Қылмыстық кодекстің 367 бабында пара беру сараланған. Қылмыстық кодексінің 367 бабында (1-тармағы) қарастырылған пара беру объективтік жағынан:

1) уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға пара затын немесе мүлік сипатындағы өзге де пайда беру;

2) лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне пара затын береді;

3) пара затын адам тікелей өзі немесе делдал арқылы береді;

4) лауазымды адам өз қызметін пара берушінің мүддесіне белгілі бір әрекетті істеуге немесе істемеуге пайдалануы арқылы сипатталады.

Парақорлыққа делдал болу 368 бапта айқындалған. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге пара алу мен беру туралы олардың арасындағы келісімге қол жеткізуге немесе іске асыруға жәрдемдесу болып табылады.

Делдалдықтың ерекшелігі парақорлыққа делдал болушы кінәлі адам екі қылмыстың жасалуына ұйтқы болады, ол пара беруге жәрдемдесуі; пара алуға жәрдемдесуінен көрінеді [2,356-359; 4,478].

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты жасалған қоғамға жат әрекеттердің басым бөлігі ақшамен тікелей байланысты болғандықтан, біздің ойымызша, оның өсу деңгейін статистикалық жағынан анықтау маңызды сияқты.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметінше, биылғы жылдың бірінші тоқсанында елімізде тіркелген сыбайлас жемқорлық қылмыстар саны былтырғы жылмен салыстырғанда 21,1 пайызға өскен, яғни 639-дан 774-ке дейін көбейгенін көрсеткен [3].

Ranking.kz ашық ақпарат порталының зерделеуі бойынша, өткен жылы (21.02.2023) Transparency International ұйымы 2022 жылға арналған Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (СҚИ) жариялағаны белгілі. Бұл мәліметтерге жүгінсек, Қазақстан 180 елдің арасында 101-орынға тұрақтап, 2021 жылғы 37 ұпайдың орнына 36 ұпай ғана жинаған. Осы жерде ұпай жағынан салыстырғанда Қазақстанмен жағдайы бірдей елдер қатарында Танзания (38 ұпай), Малави (34 ұпай) сияқты елдер елдер бар болып шықты.

Осы жерде айта кетерлігі, әлем бойынша орташа СҚИ он бірінші жыл қатарынан 43-ке жетті, бұл көптеген елдердің сыбайлас жемқорлықпен күресте табысқа жете алмайтынын көрсетеді.

Қазақстанда және әлемде сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі. Жылдық мәліметтер | балл



Ranking.kz Transparency International мәліметтері негізінде

Еліміз бойынша 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылдың қаңтар-ақпан айларында елімізде 438 қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық тіркелді, бұл бір жыл бұрынғыдан 0,7% артық.

Барлық қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың басым бөлігі Алматы мен Астанада тіркелді: әр қалада 51 іс, тиісінше 2% және 6,3% өскен.

Сонымен қатар Қостанай (бір жыл бұрын 21, биыл 40 іс) мен Түркістан (бір жыл бұрын 39, биыл 37 іс) облыстарында және Шымкент қаласында (бір жыл бұрын 23, биыл 36 іс) көп тіркелді.

Мұндай қылмыстардың ең азы Шығыс Қазақстан, Абай және Ұлытау облыстарында болды.

Қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың 37,4%-ы пара беру: жыл басынан бері 164 іс тіркелді, бұл бір жыл бұрынғыдан 45,1% артық.

Одан кейін осы санатта ең көп жасалатын қылмыстар қатарында пара алу (141 іс, бір жылда 6,6% азайған), сыбайлас жемқорлық саласындағы алаяқтық (39 іс, 30% азайған), бөтеннің сеніп тапсырылған мүлкін иемдену немесе талан-таражыға салу (24 іс, 42,9% азайған) және парақорлыққа делдалдық (22 іс, 4,4 есе көбейген).


Күдікті деп тану туралы қаулы шығарылған тұлғалардың саны 301-ге жетті, бұл бір жыл бұрынғыдан 25,4% артық. Оның ішінде қылмыс жасаған 243 тұлға анықталып, соның 159-ы сотқа жіберілді.

Мемлекеттік орган қызметкерлерінің арасында ең көп сыбайлас жемқорлыққа баратындар ішкі істер органдарының қызметкерлері: былтыр 15 адам болса, биыл 43 адам. Одан кейін әкімдіктер мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері (26 адам), Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қызметкерлері (3 адам) және ҚР Қаржы мониторингі агенттігінің қызметкерлері (3 адам), Денсаулық сақтау министрлігінің қызметкерлері (3 адам) және Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің қызметкерлері (3 адам).

Статистикалық мәліметтер 2022 жылдың қаңтар айында сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін 91 адам, оның ішінде пара бергені үшін 3, пара алғаны үшін 22, алаяқтық жасағаны үшін 19, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алғаны немесе иемденгені үшін 8, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны үшін 5, пара алуға делдалдық жасағаны үшін 5, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдаланғаны үшін 1 шенеулік сотталды.

Бұл көрсеткішті өткен жылдармен салыстырсақ, 2022 жылдың қаңтарында сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін 24 адам сотталған болса, 2020 және 2021 жылдың қаңтарында әрқайсысы 54 адам сотталған екен.

Сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны үшін сотталғандар саны. Қаңтар 2023 | адам



Ranking.kz ҚР БП ҚСЖАЕК мәліметтері негізінде

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықты басқа елдермен салыстырсақ, қабылдау индексі бойынша 2022 жылғы рейтингтегі ең жақсы позицияларды Дания (90 ұпай), сондай-ақ Финляндия мен Жаңа Зеландия (әрқайсысы 87 ұпай) иеленгенін көруге болады.

ЕАЭО елдері арасында Армения (46 ұпай және 63-орын) мен Беларусь (39 ұпай және 91-орын) Қазақстаннан жоғары екенін көрсеткен. Ал, Transparency International бағалауы бойынша сыбайлас жемқорлықтың нашарлауы Ресейде (28 ұпай және 137-орын) және Қырғызстанда (27 ұпай және 140-орын) байқалған. Бұл көрсеткіш 2017 жылдан бері қарастырылып отырған елдердің 95%-ы сыбайлас жемқорлық жағдайын қандай да бір жолмен жақсартқан жоқ деген қортынды

жасатқызады. Нақтылай түссек, 2022 жылы елдердің үштен екісінен астамы 50 ұпайдан төмен жинаған сыбайлас жемқорлықтың ауыр деңгейін көрсетті деген сөз [4].

US News мәліметінше, ТМД елдері арасында сыбайлас жемқорлық бойынша Қазақстан Ресей мен Беларусьтен ғана алда. Өзбекстан, Әзірбайжан және Украинада Қазақстанға қарағанда жемқорлық аз [6].

Жалпы қай елді алып қарасақ та сыбайлас жемқорлықтан әлі де болса, арылмағанын көруге болады. Сондықтан, жалпы қылмыстық құқық бұзушылықпен, соның ішінде сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселесі - басты мәселе болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ (қолданыстағы редакциясы)
2. Орсәева Р.А. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (ерекше бөлім): оқу құралы / Р.А.Орсәева - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚУ, «Берел» баспасы, 2023. - 503 б.
3. Жемқорлық статистикасы [Электрондық ресурс] <https://egemen.kz>
4. Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексында Қазақстан 180 елдің арасында 101-орынға ие болды [Электрондық ресурс] <https://forbes.kz/news>
5. Сулейменов А.С., Орсәева Р.А. Сыбайлас жемқорлық түсінігі, себептері, алдын-алу (қылмыстық құқықтық және криминологиялық сипаттама). VII Республиканской научно-практической конференции студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых «ИНТЕГРАЦИЯ «ОБРАЗОВАНИЯ-НАУКИ-БИЗНЕСА»: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ» посв. 30-летию Независимости РК.- Усть-Каменогорск, 2021.-. 477-479 б.
6. Сыбайлас жемқорлық аз елдер... [Электрондық ресурс] <https://informburo.kz/kaz>

ӘОЖ 343.244

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢ БОЙЫНША СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САРАЛАУ

Сулейменов А.С.

Ғылыми жетекші: Төлеген М.Ә., заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, философия докторы (PhD), академик
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: suleimenov.98@list.ru

Аннотация. Мақалада қылмыстық заң негізінде сыбайлас жемқорлық түсінігі талданып, сыбайлас жемқорлыққа талдау жасалған.

Түйін сөздер: қылмыстық заң, сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, жауаптылық.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы [1] сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық пен жаза - Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген .

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 4 бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:

- 1) заңдылық;
- 2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- 3) жариялылық пен ашықтық;
- 4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу;
- 8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Сәл кейін шегініп, сыбайлас жемқорлыққа тереңірек талдау жасасак, 1997 жылы 16 шілдеде қабылданған Қылмыстық кодекс 1998 жылы 1-ші қаңтарда заңды күшіне еніп, қылмыстық заңдағы 13 тараудың мазмұны кеңейтілді. Қылмыстық кодексте алғашқы рет «кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу» деген 310 бап енгізілді.

Қолданыстағы Қылмыстық кодекс 2014 жылдың 03 шілдесінде қабылданып, 2015 жылдың 01 қаңтарында [2] заңды күшіне енгені белгілі. Бұл кодексте «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқарумүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталатын 15 тарау енгізілді.

Қазақстан тарихында алғашқы рет қылмыстық құқық саласының айналымында «сыбайлас жемқорлық» термині және одан туындайтын ұғымдар пайда болды.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңы сыбайлас-жемқорлықты «...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ, соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу» ретінде сипаттаған.

Сыбайлас жемқорлық өздерінің лауазымдық өкілеттіліктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланып, немесе мүліктік пайда табу үшін заңда

қарастырылған мемлекеттік қызметтегі және оларға теңестірілген тұлғалардың өздері немесе делдал арқылы мүлктік игіліктерді немесе артықшылықтарды қабылдау емес, ол лауазымды адамдарды оларға заңды және жеке тұлғалардың аталған игіліктерді және артықшылықтарды құқыққа қайшы жолмен ұсынып, параға жығу болып табылады.

Әділдік пен инабаттылықтың болмауы:

- парақорлық ;

-қоғамдық тұтынуға арналған тауарлар мен қызметтерді заңсыз алу;

-тамыр-таныстық;

-жеке бас пайдасына жету (т.б.) мақсатында заңдар мен ережелерді әзірлеу кезінде ықпал көрсету сияқты жемқорлықтың бірнеше түрлерін бөліп шығарады.

Профессор А.И.Долгова осындай пікірді қолдай отырып, сыбайластықты мемлекеттік немесе басқа да қызметкерлердің жеке басының пайдасы үшін ресми қызметтік өкілеттіктерін және онымен байланысты беделі мен мүмкіндіктерін сатуы немесе сол үшін сатылуы деп көрсеткен [3, 110] .

Біріккен Ұлттар Ұйымының Анықтамалық құжатында «сыбайлас жемқорлық - бұл өзінің жеке бас пайдасы үшін мемлекеттік билікті теріс пайдалану» деп қысқа анықтама берілген.

Қазақстан Республикасында да тәуелсіздік алған мезеттен бастап бұл аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты қатаң мемлекеттік саясат қалыптасты. Еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» арнайы заңын қабылдады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, кейіннен бұл саладағы ұлттық заңнаманы жетілдіру барысында Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияларын және басқада жалпы жұртта халықаралық актілерді ратификациялап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бүкіләлемдік қоғамдастықтың тең мүшесіне айналды.

Профессор А.Н.Ағыбаевтың ойынша, сыбайлас жемқорлық көрінісі құбылмалы, міндетті түрде және тез жаңа түрге өзгеріп тұрады [4].

Жеткілікті қылмыстық құқықтық нормасыз онымен күресу мүмкін емес. Сондықтан да бұл құбылыспен қарсы күресте үнемі қылмыстық заңдылықты жетілдірудің белгілі қажеттілігі туындайды.

Бұл процесс мақсат болып табылмайды, ол нақты теориялық базаға, ішкі және халықаралық тәжірибелердің тарихи дәстүрлері мен ерекшеліктеріне негізделуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік билік органдары қабылдайтын шешімдердің тиімділігіне зиян келтіре отырып, ел экономикасына кері әсер етеді, адамгершілік қағидаттарына зиян келтіреді, азаматтардың мемлекетке деген сенімділігін азайтады және әділ сот төрелігінің қағидаттарын бұзады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттерін саралаған заңның 5-бабы нақты міндеттерді саралаған:

1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай:

1)қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын зерделеген заңның 2-тарауы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесін (6-бап) ашып көрсеткен.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар Қылмыстық кодекстің 361-371 баптарын қамтиды. Оған: лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (ҚР ҚК 361 бап); билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану (ҚР ҚК 362-бап); лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алу (ҚР ҚК 363-бап); кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу (ҚР ҚК 364); заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау (ҚР ҚК 365 бап; пара алу (ҚР ҚК 366 бап); пара беру (ҚР ҚК 367 бап); парақорлыққа делдал болу (ҚР ҚК 368 бап); қызметтік жалғандық жасау (ҚР ҚК 369 бап); қызметтегі әрекетсіздік (ҚР ҚК 370 бап); салғырттық (ҚР ҚК 371 бап) сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтар [5,102] танылады.

Пара алуды қарастырған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 366 бабы 1-ші тармағында мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алу әрекетімен сипатталатынын ашып көрсеткен.

Пара беру формальдық қылмыс құрамы болып табылады. Лауазымды тұлға пара алған кезден бастап, яғни берушінің мүддесі үшін белгілі бір әрекет істелгені не істелмегеніне қарамастан қылмыс аяқталды деп саналады.

Пара берудің ниеті сан алуан болуы мүмкін. Олар кінәлы адамның заңсыз түрде жеке өзіне ғана емес, сонымен қатар туыстарының, жақын туыстарының, пара беруші істейтін ұйым немесе мекеме мүдделерін қамтамасыз етуге ұмтылуы арқылы көрінеді.

Пара берудің ауырлататын түріне - айтарлықтай мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекет (ҚР ҚК 367 бабының 2-тармағы) және:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) ірі мөлшерде;

3) бірнеше рет жасалса (ҚР ҚК 367 бабының 3-тармағы)

сондай-ақ:

- аса ірі мөлшерде жасалса;

- немесе оларды қылмыстық топ жасаса (ҚР ҚК 367 бабының 4-тармағы) кінәлінің мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның елу еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Парақорлыққа делдал болу (ҚР ҚК 368 бап). Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге пара алу мен беру туралы олардың арасындағы келісімге қол жеткізуге немесе іске асыруға жәрдемдесу болып табылады.

Делдалдықтың ерекшелігі парақорлыққа делдал болушы кінәлі адам екі қылмыстың жасалуына ұйтқы болады, ол:

- пара беруге жәрдемдесуі;

- пара алуға жәрдемдесуі [5,110].

Парақорлыққа делдал болу қылмысының құрамы формальды болып саналады яғни пара нақты берілген кезден бастап аяқталған қылмыс болып табылады.

Егер де пара алушы пара алудан бас тартса, онда делдалдың әрекеттері парақорлыққа делдал болушылыққа оқталғандық болып (ҚК-тің 24, 368 -баптар) танылады.

Парақорлыққа делдал болуды парақорлықтың қатысушылығынан, яғни пара беру немесе алуды ұйымдастырушылар, айдап салушылар, көмектесушілерден ажырата білу артықтық етпейді.

Пара алуды немесе пара беруді ұйымдастырған немесе оның жүзеге асырылуына басшылық еткен адам парақорлықтың ұйымдастырушысы деп аталады. Бұл жерде ұйымдастырушы өзі белсенділік көрсетіп, өз әрекетімен параны беруді немесе параны алуды жүзеге асырады.

Ал делдал болса пара алушы мен пара берушінің ортасындағы болған келісімді ғана жүзеге асырады.

Пара беруге немесе оны алуға басқа адамды азғыру немесе басқа да жолмен осындай қылмысты жасауға парақорлықтың қатысушыларын көндірген адам айдап салушы ретінде танылады.

Парақорлыққа делдал ешкімді де азғырмайды, көндірмейді, ол өзара келіскен екі субъектінің тапсырмасын орындайды, пара беруші мен пара алушыны өз еріктерімен кездестіреді.

Егер де пара беріп отырғанын сезбесе, онда қылмыс құрамы болмайды.

Делдалдықты жалған делдалдық жағдайынан ажырату маңызды болып табылады..

Егер адам пара берушіден ақша немесе басқа құнды заттарды лауазымды адамға пара ретінде беру үшін алып, бірақ апарып беру оның ойында болмай өзі пайдаланса, оның жасаған әрекеті алаяқтық ретінде саралануы тиіс. Егер бұл адам құнды нәрселерді иелену мақсатымен пара берушіні пара беруге итермелесе, онда оның әрекеті алаяқтықпен бірге қосымша, пара беруге итермелеген арандатушылық болып, ал мұндай жағдайда пара берушінің әрекеті пара беруге оқталғандық болып

саралануы тиіс. Бұл жағдайда нақты пара берілетін лауазымды адамның аты аталған-аталмағандығының маңызы жоқ.

Егер делдал адам пара берушінің паралық нәрсені ұрлап алатынын алдын-ала білсе және оны пара алушыға апарып беруге келіссе, онда әрекеттері парақорлыққа делдал болу және ұрлыққа қатысқан деп сараланады.

Қылмыстық кодексінің 368 бабының 2-ші тармағы бірнеше рет жасалған не қылмыстық топ немесе адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған дәл сол іс-әрекеттер үшін кінәлінің мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатынын ашып көрсеткен [5,111].

Қазіргі кезде мемлекетімізде сыбайластық болса да, оның деңгейі барлық қылмыстылықтың 1,0 % -дан 10%-ға дейінгі мөлшерін қамтиды екен. Бұл ең алдымен жүргізіліп отырған саясаттың дұрыстығын паш етсе, екінші жағынан әлеуметтік жағдайдың жоғары екенін көрсетсе керек. Үшіншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге қабылданған заң нормаларының тиімділігін айқындап бергендей.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекстің 2-бабына сәйкес, қылмыстық заңның міндеттері: адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін Қылмыстық Кодексте қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қандай қауіпті іс-әрекеттердің қылмыстық құқық бұзушылықтар, яғни қылмыстар немесе қылмыстық теріс қылықтар болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ (қолданыстағы редакциясы).
3. Долгова А.И. Преступность, её организованность и криминальное общество. М.: Российская криминологическая ассоциация. 2003. - 572 с.
4. Ағыбаев А.Н. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарына заңдылық сипаттама [Электрондық ресурс] <http://e-lib.dulaty.kz/elib/document/303583/>
5. Орсаяева Р.А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: оқу құралы. - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚУ КЕ АҚ, «Берел» баспасы: 2020. -145 б.

ПЛАТЕЖЕСПОСОБНОСТЬ КАК ОСНОВНОЙ ПОКАЗАТЕЛЬ ФИНАНСОВОЙ УСТОЙЧИВОСТИ СТРАХОВЩИКА

Токтарбекова Л., Ершов Е.

Научный руководитель: Жапарова А.М., магистр экономических наук

ВКУ имени С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Казахстан

lunara.toktarbekova000@mail.ru Inviz_06@mail.ru Ainagul-zhaparova@mail.ru

В современных экономических условиях, для которых характерна финансовая и экономическая нестабильность, оптимизация деятельности предприятий требует решения комплекса проблем, одной из которых является повышение уровня эффективности и обеспечение их платежеспособности, финансовой устойчивости, как характеристики прибыльности предприятия, его финансовой независимости, умения оптимально использовать оборотные и основные средства, позволяющие осуществлять свою финансово- хозяйственную деятельность без сбоев и по установленным планам.

Точное определение уровня финансовой устойчивости предприятий является чрезвычайно важным, особенно в современных экономических условиях, поскольку именно уровень финансовой устойчивости – один из основных критериев при предварительной оценке целесообразности вложения средств в предприятие. В этой связи от правильности и точности определения уровня финансовой устойчивости будет зависеть его дальнейшее функционирование на рынке в целом. Оценка финансовой устойчивости организации, будучи произведенной своевременно, способна снизить или вовсе предотвратить фактические риски банкротства организации в любой сфере.

Современное казахстанское общество невозможно представить без широко развитой системы страхования, так как институт страхования является одной из наиболее важных форм солидарной защиты общества от неблагоприятных событий, которые могут произойти в жизни и деятельности его граждан. С этой точки зрения общество крайне заинтересовано в финансовой надежности страховых компаний, невыполнение обязательств которыми может привести к тяжелейшим экономическим и социальным последствиям для всего общества.

Оценка финансовой устойчивости является процессом исследования финансового положения и основных результатов финансово-хозяйственной деятельности организации для того, чтобы выявить резервы повышения его рыночной стоимости и обеспечить дальнейшее эффективное развитие. По результатам оценки финансовой устойчивости производится принятие управленческих решений, выработка стратегии дальнейшего развития организации.

Финансовая устойчивость – это состояние, в котором финансовая система предприятия, то есть ключевые финансовые рынки и финансовая институциональная система, устойчива к экономическим шокам и способна беспрепятственно выполнять свои основные функции: посредничество финансовых средств, управление рисками и организацию платежей.

Понятие «финансовая устойчивость предприятия» имеет широкое распространение в практике, но единого однозначного понятия на сегодняшний день нет.

Особое значение в деятельности предприятия занимает управление финансовой устойчивостью.

Одной из главных задач управления финансовой устойчивостью компании является изучение показателей, которые отражают его платежеспособность, ликвидность и финансовую устойчивость.



Рисунок 1 - Признаки финансовой устойчивости предприятия

Финансовая устойчивость характеризуется способностью предприятия финансировать свою деятельность как за счет собственных, так и за счет заемных средств.

Платежеспособность – это наличие у предприятия денежных ресурсов и их эквивалентов, которые достаточны для расчетов по кредиторской задолженности, требующей немедленного погашения. Следовательно, основными признаками платежеспособности предприятия служат:

- 1) отсутствие просроченной кредиторской задолженности;
- 2) наличие в достаточном объеме денежных ресурсов на расчетном счете.

Если платежеспособность выступает в качестве внешнего проявления финансового состояния организации, то финансовая устойчивость является внутренней стороной, отражающей сбалансированность товарных и денежных потоков, расходов и доходов, средств и источников их формирования.

Уровень платежеспособности страховщика рассчитывается путем сопоставления его активов с существующими на данный момент обязательствами, таким образом определяется величина фактических свободных активов. Это ресурсы являются свободными от каких-нибудь обязательств. По своему финансовому наполнению они отвечают уровню собственного капитала страховой организации. Рассчитанная величина сравнивается с нормативным уровнем. Если выявляется недостаточность собственного капитала, страховая компания с точки зрения платежеспособности находится в критическом положении. Процесс

контроля и регулирования можно представить таким образом:

- уровень платежеспособности рассчитывается отдельно для страховых компаний, занимающихся страхованием жизни, и для страховых компаний, занимающихся рисковыми видами страхования;

- нормативный показатель платежеспособности определяется при помощи дифференцированных индексов на базе годовой отчетности; минимальные размеры собственного капитала устанавливаются для страховых компаний в соответствии с отраслями страхования;

- при отклонении фактической платежеспособности от требуемого уровня органы надзора применяют административные меры.

Страховая компания считается платежеспособной в том случае, когда фактическая величина ее собственных средств соответствует нормативной. Нормативный размер собственных средств оценивается следующими тремя показателями:

- маржа платежеспособности;

- гарантийный фонд;

- минимальный гарантийный фонд.

Маржа платежеспособности определяется на основе индекса премий и индекса выплат. Минимальный гарантийный фонд зависит от вида страховой деятельности, которым занимается данная компания. Обычно устанавливается в абсолютных величинах.

Финансовая устойчивость осуществляется способностью предприятия функционировать и развиваться, сохранять равновесие своих активов и пассивов в изменяющейся и инвестиционную привлекательность предприятия в границах допустимого риска.

Стабильная финансовая система способна эффективно распределять ресурсы, оценивать и управлять финансовыми рисками, поддерживать уровень занятости на уровне, близком к естественному уровню экономики, и устранять относительные колебания цен на реальные или финансовые активы, которые будут влиять на стабильность денежной массы или уровень занятости. Финансовая система находится в диапазоне стабильности, когда она рассеивает финансовые дисбалансы, которые возникают эндогенно или в результате значительных неблагоприятных и непредвиденных событий. Что касается стабильности, система будет поглощать шоки, прежде всего, посредством механизмов само-коррекции, предотвращая негативное воздействие неблагоприятных событий на реальную экономику или другие финансовые системы. Финансовая стабильность имеет первостепенное значение для экономического роста, так как большинство операций в реальной экономике совершаются через финансовую систему.

В практике используется множество методик анализа финансовой устойчивости экономических субъектов в области страхования. В силу доступности информации на основе баланса и отчета о финансовых результатах можно вычислить различные финансовые коэффициенты и затем сопоставить их со среднестатистическими либо с показателями конкурентов.

Современный сектор страховых услуг, выступая рыночным стабилизатором воспроизводственного процесса, обеспечивая его непрерывность и

соответствующее реагирование на условия неопределенности и риска, способствуя снижению нагрузки на государственные финансы, являясь механизмом социальной защиты населения и крупнейшим источником инвестиций, полноправно относится к стратегическим элементам экономики и финансов развитых стран.

Под финансовой устойчивостью страховых операций понимается постоянное сбалансирование или превышение доходов над расходами страховщика в целом по страховому фонду.

Финансовая устойчивость страховой организации – это способность страховщика выполнять свои обязательства перед другими субъектами хозяйствования при любой неблагоприятной ситуации как в настоящем, так и в будущем. Финансовая устойчивость определяется потенциальными (структурными) и динамическими (доход – расход) показателями деятельности страховой организации. С одной стороны, – это величина собственных средств и обязательств, с другой стороны – показатели, влияющие на финансовый результат, т.е. размещение активов (инвестиции), ограничение единичного риска (перестрахование), тарифная политика и другие.

В настоящее время страхование принадлежит к числу наиболее динамично развивающихся финансовых институтов экономики. Деятельность страховых компаний существенно отличается от других видов предпринимательской деятельности.

В условиях возрастающей конкуренции на рынке страховых услуг, возникает объективная необходимость адекватной оценки деятельности страховых компаний, анализа их финансовой устойчивости и степени надежности.

Страховые компании являются одновременно и субъектом, и объектом управления риском, таким образом, они находятся под воздействием двух видов рисков: рисков, возникающих непосредственно из деятельности страховой организации как объекта хозяйственной деятельности, и рисков, принимаемых от страхователей. Поэтому без эффективной системы управления рисками практически невозможно обеспечить надежность и финансовую устойчивость страховой компании.

В ходе написания статьи были изучены работы как отечественных, так и зарубежных ученых, посвященные анализу деятельности страховых компаний, их финансовой устойчивости и методам управления риском. В статье рассмотрены риски и их влияние на страховые компании, факторы, обеспечивающие финансовую устойчивость страховщика.

Надо отметить, что страховая компания наиболее подвержена рыночным рискам. При этом риски, принимаемые по договорам страхования, также являются приоритетной рисковой группой для страховщика. Страховая компания подвержена операционному риску, воздействие которого в последнее время увеличивается.

Вопросам финансовой устойчивости страховщиков, необходимо уделить особое внимание поскольку риск-менеджмент компании и ее финансовое состояние имеют тесную взаимосвязь. Стоит отметить, что одна из главных целей управления рисками страховой организации – повышение уровня ее финансовой устойчивости, которая, в свою очередь, является основным условием эффективности деятельности

страховой организации. Различные авторы приводят разные определения финансовой устойчивости, а также определяют сущность финансовой устойчивости организации с разных сторон.

На основе изучения теоретических основ комплексной оценки финансовой устойчивости, опыта оценки финансовой устойчивости казахстанских и зарубежных страховых компаний, конкретной практики оценки финансовой устойчивости были сформулированы рекомендации по повышению финансовой устойчивости страховой компании:

- 1) страховщику необходимо повысить текущую ликвидность;
- 2) увеличить размер собственного капитала;
- 3) увеличить перестраховочную защиту.

Реализация предложенных рекомендаций будет способствовать повышению финансовой устойчивости страховой компании в современных условиях, ее платежеспособности и стабильной деятельности.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Закон Республики Казахстан о «Страховой деятельности» № 126 - II – 18.12.2000 г. с изменениями и дополнениями от 12.07.22 г. № 138-VII ЗРК
2. Закон Республики Казахстан «Об обязательном социальном медицинском страховании» от 16.11. 2015 года № 405- V ЗРК с изменениями и дополнениями 06.05.2020 г.
3. Жапарова А.М. Страхование: учебное пособие/ А.М. Жапарова, А.А.Апышева, К.Т.Конбаева- Усть- Каменогорск: издательство «Берел» ВКУ имени С.Аманжолова, 2021.- 134 с.
4. Сембеков А.К. Страхование: Учебник – Караганда, 2015. – 394 с.
5. Страхование: принципы и практика: пер.с англ./ Д.Бланд- М.: Финансы и статистика, 2018.- 416 с.
6. Шайханова Н.К. Финансы: учебное пособие/ Н.К. Шайханова.- Усть-Каменогорск: «Берель», 2020.- 158 с.- 9,9
7. Факторы и условия конкурентоспособности страхового рынка в условиях интеграции ЕАЭС// Сембеков А.К., Серикова Г.С. и др. Караганда, 2015.- 16

6-СЕКЦИЯ
ФИЛОЛОГИЯ, ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ МУЗЫКА
САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР

ИННОВАЦИИ В ОБЛАСТИ ФИЛОЛОГИИ,
ЖУРНАЛИСТИКИ И МУЗЫКИ

ӘОЖ 37

ОҚУЛЫҚ – ОҚЫТУДЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ

Айдарбекова Б.А.

Ғылыми жетекші: Сейпутанова А.Қ., С. Аманжолов атындағы ШҚУ-дың
қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан.

e-mail: aidarbiekova@inbox.ru

Білім берудің негізі – сапалы оқулықта. Оқулық – оқытудың маңызды құралы болып табылады. Бұл оқушылардың интеллектуалдық, коммуникативті және әлеуметтік дағдыларын арттыруға көмектеседі. Оқулық - оқу бағдарламасына сай оқу пәнінің мазмұнын жүйелі түрде баяндайтын кітап. Оның мазмұны, құрылысы міндетті түрде сол пәннің бағдарламасына сәйкес келуі керек. Оқулық ғылым негіздерін баяндаумен қатар оқу материалын түсінуге керекті өздік жұмыстарды ұйымдастырып, оқуға үйретеді. Оқу үдерісі мазмұнындағы және оны ұйымдастырудағы маңызды элемент мектеп оқулықтары болып саналады. Оқулыққа қойылатын негізгі талаптарға келсек:

- қысқа, нақты, деректі материалдарды енгізілуі;
- ақиқат ғылымның мазмұнын баяндауы;
- білім алушыларға түсініктілігі;
- білім алушының қызығушылықтарын, қабылдауын, ақыл-ойының, есінің ерекшеліктерін ескеріп, танымға, тәжірибеге деген қызығушылықты оятып, білімге және тәжірибелік іс-әрекетке деген сұранысты дамытуы;
- оқулықтың өз ғылымның, оқу бағдарламасының логикасына сәйкес келуі; білімнің әр саласынан хабар беруі;
- оқу материалына қосымша әдебиеттер енгізіп, өздігінен білім алуға және шығармашылыққа итермелеуі;
- оқулық мәтініндегі негізгі ережелер, қорытындылардың анықтығы және нақтылығы болу керек;
- қызықтылығы, мәселелі түрде баяндалуы;
- әдеби тіл нормаларына сәйкестігі;
- эстетикалық талаптарға сай безендірілуі қатаң ескеріледі.

Мектеп оқулығының атқаратын қызметін, оның маңызын зерттеуші Зуев Дмитрий Павлович анықтау барысында «Оқулық ақпараттық қызмет атқарғанда балаларды керекті мәліметтермен қаруландырып, баланың дүниетанымын

қалыптастырып, рухани дамуына, дүниені іс жүзінде тануына мүмкіншілік жасайды», - деп көрсетеді [1].

Оқулықтың мазмұны, құрылымы, оқу материалдарының берілу әдісі, тапсырмалар түрлері және тағы да басқа әдістемелік элементтері оқыту үдерісінде негізге алынған тұжырымдамаларға, педагогикалық көзқарастарға, нақты оқыту әдістемесіне негізделеді.

Оқулықтың сапасы оқыту мақсатына жетудегі және қойылған оқыту міндеттерін шешудегі тиімділіктерімен анықталады. Қазіргі қолданыстағы оқулықтар білім беру стандартына, оқу бағдарламаларына сәйкес. Оның мазмұны және құрылымы, оқу материалдарының ғылымилығы, әдістемелік аппараты элементтері де бүгінге дейін қойылып келген талаптарға жауап береді. Бұл оқулықтарда кемшіліктер жоқ деген сөз емес. Отандық оқулықтардағы кемшіліктердің бірі – иллюстрациялардың сапасы, безендірілуі. Соған орай соңғы кезде орта мектептердегі әсіресе қазақ әдебиеті оқулықтардың сапасы жөнінде жағымсыз қоғамдық пікір қалыптасып отыр. Бұл ахуал еліміз егемен алғаннан бері отыз жылдан асса да төл оқулық өндірісінің белгілі бір деңгейге көтеріле алмағандығының көрінісі. Осы күнге арнайы білім беру жүйесіне арналған оқулықтар мен оқу - әдістемелік құралдар толық зерттелмеген. Біздің ойымызша, оқулық сапасын көтеру үшін жазылған оқулықтарды сараптау мен талдау жеткіліксіз шара. Мемлекеттік тілдегі сапалы оқулық шығару үшін оған деген нақты талап пен критерийлер, авторлардың алдына мақсат пен міндет барынша айқын да нақты қойылуы керек және соған сәйкес мерзім мен жағдай жасалғанда ғана белгілі бір нәтижеге жетеміз. Елдегі арнайы білім беру саласында жалпы алғанда, қазақ тілді оқулықтармен қамту жүйелі түрде қолға алынбай келеді. Қазіргі кезде оқулық сапасын зерттеу бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналып отыр.

Бүгінде сын пікірлердің толастамауының басты себебі оқулық жазудың қиындығынан болар. Себебі оқулық жазу бір күннің немесе екі-үш айдың жұмысы емес. Оқулық жазуды басынан өткерген академик А. Колмогоров оның қиындығын жаңа бір реактивті ұшақ жасап шығарумен теңеген екен. Ендеше, оқулық жазу – ол үнемі үздіксіз жетілдіруді, дамытуды қажет ететін процесс. Алғашқы төл оқулықтарымызды оқу процесіне енгізу барысында көптеген кемшіліктер кездесіп, оларға аса мән берген жоқ, оқулықта кездесетін материалдардың тақырыпқа сай келмеуі, көрнекі құралдардың дұрыс бейнеленбеуі, ақпараттармен жұмыс істеуге арналған материалдардың жеткіліксіздігі оқулық сапасын төмендетті. Оқулық, бір жағынан, білім мазмұнының материалданған таратушысы, ал, екінші жағынан, оқушылардың осы мазмұнды меңгеру процесінің ұйымдастырушысы болғандықтан, оқулық ОӘК-нің өзегі және оқыту құралы ретінде басым мақсаттарды, оқу бағдарламасының мазмұны мен негізгі дидактикалық-әдістемелік міндеттерді жүзеге асыруда шешуші мәнге ие болады.

Жоғарыда айтқанымыздай оқулық дегеніміз – бағдарлама мен дидактиканың талаптарына сай ғылыми-теориялық жағынан ұстамды құрылған, оқу пәнінің мазмұнын бірізді баяндайтын кітап. Оқулық:

- оқыту кезінде іс-әрекет жүйесінің және оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру құралдары жүйесінің және нормативтік ауқымның құрамды бөліктері ретінде;

- оқытудың түпкі нысанасы болып табылатын курстың құрамды бөлігі (оқу материалдарында, оқыту ережелерінде көрініс тапқан және оқу бағдарламалары мен жалпы әдістемелік нұсқауларда ескерілген) ретінде қарастырылады.

ОӘК-нің (оқу әдістемелік кешен) жетекші бөлігі ретінде оқулық үйлестіруші және жүйелеуші қызметтерді атқарады. Үйлестірушілік қызметі оқулық айналысына басқа оқу құралдары топталатын, оқыту құралдары жүйесінде ОӘК-нің өзегі болып табылады. Оқулықтың бұл қызметі мұғалімнің саралап оқытуды жүзеге асыруына, оқушылардың ақпараттар ағымында бағдарлана алу біліктілігін қалыптастыруға, алынған білімді тереңдетуге және бұл білімді практикалық іс-әрекетте қолдана білу біліктілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқулықты ғылыми тұрғыдан зерттеген ғалымдар С.Г.Шаповаленко, В.П.Беспалько, Л.В.Занков, М.И.Скаткин, И.Я.Лернер, В.В. Краевский, Н.Ф.Талызина және К.Д.Ушинский еңбектерінде көрініс тапқан [1].

Оқулық - адам баласы ақыл - ойыннан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан - ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім мен тәрбие беретін құрал. Ол - адамзат жасаған ең ұлы кереметтердің бірі. Оқулықтың өзіне тән қызметтері бар:

- оқулықтың жүйелеушілік қызметі оқу курсының мазмұнын құрайтын ақпараттың қатаң тәртіппен баяндалуын қамтамасыз етеді. Оқулық оқушыны ғылыми жүйелеу әдістері мен тәсілдеріне үйретуі тиіс, оқушыларды тиянақты біліммен қаруландыра отырып, оларға әлемнің біртұтастығы туралы түсінік беруі керек.

- ақпараттық – білім берудің пәндік мазмұны мен пәнді зерделеу кезінде оқушыларды қалыптасуы тиіс іс-әрекет түрлерін ақпараттың қажетті мөлшерін анықтай отырып берілуімен сипатталады. Кітаптың бұл қызметі оқушылардың дамуы мен тәрбиелілігінде оңтайлы өзгерістер болуы тиіс оқыту процесінің нәтижелі болуын ескереді;

- жинақтау – дидактикалық ұстанымдар мен ережелер негізінде, түсініктілік ұстанымын ескере отырып, оқулықта берілетін ғылыми-теориялық, дүниетанымдық, көркем құндылықты, техника-технологиялық және т.б. білімдердің оқу материалы ретінде (есептер жүйесі, жаттығулар т.б.) түрленуіне байланысты және мұнда оқушылардың нақты танымдық іс- әрекетінің танымдық – түрлендіруші іс-әрекетке айналуындағы тиімділік қамтамасыз етіледі. Оқушылардың дайын білімді қайталап айтып беруімен қатар, эвристикалық (жартылай ізденімпаздық), шығармашылық (зерттеушілік, құрастырушылық) сияқты іс-әрекеттері пайда болады, яғни оқушылардың белсенділіктері дамиды;

- алған білімін бекітіп өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру қызметі – мұғалімнің басшылығымен оқушылардың іс-әрекет түрлерін қалыптастыруды, олардың міндеті оқу материалын берік меңгеруіне қол

жеткізуді, практикалық қызметте сол материалды бағдар тұтып, оған сүйене алатындай болуларын көздейді;

- кіріктіру – оқушылардың әр түрлі іс-әрекеттер барысында, әр түрлі білім көздерінен жинақталған білімдердің тұтастай қарастыра отырып сұрыптауға және меңгеруге әсер етеді;

- дамытып - тәрбиелеу – жан-жақты дамыған жеке тұлғаның негізгі қасиеттерін белсенді түрде қалыптастырады.

Оқулықтың басты мақсаты - өзіне тән педагогикалық тәсілдер арқылы жеткіншек ұрпақты адам баласының өзінің ұзақ тарихында жинақтаған білім, тәжірибесімен қаруландыра отырып, сол қоғамның мұрат - мақсаттарына сәйкес тәрбиелеу, жеке тұлға етіп қалыптастыру. Оқулықтардың өзіндік ерекшеліктері төмендегідей сипатталады:

1. Оқу материалының ғылыми таным заңдылықтарын айқындайтын логикаға сәйкес құрылуы.

2. Оқыту мазмұнында зерделенетін пән ғылыми логикасының және оның ерекшелігінің көрініс табуы.

3. Философиялық білімнің көрініс табуы мақсатымен ұғымдық аппараттың реттелуі.

4. Ғылыми категорияларының, оның ең маңызды теориялық қағидаларының жеткілікті дәрежеде және сенімді сипатталуы.

5. Пән мазмұнының үлгісін құруда жүйелілік тәсілдің қолданылуы.

6. Шектес пәндердің теориялық түсініктерінің келтірілуі.

7. Білім мазмұнының әр түрлі деңгейлерінің қамтамасыз етілуі (фактілер, ұғымдар, заңдар, жеке теориялар, әлемнің ғылыми бейнесі туралы біртұтас түсініктің берілуі, ғылыми білімнің типологиялық түзілуінің қарастырылуы, білім түрлерін сипаттаудың құрылымдық – логикалық сипатының болуы, білім жүйесіне әдіснамалық білімдер, құрылымдық – функционалдық байланыстар сияқты түсіну мен меңгерудің арнайы құралдарының енгізілуі) [2].

Қортындылай келе, арнайы білім беру жүйесіндегі оқулық сипаты төмендегіше анықталды:

- жеке тұлғаның жас кезеңдерінің ескерілуі;
- жаңа материалды меңгеруге даярлық барысында оқушылардың танымдық белсенділігін айқындайтын, өзбетінше орындалатын жаттығулардың бар болуы;
- жаңа ереже, ұғым, заңдармен танысу барысында оқушының қызығушылығын, белсенділігін арттыратын, тапсырмалардың болуы;
- оқушылардың алған білім, білік және дағдыларын жаңа материалды меңгеруге байланысты үнемі қайталап отыруын талап ететін тапсырмалардың бар болуы және ол оқушыларды өзбетінше ізденуіне бағыт бағдар беру;
- оқушылардың өз ойын жазбаша жаза алудың күрделі біліктігін қалыптастыратын, өзіндік қызметтің, шығармашылық сипаттағы тапсырмалардың болуы;
- күтілетін нәтижелердің жетістіктеріне бағыттылығы;

Яғни, оқулық оқушылардың бойында қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру болып табылады.

Оқушыларға эстетикалық тәрбие беріп, олардың жалпы білімін өсіруде әдебиет оқулықтарының орны ерекше. Әдебиет оқулықтары жас жеткіншектерді өз халқының бай әдеби мұраларымен, атақты жазушылардың таңдаулы шығармаларымен таныстырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Құрманалина Ш. Х., Мұқанова Б.Ж., Ғалымова Ә.У., Ильясова Р.К. Педагогика . - Астана : Фолиант, 2007. - 652 бет.

2. Қараев. Ж.А., Нуракметов. Н.Н. Оқулықтар, оқу-әдістемелік кешеннің құрамы мен оқу бағдарламаларын әзірлеуге және сараптауға қойылатын дидактикалық талаптар. – Алматы, 2003. – 126 бет.

ӘОЖ 37

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ ЖӘНЕ СӨЗ ДҰРЫСТЫҒЫ

Альпатына С.Б.

ШҚО Катонқарағай ауданы «Өрел орта мектебі» КММ, Қазақстан

Ғалымдарының алып тұлғаларының бірі Кайкаустың /Кайкавус/ 1082-1083 жылдары жазылған аса бағалы «Кабуснама» еңбегінің: «Шешендік өнерін үйреніп, жоғары мәртебелі болу туралы» жетінші тарауында: «...Егер сөз өнеріне жетік болсаң да, сөз құрылысын бұзбай, қаз-қалпында, дұрысын айтқанда, бірқалыпты ырғақпен сөйле. Қызметкер адамдармен қызметкерлерше, қарапайым адамдармен қарапайым сөзбен сөйлегін. Аузыңнан шыққан сөзің тыңдаушыға, тыңдаушының жүрегіне қонымды, жеңіл болсын» делінген. [1, 22]

Қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті қайраткері, ұлт зиялысы А.Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» (1926) еңбегінде сөз өнері, тіл қисыны, сөз өнерінің ғылымы туралы теңдессіз теориялық қағидалар жазды. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады деген еді.

Қазақ халқы үшін тілден артық ештеңе болған жоқ. Ол-тарих, ол-мәдениет, ол-әдебиет. Тауып айтылған бір ауыз сөзге бір қауым елдің тоқтайтындығы, дауласқан екі жақтың әділқазы-биге жүгінетіндігі де халықтың тіл өнеріне деген ыстық махаббатының белгісі. Өзінің жазуы, мәдениеті, елдігі бар халық үшін тілден асқан байлық жоқ. Тіл-оның тіршілігінің тірегі. Тіл-оның басқа халықтармен терезесі тең екендігінің негізгі белгісі. Сондықтан тіл жай ғана байлық емес...халықтық бақыт.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынов сөз мәдениетін: сөз дұрыстығы (сөз тұлғасын өзгертудегі түрлі жұрнақ, өз орнында қолдану, сөйлем ішіндегі сөздерді дұрыс байланыстыру); сөз бедері (сөзді анық, таза, дәл айту, талғап қолдану) деп бөле отырып, сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылу үстінде толғау сөздің көрнекі болуы қажет, яғни сөз көркемдігі әуезінің әдемілігімен, кестесінің келісті болуымен анықталады деп атап көрсетеді.

Тіл мәдениетінің ғылыми негізін тереңнен қозғап, тың пікірлер айтып, тілдегі бұрыс қолданыстарға үнемі ғылыми талдаулар жасап, тіліміздің қалыпты жүйесінің бұзылмауын, ойымыздың анық, айқын, көркем берілуін қадағалап, тіл мәдениетінің өзекті мәселелеріне ғылыми зерттеулер жүргізіп келе жатқан ғалым Р.Сыздықтың, тіл мәдениеті мәселесін арнайы зерттеп, оның ғылыми мәні мен мазмұнын айқындаған, тіл мәдениеті ғылымының ғылыми негізін салушылардың бірі М.Балақаевтың ғылыми ой тұжырымдарына сүйенеміз. Тіл мәдениеті–кең ұғым. Ол көбіне-көп қарым-қатынас құралы болып табылатын, тілді жетілдіре беру, ұштай

түсумен қатар сөз шеберлігі, сөйлеудегі әдептілік тәрізділерді де қамтиды. Тіл жеке сөздерден тұрады, яғни сөз тілдің бір элементі. Сөз мәдениеті дегеніміз қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз, оның әр қилы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл, тиімді қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па дегенге саяды. Сөз мәдениеті алдымен, әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді. Тіл мәдениеті дегеніміз-тілдік тәсілдерді ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді фонетикалық, орфографиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы. Тіл мәдениеті дегеніміз-сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық) сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру жетілдіру. Тіл мәдениетіне берілген анықтамалардан: тілді дұрыс қолдану, яғни білдірмек ойға сөздерді сай етіп дұрыс, дәл таңдай білу, ой мен сөздің құр дәлдігін табу емес, сонымен қатар сөздерді тыңдаушыға әсер ететіндей орынды, көркем етіп қолдану, оларды бір-бірімен дұрыс байланыстыра, дұрыс орналастыра білу, сөйлемді тым шұбалаңқы да емес, тым келте, қарапайым да емес түсінікті етіп дұрыс құрастыра білу т.б. аңғаруға болады. Бұдан тіл мәдениеті деген ұғым «тілдегі дұрыстық» дегенге саятын тәрізді. Тілдегі дұрыстықтың негізі-тілдің қалыптасқан жүйесі, заңдылығы, құрылымы, нормасы. Тіл мәдениетінің негізгі ұғымдары-тілдегі дұрыстық және тілдік норма. Ал дұрыстық ұғымын айқындайтын сапаларға: сөз дәлдігі, тіл тазалығы, сөз әсерлігі сөз байлығы, сөз талғамы, сөз әдебі жататынын тілді зерттеуші ғалымдар айтып өткен.

Жергілікті ақын-жазушылардың шығармаларын оқыту, таныстыру арқылы оқушыларды көркем әдебиет оқуға баулу, мәнері, әсерлі, дұрыс сөйлесе білуге дағдыландыру бүгінгі күндегі өзекті мәселелердің бірі.

Осыған байланысты оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда сөз өнерінің мәнерлі сөйлеу сипатын жүйелеп арнайы қарастырып, мәнерлі сөйлеуге үйрету бүгінгі күні күрделеніп бара жатқан мәселелердің бірі деуге болады.

Осы мақсатқа жетуде мектепте жобалау іс әрекеттері арқылы ұйымдасқан жұмыстар жүргізілді. Жобалық әрекеттерде келесі нақты мәселелердің басын ашып алу міндеттері көзделді:

- Мәнерлі сөйлеудің негізгі айырым белгілеріне сүйене отырып, мәнерлеп оқу тәсілдерінің қызметін жан-жақты ашып көрсету;

- Сөйлеушінің сөзін фразаларға жіктеу және олардың әрбірінің әуенінің қозғалыс бағытын анықтау.

- Оқылатын мәтін мазмұнына, сөйлеуші мен тыңдаушының психологиялық қалпы анықтайтындығына сипаттама беру;

- Сөйлеудегі сөйлеу техникасы мен сөйлеу мәдениетінің бірлігін анықтау;

- Жергілікті ақындар мен жазушылардың шығармаларымен таныстырудың ұтымды жолдарын қарастыру

- Оқушыны рухани құндылықтарды дәріптеуге баулу.

- Проза мен поэзияның оқылуына тоқталу.

Мектепте оқушылардың сөйлеу мәдениетінің дұрыс қалыптасуына әсер ететін негізгі тәсілдерді анықтап алдық.

Оқушылармен жүргізілген қысқа, орта мерзімді жобалау әрекеттері жұмыстың жүйелі жүруіне әсер етті. Оқушылармен жүргізілген жобалық әрекеттер оқушылардың қызығушылығы мен ынтасын арттырды. Оқушылармен бірлескен қысқа мерзімді жобаларда қалыпты сөйлеу дағдылары сияқты бір-бірінмен хабар алмасады, бұйрық береді, ұсыныс жасайды, пікірлерін ортаға салып талқылайды, қабылдайды, уәде береді, мысқылдайды, мақұлдайды, болып жатқан жағдайға өз бағаларын береді. Өйткені оқушы көркем әдебиет тілі арқылы тікелей адам өмірімен байланысты құбылыстарды жеткізеді.

1) Кейіпкерлердің ішкі толғанысын жеткізу үшін, ойдың мағыналық өзегін баса ашып көрсету үшін сыртқы тұрпаты жағынан да, ішкі мазмұны жағынан да тұтасып барып біртұтас мағынаға ие болған тіркестерді айтуды үйренеді

2) Ойдың мағыналық өзегін жеткізу үшін мәтінді түсініп оқуға дағдыланады

3) Оқитын үзіндіні таңдай алады

4) Интонация компоненттерін оқушы кейіпкердің психологиялық ішкі жан-дүниесін, толғанысын жеткізуде тиімді тәсіл ретінде пайдалана алады.

5) Кейіпкердің эмоциялық жағдайына, қызулану, әсерленуіне байланысты сөйлемдегі негізгі тон жиілігін ажырата алады.

6) Мәнерлеп оқып әуенінде тілдік және тілдік емес әрекеттерге талдау жасай алады.

Жобалық әрекетте жасалған практикалық жұмыстар оқушының тіл тазалығы мен дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастырып отыр деуге болады.

ХІІІ ғ. дінтанушы, дәрігер, тарихшы, астроном, философ ретінде таяу шығыста танылған сириялық Абу-әл Фарадждың «Айтулы оқиғалар кітабы» еңбегінің «Адамның сыртқы белгілері мен мінезі дана ойшылдардың көзімен» тарауында: «Дауысын көтермей, ақырын, баяу сөйлеген адамның мұңға батып тұрғанын аңғаруымызға болады. Кейде адамның бұлай сөйлеуі оның еңбекқорлығын танытады.» дей келе «дауыс туралы» пікірін: «ал кімде-кім әлсіз дауыспен сөйлесе-қозықа сияқты қорқақ, қатты және бейберекет сөйлеген адам-ешкі сияқты топас»-деп білдірген. [2, 22]

Оқушыларды дұрыс сөйлеу мәдениетіне дайындау даярлықсыз сөйлеу әрекеттерінен туындамайды, оның көтерер жүгі де қызметі де үлкен, оған бірқалыпты жұмыстар жүргізіліп отыру керек. Оқушыны сөйлеу мәдениетіне дайындау кезінде сөйлеудің қабылдануы да, вербалсыз әрекеттер де, сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы қарым қатынас та мақсатқа жетуге ықпал етеді.

Жеке сөзді дара тұрған қалпында емес, оның сөйлем ішіндегі, сөз тіркесіндегі, контекстегі мағыналарын, грамматикалық сыр-сипатын дұрыс тану арқылы олардың эмоциялық, экспрессивтік т.б. қызметін, мәнін тани білу тіл дамытудың, сөйлеушінің тіл мәдениетін көтерудің, ой-өрісін кеңейтудің негізгі шарттарының бірі екенін түсіндіруде жобалық жұмыстардың рөлі үлкен. Мектептегі әртүрлі үйірмелер, жобалау іс-әрекеттері, оқырман конференциясы, сыныптан тыс шаралар, сынып сағаттары т.б тіл тазалығы мен сөз дұрыстығы бағытында бірлесіп жұмыс жасау керек, сонда ғана болашақ ұрпақтан тіл тазалығы мен сөз дұрыстығына жүргізілген жұмыстың нәтижесін көреміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабуснама /өзбек тілінен ауларған және алғы сөзін жазған Т.Айнабеков/. Алматы, -2005.-160 б.
2. Абуль-Фарадж Книга занимательных историй /перевод с сирийского А.Белова., Л.Вильскера/. Москва, Государственное издательство художественной литературы.-1957.-269 с.
3. Базарбаева З.М. Академик Р.Сыздықтың еңбектеріндегі Абай өлеңдерінің синтаксистік-интонациялық құрылысы жайында.// Әдеби тіл және қазақ тілінің өміршеңдігі. ҰҒА академигі, ф.ғ.д. Р.Сыздықтың 85 жылдығына орай өткізілген ғылыми-теориялық конференцияның материалдары.-Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы», 2009. - 183-187 б.
4. Аристотель Поэтика. Риторика./перевод с греческого В.Аптедьрота., Н.Платонова.-Санкт-Петербург: Азбука 2000 ж.-346 с.
5. Базарбаева З.М. Қазіргі қазақ тілі интонациясының негіздері:оқу құралы.- Алматы,2002.-202 б.
6. Базарбаева З.М. Казахская интонация.-Алматы:Дайк-Прессс,2008.-С.-272.

ӘОЖ 781.22

ӘН АЙТУДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДАУЫСЫН ДАМУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Әмірбек Б.Р., Манатұлы А.

Ғылыми жетекші: Шаяхметова А.А., аға оқытушы, магистр

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты,

Арқалық қ., Қазақстан

e-mail: beibarys.amirbek@mail.ru, amandaulet.manatuly@gmail.com

Ән, әуен қазақ халқының көне замандағы аңызы бойынша аспан әлемінен түсіп, ықылым заманнан осы кезге дейін жетіп отыр. Көкте халықтаған ән көшпенді қазақ даласына жетіп, мұны естіген халық сондықтан, үлкен әуендік қасиетке ие болды деп есептеледі. Сондай-ақ, халық арасында: «Әуен мен әуезге деген қабілет дүниеге келгенде бірге дарыған», - деген болжам бар. Қазақ халқының еңбектеген баласынан, еңкейген қартына дейін ән, әуен десе ішкен асын жерге қойып, елеңдеп қалатыны баршамызға жіті айтпасақта жақсы мәлім. Ән-әуен орындайтын топтардың өзіндік музыкалық аспаптары және де орындау мәнерлері болған. Балалар саз - сырнайда, тастауықта, үскірікте ойнап ғана қоймай. Бұл аспаптарды шебердің өзі немесе балалар жасаған, олар әртүрлі аңдардың, құстардың, балықтың, көп басты аттың, жарқыраған көздердің суреттерін аспаптарға салған.

Баланың бойында құнды музыкалық талғамды тәрбиелеу жұмыстарының табысты болуы мұғалім сендіре білуге, тәжірибеге негізделген өз сенімі арқылы тәрбиелей білуге тиісті. Сонда ғана музыка құралы арқылы тәрбиелеу нәтижесінде бала бойында өз күшіне деген сенім, адамгершілік, білімділік қасиеттер пайда болып, оқуда да, еңбекте де, өзін қоршаған ортада да әрқашан жетістікке жетіп

тұлға болуға тырысады. Сондықтан да білім мен ісінің арасында алшақтық болмауы тиіс. Себебі өнер - өмір оқулығы.

Адамның эмоциялық сезіміне ерекше әсер ететін күш – музыка. Музыка дыбыстың бейнелері арқылы өмір шындығын көрсете отырып, адамның ішкі дүниесін, оның өмірдегі құбылыстар мен жағдайларға көзқарасын тілмен айтып жеткізе алмайтын уақыт қиялы мен нәзік сезімін айқын аша түседі. Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі. Ол өзінің көркемділігін, нәзіктілігімен адам жанын баурап, олардың ақыл-ой, сана сезімінің кеңейіп, жақсы мінез құлықтарының, талғамының қоғамдық көзқарастарының дұрыс қалыптасуына әсерін тигізеді.

Ән туралы А.Жұбанов: -«Ән жас азаматтардың ішкі дүниесін байытып, дәуірдегі қоғамдық өмірдің түрлі құбылыстарын дұрыс түсінуге көмектеседі», - дейді. Мақаланың өзектілігі - жалпы білім беретін мектепте оқушылардың дауыстарын қалыптастыру және дамытудан, музыканың маңыздылығынан туындайды. Қазіргі заман талабына сай әншілікке тәрбие берудегі музыка пәнінің ерекшеліктерін анықтап, маңызын ашып көрсету.

Негізгі бөлім. Музыка сабағының басты мақсаты - қазақ халықының әдет-ғұрыпын, салт-дәстүрін, өнерін қастерлейтін оның өмірімен байланысын түсінетін эстетикалық және музыкалық танымы дамыған рухани бай жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған. Туған елінің әндері мен күйлерін білу туған жерін құрметтеуге тәрбиелейді, ал қазақ халықының ой арманын музыка арқылы түсіну оның музыкамен яғни музыкалық мұрасын дұрыс қабылдауға және әсемдікті сезіне білуге тәрбиелейді. Музыкамен шұғылдану баланың жеке басының жалпы дамуына жәрдемдеседі. Тәрбиенің барлық жақтарының өзара байланыстылығы музыкалық қызметтің алуан түрлері мен формалары процесінде қалыптасады.

Балалардың эмоциялық елгезектілігі мен музыкалық есту қабілетінің жетілуі олардың ізгі сезімдер мен іс-қимылдары (қылықтарға) қолдарынан ұстамастан алға қарай жетелеуге көмектеседі, мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл – қозғалыстарын ұдайы жетілдіре отырып, дене пішімдерін музыкаға деген деңгейін шындап шығарады. Ән айту дауысты жетілдіреді, дауыс желбезегін бекітеді, сөзді дұрыс айта білуге үйретеді, вокальдық –дыбыс координациясын қалыптастыруға көмектеседі. Ән салушылардың өз тұлғасын дұрыс ұстауы тынысты реттеп, тереңдете түседі. Музыкалық шығармалық динамикасы мен екпіні тиісінше қимыл шапшаңдылығын, оның ауырлығын, амплитудасын, бағытын да өзгерте отыруды талап етеді.

Музыкалық шығарманы оқып, орындай отырып, оқушы эстетикалық тұрғыдан «өзінен-өзі» дамиды және ол үшін мұғалім тарапынан арнаулы күш-жігер жұмсаудың қажеті жоқ деген пікір теориялық жағынан да, практикалық жағынан да қате. Тәжірибенің көрсетуіне қарағанда, Жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру үшін эстетикалық тәрбие беру мәселелеріне, мысалы: гармониядан, эстетикалық қабылдаумен және талғаммен байланысты мәселелерге мұғалімдер тарапынан арнаулы көңіл бөлуді қажет етеді. Бастауыш сынып оқушылары қабылдаудың өткірлігімен және тазалығымен өзіндік «сезімдік қызығушылықпен» ерекшеленеді, музыкаға аса қызығады. Олардың музыкалық іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру бір жағынан, кіші жастағы балалардың эстетикалық сезімдерінің

дамуына әсер етеді, ал, екінші жағынан, сәйкес қабілеттердің (есту тітіркендіргештерін нәзік ажырату, музыкалық есту, үнді есту ретінде қоя білу қабілеті және т.б.) дамуына ықпал етеді. Бастауыш сынып оқушыларының интонациялық және эстетикалық қабылдауына қабылдау кезіндегі талдау тереңдігінің, ұйымдасқандықтың және мақсатқа бағытталғандықтың әлсіздігі тән екендігін анықтадық. Бұл әсіресе 1-ші және 2-ші сынып оқушыларына тән құбылыс. Оларға қабылдаудың эмоциялығы тән. Олар ең әуелі тікелей эмоциялық реакция туғызатын қасиеттерді, белгілерді, ерекшеліктерді қабылдайды. Сондықтан, музыка туындысын тікелей күшті эмоция туғызатын белгілі бір акустикалық немесе оптикалық- акустикалық орта ретінде қарастыруға болады. Оқушымен алғаш танысқаннан кейінгі ұстаздың міндеті – оның мүмкіндігін бағалау. Оқушының кемшілігін анықтап, ескерту жасау үшін тереңдетілген, негізделген, жылдам тексеру жүргізіледі. Алғашқы танысуды бірден дауысты тексеруден емес, еркін түрде қарапайым әңгімелесуден бастаған жөн. Бұл жағдайда оқушы ұстаздың қайырымдылық көз қарасын сезініп, бар мүмкіншілігін көрсетуге талпынады. Оқушымен әңгіме құра отырып оның музыкалық қабілетін, жалпы мәдени деңгейін, мінезін біліп алудың маңызы зор.

Оқушы дауысының сұлулығы, күші, диапазоны, бірқалыптылығы, әуезділігі және музыкалық дайындық деңгейі, эмоциялығы, орындау мәдениеті, стильді сезінуі, сырт пішіні, әртістігі сияқты вокалдық қабілеті, ең алдымен бағалану керек. Өнерде жетістікке жету үшін өзіне қажетті ақпараттар кешеніне ие болмағы ләзім. Дегенмен, балғын, өтпелі жастағы оқушыларда 14-жастан бастап сапаның жетіспеуі байқалады. Жақсы вокалдық қабілеті бар, бірақ әуезділігі аз болған кезде оны дамытуға қажет. Егер бүкіл вокалдық қабілеттің кешені жақсы болып, бірақ дауысында кемшілік болса, сабақ барысында ол кемшіліктерді жоюға ұмтылғаны жөн. Музыкалық мәдениет және ел жайлы ойланып толғануды міндетті компонент ретінде кірістіріледі. Сол себептен сынып оқушыларына арналған музыкалық мазмұн жүйесінде барлық музыкалық модульдерді іске асыруға (тыңдау, орындау процессінде) ерекше көңіл бөлінеді. Олардың музыканы қабылдауына көптеген өзара әрекеттесу факторлары ықпал етеді. Музыканы қабылдауға біріншіден, музыка туралы кең түрде меңгерілген білім негізінде шығарманы бағалай білу екінші жағынан, көркем образдарды қамтитын музыкалық шығарманы қабылдау мазмұнына сүйенетін көркем түрі туралы жалпы пайымдау кіреді.

Ән салу дыбыс шығарудың күрделі процесі, онда есту мен дыбысты үйлестіру, яғни ән салу интонациясы мен есту, дене тітіркеністерінің өз ара әрекеттері өте маңызды орын алады. Музыка үнін есіне алғанда бала жәй толқып қана қоймай әрқашан сезім дүниесіне күш түсіріп, сол үнді «іштей» әндетеді. Ән тыңдаушыға жарасымды музыка сөз арқылы әсер ете отырып, айтушының өзіндік сезімін білдіруге мүмкіндік туғызып қана қоймайды және өзгелердің де эмоциялық ұғу, түсіну сезімдерін оятады. Бала дауысы оның нәресте кезінен қалыптасатын табиғи құралы. Ән-баланың өмірлік серігі, бос уақытын толықтырушы, творчестволық – сюжеттік ойындар ұйымдастыруына көмекші. Ән айту арқылы бала организмiне жәйлі тиіп, сөйлеу қабілетін жетілдіруіне, тынысын тереңдетуіне, дауыс аппаратын шынықтыруға үлкен себебі бар. Ән айтуға үйрету процесінде баланың негізгі музыкалық қабілеттілігі эмоциялық әсер алғыштығы, музыкалық

есту қабілеті, ырғақты сезінуі айрықша дамиды. Коллектив болып ән айту ерекше қуаныш туғызады. Хормен ән айту дыбыстарды таза интонацияларының әдемі шығуына, бір-бірін тыңдап орындауына мүмкіндік береді. Ән үйрету әдістемесінде педагогқа алдын-ала даярлық керек. Үйрену процесінің өзі екі кезеңде жүреді, алғашында балалар әнмен танысады, одан кейін ән айтудың негізгі дағдыларымен үйрету жұмыстары басталады [1, 179б.].

Өнердің жеке тәрбиелеудегі маңызын Н.К.Крупская «Балаға музыка арқылы өзінің ойлары мен сезімдерін тереңірек түсуіне, айқынырақ ойлап, тереңірек сезінуіне қажет..», - деп сипаттаған болатын [1,23б.]. Музыкаға үйрету – тәрбиелеуші процесс: оның барысында педагог музыкалық тәжірибе жинақтауға, ең қарапайым мәліметтер білім, дағдылар алуға көмектеседі. Ал, бала осыны белсенді түрде бірте-бірте меңгереді.

Бірінші сынып оқушылары дыбыстардың ұзақтығы мен күшін, динамикалық шапшаңдығын, әлді, әлсіз үлестерді, формаларды, аккомпаниментті, әртүрлі орындалу шеберліктерін айыра білуі үшін де жұмыстар жүргізу керек. Бірінші сыныптың құрамы музыкалық қабілеттіліктеріне байланысты әртүрлі болады, себебі, кейбір оқушылар музыкалық дайындық келсе, ал кейбірі керісінше, сол себептіде мұғалім алдында үлкен сын сағаты алғашқы сабаққа байланысты болады.

Кейбір балалар музыканы тыныш дұрыс тыңдай біледі және таза анық әндете алады. Ал, екіншілері музыканы қалай тыңдау керек екендігін білмейді және әрине дұрыс әндете де білмейді. Оқушылардың музыка мектебінде оқып жетілуі, олардың музыка жанрларын біліп, ажырата алатындығы иллюстрациялық суреттеумен таныс екендігін көрсетеді. Тыңдауға арналған музыкалық шығармалар өте үлкен көлемде емес, шағын көркем образды болу керек. Әншілік диапазон екі, үш дыбысты, кейде бір октава төңірегінде болады. Дегенмен бұл кезеңде оқушылардың дауыс аппараты әлі жетілмеген, құрылмаған. Жұмысшы диапазон ре-ля аралығында болады. Ереже бойынша «до» балаларға әндету қиындау, сол себепті жеңіл әндетуді үйрету мен әртүрлі импровизациялық тапсырмалар беру керек. 1-ші сынып оқушыларына музыкалық тәрбие беру әдістемесінің басты мақсаты, оларды қызықтыру музыкамен айналасуына мүмкіндігін тудыру.

Музыканың өмірімен тығыз байланыстылығын түсіндіру. Адамның ойын, көңіл-күйін, қуанышын, ренішін музыканың көркем құралдары арқылы оны шығарушы композитор орындаушылық қабілеті арқылы түсіндіреді.

Оқушылардың әншілік дағдыларын дамыту, ең алдымен қысқа әуен, жаттығулардан тұрады. Бұл оқушылардың дауыс диапазонын шынықтыру үшін қолданылады. Сабақ нәтижесінде дауысты балалар мен әндететіндерді айыру мұғалімнің міндеті. Жеке сабақтармен қоса, оларды қызықтырып, алдыңғы қатарға отырғызып, әртүрлі дағдыларға үйрету керек. Ал, дайындығы жоғары дамыған оқушыларға күрделірек тапсырмалар беріп, әншілік дағдыларын қалыптастыру, хормен әндету, дыбыс қатарларын интонациялық таза әндетуіне қалыптастыру керек.

Кейбір балалар дыбысты дұрыс қабылдап, музыкалық-аспапта көрсетіп те, ойнап та, яғни, естіп қабылдаған дыбысын таба алады, ал әндетіп беру қиынға соғады. Дұрыс таза әндетудің себебі әртүрлі: көңіл қоймауы, әншілік диапазонының дамымауы, есту мен дыбыс шығару координациясының болмауы т.б. Сыныпта

әртүрлі баланың қолдануы дұрыс. Жоғарыдағы кемшілікті жою, міндетті түрде уақытты талап етеді. Бірте-бірте әншілік қабілетті дамытып, дыбыс тазалығына жетеміз. Әр бала әр дыбысты естіп қана қоймай, оны таза, дәл орындау үшін күш жұмсайды, дыбысты созып қалқыта орындау шеберлігіне үйретіледі.

Бұл істе мектеп жасына дейінгі балалардың дауыс ерекшеліктері ескеріледі. Бала дауысының естілу диапазонын зерттеу репертуардың дұрыс біріктілуіне көмектеседі. Ән айту диапазоны дегеніміз – дауыс жақсы естілетін ең төменгі және ең биік дыбысқа дейінгі интервалмен (аралық) айқындалатын дыбыстар көлемі.

Балалардың жасына байланысты ән айту диапазонының ерекшеліктерін көптеген ғалымдар зерттеген Н.Д. Орлова жұмыс істейтін диапазон деп аталатын «дыбыс шығаратын аймақты» (бірінші октавадағы ми-си дыбыстары шеңберінде) анықтады. Е.И.Алмазов, Н.А.Метлов, Н.А.Ветлугина, А.Д.Войнова, Р.Т. Зинич, А.И. Катинене және басқалар көптеген балалардың бірінші октавадағы ре-си шамасында биігірек дыбыстарды айта алатындығына қарамастан, дәл осы шамада балалар дауысының еркін, табиғи шығатынын дәлелдеген [2, 117б.].

Мектеп жасына дейінгі балаларды ән айтуға үйреткенде алдымен әр баланың дауыс диапозонын анықтап алу керек және балалардың көпшілігі өзінің даусын еркін меңгеруі үшін оны жүйелі түрде жетілдіре түсуге ұмтылу керек. Мұнымен қатар балалардың даусы мен есту қабілетін сақтауға көмектесетін қолайлы «дыбыс ақуалын» туғызу маңызды. Ән салғанда тұлғаны ұстай білу дегеніміз – дұрыс тұру. Ән айтқан кезде балалар иықтарын көтермей, бүкшимей, бойына сай орындықтың арқылығын сәл ғана сүйеніп тұзу отыруы тиіс, қолдарын тізесіне қояды.

Бірақ, бала дауысының әлі жетілмегендігін,оның тез шаршайтындығын ескеру қажет. Балалар ұзақ уақыт бойы дауыстап ән айта алмайды. Бөбектер «күбірлеп өлеңдетеді, оларда сазды әуен шеберлігі» әлі жоқ. Ересек балалар әнді сазына келтіріп айта алады, бірақ кейде тым айқайлаңқырап кетеді әрі қиналып дауыстайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың тынысы шала, қысқа келеді. Сондықтан олар сөздің немесе музыкалық фразаның арасында ішке дем алады, әннің сазын бұзады. Дикция - (сөздерді анық айту) бірте-бірте қалыптасады. Көптеген балалардың сөз айтуында мүкістік кездеседі, одан арылу үшін көп жұмыс істеуге тура келеді. Дикцияның айқын және анық болмауынан ән сылбыр, нашар болып шығады.

Қорытынды. Еліміздің білімді азаматын тәрбиелеуді алдына қойған жалпы білім беретін мектеп бағдарламаларының мақсатын шешу барысында жазылған мақаланың болашақ музыка мамандарына да қосар үлесі бар деген оймен жұмысты тұжырымдаймыз. Музыка жанрларының қай саласын алсақ та, өз ерекшелігімен бала тәрбиелеуде үлкен білім бұлағы мен құралы бола алады. Соның ішінде ән жанры. Ән салу қызметі үлкен жауапкершілікті, еңбектенуді қажет етеді десек, ал ән үйрету процесі үлкен кезеңді, жүйеліліктің арқасында нәтижеге жетеді. Аталған жұмыста балалар дауыстарын жетілдіру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың теориялық және практикалық дәлелденген ғылыми баспалардан шыққан әдіскер музыкант-педагогтардың еңбектеріне сүйене отырып, мектептегі іс-тәжірибе нәтижелері негізінде басты тақырыпты сипаттауға мысалы, мынандай құжаттар мен еңбектерді пайдаландым.

Музыка сабағынан басқа барлық сыныпта музыкалық тәрбие жұмысы мынадай түрде жалғастырылады. Балаларды жан-жақты дамыту мақсатында көптеген музыкалық үйірмелер, мекемелер, концерттерге, мұражай, опера, спектакльдерге бару жұмыстары жүргізіледі. Олар көпшілік түрінде және үйірме түрінде жүреді. “Көпшілік” деген сөз, мағынасынан да белгілі жас ерекшеліктеріне қарамай, даму сатысына да қарамай жалпы жүргізілетін: лекция-концерт, ұжымдық түрде опера, спектакльдерге бару, музыкалық мерекелер өткізу, карнавал, конкурс, смотр фестиваль өткізу. Өткізілетін іс-шаралардың негізгі арқауы ән жанры, балалар әндерінің шырқалуы, жас таланттардың шығуы. Мысалы, «Бозторғай», «Айгөлек» «Алтын микрофон» республикалық жас әншілер байқауы, облыс, қала көлемінде өтілетін жас өспірімдерге арналған байқаулар.

Бұл жағдайда соңынан балалардың аталған туындылармен дыбыс жазбасы арқылы кең көлемде танысуына жол ашатын классикалық туындылар үзінділері мен оқушылардың музыкалық орындаулары арасындағы шектеулі және тығыз өзара байланысы жүзеге асырылатыны айтпаса да түсінікті. Сонымен бірге, бұл жағдайдағы хормен ән айту жұмыстарының тактикасы мен стратегиясы көбіне-көп музыка мұғалімнің кәсіби хормейстерлік талапшылдығы мен мүмкіндіктеріне, нақты бір сыныптың хормен ән айту қабілеттерінің деңгейіне байланысты.

Жалпы білім беру мектебі – білім берумен қатар өнерге, оның ішінде әншілік өнеріне баулиды. Мектептегі музыкалық тәлім тәрбие жұмыстарының арқауы да осы игі мақсат. Осы мақсатты орындауда бұл жұмысты жалпы музыка мамандарына қажетті әдістемелік құрал ретінде қолдануға болады деген ұсынысымыз бар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМ

- 1.Апраксина О.А. Методика музыкального воспитания в школе.- М.,1983. – 9-236.
- 2.Сүлейменова Р., Жұмалиева Г. Музыка пәнін оқыту әдістемесі.- 2008. – 1176.

ӘОЖ 821.512.122.09:37.09

ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бейсекенова А.К.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші: Сейпутанова А.К., қауымдастырылған профессор,
филология ғылымдарының кандидаты
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: ayagoz.kuzarkanovna@mail.ru

Білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау керектілігі айқын. Қазір білім беру үдерісінде

жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына үлкен мән беріліп отыруына орай, адамгершілікке тәрбиелеу мен рухани жағынан қалыптасуы барлық тәрбие үдерісінің өзегі болып отыр. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті - өз елінің азаматы, патриотын тәрбиелеу болса, осыған сәйкес «қазақстандық патриотизм мен ұлттық патриотизм» жастардың тәрбиелік деңгейін бағалаудағы көрсеткіш болып қарастырылады.

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар төмендегі бөлімдерден тұрады: дәстүрлер мен әдет ғұрыптар, жоралғылар мен дағдылар, рәсімдер мен нұсқаулар, ой пікірлер мен пайымдаулар, мақал мәтелдер, нақыл сөздер мен көзқарастар, сөз сөйлеу мен мамандық.

А.Пьеронның ойынша адам - бұл тұлға, ал бала - индивид Тұлға психологияда ең күрделі категория болып саналады. Бүгінгі таңда тұлға түсінігінің қаншалықты анықтамасы болса (200), соншалықты психологтар осы мәселені зерттеумен айналысады.

Леонтьев А.Н. ойынша, тұлға – бұл адамның қоғамдағы өмірінен туындаған ерекше типтің психологиялық құрылымы. Әртүрлі әрекеттердің бағыныштылығы тұлғаның қалыптасуының негізін қалайды, ол өмірлік онтогенезде құрылады. Ол осының бәрі адамның индивидтік қасиеттерін құрайды деп есептеді. Индивидтің қасиеттері жеке тұлғаның қасиеттеріне өте алмайды. Өзгеруіне қарамастан, олар индивидтік қасиеттер болып қала береді, қалыптасатын тұлғаны анықтай алмайды, бірақ оның қалыптасуы үшін жағдай жасайды. Тұлға, индивид сияқты субъекттердің өмірлік қарым-қатынасын жүзеге асыратын интеграциялық процестің өнімі. Петровский А.В. тұлға түсінігіне келесі анықтама береді: «Тұлға ретінде психологияда индивидтің заттық әрекетінде және қарым-қатынасында қол жеткізетін және қоғамдық қарым-қатынастарда өзін ұстаудың деңгейі мен сапасын сипаттайтын жүйелік әлеуметтік қасиет түсіндіріледі».

Жоғарыда айтылған анықтамалардан түсінетініміз, тұлға – бұл ерекше қасиет, ол индивидтің қоғамдағы ерекше «жоғарғы сезімді» қасиеті болып табылады. «Жоғарғы сезімді», яғни іштей бөлшектенген, күрделі қасиет. Индивидтің сезініп қабылдайтын қасиеттерінен айырмашылығы: дене бітімі, мінез-құлық, сөз, ымның жеке ерекшеліктері, жалпы, өз тәртібімен, келбетімен және т.б. бейнеленеді. Тұлға ол әлеуметтік байланыстар жүйесінен ажырамайды. Тұлғаның әртүрлі қасиеттерінің қалыптасуын жетік түсіну үшін, оның қоғамдағы өмірін, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі қозғалысын зерттеу қажет.

Қоғамдық қатынастар – индивидтің әлеуметтік қасиеті ретінде тұлғаның бөлігі, бір жағы, аспектісі. Кез-келген қоғамға индивидтің қосылуы, орындалатын әрекеттердің мазмұны мен сипатын, басқа адамдармен қарым-қатынас тәсілдері мен шеңберін, яғни оның өмір сүру, әлеуметтік тұрмыс ерекшеліктерін анықтайды. Бірақ қайсыбір адамдар қоғамының, сонымен қатар жалпы қоғамның жеке индивидтерінің өмір сүруі, тарихи дамып келе жатқан қоғамдық қатынастар

жүйесімен анықталады. Сонымен бірге, әр түрлі қоғамдық қатынастарға нақты тұлғаларды қосудың тәсілдері әртүрлі. Сәйкесінше әр тұлғаның өмірінде оны жүзеге асыру дәрежесі әр түрлі, сондықтан әртүрлі қызмет пен қарым-қатынастың өзара байланысуы әртүрлі жүреді.

Айта кету керек, «адам» деген ұғым жалпылама ұғым болып табылады, яғни, айқын сөйлейтін, саналы, (абстрактілі – логикалық ойлаумен, логикалық есте сақтаумен) жоғарғы психикалық функциялары бар, құралдарды құру, оны еңбектің процесінде пайдалану қабілеті бар биоәлеуметтік тірі ағза.

Біз тұлға болып қоғамдағы өмірдің ықпалымен қалыптасамыз, оларға тәрбие, оқу, қарым-қатынас, өзара қарым-қатынас жатады. Тұлға – бұл әлеуметтік ұғым, адамдағы табиғи, тарихи қасиеттерді білдіреді. Тұлға туа пайда болмайды, мәдени және әлеуметтік даму нәтижесінде туындайды.

Тұлға түсінігін, нақты мазмұнымен, құндылықтарымен, әрбір қатысушының мағыналы біріккен әрекеттерімен жанамаланған, тұлғааралық тұрақты қатынастар жүйесінде ғана түсінуге болады. Осы тұлға аралық байланыстар топқа, ұжымға кіретін адамдардың нақты дара қасиеттерінде және амалдарында көрінеді. Даралық танымдық процестердің қасиеттерінде, қабілеттіліктерінде, дара қызмет ету стилінде, мінезінде, темпераментінде, әдеттерінде, басым болып келетін қызығушылықтарында көрінеді. Сонымен бірге, ол әр түрлі тәжірибе, білім, икемділік пен сенімдерінде байқалады. Біз өз даралығымызды дәлелдеп, бекітеміз. Демек, даралық – адамның тұлғасының тек бір жағы. Рубинштейн С.Л. зерделенуі адам әрекетінің психикалық мазмұнын талдаудан басталатын барлық психикалық процестер тұлғада өтеді, және олардың әрқайсысы өзінің шынайы өтуі барысында оған тәуелді деп тұжырымдады. Психикалық процестердің даралық ретінде тұлғаға тәуелділігі, ең бастысы, жеке – дифференциалды айырмашылықтарда байқалады.

Көптеген психологтардың пайымдауынша, адам тұлға болып туылмайды, қалыптасады. Дегенмен қазіргі заманның психологиясында, тұлғаның қалыптасуы мен дамуы туралы ортақ біртұтас теория жоқ. Келесі тәсілдемелерді айта кетуге болады. Биогенетикалық тәсілдеме (Холл С., Фрейд З.), тұлғаның дамуының негізі ағза толысуының биологиялық процестері болып табылады. Әлеуметті-генетикалық тәсілдеме (Торндайк Э., Скиннер Б.), тұлға дамуының негізгі сәті ретінде қоғамның құрылымын, әлеуметтену тәсілдерін, қоршаған ортамен қарым-қатынасын қарастырады. Психогенетикалық тәсілдеме (Пиаже Ж., Келли Дж.), биологиялық, әлеуметтік факторларды жоққа шығармайды, дегенмен бірінші орынға жеке психикалық құбылыстардың дамуын қояды. Тұлғаның жалпы психологиялық теориясы келесі ғылыми жұмыстардың әсерінен дамыды: Абульханова-Славская К.А., Ананьев Б.Г., Анциферова Л.И., Выготский Л.С., Ковалев А.Г., Леонтьев А.Н., Ломов Б.Ф., Мерлин В.С., Мясищев В.Н., Петровский А.В., Платонов К.К., Теплов Б.М., Рубинштейн С.Л. Бұл теория тұлға психологиясын қызметтің, тұлғаның санасы мен ішкі себептер арқылы істейтін оның басты сыртқы жағдайларының бірлігі ретінде түсінуге негізделеді. Іскерлік тәсілдеме «екі фактор теориясын» жоққа шығарады, оған сәйкес тұлға бұл адамның өзінің биологиялық ерекшеліктері және әлеуметтің, ортаның әсер етуінің орташа нәтижесі.

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар нақты қоғам немесе әлемдік қоғамдастық үшін заттың, құбылыстың, идеяның маңызының құнды болуын көрсетеді. Қазіргі өркениеттер тұрғысынан қарастырғанда қазіргі заманғы қоғамдық саяси үдерістерді реттеуде құндылықтық көрсеткіштер маңызды рөл атқарады. Құндылықтар қоғамдық маңызды материалдық, әлеуметтік нысандар. Құндылықтар жалпыадамзаттық және ұлттық болып екіге бөлінеді. Оқыту үдерісіне мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу тұлғаның адами ізгілік қасиеттерін ашуға, сонымен қатар адамның рухани дамуына ықпал етеді. Мәңгілік құндылықтар – білім негізі және оның өзегі болып табылады. Өз бойында адамгершілік құндылықтарды дамытудың өзі білім болып саналады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тақырыбының кейбір аспектілері отандық ғалымдар Р.Әбсаттаров, В.Х.Баймырзаева, А.Ж.Мұқажанова, Р.Қадыржанов, Қ.Ж.Нұғыманова және басқалардың зерттеулерінде қарастырылған. Тәуелсіздік жылдарында бұл тақырыптарға ерекше қызығушылық туып, ұлттық, жалпыадамзаттық мәселелері бойынша маңызға ие болды.

Ақиқат, Дұрыс әрекет, Тыныштық, Сүйіспеншілік, Қиянат жасамау сияқты адамгершілік құндылықтарды жете түсінгісі келетін кез-келген адам, осы құндылықтарды іс жүзінде қолданып, оларды адал ниетпен және ақ пейілмен таратса, сол адамды нағыз білімді адам деп атауға болады. Жалпыадамзаттық құндылықтар және адам тұлғасының құрылымы ішкі үйлесімділікке қол жеткізу үшін адам ойы, сөзі, ісі адами тұлғаның мынадай аспектілеріне сәйкес келетін жалпыадамзаттық құндылықтарға сай болуы тиіс: Яғни ағаш жемісін береді. Ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау – бұл мәңгілік бес құндылық адамның ұлтына, нәсіліне, ортасына, дініне қарамайтын, уақытпен өзгермейтін құбылыс. Адамның руханияты мен мәдениетінің жиынтығы, яғни, ата, әжелеріміздің даналығы. Бүгінгі таңда рухани білім әлемге ауадай қажет болып тұр. Сондықтан әр адамның ақыл ойын жаңғыртып, санасын өзгерту керек, сонда әлем де жаңарып, өзгереді. Адамдар осы өмірден қуаныш пен қанағат аламыз деп ойлайды, алайда бұл қуаныш олардың өздерінде жасырынып жатқан өлшеусіз қуаныштың кішкентай ғана сәулесі, яғни уақытша екенін, сезіне бермейді. Адам ақиқатты танып, сүйіспеншілікпен дұрыс әрекет еткенде оның жан дүниесінде ішкі тыныштықтың хош иісті гүлі шешек атады. Яғни, шынайы жан тыныштығы жүректің нұрымен келеді.

Адам өмірінің өзегі-құндылықтар, ал басқа мақсаттар оған жеткізетін баспалдақтар ғана. Осы қағидаға сүйенсек, қоғамның жаңару кезіндегі жаңаша көзқарастардың бірі – құндылық бағдар.

Қазіргі заманда ғылым мен білім, ақпараттық технология, техника қаншалықты қарыштап дамыған сайын, адамның бойындағы рухани-адамгершілік қасиеттерінің соншалықты төмендеп бара жатқанын күнделікті өмірде көріп отырмыз.

Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар Ақиқат, Дұрыс әрекет, Тыныштық, Сүйіспеншілік және Қиянат жасамау адамның ұлтына, нәсіліне, тұратын ортасына және діни, мәдени тиістілігіне байланыссыз және уақытпен шектелмейді. Олар бөлінбейді, өзара байланысты, өзара тәуелді және бір – біріне етене еніп, адам руханияты мен мәдениетінің бірыңғай негізін құрайды.

Өз бойында адамгершілік құндылықтарды дамытудың өзі білім болып саналады. Ақиқат, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, Сүйіспеншілік, Қиянат жасамау сияқты адамгершілік құндылықтарды жете түсінгісі келетін кез – келген адам, осы құндылықтарды іс жүзінде қолданып, оларды адал ниетпен және ақ пейілмен таратса, сол, адамды нағыз кемел адам деп атауға болады.

Жалпыадамзаттық құндылықтар жеке тұлғаның бойында өмірге келген сәтінен бастап, бірге дамиды. Рухани адамгершілік құндылықтарды ықпалдандыруда маңызды тәрбиелік міндеттер: біріншіден рухани адамгершілік, руханилық, әсемдік, ақиқат, ізгілік, еркіндік, рахымшылдық, кешірімділік, тәуелсіздік, сияқты жалпыадамзаттық құндылықтардың өмірге еркін ене бастауы. Құндылықтар туралы алғашқы түсінік ежелгі грек ғалымы Сократтан бастау алады. Оның әйгілі «Менің білетінім»- мен ештеңе білмеймін, басқалар оны да білмейді. «Өзіңді-өзің танып -біл!», «Әр адамның бойында күн бар, нұр бар, тек оның нұрлануына мүмкіндік беріңдер» деген қағидаларының негізгі мазмұны да осы құндылықтар. Шәкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылы дүниеге келіп өзінің 73 жылдық ғұмырында артына сарқылмастай мол қазына қалдырды. Ш.Құдайбердіұлының философиялық еңбектерінің негізгі объектісі – адам болса, байлықтың ең үлкені – ғылым дей келе, «Өзіңді өзің танысаң істің басы...» деп жырлайды. Мысалы, «Үш –ақ түрлі өмір бар» өлеңінде ол адам өміріне «ортаншы өмір» деген ұғымды қолданады. Бұл – адамның жастық шақ пен кәріліктің арасындағы белсенді өмірі, яғни, осы кезде уақытың босқа өткізбей, ғылымға үңілсең – өмірлік мұратыңа жеткенің – дейді.

Шәкәрімге философиялық ойларды жазу оңайға түспейді. Ол бүкіл батыс Европа, Шығыс елдері ғалымдарының, философтарының еңбектерін зерттейді және өз тұжырымын жасайды. Мысалы, «Үш анық» еңбегінде, жалпыадамзатты жаратушы бір күш бар – ол бірінші анық- дейді. Ал, рух өлмейді, жан мәңгілік – бұл екінші анық – деді. Үшінші анық – ар-ұждан деп, оны білімнен де, ғылымнан да, бәрінен де жоғары қояды.

Жалпыадамзаттық құндылықты дамыта отырып, рухани-адамгершілігі мол, бір-біріне сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға тәрбиелей аламыз. Тұлғаның үйлесімді дамуының нәтижесінде бүгінгі күнді ғана емес, болашағын сәулелі күйде елестетіп, алға ұмтылатын, арманшыл, қиялы асқақ, рухы биік азамат тәрбиелеуге болады. Фарабидің философиялық көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады: ол дүниенің мәңгілігін мойындады, танымның болмысқа тәуелділігін растады, ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Ол ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ деді. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді деп ескертеді.

Ол «Адамның кемелдігі неде?» деген сұраққа жауап іздейді. «Балық су үшін жаралған, құс ұшу үшін, ал, адам бақыт үшін жаралған» дейді.

«Бақытқа қалай қол жеткізуге болады?» деген сұраққа «Білім мен мінез-құлық арқылы» дейді. «Ол білімнің мәні қандай? Бақытқа апаратын мінез- құлық қандай?» деген сұраққа «ізгілікті мінез-құлық, рухани білім» дейді. «Оған қалай қол жеткізуге болады?» деген сұраққа «Оған: ізденіс, тәрбиелеу өнері және оқу арқылы жетуге болады», - деп түйіндейді.

Шәкәрім Құдайберді ұлы «Адамның жақсы өмір сүруіне үш қасиет негіз болады, олар барлығынан басым болатын-адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бала кезден бастап адам бойында жоғары ар-ұят, өзін өзі сыйлау сезімдерін тәрбиелеу зиянды құмарлықтарды жоюға көмектеседі»-деп санады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Бүркітбай Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. – 696 б.
2. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. – Алматы, 2013.
3. Жарықбаев Қ.Б. Жантану негіздері. - Алматы, 2002ж.
4. Бурбаев Т.Қ. Ұлт менталитеті – Астана: Елорда, 2001. – 248 б.
5. Ильин Е.Н. Педагогикалық ізденіс. – Алматы: Рауан, 1990. – 231 б.

УДК 81'1'73.611

ПРОИСХОЖДЕНИЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ СОВРЕМЕННОГО АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Торыбаева Д.С., Бейсекенова Л.К.

Научный руководитель: Федосова С.А.

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: laurabejsekenova@gmail.com

Английский язык находится в постоянном изменении и динамике. Лексика как самый подвижный пласт языка, наиболее чутко реагирует на все изменения в социальной, культурной и других сферах жизни говорящего коллектива, ведь именно слово является зеркалом жизни. Создание новых слов и устойчивых сочетаний осуществляется, прежде всего, как отражение в языке потребностей общества в выражении новых понятий, постоянно возникающих в результате развития науки, техники, культуры, общественных отношений и т.д. По меткому замечанию А.В. Кунина, «фразеология» это сокровищница языка. Во фразеологизмах находит отражение история народа, своеобразие его культуры и быта». Именно эти факты и обосновывают выбор темы данной работы и ее актуальность.

Источники происхождения фразеологизмов в современном английском языке очень разнообразны. По происхождению их можно разделить на два класса: исконно английские и заимствованные фразеологические единицы.

Фразеологизмы в английском языке в своем большинстве являются исконно английскими оборотами, авторы которых неизвестны. Они закрепились в разговорной речи, и приобрели характерный, английский колорит, который отражает особенности английской культуры. Они все связаны с традициями, обычаями и поверьями английского народа, а также с преданиями и историческими фактами. Примерами подобных широко распространенных оборотов, созданных народом, являются:

Good wine needs no bush - хорошее вино не нуждается в ярлыке: хороший товар сам себя хвалит (по старинному обычаю, трактирщики вывешивали ветки плюща в знак того, что в продаже имеется вино):

A black sheep - пара опор в семье (по старому поверью, черная отцотмечена печатью дьявола).

Haleyon days - спокойные, мирные дни, спокойное время (halcyon - ти мородок, по древнему преданию, зимородок выводит птенцов в гнезде, плавающем по морю, в период имнего солнцестояния, и в этот период, около двухнедель, море бывает совершенно спокойным).

Have kissed the Blarney stone - быть льстецом (по преданию, каждый, по целовавший камень, находящийся в замке Бларни в Ирландии, получал дар льстивой речи).

As well be hanged for a sheep as a lamb -сли суждено быть повешенным за ошту, то почему бы не украсть заодно и ягненка (отголосок старого английского закона, по которому кража овцы аралась смертной казнью через повешение). Говоря об английских традициях, следует упомянуть, что самым употребляемым в Англии напитком является чай. Вследствие этого в английском языке существует несколько идиоматических выражений со словосочетанием cup of tea: an old cup of tea - старушка, an unpleasant cup of tea -неприятный человек.

Произведения знаменитого английского классика У. Шекспира являются одним из наиболее важных литературных источников по числу фразеологизмов, обогативших английский язык. Число их свыше ста. Большинство шекспиризмов встречается в произведениях Шекспира лишь один раз, и форма их является фиксированной. Вот некоторые из этих широко и известных выражений:

«Hamlets: our withers are unwrung - покинуть этот бранный мир, покончить (счета с жизнью); To shuffle off (this mortal coil) - приводить в замешательство;

«Othello: the seamy side - выставлять напоказ, trifles light as air - богатые бездельники.

Большое количество фразеологизмов созданных Шекспиром вошло во всеобщее употребление, что свидетельствует и о лингвистической гениальности Шекспира и о его колоссальной популярности.

Кроме Шекспира, многие другие писатели обогатили английский фразеологический фонд. Среди них главным образом следует отметить:

Вальтера Скотта: Beard the lion in his den - приуныть после веселья, перейти от смеха к слезам

Джона Мильтона: Fall on evil days - впасть в нищету, бедствовать плачьте жалкое существование.

Чарльза Диккенса: King Charles's head - навязчивая идея, предмет.

Байрона Дж.Г.: (as) merry as a marriage-bell - очень веселый, жизнерадостный.

Киплинга Р.: the tail wags the dog - хвост власт собакой, подчиненный командует начальником.

В наше время английский язык переживает неологический бум. Большое количество новых лексических единиц появилось в связи с развитием компьютерной техники: to trouble-shoot - исправить, починить компьютер, to blitzout

- уничтожить часть данных в памяти компьютера.

Развитие прессы также повлияло на появление новых фразеологических единиц: green power - власть денег; Jane Crow - дискриминация женщин: trade off - компромисс.

В театральной жизни также произошли изменения - появились новые типы театров, а вместе с ними и новые названия, например: theatre of absurd - театр абсурда, theatre of cruelty - театр жестокости, theatre of fact – театр факта и др. В области кино, телевидения и видеотехники появилось много новых технических средств, вслед за ними возникло большое количество неологизмов, например: inflight movies - кинофильмы, демонстрирующиеся в полете на борту самолета, inflight videosystem - видеосистема, используемая на борту самолета, satellite-delivered show - программа, передаваемая при помощи спутника, chat show - интервью с знаменитостью, транслируемое из студии и др.

Большинство фразеологических единиц, появившихся в последнее время, связаны со спортивной тематикой: also ran неудачник, не выдержавший сравнения, make up (или take up) the running - задавать темп, быть лидером, показывать пример, вести за собой, front runner - лидер гонок, человек, опережающий своих конкурентов, love all - счет не открыт.

Достаточно большое число фразеологизмов в английском языке являются заимствованными. Одним из важнейших литературных источников заимствованных фразеологических единиц является Библия. Говоря о библейской фразеологии в целом, следует отметить, что данные единицы представляют собой важный и интересный пласт фразеологии во многих языках мира. Библейские тексты, будучи многократно повторяемыми в рамках церковных богослужений, а в быту, в светской среде - в качестве авторитетных цитат, стали привычной частью речевого обихода, воспроизводимыми оборотами и выражениями. Под библеизмом традиционно понимают устойчивые языковые единицы со структурой слова, словосочетания и предложения, генетически связанные с текстом Священного Писания и вошедшие в общий национальный язык из Библии. Например: the apple of one's eye, который имеет значение «что-то очень важное, дорогое, ценное, зеница ока». Библейские фразеологические единицы a tree of knowledge of good and evil - дерево познания добра и зла, a tree of life - дерево жизни, a thorn in the flesh - источник постоянного раздражения, бельмо на глазу и т.д. являются другими представителями исследуемой группы, которые возникли в результате переосмысления свободных словосочетаний Священного Писания.

Помимо фразеологизмов, взятых из Библии, в английском языке, как и в языках других европейских народов, являющихся наследниками античной культуры, существует много пословиц, афоризмов и образных выражений, возникших у древних греков и римлян. Фразеологизмы: the golden age - золотой век, the apple of discord - яблоко раздора, Pandora's box - ящик Пандоры, Achilles' heel - ахиллесова пята, Augean stable - авгиевы конюшни, a labor of Hercules - геркулесов труд, a labor of Sisyphus - сизифов труд. С поэмами Гомера «Илиада» и «Одиссея» связаны выражения Homeric laughter гомерический хохот (оборот связан с описанием Гомером смеха богов; a sardonic laugh - сардонический, язвительный смех; Penelope's web - тканье Пенелопы, тактика оттягивания, Winged words -

крылатые слова *between Scylla and Charybdis* - между Сциллой и Харибдой, в безвыходном положении. Фразеологические единицы, пришедшие в английский язык из литературы Древней Греции и Древнего Рима, наделены необыкновенной красочностью и экспрессивностью, этим и объясняется их распространенность не только в английском, но и других языках мира.

Число фразеологизмов, заимствованных из французского языка достаточно велико в английский язык они пришли путем калькирования исходных выражений. Многие английские фразеологические кальки с французского восходят к латинским прототипам. А если французский оборот в свою очередь является полной калькой латинского варианта, иногда трудно решить, заимствована ли калькированная английская фразеологическая единица непосредственно из латинского или через французский.

Buridan's ass - буриданов осел (о человеке, не решающемся сделать выбор между двумя равноценными предметами, равносильными решениями и т.п.) (Французскому философу XIV в Буридану приписывается рассказ об осле, умершем от голода, так как он не решался сделать выбор между двумя одинаковыми охапками сена. Этот рассказ был якобы приведен Буриданом в качестве примера в рассуждениях о свободе воли. К этому же рассказу восходит ФЕ *an ass* (или *a donkey*) *between two bundles of hay, castles in Spain* - воздушные замки (выражение, связанное со средневековым героическим эпосом герои которого, рыцари, получили в личное владение еще не завоеванные замки в Испании), *for smb's fair eyes* (или *for the fair eyes of smb.*) - ради чьих-либо прекрасных глаз, не ради его заслуг, а по личному расположению, ни за что, даром (выражение из комедии Ж.Б.Мольера «Жеманницы»), *an ivory tower* – башня из слоновой кости оторванность от жизни (выражение создано французским поэтом и критиком Сент-Бевом и является переосмыслением библеизма), *let us return to our muttons* - вернемся к теме нашего разговора (выражение из средневекового фарса Бланше об адвокате Патлене. позднее путем обратного образования возник инфинитив *to return to one's muttons*), *to pull smb.'s* (или *the*) *chestnuts out of the fire* (for *smb.*) - таскать каштаны из огня для кого-либо; бессмысленно, с риском для себя трудиться для выгоды другого (в басне Лафонтена «Обезьяна и кот обезьяна Бертран заставляет кота Ратона таскать для себя каштаны из огня) С этой же басней связано выражение *to make a cat's paw of smb* - сделать кого-либо своим послушным орудием-чужими руками жар загребать.

Фразеологические заимствования из немецкого языка: *blood and iron* - «железо и кровь», беспощадное применение силы (нем. *Blut und Eisen* - принцип политики Бисмарка, стремившегося объединить Германию силой прусского оружия); *a place in the sun* - место под солнцем, право на существование. Выражение, переведенное с французского *la place au soleil* (Паскаль), впоследствии было забыто и снова переведено с немецкого *Platz an der Sonne*.

Из сказок «Тысячи и одной ночи» в английский язык пришло несколько выражений: *Alladin's lamp* – волшебная лампа Аладдина (талисман выполняющий все желания своего владельца). С этой же сказкой связана ФЕ *to rub the lamp* – легко осуществить свое желание; *Alnaschar's dream* - пустые мечты, фантазирование; *the old man of the sea* - человек, от которого трудно отвязаться, навязчивый человек,

an open Sesame - «Сезам, откройся!», быстрый и легкий способ достижения чего-либо.

Тот факт, что некоторые выражения, заимствованные из арабского фольклора, стали фразеологизмами современного английского языка, свидетельствует о метафоричности и выразительности этих фразеологических единиц.

В английском языке встречаются заимствования и из датской культуры. Из датского языка: an ugly duckling - гадкий утенок (человек, несправедливо оцененный ниже своих достоинств, проявляющихся неожиданно для окружающих; по заглавию сказки Г.Х. Андерсена о гадком утенке, который вы рос и стал прекрасным лебедем).

Много фразеологических единиц пришло в Англию из США. Они относятся к внутриязыковым заимствованиям. К таким «американизмам» относятся, например, face the music - стойко переносить неприятности, расплачиваться; the green light - зеленая улица, свобода действий; spill the beans выдать секрет, проболтаться, проговориться.

Если говорить об фразеологических сочетаниях то для них характерна некая смысловая разложимость приближение к свободным сочетаниям. Характеристиками данного типа фразеологизмов является возможность свободной перестановки слов замена одной из ключевых лексических единиц входящих в состав синонимичной единицы. Например ожесточенная схватка или же свирепая схватка: синонимичная замена ключевой лексической единицы

Касаясь перевода фразеологизмов можно отметить особую сложность данного процесса так как трудно передать на иностранном языке тот самый смысл эмоциональную окраску. Соответственно для того чтобы произвести адекватный перевод необходимо владеть различными видами перевода то есть использовать описательный перевод калькирование нахождение эквивалентов или аналогов

Таким образом, мы видим, что источники пополнения фразеологического фонда английского языка достаточно разнообразны. Во фразеологизмах содержатся и сохраняются этнокультурные ценности множества стран и народов, различные этапы исторического развития. Так же Великобритания, являясь

«страной традиций», свято чтит наследие прошлого, которое достойно уважения следует тенденциям современного общества, что так же отражается во фразеологических единицах английского языка.

Подводя итоги следует говорить о грандиозности такого явления языка фразеология в современном английском языке как как в принципе и других языках существует огромное количество фразеологических оборотов обогащающих и делающих язык более ярким своеобразным и эмоциональным. Кроме того, велика ценность фразеологических оборотов с точки зрения страноведения, так как при соприкосновении и последующем изучении иностранного языка происходит определенное углубление в иноязычную культуру историю и даже возможно понимание образа жизни и особенностей быта народа изучаемого иностранного языка. Одним словом, изучение фразеологии языка неотъемлемая часть его освоения без которой коммуникация представителями будет осуществляться довольно сложно.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Амосова Н.Н. Основы английской фразеологии. – Л.: Наука, 1989. – 97 с.
2. Захарова М.А. Стратегия речевого использования образных фразеологизмов английского языка. – М.: Инфра-М, 1999. – 151 с.
3. Ахметжанова Ф.Р. Словарь. – Dictionary. - Сөздік: Казахско-англо-русские параллели. / Ахметжанова Ф.Р., Бэллест Д. – Өскемен: ШҚМУ баспасы. 2001. - 219с.

ӨОЖ 811.512.122:37.09]((075.3)

ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫН МЕНГЕРТУДІҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ

Болаева А.К., Каирбаева Ж.К.
«Қ. Қайсенов кентінің орта мектебі» КММ
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: bolaevaa@mail.ru

Оқушыларға тыңдау дағдысын қалыптастыруда еске сақтау қабілетінің маңызы **зор**. Оқушының сабақтағы кез келген іс-әрекеті тыңдалым мәтінін дұрыс қабылдауына әсер етеді. Сондықтан тыңдалым мәтінімен жұмыс орындаудың әдіс-тәсілдері өте маңызды болмақ. Қолданылатын әдістің тиімділігі оның нәтижелілігінің кепілі болып табылады.

Мәтінді тыңдап болған соң мәтін мазмұнын оқушы жете түсініп, мәтіндегі негізгі ой мен көтерілген мәселе анықтау үшін, мәтінді жан жақты талдап, ондағы түйінді ой бойынша өз пікірін, көзқарасын білдіре алуы үшін мәтінді талдау кезінде қолданылатын әдіс тәсілдердің ең негізгі дегендеріне тоқталық өтелік.

№	Әдіс-тәсіл түрі	Мақсаты	Тиімділігі
1	Тест тапсырмасы	Тест оқушының білім дәрежесінің қандай екенін анықтайды. Оқушы білімін түрлі жағдайда қолдана білуін тексереді.	Тыңдалым мәтіні оқылып болған соң оқушыларға сол мәтін мазмұны, идеясы, құрылымы бойынша тест сұрақтарын беру арқылы оқушының ақпаратты қаншалықты есте сақтағанын анықтауға мүмкіндік береді.
2	«INSERT» әдісі	Оқылған мәліметті түртіп алу арқылы таным түсінігін қалыптастырады.	Тыңдалған мәтіндегі жаңа ақпаратпен танысып, түртіп алу жүйесімен мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды.

3	«Кластер» әдісі	Идеялар мен ақпараттар арасындағы байланыстарды жинақтап, тұжырымдайды.	Мәтін тақырыбындағы өмірмен байланыс туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды.
4	«Фишбоун» әдісі	Тыңдалым мәтіндегі мәліметті, идеяларды сұрақ-жауап арқылы жаза отырып, қорытынды ойларын жинақтайды.	Тыңдаудағы алынған мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық не жұптық жұмыста талқылауға, ой қорытуға, белгілі бір түйін жасауға жетелейді.
5	«Кейс – стади» әдісі	Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты талдайды.	Оқушылардың есте сақтау қабілеті сақталады.
6	«Эйлер шеңбері» әдісі	Тақырып бойынша негізгі идеяларды жинақтап, саралайды.	Идеялар жинақталып, сараланады
7	«Дұрыс\Бұрыс»	Тыңдалым мәтіндегі ақпараттардың дұрыс, бұрыстығын анықтайды.	Оқушының мәтінді жете түсінуіне көмектеседі.
8	«Маңызды 3 мәлімет»	Оқушылар мәтінді тыңдап болған соң ондағы маңызды деген ақпараттарды жіктейді.	Мәтіндегі негізгі ақпараттарды анықтайды.
9	«9 — ромб»	Қатысушыларға мәтін мазмұнынан маңыздысын анықтап, талқылау үшін тізім беріледі. Тізімнің әрбір тармағын үлкен ромбылы торға орналастыру арқылы мәтіндегі ақпараттарды талдайды.	Ромбының нысаны топқа бірқатар басымдықтар мен перспективаларды қамтуға мүмкіндік береді.

Негізгі және қосымша ақпараттар

Мәтіннің мағыналық бөлігінде негізгі және қосымша (жанама) ақпарат болады. Мәтіннің негізгі ақпаратына жаңадан айтылатын түсініксіз ұғымдарды автордың талқылауы, сипаттаулар, баяндаулар, логикалық тұжырымдар кіреді.

Мағыналық бөліктің негізгі мәліметтерін көрсету үшін онда тезистер мен тұжырымдар қолданылады және олар көбінесе азатжолдың басты идеясы - бірінші және екінші сөйлемдер болады. Қосымша (жанама) ақпарат түрлері мыналарды қамтиды: қосымша, суреттейтін және анықтайтын, қайталанатын, жинақтайтын ақпараттар. Қосымша ақпарат кеңейтеді, онда қарастырылатын құбылыстардың мәнін ашып түсіндіреді. Мәтіндегі нақты және суреттеуші ақпараттарды автор мынадай сөлемдер арқылы береді:

1) берілген идеяны нақтылайтын, растайтын немесе түсіндіретін нақты мысалдар келтіреді;

2) басқа ғалымдардың пікірлерін, дәйексөздерін келтіріп, өзінің ойларын растайды, көрсетеді. Мұндай ақпараттар сондықтан, мәселен, сол сияқты, атап айтқанда, яғни, басқаша айтқанда, басқаша түсіндіре кетсек, , дәлірек айтқанда, дәлірек және т.б. деген сияқты қыстырма сөздер арқылы беріледі.

Детальді ақпарат дегеніміз не?

Детальді ақпарат деп тыңдалған, оқылған мәтіндегі әр сөздің мағынасын түсіну үшін, әр сөзге мән беру үшін, әр сөздің мағыналарын тану үшін берілетін детальдерді айтамыз.

Жалпы деталь дегеніміздің өзіне тоқталатын болсақ, көркем шығармада белгілі бір мағыналық, идеялық эмоциялық жүк көтеріп тұратын көркемдегіш құрал. Деталь үлкен оқиғаны не үлкен суретті бір екі сөз арқылы ғана шындық дүниені танытады.

Мысалы, «Адамның сырт келбеті мен мінезі» бөлімінде төмендегі мәтінді мысалға алып қарастыратын болсақ:

«Салтанат әннен өзге дүниенің бәрін мүлде ұмытып кеткен секілді. Ол бірде көк аспанға шалқалай қарап, дәл төбесінде шырылдап тұрған бозторғайдан көз алмай әндетеді... Осы даладағы сұлулық біткен Салтанаттың кеудесіне кеп құйылып жатса, оның өн бойындағы сұлулық көмейінен ән болып төгіліп, төңіректі жаңа леп, жаңа нұрға бөлеп тұрған сияқты» (Д.Исабеков. Гаухар тас.) Осы бір үзіндіде детальді ақпарат Салтанаттың ішкі жан дүниесі мен сайын дала сұлулығын ашатын «сұлулық, жаңа леп, жаңа нұр» деген жекелеген сөздер.

Немесе

«...Мынау қаршығаға баяғы Көкжендеттің атын қоямын. Келмеске кеткен сол бір жылдарды еске түсіру үшін құс салып, серуен құрамын. Менің үмітім - алда, уанышым – артта. Бір кезде «қазақтан өзімдей ұл тумайды –ау» деп уайымдағанмын. Жоқ, олай емес екен. Сенің әншілігіңе, жаныңның сезімталдығыңа көңілім толды» (Т.Әлімқұлов. Көк қаршыға.) Бұл үзіндідегі детальді ақпарат, әрине, «қазақтан өзімдей ұл тумайды – ау» деген сөз тіркесі мәтіндегі Ақан бейнесін даралаушы, ел алдындағы бағасын көрсетуші болып тұр.

Сонымен мәтіндегі детальді ақпарат дегеніміз тыңдаған, оқыған мәтіннің негізгі ойын, көтерген мәселесін ашатын бір сөз немесе сөз тіркесі.

Интенсивті тыңдалым ерекшелігі

Интенсивті тыңдалым дегеніміз сөйлеу барысындағы сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін тыңдау. Оның басты ерекшелігі – оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру және бір ерекшелігі белгілі бір грамматикалық тақырыптарды өткен кезде тыңдалымды пайдалану, бірақ бұл жерде басқа дағдыларды араластырмайсыз.

Интенсивті тыңдалымға арналған мәтіндер қысқа болуы керек, себебі түпкі мақсаты - мәтінді ең егжей-тегжейлі түсіну. Мәтін неғұрлым ұзағырақ болса, мұндай терең талдауды аяқтау неғұрлым ауыр, сондықтан ақыл-ойдың таусылуын болдырмау үшін қысқаша мәтіндерге сүйену керек.

Интенсивті оқу үшін тамаша оқу құралдары мыналарды қамтиды:

- Жаңалықтар; - Wikipedia мақалалары;
- Қысқа әңгімелер;
- Блог хабарламалары т.б.

Осы хабарламалар немесе мақалалар ішінен сөйлемдердегі грамматикалық тұлғаларды талдау үшін мұқият тыңдау қажет болады. Және ол есте жылдам сақталатындай қызықты, маңызды ақпарат болғаны жөн.

Мысалы:

Марс – жерге ең жақын планета. Ол тастан жасалған. Онда өте суық және жердегі солтүстік пен оңтүстік полюстегідей мұзды шыңдар бар. Жерден қарағанда Марс қызыл болып көрінеді. Марста көптеген кратерлер, кейбір терең алқаптар мен биік жанартаулар бар. Кейбір ғалымдар Марста тіршілік болуы мүмкін дейді, бірақ олар әзірше ешқандай тіршілікті таппады. Ғалымдар сондай-ақ Марста су іздеуде.

Тапсырма: Тыңдалған мәтіннен деректі зат есімдерді табыңыз: шыңдар, кратерлер, жанартаулар.

Экстенсивті тыңдалым

Экстенсивті тыңдалым - үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, әңгіме) тыңдау дегенді білдіреді.

Бұл тыңдалым түрінде 5-сыныптар үшін көркем әдебиет стиліндегі мәтіндерді берген дұрыс. Өйткені публицистикалық немесе ғылыми стильде берілген экстенсивті тыңдалым мәтінін еске сақтау қиындық тудырады. Және оны талдау барысында мазмұн негізінде жоспар құру, әңгіме жанры мен түрін анықтау, стильдік ерекшеліктерін ажырату, тілдік ерекшеліктер табу сияқты тапсырмалар тиімдірек болады. Жалпы тыңдалым мәтін таңдау кезінде оқу мақсаттарын қатаң ескеру қажет. Оқу мақсаты мәтін мазмұнын толық талдауға, оның грамматикалық ерекшеліктерін көрсете алатындай болғаны абзал. Мысалы: 5.Т\А5 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру.

Және алынатын әдіс-тәсілдер де көлемді шығарманың идеясын ашуға, көтерілген мәселе жайлы оқушы көзқарасын айқындауға бағытталуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жусупова Р. Аутенттік мәтіндер негізінде студенттердің коммуникативті күзіреттілігін қалыптастырудың әдістемесі: – Астана:, 2021. – 10 б.
2. Құлмағамбетова А. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары, оқу-әдістемелік құрал. – 2014. - 54 б.
3. Қазақстан Республикасының «Орта білімді дамыту» тұжырымдамасы.
4. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, НЗМ, 2016ж.
5. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: әдістемесі және теориясы. – Алматы: Ыбырай Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 208 б.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ТАРИХЫ

Джетыбаева А.Т.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші: Сейпутанова А.Қ., қауымдастырылған профессор,
филология ғылымдарының кандидаты
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: anar.dzhetybaeva@mail.ru

Ең алғаш қазақ әдебиеті пән ретінде оқытыла бастаған қазақ мектептерінде Абай шығармалары оқу бағдарламасына енген болатын. 1932-1933 жылы Қазақ Оқу комиссариаты бекіткен орта мектептің бағдарламасы фабрика, завод және колхоз жастары жеті жылдық мектепке арналып жазылды [2]. Бұл бағдарламаға ақынның алғаш рет “Болыс болдым мінеки”, “Бойы бұлғаң” сияқты ел адамдарына арналған өлеңдері, орта буынның 5-сыныбында Крыловтан аударған “Шегіртке мен құмырсқа” мысалы ол кезде бастауыш болып есептелетін 4-сыныпта оқытуға берілді. Ақын өлеңдерінің алғашқы мектеп бағдарламасынан орын алуы үлкен жетістік еді. Дегенмен әр түрлі көзқарастарға байланысты бағдарламаға Абай өлеңдерінен тек би, болыстарға, ел адамдарына арналған екі өлеңі, Крыловтан бір аудармасы ғана енгізілді әрі осы шығармалардың оқытылуының өзінде саясаттың ықпалы басы болғанын аңғаруға болады. Мәселен, осы жылы І.Жансүгірұлының, С.Сейфоллаұлының, Ә.Мәметкелінінің, Б.Майлыұлының құрастыруында деп берілген “Әдебиет құралы” деп аталған оқулықта «Абайдың осы өлеңі бұрынғы қазақ шаруашылығына қабыса ма? Шаруа жөнінде шегірткеге кімді, құмырсқаға кімді ұқсатуға болады? Қандай тұрмыстар? Қазір қанша ел отырықшы болды?» деген сұрақтар қойылған. Ал «Бойы бұлғаң» өлеңіне «Абайдың мына мінездеген 129 адамы қандай адамның кейіпкері? Абай бұл адамға қандай көзбен қарайды? Қандай адамды көксейді, жақтайды? Айналасына көзқарасы қандай?» деген сұрақтардан қандай идеяда оқытылғанын аңғару қиын емес. 1934 жылы Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына 30 жыл толуына орай бағдарламаға ақын шығармашылығы бір шама көбейтіліп беріледі [3].

Ақынның өмірбаянымен қоса оның алуан тақырыптардағы шығармалары енгізілген. “Аттың сыны”, “Аңшылық туралы”, жыл мезгілдеріне арналған “Жазғытұры”, “Жаз”, “Күз”, “Қыс” өлеңдері, 5, 6, 7- сыныптарда оқытыла бастайды. Ақын шығармаларының түр белгілеріне де назар аударылады. Осы орайда С.Сейфоллаұлы мен Ө.Тұрманжанұлының құрастыруында делінген орта мектептің 5- сыныбына арналып шыққан “Көркем әдебиет” оқулығында азды-көпті ерекшеліктер болды. Абай шығармаларының көркемдік ерекшелігін, мазмұнды көркем шығарма ретіндегі салмағын, үлгі-өнеге болатын үздік шеберлігін айтқанымен, «Абай – үстем тап ақыны» деген жазғыру пиғылындағы жағымсыз пікір қоса айтылады. Жалпы Абайдың өзі мен мұрасына тұрпай социализмнің, пролеткультшілдіктің кері ықпалы болғаны жасырын емес. 30 жылдардағы цензура,

кейіндеп 50 жылдардағы Абай төңірегіндегі айтыстар сол тұстағы білім беру саласына да елеулі ықпалын тигізді. Себебі қазақ әдебиетінің оқу құралдары әрі оқулық, әрі әдеби, ғылыми-зерттеу еңбегінің нәтижесі ретінде жарияланып отырды. Оқулық жазған авторлар да сол тұстағы әдебиет саласындағы тұлғалар еді. Сондықтан мектеп оқулықтарын тексеру барысында ақын шығармашылығына деген көзқарастан Абай шығармаларын тану дәрежесін айқын аңғаруға болады.

1938-1939 оқу-жылында Қазақ Оқу Комиссариаты бекіткен орта мектеп бағдарламаларына да ақын шығармаларын оқыту жобасы тағы да біраз өзгерістерге ұшырады [3]. Осы жылы бағдарламадағы оқытылуға тиісті ақын шығармалары белгісіз себептермен азайтылып, сағат саны да қайтадан қысқартылады. Ақынның өмірбаянымен қоса “Жазғытұры”, “Әсемпаз болма әрнеге”, “Интернатта оқып жүр” өлеңдерін оқыту ұсынылады. 1939-1940 жылғы бағдарлама белгілі педагог ғалым Ш.Кәрібаевтың басшылығымен және әдіскер мұғалімдердің қатысуымен жасалады[4]. Бұл бағдарламада ақын шығармаларына қатысты әдеби-теориялық ұғымдарды беру мәселелеріне елеулі өзгеріс енгізілген. 1941 жылғы бағдарлама түзетіліп, толықтырылып, қайтадан бастырылған. Аталған бағдарламада Абай шығармаларына қатысты елеулі өзгерістер болмаған. Осы бағдарлама 1946 жылға дейін қолданылды. 1947 жылғы бағдарламада ақын шығармаларын жоғарғы сыныптарда оқыту ісі алғаш рет қолға алынған [5].

Міне, осындай түрлі шырғалаңға, сәтті, сәтсіз ізденістерден өтіп барып қазақ әдебиеті бағдарламаларын 1947 жылдан былай қарай жүйелі шыға бастайды. 1951 жылғы шыққан орта мектеп бағдарламаларына да Абай шығармаларын 8-10-сыныптарда оқыту біршама дұрыс жолға қойылды деуге болады. Бағдарламаның бағалы жағы ондағы әдебиетті оқытудың жаңа ұстанымдары мен мақсаты айқын көрсетілген. Шығарманың тіл ерекшелігіне де талдау ұсынылған. 1958-1989 жылдары қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемесінің тарихында жемісті іздену кезеңі болды деу артық емес. 1959 жылы “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналының № 8 санында қазақ әдебиеті бағдарламаларының жобасы жарияланады. Бұл бағдарламада 5- сыныптар үшін ақынның “Күз”, “Қыс” өлеңдерін оқытып, көркемдегіш сөздер туралы түсінік беру, 6-сыныптарға “Жасымда ғылым бар деп ескермедім”, “Ғылым таппай мақтанба”, “Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай”, “Жазғытұры” өлеңдері, 7-сыныптарда “Қансонарда бүркітші шығады аңға”, “Мәз болады болысың”, “Бойы бұлғаң”, “Өзгеге көңілім тоярсың” өлеңдерін оқыту ұсынылған. Бұл жылдары 5,6,7- сыныптар әдебиеттік оқу курсын өтетін орта буын сыныптар қатарында саналып, 8-сынып әдебиеттің тарихи курсын оқитын жоғарғы сынып есебінде болғандықтан аталған бағдарламада әдебиеттану курсының барлық кезеңі бір сыныпқа жинақталып, топталып берілген. Осы 1959 жылғы 8-сынып бағдарламасына XIX ғасыр әдебиетінен Абай Құнанбаев шығармашылығы назардан тыс қалған.

1960 жылдан бастап қазақ мектептерінің бастауыш, орта буындарында және жоғарғы сыныптарында Абай Құнанбаев шығармашылығын оқыту жан-жақты тексеріліп, жүйелі 130 беріле бастайды. Әдебиеттік оқу курсын өтетін 5-7-сыныптарға арналған сегіз жылдық мектеп бағдарламаларында әдебиет пәнінен 5-сыныпқа 72 сағат бөлініп, соның ішінде Абай шығармашылығына 3 сағат белгіленген. Осы сыныпта М.Әуезовтің “Бүркітші” әңгімесі өтілгеннен кейін, Абай

өмірбаянынан қысқаша мәлімет беріледі де, ақынның “Қансонарда бүркітші шығады аңға” өлеңі қысқартылып оқытылады. 6-сыныпта да жалпы әдебиет пәнінен 72 сағат белгіленіп, Абайдың өмірінен мәлімет беріле отырып, “Жасымда ғылым бар деп ескермедім”, “Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай”, “Ғылым таппай мақтанба” өлеңдерін оқыту ұсынылып, оқытуға не бәрі 3 сағат белгіленген. Абай шығармаларынан кейін М.Әуезовтің “Абайдың балалық шағы” деген “Абай жолы” романының үзіндісін оқыту жоспарланған. 7-сыныпқа жалпы әдебиет пәнінен 68 сағат бөлініп, ақынның “Жазғытұры” өлеңі қысқартылып беріледі де, “Әбіш туралы” үш өлеңі, “Интернатта оқып жүр”, “Әсемпаз болма әрнеге”, “Дүтбайға”, “Бойы бұлғаң”, “Жүрегім нені сезесің” өлеңдерін оқыту жоспарланған. Орта сынып бағдарламаларында ақын шығармаларын оқыту барысында теңеу, метафора, эпитет сияқты теориялық ұғымдарды таныту, көркемдік астарын ашуға біраз көңіл бөлінген.

Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын оқыту жобасы 1961-1970 жылдар аралығында оқу бағдарламаларында осы айтылған жүйеде еш өзгеріссіз беріліп отырған [6]. 1981-1982 оқу жылына арналған сегіз жылдық және орта мектеп бағдарламасында әдебиеттік оқу сыныптары үшін ақын шығармаларын оқыту тұрғысынан елеулі өзгерістер болған. 4, 5, 6, 7, 8 сыныптарда табиғат лирикасынан, өнер, білім, тақырыбындағы өлеңдері, Әбішке арналған өлеңдерінен, “Бойы бұлғаң” сияқты шығармалары оқытылған. Жалпы алғанда бұл бағдарламаларда 5-7-әдебиеттік оқу сыныптарында Абайдың он екі төл шығармасы, екі аударма мысал өлеңі беріліп, оқытуға он төрт сағат берілген.

1989-90 оқу жылынан бастап мектептер он бір жылдық болуына сәйкес қазақ әдебиетінің жүйелі курсы 5-сыныптан басталатын болып белгіленеді де, оқу материалының мазмұны сақталып, тек 5-сыныптан бастап оқытыла байтайды. Жалпы алғанда 1932 жылдан бері Абай шығармаларын оқытылып келген десек те, елеулі олқылықтардың орын алғанын аңғаруға болады. Бұл олқылықтардың болуының толып жатқан өзіндік себептері бар. Біріншіден, өткен кеңестік дәуірде Абайды саясатқа сәйкес бірде қабылдап, бірде қабылдамай жүрді, тіпті атаусыз қалдырып кеткен тұстары да болды. Соның салдарынан мектепте оқыту-оқытпау тиянақты болмай, бағдарламалар мен оқулықтарға жүйелі түрде енгізілмеді. Абайға деген бұл көзқарас бой жазып, оның жан-жақты ойланып оқылуына ырық бермеді.

Тәуелсіздік жылдары оқу бағдарламамыз кеңестік кезеңдегі қалыптасқын жүйеде жасалды. Әдіснамалық негізі қалыптасқан жүйені басшылыққа алу орынды десек те, тәуелсіз елдің идеялогиялық бағытын ұстану талабы орындала қоймағанын аңғаруға болады. 1991, 1997, 1999, 2003, 2013 жылға дейін аздаған өзгерістермен қайталап басылып келген әдебиет пәні бағдарламаларында орта буында Абай шығармалары 5-8 сыныптарда, жоғары буынды 10 сыныптарда жүйелі оқытылып келді, жалпы Абай мұрасынан бір шама оқу материалының қамтылып, сыныптар бойында жүйелі әрі бірізді дамыта оқытылғанын байқауға болады.

Жаңартылған мазмұндағы бағдарлама 2015 жылдан бастап оқу үдерісіне енгізілгені мәлім. Енді осы жаңарған мазмұнда Ұлы тұлға қалай оқытылып жүр дегенге тоқталсақ, орта буында Абай тек 6-сыныпта ғана оқытылады. Бағдарламаның түсінік хатында шиыршық әдісіне оқытылады делінгенімен, бір ғана сыныпта оқытып отырғанына қарап, Абай шығармаларын сыныптар бойынша

дамыта оқытып келген кеңестік мектеп тәжірибесінен де айрылып қалғанын аңғару қиын емес. 10 сыныпта «Сегіз аяқ», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым, мінеки», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдері; он жетінші, отыз екінші, отыз үшінші қарасөздері, «Ескендір» поэмалары оқытылады.

Жалпы білім беретін орта мектепте Абай мұрасынан барлығы 9 өлең, 5-қарасөз 1 поэма оқытылатын болып отыр. Абайдан жеткен мұралар 176 өлең, 3 поэма, 45 қарасөз бар десек, әрине Ұлы тұлғаны тыныту үшін оқу материалының көлемі жеткіліксіз. 131 З.Ахметов “Абай творчествосын түгелдей алып талқылағанда, жеке шығармаларын талқылағанда да екі түрлі талдау принципін дұрыс ұштастыра білу шарт”, -деп көрсетіп: “Оның бірі – тарихи принцип, яғни ақын шығармаларын туғызған заман қоғамдық орта әлеуметтік жағдаймен байланыстыра қарау болса, екіншісі – бүгінгі заман тұрғысынан қарау, қазіргі моральдық ұғым-түсінік идеяларға үйлестіре қарап бағалау” [7], -дейді. Абай шығармаларын дұрыс түсініп, зерделеу үшін Абайдың мұңы мен зарын, сол уақыт кезеңін де жете білгеніміз абзал. Ресей өз отары болып есептелетін қазақ елінің бұрынғы хандық құрылымын ыдыратып, ел билеудің жаңа формасын енгізеді де 1822 жылы Сібір қазақтарының арнаулы уставы жазылады. Қазақ жері ірі-ірі бірнеше округтерге бөлінеді. Округ уездерге, уезд болыстарға, болыстық ауылдарға бөлініп басқарылды. Сатылы сайлау жүйесі болады. Бұл туралы абайтанушы М.Мырзахметов: «Н.И.Градеков “...1867 жылдың заңы... Қазақ руларын ыдыратып, әлсірету мақсатымен көшпелі халықты болыс-болысқа, ауыл-ауылға бөлуді өте қажет деп қарады. Өйкені көптеген қазақ руларын тұтастырып, бір үлкен ру басына билету саяси жағынан барынша зиянды нәрсе деп табылды» деп жазғанын дәйектейді [8]. Абайдың көп шығармаларында сол тұстағы қазақ елінің жай күйі көрінеді. Бодан елдің территориялық, географиялық жаңдайы ғана емес, әлеуметтік ахуалының өзгеруі. Оның қазақтың өмір салты мен намымына, мінез әрекетіне де көп ықпалы болғандығын Абай сөзінен аңғару қиын емес. Мәселен, Абайдың «Болыс болдым, мінеки», «Күлембайға», «Мәз болады болысың», «Дүтбайға», «Болды да партия», «Сәулең болса кеудеңде», «Бойы бұлғаң», «Сегіз аяқ» қатарлы өлеңдерінде, үшінші, сегізінші, он бірінші, он төртінші, жиырма бірінші, жиырма екінші т.б. қарасөздерінде ел мінезі сөз болады. Жалпы Абайды оқытқанда әр тақырыптағы бірлі-жарым шығармасын үзіп бермей бірнеше шығармаларындағы терең ойды пайымдау Абайды танытудың да оң жолы болары анық.

Тұжырымдай айтқанда, Абай шығармаларыны оқытудың әдіснамалық жүйесін, әдістемелік жолын бүгінгі күн талабымен қайта зерделей отырып құру аса жауапты іс. Жаңартылған мазмұндағы бағдарламада Абайды танытуға тиісті оқу материалы қамтылмағаны, оқу мақсаттарының дұрыс жүйеленбегені байқалады. Абайды оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдіру кезек күттірмейтін өзекті мәселе.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Орта мектеп программасы /фабрика, завод және колхоз жастары жеті жылдық мектепке арналған/ 1932.
2. Мектеп программалары 1934 (Қазақ әдебиеті мен қазақ тарихы).

3. Орта мектеп программалары (5-7, 8-10 тарихи әдеб курс) 1939-1940. Б 17-29.
4. Сегіз жылдық мектеп программалары. Алматы: ОКБ, 1951-1958.
5. Орта мектеп программалары. 1960-1965 оқу жылына арналған. Алматы: 1965.
6. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. –Алматы: Мектеп, 1973. -212 б.7.
7. Мырзахметов М. Билемесе бір кемел... // Абай. 1992. № 1. Б. 43 – 47.– 32 б.

ӘОЖ 37.09:001

Қ. БІТІБАЕВАНЫҢ ОҚУШЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Жолжаксынова А.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Глубокое ауданы бойынша
білім бөлімінің «Оралхан Бөкей атындағы қазақ орта мектебі» КММ,
Қазақстан, e-mail: aiko_14.01@mail.ru

«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр ұялата алады», - деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, мұғалімнің ізденісі, жан-жақтылығы, құзіреттілігі ретінде анықталады.

Қазақстан Республикасының «арқылы айқындалады. Құзіреттіліктің мазмұны - жеке кәсіптілік, интегралдық сипаттама Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім мен тәрбие алу үшін қажетті жағдайлар жасау» делінген [1, 36].

Дүниенің тұтқасы, туған жердің түлетушісі – оның адамы, қоғамды ілгері бастыратын, тарих дөңгелегін айналдырушы – дарынды адамдар. Қоғамның асыл қазынасы – оның жасампаз, рухани дамуының кемеліне келген дарынды тұлғалар.

Ұстаз жас жеткіншектің жан-жақты дамуына, оның бойында жасырын жатқан шығармашылық қабілетті ашу және белсенді әрекетке келтіру жолында тынымсыз ізденісте болу керек.

Көрнекті педагогтар А.Байтұрсынұлы, А.С.Макаренко, К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсарин еңбектерінде қабілетті дамытудың жолдарын қарастырса, оқушы шығармаларына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген педагог-ғалым М.Жұмабайұлы болды. Оқыта отырып, баланың қабілеттерін, шығармашылығын дамыту мәселесіне назар аударған ғалымдар Г.Қ.Нұрғалиева, М.Ә.Құдайқұлов, Б.П.Тұрғынбаева, Қ.О.Бітібаева еңбектерінде қарастырған.

Шығармашылық дегеніміз – адамның белсенділігі мен дербестігінің және қиял-ойын іске асырудың жоғарғы формасы. Шығармашылық актіні сипаттаушы маңызды ой-тұжырымның бірізділігі негізінде логикалық жүйенің және интуициялық сезімнің, асқақ ойлаудың ерекше тәсілдерінің іске асуы болып табылады. Бұл туралы неміс мұғалімдерінің мұғалімі атанған А.Дистервег: «оқыту барысында оқушының, ізденімпаздығы мен шығармашылығын дамыту – оның ақыл-ой қабілетін қалыптастырудың аса маңызды құралдарының бірі», - деп көрсеткен болатын [2, 136].

Шығармашылық қабілеттілік - бала өз бетінше жаңа, бір бейне құруымен сипатталады, яғни іс-әрекеттің қандай түрінде болмасын жаңалық ашу арқылы, жасампаздық бейне жасау арқылы өзіндік жеке даралық дамудың бір көрінісін байқатқан жағдаймен түсіндіріледі.

Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс-әрекет тәсілдерімен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет білігін ұштай түседі.

Ж.Аймауытұлы өз еңбектерінде «жақсы қойылған сұрау, жақсы жауап тілейді» дей отырып, балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға байланысты жақсы тапсырмалар мен жақсы сұраулар қойылса, соған сәйкес бала қабілеттіліктің жан-жақты, әрі мәнді көрінуіне әсерін тигізетіндігін дәлелдейді. «Оқыту адамдардың табиғатына қарай болсын» деп айтылған ойы бала бойындағы қабілет құрылымы, бағыты, жүйесіне орай тапсырмалар беру - баланың білімді тез, әрі жеңіл меңгеруіне, қабілеттің айқындылығына себепші болады. «Кітаптан өмірге емес, өмірден кітапқа қарай жылжысын» деген ойынан бала мектептегі оқу бағдарламасынан алған білім жүйесін, өмірде білімді қолдана алуға, қоғамға пайда келтіретін жаңа ұсыныстар мен ой қорытындыларын шығара алуға, жаңа бейне жасауға бейім болу қажет деп түсінуге болады.

Осы орайда қазақ педагогикасының тұлғасына айналған, әсіресе қазақ әдебиетін жаңаша оқыту әдістемесі мен технологиясына ұлан-ғайыр еңбек еткен Қанипа Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлану» технологиясы мен әдістемелік іс-тәжірибесінің маңызы ерекше. Оқушыға құрғақ, жаттанды білім беріп қана қоймай, шығармашыл тұлға қалыптастыру проблемасын ұлағатты ұстаз сөз еткен.

Әдіскер-ұстаз оқушыларды ғылыми зерттеуге баулуды қарапайым сабақ үрдісінен бастауды жөн санайды. Шағын жұмыстар негізінде ғылыми жоба жұмысына жетелейді. Оқу үрдісінде әр сабақ барысында оқушының ізденімпаздық қасиетін қалыптастыру үшін арнайы тапсырмалармен жұмыс жүргізуді ұсынады. Автор ғылыми- зерттеу, іздендіру жұмыстарын зерттеу, іздендіру бағытындағы тапсырмалар, кесте негізінде салыстырма лы жұмыстар, көмек-карточка бойынша жұмыс, дәлелдеуге бағытталған жұмыс түрлері, құзырлылықты қалыптастыруға бағдарланған тапсырмалар, сын зерттеу еңбектерімен жұмыстар т.б. ретінде беріледі.

Оқу үрдісінде оқушының ізденімпаздық қабілетін арттыру үшін мұғалім ең алдымен педагогикалық шеберлігі үстінде ізденуі тиіс. Мұғалім оқушыны субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызуы қажет. Ең бастысы оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету. Осы орайда Қ.Бітібаева зерттеу жұмысындағы мұғалімнің қызметін «өз еңбегін ғылыми түрде ұйымдастырушы; оқушыларды ғылыми ізденіс аймағына кіргізуші; ақыл, кеңесші, бағыт-бағдар, көмек беруші; ғылыми жетекші» деп атап береді. Демек, мұғалім оқушыға тапсырманы ұсынып қана қоймай, оқушының тапсырманы ұғынып, ары қарай орындауына көмекші болуы тиіс [3, 86].

Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылданады. «Біздің бүгінгі күні

алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тілімізді - ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет», - дейді ұстаз. Қазіргі инновациялық технологиялардың басты ұстанымы – білімді жеке тұлғаға бағыттай отырып, жан-жақты шығармашылық қабілеттерін дамыту. Осы тұрғыдан алғанда Қ.О.Бітібаеваның оқыту технологиясы оқушыны дербес ойлауға, өз бетімен еңбектеніп, ізденуге, проблеманы өздігінен шеше білуге, яғни, функционалдық сауаттылығын, құзіреттілін дамытуға бағытталған.

Білім сапасы – мұғалімдер қызметінің сапасы. Ұстаз мәртебесінің артуы ең алдымен мұғалімдердің М.Әуезов айтқандай, «ұстаз деген ұлы есімге» қаншалықты лайық болуына байланысты.

Қанипа Бітібаева педагог ретінде білімдар да білікті, өз ісінің майталман шебері болуымен қатар, жеке басының мәдениеті, адамгершілік тұлғасы, парасаттылығы, азаматтығы тұрғысында да жастарға үлгі боларлық биіктен көріне білді. Көзі тірісінде аңызға айналып, «Қазақтың Қанипасы», «Хан Апасы» атанып, халқының құрметіне бөленген ұстаздың жүрген жолы, кешкен ғұмыры, ұлт мүддесі жолындағы елеулі еңбегі біз үшін үлгі-өнеге болып қала берері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама: заң актілерінің жиынтығы. 2003 жылдың 15 мамырына. - Алматы : Юрист, 2003. - 180 бет.

2. Бітібаева Қ. Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары / Қ. Бітібаева. - Семей : Үш биік, 2007. - 120 бет.

3. Қиялбаева Н. Б. Әдебиет сабағында құзырлы тұлға қалыптастыру жолдары: «Жаһандану жағдайында тіл мен әдебиетті оқыту мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы / Н. Б. Қиялбаева. – Өскемен : Рекламный Дайджест, 2013. - 219 бет.

ӨОЖ 821.512.122.09:37.09

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА БАУЛУ БАҒЫТЫНДАҒЫ САБАҚ ТҮРЛЕРІ

Каирболатова А.С.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Келгембаева Б.Б., қауымдастырылған профессор,

филология ғылымдарының кандидаты

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: kairbolatovaa@mail.ru

Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу үшін сабақ типтерін тандап ала білу қажет. Ғылыми-зерттеу бағытындағы сабақ типтері мен түрлері, оған қойылатын талаптар туралы Ш.Амонашвили, Ю.Ж.Зотов, М.Махмудов, Л.С.Монахов, Выготский, В.Давыдов, Беспалько, отандық ғалымдар: А.Әбілқасымов,

Ә.Исабаев, М.Балақаев, И.Ұйықбаев, З.Бейсенбаева т.б., әйгілі жаңашыл ұстаз Қ.Бітібаеваның педагог-ғалымдар ізденістер жүргізген. Алдында отырған шәкіртін ғылыми-зерттеу жұмысына икемдеп, жетелеуді көздеген әрбір ұстаз осы еңбектермен танысып шығуы тиіс.

Қай сабақ типтерінде болмасын, бәріне ортақ бір мақсат – білім беру, оқушыларға жаңа білімді игерту. Ал жаңа білімді игерту сабағының дәстүрлі оқытуда да технологиялық оқытуда да түрлері, жолдары, жинақтаған тәжірибесі баршылық. Мәселен, әйгілі ұстаз Қ.О.Бітібаеваның ізденісінен туған оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу мақсатындағы төмендегідей сабақ түрлері бар (1-кестені қараңыз. Кесте Қ.Бітібаева, Б.Ауғанбаевалардың «Оқушыларды ғылым әліппесіне баулу жолдары» (Астана, 2013) еңбегінен алынды).

Кесте 1. Қ.О.Бітібаеваның оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу бағытындағы сабақтары

Сабақ түрлері	Қолданылуы
Билер кеңесінің отырысы	Тіл дамыту, қатемен жұмыста, білімді жинақтау, қорытындылау сабақтарында
Мен-зерттеушімін	Оқушыларды ғылыми ізденіс жұмыстарына баулуда
Пікір қорғау сабағы	Миға шабуыл әдісі арқылы проблемаларды шешуде
Кіші зертханадағы ғылыми кеңес	Оқушылардың ғылыми жоба қорғауы, авторефераттарын талқылағанда
Үндестік сабағы (ұлылар үндестігі)	Шығармашылық жұмыстарда
Жобалар сайысы	Жобалау технологиясының бір саласы-шығармашылық жобаларға негізделген тапсырмаларда; модельдеу, конструкциялар, сценарий жазу
Шешендік турнирі	Тіл мәдениетін дамыту, тіл ұстартуда.
Консилиум сабағы	Жазба жұмыстарын талдау, коррекция, сауаттылықты жетілдіруде
Сөз жарысы, өнер жарысы сабағы	Оқушылардың қабілеті, дарынын дамыту, теориялық білімдерін практикада пайдалана білуде
Есеп беру сабағы	Оқушылардың зерттеу тақырыбы, шығармашылық жұмыстары туралы есеп беруі.

Төменде осы аталған сабақ түрлерінің ішінен Қ.Бітібаева ұсынған оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу бағытындағы сабақтардың әдістемесі мен технологияларына тоқталып өтеміз (2-кесте).

Кесте 2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу бағытындағы сабақтардың түрлері, технологиясы мен әдістемесі

Сабақ түрлері	Технологиясы, әдістемесі
Мен-зерттеушімін	-Өр оқушы өзі таңдаған, не ғылыми жетекшісі ұсынған тақырыптарына хабарлама жасайды.

Ғылыми есеп сабағы	1. Жұмыс жоспарын, зерттеу мақсаттары мен міндеттерін ортаға салады; 2. Пайдаланып жүрген әдебиеттер тізімімен таныстырылады. 3. Ақыл-кеңестер алады. -Ізденуші оқушылар өздерінің зерттеу жұмысының орындалуы барысымен таныстырады. -Пікір алмасу, сұрақ-жауап, талдау жұмыстары жүреді. -Ғылыми жетекшінің хабарламасы тыңдалады.
Кіші зертханадағы кіші ғылыми кеңес сабағы	Ғылыми есепті әр сабақта да, арнайы сабақта да ұйымдастыруға болады. Оқушылардың ізденісін, жұмыстарын кезек-кезек тыңдап отырған тиімді болып келеді. -Интерактивті әдістерге негізделген ғылыми бағыттағы дидактикалық ойындар басшылыққа алынады. -Зертхана мүшелері сайланады, сабақты оның президенті жүргізеді. -Ауқымды, өзекті проблемалар талқыланады. -Эксперттік сарапшылар оқушылардың жобаларын, ғылыми баяндамаларын бағалайды, қорытындылайды. - Кеңес жұмысына ғалымдар, басқа да шақырылған қонақтар қатысады, сұрақтар қойып, талқылауға қатыса алады.
Іздендіру сабағы	-Іздендіру сабағының сабақтың басқа түрінен ерекшелігі оқушылардың өз бетімен бір өнімге қол жеткізуін, дербес еңбектері арқылы білімді меңгеруіне жағдай туғызады. Ең бастысы, оқушыларды іздендіре отырып, ғылыми жұмыстарға баулиды. -Өзін-өзі дамыту, оқыту үрдерісі жүреді. -Сынып алдына проблемалық сұрақтар қойылады, оқушылар проблемалық ситуацияны шешуге жұмылады. -Проблемалық сұрақтарды үйге беріп, оқушыларды оны шешуге дайындау да тиімді болып келеді. 1. Қосымша құжаттар ұсынылады. 2. Алған білімдерін еске түсіреді, қайталау жұмыстарын жүргізеді. 3. Ситуацияны шешуге дайындалады. 4. Сыныпта жұмыстарын ортаға салып, талқылайды, қорытынды жасайды. -Іздендіру, зерттеу бағытындағы сұрақтарды бірден сабақта беру де ұтымды. -Сыныпты топқа бөліп, әр топқа шешілуге тиісті проблемалық сипаттағы тапсырмалар ұсынылады. Ол тапсырмалар сынып шешетін ең басты проблемаларды әр қырынан қарастырып, бір шешімге, қортындыға келеді.

Оқушыларды ғылыми-зерттеу, іздендіру жұмыстарына баулу үрдісін әр сабақта жүргізуге болады. Себебі, зерттеу іс-әрекеті – оқушының өз беттерімен жаңа білімді іздеуі, білімді еңбегі, өз талпынысы арқылы алуына жағдай туғызады. Сондай-ақ, зерттеу іс-әрекеті оқушының дүниені тануына, дербес ізденісіне, білім алуды мақсатты түрде игеруіне де түрткі жасайды, олардың жеке тұлғалық қасиеттері де дамиды.

«Оқушының оқу-танымдық қызметі теориялық білім, білік, дағдылар мен ақыл-ой әрекетін меңгеруге, өз әрекетін жүзеге асырудың жолдарын негіздеу, белгілі бір топтағы тапсырмаларды шешу арқылы жалпы әдісті, ұстанымды игеруге бағытталады; оқу-танымдық үдеріс барысында оқушы-зерттеуші, ғылымды меңгеруші ғана емес, сол «ғылымды қайта жасаушы». Осы тұрғыдан келгенде оқушының оқу-танымдық қызметі ғылыми танымның баламасы (квазиисследование) ретінде көрінеді. Зерттеу барысында бала ережелер мен заңдарды енді өзі қайта жасап, қайта жүйелейді; оқу-танымдық үдеріс барысында оқушының өзінің қызметіне, әрекетіне деген сындық көзқарасы қалыптасады» [3, 15].

Осындай мақсаттарды алдыға қойған сабақтардың дамыта оқыту, проблемалық оқыту, жобалап оқытуға негізделгені дұрыс. Тәжірибеде бар сабақ түрлерінің барлығында оқушыларды ғылыми-ізденіс, зерттеу жұмысына баулу үрдісін жүргізуге болады. Біз өз тәжірибемізде Қанипа Омарғалиқызы ұсынған сабақ түрлерінің оқушыларды ғылыми-зерттеу аймағына кіргізуде тиімді болып келетініне көз жеткіздік. 4 - кестеде осы сабақтардың басты белгілері, қолданылатын әдіс-тәсілдері мен қандай сабақтарда пайдалануға болатыны жайлы тұжырымдары ұсынылып отыр.

Кесте 4. Ғылыми-зерттеуге баулу бағытындағы сабақтардың басты белгілері, әдіс-тәсілдері

Сабақ түрлері	Әдіс-тәсілдері, белгілері	Қандай сабақтарда пайдалануға болады
1.Дәріс сабақ	-Сөздік әдісі. -Проблемалық баяндау. -Проблемалық сұрақтардың жауабын іздеу. -Ішінара пікірлесу.	-Жаңа білімді игерту. -Қосымша құжаттар, деректер көп болғанда.
2.Семинар сабақ.	- Семинар сабақтарының проблемалық сипатта болуы; - Ғылыми құжаттар, қосымша материалдармен жұмыс, өзіндік ізденіс.	-Білімді жинақтау, қорытындылау сабақтарында; -Жаңа білімді, проблеманы өз беттерімен меңгерту, шешу мақсаттарында; -Білімді тереңдету, алған білімді тәжірибеде пайдалану. Бірге отырып, «Жаңа өнімге» қол жеткізу.
3.Қосарлан-	-Салыстыру, жинақтау,	-Жаңа білімді меңгерту;

ған дуэт, трио сабақтар.	қорытындылау. -Іздену, зерттеу жұмыстары.	-Бірнеше білім саласы арқылы білімді тереңдету, жан-жақты мағұлмат алу.
4.Баспасөз сабағы. (Пресс-конференция)	-Ғылыми сипаттағы баяндама, хабарлама. -Проблемалық бағыттағы сұрақ – жауап. -Интервью. -Бір проблема айналасындағы пікірталас. -Интерактивті әдістер; - Журналистер, әлемдік баспасөз қызметкерлерінің рөліне ену (дербес, іздену, зерттеу жұмыстары)	-Алған білімді тәжірибеде пайдалану. -Өзекжарды проблемаларды талқылау. -Дүниетанымдары, саяси, ғылыми көзқарастарының дамуы. -Ауызекі сөйлеу тілдерінің дамуы.
5. Жәрмеңке сабағы	-Интерактивті әдістер: 1. Рөлдік ойындар, өнер сайысы. 2. Инценировка, көріністер. -іздендіру тапсырмалары (ғылыми құжаттарды, энциклопедия, анықтамалардан жаңа мәліметтерді іздеу, пайдалану)	-Ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу мақсатында. -Білімді бекіту; -Шығармашылық, ғылыми ғылыми ізденістерге баулуда; -Дарыны, қабілетін дамытуда; -Халықтың әдет-салтын, дәстүрін пайдалана отырып білімді тереңдету, толықтыру
6.Сот сабағы	-Дидактикалық ойын элементі; -Қосымша құжаттардан іздену (орфографиялық сөздіктер т.б.) -Анықтау; -Ақтау; -Пікірталас; (айтыс, тартыс) -Сот қорытындысы	Оқушылардың өзіндік ойлауы, ізденуін, тақырыпқа шығармашылық бағытта қарау керек жағдайларында; -Ғылыми ізденіс, зерттеу ізденуді қажет ететін тақырыптарда.
7.Реферат қорғау	-Проблемалық сұрақтарға негізделген тапсырмалар; -Проблеманы шешу, сол мақсатта іздену; -Материалды проблемалы баяндау. -Қосымша құжаттар, ғылыми деректермен жұмыс.	Ғылыми жұмыстарға баулу, зерттеу, ізденуге жетелеу, өз беттерімен қорытынды жасай білуге, пікірлерін дәлелдей, қорғай білуге дағдыландыру.Реферат жаза білуге баулу, ғылыми еңбектермен, қосымша

	-Проблемалық зерттеу әдісі. -Пікір айту, оны нақты мысалдармен дәлелдеу, қорғау.	материалдармен жұмыс істеуге үйрету, ғылыми тілдерін дамыту.
8. Практикалық сабақ (іздендіру, зерттеу бағытындағы)	-Ғылыми құжаттармен зерттеу жұмысы. 1. Ең негізгі мәселелерді бөліп ала білу; 2. Проблемалық тапсырмалар, оның шешімін іздеу. 3. Шешімін ұжым болып талқылау	-Теориялық білімді тәжірибеге пайдалана білуде. -Қосымша құжаттар, ғылыми әдебиеттермен жұмыс істей білуге дағдыландырады.
9.Пікір қорғау.	Өзекті бір проблема бойынша өз пікірін қорғау; - Дәлелдемелер іздеу. -Қосымша құжаттармен жұмыс, оған сыни көзқарас білдіру. - Пікірлер сайысы арқылы проблема шешімін іздеу. -Қорытындыны сарапшылардың шығаруы.	-Табандылыққа, өз ізденістерін, тапқандарын қорғай білуге, оны нақты деректер арқылы дәлелдеуге баулиды.
10.Дебат сайысы.	-Өзекті, ауқымды проблеманы талқылайды. -Сынып екі жаққа бөлінеді. Аргументтерін ұсынады. -Көзқарастарын ғылыми, қосымша құжаттар, нақты дәлелдер арқылы қорғайды.	-Ғылыми стильде сөйлей білуге түрткі жасайды. - Қосымша құжаттармен жұмыс істеуге, ең негізгі керекті мәселелерді бөліп алуға жетелейді.
11.Жобалар сайысының сабағы	-Сайыс сабағының тақырыбы оқушыларға екі апта бұрын ұсынылады. Ол дайындықты, ізденуді, уақытты талап етеді. -Мұғалім тарапынан көмек-нұсқау беріледі. 1. Әдебиеттер, қосымша құжаттар ұсынылады. 2. Жоба түрлерінің бірнеше нұсқасы, үлгісі таныстырылады, оқушылардың таңдап алуына ерік беріледі. 3. Орындау тәртібі, талаптары түсіндіріледі. 4. Сайыс болған соң оны бағалау деңгейлері белгіленеді.	-Өз ізденістерін ортаға салу, оны қорғауға білім сайысына жаттығады. -Іскерліктері қабілеттері жетіледі. -Өз беттерімен іздену, бір жаңа «өнім» жасап шығару үрдісі жүреді. -Білімдерін өз еңбектері, зерттеулері арқылы шығармашылық деңгейге көтеру әрекеттері жүзеге асады.

	5. Қазылар алқасы тағайындалады, олар жүлдені анықтайды. -Жоба сайысына жеке оқушы да, топқа бөлініп те қатысуға болады. -Жобаны модель, сызба, әр түрлі бейне, нобай түрінде де орындауға болады.	
12.Жоба қорғау сабағы.	Оқушыларға берілген іздендіру тақырыптарының ішінен ғылыми сипаты барларын тандап алып, оны ғылыми жоба жазуға жетелеуге болады. Оқушыларға арналған оқулық-дәптерде оны қалай жазу тәртібі берілген. Жоба қорғау сабағында оқушылардың ғылыми ізденіске, зерттеу жұмыстарына деген қызығушылығын, белсенділігін, жауапкершіліктерін арттыру мақсатында ғалымдарды, мектеп басшыларын, мұғалімдерді, ата-аналарды қатыстырып, олардан эксперттік топ құруға болады. Сыныптағы психологиялық ахуалға ерекше көңіл бөлген дұрыс. Оны мереке ретінде ұйымдастырудың тиімділігі ерекше. Қолдау, мадақтау, көтермелеу-оқушылардың ынтасын арттырады, ары қара іздену жұмыстарын жалғастыруға түрткі жасайды. Жобаны төмендегі үлгіде жүргізген дұрыс. -Сабақты жүргізушінің кіріспе сөзі; -Жұмыс жетекшісінің есебі, бағасы, -Жоба қорғаушының есебі. Оның үлгісі төмендегідей: 1.Тақырыптың өзектілігі. 2.Мақсаты, міндеті. 3. Жаңалығы. 4.Ұсыныстар.	-Оқушылардың ғылыми ізденіс, зерттеу жұмыстарына деген қызығушылықтары, белсенділіктері артады. -Өз ізденістері арқылы білімдері тереңдейді, білімді шығармашылық деңгейге көтеру үрдісі жүреді. -Қабілеттері, дарындарының дамуына түрткі жасайды. -Оқушылардың ғылыми ізденісін тәртіпке келтіреді. -Жоба иелері ақыл-кеңес алады. Ары қарай ізденуге бағыт-бағдар алады.

	5.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетіледі. -Есептен соң сұрақ-жауап, пікірлер, ескертулер айтылады. -Сабақтағы жоба қорғауды «Дарын» орталығы өткізетін жоба қорғаудың дайындығы деуге болады.	
--	---	--

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу сабақтарының жүру барысы төмендегідей болып келеді:

- Оқушыларға ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптары ұсынылады.
- Мұғалім зерттеу тақырыбы бойынша көмек-нұсқау береді.
- Мақсат қояды.
- Қажетті әдебиеттермен, қосымша құжаттармен таныстырады.
- Ғылыми-зерттеу жұмысын орындау тәртібімен таныстырады. Олардың бірнеше үлгісін түсіндіріп, таңдауын оқушылар еркіне қалтырады.
- Жұмысты орындау жоспарының үлгісін ұсынады.
- Сайыстың талаптарымен таныстырады.
- Сайысты бағалау сарапшыларын тағайындайды.
- Бағалау критерийлерін белгілейді.

Қазіргі күнде ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу сабақтарын жүргізудің тиімділігі зор екендігі теориялық еңбектерді саралау барысында да, жеке тәжірибемізде дәлелденді. Нәтижесінде ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу сабақтары жайлы төмендегі тұжырымдарға тоқталдық:

- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, белсенділігін арттырады;
- Теориялық білімдерін тәжірибеге пайдалану іскерліктерін дамытады;
- Қабілеттері, дарынын жетілдіруге түрткі жасайды;
- Ғылыми ізденіс, зерттеу іс-әрекеттеріне баулиды;
- Өз беттерімен, дербес еңбектерімен білімдерін шығармашылық деңгейге көтеруге жағдай туғызады;
- Зерттеушілік құзыреттіліктері дамиды;
- Ана тілі басты рухани құндылық ретінде бағалауға үйренеді;
- Таным көкжиектері кеңейеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қ.Бітібаева, Б.Ауғанбаевалардың «Оқушыларды ғылым әліппесіне баулу жолдары» (Астана, 2013).

2. Обухов А.С. Исследовательская деятельность как возможный путь вхождения подростка в пространство культура // Школьные технологий. 2001. - №5. - 26-35с.

3. Савенков А.И. Содержание и организация исследовательского обучения школьников М: Сентябрь. 2003, 204 стр.

М. ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА БАУЛУ

Каирболатова А.С.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші: Келгембаева Б.Б., қауымдастырылған профессор,
филология ғылымдарының кандидаты
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: kairbolatovaa@mail.ru

«Ғылым – ғаламды танудың кілті болса, сол ғылымның негізі білімде жатыр. Ал білімнің негізі орта мектепте қаланады» [1, 13 б.]. Қазіргі педагогикада оқушыларды ғылыми жұмысқа баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Оқушыларды ғылым әлеміне қалай әкелу керек, қалай жетелеу керек, оның тиімді жолдары қандай деген мәселе ғалымдар мен ұстаздарды толғандырып келеді.

Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында оқушылар жаңа іс-әрекеттерді игереді. Бұл жұмыс түрі оқушылардың қызу ой еңбегіне негізделеді. Ғылыми-зерттеу жұмысы оқушылардың жан-жақты білімін, ойлау дербестігін, зерттеу дағдыларын қажет етеді. Оның себебі ғылымның қоғамдық сананың ерекше формасы ретіндегі өзіндік табиғатында жатса керек. Орыс ғалымы Е.А.Нинбургтің: «...наука – выяснение нового, неизвестного, процесс получения новых знаний. Новых не для одного человека, а для всех людей. И так наука - способ познания мира, имеющий, однако, свои способности», - деген пікірі өте орынды айтылған [2, 222 с.]. Демек, оқу үрдісі ғылымға негізделіп, ғылыми зерттеу барысында меңгерілсе және оқушылардың ойлау жүйесі мен ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға құрылса ғана нәтижелі болмақ.

Ғылыми-зерттеу жұмысының репродуктивті оқытудан бірқатар артықшылығы бар. Атап айтқанда:

Біріншіден, ғылыми-зерттеу бағытындағы тапсырмаларды орындау арқылы жаңа тақырып берік те сапалы меңгеріледі;

Екіншіден, оқушылар ғылыми және логикалық тұрғыдан ойлануға үйренеді;

Үшіншіден, ғылыми-зерттеуге құрылған тапсырмалар баланың эмоциясына әсер етеді. Балалардың оқуға қызығушылығы артады.

Оқушыларды ғылыми жұмысқа баулу төменгі сыныптардан басталуы керек. Әдебиет пәнінен зерттеу жұмысына баулу төменгі сыныптардан басталса, оқушы мәселені көруді, стандартты емес шешімдер табуды, өзінің пікірін, көзқарасын дәлелдей білуді ертерек үйренеді.

Әдебиет сабағында шығарманың негізінде жатқан проблемаларды дөп табу, авторлық позиция, қаламгер стилі, көркем тіл ерекшелігін таныту, тұжырымдап айтсақ, көркем мәтінді жан-жақты терең талдай білу – ғылыми-зерттеу жұмысының бастауы болмақ. Әдебиет сабақтарында көркем мәтінді зерттеу әдістерінің ішінде салыстырмалы талдау ерекше орынды алады. Бұл көркем шығарманың мәтінішілік, мәтінаралық элементтерін және сыртқы элементтерін дәйекті түрде қарау, бір-

біріне ұқсас әдеби құбылыстар мен фактілерді салыстыру арқылы жүзеге асады. Салыстырмалы талдауда оқушылардың аналитикалық дағдылары мен салыстырмалы талдау ұстанымдарының қалыптасу деңгейі ескеріледі.

Ғылыми-зерттеу жұмысына кіріспес бұрын бағдарламдағы көркем шығарманы оқушылардың оқып шығуын ұйымдастыру маңызды. Бірақ берілген шығарманы сыныптағы оқушылардың барлығы бірдей оқымайтынын тәжірибе көрсетіп жүр. Мұның басты себебі, мектеп оқушыларының гаджеттерге әуестігі, басқа пәндерден берілетін тапсырмалардың көптігінен уақыттың тапшылығы болуы мүмкін. Шығарманы оқып үлгере алмаған оқушыға осы көркем шығарма туралы ғылыми-зерттеу бағытындағы тапсырма берудің нәтижесіз болары түсінікті. Сондықтан ең алдымен оқушыға көркем мәтінді меңгертуге күш салу қажет. Ол үшін оқу жылының аяғында келесі сыныпта бағдарламаға сай оқылатын шығармалар мен монографиялық еңбектердің тізімі оқушыларға беріліп, жазғы демалыс кезінде оқу тапсырылады.

Мәселен, Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің «Абай жолы» дәуірнамасын жазғы демалыста оқып бастамаса, бағдарламада берілген уақытта толық оқып шығу мүмкін емес. Роман-эпопеяны оқыту барысында ғылыми-зерттеу жұмыстарына ұсынуға болатын тақырыптар мол. Өйткені, роман-эпопеяда автор Абай шығармашылығының тарихи-қоғамдық, философиялық, тарихи негізін ашумен қатар, қазақ халқының ұлттық болмысын, дәуір шындығын асқан суреткерлік зердемен бейнелейді. Мұндай күрделі туындыны өткенде оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулудың берері мол. Ол үшін алдын ала жоспарлы дайындық жұмысы жүргізілуі тиіс. Дайындық жұмыстарының кезеңдері төмендегідей болмақ:

1. Эпопеяны оқушылардың алдын-ала оқуын ұйымдастыру. Өйткені, оқушылар шығарма мәтінін жетік білмей ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу мүмкін емес.

2. Оқушыларды «Абай жолы» романын талдауға дайындау. Қосымша оқуға мынандай әдебиеттер ұсынуға болады: М.Әуезовтің «Мен «Абай», «Абай жолы» романдарын қалай жаздым?» атты мақаласы, М.Қаратаевтың «Тұңғыш эпопея» атты кітабы. Соған орай жоспар, тезис, конспект жасау жұмыстары жасалады. Әрине, бұл жұмыстар оқушыға ұсынылатын тақырыптарға сай жүргізіледі. Жоғарыда айтылған мақала мен зерттеу еңбегін әр оқушыға толық конспектилету, тезис жасату мүмкін емес. Тезис, конспект жасалатын беттер баланың тандаған тақырыбына сай беріледі.

3. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүйесін белгілейтін тақырыптық-сабақтық жоспар жасау. Сол жоспар бойынша жұмыс жүргізу.

Жазушының өмірбаяны мен шығармашылығын өтетін алғашқы сабақта «Абай жолы» бойынша әңгіме өткізілетіні ескертіліп, тапсырма-сұрақтар беріледі. Ондай сұрақтар әдетте мынандай болып келеді:

1. Қодар өлімінің себебі не?
2. Бөкенші, Борсақ пен Құнанбай арасындағы дау неден басталды?
3. Барлас ақын Абайға қандай әсер етті?
4. Ералыдағы оқиға неден басталды, қалай аяқталды?
5. Абайдың Михайловпен танысуы.
6. Балқыбек съезіндегі Абайдың төрелігі т.б.

Осы сияқты сұрақтар қою арқылы оқушылардың шығарманы оқығаны, не оқымағаны, қаншалықты түсінгені тексеріледі. Оқушылардың еркін, әрі толық, нақты жауап беруі талап етіледі. Ал басқа оқушылар әрі тыңдаушы, әрі толықтырып, түзетуші болады. Сабақтың оқушыларға қойған мұндай талабы олардың шығармашылық ой қызметін талап етеді. Мысалы, Қодар мен Қамқа өлімінің себебі Абай мен Жиренше кездескенде оқиғадан кейін іле-шала немесе дәл сол оқиғаның алдында баяндалмайды, бірнеше тараудан кейін барып айқындалады. Оқушы романның мазмұнына ой жүгіртіп, керекті жерлерін тандап теріп алуға, оны жүйелі де, нақты айтып беруге талпынады. Бұл жаттығу олардың логикалық ойын, тілін дамытады. Оқылған мәтіндегі ең маңызды да басты мәселелер мен оқиғаларды тандап ала білу, жеке бөлімдер мен жалпы шығарма идеясы арасындағы байланысты жақсы түсіну, логикалық өзекті сақтай отырып, материалды қайта құрып, шығарманың жалпы мазмұнын қамту оқушылардың роман-эпопеяны түсінуіне жол ашады. Осы тұрғыдан сыныптан тыс оқуға арналған сабақта оқушылардың берген жауаптарына талап дұрыс қойылуы керек. Келесі сабақтарда роман-эпопеяны әр қырынан, толық таныстыру мақсатында оқу әрекеті қадау-қадау проблемаларға құрылады. Атап айтқанда, романның тууы, тақырыбы, жанры, романның идеясы, Абай бейнесі, Құнанбай бастаған дала шонжарларының бейнесі, халық ұлдарының бейнесі, дәуірламадағы әйелдер бейнесі, романның көркемдік ерекшелігі т.б. мәселелерге арналады. Бұл тақырып бойынша оқушыларға баяндамалар ұсынылып, сыныпта тыңдалады. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары көркем шығарма мәтінімен танысу, талдау жұмыстарынан соң, қажетті жерінде бірге жүріп отырады.

Әдіскер-ұстаз Қ.О.Бітібаева «М.Әуезов туындыларын оқыту» еңбегінде ғылыми-зерттеулердің түйінін, дәнін оңтайлы пайдалана отырып, жас өскіннің интеллектуалдық дамуына түрткі жасау, жағдай туғызу әдістерін көрсетіп береді. Мәселен, осы кітапта «Қорғансыздың күні» әңгімесін оқыту барысында М.Қаратаевтың «М.Әуезов» атты еңбегін талдау үшін мынадай жұптық тапсырмалар беріледі:

«1. М.Қаратаев еңбектің қандай жағын көрсетеді? Өздеріңнің пікірлерің қандай?

2. Ғалым жазып отырған «сыншыл өткірлік пен нәзік психологизмді» әңгіменің қай жерінен көруге болады? Нақты дәлелдермен жауап беруге ізденіндер.

3. Кейіпкерлердің ішкі дүниесін нәзік лиризммен береді деген ғалым пікірін немен дәлелдейсіңдер?

4. Әңгімедегі табиғат құбылыстарының кейіпкердің ішкі дүниесін ашудағы маңызы туралы айтқан ғалым пікірін әңгімеден нақты мысалдар ала отырып дәлелдеуге тырысыңдар» [3, 21б.].

Осындай нақты тапсырма алған оқушы ғылыми еңбекпен де, көркем мәтінмен де жұмыс істей отырып, өзіндік топшылаулар жасайды, пікір білдіреді. Білімді өз ізденісі арқылы алады. Көркем туындыны өз күшімен талдауға талаптанады.

Қорыта келгенде, өте күрделі әрі көлемді туынды – «Абай жолы» эпопеясын оқыту барысында ұйымдастырылған оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыс түрлері және оған әрбір сабақта қандай орын берілгенін алып қарасақ, ол мынандай болып шығады:

1) Сыныптан тыс оқуға берілген «Абай жолы» дәуірнамасының мазмұнын оқушылардың шығармашылық баяндаулары.

2) Сыныпта ой белсенділігін тудыру мақсатында оқушыларға түзету, толықтыру, еске түсіру, сұрақ қою т.б. жұмыстарын орындату.

3) Сыныпта алған білімдерін терең, саналы меңгеру мақсатында оқушылардың дәуірнаманы өздері білетін романдармен салыстырып, олардың жанрлық ерекшеліктеріне байланысты айырмашылықтарын топшылауы. «Абай жолын» неліктен эпопея дейміз?» деген сұраққа жауап жазуы.

4) «Абай жолы» романдарының идеясы мен Абай бейнесін талдауға дайындық барысында берілген сұрақтарға көркем шығарманы қайта қарап жауаптар жазуы;

5) Эпопея кейіпкерлеріне өздіктерінен талдау жасауы т.б.

Ғылыми-зерттеу тақырыбы төңірегінде топтық, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруға болады. Ол үшін сыныпты шағын топтарға бөліп, әр топ ізденіс тақырыбын таңдап алады. Осы таңдалған мәселелер бойынша алдын-ала дайындалады. Оқуға ұсынылған материалдармен бірге қосымша материалдар (иллюстрациялар, музыкалық туындылар, спектакльдерден, фильмдерден үзінділер т. б.) беріледі. «Абай жолы» роман-дәуірнамасын оқыту барысында мынандай зерттеу тақырыптары аясында топтық жұмыс жүргізуге болады:

1. «Абай жолы» дәуірнамасының жазылу тарихы.
2. Дәуірнама атауының символдық мәні ғалымдар зерттеуінде.
3. «Абай жолы» дәуірнамасындағы Абай бейнесі.
4. Театр мен кинодағы Абай т.б.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына берілетін тақырыптар өзара және әдебиет бағдарламасындағы жалпы тақырыптарды оқытудың мазмұнымен, әдісімен тікелей байланысты. Әр сыныптағы әдебиет пәнінің бағдарламасынан тыс ғылыми-зерттеу тақырыптарының білім сапасын арттыру мен оқушының ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуда діттеген нәтижеге жеткізбеуі мүмкін. Керісінше, оқушыға да, мұғалімге де уақытын алатын, артық жұмыс ретінде қабылданатыны да тәжірибеден көрініп жүр. Сол себепті ғылыми-зерттеу тақырыбы әдебиетті оқу мақсаттары мен оқудан күтілетін нәтижелермен тығыз сабақтасып жатуы керек.

Зерттеулер барысында оқушылар М.Әуезовтің қаламгерлік даралығы мен стиліне назар аударады. «Абай жолы» дәуірнамасын оқыту үдерісіндегі оқушыларға берілетін жұмыстардың барлығы дерлік олардан ой белсенділігі мен дербестігін қажет етеді және бағдарлама бойынша жинақталуы тиіс теориялық білім-мағлұматтармен ұштасады. Оқушыларға берілген жұмыстар көркем шығарманы эмоциялық әсермен терең қабылдауына жол ашады.

Екіншіден, оқушыларға берілген зерттеу тақырыптары оқытылып отырған материалдың негізгі де, басты мәселелерін, мазмұнын түгел қамтиды.

Үшіншіден, берілген тапсырмалардың бәрі олардың білім және таным белсенділігін арттыратындай дәрежеде. Яғни, олар шәкірттердің алдына нақты міндеттер қояды, сабаққа қызығуын, әрбір жұмысты мақсатты түрде орындауын, жаңа материалды көңіл қоя қабылдап, есте сақтауға тырысуын арттырады. Сондықтан қазақ әдебиетінен ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға жете мән берілуі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Құсайынов А. Білім жүйесін реформалаудағы жаңа буын оқулықтары // Қазақ тілі мен әдебиеті. №2. – 2003. - 7-13б.
2. Нинбург Е.А. Технология научного исследования // Исследовательская работа школьников. - № 1. 2007. – 222с.
3. Бітібаева Қ.О. М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту.-Алматы: Мектеп, 2002.

ӘОЖ 82.09-21:37.091.3

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУ

Мырзаханова С.Т., магистранты

Ғылыми жетекші: Келгембаева Б.Б., филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессоры

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: saya.myrzakhanova@mail.ru

Проблемалық оқытудың мақсаты – оқушылардың шығармашылық ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз ету арқылы білімді тиянақты, әрі сапалы меңгеру, шығармашылық ынта-жігер туғызып, өздігінен ізденуге, жаңа білімді меңгертуге негіз жасау. Т.Ақшопалов «Қазақ әдебиетін оқыту» оқу-әдістемелік құралында: «Білімді ойланарлық, ізденерлік, алға жетерлік сипатта берсек қана, оқу-тәрбие жұмысында жоғары нәтижеге қол жеткізе алмақпыз. Проблема қоя отырып, баяндау – соған жеткізер жол. Түсініксізді оқушы өзі ізденіп барып табуы, шығармадағы проблеманы өздігінен шешуі керек. Проблеманың тосындығы, өткірлігі, күрделілігі – оқушыны проблеманы шешуге ынталандырады, жетістікке бағдарлар», - деп нұсқау жазды [1].

Озат ұстаз Қ.Тасболатов «Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары» атты әдістемелік құралында жеке ұстаздық тәжірибесінен туындаған пайымдауларын тұжырымдай отырып, әдебиет сабағын проблемалап оқыту мәселесіне назар аударған [2].

Әдіскер-ұстаз Қ.Бітібаеваның: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру. Сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы дәрежесінде қатыстыру» [3], - деуінің өзі проблемалық оқытуда шығармашылық жұмыстардың маңыздылығын көрсетеді. Ал, Т.Қ.Жұмажанова «Әдебиетті оқыту әдістемесі» еңбегінде проблемалық оқытудың қолдану ерекшеліктеріне талдау жасайды [4]. Автордың пайымдауынша, оқытушы проблемалы сұрақтар дайындап, тапсырмалар бере отырып, жағдаятқа құрылған ұжымдық талқылаулар ұйымдастырады. Оқушылар бұрынғы жинақтаған білімнің негізінде проблемалық ситуациядан шығудың жолдарын іздестіреді. Тапсырманы орындау барысында оқушылардың ой-өрісінің шығармашылық сипатта болуын, зерттеушілік қабілетін оқытушы қадағалайды. Олар өз бетімен ізденеді, ойланады, өзіне-өзі сұрақ қояды, кітаптан қарайды, салыстырады, ажыратады, ойтүйін

жасайды. Сонымен қатар, Т.Қ.Жұмажанова проблемалық сұрақтар мен шығармашылық тапсырмалардың жүйелі түрде берілуі, проблеманы оқушының зерделеп, өздігінен шешуі, оларда белгілі бір мотив туғызатындығын атап өтеді.

Б.Әрінова «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы» атты монографиясында қазақ әдебиетін проблемалық оқытуды жүзеге асырған ғалымдар мен әдіскерлердің еңбектеріне талдау жасайды [5]. Автор қазақ әдебиетін проблемалап оқытуды практикада тиімді жүзеге асырған озат ұстаздардың еңбектерін ерекшелеп көрсетеді. Бұл әдістемелік еңбектерде проблемалық оқытуда оқушылар бейтаныс, белгісіз мәселелерді өз беттерінше шешуге жұмылатыны, проблемалық ситуацияны шешу арқылы оқушылардың шығармашылық ойлауы дамитыны, интеллектуалдық таным үрдісі жетілетіні дәлелденген.

Әдіскер-ұстаз Қ.Бітібаева «Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту» еңбегінде дәстүрлі оқыту мен проблемалық оқытудың ерекшеліктерін салыстыра көрсетеді [6]. Б.Д.Жұмақаева «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» еңбегінде проблемалық оқыту шығармашылық жұмыстарды жүргізудің ең өнімді жолы екенін көрсетеді[7].

Қазақ әдебиетінен көркем шығармаларды оқытуда кейіпкерлердің әрекеті немесе жазушы шешімі туралы оқушыларда сұрақтар туындайды. Осы орайда, шығармашылық тапсырмалардың орны ерекше. Оқушы кейіпкерге өзі шешімін таппаған сұрақтарын қояды. Ал басқа оқушы сол кейіпкердің атынан жауап береді. Бұл әдіс тікелей сұрақ-жауап ретінде немесе кейіпкер монологы арқылы да жүзеге асырылады. Мысалы, «Шығарма кейіпкерімен кездестіңдер деп елестетіңдер. Сендердің тек қана екі сұрақ қоюға мүмкіндіктерің бар. Сендер қандай сұрақ қояр едіңдер? Ол қалай жауап берер еді деп ойлайсыңдар?» деген тәрізді сұрақтар қоюға болады. 7-сыныпта Төлен Әбдіктің «Қонақтар» шығармасын өту барысында оқушыларға «Бас кейіпкер Сапабекпен кездессең, қандай сұрақтар қояр едің?» деген сауал берілді. Оқушылардың сұрақтары мен жауаптары төмендегідей болды:

Проблемалық сұрақтар	Оқушы Сапабектің атынан мүмкін жауабы:
Неліктен жазғы демалысты қара шаңыраққа келіп, ата-анаңыздың жанында өткізбейсіз?	Мен - геологпын. Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуім керек. Шет елдерге тек саяхат үшін бармаймын, ел, жер көріп, зерттеу жүргіземін. Егер мен жазғы демалыста ауылда болсам, ғылымның дамуына үлесімді қоса алмас едім.
Не себепті ұлыңызды атасының қазақы тәрбиесіне бергіңіз келмейді?	Ұлым орысша оқиды, ауылда орыс сыныбы жоқ. Бәрін басынан қазақша бастау қиын болады. Ұлымның білім алуына, дамуына кедергі келтіреді деп ойладым.
Болашақта қара шаңырақтың тағдыры не болады?	Сонда өзіңді және өз болашағыңды бірінші орынға қою қате болғаны ма? Мен шет ел аралап, жер бедерін зерттеп, ғылыммен айналыспасам, елімізді кім дамытпақ сонда? Болашақта зерттеу жұмысым аяқталған соң, ата-анамның жанына келіп, ауылдық

Бұл шығармашылық жұмысты түрлендіріп, кейіпкер атынан монолог жаздыруға да болады. Оқушылар негізгі кейіпкер Сапабекпен кездесіп сұрақ қойса, Ерғабыл қарияның атынан монолог жазады.

Оқушы-А. Ерғабыл қарияның монологы:

Мені ферма санитарының ««Шалдар бар ғой, әйтеуір кері тартасыңдар да отырасыңдар, ал, сенің қасыңда қалды, бала бақты, сені бақты. Ал сонда не бітірмек? Балаларға тыйым салуға болмайды» деген сөзі жаныма батты. Атам қазақ «Атадан ұл туса игі, ата жолын құса игі», «Атадан пұл қалғаниша, ұл қалсын» демей ме? Біз өз өміріміздің соңын қалай елестеттік? Әрине, мәре-сәре болып шулап жатқан немере ортасында келінім шәй құйып, ұлым қамқор болып отырғанын елестеттім. Ал, Сапабектің ауылға бір күн ғана қонып, оның өзінде менімен сырласа сөйлеспей, тек ел жұртқа Лондон, Марокко, Италия, Будапеште болғанын айтып, мақтануы дұрыс па? Бүгін Сапабек қара шаңырақты тастап кетсе, бір отбасының дәстүрі ғана бұзылмай, батысқа еліктеген ұрпақ көбейіп, ұлт болашағына қауіп төнері анық. Ертең Сапабекті де ұлы тастап кетер... Ата-анаға жанында балаларының жылулығы керек екен. Кәрі жүрегім: «Сапабек қайтып келіп, қара шаңырақтың түтінін өшірмейді» - дейді. Оның әрекетіне қарап, немерем де дәл солай жасайды деп сенемін!».

Сондай-ақ, М.Шахановтың «Нарынкұм зауалы» шығармасындағы әке бейнесі, Б.Сокпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесіндегі Қожа, О.Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» шығармасындағы Тортай, «Атау- кере» романындағы Ерік, Таған, М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы Ноян, Баян, тұтқын қыз, Д.Исабековтың «Әпке» драмасындағы Қамажай, Б.Мұқайдың «Өмірзая» романындағы Аяған бейнелерімен кездесу немесе олардың атынан монолог жаздыруға болады. Бұл шығармашылық тапсырмалар кейіпкерлерді тереңнен тануға мүмкіндік беріп қана қоймай, оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін дамытуға негіз болады.

Оқытуда оқушы белсенділігін арттырумен қатар, әр оқушының мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын анықтау маңызды. «Ыстық орындық» әдісі арқылы оқушылардың проблемалық сұрақ қою дағдысы қалыптасады және сұрақ қою арқылы өзара ашық пікірлеседі. Сыныптағы кез-келген оқушыны «Ыстық орындыққа» отыруға шақырады. Ең маңыздысы – өз еркімен шығу. Оқушы ортада тұрған үстелге отырып тапсырма бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. Мұғалім оқушыға берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру қажеттігін түсіндіреді. Сұраққа жауап бере алмаған жағдайда «күйді» деп ескерту беріледі. Осылайша бес немесе алты оқушы «Ыстық орындыққа» отыру арқылы үй жұмысына немесе жаңа сабақты қорытындылау бойынша сұрақтарға жауап береді. Мысалы, 8-сыныпта оқу бағдарламасы бойынша М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы оқытылады. Оқушылар «Ыстық орындық» әдісі арқылы «Жамалды аман алып қалудың мүмкіндіктері болды ма?», «Неліктен Шолпан көзі ашық бола тұра Сәрсенбайды «Жамалды таз Жұманға беремін...» деген райынан қайтара алмады?», «Сіздің

ойыңызша, Сәрсенбайдың достары қандай адамдар?», «Не себепті Жұман Жамалға жақсы қарай алмады?» деген проблемалық сұрақтар негізінде шығармаға талдау жүргізеді. Оқушылардың жауаптары сан алуан, бірақ әр пікір әр оқушыға белгілі бір ой салады. Бұл әдіс арқылы оқушылар ұсынылған пікірлер негізінде сараптауға, бір-бірін тыңдауға, бірінің ойын бірі толықтыруға үйренеді.

Оқу бағдарламасы бойынша 6-сыныпта Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» шығармасы оқытылады. Бұл шығарманы проблемалық талдауда «Қабырға газеті» әдісінің тиімділігі жоғары. Әдісті жүзеге асыру алгоритмі бойынша шығарма бөлімдерін оқып болған соң, оқушылар түрлі-түсті қағаздардан өздеріне ұнаған түсті тандап, әртүрлі кескіндер қиып алады (үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер), шығарма оқиғасын өз көзқарасымен дамытып жазады. Шығарманы дамытып жазу үшін «Неліктен Тортай мен Ораш кездесе алмады?», «Қалай ойлайсың, болашақта Ораш Тортайға көмектесе ме?», «Тортайдың қазіргі тағдырына кім кінәлі? Өзі ме, әлде Ораш па?», «Тортай арманын Орашқа бере салды деп ойлайсыз ба?» деген проблемалық сұрақтар ұсынылады?

Оқушы-А жауабы:

Ораз Алматыға қайтып кетті. Алайда, бұл сапары жүрегіне ауыр болды. Қалаға келгеннен бері Тортай есінен шықпады. Көп ойланды. Дереу ауылға қайтып, жүрегінің түкпіріндегі сырды ашып, ескі досымен сырласпаққа шешім қабылдады. Таң ата жолға шығып, ауылға жетті. Анасының қою қара шайын асыға іше салып, Тортайды іздеп кетті. Тозығы жеткен үйдің жанында көк бестісімен сөйлесіп тұрған Тортайды көрді. Дауыстап атын атайын десе даусы шықпай, алға жүрейін десе аяғы баспады. Жүрегі қатты соғып, дәті бармады. Тортайды іштен біреу шақырып, үйіне кіріп кетті. Ораз тағы да батылы жетпей кері қайтты. Жүректегі сезімді шығару қандай қиын еді. Бұл мәселе шешімін таппай жүрек түбінде қалатынын анық ұққандай Ораз сонау балалық шақтағы Тортай екеуінің армандарына куә болған үңгірге қарай беттеді.

Ғылыми мақаланың тақырыбын толық ашу мақсатында және өңірлік баспа БАҚ-қа мемлекеттік қолдау көрсету тетіктерін толық зерделеу үшін ҚР қолданыстағы заңнамаларына контент-талдау жүргізілді.

Қазақстандағы сөз және ақпарат бостандығы елдегі негізгі құжат болып табылатын ҚР Конституциясында белгіленіп, негізгі құндылықтардың қатарына жатқызылған [4]. Мысалы, «Адам және азамат» бөлімінде адамның құқықтары мен бостандықтарын тану және кепілдендіру, сөз және шығармашылық бостандығына кепілдік беру, әркімнің заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпарат алу және тарату құқығы туралы айтылған, сондай-ақ осы саладағы тыйымдар туралы, Қазақстандағы адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттері регламенттелген.

Осы орайда сөз және ақпарат бостандығына, соның ішінде БАҚ өкілдеріне деген бостандық идеяларының іргетасы Конституциялық нормаларға негізделіп қаланған деп санаймыз.

Конституцияның идеяларын, қағидаттары мен нормаларын дамыту негізінде, оған сәйкес әртүрлі нормативтік құқықтық актілер қабылданған.

Атап айтқанда, БАҚ саласын реттейтін негізгі заң, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі қабылданған заң [5].

Бұл заңға 49 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, соңғы рет 19.04.2023 жылы қайта қаралған. Соңғы өзгерістер бойынша 1-баптың 3 тармағына сәйкес интернет-ресурстар БАҚ қатарына енгізіліп, ақпараттық саясатты жүзеге асырудағы өкілетті органның құзіреттілігі артты.

Бүгінгі таңда медиа нарықтағы мемлекеттік саясатты анықтайты 2023 жылғы 20 наурызда қабылданған ҚР Ақпараттық доктринасы жүзеге асырылуда [6]. Доктрина ақпараттық салада қалыптасқан жаңа жаһандық жағдай мен ақпараттық қауіпсіздіктен туындайтын қауіп-қатерге жауап ретінде қабылданып, отандық ақпараттық саланы дамытудың жолдарын, оның ашықтығы мен бәсекеге

қабілеттілігін арттыру қағидаттары мен тетіктерін ұсынады. Доктрина сондай-ақ мемлекет пен қоғамның одан әрі дамуына ықпал ететін, халықтың мүдделеріне сай келетін идеялық-құндылық көзқарастарын айқындайды.

Алайда Доктринада интернет-ресурстарға, соның ішінде әлеуметтік желілер мен ақпараттық порталдарға басымдық берілген, осы тұрғыда дәстүрлі БАҚ өкілдерінің перспективасы мен дамуына айтарлықтай қауіп төніп отыр.

Осы орайда, 2019 жылы 3 шілдеде ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес медиа нарықты мемлекеттік қолдау тетіктері түбегейлі өзгеріп, квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мараторий енгізілді [7]. Бұл мемлекеттің кәсіпкерлік қызметтегі үлесін азайтып, жеке меншік бизнесті дамытуға қолайлы жағдай жасау үшін жасалған қадам болды.

Нәтижесінде, «Мемлекеттік БАҚ» деген ұғым қолданыстан алынып, МАТ-ты жүзеге асыру үрдісі бәсекелестік ортаға берілді. Демек, мемлекеттік ақпараттық саясатты тікелей тапсырыс арқылы жүзеге асырып отырған БАҚ бәсекелік ортаға өтіп, мемлекеттің қолдауын алу барысында үлкен қолайсыздықтарға тап болды.

Сәйкесінше бұл өзгерістер көптеген БАҚ өкілдерінің, әсіресе, ауылдық деңгейде ресми ақпараттың негізгі көзі болып табылатын АГ-нің қызметіне қиындықтар туындатты. Статистикаға сүйенсек, 2018-2023 жылдары республикалық 3 басылым («Мегаполис», «Караван», «Экспресс К»), ШҚО – 2 басылым («Устинка плюс», «Flash») өз қызметерін тоқтатты [8].

Бұл үрдіс АГ-ге де кері әсерін тигізді. Мысалы, ШҚО-да 2020 жылы – 123 газет болса, 2023 жылы (Абай және ШҚО қоса алғанда, бұрынғы ШҚО аумағы) – 31 өңірлік баспа газеттері тіркелген (соның ішінде 23 жеке-меншік басылымдар, 8 газет «Шығыс Ақпарат» медиа холдингінің құрамында) [9, 10]. Демек, соңғы үш жылда ШҚО өңірлік баспа саны 4 есеге азайған.

Бүгінгі, ақпараттық революция заманында қалыптасқан жаһандық жағдайға жауап беру үшін Қазақстанда жаңа «Масс медиа туралы» заң жобасы талқылануда [11]. Бұл заң жобасы қолданыстағы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» және «Телерадио хабарларын тарату туралы» заңдарының нормаларын біріктіру арқылы, жаңа заң қабылдауды көздейді. Негізгі басымдық интернет-ресурстарының қызметі мен жауапкершілігіне, хабар таратушылардың жеке жауапкершілігіне көзделген.

Алайда, аталған заң жобасы отандық БАҚ өкілдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды талап етуде. Сәйкесінше, аз тиражды, соның ішінде АГ өміршеңдігіне үлкен күмән тудыруда.

Осылайша, бүгінгі таңда оқырмандардың басым көпшілігі интернет-ресурстарды, әсіресе әлеуметтік желілерді пайдаланаты анық. ҚР Ақпараттық доктринасында келтірілген пайымдарға сүйенсек, әлеуметтік желілердегі ақпараттың шындыққа ұласа бермеуінің салдарынан тұрғындардың арасында жалған (фейк) ақпараттардың таралуы жиі кездесуде. Ал баспа басылымдарында жарық көретін ақпараттар редакциялық тексеруден өтетінін, әр ақпарат үшін редакция жауап беретіндігін есекерсек, тұрғындар газеттерден алатын ақпарат ақиқатқа жақын, шынайы болады деген пайымға келуге болады.

Интернеттік кеңістіктегі ақпараттың жылдам және қолжетімді екеніне қарамастан, кей жағдайларда ақиқатқа сай келе бермейтіндігін атап өткен жөн. Қоғамда пайда болған «фейк», «хайп», «бот» секілді ұғымдардың астарында

халыққа жалған ақпарат тарату арқылы қоғамдық пікір қалыптастыру әдістері жатыр. Мысалы, Ресей – Украина соғысы әскерлердің мобилизациясынан бұрын, интернет кеңістігінде басталған [12]. Екі ел бір-бірін қаралау үшін әлеуеттік желіні толыққанды пайдаланып, ұлтаралық, аумақтық ахуалды шиеленістірген.

Сонымен қатар, интернет желісінің бір мезетте істен шығуы немесе бұғатталуы – халық арасында ақпараттық вакуум тудыруы мүмкін. Мұндай жағдайды Палестина – Израиль соғысынан көруге болады. Мәселен, Бейт-Лажия қаласының тұрғындары интернеттен шеттетілгендіктен, оларға хабарлама жеткізу тікұшақпен парақшалар түсіру арқылы жүзеге асырылған [13].

Қазақстандағы медиа нарықты мемлекеттік қолдау туралы айтқанда ең алдымен мемлекеттік ақпараттық саясатқа бөлінген қаражат көлемі туралы сұрақ туындайды. «Vlast.kz» аналитикалық порталының деректеріне сүйенек 2016 жылы МАТ-қа бөлінген қаражат сомасы – 41,7 млрд. теңге, 2017 жылы – 43,9 млрд. теңге, 2018 жылы – 47,1 млн. теңге [14]. Мемлекеттен бөлінетін қаражат жыл сайын ұлғайғанымен, оның басым бөлігі белгілі бір БАҚ өкілдеріне монополистік принцип бойынша негізделгені анықталды.

Салыстыру үшін республикалық баспа құралы – «Егемен Қазақстан» газетін (бұдан әрі – республикалық газет) және аудандық «Ұлан таңы» газетін (бұдан әрі – АГ) алып қарастырайық. 2018 жылы республикалық газетке 901 млн. теңге, АГ-ге – 18,0 млн. теңге бөлінген. Айырлмашылығы – 50 есе. Алайда АГ жергілікті жерде сұранысқа көбірек ие, сонымен қатар, АГ-нің тұрғындарды қамту ауқымы республикалық басылымнан қарағанда әлде қайда жоғары. Республикалық газет 2018 жылы 176 мың тиражбен елдің 0,9% тұрғынын қамтыса (2018 жылы халық саны – 18,5 млн. адам), АГ аудан халқының 9,2% пайзын қамтыған (2018 жылы Ұлан ауданы – 39,1 мың адам) [15].

Технологиялық үрдістерден туындаған қатерлерді ескере отырып, АГ-нің жабылуы қауіпін сейілту үшін, оларға көрсетілетін мемлекеттік қолдау түрлерін жетілдіру мақсатында жекелеген мемлекеттік тетіктер қабылдау қажет.

Осы бағытта халықаралық тәжірибеде екі негізгі тәсіл бар екендігі анықталды: тікелей қолдау және жанама қолдау [14].

Тікелей қолдау дегеніміз – Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан МАТ қағидаларына ұқсас.

Жанама қолдау дегеніміз – мемлекеттік және ұлттық мүддеге қажет БАҚ өкілдеріне мемлекеттік жеңілдіктер мен қолдаулар ұсыну. Мәселен, төмендетілген салық нормаларын енгізу, «Дипломмен ауылға» бағдарламасына аудандық деңгейде қызмет ететін ақпараттық сала қызметкерлерін қосу және тағы сол секілді. Мысалы, ЕуроОдақтың барлық дерлік елдерінде мемлекеттік жанама қолдау аясында белгілі бір салықтық преференциялар бекітілген. Ал кейбір елдерде, мысалы, Ұлыбританияда, Бельгияда, Данияда баспа газеттері үшін нөлдік қосылған құн салығы (НДС) ставкалары бекітілген [14].

Қазақстандағы және халықаралық өңірлік баспа БАҚ-қа мемлекеттік қолдау тетіктерін зерттей келе келесідей қорытындыға келдік:

Қолданыстағы МАТ тәсілі тек белгілі БАҚ өкілдеріне ғана тиімді болып табылады. Өңірлік газеттерге көрсетілетін мемлекеттік қолдау түрін жетілдіру үшін

МАТ ретінде көрсетілетін тікелей қолдаумен қатар жанама қолдауды енгізуді ұсынамыз. Ол үшін:

1. Салық кодексінің 290-бабыда көрсетілген Әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар санатына АГ-ні енгізіп, оларды коорпаративтік салықтан босату керек. Қазіргі жағдайда АГ заңды тұлғалар ретінде тіркеліп, корпаративтік салықты Салық кодексінің 313-бабына сәйкес табыстың 20% көлемінде төлеуде. Осылайша мемлекет АГ кірісін көбейтіп, олардың жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді [16].

2. ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы №72 бұйрығының 4 тармағында «Дипломмен ауылға» бағдарламасына қатысушылар санатына денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт салаларының қызметкерлері, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы сұранысқа ие мамандықтары, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері енгізілген [17].

Осы санатқа ауылдық жерде жұмыс жасайтын журналистика саласының қызметкерлерін қосу қажет. Бұл өз кезегінде АГ-ге білікті мамандарды тартып, газеттің сапасын және тартымдылығын арттыруға септігін тигізеді.

Атамыш шара ауылдық жердегі жалақысы төмен журналистер көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік несие түріндегі әлеуметтік қолдау көрсетуге және осы салаға мықты мамандарды тартуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ШҚО бойынша жұмыс жасайтын БАҚ тізімі. [Электронды ресурс] – 2020. – URL: https://www.gov.kz/uploads/2020/3/3/ca035a710dadf1599e1852dee927bf16_original.522752.doc. (қаралған күні:11.2023).
2. Ұлан ауданының 2017-2019 жылдарға арналған бюджеті. [Электронды ресурс] – 2017. – URL: <http://law.gov.kz/client/#!/doc/109111/rus>. (қаралған күні:12.2023).
3. Ұлан ауданының 2023-2025 жылдарға арналған бюджеті. [Электронды ресурс] – 2023. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G22VQ00204M>. (қаралған күні:12.2023).
4. ҚР Конституциясы. [Электронды ресурс] – 1995. – URL: https://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitution (қаралған күні:11.2023).
5. ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңы. [Электронды ресурс] – 1999. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000451_ (қаралған күні:11.2023).
6. ҚР Ақпараттық доктринасы. [Электронды ресурс] – 2023. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/kazakhstan-respublikasynyn-akparattyk-doktrinasyn-bekitu-turaly-2025635> (қаралған күні:11.2023).
7. ҚР Президентінің жарлығы. [Электронды ресурс] – 2019. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U190000051U> (қаралған күні:11.2023).
8. Рэнкинг сараптамалық сайты. [Электронды ресурс] – 2023. – URL: <https://ranking.kz/digest/industries-digest/za-poslednee-desyatiletie-v-kazahstane-zakrylos-bolshe-desyatka-krupnyh-pechatnyh-izdaniy.html> (қаралған күні:11.2023).

9. «ГАЗЕТ.НЕТ» баспа басылымдарының каталогы. [Электронды ресурс] – 2023. – URL: <http://www.gazet.net/gazety-vostochno-kazahstanskaya-oblast.html> (қаралған күні:11.2023).
10. ШҚО қоғамдық даму басқармасының сайты. [Электронды ресурс] – 2023. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-sayasat/activities/589?lang=kk> (қаралған күні:11.2023).
11. ҚР «Масс-медиа туралы» заңының жобасы. [Электронды ресурс] – 2023. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35440863&pos=6;-106#pos=6;-106 (қаралған күні:11.2023).
12. Ресей мен Украина арасыдағы ақпараттық соғыс. [Электронды ресурс] – 2023. – https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A0%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%B9%D0%B4%D1%96%D2%A3_%D0%A3%D0%BA%D1%80%D0%B0%D0%B8%D0%BD%D0%B0%D2%93%D0%B0_%D0%B1%D0%B0%D1%81%D1%8B%D0%BF_%D0%BA%D1%96%D1%80%D1%83%D1%96. (қаралған күні:12.2023).
13. Израиль елінің соғыс жағдайындағы халықты ақпараттандыру тәсілі. [Электронды ресурс] – 2023. – URL: <https://rg.ru/2023/10/12/jp-izrail-razbrosal-listovki-nad-sektorom-gaza-s-prizyvom-k-evakuacii.html>. (қаралған күні:12.2023).
14. «Vlast.kz» аналитикалық порталы. [Электронды ресурс] – 2023. – URL: <https://vlast.kz/obsshestvo/31155-cto-ne-tak-s-goszakazom-v-smi.html> (қаралған күні:12.2023).
15. «Правовой медиа центр» порталы. [Электронды ресурс] – 2023. – URL: <https://lmc.kz/tenders/> (қаралған күні:12.2023).
16. ҚР Салық кодексі. [Электронды ресурс] – 2023. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120>. (қаралған күні:12.2023).
17. Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы №72 бұйрығы. [Электронды ресурс] – 2023. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400009946>. (қаралған күні:12.2023).

ӨОЖ 821.512.122.09

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ИДЕЯЛЫҚ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Маратқызы А.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші: Сейпутанова А.К., қауымдастырылған профессор,
филология ғылымдарының кандидаты
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: semaasem@mail.ru

Қазіргі қазақ әңгімелерінен адамның ішкі әлемін етене жақын танытуға деген ұмтылыстың басымдығы байқалады. Ащы шындықтың аражігін ажырата білу мен әлеуметтік өмірдің көлеңкелі жақтарын әшкерелеу, рухани жаңару, азат рухты

насихаттау, жаңалыққа құштарлық, ұлттық болмыстың жаңғыруына деген ұмтылыс бой көрсетті. Келмеске кеткен Кеңестік дәуір мен бүгінгі демократиялық қоғамның бет-бейнесі, оның бағыты, бет алысы көркемдік шеберлікпен сипатталған туындылар көбейе түсті.

Проза жанрының шеберлері Ш.Мұртаза, Қ.Жұмаділов, Б. Нұржекеұлы, Т.Нұрмағамбетов, т.б. қаламгерлер шығармаларында өмір шындығы көркем бейнеленген. Туындыларында замандас бейнесін жасай отырып, кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесін, психологиясын, көңіл күй, рухани әлемін терең ашып көрсетті. Өмірдегі үздіксіз күрес үстіндегі адамның жеке тұлғасына ерекше мән беріп, оның ішкі әлеміне бойлай отырып, адамгершілік асыл қасиеттерін, азаматтық позициясын оқырманға үлгі етіп ұсынды. Осылайша кейіпкердің адамгершілік болмысын бейнелеуге алдыңғы кезекте баса назар аударылды.

Ш.Мұртаза әңгімелерінің көбіне дерлік ортақ ерекшелігі – ұлттық сипатының басым болуы. «41 жылғы келіншек», «Жүз жылдық жара», «Жаңбырлы той», «Шақалақ», «Сусамыр», «Аманат», «Алтын тікен» әңгімелерінде жазушы өмір шындығын көркемдік шындыққа ұластыра білген.

Шерхан Мұртазаның кейінгі жылдары жазылған әңгімелерінің бірі – «Соғыстың соңғы жесірі» деп аталады. Мұнда соғысқа кеткен жары Мақсұтты өмір бойы күткен Хадиша атты кейіпкердің өмірінің соңғы сәттері суреттеледі. «Соғыстың соңғы жесірі» атты әңгіме өтпелі кезең барысында, нарықтық жаңа заман тұсында әлеуметтік тұрғыдан нақты қамқорлық пен қолдаудың жеткіліксіздігіне жаппай тап болған, сөйтіп күні кешегі «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» кеңестік заманын аңсауға еріксіз мәжбүр болған зейнеткерлер мен мүгедектердің, әлеуметтік қоғамдық кембағалдар мен мүсәпір-міскіндердің хал-ахуалы туралы сыр шертеді.

Ш.Мұртаза «Қаңғыбастар мен шағалалар» атты әңгімесінде өмір толқынының айдауымен тіленшілік жолға түскен міскіндердің тіршілігіне үңіледі. Кейінгі кездегі әңгімелері жаңа заман жайын қозғай келе жамандыққа бастар іс-әрекеттерді сынға алады, көнекөз қария, ақсақал абыз ретінде жазушы жамандықтан жиренуді болашақ жастарға аманат етеді.

Тұрлаусыз дүниенің сандаған адамның шаңырағын шайқалтқанын Қ. Жұмаділов «Тіленші» атты әңгімесінде әнші жігіттің тағдыры арқылы көрсетеді. Қ. Жұмаділовтің кейінгі жылдардағы әңгімелерінің басты тақырыбы қоғамдық өзгеріс тұсындағы қазақ елінің тыныс-тіршілігі, ауылдың да, қаланың да бұрынғы тіршілік қалпын өзгертіп, өмірге бейімделу кезеңін суреттеу болып табылады. «Бұқарбайы» жаңа заманға тез бейімделіп, тіршілігін дөңгелетіп әкетсе, «Айдарбегі» қолынан келер бар кәсібі – тіленіп ақша табады. Қабдештің әңгімелерінің көбінде қазақтың байлығы – малдың азаюынан елдің азып-тозуы тілге тиек етіледі.

Адам санасының екіге жарылуын, мұндай ішкі ой қақтығыстарының жалғыздықпен байланысты құбылыс екендігін С.Сейфуллиннің өмірі туралы жазған «Ақынның ақырғы күндері» атты әңгімесінде ерекшелеп көрсетеді.

Жазушы туындысында түс көру мотивін суреткерлік шеберлікпен қолдана отырып, кейіпкердің ішкі әлеміне еркін енудің таптырмас құралы ретінде қолданады.

Тоқырау жылдарындағы ауылдың трагедиялық хал-күйін көрсететін әңгімелердің қазақ әдебиетіндегі орны айрықша. Қазақ мектептері мен балабақшаларының саусақпен санарлықтай болуы, жер асты байлығының қарапайым халыққа бұйырмауы, қазақ халқына тән қонақжайлылық, қазақи психология Д.Исабеков, Т.Әбдіков, Қ.Найманбаев, Д.Досжан, С. Елеубаев, С.Балғабаев, М.Асылғазин, С.Асылбеков, Д.Әшімханов, Т.Мәмесейіт, т.б. әңгімелерінде шынайы да шымыр бейнеленген. Қаламгерлер әлеуметтік талдаудың негізінде ұлттық характерді ашуға, адам табиғатын психологиялық тұрғыдан танытуға күш салды.

Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи шындық поэтикасы бағдарымен жазылған І.Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық», Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», З.Шүкіровтің «Сыр бойы», Қ.Шабданұлының «Қылмыс», Д.Досжанның «Ақ орда», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», М.Мағауиннің «Мен», Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», «1986 жыл», С.Елубаевтің «Ақ боз үй», т.б. романдар ұлттық әдебиетіміздің әлемдік тәжірибедегі үлгілерімен үндестігін айқын аңғартады. Ғалым Т.Н.Рахымжановтың пікірі эпикалық шығармалардың мазмұны мен пішіні жүйесіндегі өмір шындығы бейнеленуінде авторлық ұстанымдар табиғатын түсінуге бағдар береді: «Қазіргі романның көркем бейнеленген объектісі – қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық құбылыстар, адамның жан қозғалысы, орталық және қосалқы кейіпкердің ішкі «менінің» өсу, кемелдену эволюциясы болып табылады.

Әдебиет салаларының ішінде ұдайы дамып, тақырыптық-идеялық, көркемдік-эстетикалық тұрғыдан жанарып, сапасы биіктеп, әрдайым ізденіс үстіндегі жанр поэзия екендігі даусыз. Қазақ қазақ болғалы ықылым заманынан қоғамдық жүкті арқалап, жеке адамдық-тұлғалық мәселелердің барлығына бара алған поэзия бұл күнде де сол міндеттеріне адал болып, қоғам мен заман лебінің өзгеше соғысын дөп танып, эстетикалық талаптардың биігінен көрініп жүр.

Қазақ поэзиясының формалық тұрғыдан жаңаруының негізін сол поэзияның ішкі тақырыптық-көркемдік жүйесі, экспрессивтік-эмоционалдық сипаты тұрғыдан жаңғыруынан іздеу қажет. Қазақ өлең құрлысы да осындай тынайған ішкі факторлардың қажетіне сай эволюциялық тұрғыда жаңарады. Дәл осы шақта, яғни, қазақ жаңғырып қана қоймай, ерекше жанданды. Қазақ өлеңінің даму кезеңдері тақырыптық-идеялық, көркемдік-бейнелік жүйесімен қоса ырғақтық-интонациялық жүйесін де жаңартты. Бұл жаңарту тұтас тарихи-саяси, қоғамдық-мәдени көлемде табиғи жолмен өрістеді.

Ақын Т.Медетбек: «Менің өлеңдерімдегі түр Көктүріктерден келді. Оны жасырмаймын. Бұрын поэзияда түр онша маңызды бола қоймас деп ойлайтынмын. Сөйтсем түр- өлеңнің қаны екен ғой. Онда түгел ұлт рухы жатады екен» - деп мойындағандай, қазіргі қазақ поэзиясы бұрын кеңестік идеология тыйым салынған тарих беттерін парактаудан басталды. Көптеген ақындардың жүрегіне араға ғасырлар салып табысқан қасиетті Көк түріктердің әуені ұялап, оның ырғақтық әуеніне сөз салғандары баршылық. Т.Медетбектің ел мен жұрт, заман мен қоғам туралы толғаныстары, С.Ақсұңқарұлының өлеңдері «Өмір деген-күнді айналу» деген жыр кітабы, Б.Қошым-Ноғайдың «Тәңір даусы» атты жыр топтамасы, Ж.Әскербекқызының «Көктүріктер әуені» атты жыр топтамасы және

Е.Раушановтың «Айша бибі» поэмасындағы диалогтар осы тәуелсіздіктің арқасында ғана қайта оралған Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк жырларының жалпы интонациялық мелодикасына құрылады.

Қазақ өлеңі тақырыптық–идеялық, көркемдік сапа тұрғысынан ғана емес, құрылымдық жағынан да аса қарқынды даму үстінде. Қазақ өлеңінің өлшемі өлеңнің ішкі сапасына өлшем ғана болып қоймай, оның ішкі сыры мен көркем дүниесін жарқырата аша алатын қос қанатына айналған.

Тарихи тақырыптарға, аңыз-әңгімелерге, өткен дәуірлерге қаламды көп тартқан ақын Мұхтар Шаханов болғандықтан толғаулардың жаңғырығы ақынның өлеңдерінде айқын көрінеді. «Мұхтарды жұрттың ыстық қабылдауының бір екінші бір себебі – оның отты жырларындағы өткірлік. Батырлық алдымен поэзияға қажет. Олай болса, жұрттың шын жүректен қол соғатыны алдымен ақынның батылдығы. Шындыққа еш бүкпесіз тура қарайтын батылдығы». Жыраулар мен ақындар арасындағы сабақтастықтың негізі осы болса керек. Ақын өлеңдерінің жырау толғауларындай азаматтық – философиялық бағыты айқын, әрі декламациялық сипаты күшті.

Қазіргі қазақ поэзиясының тағы бір даму арнасы – жаңа лириканы дамыту үрдісі. Бұл үрдістің басында Е.Раушанов, Ұ.Есдәулет, Г.Салықбай поэзиялары көрінеді. Қазақтың жаңа лирикасын жасаушылардың бірі Г.Салықбай поэзиясының ішкі сарайы аз сөзді, «көп сезімді» қалпында көрінсе, сыртқы ырғақтық жүйесі әр алуандығымен ерекшеленеді. «Күрделі заманның өнері де күрделі. Өлең аз сөйлеп, көп аңғартатынды шығарды» деген Қадыр ақынның сөзі Гүлнәр өлеңдеріне бағытталғандай. Оның өлеңіндегі айтылмаған сөздерді ырғақтық-интонациялық жүйесінің тың құрылымы мен тыныс белгілері алмастырады. Өлеңнің ырғақ жүйесі мен тыныс белгілер жүйесі көркемдік-бейнелілік қуат алған. Қазақ лирикасы эмоционалдық мазмұнын жеткізу амалымен байы түсті.

Жаңа ұлттық поэзияда жыр үлгісі тақырыптық-идеялық тұрғыдан толық жаңармаған құрылымдық жағынан бірқатар өзгеріске ұшыраған. Қазақтың дәстүрлі жырлары бұл күнде еркін түйдектелмей, шумақ шеңберімен шектелгенін Ұ.Есдәулет, Б.Беделханұлының өлеңдерінен көруге болады. М.Мақатаев өлеңдерінде жырдың ырғақтық-интонациялық құрылымы өз ерешелігін сақтап, бастапқы болмысы бұзылмай беріледі. Ақын бұл ырғақтық-интонациялық жүйені тақырыптық жағынан жаңарта алған. Яғни, жоғарыда аталған ақындардың барлығында бұл құрылым тарихи тақырып аясынан табылса, Мұқағалидың «Басыма менің бақ қондың», «Тұлпарларыммен біргемін» өлеңдерінде ақынның адами сезімдерінен сыр сабақтайды.

Толғаулардың ұзынды-қысқалы өлшемдердің сабақтастығына құрылған айнымалы түрі қазіргі поэзияда кең қанат жайған. Жалпы бүгінгі қазақ поэзиясына айнымалы ырғақтық-интонациялық құрылым тән. Ойға үлкен орын беріліп, мәнері мың түрленіп, жанды, сұлу жеткізу үшін еркін құбылып, түрленетін ырғақтық жүйеден онтайлысы жоқ. Айнымалы ырғаққа құрылған өлеңнің барлығынан толғаулар табы табылмайды. Толғауларды толғау ететін оның азаттық өр үні мен келелі тақырыптық ерекшелігі. Айнымалы ырғаққа құрылған өлеңдердің тақырыптары сан-салалы. Жыраулар өлең шығарушы ғана емес, олар халық қамқоршысы, хан кеңесшісі болғандықтан, аса өткір елдік мәселелерді ғана

толғаған. Жырау заманының сәуегейі, адамзаттық даналық ойдың қазынасы болған. Толғаулардың еркін үлгісі Т.Әбдікәкімов шығармашылығында өзгеше жаңғырады. Ақын өлеңдерінде ұзынды-қысқалы өлшемдер еркін, жүйесіз сабақтасып, адамзаттың рухани бастауын биік көтеріп келеді.

Қорыта айтқанда, қазіргі поэзияда дәстүрлі өлшемдер мен өзіндік тың құрылымдардың негізінде жыр жазып жүрген ақындар бар. Соңғылары өз поэзиясында жыраулар секілді өлеңнің ішкі сарайын сыртқы пішіні арқылы аша түсіп, өлеңнің ырғақтық-синтаксистік құрылымына ерекше екпін түсіреді. Осы тұрғыдан алғанда бұл қазіргі өлең өнерінің жыраулар поэзиясымен сабақтастығының негізі. Ал жыраулар поэзиясы қазіргі поэзияда өзінің бастапқы қалпында көріне бермейді. Бүгінгі ақындардың шығармашылығында көбінесе тарихи тақырыптағы жырларда толғаулар үрдісі анық байқалады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. Сын-зерттеу. – Астана: Елорда, 2001. – 312 б.
2. Ержанова С. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұтастығы. – Алматы: ЖШС «Шұғыла», 2008. – 352 б.
3. Үсенова А.Ә. Қазіргі қазақ өлеңінің құрылысы: дәстүр және даму үрдістері. – Алматы: Білім, 2010. -320 б.

УДК 82.01 (=512.122):008

ВЛИЯНИЕ ЛИТЕРАТУРЫ З. НАУРЫЗБАЕВОЙ И Л. КАЛАУС НА КАЗАХСКУЮ КУЛЬТУРУ И ОБРАЗОВАНИЕ

Райбаева Т.К.

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Қазақстан, e-mail: 1976tolkyn11@mail.ru

Аннотация: Данная статья исследует влияние двух выдающихся казахских литературных деятелей - Зины Наурызбаевой и Лили Калаус - на казахскую культуру и образование. Произведения Наурызбаевой и Калаус отмечаются не только за высокое качество и популярность, но и за свою способность подчеркнуть важность самоидентификации и национальных корней в развитии детей. Статья призвана подчеркнуть значимость литературы в формировании культурного наследия и образования современного казахстанского общества.

Ключевые слова: культурное наследие, образование, национальные корни.

В современном мире литература играет важную роль в формировании культурного наследия и образования общества. В данной статье мы рассмотрим влияние двух выдающихся литературных деятелей – З.Наурызбаевой и Л.Калаус – на казахскую культуру и образование.

В Казахстане детская литература успешно развивается благодаря умным, образованным, талантливым и преданным авторам, таким как Зира Наурызбаева и

Лиля Калаус. Книги этих авторов не только пользуются признанием на родине, но также переведены на множество языков и занимают лидирующие позиции в рейтингах продаж за границей, включая страны, такие как Корея и Бельгия. Возможно, их привлекательность заключается в стремлении не только рассказать о внутреннем мире детей, но и подчеркнуть важность самоидентификации и национальных корней в их развитии.

Зира Наурызбаева — исследователь казахской мифологии, писатель, сценарист кино, обладатель степени кандидата философских наук (Ph.D.). Она автор таких произведений, как «Вечное небо казахов» (2013, 2020), «Четыре облака» (2017), «Женские образы в мифологии предказахов Серикбола Кондыбая» (2021), а также соавтор книги «Субъективная казахская культура» (2022, написанной в сотрудничестве с Таласбеком Асемкуловым). Она также создала цикл детских книг, основанных на казахской мифологии, под названием «Приключения Бату и его друзей» (2014, 2019, 2021, написанный в сотрудничестве с Лилей Калаус), а также роман о музыканте под названием «Соперница» (2020).

Лиля Калаус (Лилия Александровна Алексеева) родилась в 1969 году в Алма-Ате. Она окончила Республиканскую физико-математическую школу и получила образование в области филологии на филологическом факультете Казахского государственного университета. Лиля Калаус имеет крымскотатарско-эстонское этническое происхождение.

Она известна как филолог, писатель, блогер, литературный редактор, сценарист, радиоведущая и преподаватель литературного мастерства. В период с 2001 по 2014 годы она занимала должность главного редактора литературного журнала "Книголюб". Лиля Калаус является членом Союза писателей Казахстана и казахского ПЕН-клуба.

Наурызбаева перевела на русский язык работы, такие как «Мифология предказахов» С. Кондыбая в четырехтомнике, роман Т. Асемкулова «Полдень» и другие. Она была удостоена Национальной премии-конкурса «Алтын Адам — Человек года» в 2014 году. Ее рассказ «Соперница», переведенный на английский язык, был удостоен награды в категории «Лучшие азиатские короткие рассказы» в 2019 году. Первая книга из ее детского цикла «Приключения Бату и его друзей» выходит в США под издательством «Amazon Publishing» (выход в 2023 году).

Книга "Вечное небо казахов" стала хитом продаж в Казахстане, включившись в список бестселлеров по данным торговой сети "Меломан". В 2018 году в Алматы Зире Наурызбаевой была вручена литературная награда, аналогичная "Оскару", в рамках литературного конкурса "Алтын калам 2018". Этот конкурс был впервые организован в том году комитетом "Алтын калам".

Автор сама делится своим путем в литературу, родилась и выросла в Алматы, где она училась в русской школе и изучала много о различных культурах. С возрастом она почувствовала потребность понять свои корни и начала исследовать казахскую культуру. Ее работы представляют собой своеобразное возвращение к истокам, что, как она отмечает, является типичным опытом для казахов второй половины XX - начала XXI века.

Читатели книги "Вечное небо казахов", разделяют с автором подобный путь познания и интересуются казахской культурой. Основной фокус книги лежит на

казахских мифах и ритуалах, сосредотачиваясь на их реконструкции, осмыслении и интерпретации. Автор стремится воссоздать внутренний мир творцов казахской культуры, таких как воины-музыканты и воины-поэты. В книге раскрывается, как они воспринимали мир, свое место в нем, свое призвание, и какие ритуалы посвящения они испытывали. Автор затрагивает и мифологическую основу этих ритуалов, предоставляя читателям углубленное понимание казахской культурной ткани.

Книгу "В поисках Золотой чаши. Приключения Бату и его друзей" наилучшим образом можно охарактеризовать как "сказочную повесть с элементами фэнтези". Она привлекает внимание не только за счет волшебных поворотов сюжета и истории поиска таинственной Золотой чаши, но также благодаря ярким характерам героев и их взаимоотношениям. Книга была удостоена третьей премии на Третьем Центрально-Азиатском книжном форуме "Open Central Asia Book Forum and Literature Festival-2014".

Зира Наурызбаева, рассказывая о том, как возникла идея написать книгу "В поисках Золотой чаши. Приключения Бату и его друзей", делится своим вдохновением, которое пришло из заботы о том, что ее дети увлекались европейской литературой, особенно "Гарри Поттером". Она ощущала, что не хватает представлений о казахской и тюркской мифологии в их чтении. Так начались приключения героев Бату и его друзей, школьников из Алматы, которые оказываются в увлекательном мире казахской мифологии.

Авторы, включая Лилию Калаус, писали с искренностью и стремились говорить с детьми на равных. Они ставили перед собой задачу рассказать о важных темах, таких как дружба, любовь, предательство, жадность и другие, и раскрывать прошлое и настоящее. Их целью было не только заинтересовать детей чтением, но и погрузить их в культуру, язык и историю Казахстана через увлекательные приключения и легенды.

Несмотря на трудности, авторы преодолели соблазн писать с учетом более крупного рынка России или Америки, и после восьми лет работы они добились успеха. Книга была недавно заключена договор с издательством "Amazon Publishing", что стало замечательным подарком к Новому году для авторов.

В своей новой книге "Четыре облака" Зира Наурызбаева посвятила внимание образам исторических героев казахского народа. В этом произведении читатели смогут расширить свои знания о таких фигурах, как Кобланды-батыр, Бауыржан Момышулы, Кунанбай, Алихан Букейханов, Таттимбет, Ибраи Алтынсарин и Жумабек Ташенев. Автор условно классифицирует своих героев на четыре категории: Доблесть, Мудрость, Вдохновение и Созидание. В использовании исторического материала она акцентирует внимание на традициях, обычаях, ценностях, идеалах, а также философии и психологии казахского общества.

На страницах книги известные личности предстают в необычных образах, и автор обращает внимание на тонкую грань между характерами и талантами великих личностей, которые оставались нераскрытыми в исторической и биографической литературе.

В традиционной культуре казахского народа особое значение всегда придавалось личности. Выдающиеся правители, смелые воины, мудрые бии

(старейшины), выдающиеся музыканты и певцы всегда занимали почетное место в представлении народа. Несмотря на религиозные ограничения, казахи возводили величественные мавзолеи над могилами таких людей и устраивали пышные асы в их память, даже спустя много лет. Их имена становились своего рода уранами, к которым обращались за поддержкой в трудные моменты жизни. Эти личности служили образцами для подражания и идеалами поведения.

Что делает книгу уникальной, так это наличие авторских иллюстраций к каждой главе, а также использование уникальных фотографий из личных и исторических архивов. В книге рассматриваются малоизвестные факты о личностях, не дублируя общедоступные сведения, что придает произведению особый интерес и позволяет русскоязычной аудитории открывать для себя новые аспекты казахской истории и культуры. Книга Зиры Наурызбаевой "Вечное небо казахов" представляет собой рассказ о казахских мифах и тенгрианстве, предназначенный для детей старшего возраста и взрослых. В ней автор обсуждает, как древняя тенгрианская традиция сохранилась в казахском духовном наследии под влиянием ислама.

Еще одной ключевой темой книги является изначальный образ женщины в традиционной казахской культуре. Автор подчеркивает высокий статус этого образа, рассматривая женщину как посредника между небесным и человеческим мирами. Она также акцентирует внимание на символизме невесты батыра в традиционной казахской культуре, видя в ней представление цели его пути. Заметно, что написание и дополнение книги заняло 25 лет.

В итоге, эта книга предлагает уникальный взгляд на казахские мифы, традиции и роль женщины в культуре, став интересным исследованием для читателей всех возрастов.

У Зиры Наурызбаевой свой взгляд на обычаи и традиции, и хотя возможны споры с ней на эту тему, однако важно признать ее желание понять и узнать. Особенно с учетом того, что исконные казахские менталитет и образ жизни сменяются чужими воздействиями в нашем обществе. В результате возникают обычаи, которые чужды казахской культуре, традиционно основанной на взаимодействии с окружающим миром.

Зира Наурызбаева активно обсуждает различия в подходе к изучению русских сказок и сказок других народов мира. Она обращает внимание на то, что многие образы в этих сказках расходятся с представлениями казахов. Примером служит изображение гусей-лебедей, которые в традиционной русской сказке предстают как злые слуги бабы-яги, в то время как в казахской мифологии они представляют светлый образ. Такие разногласия требуют объяснений, особенно для детей, и поиск общих точек соприкосновения между культурами.

Положительно отмечается появление писателей, способных провести этот диалог между культурами и помочь детям понять эти различия.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. – М.:Художественная литература, 1975. – с.234-407.
2. Наурызбаева З. Вечное небо казахов. – Алматы: СаГа, 2013. – 704 с.

3. Калаус, Л. Зов Солнца/Л. Калаус. - Астана: Фолиант, 2018.- 238с.

4. Наурызбаева З. В поисках Золотой чаши: приключения Бату и его друзей: повесть / З. Наурызбаева. Л. Калаус. - Алматы: , 2014. - 253с.

ӨОЖ 339.138

ЗАМАНАУИ ЖАРНАМАДАҒЫ ФОТОӨНЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТАЛДАУ

Рүстем Т., Жарнама дизайны мамандығының 2-курс студенті

Ғылыми жетекші: Жаппарова А.К., PhD докторы
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., Қазақстан, e-mail: ak.zhapparova@dulaty.kz

Жарнамалық фотосурет - бұл фотоөнерді меңгерудің ерекше түрі. «Коммерциялық фотосуреттің» бір түрі ретінде ол барлық жанрларды қамтиды, бірақ олардың ешқайсысын алмастырмайды. Жарнамалық фотосурет - бұл фотоөнерді игерудің шыңы, ол барлық жанрларды қамтиды және келесі бағыттарда пайдаланылады: постерлер, сыртқы жарнама, каталогтар, музыкалық және бейне өнімдерді безендіру, буклеттер, корпоративтік және өкілдік өнімдер және тағы да басқалар.

Коммерциялық фотосуреттің барлығы тауарды ұсынумен шектеледі. Жарнамалық фотосуреттің міндеті - көрермендердің дұрыс реакциясын модельдеу арқылы олардың психикасына әсер ету.


Фотографтың міндеті - жарнамалық агенттіктің барлық талаптарын өз жұмысында жылдам, сапалы және дәл көрсету. Бірақ нағыз кәсіпқойларға мұндай шеңберлер шығармашылық өзін-өзі көрсету.

Мұндай фотосуреттерде дәстүрлі жанрлар ерекшеленеді: пейзаж, натюрморт, портрет, сюжеттік көріністер. Көркем фотосуреттен ол жарнамаланатын өнімнің сапасы туралы айтумен ерекшеленеді. Жарнамалық фотосурет бейнені жеткізіп қана қоймай, көрермендердің қатысуын сезінеді. Мысалы, теңіз пейзажын көріп, көрермен өзін осы теңіз толқынында шомылғандай сезінуі керек, француз рухының сауытын тамашалаған кезде олардың иісін сезу, ал құлпынай түрінен жас жидектің қышқыл-тәтті дәмі мен хош иісінен сезеді. Сапалы жарнамалық фотосурет қандай да бір өнімнің иесі болуға қызығушылық туғызады. Әлеуетті сатып алушыға барынша әсер ету үшін қойылған жарнамалық фотосуретті жасаған кезде сюжет мұқият ойластырылады және пысықталады. Шынайы өмір жарнаманың мақсаты емес, ол тек жарнамаланған өнімді сатып алғаннан кейін ғана бақытты өмірді перспективада көрсетуі керек. Көбінесе әлеуетті сатып алушының өніммен алғашқы танысуы фотосуреттен туындайды. Жарнамалық мақсатта белсенді түрде фотосурет 1920 жылдардың соңында қолданыла бастады. Баспалар мен жарнама агенттіктері фотосурет қызметтерін пайдалана бастады. Жаңа сән үрдісін сол кездегі суретшілер мен фотографтар және әртүрлі авангардтық қозғалыстар қызығушылықпен қарсы алады.

Бүгінгі күнге дейін көптеген танымал фотографтар жарнамалық фотосуретке қызықты, адамдардың осы бағытқа деген қызығушылығы әлсіреген жоқ. Анағұрлым керемет нәтижеге қол жеткізу үшін танымал фотографтар брендтік фирмалармен ынтымақтасады. Бұл мақалада жарнама фотосуретінің қаншалықты әртүрлі болуы мүмкін екенін көрсету үшін оның ең танымал бірнеше түрі келтіріледі. Ең танымал түрі-имидждік фотосурет. Киім, зергерлік бұйымдар мен аксессуарлардың портреттік фотосуретін каталогтар үшін емес, сыртқы немесе журнал жарнамалары үшін ерекше атап өткен жөн.

Имидждік фотосурет - бұл тауардың немесе адамның сапалы бейнесі ғана емес, бұл бейнелі сурет, ол міндетті түрде негізгі идеяны білдіреді. Мұндай идея ретінде тауардың функционалдылығы, бірегей сауда ұсынысы, бренд стилі және т.б. алынуы мүмкін.

Имидждік жарнама жасау - бұл шығармашылық процесс. Идеяны әзірлеуге ерекше көңіл бөлінеді. Негізгі мақсаттар сатып алушылардың тану әсерін, өндірушінің (сатушының) оң имиджін, өнімді сатып алу қажеттілігін дамыту және өнімге сұранысты ұлғайту, жаңа тұтынушыларды тарту және бір мезгілде қолда бар тұтынушыларды ұстап тұру болып табылады. Ол сахналанған және сюжетті алып жүретіндігімен ерекшеленеді. Мұндай фотосуреттер өнімді көрсетіп қана қоймай, оның бейнесін жасайды. Мұндай фотосуреттерге адамның көзқарасы көбінесе өнімге бағытталған. Имидждік жарнамалық фотосуретте портреттік және топтық түсірілімдер ғана емес, сонымен қатар фоторепортаж - оқиғаларды, өндірістік процестерді және т.б. түсіру пайдаланылады. Репортаж ештеңемен реттелмеген, оның міндеті - болып жатқан оқиғаларды көрсету. Мұндай фотосуреттерді жариялау тұтынушылардың сенімін арттырады. Оларды компаниялардың пиары үшін қолдану орынды. Имидждік жарнамаға компанияның атынан шыққан тұлғалардың іскерлік портретін жатқызу керек.



Сурет 1. Имидждік фотосурет

Жарнамалық фотосуреттің келесі түрі заттық/каталогтық түсірілім болып табылады. Фотосуреттер суретте композицияға біріктірілген заттың немесе заттар тобының фотосуреті болып табылады. Фотосуретке түсіру объектісі кез-келген нәрсе болуы мүмкін: киім заттары, аяқ киім, зергерлік бұйымдар, парфюмерия, тұрмыстық техника және т.б. Көбінесе мұндай түсірілім каталогтық деп аталады, өйткені түсірілімдер жарнамалық каталогтар, буклеттер, күнтізбелер, сыртқы жарнама үшін, сондай-ақ web-дизайнда пайдаланылады.

Келесі тәсіл - портрет жанры. Ол жарнамада көбінесе нақты адамның бейнесін ашу үшін емес, жарнама бағытталған адамдардың көпшілігінің идеалды бейнесіне сәйкес келетін қандай да бір өнімді пайдаланушыны көрсету үшін пайдаланылады.



Сурет 2. Портреттік сурет

Жарнамалық портреттің негізгі міндеті тауарды сатып алуға ниет білдіретін өнімді тұтыну. Саясаттың жеке ерекшеліктерін түсіруге мүмкіндік беретін саяси портрет ерекше назар аударуға тұрарлық. Мұндай фотосуреттер оның ішкі және сыртқы келбетін ашады, отбасындағы, жақтаушылар шеңберіндегі қарым-қатынасты көрсетеді, оның қызметінің нәтижелерін көрсетеді. Бұл жанрда қойылымдық та, репортаждық та кіші жанрлар пайдаланылады. Коммерциялық

фотосуреттің оларды сақтау үшін қажетті бірқатар маңызды нюанстары бар. Олардың кейбіреулерін келтірейік:

1. Фотосуретке түсіру кезінде қандай да бір көлеңке болмауы тиіс. Олар арнайы бағдарламалардың көмегімен, реттеу процесінде, автордың бейнесі мен идеясын түпкілікті аяқтай отырып қосылады.

2. Фон назар аудармауы тиіс, сондықтан оны не алып тастайды, не көлеңкелейді. Ол жарнамаланатын тауарды «көлеңкелемеуі» тиіс. Жиі алыстау әсерін туғызады.

3. Шағын нысандарды жақыннан түсірмес бұрын алдын-ала дайындық қажет. Әрбір нысан өте таза болуы керек, өйткені фотосуретті қарау кезінде көп нәрсе болады-нысанның бірнеше рет ұлғаюы және тақырыптың барлық қателіктері көрінеді, бұл кәсіби түсірілімде қолайсыз.

4. Жарықтың әркелкі таралуын және артық көлеңкелердің алынуын болдырмау үшін барлық мата объектілер мен тізбектерді ұқыпты түзету қажет.

5. Жарнамаға арналған барлық заттарды жақсы жарықта суретке түсіру керек, фотосуретте жарқыл пайда болмайды. Әрине, объектіні бүйірден суретке түсіру кезінде жарқырауды болдырмауға болады, бірақ белгілі бір көру кезеңі қажет болатын жағдай болуы мүмкін.

Жарнамалық фотосуреттің маркетингтік тиімділігі:

1. Фотосурет суреттелген нысанға қарағанда әрдайым сенімдірек көрінеді, өйткені ол «заттай дәлел» сияқты нәрсе болып табылады. Сурет бұрмаланбаған түрде ұсынылады, бірақ тауардың үздік сапасын ашады.

2. Жарнамалық фотосурет объектінің бірыңғай тартымды бейнесін жасайтын технологиялар кешенінің бір бөлігі болып табылады. Жарнамалық хабарламаның мәтіні, ұраны, тауардың атауы және оның бейнесі мұқият ойластырылған үйлесімде құрылады, оның компоненттерінің әрқайсысы қалғандарын тиімді толықтырып, астын сызады. Мәтіндік құрамдас бөліктер миымыздың саналы бөлігіне көбірек қарайды, ал бейнелер санаға тереңірек әсер етеді.

3. Жарнамалық түсірілімде пайдаланылатын бейнелер тұтынушылардың белгілі бір тобының кейбір әмбебап құндылықтарын білдіреді, дәл осы құндылықтарға маркетингтік бағдарланады.

Жарнамалық фотосуреттің ең танымал және ерекше түрлерін қарастыра отырып, фото жарнамалар сұраныс пен ұсынысты қалыптастырудың, экономика мен баға саясатына әсер етудің, тауарлар өндірісін дамыту мен ынталандырудың,

көрсетілетін қызметтер индустриясының әмбебап құралы деп қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар, бұл өнердің ерекше түрі, жақсы фотографтың басты міндеті – көрерменнің эмоциялары мен шешімдеріне тікелей әсер ететін адам қызметінің психикалық процестерін бақылау әдістерін меңгеру.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Фотография //Википедия. URL: [https://ru.wikipedia.org/wiki/ Фотография](https://ru.wikipedia.org/wiki/Фотография) (дата обращения - 25.11.2018).
2. Главное в истории фотографии. Жанры, произведения, темы, техники. Издательство Манн, Иванов и Фербер, стр 224, 2018г.
3. Құдабаева А.Қ. Қазақ және орыс тілдеріндегі "Фотографика" [Электрондық ресурс] : электронды оқу құралы / А.Қ. Құдабаева, А.Қ. Жаппарова. - Тараз : ЖАТО, 2019.
4. Бегімбай К.М. Графикалық дизайн [Мәтін]: оқулық / К.М. Бегімбай. - Алматы : Эверо, 2017. - 192 б. - ISBN 9965-31-427-6.

ӘОЖ 37

ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ БОЛМЫСЫ

Салимова Ж.М.

Ғылыми жетекші: Касенов С.Т., ф.ғ.к., қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: zhannur_salimova@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының тарихында ерекше орны бар шешендік сөздердің әлеуметтік-мәдени болмысы анықталады. Барлық халықтың тарихында шешендік өнер ерекше орынға ие. Ал қазақ халқының шешендік өнерін ерекшелейтін бірнеше себеп бар. Біріншіден, шешендік сөз иелері – билер халықты басқару ісіне араласып, ел мен ел, жеке адамдар арасындағы қарым-қатынасты үйлестіріп, айыптаушы, қорғаушы және жазалаушы қызметтерін атқарып отырған. Сол әрекетімен елдегі саяси-әлеуметтік жағдайды реттеуге араласқан. Екіншіден, халыққа өмірдің мәні, жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, батырлық пен қорқақтық, ерлік пен ездік, мәңгілік пен мезеттік туралы философиялық терең насихат сөздер айтып, қоғамның рухани дүниесін айқындап, дұрыс өмір сүрудің бағыттарын айқындаған. Қазақ шешендік сөздері халық арасында ауызша тарап отырған.

Кілт сөздер: шешендік өнер, әлеумет, мәдениет, халық өнері, ауызша сөз өнері.

Шешендік өнерді мәдени құбылыс ретінде қарастыру оның пайда болу табиғатымен, қалыптасу тарихымен, адамзат өркениетіндегі қызметімен, қоғамдық-әлеуметтік кеңістіктегі, жалпы мәдениет әлеміндегі алатын орны және атқарған рөлімен түсіндіруге болады. Мәдени феномен ретіндегі табиғатын, алдымен,

шешендіктің сөз өнерінің мәдени-болмыстық тек-тамырын өркениеттік онтогенездік тұрғыдан түсіндіруге болады.

«Ұлттық әдеби тіл қоғамға жазба және ауызша түрде қызмет етеді. Жазба әдеби тіл жазба әдебиеттің өмір сүруі мен дамуына, оның түрлері мен өрісіне байланысты болғандықтан, ол көркем сөз (көркем әдебиет) бен баспасөзде, ғылым сөзі мен оқу-тәрбие сөзінде, ресми құжаттар мен кеңсе-іс қағаздары тілінде көрініс табады. Қазіргі күнде бұлардың кеңінен өріс ала бастауы жазба тілдің әр саладағы (стильдегі) заңдылықтарын орнықтырып, оның әлеуметтік қызмет ету пәрменін күшейтіп отыр. Бұдан біз жазба әдеби тілдің қоғам өміріндегі рөлі мен маңызы зор екенін аңғарамыз» [1, 53], - деп жазады өз еңбегінде ғалым Р.Сыздық. Ал шешендік өнердің ауызша түрдегі қызметі бүгінгі қазақ қоғамының тіршілік-тынысы үшін бұдан еш кем емес деп тану керек. Өйткені мұның да қолданылар өрісі кең. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан әр алуан жиын, жиналыс, мәслихаттардың қазақ тілінде жүргізілуіне жол ашты; саясат, ғылым, өнер, шаруашылық т.б. тақырыптарына арналған лекция-әңгімелердің қазақ тілінде кеңірек өткізілуін күн тәртібіне қойды; балабақшаларда қазақ бүлдіршіндерін ана тілінде тәрбиелеуді қолға алуға мүмкіндік берді; қазақ мектептерінің көбейіп, оларда оқу-тәрбие жұмыстарын ана тілінде жүргізуге, жоғары оқу орындарының барлық факультеттерінде дерлік қазақ бөлімдерінде, оларда білім-ғылымның көптеген салаларынан қазақ тілінде лекциялар оқылып, сабақ жүргізілуіне кеңінен жол ашты; радио мен теледидардан қазақ тілінде берілетін хабарлар сағаты көбейіп, бұл каналдар бойынша қазақша сөйлейтіндердің жиірек көріне бастауын, ұлттық сахна өнерінің түр-түрінің дамуын қамтамасыз етті. Осылардың баршасы қазақ тілінің ауызша түрін, яғни ауызша қолданылуын, айтылмақ ойды ауызша түрде білдіру тәжірибесін жандандырды. Бұл аталғандардың барлығы дердік адамның ораторлық қабілетін дамытатын құралдар деуімізге болады.

Бұлардың ішінде радио, теледидар, театр, киноның орындары айрықша, өйткені бұлар ең кемі жүздеген, әйтпесе мыңдаған, кейде тіпті жүз мыңдаған адамдарды қамтиды. Сахнадан айтылатын сөзді бір спектакльдің өзінде жүздеген адам естиді, бір концертте айтылған ән мен көркем сөзді де жүздеген, кейде мыңдаған адам тыңдайды. Ал радио мен теледидардан және қазақша дыбысталған кинодан ауызша айтылған сөзді мыңдаған, жүз мыңдаған адамдар есітіп, тамашалайды. Демек, жазба тіл сияқты, шешендік тілдің де қоғамдағы орны зор екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Сондықтан да оқушы тілінің әдеби көркем болып дамуын қалыптастыру, шешен әдеби тілде сөйлеу дағдыларына үйрету, оны үйретудің түрлі әдіс-тәсілдерін сабақта үйрету жолдарын ұсыну өте өзекті тақырыптардың бірі.

Осы ретте Д.С. Раевтың: «Шешендік сөз өнерін халықтың өзі жасайтын болғандықтан, ол әр елдің өмір-тіршілігімен немесе тіршілік философиясымен тығыз байланысты болатындығы ақиқат. Сондықтан да ол өзінің тарихи-образдық, қоғам-адамдық, философиялық сипаты жағынанавторлық иесі бар кез-келген туындыдан әлдеқайда шынайы, объективті құбылыс» [2], - деген көзқарасымен келісуге болады. Бұдан біз шешендік пен мәдениеттің өркениеттік әрі халықтық болмысының бір екенін аңғарамыз. Осыдан келіп ғылымда мәдениетті-материалдық және рухани мәдениет немесе материалдық және рухани игілік деп

екіге бөледі. Міне бұл айтылғандар шешендік өнердің мәдени болмысын дәйектейтін ғылыми теориялық әрі әдіснамалық негіздің бір тармағы деп есептейміз.

Шешендік сөз – адамзат тарихындағы рухани материалдық мәдениеттің дамуының негізгі құралдарының бірі шешендікке құрылған әңгімелерді, аңыздарды және өлеңдерді бастауыш сыныпта оқыту бала тілін ұштайды, сөздік қорын байытады, өмірге деген көзқарасын оятып, дүниетанымына жол ашады [3].

Ең бірінші шешендік сөздер әлеуметтік-мәдени көрініс ретінде қазақ қоғамында мына қызметтерді атқару барысында қалыптасты:

- ел тәуелсіздігіне қауіп төнген уақытта халықты біріктіру, жауға қарсы соғысқа шақыру;

- ел ішіндегі, рулар арасындағы әртүрлі дау түрлерін (мал дауы, жер дауы, жесір дауы) шешіп отыру, халық арасында билік айтып, әділүкімдер айту арқылы ел тыныштығын, өзара түсіністікті сақтау, халықтың әділдікке сенімін сақтау;

- хандар мен билерге кеңес беріп, қателіктерін айтып отыру, қате істерден сақтау, жамандықтың алдын алу;

- халықтың салт-дәстүрін, негізгі құндылықтарының сақталуын, бұзылмауын қадағалап отыру, әлем, өмір, ел, адамның орны, адами құндылықтар туралы пайымдаулар жасап, дұрыс өмір сүрудің қағидаларын, жолдарын көрсету, адамдарды қателіктерден сақтау.

Шешен сөздердің түрлері мен мазмұнын шешендік сөздің айтылу орны, нақты сөйлеу жағдаятында қалыптасқан конвенциялық ережелер, ұлттық дүниетанымға тән тірек құндылық-түсініктер, халық арасында кең тараған, белгілі әдеп заңдарына сай құрылған. Г.Қосымова «Қазақ шешендік өнерінің негіздері» монографиясында сақтар дәуіріндегі Анақарыстан басталатын сөз еркіндігі, шешеннің тәуелсіз ой иесі болу дәстүрі әрі қарай жалғасатынын айтады [4, 38]. Қазақ шешендік өнер тарихында шешендік дау, шешендік арнау, шешендік толғау сияқты жанрлары қалыптасқан. Шешендік дискурсқа қатысушылардың арасындағы қарым-қатынастың конвенциялық сипатын әлеуметтік контекст (шешендік сөз орын алған тарихи жағдай, шешендік сөз айтылған орын: дау, той, ас, жиын) анықтап отырған. Қазақ шешендік өнерінде «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген дала заңы ханға да, қараға да бірдей жүрген. Сондықтан халық дауларда айтылар шешен сөздермен байланысты «Тура сөзде туған жоқ» деген ережелер барлық жағдайда өз күшін сақтаған. Сондықтан халық шешен сөзге тек шындықты айтатын сөз деп қараған. Сонымен байланысты халық түсінігінде: 1) Шешендік сөзді дидактикалық өсиет, нақыл сөз деп қабылдау; 2) Шешендік сөзді бұлтартпайтын ереже деп қабылдау; 3) Шешендік сөзді қазақ халқының тарихының ауызша жазбасы деп қабылдау қалыптасқан.

Отандық мәдениеттанушы ғалым Ақтолқын Құлсариеваның: «Қай тарихи-мәдени кезеңнің болмасын, өзіндік бет-бейнесін танытатын басым идеологиялық сарыны, парадигмасы болады» [5],- деген көзқарасын жақтай отырып, қазақ мәдениеті адамның ойлау, тану, іс-әрекет еркіндігі мен бастандығын көрсетеді дейтін болсақ, онда қазақ шешендік сөз өнері – адамзаттың ар-ождан, тіл бостандығының көріну формасының әрі алаңы, әрі ірге тасының бірі. Содан қазақта «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген мәдени қағида қалған және қазақ оны

рухани-мәдени ту етіп ұстай білген. Ол әр кезде әлем тіршілігінің тұңғығына жетейлетін ой жүйесіне, ой үрдісіне, ой ағымына негіздеп отырады. Осы тұрғыдан алғанда заманауи мәденеттанулық ізденістер үстінде ең алдымен, қазақтың дала мәдениеттанушылығын ұлттық фольклордан оның ішінде шешендік сөздерден іздеп, қазақ ұлтының өмірлік мәдениетін, елдің өзіндік мәдени таным жүйесін, ой толғау үрдісін аршып алуымыз керек және оны қазақ шешендік сөз өнерін этномәдениеттанудың көздерінің бірі ретінде қарауымыз қажет. Міне, осы тұста қазақ шешендік сөз өнеріндегі рухани-мәдени ойлар мен идеялар ұлттық мәдениеттанудың негізгі әрі метатеориялық, әрі әдіснамалық арқауы болады деп есептейміз.

Қазақ шешендігіндегі мәдени дүниетанымның өзіндік ерекшелігі мол құбылыс. Өйткені, қазақ шешендік мәдениеті негізінен эмпирикалық өмір мәдениеттанушылығы. Сондықтан, оның танымдық-практикалық сипаты басым. Қазақ өмір-тіршілікті – тәлім-тәрбие мектебі деп білген. Осы тұрғыда алғанда, қазақ шешендік мәдениетінің зерттелуіндегі мақсат-міндеттің тағы бір қыры – ол оның қызметтік жүгіне көңіл бөлу деп есептейміз.

Қазақ шешендік мәдениетке үңілетін болсақ, оның ежелгі қазақ этностары мен тайпаларының материалдық және рухани мәдениетінің негізінде өніп-өскендігіне күмән жоқ. Демек, қазақ шешендік мәдениет – ол қазақ халқының жалпы мәдениетінің логикалық жалғасы және негізгі рухани мұрасы, құндылығы. Қазақ даласындағы мәдени дүниетаным, ең алдымен, қазақ елін құраған алғашқы тайпалардың тіршілігі барысындағы дүниені тану бағыт-бағдарларына, әдет-ғұрыптарына, өмір сүру стильдеріне, наным-сенімдеріне сүйенеді. Яғни, қазақ шешендік мәдениетінің қалыптасуының тарихи алғышарттарына қазақ мифтерін, дінді, ұлттық фольклорды, поэзиялық құбылыстарды жатқызуға болады.

Жалпы алғанда, шешендік сөз өнерінің өнбойынан бүкіл адамзат баласының қалыптасу жолы үнемі әртүрлі көзқарастардың, идеялардың, әртүрлі әлеуметтік мұраттар мен құндылықтардың тоғысуы мен кереқар келуі арқылы ілгерілеп отырғандығын көреміз. Көзқарастар тоғысы мен таласы, пікірлер сайысы, олардың бірін-бірі қайрап, толықтырып, жетілдіріп отыратындығының куәсі сияқты. Осы жерде қазақтың әлеуметтік-мәдени дүниетаным, оның ой толғау әдісі, ақыл-парасаты өзіне шешендік тіл арқылы қорған құрып тұрады деген түйінге келеміз.

Егер шешен сөйлеу ата-бабамыздың тұжырымды да, түйінді ой айту дәстүрі десек, онда олар қалдырған рухани-мәдени мұраларды түсініп, тани білу бүгінгі ұрпақ парызы. Ондай болмаған жағдайда қазақ елінің ұлттық мәдени таным мен сана-сезімі күңгірт тартады да тұрады. Сырттан келетін күштердің ықпалы мен әсеріне талғаммен қарап, тойтарыс беру қуаты әлсірейді де оп-оңай ноктасыз-жүгенсіз солардың жетегінде кетуі мүмкін.

Шешендік сөздерде қазақ даласы көшпелілерінің бүкіл коммуникация жүйесі мен дүниетанымның дәстүрлі ұлттық логикасы, қозғалу ритмі жатыр. Біздің пікірімізше, қазақ мәдениетінің қалыптасу үрдісіндегі негізгі күре тамырдың бірі – шешендік сөздер. Шешендік сөз өнері – халық даналығының өзінше бір биігі.

Міне осылардан түйіндей келіп, біз әсте шешендіктің дүниеге келуі, өніп-өсіп дамуы адамзат әлеуметі әрі ондағы әлеуметтік қауымдастықтың, билік жүйесінің қалыптасып, саясаттың алға шығуымен төркіндес болғанын адамзатының

прототарихынан бергі ғұмыры тәлелдеп келеді. Демек, халық мұны мен жыры айтылатын саяси алаң халықтың жоғын жоқтайтын елдің сөзге шебер қара қылды қақ жаратын сөзмерлерінің пікір додасы, тіпті саяси мінбер шешендік сөз сайысының тұрақты тұғыры болғаны анық. Осы ретте, «шешендік өнер сонау ықлым заманнан бастап қоғамдық-саяси қажеттіліктерден туып, халықтың саяси өміріне қозғаушы күш ретінде тарих сахнасына шыққан...» [2, 213], - деген көзқараспен келісеміз. Сол себепті, шешендік сөз өнері – әлемдік саясат өзі дүниеге алып келген қоғамның әлеуметтік-мәдени көрінісі деп айта аламыз.

Біріншіден, кешегі шешендеріміздің сөз саптау дәстүрінен ой азаттығы мен сөз бостандығының терезісінің тең келуін аңғарамыз. Сол себепті шешендік өнердің мәдениеттанулық өзегі және мәдени астарына үңілудің өзі қазіргі ұлтымыздың жаңа рухани сапасын тіктеп келе жатқан Тәуелсіз мемлекетіміздің жарқын келешегін қалыптастыруымыздағы алтын дінгегі болатын мәдени базасын, ізгі мінезді тұлғалық жүйесін орнықтыру тарапынан да маңызы зор болмақ. Олай болса, би-шешендердің сөз саптау өнері отандық мәдениеттану ғылымының танымдық өрісі, рухани нәрі болатыны анық. Оның мәдени астарын қаншама айқынырақ анықтаған сайын, соншалық ол мәдени ділдің субстанциялық негізі бола береді. Шешендік сөз мәдениеті елдік мәдениеттану тарихының өзекті тұтқасы болып қала бермек. Шешендік сөз өнері – ұлттық мәдениеттің қыр-сырын терең түсіну үшін үлкен негіз және әдіснамалық құрал. Шешендік сөз өнерінің шеңберінде қазақтың этномәдени ойлау дәстүрі қалыптасқан деуге болады. Онда экзистенциялықтаным процесі мен халықтың идеялық ізденістері, ұлттық ойлау үлгілері көріністапқан. Сол себепті қазақтың шешендік сөз дәстүрі ірі әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде өзінің ғылыми құндылығымен қатар, жоғары рухани күш ретінде де маңыздылығымен ерекшеленеді.

Екіншіден, ділмарлық өнеріндегі саяси-мәдени концепциялар туралы ойымызды түйіндей отырып, 1) саясат пен қазақтың дәстүрлі саяси мәдениетіндегі беймәлімділік құбылыстың арасында түпбірлік ұстанымның жатқандығы анықталады; 2) саяси тұлғаның ментальдық тұғырының шешуші фактор болу мәселесінің маңыздылығы; 3) беймәлімділіктен қазақ билерінің тәуекелдік мәдениетінің қалыптасатын заңдылығын мойындау; 4) тәуекелдің антроморфтық сипат алатындығына сену; 5) тәуекелшілдік рух әр сәтте саяси тұлғаның пассионарлық мәдениетіне тәуелді болу заңдылығы анықталады деп айта аламыз.

Үшіншіден, қазақ шешендік өнеріндегі адамды моральдық құрылымның жаман мен жақсы жақтары тұрғысынан жіктеп, сипаттама берген әдеп дәстүрінде мәдени тұрғыда жетілген адам образын жасау идеясын аңғаруға болады. Адамды өз «Менін» өзі толық түсіне алатын мәдени деңгейге көтеру идеясын көреміз. Би-шешендер адам мінезіндегі адамгершілік қасиетті жеке адамның болмыс бітімінен жоғары мәдени идеал деңгейіне көтереді. Қорыта айтқанда мәдени-әлеуметтік тұрғыдан алғанда шешендік өнер – адамтану орталығы. Бүкіл адам затына бітетін мәдени бітімді тану институтына айналады. Сондықтан шешендік сөз өнері адамды өз мәдени позициясы, өз көзқарасы тұрғысынан өзін өзі тануына мүмкіндік жасайды. Бұл қазақтың дәстүрлі қоғамында адамгершілік заңдары мен нормаларын жасауда өте маңызды рөл атқарды деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Рәбиға Сыздық. Қазақ тілінің анықтағышы (*емле, тыныс белгілері, сөз сазы*). Астана: Елорда, 2000, - 532 б.
2. Раев Д.С. Қазақ шешендігі философиясы: оқу құралы. - Алматы: Қарасай, 2011. – 264 б.
3. Негимов С. Шешендік өнер.- Алматы: Ана тілі, 1997. – 203б.
4. Қосымова Г. Шешендік өнер негіздері. Алматы: Баянжүрек, 2007. 295 б.
5. Құлсариева А. Аударма және өркениет: монография.- Алматы: Нұрлы бейне, 2006. – 184 б.

ӘОЖ 781

ҚАЗАҚ МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ БАСТАУЫ

Сапар Қ., Досымханова А.

Ғылыми жетекші: Шаяхметова А.А., аға оқытушы, магистр
Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты,
Арқалық қ., Қазақстан

e.mail: saparkyrmyzy15@gmail.com, dosymhanovaajnur362@gmail.com

Бүгінгі музыкалық педагогиканың саласында балалардың бойында имандылық, эстетикалық, адамгершілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру мәселелеріне ерекше көңіл аударылған. «Білім беру жүйесінің басты міндеттері - өз Отанын қадірлеуге, құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу» деп оқушы-жастардың бүгінгі тәрбиесін халықтық мұраларды меңгеру арқылы өркениетке жеткізу көзделеді.

Музыкалық-эстетикалық білім мен тәрбие беру өткен ғасырлардан бастау алғаны белгілі. Қазақ халқының музыкалық мәдениетін қалыптастыруда өз ықпалдарын Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Жұбановтар тигізді. Олардың зерттемелері мен музыкалық туындылары тәрбие саласын дамытуға зор үлесін қосты. Болашақ ұрпақтың аталған ағартушы қайраткерлердің еңбектері мен мұраларын танып білуі, зерделеуі өте қажет. Сонымен қатар, музыкалық-эстетикалық білімінің жеке тұлғаның үйлесімді дамуына музыкалық-эстетикалық тәрбиеге қатыстылық мәселелеріне А.Нұғыманова, П.М.Момынов, С.А.Ұзақбаева, М.Х.Балтабаева, Т.А.Қышқашбаев, А.А.Қалыбекова, Ш.Б.Құлманова, Р.К.Дүйсембінова және басқа ғалымдар зерттеулерінде өзінің ғылыми-теориялық шешімін тауып, оларда ұлттық музыкамыздың тәрбиелік мүмкіндіктерін оқу үрдісінде пайдалану жолдары көрсетілген.

Музыка өнері – мәдени тағлым, асқақтаған күймен дамыған, ғасырлар үнінің жемісі. Музыка жалпы өмірдің, бүкіл дүниенің қимыл іс - әрекетін бейнелейтін, диалектикалық құбылыс. Музыка - әлем тіршілік ететін адамзат және әр түрлі құбылыстардың өз ара қарым-қатынасын, сырласа үндесуін сезіммен жеткізіп отыратын құрал. Қандай музыкалық шығарма болмасын, оның адам жанына әсері мол, эстетикалық талғамын дамытады.

Негізгі бөлім. Еліміз тәуелсіз туын тіккен алғашқы жылдардан-ақ жасұрпақ тәрбиесіне үлкен көңіл бөлініп келеді. 1993 жылғы Республикамыздың музыкалық тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Тәрбие деп халықтың ғасырлар бойы жинақтап іріктеп алған озық дәстүрлерін жастардың бойына сіңіру» танылатыны айтылған [1,36].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында музыкалық білім беру педагогикасы дербес ғылым саласы ретінде дами бастады. Оған бірнеше факторлар себепкерлер болды. Біріншіден, бұл қоғамның әлеуметтік жаңаруы және адамгершілік, халықтық, ізгілік, демократизм идеяларының белең алуына, екіншіден ағартушылық идеяларының өркендеуіне байланысты еді. Осы кезеңде өмір сүрген орыс классик сазгерлері, педагогтері А.Н.Серов, В.В.Стасов, Ц.А.Кюи, М.Глинка, А.Даргомыжский, П.И.Чайковский, С.Танеєв, Н.Римский-Корсаков т.б.өнерде халықтық демократизм, ағартушылық идеяларын дәріптеп, тәрбиені прогресшіл рухпен қанықтыруды батыл талап етті және музыкалық мәдениетті жетілдіру жөніндегі құнды пайымдаулар жасалып, оларды іс жүзінде жүзеге асыруға атсалысты. Зерттеушілер музыкалық білім беру педагогикасының ғылым ретінде қалыптасу, даму жағдайын басты үш кезеңге бөліп қарастырады. Сол кезеңнің біріншісі XIX ғасырдың екінші жартысындағы музыкалық тәрбие мәселелері. Музыкалық білім беру педагогикасының негізін салушы ғалым-ұстаздардың (А.Н.Карасаев, С.И.Миропольский, Д.Н.Зарин, А.Л.Маслов, Н.Е.Брюсов, Б.Л.Яворский, С.Т.Шацкий, В.Н.Шацкая және т.б.) педагогикалық іс-әрекеттердің белсенділігі және музыкалық тәрбие берудің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін қарастыруға арналған бірқатар музыкалық-педагогикалық еңбектердің жарық көруімен сипатталады [2,146].

Қазақстан мәдениеті тарихының тамырлары тереңде жатыр. Қазіргі-ғылыми зерттеулердің нәтижелері қазақ халқының дербес және бірегей мәдениетінің даму жолын өте дәл болмағанымен, жеткілікті дәрежеде айқын көз алдымызға келтіруге мүмкіндік береді. Ғасырлар қойнауымен бірге келіп жеткен көркем шығармашылық элементтерін мұқият салыстырып, зерттеу арқылы халықтың рухани өмірінің тұтас бітім-болмысын азды-көпті жасауға болады. Қазақ аспаптық халық музыкасындағы қобыз күйлерін қалыптастыруда,оны жан жақты дамытуға халық композиторы әрі асқан қобызшы Ықылас Дүкенұлының (1843-1916) шығармашылығы халық музыкасының тарихында ерекше орын алды. Ықыластың әкесі қобызшы, үлкен әкесі және арғы аталары жыршы, бақсы болған. Ықылас әкесінің оның қобызшылық өнерін үйреніп әрі толық меңгеруімен қатар, ол қобыздың дыбыс көлемін байытып, өлшем-ырғағына өзгерістер енгізді, мелодиялық үн-баяуын түрлендірді. Әрі қобызға арнап программалы, көркемдік жағынан бір-тұтас, күрделі эпикалық күйлер («Қорқыт», «Қамбар», «Қазан», «Шыңырау» күйлері т.б.) шығарды. Сол күйлерді орындау арқылы қобыздың мүмкіндігін кеңейтті [3,286].

Біржан Қожағұлұлы (1834-1897) әндеріне айқын демократиялық характер тән. Композитор шығармалырында әлеуметтік оқиғалар, адамгершілік, мөлдір махаббат, жастық шақ т.б. тақырыптар орын алды. «Ақтелтек», «Біржан сал», «Ғашығым», «Алтын балдақ», «Бірлән», «Айтпай» әндері - Біржан шығармашылығындағы шоқтығы биік, лирикалық туындылар. Оның «Ләйлім шырақ», «Көлбай-Жанбай», «Ақтентек» сияқты әзіл – наз әндерінің өзінен достық,

сезім күйлері. Біржан жеке адамның жан сезімін, көңіл күйін жырлаумен қатар патриархалды-феодалдық заманның озбырлығына асқақ әншімен қарсы тұрды. Халықтың дарында әнші-композиторы әрі ақын Ақан сері Қорамсаұлының (1843-1913) ән творчествосы қазақтың класикалық ән қазынасының алтын қорына еніп, артына аса мол музыкалы поэзиялық мұра қалдырды. Ол - өмір шындығын үлкен суреткершілікпен жырлаған ақын, әрі мұңшыл да сыршыл, лирикалық бағыттағы әнші-композитор. Ақан сері туындыларында халық тұрмысы, қоғамдық өмірдің әлеуметтік мәселелері айқын сураттелді. Қазақ халқының ұлы ақын Абай (Ибраһим) Құнанбаевтің (1845-1904) алуан қырлы творчествосының негізгі бір саласы оның ән творчествосы. Абайдың 30 тарта әні сақталған. Оның ішінде «Ата-анаға көз қуаныш» атты үлгі-өнегелік әні сөзі мен мелодиясының қиюласуы жағынан ерекше көзге түсті. Ал, «Бойы бұлғаң» әнде байлыққа мастанған тоғышардың топтастығы мен надандығын жеріне жеткізе шенейді. Абайдың жалын атқан жастық шақты, мөлдір махаббатты, қаймағы бұзылмаған ынтықтың сезімді жар ететін лирикалық әндері тыңдушысын эстетикалық әсерге бөлейді. ХІХ ғ. ІІ-жартысындағы қазақ халқының музыкасында Жаяу Мұса Байжанұлының (1835-1929) ән шығармасы ерекше көрініс болды. Жаяу Мұсаның бізге жеткен 70 таяу әндері поэзиялық мазмұны мен музыкалық образдылығы жағынан алуан түрлі болып келеді. Ол өзінің ән шығармашылығында қазақ халқының ұшан теңіз ән байлығын, сондай-ақ орыс, украин, татар әуендерінің әуен ырғағын шығармашылық жолмен еркін пайдалана білді.

Қазақстан мәдениеті дамуының өзіне тән ерекшелігі сол, халық ауыз шығармашылығы оның рухани өмірінің елеулі құрамдас бөлігі болған. Халық сан ғасырлар бойы тамаша көркем құндылықтар тудырып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдырып отырды. Олар жеткіншік ұрпақты тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты және әлі де үлес қосып келеді. Қазақ фольклоры мен эпосының едәуір бөлігі формасы жағынан қарапайым, сонымен бірге суырып салып айтуға, есте сақтап қалуға өте ыңғайлы болып келеді. Қазақ даласында ертеректе күн кешкен әрбір адамның суырып салмалық дарынының болуы, тілінің бейнелілігі, көптеген мақал-мәтелдерді қолдана сөйлеуі осымен сабақтас жатса керек. Қазақтың ауыз шығармашылығы халықтың өмірі мен тұрмыс-тіршілігінің алуан түрлі жақтарын қамтитын өзінше бір жылнама болды. Халық сан ғасырлар бойы жеткіншек ұрпаққа эстетикалық тәрбие берудің нақты формаларын, әдіс-тәсілдері мен құралдарын қалыптастырып келген. «Бұл – балаларға қайырымды, ілтипатты қатынас жасау, баланың асыл, адамгершілік сезімдерін ояту, жанама ықпал жасау, моральдік қорғау, өзіне деген сенімін нығайту, сенім арту, жауапты да қызықты істерге тарту, реніш, наразылық, жалған сенімсіздік білдіру немесе ашулану, айыптау, бұйыру, еркелете кінә арту, жалған енжарлық көрсету». Қазақтар шешен сөйлеуге, тілдің шұрайлылығына, қанықтылығына, бейнелігіне, айшықтылығына, қатты көңіл бөлген. Мұны қазақтың «өнер алды – қызыл тіл» деген мақаласынан-ақ көруге болады. Шебер сөйлеуге тәрбиелеу, музыкалық аспаптарда ойнауға, ән-күй сайысына қатыса білуге үйрету – музыкалық және эстетикалық тәрбиенің ажырағысыз бөлігі болды. Мысалы, айтыс та, той-томалақ жырлары – жар-жар, сыңсу, қоштасуды, қайғылы сәттерде айтылатын ән-өлеңдер – естірту, жоқтау, көңіл айту да табан астында суырып айта білу қабілетін қажет етеді. Олардың

әрқайсысының тек өзіне тән ерекшелігі болады. Әрі бұлар әрі күнге дейін ұмытылған жоқ. Қазақ отбасында ежелден-ақ балаларды музыкалық аспапқа, музыкалық творчествоға ынталандырудың өзіндік методикасы болды. Балалар сәби жастан (кейде тіпті үш жастан бастап) музыкалық аспапта ойнауға үйретіліп, оларға ата-аналары немесе өнерпаз, дарынды адамдар үлгі-өнеге көрсетіп отырған. Халықтың музыкалық және поэтикалық творчествосында жырланған халықтың Отанға, туған жер табиғатына, көз жетпейтін ұлан-байтақ қазақ даласына деген сүйіспеншілігі музыкалық және эстетикалық тәрбие құралы болды. Дәстүрлі айтыстар, «той бастар», «бет ашар», ойын сауық, той-думандардағы қыз-жігіттердің ән-күй сайысы, батырлар жыры, лирикалық тұрмыстық дастандар, тұрмыс-салт жырлары, музыкамен сүйемелденіп айтылатын аңыз-ертегілер және т.б. – халықтың ежелгі мәдениетінің осынау баға жетпес мұрасы. Сол сияқты лиро-эпостық жырлар – Қыз Жібек, Айман-Шолпан, Қозы Көрпеш-Баян Сұлу және т.б. күні бүгінге дейін халыққа кеңінен танымал. Оларда халықтың бұрынғы өмірі, рулық әдет-ғұрыптар мен әдіс дәстүрлер өз көрінісін тауып-әйелдердің ауыр жағдайы тілге тиек болады.

Қазақстандағы XIX ғасырдың 2-жартысындағы саяси-әлеуметтік жағдай, қазақ қоғамында таптық қайшылықтардың өрши түсуі, озат орыс мәдениетінің қыр өміріне сіңе бастауы. Міне, осының бәрі қазақ өнерінің барлық салаларында бұқарашыл ағындардың күшейуіне жол ашты. Қазақ халық композиторлары шамашарқы жеткенше осы жаңа ағымдарды шығармашылық тұрғысынан игере алуға тырысты. Бұл кезеңдегі әндер мен күйлерде халықтың бостандыққа қол созған талап – тілегі, әлеуметтік наразылық мотивтері айқындала түсті. Лирикалық әндерде әйелдердің бас бостандығы тақырыбы жырланды. Ақын-әншілердің айтысы, күйшілердің күй тартысуы, көбіне-ақ дүйім жұрттың басын қосқан үлкен мерекеге айналатын. Әсіресе қазақтың «сал», «серілерінің» орыны бөлек болатын. Олар халықтың ауыр тұрмысын аз да болса жеңілдетіп, оған сән беретін, әрі жергілікті шонжарлардан, әрі патша үкіметінің ұлықтарынан екі жақты қысым көрген халықтың рухын көтеретін. Осындай көптің еркесі болған «салдардың» бірі Біржан сал мен Ақан сері. Белгілі халық композиторы Жаяу Мұса, орыс тілін жақсы білген, Петербургте, Қазанда, Чехословакия мен Польшада болған. Сондай-ақ қазақтың халық музыкасында Балуан Шолақ, Мәди, Қазанғап, Ықылас, Сармалай сияқты өнер иелері болған. Қазақстандағы 1916 жылғы солдатқа адам алуға байланысты оқиғалар халық композиторларын да мықтап тебіrentті. Қазақтың әншілері патша үкіметінің зорлық-зомбылығын айтып ән шығарды. Домбырашылар күй шығарды. Бұл салалардағы туындылардың ішінде Дина Нұрпейісованың «Набор», Сейтек Оразалиевтің «Он алтыншы жыл» атты шығармалары бар. Халық композиторлары өздері шығарған күйлерінде майдан жұмыстарында алынып жатқан қазақ кедейлерінің ауыр да аянышты хал-жағдайларын паш етеді. 1917 жылы Ұлы Қазан социалистік төңкерісі жеңді. Қазақ халқы қанаудан, теңіздіктен, қараңғылықтан, саяси және экономикалық шырмаудан құтылып, жаңаша өмір сүретін болды. Ұлы Қазан төңкерісіне дейін қазақ музыкасы фольклорлық қалыпта келді. Ауыз әдебиетіміз сияқты музыкамыз да жазба мәдениетке жете алмады. Бірақ сол бір «ауызша дәстүрдің» өзіне де қазақ музыкасы сан жағынан да, сапа жағынан да бай болатын. Орыс музыка мәдениетінің көрнекті өкілі Александр Викторович Затаевич 1920 жылы ол кездегі Қазақстанның

астанасы Орынбор қаласына келіп, қазақтың ән- күйін қағазға (нотаға) түсіре бастады. Сөйтіп, 1920 жыл мен 1931 жылдың арасында А.Затаевич қазақтың 1500 ән- күйін екі жинақ етіп бастырып шығарды. Бұл жұмыс қазақ музыкасының профессионалдық жолға қадам басуының алды еді.

Ұлы Отан соғысы (1941- 1945) кезеңіндегі қазақ музыкасы, Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында да Қазақстанның музыка өнерінің дамуында талас болған жоқ. Соғыс жылдарында Алматы қаласына көшіп келген Москва және Ленинградтың көркем фильм студиялары мен бірге көрнекті өнер қайраткерлері де келді. Олар республикамыздағы өнердің, музыка мен көркемөнердің дамуына айтарлықтай үлес қосты. 1939 жылы ұйымдастырылған Қазақстан Композиторлар Одағы Москва консерваторияларында оқып жүрген бірнеше жас музыканттарды 1941 жылы мүшеліке қабылдады. Ұлы Отан соғысы басталған кезде Рамазан Елебаев, Мәлік Жаппасбаев, Смағұл Көшекбақ, Әли Базанов, Давид Мацуцин, Владимир Поливанов, Ғабдұлман Матов сияқты композиторлардың қаламдарын қаруға айырбастап, майданға атанды. Ұлы Отан соғысы жылдарында музыкатану ғылымы өз жұмысын тоқтатқан жоқ. «Қазақстанның музыка өнері» атты мақалалар жинағы мен 1942 жылдың аяғында А.Қ.Жұбановтың «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақтың халық композиторлары» атты кітабы шықты. Бұл кітап қазақ әншілері мен музыканттарының өмірі мен шығармашылығы туралы тұңғыш жүйелі мәлімет берген өте құнды еңбек болды. Соғыстағы ауыр жылдарының қиыншылықтарына қарамастан республиканың өзіне жоғары білімді маман кадрлар дайындау мақсатында 1944 жылы Қазақстанның орталығы Алматы қаласында тұңғыш жоғары көркем оқу орны консерватория ашылды.

Қорытынды. Көркемдік тәрбиенің бір компоненті – музыкалық тәрбие. Бұл эстетикалық тәрбиенің ішінде өте кең, сан қырлы ұғымды қамтиды. Музыкалық тәрбие – адамның музыкалық мәдениетін, музыкалық ынта-қабілетін нысаналы және жүйелі дамыту, оның бойына музыкаға тебіреніп-толғана білуді, оны түсінуді сіңіру. Ол музыкалық қызметтің қоғамдық-тарихи тәжірибесін, музыкалық оқу мен білу элементтерін жаңа ұрпаққа табыс ету процесін қамтиды. Ал әрбір халықтың рухани мәдениетінің қалыптасу және даму процесі музыкалық-эстетикалық тәрбиенің даму процесі өзінше жүретіні мәлім. Қазақстан мәдениеті тарихының тамырлары тереңде жатыр. Қазіргі-ғылыми зерттеулердің нәтижелері қазақ халқының дербес және бірегей мәдениетінің даму жолын өте дәл болмағанымен, жеткілікті дәрежеде айқын көз алдымызға келтіруге мүмкіндік береді.

Музыка зерттеуші ғалымдар мен музыка қайраткерлері Шоқан кезеңін қазақ халқы музыка мәдениетінің гүлдену шағы, халық музыка шығармашылығының профессионалды – (классикалық) деңгейге көтерілген дәуірі деп санаған. Алайда, ғалымдардың бір тобы XIX ғасырдың II - ші жартысында музыка өнерінде демократиялық тенденцияның өрістеуін орыс мәдениетінің әсерінен қарастырса, екінші бір қатары төл топырағымызда ықылым замандардан келе жатқан уақыт пен табиғаттың, ел мен мекеннің өзі тікелей тұлғалаған дәстүрлі өнер түрінде таниды.

Өз халқының келешегіне үңіле қарап, қамқорлық еткен педагог-ағартушы Ыбырай Алтынсарин еді. Ы.Алтынсарин прогресшіл ағартушылық идеяларын қазақ даласында батыл іске асырушы болды. Ол Ырғыз, Торғай өңірінде тұңғыш орыс-қазақ мектептерін ашты. Ы.Алтынсарин өзінің хрестоматиясында енгізген

бірнеше дидактикалық әңгімелерінде, («Жеміс ағаштары», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Мөлдір бұлақ», «Асыл шөп», «Атымтай жомарт») бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді. Адамның мінез-құлқын қалыптастыруда тәрбиенің ролінің ерекшелігіне тоқтала келіп, «Бағып-қағуда үлкен мән бар. Бала тәрбиесі жеміс ағашын өсіруші бағбан еңбегімен пара-пар. Дүниедегі жақсылық атаулы күннің нұрымен, ананың ақ сүтімен бойымызға дарып сіңеді» деген қорытынды жасады.

Тәрбие қоғамдық үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның ара-қатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Оның негізгі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту болып табылады. Оқушылардың сапалы тәртібі мен байымды мінезін және сенімін тәрбиелеу мұғалімнің мақсатқа бағытталған іс-әрекетіне байланысты. Олай болса, тәрбиенің негізгі міндеті –қоғамның қажетті талаптарының әрбір баланың борыш, намыс, ождан, қадір-қасиет сияқты биік адамгершілік стимулдарына айналдыруына қызмет жасау.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМ

- 1 ҚР музыкалық тәлім-тәрбие тұжырымдамасы.-А., 1993.- 3 б.
- 2 Дүйсембінова Р.Қ. Музыкалық білім беру педагогикасы.-Т., 2006.- 14б.
- 3 Зарин Д.Н. Методика школьного хорового пения в связи с практическим курсом. – М., 1907. -28б.
- 4 Щацкая В.Н. Музыкальное воспитание детей и юношества. – М., 1975. – 18б.

UDK 821

THE THREE-LANGUAGE APPROACH IN LANGUAGE POLICY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Segizbayeva Zh.A.

Scientific adviser: Yergazina A.A., Candidate of Pedagogical Sciences
Aktobe Regional State University, Aktobe city, Kazakhstan
e-mail: zhansegizbayeva@gmail.com

For the first time the idea of introducing trilingualism, i.e. the adoption of Kazakh, Russian and English languages by the citizens of Kazakhstan, was voiced by the President of Kazakhstan in October 2006 at the XII session of the Assembly of the People of Kazakhstan. Already in his 2007 Address "New Kazakhstan in the New World" N. Nazarbayev proposed to start a phased implementation of the cultural project "Trinity of Languages": "Kazakhstan should be perceived all over the world as a highly educated country, whose population uses three languages. These are: Kazakh - the state language, Russian - the language of interethnic communication and English - the language of successful integration into the global economy" [1].

In the dictionary of linguistic terms T.V. Zhrebilo gives the following definition "Trilingualism is the functioning of three languages within a territorial community: a state, a region, a city, a settlement, where each of the languages is correlated with a certain

sphere of communication. 2. The possession of three languages by an individual within the limits of his communicative capacity" [2].

According to B. Hasanuly, trilingualism is "the alternate use of three languages in a heterogeneous society by representatives of one ethnos" [3, p. 356].

Kazakhstan's accession to the Bologna process played a significant role in the development of trilingualism in Kazakhstan. According to the principles of the Bologna Declaration, Kazakhstan should implement a system of multilingual education, in which English should be used along with Kazakh and Russian languages. The aim of the Bologna process is to create a strong competitive education system in the world.

The need to master Kazakh, Russian and English creates the basis for trilingualism. However, language planning should take into account the fact that bilingualism in the Republic of Kazakhstan is a natural process occurring among the entire population of the Republic, regardless of age and nationality, while trilingualism is a regulated and formed "from above" process.

Sociolinguistic monitoring of the functioning of trilingualism in Kazakhstan has shown that there is a real interaction of three languages in the country: firstly, Kazakh, Russian, English act as state languages characterising the parameter of the linguistic situation of the Republic of Kazakhstan as a multicomponent linguistic situation. Firstly, Kazakh, Russian, and English act as language-states characterising the parameter of the language situation of the Republic of Kazakhstan as a multi-component language situation. English is a component of Kazakh-Russian-English trilingualism, as well as a component of Kazakh-English / Russian-English bilingualism; secondly, English performs educational functions in the country and is characterised as an academic subject [4].

B.H. Hasanov noted that in Kazakhstan the foundation of trilingualism is being laid:

1) at the level of individual representatives, the communicative rank of the language (primarily world languages are taught);

2) at the level of potential possibility to use the language in practice (in professional activities, tourism, entertainment);

3) due to the geographical proximity of the learnt language [5, p. 40].

M.S. Filimonova and D.A. Krylov note that in general trilingualism as a modern socio-cultural phenomenon is developing under the influence of the following factors:

- Strengthening the role of the sociocultural component - studying the culture of other countries and a deeper awareness of one's own culture;

- creation of a unified educational space (international educational space) and development of academic mobility of students and teachers;

- the need for multilingual education as a means of professional training, giving future specialists the opportunity to realise their potential and actively work in the global market;

- development of the world information space, the rapid spread of modern information and communication technologies such as television and the Internet, various mass communication media, etc. [6].

Scientists see the reasons for the functioning of trilingualism in Kazakhstan as follows:

1) English, Kazakh and Russian are the languages that satisfy the needs of communicants in bilingual communication in the situation of intercultural communication;

2) in the prestige of English and Russian as world languages; in the prestige of the Kazakh language as the state language, demographically powerful and communicatively flexible, having a long tradition of use;

3) in the communicative environment of the Republic of Kazakhstan as a multi-ethnic state, Kazakh, English and Russian have regular communicative links. Kazakh, English and Russian languages are used in the process of language learning at school, colleges and universities [4].

In particular, K.N. Smagulova believes that the issue of trilingualism "for a certain category of citizens, which includes a relatively small middle class, has already been resolved, as the possession of several languages is the most important condition for their economic success and stability. However, it is too early to project such an approach to the entire population of the country, because the state will not be able to provide the necessary resources and the corresponding need for this kind of knowledge at once" [7, p. 19].

E. Yertysbaev among the main priorities of the programme "Trinity of Languages" highlights the desire of the head of state to give the Kazakh language a higher status, to raise it to an international level (on a par with Russian and English), as the Kazakh language has the opportunity to become a language of interethnic communication for the majority of representatives of Turkic peoples [8].

Director of the Centre for Central Asia and Kazakhstan Studies at Seattle University (USA) W. Fierman acknowledges the idea of introducing trilingualism in Kazakhstan is correct. Fierman recognises the idea of introducing trilingualism in Kazakhstan as correct. While noting the predominant role of the Russian language in the republic, he does not rule out the possibility of its active functioning in the urban environment, especially in the eastern and northern parts of the country. Y. Fierman also notes the leading position of English in Kazakhstan today [9].

On 29 March 2012 young scientists of the republic held a round table on the topic: "The state language and trilingualism in modern Kazakhstan", the participants of which put forward the following constructive proposals:

- to support the idea of the developers of the draft concept of trilingualism in education - linguists, philosophers, political scientists and psychologists - about the priority role of the development of the state language in Kazakhstan, the role of Russian and English languages-components of the Kazakhstani trilingualism as important means of strengthening the competitiveness of each citizen and the status of the state language;

- to deepen and expand the pilot complex research in sociological, linguistic, political and psychological-pedagogical aspects, conducted for scientific substantiation of the draft Concept;

- to support the main principles and priorities of the Concept.

English in Kazakhstan is taught in educational institutions both as a language of instruction and as a special subject. Performing communicative and informative functions, English is successfully used in many social and economic spheres of life in Kazakhstan, for example, such as tourism business, service, organisation of hotel business, is actively

used in offices, firms working with foreign partners. World of Travel" magazines are published in two languages (Russian and English).

According to specialists, trilingualism as a dominant feature of modern society has historical roots and at the same time represents a bridge to the future. At the present stage of Kazakhstan's development, this concept defines the specifics of a multicultural educational space and a new format of the state's language policy, orienting towards the revival of the intellectual and creative potential of the people and the integration of the individual into the international space. The main component of the trinity of languages is the state Kazakh language as a factor in the consolidation of society, its spiritual revival through the knowledge of history, culture and national identity of its creator - the Kazakh people. The role of the Russian language in the triad is not insignificant, as it also contributes to the unity and cohesion of various social and ethnic groups into a single whole - the people of Kazakhstan. In addition, the Russian language is identified with breakthroughs in the world of advanced science, engineering and technology.

Hence its role in the professional training of specialists, especially technical specialists. In addition, the Russian language acts as a means of intercultural communication and international co-operation with strategic partners in the post-Soviet space. The role of a foreign language is conditioned by the integration processes taking place in the world community and determining the vector of social development in general.

Accordingly, a foreign language, and particularly English, spoken by half the world, is the language of successful integration into the world economy and the international image of Kazakhstan. The most important step on this path, which plays a key role, was Kazakhstan's accession to the Bologna Agreement. Now the requirements for foreign language proficiency have acquired concrete outlines in the form of direct contact with foreign universities at different stages of university and postgraduate training. The development of the Internet and its accessibility is considered as a guarantee of successful implementation of the formula: we develop the state language, support the Russian language, learn English [10].

REFERENCES

1 Назарбаев, Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. — 2012. — № 218-219. — 10 июля.; Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу «Новый Казахстан в новом мире» (28 февраля 2007 года) // Послания лидера нации к народу / сост. Г. Т. Танибергенова, К. Т. Калилаханова, Р. Ж. Алимбеков. - Астана: Күлтегін, 2008.- С. 237-280; Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана «Построим будущее вместе!» // Казахстанская правда.- 2011. - 29 января.

2 Жеребило, Т.В. Термины и понятия лингвистики Общее языкознание. Социолингвистика. Словарь-справочник, 2011 г. / Т.В. Жеребило. - [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://dic.academic.ru/searchall.php?SWord=>, свободный. - загл. с экрана. - данные соответствуют 03.11.2015.

3 Хасанұлы, Б. Языки народов Казахстана: от стратегии молчания к стратегии развития (социопсихоллингвистические аспекты) / Б. Хасанұлы . – Алматы: Орда, 2007. – 384 с.

4 Абишева, К.М. Функции языков как компонентов трехязычия в коммуникативной среде РК / К.М. Абишева, К.Х. Рахимжанов, М.К. Ақошева // Сборник материалов Республиканской научно-теоретической конференции Теоретико-практические проблемы полиязычия в языковой политике Казахстана. - Алматы, 2012. – С.28 -35.

5 Хасанұлы, Б. Тілдік қатынас негіздері / Б. Хасанұлы. - Алматы, 2006. - 86 б.

6 Филимонова, М.С. Билингвизм как тенденция языкового развития современного общества/ М.С. Филимонова, Д.А. Крылов // Современные проблемы науки и образования. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: www.science-education.ru/101-5558 свободный. - загл. с экрана. - данные соответствуют 03.11.2015.

7 Смагулова, К. Н. Языковая ситуация в Казахстане и функционирование русского языка / К.Н. Смагулова // Русский язык как государственный язык Российской Федерации и как язык межнационального общения в ближнем зарубежье: сб. мат. меж- дунар. науч.-практ. конф. / сост.-ред. О. В. Гневэк. - Магнитогорск: МаГУ, 2008. - С. 15-20.

8 Ертысбаев, Е. На родном языке надо думать / Е. Ертысбаев // Казахстанская правда. - 28 февраля 2008г.

9 Бимендин, А. Казахский язык теперь будет развиваться, даже при полном сохранении роли русского языка в Казахстане – профессор Уильям Фиерман [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://www.inform.kz/rus/article/2292617>. - свободный. - загл. с экрана. - данные соответствуют 28.03.2014.

10 Уайс, А. Трехязычие в поликультурном пространстве современного Казахстана: социальный аспект / А. Уайс Айдос, Г. Абдрахманов, Ж. Галиева.- Алматы: Казахская академии транспорта и коммуникаций им. М. Тынышпаева.- С.412

ӘОЖ 821.512.122.09

ТӨЛЕН ӘБДІК ПРОЗАСЫНДАҒЫ ПАРАМӘТІНДІК ҮЛГІЛЕР

Қасымбек Қ.

Ғылыми жетекші: Сейпутанова А.Қ., қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: aiimgul@bk.ru, kushtar413@mail.ru

Төлен Әбдік қазақ әдебиетіне психологиялық, философиялық шығармаларымен ерекше танылған қарымды қаламгер.

Төлен Әбдіктің прозалық шығармаларын жанрлық тұрғысынан бес топқа жіктеуге болады.

- Әңгімелері: «Райхан», «Екі кездесу», «Қонақтар», «Жат перзент», «Мансап», «Бассүйек», Таласбай», «Бір күндік ашу» т.б.
- Повестері: «Оралу», «Қыз Бәтіш пен Ерсайын», «Ақиқат», «Тозақ оттары жымыңдайды», «Парасат майданы», «Әке» т.б.
- Романдары: «Өліара», «Ақшоқыда қыс қатты».
- Пьесалары: «Біз үшеу едік», «Ардагер».
- Эссе: «Сәби туралы сыр».

Қаламгер Төлен Әбдік шығамаларында парамәтіндік үлгілер жетерлік. Мысалы, парамәтіннің перимәтіндік элементі болатын шығарманың не кітаптың атауы, болмаса тақырыбы. Тақырып – шығарманың айнасы. Себебі ол оқырман жадында бірден әрі ұзақ, тіпті мәңгілікке сақталады. Оқырман шығарма атауын оқығанда шығарма не туралы екенін аңғарады. Мысалы, Төлен Әбдіктің «Әке» повесінің атауынан бұл шығарманың әке жайлы екенін білуге болады. Сол сияқты «Бассүйек», «Райхан», «Жат перзент», «Біз үшеу едік» сынды туындыларының атауынан-ақ шығарма желісі туралы алғашқы ақпарат ала аламыз. Төлен Әбдіктің шығармаларын саралай отырып, «Тозақ оттары жымыңдайды» повесінің атауы назар аударуды, ойлануды қажет етеді. Санамызда біраз сауалдар туындап, өзіндік жорамал да жасауымыз мүмкін. Бұл шығарма атауының оқырманды бірден өзіне баурап алғанын білдіреді. Шығарма мазмұнымен танысатын болсақ, Эдуард Бейкер атты доктор өткен өмірін, шыққан тегін ұмытып, өзге адамның өмірін сүріп жатады. Синьор Палеттелли атты журналистпен әңгімелескеннен кейін түпсанасындағы естеліктер еміс-еміс сыр беріп, ақырында бүкіл өмірін еске түсіреді. Атақты доктор танылып жүрген Эдуард Бейкер мырза қолдан жасалған індеттің, ақтардың қолынан жойылып кеткен Араку тайпасынан шыққан Кияку болып шығады. Ол бұл тайпаның соңғы ұрпағы. Бүкіл бір ұлттың, халықтың болашағы хәл үстінде, жойылып кетудің дәл алдында тұр. Бірақ, өзінің қайдан шыққанын енді ғана ұққан Эдуард үшін енді бәрі тым кеш. Ақ нәсілділер Араку тайпасының тыныштығын бұзып, өмірлерін жалмап, тозаққа айналдырды. Үндістерді қуғын-сүргінге ұшыратып, бейшара, шарасыз халықты шашыратып, түбінде жойып жіберді. Осылайша, үндістер бір кездері тарихтан жойылды. Тозақ деген – халқыңның, дініңнің, тіліңнің, ұрпағыңның жойылуы емей немене? Шығармада Янумака абыз ақ нәсілділердің атқан оқтарын, аспандағы жарқыраған құбылыстарды тозақ отымен түсіндірді. «Янумаканың көздері бақырайып, қырылдаған қорқынышты үнмен: «Әне, әне, әне!!!» деп қолын шошайтып, сүріне-мүріне тұра қашады» [1, 166]. Жанындағылар да, қорыққан балалар да тым жылдам жүгіріп, өз орындарына жеткенде ғана тоқтайды. Янумака сал болып, бұл қорқыныштан арыла алмады. Аза мезгілі біткен соң көп ұзамай ол есінен танып қайтыс болды. Өлер алдында: «Тозақ оттары жымыңдайды» – деп қалжыңдаған. Автор неліктен Янумаканың соңғы сөзін өз шығармасының тақырыбына айналдырған? Демек, бұл шығарманың негізгі тақырыбы, бір адамның жанын шошытқан тозақ отын сөндірген адамдардың тағдыры сол бір өрттен аман қалған Эдуард Бейкердің өмір кешуін суреттейді. Автордың көздегені Бразилия үндістерінің тарихын суреттеу арқылы ұлтымыздың жоғын жоқтау болды. Қазір заман өзгерді, тәуелсіздігімізді алдық, жоғалтқанымызды түгендей бастадық. Не ішіп, не жеймін деп алаңдамай тоқтықта, еш уайым-қайғысыз күн кешіп жатырмыз. Біз жұмақта өмір сүреміз. Яғни, дүниенің

қадірі, осы тәуелсіздіктің қадір-қасиеті, қазақ халқының қазақ болып қалыптасуының қаны мен тері, елге деген ыстық сезімнің ұшқыны. Шығарманың негізгі идеясы – сол тәуелсіздігімізден айырылмау, ұлттық болмысымызды сақтау.

Ұлы ел, мемлекет, халықтың ұсақталып кетпеуі. Ел ішінен шыққан іріткі, қолдан жасалатын зияндықтардың алдын алып отыру арқылы ұлттығымызды сақтап қалу.

Кітаптың мазмұны оқырманның қабылдауына әсер ететін параметіндік компоненттің бірі. Мазмұн – кітаптың бірінші немесе соңғы бетінде болады. Егерде мазмұн шығарманың алдында болса, онда ол перспективалық (алға ұмтылу, жылжу) функцияны орындайды, яғни оқырманға шығарманы оқу барысында қандай ақпарат және оны қандай ретпен күтетіні туралы хабар береді. Ал, мазмұн кестесі кітаптың соңында болса, онда ол ретроспекциялық (лат. артқа қарау) функциясын орындайды, яғни соның арқасында оқырман жұмыстың жеке бөліктерінің, яғни тарауларының негізгі ақпаратын, оқылған мәтіннің мазмұнының есте ұзақ сақталуын қалпына келтіре алады [2, 115]. Төлен Әбдіктің «Парасат майданы: таңдамалы» кітабының мазмұнына көз жүгіртер болсақ, кітап мазмұны ретроспекция функциясын атқарып тұр, яғни мазмұны соңында берілген. Мазмұны үш бөліктен тұрады. Ол бойынша бірінші «Хикаяттар», «Пьесалар», кейін «Әңгімелер» боп жіктеліп берілген. Осы арқылы оқырман автордың қай туындысы қандай түрге жататынын біле алады. Жазушыда қандай әңгіме, пьеса бар екенін біледі. Оқыған шығармаларының реттілігін, ұмытып қалған жағдайда шығарма тақырыбын есіне түсіреді.

Бөлім атаулары болып табылатын параметіндік элемент ақпараттық қызмет атқарады. Ол белгілі бір көлемді шығарманың қамтитын мәселелеріне, оқиғаларына, мазмұнына байланысты қойылады. Тақырыпша не бөлім атаулары бойынша автордың «Өліара» [3] романын алатын болсақ, шығарма кең көлемді эпикалық түрге жататындықтан бір ғана бөлімнен тұруы мүмкін емес. Роман өзара байланысқан XV бөлімнен тұрады. Автор бұл шығармасында әр бөліміне атау бермеген, тек бірінші бөлім, екінші бөлім, үшінші бөлім деп жалғастырып кете береді.

Келесі параметіндік элемент – эпиграф. Эпиграф – шығарма басында берілетін үзінді. Ол өлең, нақыл сөз, дәйек сөз, мақал т.б. болуы мүмкін. Эпиграф шығармаға жайдан жай беріле бермейді. Берілген үзінді мәтіннің мазмұнына сай, мағынасын аша білуі керек. Төлен Әбдіктің ең бір жазушылық ерекшелігі – шығармаларының көбінде эпиграф қолдануы. Мысалы: «Ақиқат» , «Парасат майданы», «Оң қол», «Тозақ оттары жымыңдайды», «Тұғыр мен Ғұмыр» бұл туындыларының бәрінде эпиграф бар. «Парасат майданында»:

«Қайда жатыр мәселе –
я өмір, я өлім
Десе де,
Лайық па көндігу тәлкегіне тағдырдың,
Қарсы тұрып немесе,
ұшан-теңіз нәубаттың.
Көзін жойған дұрыс па
Жан алысып, жан беріскен ұрыста?!
Содан кейін бақилыққа көз жұму,

түнек қылып жарықты,
бар дүниеден безініп,
сан мың ауыртпалықты
Жалғастырған, байластырған
шынжырларды осылай
Үзгенінді жүрегіңмен сезініп.
Уильям Шекспир.

(Гамлеттің монологы. Аударма автордікі)

Сен жақсылықты жамандықтан
жасауың керек, өйткені оны
жасайтын басқа ештеңе жоқ.
Роберт Пенн Уорен» [4, 5].

Бұл повесть күнделік иесі мен бейтаныс құрбы арасындағы психология, пәлсапа, өмір жайлы сұрақ-жауап, пікір алмасуларынан тұрады. Соған орай берілген эпиграфтары да өмір жайлы. Бұл жерде эпиграф шығарманы ашып тұрған жоқ, керісінше жалғастырып тұр. Шығарманың түйіні эпиграфта тұрған сияқты. Мысалы, шығарманың соңында өз-өзімен пікір таластырған бас кейіпкер жанын күйзелдірген шындықты көтере алмай өмірден озады. Гамлеттің монологында Т.Әбдіктің кейіпкерінің жағдайын сипаттап тұрғандай. Роберт Пенн Уореннің дәйексөзіне сәйкес күнделік иесі мен бейтаныс құрбы да жақсылық пен жамандықтың айтысында, екі күшті бір-біріне айналдыруға болады. Оны шығармадағы мына тұстан байқаймыз: «Қытай философиясында қайырымды күш – «Ян» өзіне қарама-қарсы қайырымсыз күш – «Инь»-мен алмасу заңы бойынша өзара тығыз байланыста болады. Анығырақ айтсақ, «Инь» белгілі бір уақытта бірте-бірте «Ян»-ға айналса ендігі бір мезгілде «Ян» өзінің шырқау шегіне жетіп, «Инь» күшіне айналады. Жер бетіндегі тіршілік ымырашыл осы екі күштің тепе-теңдігінің тұрақтылығына байланысты» [4, 11]. Жақсылық пен жамандық та сондай. Бір-бірінен туындайды.

Шығарманың жазылған уақыты мен орны – ақпараттық парамәтіндік элемент. Оқырманның меңгерген, игерген дүниесін бекітуге көмектесетін ең соңғы парамәтіндік бірлік. Қаламгер «Тұғыр мен ғұмыр» және «Парасат майданы» туындыларында шығарманың жазылған орны мен уақытын көрсетіп кеткен екен. Мысалы, «Тұғыр мен ғұмырда» шығарма соңында «Астана, 2010 жыл» [4, 143], ал «Парасат майданында» «Астана, 2002 жыл» [4, 64], - деп туындыларының Астана қаласында 2002, 2010 жылдары жазылғандығын көрсетеді.

Келесі бір парамәтіндік элемент – аннотация. Аннотация – кітаптың, мақаланың мазмұнын, бағытын, құндылығын түсіндіретін қысқаша сипаттама. Ол кітаптың авторы және жалпы кітаптың қысқаша мазмұны жөнінде мағлұматтар береді. Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» кітабына аннотация былай берілген: «Жазушының шығармаларында негізінен тіршілік ағысының тереңіне, құпиясына үңілу, өмір шындығын философиялық тұрғыдан пайымдау басым. Адам тағдыры қоғам бейнесінің айнасы іспетті. Кейіпкердің күйзелісі тек психологиялық құбылыс ретінде ғана емес, замана болмысының бет бейнесін анықтайтын рухани өлшем ретінде қарастырылады. Автор «Парасат майданы» повесі үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты және Франц Кафка

атындағы Еуропалық алтын медальдың иегері атанды» [4]. Бұл анотация автор туралы қосымша ақпарат береді. Алайда аннотацияда баспагер автор туралы жеке мәлімет бермеген. Тек шығармаларының негізгі сарынын, өзегін тілге тиек еткен. Себебі, автор мен кітап жарнамалауды қажет етпейді деген сөз.

Оқырманды шығарманы оқымай тұрып, кітапты қолына алған сәттен-ақ өзіне бірден баурап алатын параметіндік компонент – кітаптың мұқабасы, баспа дизайны. Мұқаба – кітаптың сырты, түрліше безендіріліп, кітапқа ерекше көрік беріп тұрады. Мұқабада кітаптың атауы мен авторы туралы мәлімет көрсетіледі. Біз жай күндері кітаптың сыртқы түріне мән бере бермесек те, ол маңызды рөл ойнайды. Мысалы, кез келген екі кітапты қолға алып, бірінің сырты ерекше дизайнмен, жылы түсті, қарпі де көз тартарлық, ал екіншісінің мұқабасында ешқандай ерекшелік жоқ, суретсіз тек қана кітаптың атауы ғана болатын болса, әлбетте оқырман бірінші кітапты таңдары анық. Себебі, кітапты оқушы мұқабасына қарап, қызығып алуы мүмкін. Параметіндік бұл элемент негізінен коммерциялық функция атқарады. Яғни, қазіргі кездегі өте өзекті болып табылатын бизнес, өсім, табыс тұрғысынан алғанда кітаптың көп мөлшерде сатылуына септігін тигізеді. Қазіргі кездегі шығып жатқан кітап мұқабаларының ерекше дизайнмен, адам қызығарлық болып жасалуы да сондықтан.

Қорытындылай келе, параметін мен оның компоненттерінің шығармада алатын орны ерекше. Ол арқылы оқырман білімін кеңейтіп, қосымша ақпарат алады. Параметіндік элементтер мәтінді ерекшелейді. Шығарманың мазмұнын және оны оқырмандың қабылдауын жеңілдетеді. Төлен Әбдіктің прозасында параметіндік үлгілер жетерлік. Әр туындысында параметін элементтері, кей шығармаларында интермәтін де бар. Олар шығармаларда ұтымды, жүйелі, нақты қолданылған. Төлен Әбдіктің шығармаларындағы параметіндік элементтер оқырмандарды ә дегеннен-ақ, қызығушылығын оятады. Шығармаларының атауы, сюжеттік желісі, ондағы оқиғалар, қазақ мәдениетіне, менталитетіне жат айшықты образдары, тіпті кейіпкерлерінің есімдерінің өзі бәрі-бәрі керемет. Аталған элементтер шығарманы көркемдеп, маңызын арттыра түседі. Жазушы параметіндік үлгілерді шығармаларында қолдану арқылы туындысын одан сайын көркем етіп, айшықтай түседі. Төлен Әбдіктің шығармаларына қатысты берген сұхбаттары да параметінге енеді. Шығармаларындағы параметіндік үлгілер жазушының туындыларын айшықтап, эстетикалық әсер қалдырады. Сол арқылы Төлен Әбдіктің көптеген шығармалары оқырмандарының жадында ерекше сақталып қалады. Жазушының шығармалары адам мінезінің құпия сырларына үңілуімен, өмірдің мәні мен мағынасына философиялық тұрғыда қарауымен, өмірдің бір-біріне қайшы құбылыстарының шындығын ашумен ерекшеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әбдікұлы Т. Оң қол. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 352 бет.
2. Ламзина А.В. Заглавие // Введение в литературоведение: учебник для студентов учреждений высш. проф. образования /Л.В. Чернец, В.Е.Хализев, А.Я.Эсалнек и др.; под ред. Л.В.Чернец. – 4-е изд., испр. и доп. – М.: Академия, 2011. – 360 с.

3. Әбдікұлы Т. Өлара. – Алматы: Жалын, 1985. – 352 бет.
4. Әбдікұлы Т. Парасат майданы. – Алматы: Раритет, 2012. - 616 бет.

ӘОЖ 821.512.122.09:37.09

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ АЯСЫНДА М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ «БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫН ОҚЫТУ

Сейпутанова А.Қ., Досанова Қ.Д.
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: aiimgul@bk.ru

Алаш қайраткері, ақиық ақын, педагог, артына өшпес мұра қалдырған қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын жас ұрпаққа барынша таныту, ондағы ұлттық және адамзаттық құндылықтарды білім берудің жаңа парадигмалары негізінде оқушы бойына сіңіру заман талабы десек болады. Алайда бүгінгі орта мектептегі әдебиет сабағында өзге де Алаш зиялыларының, көрнекті қаламгерлердің шығармаларын толыққанды меңгертуде сағат көлемінің аздығы көңіл көншітпейтіні анық.

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты –

Мен жастарға сенемін!» - деп жырлаған ақынның бір ғана өлеңінің өзі қай ғасыр ұрпағының болмасын азаматтық рухын оятып, нағыз креативті әрі позитивті, сындарлы ойлай алатын, бәсекеге қабілетті, белсенді, алдына нақты мақсат қоя алатын, оны шешуде еш нәрседен жасқанбайтын қайсар, алғыр жастарды тәрбиелеуде таптырмас мотивация десек болады.

Жұмабаев Мағжан - ғасырлар белесінің әр кезеңінде көнергеннің орнына жарқырап көрініп отыратын көркемдік ойлау әлеміндегі Абайдан кейінгі ірі құбылыс. Оған оның сан алуан жанрдағы шығармалары және эпикалық поэмалары «Батыр Баян», «Қойлыбайдың қобызы», «Жан сөзі», «Жүсіп ханы» толық дәлел. Сол құбылыстың сырын ашып, жас ұрпақты шынайы суреттер арқылы поэзия бұлағынан сусындата білу, жақсы менен жаман, қатыгездік пен ізгілік, бір күндік пен мәңгілік секілді өмірлік мәселелерге қатысты көзқарас қалыптастыруда ақын мұрасын шебер пайдалана білу - әр ұстаздың асыл мұраты болуы керек. Әсіресе, жас ұрпақты ұлтжандылық пен отансүйгіштікке тәрбиелеуде Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын оқып үйрену, одан нәр алу – ұлы парызымыз.

Мақаламыздың негізгі нысанына алып отырған «Батыр Баян» поэмасында өзінің халқына, Алашына деген суымас перзенттік жүрегінің ыстық сезімін өлең өрнегімен шынайылықпен суреттеп, өшпестей етіп қашаған. «Батыр Баян» поэмасы «Алашым» деп еңіреп, «майданда жолбарыстай» ерлік көрсеткен осы аруақты көкжал батырға арналған. Аяулы бес арыстың бірі Ж.Аймауытов: «Баян» - қазақ әдебиетінде бола бермеген табыс. Әсіресе, «Баянның» басқы бөлімінде сурет, шешендік толғау, күй төгіліп кеткен» - дейді [1,5]. «Батыр Баян» -

Мағжанның ақындық шеберлігін, қуатты суреткерлік болмысын мейлінше танытқан поэма. Поэмада көтерілген тақырып - ұлттық мәселе. Қазақ елінің ғасыр бойы көксеген арманы, елім деп еңіреген перзентінің кеудесін жарып шыққан ыстық сезімі. Мағжан поэмасының табиғилығы соншалық - оқиға әбден шиеленіскенде Баян оңашаланып, өзімен-өзі болып, істеген әрекетінің дұрыс бұрыстығын таразылайды. Жүрек сырын жайып салады. Бір ойы екінші оймен таласып, істеген ісінің ұшығына жете алмай, күмәны молайып, арпалысатын кейіпкер, осы – Баян. Шынымен де, Баян бейнесі – қазақ әдебиетіндегі ең ірі сомдалған бірегей образ. Поэманың астары терең, рухымызды оятатын, психологиялық, философиялық әсері керемет туынды.

Орта мектеп бағдарламасында Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын талдауға 4 оқу сағаты бөлінген екен. Поэма мазмұны оқушыға түсінуге жеңіл, қызықты, оқиғалар желісі тартымды. Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсатына сәйкес аталмыш поэманы талдату үшін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушының өз бетімен ізденіп, өздігінен білім алуына жол аша аламыз. Поэма Мағжан ақынның көңіл-күй сезімін толғаудан басталады.

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да [2, 18], -

деп ашына жырлаған ақын ішкі күйінішін жайып салады. *«Сұм өмір абақты ғой саналыға»* деп өзі өмір сүрген тұстағы жүргізіліп жатқан саясатқа деген өз көзқарасын анық танытады. Сталиндік қуғын-сүргіннің елдің барлық саналы, зиялы азаматтарына жасап отырған қастандығын тайсалмай ашық айтады. *«Қызыл тілім кісендеулі»* деп тіл бостандығының жоқ екеніне тоқталып *«қызыл, сұм»* деген эпитет және *«кісендеулі»* деп кейіптеу арқылы ақын поэманың тілдік қуатын арттырады. *«Сұм өмір күшті уын аяды ма?»* - деп өзінің ауыр тағдырын қоса жырлайды. *«Осы жолдарда автор не айтқысы келді?»* деп ойлану тапсырмасын беру арқылы оқушылардың саралау, сыни тұрғыда ойлану, өз ойын еркін жеткізу тәрізді қабілеттерін ашуға болады. Алдын ала оқуға берілген шығарма мазмұнын оқушы қаншалықты деңгейде меңгергенін білу үшін «Автордан сәлем хат» тәсілімен конверт ішінен оқиға мазмұны бойынша сұрақтар таратып және сол үлестірме парақшалардың түсіне немесе реттік нөміріне қарай топқа бөліп, осы арқылы уақыт үнемдеуге болады. Болмаса дәл қазіргі сәттегі «Wordwall», «Umaigra», «Tarsia», «Nearpod», «Flippiti net» тәрізді заманауи интернет платформалар арқылы өте қысқа уақытта оқушы білімін тез бағалап алуға болады. Жалпы топқа бөлу, бағалау тәсілдері тақырыптың айналасында таңдалғаны дұрыс. Мысалы, дәл осы тақырыпта жебе ұштары, дулыға, асық, домбыра шанағы сияқты ұлттық нақыштағы элементтерді пайдаланса, тақырыпты толықтырып, сабақтың көркін аша түсері анық.

Бағдарламаның «7. Т/ЖЗ көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау» деген оқу мақсатына қол жеткізу үшін бірқатар интербелсенді әдіс-тәсілдерді қарастырамыз. Яғни шығармадағы кейіпкерлер бейнесін ашу үшін қандай тәсілдер қолданған дұрыс деген сауал айналасында жұмыс жасалады. Поэмада кездесетін басты кейіпкерлер: Баян батыр,

Ноян, қалмақ қызы бейнелері. Олай болса оқушыларды 3 топқа бөлеміз де әр топқа кейіпкерлердің бейнесін ашуға тапсырма беріледі. Әр топ өзіне берілген кейіпкер бейнесін ашуға тиімді тәсілдерді таңдайды. Бұл жағдайда да мұғалім оқушыларға жол сілтейді. Кейіпкер бейнесін ашуда «Кейіпкермен сұқбат», «Топтастыру», «Кластер», «Кейіпкер анкетасы», «Екі жақты, үш жақты күнделік», «Т» кестесі, «б неге?» тәрізді тәсілдерді қолданып, Баян образын ашуда поэмадан үзінді алып монолог немесе диалог оқытуға болады. Көркем шығарманы талдамас бұрын шығарманың тарихи шындығына тоқтала кеткен дұрыс. Себебі «Батыр Баян» эпикалық дастан болғандықтан, тарихпен тығыз байланысты. *«Поэмаға негіз болған тарихи оқиға туралы айт», «Жоңғар шапқыншылығы қазақ халқына қандай қасірет әкелді?»* деген ой қозғау сауалдары арқылы оқушыны ізденуге, кеңірек ойлануға жетелейміз. Ізденімпаз оқушыларға *«Баян батырдың қазақ тарихындағы орны»* деген тақырыпта қосымша ақпарат дайындау тапсырмасын беруге болады. Қалмақ қызы бейнесін талдау үшін «Батыр Баян» көркем фильмінен үзінді алып, Ноян мен Толқыншаштың эпизодын көрсете отырып талдату оқушының визуалды, эмоциялық қабылдауына әсер етеді. Сонымен қатар поэмадағы қалмақ аруы Толқыншаштың портретіне көз жіберу.

Сол сұлу, сұлу екен атқан таңдай,
Бір соған бар сұлулық жиылғандай,
Лебізі - жібек лебі, жұмбақ желі,
Кәусардай адам қалар қанбай,
Шын ер ғой Батыр Баян алып қайтқан

Еліне сол сұлуды естен танбай,- деп, ақын сұлудың көркін, көзқарасын, сөйлеу мәнерін суреттеу арқылы оның әйелдік нәзік қасиетін жеткізе білген [2, 21]. Толқыншаштың асқан сұлулығын көз алдымызға алып келеді. Ноян ессіз ғашық болса болатындай-ақ хас сұлу екендігін оқырманға жеткізеді. Осылайша Ноянның психологиялық ахуалын түсіне аламыз, шығарма шынайылығы да арта түскен. Осы арқылы оқушы да Ноян образын талдауда біржақты көзқарастан аулақ болады. Автор Толқыншаш бейнесін ары қарай әр қырынан аша түскен. Сұм қыздың сақтығын Ноянмен терең сайда кездескен сәтте ерекше суреттейді. Ноянның өзіне ғашық екендігін анық аңғарған қыз оны өз мақсатына пайдалануды ойластырады. Осылайша жас Ноянды еліне алып кетпек болады. Осы орайда оқушыларға *«Қалмақ қызы Толқыншаш Ноянды өз мүддесіне пайдаланды ма, әлде жас батырға өзі де ғашық болды ма? Қалай ойлайсыңдар?»* тәрізді сауалдар қойып, ойландыру қажет деп ойлаймын. Сонда оқушы біржақты стереотиптен шығып, жағдаятқа әр қырынан қарауды үйренеді. *«Мүмкін Толқыншаш шынымен де Ноянмен бірге елге қайта оралар ма еді?»* деген де ой тууы мүмкін. Қалмақ қызының образын ашуда «Түймедақ», «Шолпы», «Кейіпкермен сырласу» тәрізді әдіс-тәсілдерді қарастырған жөн. «Т» кестесі арқылы оқушы Ноянға тән жағымды әрі жағымсыз қасиеттерді салыстыра санамалайды. Ноян бейнесін талдауда оқушыларға *«Қандай жағдайда да жеке бастың қамы үшін өз Отанын сату дұрыс па?»*, *«Осындай сәттерде аңғалдық таныту, сезімге берілу немесе жасы үлкендермен ақылдаспай өз бетімен шешім қабылдаған дұрыс па?»* сияқты ойтүрткі сұрақтар арқылы оқушыларға болашақта осыдан сабақ алу керек деген түйін жасатуға болады. Оқиға соңы інісінің әрекетіне қатты ашуланған Баян батыр

екі жастың соңынан қуып жетіп, оларды өлтіруімен аяқталады. Осы сәтте батырдың жан дүниесі аласапыран күйге түседі. Баян ішкі монологы арқылы өзінің іс-әрекетін саралайды. Ойы екіге бөлінеді. Бірі айыптайды, екіншісі жақтайды. «Сол садақты тартқанда қолым неге сынып қалмады?»-деп, өзін-өзі айыптаса, «Жоқ, жоқ, әлде өлтірдім бе? Інімді алты алаштың намысы үшін», - деп, өз кінәсінен арылуға тырысады. «Алашта өткен екі арыстан Ер Көкше мен Ер Қосайдың ұрпағымыз. Солардан тараған Сары мен Баян барыстай ойын салған сары далада», - дей отырып, Ер Баянның інісі Ноян атадан азып туып, бір қыз үшін қалмаққа құл болды. Алашқа бұдан артық шер барма?- дейді. Осы орайда оқушыларға *«Батыр Баянның шешімі дұрыс па? Әлде асығыс шешім болды ма? Қалай ойлайсыңдар»* деп ойлануға шақырған дұрыс. Осы арқылы оқушылардың сыни ойлау, өз ойын еркін жеткізу, сөйлеу дағдыларын қалыптастыра аламыз. Жалпы көлемді, сюжеті күрделі шығарманы талдау барысында «Кубизм», «Ойлаудың алты қалпағы» тәрізді стратегияларды қолданған тиімді. «Кубизм» бойынша тапсырмаларды келесідей түрлендіріп берген жөн және тапсырмалар сыни тұрғыда ойлануды, оқиғаға баға беру, пайымдауды қажет ететіндей болғаны дұрыс:

1. **Зерттеңіз.** *«Батыр Баян поэмасының тарихи шындығы қандай?»* (тарихи деректерге сүйенсек, ақиқатында Баян інісі Ноянды өлтірмейді, ағасы Сары батырдың қолына жібереді) немесе *«Шығарма сюжетіне арқау болған тарихи оқиғаны зертте»*

2. **Суреттеңіз.** *«Батыр Баян» поэмасындағы табиғат сұлулығын суретте* немесе *«Батыр Баян» поэмасындағы қалмақ қыздың бейнесін суретте»*

3. **Салыстырыңыз.** *«Ш.Құдайбердіұлының «Қалқаман – Мамыр» поэмасы мен М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмаларын салыстыр»*

4. **Қолданыңыз.** *«Батыр Баян» поэмасындағы автор қолданған көріктеу құралдарын теріп жазып, шығарманың көркем тілін талда»*

5. **Ұсыныңыз.** *«Егер сіз автор болсаңыз, оқиға сюжетін қалай аяқтар едіңіз? Өз нұсқаңызды ұсыныңыз»*

6. **Дәлелденіз.** *«Батыр Баян поэмасы – жас ұрпақтың бойында ұлтжандылық, отан сүйгіштік сезімін оятатын тамаша тарихи туынды».*

Бұл стратегияның тиімді тұсы – сыныптағы оқушылардың біліміне сай деңгейлік тапсырмалар бере алуымызда және оқушы бір мәселеге әр қырынан қарай алады. Жалпы поэмадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтап талдауда «Семантикалық карта» толтырудың тиімділігі жоғары.

Кесте 1.

Кейіпкерлер Аты-жөні	Кейіпкерлер бойындағы ұнамды қасиеттер							Кейіпкерлер бойындағы ұнамсыз қасиеттер							
	Батыр	Намысқой	Ержүрек	Шыншыл	Мықты	Адал	Алғыр	Айлакер	Қорқақ	Намыссыз	Аңғал	Өтірікші	Әлсіз	Шабан	Ұпай саны

Абылайхан															
Батыр Баян															
Ноян															
Лағда															
Жанатай															

Білім берудің жаңа парадигмалары аясында поэманы оқып-үйретудегі тиімді әдіс-тәсілдер мұнымен шектелмейді. Ол әр мұғалімнің ізденісіне, шығармашылық ойлау деңгейіне байланысты түрлене береді. Дарынды оқушыларға ««Батыр Баян» поэмасындағы Баян бейнесі», «М.Жұмабаев поэзиясындағы ауыз әдебиетінің көріністері» («Батыр Баян» поэмасы бойынша), «Батыр Баян» поэмасының көркемдік ерекшеліктері» тақырыптарында шығармашылық жұмыстар, «Батыр Баян» поэмасындағы Баян – ұлтжандылықтың асқақ үлгісі» немесе «Поэмадағы Баян батыр әрекетін дұрыс деп ойлайсындар ма?» деген эссе тақырыптарын беруге болады. Ақын шығармашылығы бойынша «М.Жұмабаев поэзиясындағы ауыз әдебиеті үлгілері», «Ақын шығармашылығындағы ұлт тағдыры», «Мағжан поэзиясындағы ерлік пен елдік тақырыбы» т.б шығармашылық тапсырмалар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындату оқушыларды ізденіске, зерттеушілікке баулиды.

Қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе – білімді сапалы ету, оқушының толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз қалау. Білім берудің жаңа парадигмасы - жаңа өркениеттік бағдар тұрғысында, мемлекеттік стандарттарға сай, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруды мақсат еткен оқытудың жаңа әдіснамасы. Демек жаңашыл ұстаздың міндеті - көркем шығарманы талдату барысында оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, жаңа дәуірдің талабына сай болатын, жан-жақты дамыған, еркін ойлы, ойлау, сөйлеу, сыни баға беру, өзінше пайымдау, тұжырым жасай алу қабілеттері дамыған тұлға қалыптастыру. Алаш қайраткері М.Дулатов: «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда...Надан жұрттың күні – қараң, келешегі - тұман», - дегендей, егемен еліміздің ертеңіне үлес қосатын Тәуелсіз мемлекеттің саналы, білімді ұрпағы саналатын шәкірт тәрбиелеу – біздің ұлы мұратымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жұмабаев М. Таңдамалы. Өлеңдер мен поэмалар, зерттеулер, аудармалар). Алматы: Ғылым, 1992, - 272 бет.
2. Аймауытов Ж. «Мағжанның ақындығы туралы» // Қазақ әдебиеті газеті. - 1989, 27 қаңтар, 5-7 бет.
3. Қазақ әдебиеті: хрестоматия /оқу құралы/Асыллов Ұ, Дайырова Ә, Батталова Р.- Алматы: «Мектеп» баспасы, 2004. - 560 бет.
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.-Алматы, 2019. –268 бет.
4. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту. – Алматы: Мектеп, 2000. – 215 бет.
5. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені жоғары оқу орындарында қолдану: оқу құралы /. - Алматы: Кантана пресс, 2009. – 263 бет.
6. <https://www.u-s.kz/publ/6393-m-zhmabaevtv-batyr-bayan-poemasyn-taldau>

ТАРИХ ТАРЛАНЫ

Сетерхан Үмітхан

Ғылыми жетекші: Картаева А.М., филология ғылымдарының докторы,
профессор

С. Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: seterkhanumitkhan@mail.ru

Қазақ тарихында билік еткен қаншама хандар, сұлтандар, батырлардың аты баршамызға белгілі. Осы ұлы тұлғаларымыздың бейнесін одан әрі жандандыра түскен жазушыларымыздың бірі - Әбіш Кекілбаев болды. Ол өзінің “Үркер”, “Елең-алаң” атты қос романында тарихи тұлғаларымыздың келбетін көркем түрде бейнеледі. Оған қоса, олардың шынайы келбетін тарихи оқиғалармен сабақтастыра көрсетті. Ең әуелгі жарық көрген шығармасы “Үркер” романы болды. Одан кейін оның жалғасы “Елең-алаң” романында көрініс тапты. Осы романдардағы ең көп кездесетін кейіпкердің бірі - кіші жүз ханы Әбілқайыр болды. Романдағы Әбілқайыр бейнесі қалай көрінді? Жазушы оны сипаттауда қандай жағымды жақтарына немесе қандай жағымсыз жақтарына көңіл бөлді? Оның тарихтағы орны қандай? Ол не үшін тарихта ерекше көзге түседі? Мінекей, осы сұрақтардың жауабын біз романды оқу арқылы біле аламыз. Ендеше, осы романның бастапқы бөлігі “Үркер” туындысындағы кіші жүз ханының бейнесін жұмысымызда талдап көрсетсек.

Тарих бойынша білеріміз, Әбілқайыр ханның Ресей патшалығына ең бірінші бағынуы еді. Не үшін ол бұндай қадамға барды? Неліктен бір елге бодан болуға сонша асықты? Барлық хан таққа отырғаннан кейін, ол осы мәртебеге лайықты болуы тиіс. Өйткені, ханға сол мемлекеттің тұрып жатқан жері және халқы аманат етіп беріледі. Хан жай ғана тақта отырып қоймай, сол елдің, жердің барлық жауапкершілігін өз мойнына алады. Сонымен қатар, қандай да бір маңызды жорықтар бола қалса, табан тіресе күресіп, сол шайқастан елін аман алып қалуы тиіс. Әрі маңызды шешімдерді өзі қабылдауы тиіс. Ол қабылдаған шешімдері өзіне ғана емес, бүкіл елі үшін де ыңғайлы, пайдалы болуы шарт. Олай болмағанда халық өзі-ақ ханға қарсы шығады. Яғни, ханды көтеретін де, тақтан түсіретін де халық болады. Хан болу да оңай шаруа емес. Дегенмен, романда жатып ішер хан бейнелеріде көрініс тапты. Жазушы бұны әдейілеп жазған болу керек. Өйткені, әр түрлі адам барғой. Ешкім хан болып туыла қалмайды. Оның үстіне ханды мұрагерлік жолмен сайлайтын еді. Ал бұл тәсіл кейде тиімсіз болатын. Өйткені, атақты хан болғанмен, оның ұрпағы хан тағына лайықсыз болуы да ғажап емес. Романда хан тағын жай ғана таққа отырып, рахат күн кешу деп түсінген кейіпкерлерде болған. Алайда, Әбілқайыр бұндай топтың қатарынан емес еді. Ол жас шағынан ерекше ақылдылығымен және салқынқандылығымен бірден ел көзіне түсіп бастап еді. Оның сондай ерекше ақылдылығына жұрттың кейбірі таңдайларын қағып таңғалса, кейбір тобы оның осынша салқынқанды ақылын ерекше бір айлакер, қулықпен байланыстырып ұнатпай сөз ететін еді. Әбілқайыр ақылды, айлакер және атаққұмар болғаны рас. Өйткені, оған хан тағы ерекше арман болып

көрінетін еді. Дегенмен, ол өзінің ақылының және батылдығының арқасында көп арасынан топ жарып, кіші жүздің ханы бола алды. Дегенмен, хан болу Әбілқайыр ойлағаннан да күрделі болып шықты. Хан болмай тұрып, сұлтан болып жүрген шағында ол сирек көзге түсетін еді. Енді хан атанған соң, халықтың алдында жиі көзге түсуіне тура келді. Оның үстіне бұрынғы сұлтан шағындағыдай емес, хан болған соң жаулары да көбейіп кеткен сияқтанды. Ол сыртқы жау емес. Өз іштеріндегі жауы еді. Іштен шыққан жау жаман демекші, ту сыртынан пышақ ұратындар да көбейе бастапты. Барлығы, сол кездегі қазақтарға тән жаман қасиеттер: көреалмаушылық, қызғаныш, алауыздық сынды жағымсыз қасиеттер еді. Әсіресе, бұрыннан аталары жау болып келе жатқан қазақтың кей рулары бұған барынша кедергі жасауға күшін салды. Дегенмен ханда барынша берілмей күресіп бақты. Алайда, шығармадан байқайтынымыз, Әбілқайыр атаққұмар болғанмен, ол елінің болашағын ойлайтын еді. Оны шығармадағы хан ойының мына бір тұсынан байқай аламыз: “Жұртыңды жөнге салар болсаң, суырылып алға шығар тұсың осы! Тұрғыластарыңнан тұрқың озық екені рас болса, көрінетін тұсың осы! Бойыңды сарысудай сарыуайым ғана жайлап алмай, бір мысқал тәуекел қалса, оны ат қып ерттеп мінер кезің осы! Қазір мына қазір қайтпек керек? Тентіренді жұртың бұдан әрі тентірей берсе, несі қалады? Жоқ қазақтарға әйтеуір бір тізгін тежер жер керек болса, осы ара, осы тұс...”. Бұл тұстағы хан ойы: сан-саққа кеткен, қиын-қыспақ ойлар еді. Сонау, ақтабан шұбырындының зардабын тартқан елін, енді ондай азапты күндерден алыстатқысы келді. Сол азапты күнді тарту еткен жоңғарларға қатты қаны қарайған еді. Хан қазаққа ең қауіпті жау, сол жоңғарлар екеніне әбден көзі жеткен еді. Оның үстіне, не жоңғар, не қазақ жеңіп болмайтын шексіз қиян-кескі шайқастан да қажыған еді. Тек жоңғар тарапынан ғана қиындық келіп тұрған жоқ. Айналасындағы көрші елдердің тырнағы да әбден батып кетті. Оның үстіне қазақтың өзі бытырап үш жүзге бөлініп кеткен. Әр жүзге әр түрлі хан билік жүргізеді. Барлық қазақ елінің жуырда біріге қоюы екіталай еді. Ақылды хан осының барлығын ескеріп, ой елегінен өткізе келе, бір шешім қабылдаған еді. Ол шешімі батылдық пен үлкен тәуекелді талап етті. Яғни, Ресей патшалығына өз еркімен бодан болу еді. Ол патшалыққа тәуелді болу арқылы жауларынан қорғанғысы келді. Әрі елінің тынышта, бейбіт өмір сүргенін қалаған еді. Әрине, бұл мақсаты өзі үшін де тиімді боларын алдын-ала ойлап қойған болатын. Солайша, ол тарих төрінде орыстарға бодан болуды алға тартқан алғашқы хан болып қалған еді. Сөйтіп, хан патшалыққа елші жіберіп, осы мәселеге түбегейлі кірісті. Осы жолда, ол көп қиындыққа тап болды. Оның хан екеніне қарамастан, кіші жүздің беделді билері мен сұлтандары бастапқыда қарсы шығып бақты. Тек кіші жүз ғана емес, басқа жүздегі беделділер де бұған қарсы шықты. Тіпті, патша тарапынан келген елшіге де талай қауіпті күндер төнді. Әбілқайырдың негізгі жауларының бірі-Қайып баласы Батыр болған еді. Өйткені, батырдың әкесі Қайып ханның қолында кіші жүз тізгіні болған еді. Кейін, бұл билік Әбілқайырдың қолына өтті. Оны мына бір деректен байқай аламыз: «Кіші жүздің ханы Қайып ақырындап Әбілқайырға тек әскери істе ғана емес, саясатта да есе жібере бастады. Өзі қайтыс болған соң, оның балалары Әбілқайырмен тең басшы бола алмады. Солайша, Кіші жүздің әскери билігі мен саяси билігі Әбілқайырдың қолына көшкен еді. Ал Қайыптың баласы Батыр сұлтан кіші жүздің негізгі ханы бола алмай, тек бір ұлысының қосалқы ханы

болып қалды. Ең алғашқы арадағы жауластықта осы сәтте тұтанған еді». Дегенмен, бұл таққа Әбілқайыр хан өзінің айлалы ақылдылығымен-ақ жеткен еді.

Романда Әбілқайырдың басқа сұлтан, хандардан ерекшелігі болды. Мәселен, шығармада оның қалың жаудың ортасына қаймықпай, жалғыз барып, жауды жайратып салуы, бүкіл елді қайран қалдырған еді. Иә, бұл оның сұлтан болып жүрген кезінде жасаған ерекше ерліктерінің бірі еді. Оған қоса ол керемет мерген болды. Хан аңшылықты қатты жақсы көретін еді. Бірде жалғыз өзі аңшылық жасап жүргенде, көздемей бір құлжаны мерт қылғаны бар. Бұл оның көзсіз мергендігін айғақтайды. Әбілқайырға сол кезеңдегі Мәті, Әйтеке би сынды алып тұлғалардың өзі батасын беріп, риза болған еді. Ханның тағы бір өзгеше тұсы - оның қара халыққа жақын болуында еді. Ол өзінің дәрежесіне қарамай қара халықтан дос таба білді. Бұл аталғандар ханның жағымды жақтарының бір бөлігі ғана. Оның толық келбеті тарихи туындыда айқын байқалады.



Романда хан бейнесі неге айрықша көзге түседі? Өйткені, жазушының бұл шығармасының негізгі тақырыбы: қазақ халқының Ресейге қосылмас бұрынғы кезеңі мен қосылғаннан кейінгі жағдайлары көрсетілген. Ал бұл тұстарда Әбілқайыр үлкен саясаткер бола алды десекте болады. Сол себепті Әбілқайыр бейнесі бұл романда жиі көрініс тауып отырды. Романдағы осы тарихи тұлға жайлы, көптеген қоғам қайраткерлері өз пікірін білдірді. Мәселен, Нұрлан Оразалин: “Кекілбаев бейнелеген Әбілқайыр хан – тарих өз бағасын берген, күрделі мінез-характертерінде қайшылығы мол, әрісі мен берісін қатар сапырған, бір

басында хандық заманның қаталдығы мен қатар кейде пендешілік мейірім де жылт етіп отыратын жан. Тіпті ол өзі араласпаса да, не бір сәлемі, не бір сөзі, тым құрыса елші-қосшысы араласып отырады. Шығысына қарап ортайып, батысына қарап, үмітімен марқайып отырар ханның өз қара басының қамын да ұмытпай, халық қамын да ұмытпай сергелдеңге түсіп, ойға батар шақтары сенімді, нанымды, көркем суреттеледі”.

Қорытындылай келе, Әбілқайыр ханның романдағы бейнесі-тарихтағы бейнесімен ұқсас әрі шынайы суреттелген. Ол әрі танымал, әрі күрделі тұлға болғандықтан, ол туралы көптеген шығармалар жазуға болады. Бір білеріміз, оның тарихта ақылды, өжет, әрі мықты стратег хан болғанын білеміз. Оған қоса, ол өзі елі, жері үшін табан тіресіп күресе алды. Қаншама уақыттар өтер, алайда ұрпақ есінде және тарихи жазбаларда тарих тарланының есімі ұмытылмасы анық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. Үркер. Роман. 1-том. – Алматы: “Жазушы”, 2010.- 352 бет.

2. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: “Өлке” баспасы. – Т. 4. – 1999. - 464 бет.

3. Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. Шандоз. Деректі-тарихи баян. 7–том. –Алматы: «Жазушы», 2010. - 320 бет.

ӘОЖ 821.512.122.09:37.09

М. ӘУЕЗОВТЫҢ «КӨКСЕРЕК» ПОВЕСІН ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Сейпутанова А.Қ., Слямова Ж.Т.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: aiimgul@bk.ru

Әр халықтың рухани дүниесіне өзек, ұлттық болмысына тірек болып қалатын бірегей тұлғалары болады. Қазақ халқында өз елін түрлі кезеңдерде рухани құлдыраудан қорғап қалған, ұлттық құндылықтарын сақтауда адастырмас темірқазық болған алып тұлғаларының бірі де бірегейі - М.О.Әуезов. М.Әуезов - қазақ әдебиеті мен мәдениетін тарихи - көркемдік ойлар арқылы әлемдік деңгейдегі биікке шығарған заңғар жазушы. М.Әуезов - қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен салт-санасының ерекшелігін, ұлттық танымын, ойлау жүйесінің құрылымын, тіл байлығының күш-қуатын әлемге танытқан, кеңестік кезеңнің идеологиялық тежеулері мен қысымдарына тосылып қалмай, әдебиетті өз табиғатына сай ұлттық үлгіде өрнектеп, жалпыадамзаттық ортақ мұра деңгейіне көтере білген суреткер. Осылайша қазақ халқын және оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан энциклопедиялық деңгейде жан-жақты ашып көрсеткен М.Әуезов шығармалары - қай дәуірде оқытсаң, сол кезеңнің проблемаларын айқын ашып беретін, өзектілігі басым мәңгілік тақырып. Олай болса жас ұрпақ бойына ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастыруда жазушы шығармаларын орта мектепте оқытудың маңызы зор.

«М. Әуезов шығармашылығын орта мектепте оқыту әдістемесі бағытында белгілі әдіскер ұстаз - ғалымдар Қ.Бітібаева, Т.Ақшолақов, Т.Жұмажанова, Б.Сманов еңбектері және ғалым Қ.Тасболатұлының «Изучение творчества Мухтара Ауэзова в средней казахской школе» тақырыбында қорғаған кандидаттық диссертациясы жазылған. Дегенмен ұлы жазушының шығармашылығын зерттеген ғалымдар мен әдіскер ұстаздардың құнды еңбектерінің зерттеу нысанына «Абай жолы» роман-эпопеясы алынып, М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың әдістемелік жүйесі мен жолдары кенжелеп қалған», - деп жазады Е.Б. Абдимомынов пен Т.Р. Абдықадырова «М.Әуезов әңгімелерін оқытудың әдістемелік негіздері» атты еңбегінде [1, 17]. Осыдан ұлт руханиятының темірқазығы - М.Әуезов шығармашылығын орта мектепте оқытудың әдіснамасы өз деңгейінде зерттелмегеніне көз жеткіземіз. Жазушының көркемдік ойлау қабілеті, реалистік бағыттағы көзқарастары, образ жасаудағы шеберлігі, тіл шеберлігі оның прозалық

әңгімелерінде тамаша көрініс берген. Бұл тұрғыда «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Қаралы сұлу», «Жетім», «Кінәмшіл бойжеткен», «Ескілік көлеңкесінде», «Кім кінәлі?», «Жуандық», «Қасеннің құбылыстары» және т.б. әңгімелерінің жазушының шығармашылық ізденісі жолында айрықша маңызы бар [2,185]. Осы орайда мектеп оқушыларына М.Әуезов әңгімелерін оқытудың маңызы зор. Өкінішке орай сағат санының аздығына байланысты оқу бағдарламасында жазушы әңгімелері барлық сыныптарда толық қамтылмаған.

Мәселен, жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша 7 - сыныпқа «Көксерек» повесін талдауға 5 оқу сағаты бөлінген. «Көксерек» – өзінің проблемалық өзектілігі, тақырыптық ерекшелігі жағынан болмысы бөлек туынды. Повестің тақырыбы – адам мен қасқыр және т.б. тіршілік иелері өмір сүретін табиғаттың әралуандылығын суреттеу, идеясы – табиғаттағы саналы ақыл-ой иелері адам мен басқа жаратылыс иелерінің даралық психологиясын таныту. Шығарманың сюжеттік желісінде қасқыр - кейіпкер Көксеректің күшік кезінен арлан, көкжал болғанға дейінгі тағдыр жолы баяндалған. Оқиғаның басындағы көк шолақ арлан қасқыр мен аналық ақ қасқырдың ініне келген адамдардың әрекеті арқылы адам мен қасқыр арасындағы қақтығыс шынайы суреттелген: «Жып-жылы мықты тұсаулар мойнынан, жотадан ұстап бар күшікті сыртқа алып шықты. Жеті күшіктің бесеуін көздеріне қарап отырып өлтірді де, екі кішкенесін тірі қалдырды. Кетерде бұның біреуінің тірсегін қиып қалдырды да, екінші біреуін ең кенжесін алып жүріп кетті. Қалған жалғыз күшікті тістелеп алып, екі қасқыр жоқ болды. Ін қаңырап қалды... Осыдан соң бір жұма бойы маңайдағы ел күндіз-түні у-шу болып жатты. Қой жараланды. Қозы алып қашылды. Бұзаулар өлтірілді. Далада құлындаған биелердің бірнеше құлындары желінді» [3, 6-7]. Қақтығыс айқын және ол барған сайын ушыға береді. Шығармада типтік образ жасау, қарапайым қойшы бала Құрмаш бейнесін жасау - үлкен құбылыс. Ал Көксерек туралы естісе, кез келген қазақтың бойы тітіркеніп кететіні ақиқат. Мұндай күрделі образ жасау – шын шеберлік. Шығарманың тақырыптық проблематикасы және оның қазақы таным - ұғымға ыңғайлана құрылуы - зор жетістік. Енді осындай күрделі туындының бар құндылығын таныта отырып, шығарманы қалай жан-жақты талдатуға болады, қандай тиімді әдіс - тәсілдер қолданған жөн деген мәселеде өз ойымызды ортаға сала кетсек...

Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау, композициялық құрылысын талдату мәселесінде мұғалім тарапынан дұрыс бағыт - бағдар берілуі қажет. Әңгіменің идеясына келер болсақ, әрине, экологиялық проблема, адам мен табиғат арасындағы қарым - қатынас, адам баласының бойындағы қатігездік сынды мәселелерді сөз етеміз, алайда сонымен қатар автор аталмыш шығармада өз дәуіріндегі саяси - идеологиялық мәселені де қозғап кететіндігін де айтып өткен жөн. Кеңестік кезеңде орыстандыру саясатының қарқынды жүргенін жақсы білеміз, нәтижесінде ұлтымыз өз болмысынан адасып, ұлттық менталитетімізден ажырап қалды. Сол дәуірде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов сынды ұлт зиялыларының қуғын - сүргінге ұшырап, ал М.Әуезов бастаған толқынның да аз қудалау көрмегені ақиқат. Автор түз тағысы Көксерек бейнесі арқылы түптің түбінде ұлттық рухымыздың оянып, қазақи болмысымыздың қайта түлейтініне сенімді. Демек суреткер шығарманың астарында ұлттық деңгейдегі аса күрделі проблеманы асқан

шеберлікпен жеткізе білген. К.М. Төлеубаева да осы туралы өзінің «М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын оқыту әдістемесі» атты еңбегінде: «Көксерек» әңгімесінің балалар әдебиетіндегі өзіндік орнын анықтағанда, оның көшпелі елдің отаршы жұртқа көрсеткен жан себіл қауқарсыз әрекеті деп бағалаған дұрыс», - деп пайымдайды [4, 17]. Шығарманы талдату барысында осы мәселені қозғап кеткен дұрыс деп ойлаймыз. Бұл жас ұрпақ бойында ұлттық намыс, отансүйгіштік сынды қасиеттерді оятары сөзсіз әрі тарихи танымдық маңызы басым. Шығармадағы Құрмаштың өліміне себепкер болған Көксерек бейнесін оқушы біржақты көзқараспен жағымсыз бейнеде талдауы мүмкін, бірақ *«Оның осыншалық жауыздыққа баруына не себеп?»*, *«Неге Көксерек адамзатқа сонша ашулы, неге кек сақтады?»* деген сыни бағыттағы түрткі сұрақтар арқылы кейіпкер бейнесін басқа қырынан ашуға жол нұсқаған жөн. Бұл ретте оқытудың бірқатар интербелсенді әдіс - тәсілдерін қарастыру қажет. «Т» кестесі, «Екі жақты, үш жақты күнделік», «Кейіпкермен сұқбат», «Ыстық орындық» немесе «Сот отырысы», «Кластер», «РАФТ», «Раунд robin» сынды тәсілдер арқылы «Көксерекпен сұқбаттаса» отырып, кейіпкер бейнесін әр қырынан талдата аламыз. Мысалы, «Сот отырысында» оқушыларды кейіпкерді айыптаушы, қорғаушы, куәгерлер, сот сияқты рөлдерге бөліп, сот процесін жүргізу аса қызық. Осы орайда *«Оқиганың осылай аяқталуына Көксерек қана кінәлі ме?»* деген тақырыпта шағын пікірталас ұйымдастырып кеткен де орынды. Осындай әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары қалыптасады, сыни тұрғыдан ойлану, өз ойын еркін жеткізу, шығармашылықпен ойлану сынды қабілеттері қоса дамиды. Жалпы «Көксерек» сияқты күрделі шығарманы талдату барысында «Ақылды алты қалпақ» әдісі аса тиімді. Оқушылар топқа бөлу тәсілдері арқылы алты топқа бөлінеді де, алты позицияда өз ұстанымдарын қорғап шығады. Әрине аталмыш әдісті қолдану барысында мұғалім өзіне ыңғайлап, әр қалпақтың қорғайтын позициясын жаңаша өңдеп алуына әбден болады. Мәселен, төмендегідей ұстанымдарды ұсынуға болады:

1. Ақ қалпақ. *«Оқиганың дәл осылай аяқталуына Көксерек жалғыз өзі кінәлі емес...»* немесе *«Көксеректің бойындағы өзіңе ұнаған қасиеттерін айт, қай тұстарын бағалауға болады?»*

2. Қара қалпақ. *«Өзін асыраған Құрмашты опат қылған Көксеректі мүлде ақтауға болмайды...»* немесе *«Көксеректің бойындағы барлық жағымсыз қасиеттерді атап шық»*.

3. Қызыл қалпақ. *«Көксерек образы оқырманды түрлі сезімге бөлейді...»* немесе *«Шығарманың сезімге толы тұстарын айт»*.

4. Көк қалпақ. *«Көксерек бейнесі арқылы автор өз оқырманын терең ой пәлсапалық ой салады...»* немесе *«Шығарма - философиялық астары терең, айтар ойы күрделі туынды»*.

5. Сары қалпақ. *««Көксерек» – керемет туынды...»* немесе *«Шығарманың жарқын тұстарын ата»*

6. Жасыл қалпақ. *«Мен автор болсам...»* немесе *«Шығарманы өз қалауыңша аяқта»*.

Әр топ өз көзқарасын дәлелдеп шыққан соң, сарапшы ретінде тағайындалған оқушы өзіндік талдау жасап, қай топтың басым түскенін, қай топтың дәлелдері аз

болғаны жайында тәуелсіз сараптама жасайды. Бұл оқушылардың саралай алу, сыни көзқараста баға беру сияқты дағдыларын қалыптастырады. Осындай бағыттарда оқушыларға өз ұстанымдарын қорғауға мүмкіндік берсе, тапсырмаларды аса қызығушылықпен орындайды, шығарма жан - жақты талданады, сабақтағы, топтағы белсенділіктері артады, сыни тұрғыда әрі кеңірек ойлануына жол ашылады, топтық ынтымақтастық артады, көшбасшылық қабілеттері айқындалады. Жалпы шығарма мазмұнын меңгеру деңгейлерін байқау мақсатында түрлі интернет платформаларды қолдану оқушылардың сабақтағы белсенділіктерін арттырады. Мәселен, «Wordwall», «Umaigra», «Tarsia» сияқты тәсілдер арқылы әңгіме мазмұнын меңгеру деңгейін тез әрі қысқа уақытта бағалай аламыз. Оқушылардың сезімдеріне, аудиалды, визуалды, кинестетикалық қабылдауларына әсер ету үшін «Көксерек» көркем фильмі мен «Көксерек» мультфильмінен үзінділер көрсету, эпизодтық суреттер көрсету, оқиға сюжетіне сай сурет салдыру, көрініс қою сияқты тапсырмалар олардың тақырыпты тереңірек тануына мол мүмкіндік береді. Жазылым дағдыларын қалыптастыруда *«Мен таныған Көксерек...»* тақырыбында әдеби эссе немесе *«Көксерек – өзіне жасалған қастандық үшін кек қайтарған құрбан»* деген тақырыптарда келісу-келіспеу эссесін жаздыруға болады. Бұл жерде оқушының Көксерек бейнесіне қатысты қалыптасқан қағида аясынан шығып, бөлек көзқараста, сыни тұрғыда кеңірек ойлануына мүмкіндік беріледі.

Сондай-ақ дарынды оқушыларға зерттеу тақырыбын да ұсынуға болады. Мәселен, *«Көксерек және әлем әдебиетіндегі қасқыр бейнелері»* (Д. Лондонның «Ақ азу» сияқты әлем әдебиетіндегі қасқыр бейнелерімен салыстыра талдайды) немесе *«Көксерек және ұлттық танымдағы бөрі тотемі»* (ежелгі дәуір әдебиетіндегі бөрі бейнелерімен салыстыра зерттеу). Осы туралы К.М.Төлеубаева: «Көксерек» әңгімесінің ерекшелігі археомифтік, тотемдік ұғымдармен тығыз байланыста болатынын айта кеткен жөн. Әңгіменің тақырыптық мазмұнын саралағанда оны Р.Кипплинг, Д.Лондон, А. Фолькнер, Ш. Айтматов сынды тұлғалардың түз тағысы, адам мен табиғат арасындағы жарасымдылықтың бұзылуы сынды мәселелерді көтеретін балаларға арналған шығармалармен сабақтастыра қарау, туындының жаңа қырларының ашылуына үлкен көмек етеді» [4, 17], - деп, Көксерек образын әлем әдебиетіндегі басқа да қасқыр образдарымен қатар қойып, салыстыра талдау қажеттілігін айтады. Оқушылар өз шамасы келгенше зерттеу жұмысын жасайды және осы арқылы болашақта ғылыми жоба жұмысын жазуға жетелеуге болады. Сол сияқты «Көксерек» тақырыбында презентация, бейнеролик жасау, «Көксерек» көркем фильмінің түсірілуіне қатысты мәліметтер қарастырып, журналистік зерттеу жұмысын жүргізу тапсырмасы да оқушыларға қызықты болары сөзсіз.

Сөз соңында белгілі әдіскер - ғалым Қ.О.Бітібаеваның: «Әдебиет – сөз өнері. Әдебиетті ұлағатты адамдар «адамтану құралы» десе, әдебиет пәнін «адам тәрбиелеу құралы» дер едік. Ол жасөспірімдерге әдебиеттанудан, сөз маржандарының қыр-сырын игеруден жай білім беріп қана қоймайды, ең бастысы, өмірінің ең қымбаттысы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді» [5, 8], - деген пікірін алға тарта отырып, әр мұғалім әдебиетті оқыту арқылы оқушының рухани дүниесінің ұлттық болмыста қалыптасуына барынша күш салып, әр шәкіртінің

бойына адамгершіліктің асыл дәнін егуді басты мақсат тұтуы тиіс деп түйіндейміз. Себебі бүгінгі шәкірт – елдің ертеңі. Ел ертеңіне жауапкершілікпен қарауға тиіспіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абдимомынов Е.Б., Абдықадырова Т.Р. М.Әуезов әңгімелерін оқытудың әдістемелік негіздері // Абай атындағы ұлттық университетінің Хабаршысы: Аруна, 2023. – 300 бет.
2. Қ.Тасболатұлы. Изучение творчества Мухтара Ауэзова в средней казахской школе / автореферат / Тасболатұлы Қ. – Жамбыл: Абай атындағы ұлттық институты, 1970.
3. Әуезов М. Қорғансыздың күні. Әңгімелер мен повестер. - Алматы: Атамұра, 2002. – 432 бет.
4. Төлеубаева К.М. М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын оқыту әдістемесі (5-8 сынып әдебиет оқулығына арналған әдістемелік көмекші құрал). - Семей, 2011. - 32 бет.
5. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. - Өскемен, 2002. – 134 бет.

ӘОЖ 82.0:37.016

ЭПИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Социалов Н.Е.

Ғылыми жетекші: Келгембаева Б.Б., филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: baha_fil@mail.ru

Мектептегі қазақ әдебиеті бағдарламасындағы ең кең қамтылатын шығармалар эпикалық жанрларға тиесілі. Әсіресе, әңгіме, роман, эпопея, мысал, хикаятқа (повесть) молынан орын берілген. Қазіргі кездегі эпикалық туындыларды оқытудағы қиындықтың бірі – оқушылардың көркем шығарманы оқуға құлықсыздығы, оқыған күнде де әдеби тілдің иірімдерін жете түсіне бермейтінінде жатыр. Сондықтан бұл жанрларды оқыту мәселесі күн тәртібінен түспейді деуге болады.

Эпикалық шығармаларды оқытудың тағы бір қиындығы – оны оқыту барысында әдеби-теориялық білімнің қоса беріліп отыруында.

Әдіскер-ұстаз Қ.О.Бітібаеваның пікірінше, эпикалық шығармаларды оқыту мен талдауда мына мәселелерге ең алдымен көңіл бөлінеді:

1. Көркем шығарманың сюжеті, көтерген тақырыбы, проблематикасы.
2. Көркем бейнелер жүйесі.
3. Автор – көркем туындыны жасаушы, көркем туындыны жазушы. Автор және көркем туынды [1].

Көркем шығарманы талдау оны оқудан басталады. Көркем туындыны толық оқымай, мазмұнын жетік меңгермей тұрып, оны талдау мүмкін емес. Сондықтан эпикалық шығармаларды оқытуда көркем мәтінді алдын-ала оқуға берген жөн. Бұл ретте, жазғы демалысты тиімді пайдалануға болады.

Әңгіме, мысал сияқты шағын жанрларды талдау роман, хикая тәрізді күрделі жанрларға қарағанда жеңілірек. Әңгіме мен мысалды талдауда мұғалімнің олардың көркем табиғатын таныту, барлық бітім-болмысын сөз етуге мүмкіндігі мол. Ал роман, эпопеяны бағдарламадағы аздаған сағаттарда толық талдау мүмкін емес. Сондықтан, осындай көлемді шығармаларды оқытуда мұғалімнің үлкен ізденісі керек. Күрделі туындыны өткенде оқу мақсаттарына орай неге көңіл бөлу керек, талдаудың қай түрі тиімді болмақ, осы мәселелерге мұғалім ойлы еңбекке жүгінеді. Мұғалімнің өзі көркем туынды негізінде жатқан проблема, оның кейіпкерлер жүйесі, сюжеттік-композициялық ерекшелігі, тіл кестесі, қаламгерлік позицияны әбден зерттеп, анықтап алуы тиіс. Олай дейтініміз – қазіргі қазақ әдебиеті бағдарламасында әлі әдеби сында толық бағасын алмаған, салмақты зерттеулерге арқау болмаған кейбір туындылар еніп кеткен. Оның үстіне қазіргі қала балалары қазақтың әдеби тілін, XIX-XX басындағы тұрмыстық атаулардың мағынасын жете түсіне бермейді. Сондықтан көркем туындыдағы мағынасы түсініксіз сөздермен сөздік жұмысын жүргізілуі керек.

Роман, хикая, әңгімелерді оқи отырып, оқушылар автормен іштей сырласады. Олар авторды да, оның туындыларындағы өмір құбылыстарын, кейіпкерлер тағдырын өз пікірі, эмоциясы, дүниетанымы тұрғысынан қабылдайды. Ал мұғалімнің мақсаты – оқушының алғашқы өзіндік қабылдауын ғылыми негізге бағыттау, дұрыс бағыт-бағдар беру болғандықтан, мұғалімнің өзі көркем туынды жайлы ғылыми зерттеулерден мол хабары болуы тиіс.

Көлемді шығармаларды талдауда көркем мәтіннің мазмұны мен пішінінің бірлігін сақтай отырып, тұтас таныту көзделеді. Ең алдымен, көркем шығарманың сюжетімен, кейіпкерлер характерімен таныстық жүзеге асады. Оқушылар өздері оқыған шығармалардың мазмұнына, оқиғасына ерекше көңіл бөледі. Ал осы оқиғалардың бір-бірінен туындап, жалғасып жатқанын, оқиғаның басталуы, дамуы, шарттары, шешімдерін шәкірттің танып, бағалауы да күрделі мәселенің бірі. Өйткені, композиция арқылы кейіпкерлердің іс-әрекеті, характері ашылады. Шығарма негізінде жатқан авторлық ой көрінеді. Сюжет пен композицияға талдау кезінде мұғалім ең басты эпизодтар, оқиғаларға көңіл бөледі, соны бөліп алады. Оқушыларға мазмұнатады, мәнерлеп оқи отырып, әрі түсіндірмелі әдіспен өзіндегі ой, жазушы поэзиясы, тақырып беріледі.

Бірақ композиция мен сюжет шығарманы талдаудағы күрделі мәселелердің қатарына жататындықтан, оқушылардың бұл жөніндегі ұғымдарын бірте-бірте сатылап қалыптастырған дұрыс. Оқушылар шығарманың композициялық құрылысымен оның жәй және күрделі жоспарын білу арқылы танысады. Осының нәтижесінде шығарманы құрап, оған тұтастық сипат беріп тұрған негізгі бөлшектердің арасындағы байланыстарын айырып біледі. Ол үшін қатар эпикалық шығармалардың сюжеттік жоспары жасалады. Бұдан соң шығарманың композициялық құрылысына байланысты ұғым кеңейтіле түседі. Шығарманың құрылысымен танысу барысында, ондағы табиғат суреттерінен (пейзаждың) және басқа да көркемдік компоненттердің қандай роль атқарып тұрғанын айырып біледі.

Өйткені шығармадағы оқиғаға, кейіпкерлердің күйініш-сүйінішіне байланысты пейзаждың атқаратын ролі алуан түрлі және ол шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұнына бағынышты болады, яғни соған икемделіп беріледі. Сондай-ақ, шәкірттер шығарманың қорытынды бөлімі қандай роль атқарып тұрғанымен де танысады. Қорытынды бөлімге көлемді шығармалардың эпилогы жатады. Эпилогтың көркем туынды идеясын түсінуде өзіндік маңызы бар.

Оқушы әр кейіпкердің негізінде авторды толғандырған бір ой жататынын білуі керек. Образға талдау әр буында, әр жағынан қарастырылады. Мұғалім де кейіпкер іс-әрекетін түсіндіру үшін, әр түрлі сұрақтар қояды. Бір кейіпкер мен екінші кейіпкерді салыстыру жұмыстарын жүргізеді, әр кейіпкерге деген автор көзқарасын, қарым-қатынасын анықтау мақсатында әдіс-тәсілдер пайдаланады. Мысалы: Сәлмен мен Жарасбайдың қайсысы Бақтығұл тағдырында ерекше орын алады? немесе Сәлмен мен Жарасбайдың қайсысы қатал, әділетсіз, ұнамсыз? («Қараш-Қараш оқиғасы»), Бақтығұл саған ұнай ма? Ұнамаса, қандай мінезі, іс-әрекетін айтар едің? тәрізді сұрақтар осы буындағы оқушыларды образ табиғатын түсінуге, өз пікірлерін айта білуге жетелейді.

Жоғары сыныптарда көлемді эпикалық шығармалар оқытылады. Ескертіп кеткеніміздей, роман, эпопеяларда көркем бейнелер жүйесі беріледі. Оның барлығын талдап біту мүмкін емес. Сондықтан ең негізгі кейіпкерлерді талдау нысанаға алынады. Сондай-ақ кейіпкерлерді іс-әрекеті, шығармадағы орны, авторлық ойға байланысты топтап, жинақтап талдау да образ талдаудың басты әдіс-тәсілдерінен саналады (төменде мысалдар беріледі). Образ талдауда мәтінді оқи отырып, көркем туындының негізгі оқиғаларына оқушы назарын аудартады.

Басты оқиғаларды мазмұндату, оған жоспар жасату сюжет-композициялық талдаудың ең негізгі әдіс-тәсілі болады. Басты оқиғаларды оқушылардың өзін қатыстырып отырып, сұрыптатып алуда мұғалім сұрақтар қояды. «Балалар, осы

әңгімедегі ең басты оқиға деп, қай оқиғаны айтар едіңдер?» немесе «Ұлпанның тағдырына әсер еткен басты оқиғалар не?» деген сұрақтар арқылы оқушыларды осындай жұмыстарға жетелеу тиімді болмақ. Ары қарай оқушылар бөліп алған басты оқиғаларды тақтаға немесе дәптерге жазғызып, оған тақырып қойғызып (мұғалім өзі де көмекке келеді), әңгімеге тұтастай жоспар жасатуға болады. Басты эпизодтарды бөліп ала отырып, онымен жасалатын жұмыста мұғалім көркем туындыны мүлде ұмытып кетпейді, қайта сол эпизодты ашып, оны тұтастай қарастыру жолдарын ізденеді. Ең бастысы шығарманы мүше-мүше етіп бөліп тастамай, бірлікте қарастырып отырған дұрыс.

Эпикалық шығармаларды образдар бойынша талдау – мектепте ең көп қолданылатын дәстүрлі әдіс. Мұндай талдаудың күрделілігі сол – олардың іс-әрекеті арқылы оқушыларға әдеби-теориялық ұғымдар туралы білім беруге де назар аударылып отырады. Тип, прототип, образ туралы алғашқы ұғымнан бастап сынып жоғарылаған сайын, олардың саны да, түсіндірудің тереңдігі мен ауқымы да арта түседі. Образ бойынша талдау кезінде оқушылар кейіпкерді танып біле отырып, сол кейіпкер бойындағы адами қасиеттерді ашуға талпынады. Әрине, шығармадағы орталық кейіпкердің болмысы жеке-дара ашылмайды. Себебі, автор өз кейіпкерін мәтіндегі әр алуан іс-әрекеттермен, оқиғалармен, басқа кейіпкерлермен байланыстырады. Яғни, бас кейіпкер шығармада орталық тұлға болғанменен, ол басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасқа түсіп, іс-әрекет үстінде байланысып отырады, сол арқылы толыққанды ашылады. Сондықтан көркем шығармадағы

бейнелер жүйесін өзара тұтастыру қажет. «Абай жолы» тәрізді аса көлемді де, күрделі туындыдағы образдар жүйесін толық қамту мүмкін емес. Сондықтан оларды белгілі бір проблеманың төңірегіне топтастырып қарастырамыз. Проблемалы талдау – шәкірттердің көркем шығармадағы авторлық идея мен көтерілген проблемаға дендей енуіне мүмкіндік береді. Қазақ тілі әдістемесінің білікті маманы Д.Әлімжановтың мына бір пікірі проблемалы оқыту ғана емес проблемалы талдаудың құндылығын айқындай түсетін тәрізді: «Проблемалап оқытудың мақсаттары мен міндеттері немесе оның мазмұнымен жұмыс жүргізудің жолдары оқушылардың ғылыми-творчестволық білім алуына негізделеді. Соған негіздей отырып, білім алудың тиімді жолдарын үйренеді, өздігінен ізденіп ғылым заңдылықтарын тануға ақыл-ой қабілеттерін жетілдіреді, материалды талдап білуге дағдыландырады, әр жақты талдау шеберлігіне төселдіреді» [2].

Көркем шығармада сан тарапты әрекеттер баяндалып, көптеген қарама-қайшылықты, таласты пікірлі оқиғалар туындап жатады. Жазушының ой желісін, шығарма идеясын онда көтерілген проблемаларды талдау арқылы тани білу керек. Ол үшін ұстаздың өзі шығарманың тереңіне бойлай біліп, шәкірттердің алдына проблемалық ситуация ұсыну қажет. Дегенмен кез-келген оқиға, кейіпкердің әрекетінен проблема туындату мүмкін емес.

Эпикалық шығармаларды оқыту, талдау барысында оның негізіндегі авторлық ойға, авторлық көзқарасқа көз жүгірту – басты мәселелердің бірі. Оқушы көркем туындыны оқып отырғанда, авторды ұмытып кетеді (қай сыныпта, қай буында болса да). Оларды, әсіресе, төменгі сыныптарда оқиғалар жүйесі, кейіпкерлер іс-әрекеті қызықтырады. Олар «Бандыны қуған Хамитті» оқып отырып, «Хамит жеңсе екен, бандыны қолға түсірсе екен» деп, толқып отырса «Көксеректе» қасқырдың іс-әрекетін қызықтап кетеді. Мұғалім төменгі буынның өзінен бастап-ақ көркем туынды негізіндегі авторлық ойға оқушылар назарын аудартып, бұл мәселеде жүйелі жұмыс істеп отыру керек. Авторлық ойды, қай шығарманы алмайық, оңай таба салу мүмкін емес, ол образдардай, олардың іс-әрекетіндей айқын, «мен мұңдалап» тұрмайды. Авторлық ой шығармада жасырын жатады. Мұғалім мақсаты оны «жарыққа шығару» болып табылады. «Жарыққа шығарудың» бірнеше жолдары, тиімді әдіс-тәсілдері бар. Кейде егер шығарма бірінші жақтан берілсе немесе әңгімеші арқылы баяндалса, оқушылар оны автордың өзі екен деп қабылдайды. Мысалы, «Шұғаның белгісі», т.с.с. Бұндайда мұғалім әңгімелеуші мен автор бөлек адам екенін бұл тек суреткедің бір стильдік ерекшелігі, тәсілі екенін айтуы керек. Осы көркем шығарманың жазылу мәнері, тілі, құрылысы, суреттеу, баяндау, портреттеу тәсілдері- бәрі-бәрі авторға, оны тануға жол ашады. Мысалы, «Қорғансыздың күніндегі» боран немесе «Көксеректегі» жарық айлы түн сияқты пейзаждардың кейіпкер тағдырларына тікелей әсері бар екенін, сол пейзаждар арқылы М.Әуезов қорғансыздардың тағдырын алдын ала білдірсе, «сүттей жарық айлы түн» Абайдың өмірлік ақ махаббатын бейнелейтінін, т.б. талдау барысында оқушылар түсінеді. Көркем туындыдағы «авторды» таныту – күрделі де маңызды мәселе. Оны тағы қандай жолдармен жүргізуге болады? Оны осы еңбектің жалғасынан (практикалық бөлімнен) көруге болады.

Көркем шығарманы талдаудың ең соңғы, күрделі кезеңі – оның көркем тіліне талдау жасау. Шығарманың бейнелі де көркем сөз кестесі оқушылардың тіл байлығын еселеп, сөздің мәнін ұғуға, эстетикалық талғамын оятуға әсер етеді. Мәселен, Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының көркемдік сипатын

таныту үшін алдын-ала төмендегідей тапсырмалар беріледі: 1. Түс, рең ажарлылығын бейнелеген сөз бен сөз тіркесін тауып, 1 санымен белгілеп, оны ауызша дәлелдеу (Ары қарай тапсырма ретіне орай, мәтіндегі сұраққа лайық сөздер мен сөз тіркестерін сол санмен белгілеп шығу керек).

2. Пішін (форма) ерекшелігі;
3. Тау биіктігі;
4. Дыбыс сипаты;
5. Су тазалығы;
6. Жұмсақтық, майдалық сипаты;
7. Қимыл-әрекет деңгейі;
8. Көптік ұғым көрінісі;
9. Айқындау;
10. Теңеу;
11. Ауыстыру (метафора)
12. Алмастыру (метонимия);
13. Кейіптеу;
14. Дерексіз ұғымды заттандыру;
15. Дерексіз ұғымды жандандыру;
16. Нышан белгі (символдық белгі);
17. Шарттылық т.б. [3].

Оқушыларға мәтінге талдау жасауды мұғалім алдымен өзі көрсетеді. Ол үшін ақын бейнелеуіндегі Көкшетаудың сұлулығын неғұрлым нақты бейнелеген мына жолдарға көңіл бөлген дұрыс:

Арқада жер жетпейді Бурабайға,
Бөленген бұйра сыпсың қарағайға.
Бұлт құшқан мәңгі мең-зең Көкшетауға,
Бөлектау: «Ой, бауырым!» - деп анадайда.
Оқжетпес найза қия – қыранға ұя,
Қарасаң жанның шері тарқамай-ма?
Солардың ортасында Бурабай көл,
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек ұқсайды Айға [4, 296.].

Алдымен келтірілген үзіндінің екінші тармағындағы «бөленген» сөзіне әрі 8, әрі 13, әрі 9 сандарын қоямыз. Себебі бүкіл бір тау қарағайымен қымталғандай оралып, бөленсе, онда қарағайдың соншалықты көптігі, яғни 8 белгісіне сай екені анықталады. Сондай-ақ, бұл сөзді баланы бесікке бөлеу ұғымымен байланыстырсақ, яғни жансыз тауға жан иесіне, жандыға лайық әрекет дарытқандықтан, оны кейіптеуге, яғни 13 белгісіне жатқызамыз. Сондай-ақ, көріктеуіштің есімшеден де жасалатыны, сондықтан бұл сөздің ажарлау мәнінде қолданылып тұрғаны түсіндіріледі. Аталған сөзге жалғас «бұйра сыпсың» сөздері көріктеуіш (9). Үшінші жол басында «бұлт құшқан» тіркесіне әрі тау биіктігі (3), әрі кейіптеу (13) белгілері қойылады. Себебі жерден сонша алыс бұлтты құшу тау биіктігін, сол деңгейге дейін жеткенін межелеумен бірге жансыз таудың адамға лайық әрекетке ие болуы кейіптеуді дәлелдейді. Бесінші тармақтағы «найза» - әрі көріктеуіш (9), әрі пішін ерекшелігі (2), яғни Оқжетпес шыңының сонша тік, найза тәрізді екенін анықтайды. Соңғы жолдағы «мөп-мөлдір» - әрі көріктеуіш (9), әрі су тазалығы (5), әрі рең әдемілігі (1) айнасы. Іргелес орналасқан «дөп-дөңгелек» - көріктеуіш (9), сонымен бірге пішін ерекшелігінің (2) белгісі. «Ұқсайды Айға» -

теңеу (10). Осылайша мұғалім оқушыларға поэмадағы әрбір суретті сөздің өзіндік сипаты мен мәтінде Көкшетау суретін берудегі атқарып тұрған қызметіне мән беруге баулиды. Одан әрі мына жолдарға назар аударады:

Бауырында Бурабайдың қалың ағаш,
Көкшенің жалымен біткен жалғас.
Арудың ақпен өрген бұрымындай
Қарағай, қызыл қайың, талы аралас [29, 30 б.].

Оқушылар өз беттерімен осы жолдарды талдауға талаптанады. Олардың ықтимал жауаптары мынадай болуы мүмкін: - Екінші жолдағы «жалымен» ауыстыруға (метафораға - 11) жатады. Олай дейтініміз: тау басындағы, дәйектей түссек, желкесіндегі ағаштар шоғыры жылқы жалына ұқсастырылған. Осы орайда, бұл ұғым-тіршілігі малмен, жылқымен тығыз байланысты қазақ халқына етене жақын болуымен де ұлттық өрнек (18) айғағы. Ал, үшінші жол тұтасымен теңеуді білдіреді (10).

Оқытушының талдау үлгісінен соң, осы үзінділерден басқа бөлігінен қажетті мысалдар теру, іріктеу, жүйелеу, талдауға әзірлену өзіндік жұмыс тапсырмасы ретінде беріледі. Талдау жұмысы барысында оқушылар шығарманың мазмұны мен пішінінің байланысына назар аударады. Шығармадағы әрбір сөз, әр нақыш – әрі көркемдігімен, әрі ешқайсысы шашау шықпай жымдасып, өріле келе басты түйінге, яғни ел мен жерді қорғау идеясына қызмет етуге бағындырылғанына назар аударылады.

Әдебиетті оқытудың барлық сатыларындағы сияқты шығарманы талдау жұмысы да оқытушының басшылығымен жүріп отырады. Оқушылардың шығарманы оқып талдау жұмысына белсенділікпен қатысып отыруын оқытушы қамтамасыз етіп отыруға міндетті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы, 1997.
2. Әлімжанов Д. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1965.
3. Жүсіпов Қ.П. Көркем сөз құдыреті. – Павлодар, 2002.
4. Жұмабаев М. Шығармалар. – Алматы, 1989.

ӘОЖ 821.512.122.09 (092)

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ, ӘДЕБИ МҰРАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Туганбаева Г.Н.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: tuganbaeva.gulzhamal@gmail.com

Аннотация. Мақалада қазақтың көрнекті жазушысы Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылық жолының негізгі кезеңдері, әдеби мұрасының ерекшеліктері көрсетілген. Әдеби талантты дамыту үшін білім мен

мәдени ортаның маңыздылығы атап өтіледі. Мақалада оның шығармашылығының түйінді кезеңдері талданады. Шығармаларының тақырыбына, стильдік ерекшеліктеріне, қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесіне ерекше мән беріледі. Мақала өмірбаяндық деректер мен әдеби шығармаларды талдау арқылы оқырманға Міржақып Дулатұлының тұлғасы мен шығармашылығына жан-жақты шолу жасап, оның Қазақстанның мәдени-тарихи панорамасындағы маңызды орнын атап көрсетеді.

Кілтті сөздер: әдеби мұра, әдеби шығармалар, деректер

Міржақып Дулатұлы – қазақ ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы. ХХ ғасыр басындағы қазақ мәдениеті мен әдебиетінің жарқын өкілі.

С. Н. Буликов в своей работе "Технология блокчейн в финансировании проектов" рассматривает возможности использования блокчейна для повышения прозрачности и эффективности финансирования проектов[1]. Правовые аспекты и стандарты, связанные с применением технологии блокчейн рассмотрены в [2]. Эффективность применения технологии блокчейн для обеспечения безопасности банковских операций раскрыта в [3,6-8]. Проведён обзор использования этой технологии в финансовом секторе. Описаны основные принципы, полезные при использовании технологии блокчейн при проведении банковских операций, а также возможные уязвимости данной технологии. Основные этапы внедрения, преимущества и риски использования блокчейна в банковской деятельности описаны в [5,9]. Лабутин Н. Г. исследует возможности технологии блокчейн по защите от сетевых атак. Автор анализирует уязвимости блокчейн-систем и предлагает рекомендации по их устранению [11].

В контексте финансовой сферы, где доверие играет ключевую роль, важно обеспечить прозрачность и подлинность финансовых транзакций. Хеширование позволяет создавать уникальные отпечатки данных, которые легко верифицировать, повышая доверие участников. С ужесточением требований к финансовым операциям со стороны регуляторов, использование хеширования становится важным элементом для соответствия стандартам безопасности и защите персональных данных клиентов. Хеширование играет важную роль в обеспечении эффективности и производительности блокчейна, особенно в контексте большого

объема транзакций в финансовой сфере. Исследование оптимальных методов хеширования может помочь улучшить эти аспекты. С развитием технологий, таких как квантовые компьютеры, структура использования хеширования может потребовать изменений для поддержания безопасности и целостности данных. Исследование этого аспекта может быть актуальным в контексте будущего развития блокчейна.

С увеличением глобализации финансовых услуг и операций, стандартизация методов хеширования на международном уровне может стать важной темой для обсуждения. Это может включать в себя согласование технических стандартов и процедур верификации между различными странами и организациями.

Блокчейн — это децентрализованная база данных, которая состоит из цепочки блоков, каждый из которых содержит информацию о транзакциях. Основным принцип работы блокчейна приведены в Таблице 1.

Таблица 1. Основные характеристики блокчейна

Характеристика	Описание
Децентрализация	Блокчейн не хранится на централизованном сервере, а распределен по всем узлам сети. Каждый участник сети имеет копию блокчейна, что исключает единого контролирующего органа.
Цепочка блоков	Каждый новый блок содержит хеш предыдущего блока, обеспечивая связь между ними и обеспечивая целостность данных.
Прозрачность и непреложность	Транзакции в блокчейне публичны и доступны для просмотра всем участникам сети. Данные, однажды добавленные в блокчейн, нельзя изменить без изменения всей цепочки блоков.
Консенсус	Для добавления нового блока в цепочку участники сети должны прийти к согласию относительно правильности нового блока. Это достигается различными алгоритмами консенсуса.

Хеширование — это математическая функция, которая преобразует входные данные любого объема в строку символов фиксированного размера, или хеш. Каждый хеш уникален, и любое изменение во входных данных приведет к получению другого хеша. Хеширование — это односторонняя функция, которую нельзя обратить. Поэтому извлечь исходные данные из хеша сравнимо с трудно вычислимыми задачами.

Технология блокчейна — это усовершенствованный механизм базы данных, который позволяет организовать открытый обмен информацией в рамках бизнес-сети. База данных блокчейна хранит данные в блоках, связанных между собой в цепочку (Таблица 2). Данные являются хронологически последовательными, поскольку нельзя удалять или изменять цепочку без консенсуса со стороны сети.

Таблица 2. Примеры функций хеширования

Функция хеширования	Описание
SHA-256	Один из наиболее распространенных алгоритмов хеширования, используемый в блокчейне Bitcoin. Обеспечивает высокую степень безопасности и уникальность хешей.
SHA-3	Алгоритм хеширования, разработанный как стандарт NIST для замены SHA-2. Имеет высокую степень безопасности и устойчивость к атакам.
Blake2b	Быстрый и эффективный алгоритм хеширования, используемый в некоторых блокчейнах и криптовалютах для обеспечения целостности данных.

В контексте блокчейна хеширование играет важную роль в обеспечении безопасности и целостности данных (Таблица 3). Это позволяет участникам сети верифицировать и отслеживать транзакции без необходимости раскрывать конфиденциальную информацию.

Таблица 3. Роли хеширования в блокчейне

Роль	Описание
Обеспечение целостности	Хеширование используется для создания уникального идентификатора (хеша) каждого блока в цепочке. Это позволяет участникам проверить, не были ли данные в блоке изменены.
Генерация адресов	Хеш-функции могут использоваться для генерации криптографических адресов, используемых для идентификации участников сети и обеспечения безопасности транзакций.
Безопасность данных	Хеширование позволяет обеспечить конфиденциальность и неподделанность данных, поскольку изменение данных приведет к изменению хеша, что будет замечено другими участниками сети.

Проведенный обзор литературы показал, что исследование технологии блокчейн в финансовом секторе является актуальной и перспективной темой. Однако большинство существующих работ фокусируется на отдельных аспектах применения технологии.

Исследование отличается тем, что оно предлагает комплексный анализ технологии блокчейн в финансовом секторе, рассматривая ее преимущества, недостатки, возможности и вызовы.

Таким образом, проведён обзор использования блокчейн - технологии в финансовом секторе. Раскрыта роль хеширования в обеспечении безопасности финансовых транзакций. Приведены функции хеширования. В перспективе автор планирует описать алгоритм хеширования и детально показать функции обеспечения безопасности финансовых транзакций.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Буликов, С. Н. (2020) Технология блокчейн в финансировании проектов. [https://books.google.kz/books?id=Ir38DwAAQBAJ&pg=PA9&hl=ru&source=gbbs_toc_r&cad=2#v=onepage&q&f=false]
2. Былинкина Е.В. (2020) – Блокчейн: Правовое регулирование и стандартизация. [<https://cyberleninka.ru/article/n/blokcheyn-pravovoe-regulirovanie-i-standartizatsiya/viewer>]
3. Назаренко Ю. Л. (2018) Применение технологии блокчейн в целях обеспечения безопасности банковских операций [<https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-tehnologii-blokcheyn-v-tselyah-obespecheniya-bezopasnosti-bankovskih-operatsiy>]
4. Бутенко Е.Д. Исахаев Н.Р. (2018) Контуры применения технологии блокчейн в финансовой организации [<https://cyberleninka.ru/article/n/kontury-primeneniya-tehnologii-blokcheyn-v-finansovoy-organizatsii>]
5. Булычева А.А. (2018) Подходы к внедрению блокчейн-технологии в банковскую сферу [<https://cyberleninka.ru/article/n/podhody-k-vnedreniyu-blokcheyn-tehnologii-v-bankovskuyu-sferu>]
6. Евразийская экономическая комиссия - криптовалюты и блокчейн как атрибуты новой экономики (2019) [https://eaeunion.org/upload/medialibrary/71f/Doklad_FINAL.pdf]
7. Ковальчук А.В. Сайбель Н.Ю. (2018) Блокчейн-технологии в финансовом секторе экономики: преимущества и проблемы использования [<https://cyberleninka.ru/article/n/blokcheyn-tehnologii-v-finansovom-sektore-ekonomiki-preimushchestva-i-problemy-ispolzovaniya>]
8. Дорохов В.В. (2016) Блокчейн-технологии: будущее финансовой системы [<https://cyberleninka.ru/article/n/blokcheyn-tehnologii-budushee-finansovoy-sistemy>]
9. Дьяконова А.Н. Шушунова Т.Н. (2023) - роль блокчейна в цифровой трансформации финансового сектора [<https://cyberleninka.ru/article/n/rol-blokcheyna-v-tsifrovoy-transformatsii-finansovogo-sektora>]
10. Лабутин Н.Г. (2019) - Анализ возможностей технологии блокчейн по защите от сетевых атак [<https://cyberleninka.ru/article/n/analiz-vozmozhnostei-tehnologii-blokchei-n-po-zaschite-ot-setevyh-atak>].

ӨОЖ 37

СУСАМЫР АУЫРУЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ЕМДЕУ ЖОЛДАРЫ

Жаксылыкова А.А.

Ғылыми жетекшісі: Амренова А.К., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: ayau.kzz@mail.ru

Бүгінгі таңда дүние жүзінде қант диабетімен ауыратындардың саны көбейіп, жүрек-қан тамырлары, онкологиялық дерттен кейін үшінші орынды иеленуі - көпшілікті алаңдатып отырған мәселе. Бұл дерт біздің елімізде күннен-күнге көбейіп келеді. Сондықтан қант диабетінің белгілері білінген күннен бастап, денсаулыққа аса күтім керектігін ұмытпаған жөн. Қант диабетімен дүние жүзі

тұрғындарының бес пайызға жуығы, яғни 250 миллион адам ауыратыны белгілі және 15 жыл сайын бұл көрсеткіш еселеніп отыратын көрінеді. Ал Қазақстанда осы дертке 162 012 адам шалдыққан деген мәлімет бар. Сондықтан есте ұстайтын маңызды мәселе-қант диабетімен ойнауға болмайтындығы. «Қайтер дейсің, жазылып кетеді ғой» дегендей ұзын арқан, кең тұсауға салмай, дер кезінде дәрігерге қаралу кімге болсын пайдалы. Медицинада «қант диабеті» деген атқа ие дерттің қазақша атауы-сусамыр. Бұл дерт көпке мәлім. Ауру біздің эрамызға дейінгі үшінші ғасырда белгілі болған көрінеді. Аурудың қант диабеті деген атының өзі гректің (diabaino- өту, өтіп кету), mellitus-тәтті қант деген сөздерінен шығыпты. Көне заманда дәрігерлер қант диабеті ауруына шалдыққан адамдарды зәрінің дәмі тәтті екендігінен анықтаған. Алайда аурулар өздігінен пайда болмайды. Олардың пайда болуы бейім факторлардың кешенін талап етеді. Диабеттің даму процестерін түсіну ауруды уақтылы тануға көмектеседі, ал кейбір жағдайларда оның алдын алады.

Қант диабетінің пайда болу себептері: бірқатар жағдайларда қант диабетінің пайда болуы асқазан асты безінің қабынуы салдарынан, қан тамыры зақымданып, ішкі секрецияның басқа да бездердің ауруымен байланысты. Көбінесе ол психологиялық қозу мен қобалжулардың, инфекциялық аурулардың салдарынан болатындығы анықталып отыр. Диабетке шалдыққандарда мынадай белгілер байқалуы мүмкін. Ауырған адам үнемі қатты шөлдейді және құрамында қанты мол зәр көп келіп, кіші дәретке жиі барады (тәулігіне 6 литр және одан да көп). Балаларда тым ерте білінетін белгісі - кіші дәреті тоқтамайды. Кіші дәреттегі қанттың мол болуынан балалардың іш киімдері (емшектегі нәрестелердің жөргегі) крахмалданғандай қаудырлап тұрады. Көп жағдайларда диабетпен ауырғандар шөлдеп, тамаққа деген тәбеттің күрт артуымен байқалады. Аурудың ерте белгілеріне терінің, әсіресе екі шаптың арасының қышуы ондағы су бөртпе ауруына бейімділігінен байқау қиын емес. Ауруды дер кезінде емдемесе, оның асқынуы күшейіп, әлсіздік пайда болады. Организм тез қалжырап, қол-аяғы қақсайды, жүйке жұқаруы байқалады. Көру қабілеті төмендеп, бүйрек қызметі бұзылуы да мүмкін. Науқастың ауызынан атцетон иісі тәріздес иіс шығады. Кей жағдайда науқастың құлап қалуыда кездеседі. Ал қант диабетінің ІІ түріне шалдығудың ең басты себебі - семіздік. Артық салмақ, аз қозғалу, өз-өзін күтіп ұстамау салдарынан қандағы инсулин құрамы артады. Адамда астың дұрыс қорытылмауының салдарынан қандағы қант көбейіп кетеді. Сондықтан кез келген адам тұрақты түрде қозғалыста болған жөн. Сонда ғана денедегі қан айналымы дұрысталып, қандағы қант реттеледі. Семіздіктен құтылу үшін, ең алдымен ішімдікке, темекіге әуес болмау керек. Дер кезінде дұрыс тамақтануды қалыптастырып, оны әдетке айналдырған абзал. Тағы бір айтатын нәрсе - басының сақинасы, өтінде тас бар адамдар да қант диабеті ауруына бейім келеді. Сондай-ақ бұл аурудың тұқым қуалайтын ерекшелігі де бар. Кез келген адамдағы қанның қант мөлшері 3,5-тен 5,5-ке дейін болуы қажет, ал бұл көрсеткіш 5,7 немесе 6,0-ге көтерілген жағдайда дәрігерге тексерілген дұрыс.

Диабет - ең зұлым аурулардың бірі. Ол өмір сапасын бұзып қана қоймай, адамды мүгедек ете алады. Диабет тіндерге және барлық тамырларға деструктивті әсер етеді. Бұл аурудың ауыр формалары гангренаға және аяқ-қолдардың ампутациясына әкелуі мүмкін.

Диабеттің типтері:

Диабеттің екі негізгі типі бар: 1-типі - инсулинге тәуелді және 2-типі - жүре пайда болған немесе инсулинге тәуелді емес. 1-типті қант диабеті ұйқы безімен

инсулин гормонын өндірудің болмауына байланысты дамиды.

1-типті қант диабеті генетикалық бейімділікке байланысты дамиды: егер ауру тек әкеде болса, онда балада даму қаупі төмен (3-7%); егер анасында болса, балаға берілу қаупі 10%-дан аспайды; екі ата-анада да - аурудың балаларға берілу қаупі 70% - ға дейін артады.

2-типті қант диабеті 80% ықтималдылықпен мұра болады, тіпті егер ауру тек бір ата-анада анықталса да. Бұрын жүре пайда болған қант диабеті ересектерде жиі дамиды. Бүгінгі таңда бұл ауру балаларда диагноз қойылған жағдайлар көбейіп келеді.

Қант диабетінің дамуына әсер ететін факторлар:

- артық салмақ және семіздік
- эндокриндік бездердің аурулары
- өткен вирустық инфекциялар
- жиі күйзеліске шалдығу
- дәрі-дәрмектерді жиі қабылдау
- аз қозғалысты өмір салты.

Қант диабетіне күдік туындаған кезде кімге хабарласуға болады?

Эндокринолог диабетті диагностикалауға көмектеседі. Сонымен қатар, ертерек дұрыс диагноз қойылса, ауруды жеңу оңайырақ болады. Әдетте, бірқатар тексерулерден өту керек: қант құрамына зәр анализін тапсыру, глюкоза концентрациясына арналған арнайы қан тесттерінен өту және т. б.

Инсулинге тәуелді қант диабеті кезінде қандағы глюкоза деңгейін үнемі бақылау қажет болады. Арнайы тесттер мен глюкометрлер мұны үйде еш қиындықсыз жасауға мүмкіндік береді.

I типті диабет кезінде үнемі инсулинді инъекциялар енгізуге тура келеді. Сонымен қатар, диабеттің бұл типі диета, қандағы қантты төмендететін дәрілер, сондай-ақ физикалық белсенділік арқылы түзетіледі.

Қант диабетінен қалай сақтануға болады?

Бұл зұлым аурудың пайда болуына жол бермес үшін диагноз қойылғанға дейін үнемі профилактика жүргізу өте маңызды.

Қажетті іс-шаралар:

1. Белсенді өмір салтын жүргізіп, салмақты бақылау. Бұл серуендеу, гимнастикалық жаттығулар, жүзу, велосипед тебу, конькимен сырғанау болуы мүмкін. Кез келген ляззат әкелетін белсенді іс-шаралар жарайды. Диабет семіздікке тікелей байланысты. Кез келген физикалық белсенділік қандағы қанттың төмендеуіне ықпал етеді және инсулинге деген қажеттілікті азайтады.

2. Дұрыс тамақтаныңыз. Ішектің жұмысын қалыпқа келтіретін және холестеринді төмендететін тағам талшықтарының көп мөлшері бар өнімдерді ішіңіз. Мұндай өнімдерге барлық жемістер мен көкөністер, бұршақ дақылдары, сүт өнімдері, жаңғақтар және басқалар кіреді. Ұн өнімдерін, тәттілерді, макарондарды тұтынуды азайтыңыз. Тек тұтас дәнді нан жеңіз.

3. Ұйқыңызды қандырыңыз. Демалған ағзаға глюкозаның көп мөлшері қажет болмайды, сондықтан диабеттің алдын алу үшін жеткілікті ұйқы қажет.

4. Темекі шекпеңіз және стресстен аулақ болыңыз. Стресс, темекі шегу ағзаның қант диабетіне төзбеушілігін төмендетеді және қант диабетінің себептерінің бірі болып табылады.

5. Егер сіз 40 жастан асқан болсаңыз, қандағы глюкоза деңгейін бақылаңыз. Қантқа талдау жасау әсіресе толықтыққа бейім және отырықшы өмір салтын ұстанатындар үшін

Емдеу жолдары қандай?

Егер де қант диабетімен ауырған жағдайда адам өз-өзін сабырлылықпен ұстамдылыққа тәрбиелеген болса, өз пайдасы болары анық. Дәрігердің ақыл-кеңесімен қалыпты жағдайда аурумен күресуге, ұзақ ғұмыр сүруге болатындығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Көп жағдайда қант диабетімен ауырғанда диета сақтап, ауруға себепші болатын тамақтардан аулақ болуда пайдалы. Ең бастысы, науқастың күйзелмегені жөн. Қант диабетінен қорықпау керек - ол үшін науқастың өмірге деген сенімі, болашаққа деген батылдығы өмір жасын ұзартуға жол ашады. Ең бірінші талап - одан емделу үшін аса төзімділікке бой алдырып, әрқашан көтеріңкі көңіл күйде жүргеннің пайдасы зор.

Қант диабетімен ауыратын адам мына қағиданы әр уақытта есте ұстасын:

Дұрыс қолданылатын емдік тамақ пен режим сақтау - қант диабетінің барлық түрін емдеудің негізі. Осыны ұмытпаңыз!

Қант диабетін емдеудің негізі – диета сақтау. Әрине, науқас толық жазылып кетпейді, дегенмен, ауруды бірқалыпты сақтап тұруға ықпал жасайды. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, емдеудің медикаментті құралдарын қолданбастан тек диетотерапиямен ғана ауруды үш жылға дейін асқындырмай ұстауға болады. Бұдан әрі науқасқа қантты азайтатын дәрі-дәрмектер тағайындау қажет. Олардың көмегімен 2-типтік қант диабетімен ауыратындар бес жылға дейін қанттың орташа деңгейін ұстап тұра алады. Бұдан кейін дәрі-дәрмектер мен инсулинге көшеді. Асқынған жағдайда ауру адамды өзімен бірге алып кетеді. Сондықтан, қант диабеті терапиясының басты қағидасы аурудың басталған кезінен бастап, емдеуді қолға алу маңызы зор. Яғни, белгісі байқалған күннен бастап емдеуге кіріскен жөн. Инсулинмен емдеу-инсулин препаратының әсер ету ұзақтығына байланысты 3 түрі бар. 8 сағат, 10-14 сағат және 24-36 сағат. Тағы бір ерекшелігі әр екенде егу орны алмастырылып отырылады, егер алдында препаратты дене температурасына дейін жылыту қажет, ине үшкір болғаны жөн, препарат жай егілу қажет.

Қорытынды

«Қазақстанда қант диабеті, жалпақ тілмен айтқанда «сусамыр» дертінің жыл өткен сайын көбейіп, оның балаларға ауыз сала бастағанын, халықтың бұл ауру жөнінде сауатының төмендігін, емдеу мекемелерінде ауруды дер кезінде анықтайтын мамандардың жетіспейтіндігін, ауруға шалдыққандардың тегін дәрі-дәрмекке қолы жете бермейтіндігін айтып тағы да дабыл қағуы да бекер емес. Қауымдастықтың 2009 жылдың 1-қаңтарындағы мәліметі бойынша, Қазақстанда қант диабеті деген нақты диагноз қойылған 162012 адам есепке алынса, оның 1 595-і балалар мен жасөспірімдер. Ал осы жылдың шілде айына дейінгі жүргізілген есеп бойынша, есепке алынғандар саны - 170796-ға жетсе, оның 22 пайызы балалар мен жасөспірімдер екен. Ал республикамыздың бас эндокринологы, профессор, Қант диабеті қауымдастығының дәрігерлік қызмет жөніндегі кеңесшісі, профессор Михаил Зельцер диабет жайлы былай деді: «Ата-аналар еркелеткеннің жайы осылай екен деп, балаларын «Кока-Кола», «Чипсы», «Кериешки» сияқты құрамында газ бен тұзы көп, майға қуырылған құрғақ тағамдарды көбірек пайдалануға мүмкіндік бере отырып, жасөспірімдерді ауруға интермелеп отырғандарын өздері де түсінбейді. Баланы мұндай тағамдарға итермелегеннен

гөрі, салауатты өмір салтына бастайтын спортпен шұғылданып, дұрыс тамақтанып, ауа райының әр мезгіліне сәйкес киініп жүруге бағыт-бағдар бергені әлдеқайда тиімді болар еді. Және сонымен қатар, айта кету керек қант диабеті түрлі күйзелістер мен қобалжудан болады», - деп атап өтті. Қант диабетіне қатысты мамандарды көп ойландыратын мәселе - осы дертке шалдыққандардың әлі де толық және қолжетімді дәрігерлік көмекке қол жеткізе алмауы. Атап айтқанда, қант мөлшерін қалыпты ұстайтын дәрі-дәрмектер мен екпелер көп жағдайда жетіспеуінде. Негізінде бұл ауруға шалдыққандар дәрі-дәрмекпен, медициналық препараттармен тегін қамтамасыз етілуі тиіс болса, өкінішке қарай, бұл мәселе көбінесе сөз жүзінде қалып қояды. Алайда, әлем дәрігерлері сусамыр дертінің нақты емін таба алмай отырғандықтан, әзірше оның ең басты емі - дұрыс тамақтану, дене қимылын көп қажет ететін спортпен айналысу екендігін түсіндіреді. Америкалықтар қант диабетін салауатты өмір салтын ұстанудың бір жүйесі санайтын көрінеді. Себебі бұл ауруға шалдыққан адам өмір бойы өзін-өзі күтімде ұстап, дәрігердің белгілі бір кеңесінің аясында болса, өзі де денсаулығы үшін күресу керектігін ескертеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда қант диабетінің салдарымен күресу үшін мемлекет тарапынан көп көңіл бөлінуде. Зардап шегетіндер инсулинмен 100 пайызға қамтамасыз етілгенімен, арнайы кешенді бағдарламалар жоқ. Эндокринолог-мамандардың жетіспеушілігі де баса назар аудартуда. Сондықтан, дәрігер тарапынан үмітті көбейтпей, өзіңізде әрекет ете бергеніңіз абзал. Бұл ең тиімді жолы болмақ. Қорыта айтқанда, қант диабеті адам өміріне өте қауіпті дерт. Оған бей-жай қарамағанымыз абзал, әсіресе келешек ұрпақ қамын ойласақ, бүгіннен әрекет еткен абзал...

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://massaget.kz/layfstayl/Zdorove/60690/>
2. <https://stud.kz/referat/show/93896>
3. <https://zhambylnews.kz/obhestvo/78616-susamyrdan-sa-tanyp-zh-ri-iz.html>

ӘОЖ 347.77.012.3

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Калдыгулов Е.С.

Ғылыми жетекші: Моменов Б.М., педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент

Қазақ Ұлттық дизайнерлер академиясының академигі
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан
e-mail: baiganin.kaz@mail.ru

Оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйретуде болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдірудің басты заманауи үдерістерінің бірі педагогикалық білім беруді ізгілендіру болып табылады, ол өз пәнінің құралдары арқылы оқушыны

тәрбиелеу мен дамытуға, оқытудың заманауи формалары, әдістері мен құралдарын жүзеге асыруға кәсіптік деңгейде дайын болып келетін болашақ маманның субъектілік дамуы мен өзін-өзі дамытуын қарастырады.

Сәндік-қолданбалы өнерді оқыту барысында оқушылардың ойлау қабілеті, көргенін есте сақтау, шығармашылық қиялы, көркемдік икемділігі, адамгершілік және сұлулық сезінуі дамиды, әрине, бұл қасиеттер жеке тұлғаның жан-жақты дамуына негіз болары сөзсіз. Оның үстіне ұлттық қолөнер өзінің тарихы терең, мазмұны сан қилы ерекшеліктерімен болашақ жастарға рухани, эстетикалық тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және салалық қасиеттерін дамыта түсері сөзсіз [1, 59 б.].

Сәндік қолөнер дегеніміз – қолмен немесе құралдармен, техникамен өндірілетін қолданбалы, сәндік, сувенирлік бұйымдар түрлерін ұқсатып жасаудағы ойлардың, материалдар мен көркемдік шешімдердің, техникалар мен технологиялардың, ұлттық нақыштардың жиынтығын құрайтын өнер түрі.

Халықтың сәндік қолөнері оқушылар ұғымына жақындығымен және шығармашылық болмысымен олардың көркемдік шығармашылық қабілеттерінің дамуына әсер етуші құрал болып табылады.

Халық қолөнерін зерттеуші педагогтардың, психологтардың (В.С.Воронов, А.С.Бакушинский, В.М.Василенко т.б.) бала тек қана ақпараттарды қабылдаушы көрермен емес, ол белсенділікті, жекелікті, қиял мен ойларды жүзеге асыруда талап ететін іспен айналысқанда дәлел бола алады [2, 23-30 бб.].

Балалардың қабілеттері мен дарындылығының түпкі бастауы – олардың саусақтарының ұшында. Көркемдеп айтқанда саусақтан шығармашылық ойлардың негізін нәрлендіретін жылғалар ағады. Балалардың өз іс-әрекеттерінде сенімділігі мен жасай білу қабілеті артқан сайын, олар еңбек құралдарын қолдануға икемді болады; осы іс-әрекеттерді жүзеге асыруға қажетті қимылдар күрделенген сайын, баланың рухани өміріндегі қоғамдық еңбекпен, табиғатпен өзара байланыстары күшейеді. Басқа сөзбен айтқанда, баланың қабілеті артқан сайын, ақылы да толыса түседі.

Халықтың сәндік қолданбалы өнер туындыларындағы образдар мен ою-өрнектерде берілген ойлар, түйсіктер мен түсініктер, тұжырымдар, халықтың дүниетанымы аталған сапаларды жетілдіре түседі. Бояу түстері мен материалдың, бұйым формасы мен нақыштарының үйлесімділігі, олардың әсемдігі мен жарасымдығы адамға эстетикалық-эмоционалдық тұрғыдан әсер етіп адамның рухани жан дүниесін байытады. Сан алуан, қиын да күрделі өрнектерді жүзеге асыру шығармашылықты шыңдайды [1, 210 б.].

М.Мырзаханов сәндік қолөнердің жасалу техникасының, технологияларының алуан түрлілігі оқушылардың өз ісін, кәсібін таңдауына мүмкіндік беретіндігін айтады. Сондай-ақ, ол сәндік қолөнерді жасау барысында зейінділік, ұқыптылық, талаптылық, тәртіптілік, белсенділік, еңбексүйгіштік, ұжымдық сезім сияқты адамгершілік сапаларды қалыптастыру мүмкіндіктері негізінде оқушылардың шығармашылық белсенділігі дамитындығын көрсеткен.

Халық өнерінің шығармашылығын игеру балалардың көркемдік талғамын тәрбиелеп қана қоймай, олардың саздан бұйымдар жасау, ою-өрнектер түрін құрастыру, өз ойымен өрбіту, ағаш ұқсату мен ою жұмыстарын орындау, тоқыма,

кестелеу әдістерін меңгеру сияқты шығармашылық тұрғыдағы жұмыстармен өздігінен айналысуға құштарлықтарын оятады [3, 147 б.].

Халық өнері туындыларын меңгеру дегеніміз осы өнердің табиғи өсу кезеңдерімен танысуды, оның көркемдік сапаларының (колорит, пішінінің иілгіштігі, ою-өрнек, композициялық шешім, материалдың фактурасы) белгілі бір мәнерлерін қабылдауды, халық өнерінің дәстүрлі үлгілерінің әр түрлі техникалық амалдары мен дағдыларын, әр түрлі материалдарды өңдеу тәсілдерін игеруді білдіреді. Осы айтылғандар балалар мен жастар үшін барлық уақытта да қызықты әрі әсерлі іс болып табылады. Тек қана халық өнері туындыларын шығармашылық тұрғыдан өзіндік қабылдау, олардың поэтикалық және сұлулық бейнелерін ұғыну, шығармашылық процестің өзіне қатысу деңгейі, дәстүрлі сәндік қолөнердің техникалық амал-әдістерін пайдалану дәрежесі өзгеріп отырады. Бірақ балабақшадағы немесе кіші мектеп жасындағы балаларға, жеке өмір сүруге қадам жасап отырған орта мектеп түлектерінің барлығына тән шығармашылық үрдіске қатысуға деген құштарлық, шығармашылық тұрғыдағы белсенділік, ынталылық пен дербестік оянады.

«Сурет салуды таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, анамның киізінен, ешкінің мүйізінен үйрендім», – деген екен Қазақстанның халық суретшісі, қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі Әбілхан Қастеев. Осы орайда бейнелеу өнерімен айналысу – жас жеткіншектердің рухани дамуына өте қажетті факторлардың бірі және бірегейі деп білуіміз керек. Себебі, бұл өнер бағыты оқушылардың эстетикалық қызығушылығын дамытуға көмектесетіні анық. Шығармашылықпен ойлау, қиялдау, көркемөнер қабілетін, қоршаған ортаны сезіну, эстетикалық қарым қатынасын жетілдіреді. Бейнелеу өнері жас ұрпақтың дамуына өте зор мүмкіндік туғызады. Бұл орайда айтар болсақ сурет салудың орны ерекше. Сурет салу бейнелердің, заттардың формасын талдауға және оны ұқыпты бақылауға үйретеді, дүниетанымның өсуіне жәрдемдеседі. Бейнелеу өнері адамның көру жадысын, кеңістікті ойлауын дамытып, образды елестету қабілетін арттыруда зор үлесі бар. Өйткені ол нақты есептеуге, табиғат әсемдігін тануға үйретеді, ойлау мен сезу икемділігін арттырады. Бейнелеу өнері сабақтары өздерінің оқу – тәрбие жұмыстары бойынша да, түрлеріне байланысты да әр түрлі болып келеді. Мектеп бағдарламасында оқу сабақтарының төрт түрі қарастырылады. Олар: нұсқаға қарап сурет салу, сәндік сурет салу, тақырыптық сурет салу, өнер туралы әңгіме. Нұсқадан қарап сурет салу, сурет және кескіндеме жұмыстарымен айналысуды көздейді, сәндік сурет салу – ою – өрнектерді көркем конструкциялау, ою – өрнек элементтерін құрастыру және т.б. жұмыстарын қарастырады [4, 206 б.].

Өнер туралы әңгімеде оқушылар кескіндеме, графика, мүсін, сәулет ескерткіштерімен және сәндік қолданбалы өнер шығармаларымен танысады. Бұл аталған әрбір сабақ жеке тұлғаның эстетикалық тәрбиесіне, шығармашылық қабілеттерінің дамуына, дүниетанымына, жан – жақты дамуына ықпал етеді. Ұстаз шәкіртеріне өнерді таныстыруда үлгерімге жеткізу үшін оқушылардың меңгеретін білімі мен дағдыларының көлемін біліп оқушылармен қандай жұмыс әдістерін тандап алу керектігін білуге тиіс. Бұл міндеттер бейнелеу өнерін оқытудың бағдарламасында қарастырылған. Бірақ оқу бағдарламасы мұғалім қызметінің

ерекшеліктерін толығымен көрсете алмайды. Ең бастысы бағдарлама туралы білім формалды емес, ойластырылған, теориялық білімдерге сүйенген білім болуы тиіс. Сонымен қатар, қазіргі кезде білім беру саласы заман талабына сай білім мазмұнын ұйымдастыруды, қарым – қатынасын және құрылымын түбегейлі өзгертуді, жаңартуды талап етуде. Қалыптасқан дәстүрлі оқыту әдістері жаңа оқыту технологияларын ендірумен алмасуда. Осы орайда жаңартылған білім беру бағытында түрлі педагогикалық жүйелермен оқыту технологияларын салыстырмалы түрде сынақтан өткізу, зерттеу, талдау, іс-тәжірибеде қолдану жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің қазіргі даму бағыты жалпы білім беретін мектептерде жас жеткіншектерді нарықтық заман талаптары мен мәдениеттің даму деңгейіне сай дайындауды қажет етеді. Жалпы білім беретін орта мектептерде барлық оқу пәндерін оқыту, жеке пәндердің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, еліміздің болашақ азаматтарын дайындау мен тәрбиелеу мақсатын қояды. Сондықтан бейнелеу өнері, технология пәндері жас ұрпақтарды іс – әрекетке және іс – әрекет технологиясын түсінуге бағытталуы тиіс [5, 129 б.].

Бүгінгі таңда көпшілік қауым мектептегі бейнелеу өнері, технология пәндерін жалпы білім беретін пәндер емес, олар арнаулы пәндер деп қарастыратынын көріп жүрміз. Әрине, бұл дұрыс емес, қате түсінік деуге болады. Жалпы білім беретін мектептер физиктерді, математиктерді, биохимиктерді, ақын-жазушыларды, композиторларды дайындамайтыны сияқты кәсіби суретшілерді де дайындамайды. Жоғарыда аталған маман иелері арнаулы оқу орындарында дайындалатыны бәрімізге мәлім. Жалпы білім беретін мектептегі әрбір пән жеке – жеке және бірлесе отырып оқушылардың жан – жақты дамуына ықпал етуге тиіс. Бірақ өздеріңізге белгілі бүгінгі күні жалпы білім беретін мектептер жаратылыстану немесе гуманитарлық бағыттарында жүйелі түрде білім беруде. Байқап қарасақ, өнер бағытындағы пәндер екінші сатыға ысырылып, кейінге қойылғандай. Оған дәлел ретінде соңғы жылдарда бейнелеу өнері және технология пәндері біріктіріліп, жалпы білім беретін мектептерге «Көркем еңбек» пәні кіріктірілген пән ретінде кезең-кезеңімен жүйелі түрде енгізіліп жатыр. Бұл жаңашылдықтың берері мол. Алайда, осал тұстары да жоқ емес. Ең бір өзекті мәселе, ол сағат санының қысқартылуында. Қосымша білім беру бағдарламаларымен жұмыс жалпы білім беретін мектептерде оңды жүргізілмейді. Мысалы, бастауыштағы 1-4 сыныптарда еңбекке баулу пәні аптасына 2 сағат болса, бейнелеу өнері пәні аптасына 1 сағаттан болатын. Сонда эстетикалық пәндер жиынтығы аптасына 3 сағат өткізілетін. Қазіргі кезде көркем еңбекке аптасына 1 сағат қана берілген. Осындай жағдай жоғары сыныптарда да қайталанып тұр [6, 17 б.].

Айтулы мәселенің өзектілігін, аудан орталықтарында жаңадан ашылып жатқан немесе бұрыннан жұмыс істейтін өнер мектептері шеше алмайтындары айдан-анық. Себебі ол мектептердің негізгі бағыт - бағдары сурет салуға, ән айтуға, музыкалық аспаптарда ойнауға, би билеуге ебі-икемі бар, нақтырақ айтсақ дарынды балалармен жұмыс істеу. Ақпараттық технологиялар дамыған заманда жаңартылған білім беру жүйесі оңтайлы шешімдердің бірі. Бірақ жалпы жаһандану процесінен қалып қоймайық деп жүріп, өзіміздің ұлттық құндылықтарымыздан айырылып қалмауымыз керек. Керісінше, ата-бабамыздан қалған мұраны дамытуымыз және

өркендетуіміз басты парызымыз. Ол үшін өнер бағытында жұмыс жасауды басты бағдарға алуымыз қажет. Қазақ елінің қазақ ауыз әдебиетінде «Көркемсөз» өте жақсы дамыған. Көркемсөз деп аты өзі айтып тұрғандай көркемдеу және суреттеу деген мағыналарды білдіреді. Оқушылардың тіл байлығының өсуіне, сөздік қорының ұлғайуына бейнелеу өнері пәні зор үлес қосатыны анық. Осы тұста бейнелеу өнері пәнінің қазақ тілі және әдебиеті пәндерімен пәнаралық байланыста екенін жақсы аңғарамыз.

Бейнелеу өнері тарих пәнімен де тығыз байланыста екенін көруге болады. Себебі атақты суретшілер мен мүсіншілер өнер туындылары арқылы өздері өмір сүрген дәуірден, ғасырдан тарихи оқиғалар туралы сыр шерткізетіндей. Нақты тарихи дереккөздерді де суреттер мен мүсіндерден табуға болатынын білеміз.

Көркем еңбек сабағы - мектеп оқушыларын рухани байытып, дүниетанымын қалыптастыратын пәндердің бірі. Көркем еңбек пәнінде ұлттық қолөнерді, тәрбиені үйрету арқылы мынадай дағдыларды немесе іскерлікті қалыптастырамыз:

- еңбекқорлыққа;
- ұлтжандылыққа;
- рухани мәдениетке;
- іскерлікке;
- шыдамдылыққа;
- ізденімпаздылыққа [7, 153 б.].

Оқушыларды еңбек қызметіне іс жүзінде даярлау міндетінің де маңызы бұдан кем емес, өйткені адам белгілі бір еңбек дағдыларына ие бола отырып, еңбек ете алмайды, әрі бұдан басқа еңбек үрдісінде ғана, оқушыларды мектептегі сарамандық еңбек қызметіне тарту жолымен еңбекке қатынастық негізін қалауға болады. Халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға сай лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта беруіміз керек. Халық өнерін оқып, оны өмірмен ұштастыра білген адамның жан дүниесі кеңейеді, ой алғырлығы артады, шеберлігі кемелденеді. Ол адамның мәдени, рухани және шығармашылық дәрежелерінің көрсеткіші ретінде адамның күш-қуатының даму үрдісін іске асырады, кісіні сауаттылыққа жетелейді. Сондықтан сол өнерді келешек ұрпаққа жеткізіп түсіндіре дамыта білуді негізгі мәселе деп қараймыз. Оқушыларға өздері оқып үйренетін ғылым негіздерінің іс жүзіндегі маңыздылығын көрсетіп, олардың бойында машықтанып алған білімдерін қолдану дағдыларын жасаудың маңызы зор. Сонымен бірге, оқушы өзін қоршаған ортаның, дүниенің, салт-дәстүріміздің, қолөнеріміздің адам айтқысыз қымбат, замандар бойы тарих жасап қалдырған асыл мұра екенін жете түсінуі керек. Жоғарыда айтылғандардың бәрі кәсіби технология үйірме сабағында үйрету, оқыту, игерту болып табылады. Мүмкін болмаған жағдайда Технология жұмыстарында жалғастыруға тура келеді [8, 87-88 бб.].

Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршең өнер. Адамзат дамуының қайсысында болмасын, қоғаммен бірге дамыған қолөнер әр дәуірге өзінің өшпес ізін қалдырып, әлеуметтік көркем жағынан дәуір тынысын қалт жібермей әсерін тигізіп отырған. Қолөнер дүниежүзінің барлық халқына тән. Бұл – халық қазынасы, ғасырлар мұрасы. Соған орай әр елдің, әр халықтың тарихи дамуына байланысты қолөнері өзіндік ерекшелігі мен эстетикалық талғамына

байланысты қолөнері өзіндік ерекшелігімен халық өміріне өшпес із қалдырып отырған. Халқымыздың қолөнерінен туған асыл мұраларын әр оқушыға саналы түрде жеткізуге, оның сырын ұқтыруға, түсіндіруге, терең зерттеуге, одан әсер алуға, қазіргі заман талабына сай көркем шығармашылықпен дамытуға тиістіміз. Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын тұтыну бұйымдары мен жабдықтары талапқа сай әдемілене, әшекейлене түсуде. Оны күнделікті өмірде қазіргі қолөнер туындыларынан көріп жүрміз [9, 134 б.].

Бұдан қолөнеріміз ежелгі маңызын жойды, ендігі жерде онымен шұғылдандудың қажеті жоқ деген ой туындамауы керек. Қайта халық қолөнерінің бай мұрасын жинап сұрыптай отырып, заманымызға лайықты сапа, түр беріп, оларды ілгері дамытуымыз тиіс. Мектеп сабағын көркем еңбек ұйымдастыруда қазақтың халықтық қолөнері саласының біраз түріне тоқталып өтуді жөн көрдік. Олар: ою-өрнектердің түрлері, олардың атауларымен қолданылатын орындары, өрнектердің түрленіп даму тарихы мен кейбір өрнек әуендерінің үлгісі. "Жаратылыс жалғыз емес, уақыт өтпей" - дейді халық даналығы. Қарап отырсақ, көңіл-күй де, талғам да, әдет-ғұрып та өзгереді. Сән дегеніміз күнде өзгеріп отыратын нәрсе. Мысалы, бүгін ұзын, ертең қысқа, бүгін тар, ертең кең деген сияқты. Ал, қолөнер саласы сән бағытына, талғамына көбіне бағына бермейді. Қолөнердің өзіне тән әлемі, қоршаған ортасы, өзіндік күші бар, ол ешқандай өтпелі құндылықтарға бағынбайды. Өзіне деген тыныштық пен сенім бізге белгілі бір дағдылар мен икемдерге жеткізеді. Көптеген адамдар ең алғаш қолөнермен айналыса бастаған кезде, белгілі бір материалды өңдеумен, зерттеумен айналыса бастайды [10, 364 б.].

Көркем шығармашылықпен айналысуға деген қажеттілік біз үшін бір абсолютті қажеттілікпен емес, ол қолөнершінің қолының жылуы мен жан-тәнінің сезімі сақталған туындысын өнеркәсіптің жалпылай бір текті салқын өнімдеріне қарсы қою, тілегінен келіп шыққан. Бұл салыстыру егер бір белгілі шығармашылық биіктерге, жетістіктерге жеткенде ғана тиімді болады және өзін-өзі ақтайды. Шығармашылық белес деп біз мыналарды айтамыз: ритм заңдылықтарын түсініп білу үшін қажетті білім мен түсінік, оюлар мен өрнектерді орналастыра білу, бүтін бір бұйымда тепе-теңдікті сақтау. Сондықтан да біз өмір бойы оқып үйренуге тиіспіз. Сонымен, қорыта келгенде, жасөспірімдерге көркем қолөнердің берер ықпалы өте зор. Мектеп бағдарламасына сәйкес қолөнердің әр түрін үйретудің өзіндік орны бар. Бүгінгі күнде тәуелсіздігіміздің арқасында ата-баба дәстүрі жалғасын табуда. Оқушылар қолынан шыққан бұйымдарды көріп, ата-баба дәстүрі жаңарып жалғасуда. "Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға", - деп қазақ халқының ұлы, кемеңгер, данышпан ақыны Абай айтқандай, зерек те, іскер бес саусағынан өнер таматын шәкірттерді оқытуға, үйретуге біз, ұстаздар, әрқашан да дайынбыз. Бабаларымыздан жеткен асыл мұраны шаң басқан жерінен сілкіп, тот басқан бетін ашып, кейінгі ұрпаққа жеткізетін кез жетті деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тоқтабаева Ш. Қазақтардың қолөнерге байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері //Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 59 б.

2. Джанибеков Ү.Д. Эхо ... По следам легенды о золотой домбре. –Алма-Ата: Өнер, 1991 г. – 23-30 с.
3. Масанов Э.А. Казахское войлочное производство во 2-ой половине XIX-XX вв. – Алма-Ата, 1980 г. – 147 с.
4. Тохтабаева Ш.Ж. Серебряный путь казахских мастеров. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005 г. – 206 с.
5. Боголюбов А. Орта Азиядағы кілем тоқу өнері. – Алматы: Изд-во АН Каз ССР, 1958. – С. - 129 с.
6. Әмірғазин Қ. Ою-өрнек-халықтық мұра. – Алматы, 2004. – Б. 17 б.
7. Мұхамед Д. Қазақ қолөнері каталогы. – Алматы, 2010 ж. – 153 б.
8. Байділдаұлы Ш. Қазақтың ою-өрнегі. – Алматы: Өнер, 1990 ж. – С. 88-876.
9. Назарбаев Н. Ә. «Біздің халқымыз жаңа өмірге бейімделуі керек» «Егемен Қазақстан». 31 тамыз. – Астана. 2000 ж. – 134 б.
10. Әбдіғапбарова Ұ. Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің тағылымы: Оқу құралы. – Алматы, 2002 г. – 364 б.

ӘОЖ: 338.48

ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТІ ЗЕРТТЕУДІН ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Киясова Д.Д., Райханов М.Д.

Ғылыми жетекші: Жұмабекұлы Ө.

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: omirbek-00@bk.ru

Ғылымиәдіснама – бұл құрылыс қағидалары, ғылыми танымның формалары мен әдістері туралы ғылым. Әдіснама теориялық таным және шынайылықты қайта өзгерту құралы ретінде көрінеді. Әдіснама туризмдегі зерттеу әдістері туралы ғылым ретінде көзқарастар, таным нәтижесі мен өмір тәжірибесін түсіну жиынтығынан тұрады, ол осы қызмет саласында зерттелген құбылыстар мен процесстер туралы нақтылы теориялық талдаулар жасауға мүмкіндік береді. Туризмді адам қызметінің бір түрі, әлемдік шаруашылықтың өркен жайған түрі ретінде зерттеу үшін түрлі әдістердің көмегімен зерттеулер жүргізіледі. Туризм туралы ғылымда ғалымдар мен мамандар өз зерттеулерінде жалпы, арнайы және жеке әдіснамаға сүйенеді. Жалпы әдіснама туризмнің дамуының жалпы заңдылықтары, оның ерекшеліктері мен құрамдас компоненттері, сондықтан-ақ, ғалымдар мен мамандар зерттеген құбылыстардың орны мен ролі туралы дұрыс және нақты түсініктер ұсынады. Оның негізінде туризмнің мән-мағынасын түсінуге диалектикалық қарым-қатынастар бар. Бұл методология бізді қоршаған ортаның материалдануынан бастау алады, онда материя үздіксіз қозғалыс пен даму үстінде болады. Қоршаған ортаны (материя) дамытудың қозғаушы күштері диалектика заңдарына – қарама-қарсылықтар бірлігі мен күрес, сандық өзгерістердің сапалық өзгеріске өтуі, терістеуді терістеу заңдарына бағынады. Арнайы әдіснама зерттелу үстіндегі феномендерді қалыптастыру ерекшелігіне жататын заңдар мен заңдылықтарды, оны дамыту мен қызметін тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Бүләдіснама туризмдегі нақтылы құбылыстар мен процесстерді зерттеу кезінде, тиісті әдістер мен ұстанымдарды, тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді, өйткені ол зерттеудің қорытынды нәтижесін анықтау үшін қажет. Арнайы методология негізінде мынандай принциптер бар: ғылымилық – ол жалпы ғылыми білімге негізделген және аралас ғылымдар есебінен құрылады, мысалы, экономика, юрис-пруденция, басқару, информатика, әлеуметтану; Көрнекілік – көру бейнесін құру қажеттілігіне сүйеніп, білім беру әдістемесі негізінде іске асады, ол оны жақсы меңгеру мен есте қалдыруға ықпал етеді; Қол жетімділік – қызметкердің ерекше қасиеттеріне қарай, яғни, туризм қызметін меңгеру және игеру қабілеті бойынша негізделеді; оқыту теориясы мен практикасының бірлігі – ол диалектикаға негізделіп, қызмет барысында жүзеге асады, атап айтқанда, алған білімін іс-тәжірибеде қолдану деңгейіне жету және толығымен нақты игеру; Білім берудің тәрбиелік мәні – білім беру мен тәрбие бағыттарының сәйкестігімен шартталады, өйткені, білім беру мамандардың жеке сапалық қабілетін қалыптастыруға бағытталған, ал, ол тәрбие берудің негізгі мақсаттарын іске асырады.

Жеке әдіснама – туризм қызметіндегі нақтылы құбылыстарды зерттеудің әдістері мен тәсілдерінің жиынтығын ұсынады, ол оны талдаудың нысаны мен мәнін құрайды. Оның негізінемынандай ұстанымдар жатады: Детерминизм – туризмнің формалары мен түрлерін игеру барысында туындайтын психикалық жағдайлар себептері, тұтынушыларға сапалы қызмет көрсетудегі құбылыстар мен процестер, кіріс алу; Сана мен қызмет бірлігі – сана мен қызметті дамыту бірлігінің көрсеткіші, сана пайда болған кезде, ол қызмет барысында дамиды және көрініс табады; Даму – туризмнің басқа ғылым салалары және жалпы жан-жақты дамуымен – интеллектуалды, эмоционалды, әлеуметтік – үздіксіз байланысының көрсеткіші; Оқытудағы жекелей қарым-қатынас- мамандардың жеке, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін зерттеуге бағдарлау Әдіснама бойынша қаралған принциптер мынаны көрсетті: туризм туралы ғылымның қозғаушы күштері, дамудың әлеуметтік шартталуы және мамандар қызметін жетілдіру жөнінде түсініктер берді. Туристік қызметті зерттеудегі әдіснаманың рөлі. Туристік қызмет туризм теориясындағы зерттеу жүргізудің мәні болып табылады, оның міндеттері: туристік іс-шараларды зерттеу(саяхаттар, экскурсиялар); туризм формалары мен түрлерін болдау; жаңа туристік орталықтардың сипатын үлгілеу; туристік іс-шаралар, экскурсиялар мен саяхаттар кезінде организм қызметін қалпына келтіру. Туристік қызметті зерттеу әдіснамасы, туризмнің теориялық және практикалық мәселелерін зерттеу және шешуге ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді. Туристік қызметтің әдіснамалық бағасы қызмет нарығындағы бәсекелестікті, туризм кәсіпорныны экономикалық және техникалық жағдайын, бәсекелестік кінесті дамыту және жүргізудің болжалды әдістерін, мамандардың қызметінің стратегиясы мен тактикасын анықтауға көмек береді. Әдіснаманың негізінде туризмді қоғамдық құбылыс ретінде зерттеу жатыр, өйткені оның белсенді және шығармашылық сипаты бар, ол адамдардың мақсатты практикалық қызметі процесінде жүргізіледі. Саяхаттар мен экскурсияларда адамдар тобы бір-бірімен танысу арқылы жаңа көрікті жерлермен танысады, жаңа іс-тәжірибе жинайды. Туризмді зерттеу практикалық деңгейде оның тарихи даму мәнісін ашпайды, дегенмен, күнделікті өмірде үнемі пайдаланылады. Туризмді теориялық деңгейде зерттеу өзінің алдына

зерттелетін құбылыстардың, мәселен, категориялар, заңдар, ғылыми теория, сонымен бірге, абстракция түрінде көрінетін материалдық және рухани әлемнің өзара байланысының мән-мағынасын түсіну міндетін қояды. Туристік қызметтің мақсаты жоғары білімді мамандар дайындау, олар туризм өнімдерін құруға және осы қызметтен кіріс алуға қабілетті болуы тиіс. Туристік қызметтің субъектілері мамандар, белгілі бір қоғамдық және өндірістік қарым-қатынастағы тұтынушылар, сонымен бірге қызметтің осы саласындағы іс-тәжірибе мен біліктілік.

Туризмдегі ғылыми зерттеулер әдістемесі. Туризм саласындағы зерттеулер мазмұны. Туризм саласындағы зерттеу жүргізудің мазмұнына кіреді: проблеманың жағдайын зерттеу, мақсат қою және міндетті айқындау, зерттеу гипотезасын дайындау, сараптау әдістері мен тәсілдерін іріктеп, таңдау, оны сынақтан өткізу. Бұл ретте сараптамаға әсерін тигізетін факторларды ескеру керек, зерттеудің логикалық және хронологиялық схема-үлгісі, контингент таңдау және сынаққа алынғандар саны, бақылауға алынатындар санын анықтау, алынған нәтижелерді өңдеу. Сонымен бірге зерттеу жүргізілетін орынды қамтамасыз ету, сыртқы орта әсерінен оқшаулау, зерттеу жүргізуге қажет техникалық жабдықтарды әзірлеу. Зерттеу жүргізу үшін қажет: қорытындының сенімділігін қамтамасыз ететін нақты мәліметтерді жинау; сараптама сериясын жүргізу; алынған нәтижелердің теориялық және сандық өңдеулерін жүргізу – мәліметтердің орташа мөлшері мен өлшемін анықтау, коэффициентті реттеу, кестелер, диаграммалар, құру; зерттеу жүргізу барысында алынған сапалы талдау мен синтез; мәліметтерді түсіндіру және қорытындыны тұжырымдау.

Зерттеу жүргізу кезінде мынандай принципті/ұстаным/ басшылыққа алу керек: «шынайылық – жалғандық». Шынайылықты сипаттау, процесстер мен құбылыстар болжамын түсіндіру /олар мәтін, құрылымдық схема, графика, формула түрінде болады/ ғылыми зерттеудің нәтижесі болуы ықтимал. Ақиқат – бұл шындықтың ойлау нәтижесінде дұрыс көрінуі, оның өлшемі практика болып табылады.

Зерттеу кезеңдері. Зерттеудің шынайылығы деңгейін көтеруге байланысты зерттеу кезеңдерін анықтау қажет; біріншіден, шынайылықты ғылыми тануды пайдаланып, туризм проблемаларын анықтау; екіншіден, ғылыми пән терминдерін пайдаланып, белгілідегі белгісіздік өлшемін анықтау. Проблеманы тұжырымдау, яғни, қажетті ақпаратты анықтап, шынайылықты түсіндіру маңызды кезең болып табылады. Зерттеу проблемасын тұжырымдау алдында, ол туристік қызметтің қандай түріне жататынын анықтап алу керек. Туризмге зерттеу жүргізуге алынуы мүмкін мәселелер: турбизнес фактілерінің қонақ үй кешені және транспорт қызметімен өзара байланыстары; әлемдегі және елдегі экономикалық даму заңдылықтары, мамандардың әлеуметтік мәдени тәжірибесінің үрдістері. Туризмде оқу мекемелеріндегі білім алу заңдылықтары, туризм кәсіпорындарындағы кәсіби дағдылар, қызметті тұтынушылардың белсенді ойлауын қалыптастыру заңдылықтары, туристік қызмет процесінде психиканың өзгеруі мәселелері зерттеледі. Зерттеудің маңызды кезеңінің бірі белгілідегі белгісіздік өлшемін, оның туризм теориясы ішін актуалдығы деңгейін анықтау. Зерттеу проблемасының зерделену деңгейі мен сипатына сараптама жүргізу қажет, яғни, теориялық

дереккөздер, туризмге шектес ғылымдар туралы маңызды ақпараттар іздеу. Зерттеу теориялық тұрғыда ғана емес, практика жүзінде де негізделуі қажет.

Зерттеу түрлері. Эмпирикалық зерттеулер негізіне шынайы фактілер болады, онда мәлімет жинақтау мен талдау белгілі бір туристік қызметті бақылау және зерттеуге негізделген әдістерді пайдалану арқылы жүзеге асады. Эмпирикалық зерттеулер қажетті фактілерді анықтап, жинауда жасанды, сынақ оқиғаларын құруды көздемейді. Туристік қызмет барысында болған нақтылы оқиғалар ғана нақтылы факті болып табылады. Оларды талдаудан кейін, болған оқиғалар туралы қорытынды жасалады. Эмпирикалық зерттеулер сипаттама және түсіндірме түрінде болады. Сипаттама зерттеу туризмдегі аз зерттелген нысандар мен оқиға-құбылыстар фактілерін көрсетеді. Түсініктеме эмпирикалық зерттеуге фактілерді жинақтау және талдау фактілер арасындағы себептерді анықтау кіреді, оның көмегімен белгісіз оқиға немесе нәтижесі белгілі болған оқиға фактілерімен түсіндіріледі. Шолу-талдау зерттеуі сын сипатында болады, сондықтан шолу-сынау деп аталады. Мұндай жағдайда, міндетті шолу-талдау бөлімінен басқа, проблема бойынша толық және дәлелді сын ұсынылуы тиіс, және тиісті қорытынды жасалады. Шолу зерттеуде автордың сипатталған жағдайлар, идеялар туралы, сондай-аққойылған проблеманы шешуге қатысты өз ой-пікірі болуы мүмкін. Мұндай пайымдаулармен реферат мәтіндері кезектесуі немесе олар шолу-талдау, шолу-сынау және конструктивті-теориялық бөлімдер болып жеке бөлімге бөлінеді. Ғалым теориялық зерттеулер жүргізе алады, онда әдебиетке шолу мен сыни талдаудан басқа, автордыңқойылған проблеманы шешуге байланысты өз пікірі болады, сондай-ақ ол шешілетін проблема теориясына қосылған авторлықүлес, жаңаша көзқарас, ерекше пікір ретінде қабылданауы мүмкін. Теориялық зерттеулерге мынандай талаптар қойылады: пайдаланылатын түсініктердің нақтылығы мен логикалығы, пікір қарама-қайшылығының болмауы. Теориялық білімнің ерешелігі оның жалпылама сипаты мен абстрактілі, жүйелі болуында. Осы білім бөлімдеріндегі өзгертулер тұтас жүйеніңөзгеруіне әкеледі. Теориялық зерттеулер әдістеріне мыналар жатады: абстрактіліден нақтылығыға өту, талдау және синтез, құрылымдық-жүйелі қатынас, индуктивті-дедуктивті қатынас, модельдеу, тарихи-логикалықәдіс.

Зерттеу тақырыбын тұжырымдау – ғалымныңқызметіндегі ең жауапты кезең: мұнда нақтылы ғылыми немесе практикалық талапқа сәйкес тақырып анықталады. Тақырып атауы мүмкіндігіне қарай, шешілетін проблеманың мүнін қысқаша ашуы тиіс. Тақырып таңдауда екіұшты немесе нақты емес тұжырымдар жасалмауы тиіс. Оның салдары бүкіл зерттеу кезеңдеріне, соның ішінде жұмыс гипотезаларын тұжырымдауда жағымсыз әсерін тигізеді. Зерттеу мақсаты мен міндеттері. Проблеманың жағдайын зерттеу нәтижесі негізінде мақсаты мен міндеттері анықталады. Аралық және қорытынды мақсаттар зерттеудің негізі, өйткені ол зерттеу соңында қол жеткізілетін мақсат болып табылады. Аралық мақсаттар – туристік кәсіпорынды ресурстыққамтамасыз ету деңгейін, оның сынақ жұмыстарын жүргізу кезіндегі қызмет нарығындағы жұмысын бағалау. Міндеттері ұйымның бірізді жұмыс кезеңдерін және зерттеудің басынан соңына дейін жүргізілуін ұсынады. Алдына осындай мақсаттарды қойған зерттеулердің міндеттері келесідей: проблеманы нақтылау, соған байланысты әдебиеттер мен практиканы зерттеу;

зерттеу гипотезасын нақтылау; процестердің диагностикалық әдістерін таңдау; сынақ жүргізу әдістерін әзірлеу; сынақ жоспары мен бағдарламасын, оның өткізілуін, нәтижелерін өңдеу мен талдауды әзірлеу; теориялық қорытындылар мен практикалық қысымыстарды тұжырымдау. Мақсаты мен міндеттері нақты тұжырымдалуы тиіс, өйткені оны жүзеге асыру деңгейін анықтау мүмкін болмайды. Зерттеу міндеттері зерттеудің негізгі мақсатымен адекватты болуы тиіс, өйткені оған шектес мақсаттар бағынады. Тақырып атауы міндеттеріне сәйкес болуы керек. Бұл сәйкестік бірнеше кезеңдерден кейін қойылады. Ең алдымен, танымдық және практикалық маңыздылығына қарай тақырыптың жалпы атауы және міндеттері белгіленеді. Соңынан тақырып атауы алға қойылған міндеттерге, ал міндеттер – тақырып атауына әсерін тигізеді. Біртіндеп, бірізді зерттеу жүргізу арқылы тақырып пен міндеттерді айқындауға қол жеткізіледі. Туризмде зерттеу міндеттерінің саны әдетте 3-тен 5-ке дейін болады. Егер одан аз болса, олар елеулі деңгейде тақырыппен араласады, аз деңгейде – міндеті нақтылы болады. Егер міндеттері тіпті көбірек болса, ондай жағдайда мән-мағынасы жоғалады, түсініксіз болып, зерттеудің мақсаттылығы жойылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Карпов А. В. Менеджмент психологиясы: оқу құралы [Мәтін] / А.В. Карпов М.: Гардарики, 1999. - 584 Б.
2. Шадриков Д. психологияға кіріспе: мінез-құлық мотивациясы [Мәтін] / В.Д. Шадриков. - М.: Логос, 2001. – 136 б.
XXI ғасыр-жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Өскелең елдің айбынды болашағы үшін – ең әуелі сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылым-техникалық әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі.

Білім беру жүйесіндегі басты мақсат – Қазақстан Республикасының бүгінгі білім сапасының деңгейі мен болашақ бағытын анықтай отырып, әлемдік өркениетке жетудің жолын іске асыратын білімді де мәдениетті, білікті де саналы дара тұлға тәрбиелеу.

Сапалы білім беру жүйесінің нәтижесінде қалыптасатын дара тұлға – қазіргі заман талабына жауап беретін, халықаралық стандартқа сай білімді меңгерген, өз ана тілі мен өзінің тарихын жетік білетін, коммуникациялық қарым-қатынасты емін-еркін жүзеге асыра алатын, Қазақстандық полиэтномәдениеттің ең асылын бойына сіңірген, әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан жан-жақты қалыптасқан ұрпақ. Осындай тұлға қалыптастыру – мәдениетаралық қарым-қатынасты іс жүзіне асырудың, әлемдік өркениетті игерудің, өзің мен өзгені танудың да жолы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік жалпыға міндетті жаңа стандарты оқушылардың дайындық деңгейіне, орта және

бастауыш білім берудің мазмұнына, оқушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарды белгілейді. Жаңартылған стандарт орта білім беруде жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің келісілген мүддесін танытады. Стандарт негізінде мемлекет жалпыға мүмкін болатын, тегін орта білім беруге кепілдік береді [1, 136].

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасы аясында Қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жолдауында көрсетілгендей: Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім[2. 58].

Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы тұрғыда әр пән мұғалімдерінің оқыту әдістерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану және авторлық үлгілерді қолдану мүмкіндігі берілген. Отандық әдіскер ғалымдар жасақтаған «Модульдік оқыту технологиясы» (М.Жанпейісова), «Деңгейлік тапсырмалар» (Ж.Қараев) пән сабақтарына арналған «Сатылай кешенді талдау» (Н.Оразақынова) т.б технологиялары мұғалімдердің қызығушылығын арттырып, оқу үрдістеріне кеңінен енгізілуде. Оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру-мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты. Деңгейлеп оқыту технологиялары баланың жеке мүмкіндігіне бағытталған. Л.Выготский, В.Давыдов, Д.Эльконин, тағы басқа ғалымдар осыны түбегейлі зерттеп, оқыту мен даму арасындағы тығыз байланысты анықтаған. Ж.Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» технологиясы оқушылардың жеке қабілеті мен мүмкіндіктеріне, қызығушылығына, психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім деңгейіне жетуіне жетелейді.

Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу-ұстаздың қолында. Жаңа бағдарлама мұғалімдерге қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады. Олар:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық.

XIX ғасыр төріндегі Ұлы Дала елін сақтау мен қорғау, тіл арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды меңгеру, жас ұрпақты өркениетке

жеткізу жолдарын зерделеу «Білім беру ісіндегі 4К моделімен» тығыз бірлікте жүзеге асады.

Білім беру жүйесіне байланысты дара тұлға қалыптастырудың 4К моделі мынадай басты мәселелерді қамтиды: сыни ойтаным, креативтілік, коммуникативтік, бірлестік пен үйлесім.

Сыни ойтаным – дара тұлғаның кез келген мәселеге байланысты өз пікір-көзқарасының болуы, өмірде ұшырасатын түрлі жағдайларды бағалай біліп, өзінің дара жолын дұрыс тауып, жетістікке жетуі.

Креативтілік – дара тұлғаның өз бетімен ойлау дағдысын қалыптастыра отырып, өмірде өз шешімін білімімен, білігімен дәлелдей алуы. Креативтілік әр түрлі жағдаятқа байланысты адамның шығармашылық қабілетін дамытуды көздейді.

Коммуникативтік – қоғамдық-әлеуметтік ортада белгілі бір өмірлік жағдаяттарға сай адамдардың немесе дара тұлғаның бір-бірімен тез тіл табысуы, пікірлесуі, олардың тілдесім мәдениеті, әсерлі сөйлеу дағдылары.

Үйлесімді бірлестік – ортақ мақсат барысында дара тұлға мен адамдардың табысқа жетудің жолын дұрыс таңдап, бір-бірімен түсіністік, сыйластық арқылы түпкі нәтижеге, жетістікке жетуі.

Білім беру ісіндегі 4К моделінің қай талабы болсын мемлекеттік тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметімен, тілдің коммуникативтік негізімен байланысты екенін аңғаруға болады. Тілдің коммуникативтік негізі тіл мен сөйлеудің ерекшеліктерін, сөйлесім үдерісінің сипатын, тіл мен ойлаудың байланысын, лингвистикалық бірліктердің сөйлеу процесіндегі орнын, сараптап – талдау арқылы ашылады.

Ғалымдардың пікірі мен ойын тоғыстыратын мәселе: тіл – қор болса, қарым-қатынас (коммуникация) – сол қорды пайдалану үдерісі, ал, сөйлеу мәдениеті – осы үдерісті жүзеге асырудың қағидалары болып шығады. Атақты ойшыл-ғалым, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының адамзат жаратылысындағы ерекше сыры мен жұмбағы мол құбылыс – тіл табиғатын, оның адам мен адамның, ұлт пен ұлттың түсінісуіндегі әлеуметтік сипаты мен қоғамдық қызметін жоғары қоюы тілдік қарым-қатынас үдерісінің маңыздылығын дәйектей түседі.

Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру- сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу.

Заманауи мектептердің мақсаты-жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зертеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады. Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді.

Сонымен, жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты -білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді

қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады.

«Қазақ әдебиеті» пәнін жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде оқытудың мақсаты – оқушылардың бойында гуманистік, адамгершілік-эстетикалық, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу; ұлттық әдеби туындылармен қатар әлем әдебиеті туындыларымен таныстыру; көркем шығарманы тануда қажетті біліммен қаруландыра отырып, шығарманы мазмұн мен түр бірлігінде көркемдік тұтастық пен көркемдік бейнені талдау, жинақтай білу, шығарма идеясын, жазушы ұстанымын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасы білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін және шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу мәселесін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады.

«Қазақ әдебиеті» оқу бағдарламасының басты бағыты – білім алушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, тілдік-эстетикалық талғамдарының дамуына, коммуникативтік құзыреттіліктерінің жетілдірілуіне іргетас қалап, өмірлік дағдыларын шыңдауына, өздігінен білім алуларына мүмкіндік туғызу. Білім алушыларды ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге, қазіргі заманғы әдебиетті бағалай білуге үйретеді. Бағдарламада әдеби-теориялық ұғымдар, талдауға, бағалау мен салыстыруға негізделген адамзаттың мәңгілік сұрақтары, қазіргі заманғы дилеммалар, мәселелер қарастырылған[3. 426].

Оқу бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру, білім алушыларға жанрларды меңгерту. Аталмыш мақсатқа жету үшін білім алушылар:

1) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

2) қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, жеңістерін, мәселелерін, қарама-қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

3) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

4) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.

5) тіл мен мәдениет арасындағы байланысты түсінеді; қазақ тілін ана тілі ретінде меңгеру арқылы оқушылар алған білімін әлемдік мәдениетпен ұштастыра алады, адамгершілік құндылықтарды айқындайды, оған анализ жасау және бағалау дағдыларын қалыптастыра отырып, кез келген жағдайдан шыға білу дағдыларына ие болады;

6) поэзиялық, прозалық, драмалық шығармаларды, сондай-ақ ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын (газет-журналдар т.б.) сын тұрғысынан

оқи отырып, өз түсініктерін дамытады; оқу арқылы танымдық дағдыларын арттыра отырып, білім әлеміне жол ашады; Қазақ әдебиеті білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім ұрпақ тәрбиелейді.

Қорытындылай келе, «Қазақ әдебиеті» пәні тіл пәндерімен, тарих, жаратылыстану, бейнелеу өнері, музыка пәндерімен тығыз байланыста үйлесім тапқан. Әдебиет сабақтарында өздігінен білімді игеруі үшін оқушының белсенді іс-әрекеттері ұйымдастырылады. Өздерінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Жаңа білім мазмұны мұғалімді де, оқушыны да оқу әрекетіне белсенді қатысуға, өз пікірін айтуға, өзінің сөйлеген сөзіне дәлел келтіруге, кейіпкерлер арқылы өмірлік ситуацияларды шешу жолдарын ізденуге, ең бастысы жаңаша ойлайтын тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі білім нарығы теориялық білімді емес, оқушылардың құзіреттілігін, олардың дара тұлғалық сапасын талап етіп отыр. Осы уақытқа дейін оқушыға білім беру кезінде теорияны ғана меңгертсек, қазіргі кезде әлемдік білім беру саласында бәсекеге қабілетті адамды дайындау үшін адамның құзыреттілігіне негізделген нәтижеге бағытталған оқытуды көздеп отырмыз. Бүгінгі таңда педагогика ғылымындағы ең өзекті және өткір мәселелердің бірі – білім беру мен оқытудың сапасын арттыру. Осы тұрғыда жалпы білім беру және кәсіптік бағдар беру мектептеріндегі реформаның негізгі аспектілері бойынша оқушылардың білімі мен басқару жүйесінің құжаттамасын бағалау осы мәселеге үлкен мән береді.

Осы тұста ғалым А.Байтұрсыновтың құнды пікіріне назар аударсақ. «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолын қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай оқу үшін, керек білімін кешікпей кезіндеалып отыру үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру», - дейді ғалым [3,436]. Ғалым оқыту мен үй жұмысының маңызды белгілері нақты анықтаған және ескерткен. Сондықтан ол білім берудің әлеуметтік маңыздылығына ерекше назар аударады: «Әуелі біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген келелі ойды айтады [3,436].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. МАН, Бірінші озық деңгей, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.-230 бет.
2. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 104 б.
3. «Жаңартылған бағдарлама: жаңа көзқарас, жаңа мүмкіндік» республикалық онлайн конференция материалдары. Талдықорған, 2021. - 205 б.

**МЕКТЕПТЕГІ ТІРІ ТАБИҒАТ БҰРЫШЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ
КӘСІПКЕРЛІККЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

ЗАМИШЕВА А¹- МАГИСТРАНТ,

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ ТУЛЕУБАЕВ Ж.С.¹-А.Ш.Ғ.Д., ПРОФЕССОР

¹М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік Университеті. ТАРАЗ Қ.,

ҚАЗАҚСТАН

ZAMISHEVA@LIST.RU

Мектептерде тірі табиғат бұрышын ұйымдастыру бойынша жұмыс өте маңызды және өзекті болып табылады. Тірі нысандармен үнемі қарым-қатынас жасау, олармен бақылаулар мен тәжірибелер жүргізу, сондай-ақ жануарларды күту және өсімдіктерді өсіру бойынша жүйелі жұмыстарды орындау оқушылардың жауапкершілігін арттырады, табиғатқа деген сүйіспеншілікті оятады. Мектептегі тірі бұрыш оқушыларға табиғатпен, қоршаған ортамен қарым-қатынастың жаңа мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі.

Мұғалімдер сабақтарда бастауыш мектеп жасындағы балалардың ой-өрісін кеңейтеді, дүниетанымның негізін қалайды, экологиялық түсініктерді қалыптастырады, олар болашақта қоршаған орта және табиғатқа ұқыпты қарау туралы тұрақты жүйелі білім қалыптастыруы керек, бұл білім алушыларға жаратылыстану-ғылыми бағыттағы олимпиадаларға, ғылыми жобаларға қатысуға мүмкіндік береді, қосымша және кәсіптік білім беруді таңдауда өзін-өзі анықтауға көмектеседі.

Ежелгі заманнан бері тотықұстар біздің еліміз үшін сирек кездесетін және жабайы құстар болып табылады. Қазір бұл көңілді құстарды кез-келген үйде асырауға болады. Көптеген балалар сәнді құстарға қызығып ата-анасына сатып алдыртады, бірақ бір аптадан кейін қызығушылығы басылады, ал әке-шешесінің құсқа қарауға жұмыстан қолы тимейді. Мұндай әурешілік болмас үшін әуелі алушыны құс өсіру туралы курста оқыту керек, яғни толқынды тотықұстарды үйде өсіру негіздерін білу үшін, оқушыларға қажетті дайындықты алдын ала жүргізу керек. Өзі оқып, үйренгені дұрыс, содан кейін құс сататын зоодүкеннен ұнатқан құсын да, оны ұстайтын торын да таңдап алады.

Тотықұс иелері көбінесе үй жануарларын торды орнатудан бірнеше апта бұрын ұя салуға дайындайды. Құстарды қажетсіз мазаламаған дұрыс, олар тыныштықты жақсы көреді. Бөлмеде күндізгі жарық - 14-тен 16 сағатқа дейін. 15 °С-тан төмен емес белгілі бір температуралық жағдайларды сақтау керек. Қызып кету эмбриондар үшін қауіпті, сондықтан бөлме температурасын үнемі бақылап отыру керек. Ішетін ыдысты, қоректендіргішті, торды аздап ағартатын ерітіндісі бар ыстық суға салып, қажет нәрсенің бәрін дезинфекциялық құралдармен сүртіп, ақырын шайыу керек. Бөлмелер әдетте балалар сабынымен жуылады. Содан кейін пеште жарты сағат бойы 110-120 °С температурада кептіріліп, кальциленеді. Тағы бір нұсқа қабырғалар жылығанша газ оттығында кальцилеу. Бұл үй жасалған материалға байланысты.[1-3]

Тотықұстарды өсіру. Толқынды тотықұстар өзінің қарапайымдылығымен, көңілді дыбыстарымен жарқын, ерекше сыртқы көрінісімен және сөйлеу қабілетімен өте танымал. Үйде тотықұстарды өсіру-бұл адамның тікелей араласуын қажет ететін

өте күрделі, бірақ қызықты процесс. Кейбір құстың сайрау-сайрамауы баптаушыға байланысты. Құстар қарны тоқ, көңілі жәйланса ғана сайрайды. Қарны аш, жағдайы болмаса сайрай бермейді. Бұлардың ішінде канарейкалар – сирек сайрайтын тотықұс түрі. Өте жылдам қозғалады. Адамның көңіл-күйін сезеді. Канар аралдарынан шыққан, тіктұмсықтыға жататын құсты кейде сары шымшық деп те жатады.

Тотықұс– ілмектұмсықтыға жатады. Ал корелла құсының негізгі табиғи түсі – сұр, гибридтелген түсі – сары-сұрланған, яғни, мутацияға ұшыраған. Ала амадин, амадин гульда өте нәзік әрі сезімтал құстардың бірі. Балапандарын тастап кететіндері де болады, ондай балапандарды қолмен тамақтандырау керек. Құстарда да диета деген болады. Бейуақыт тамақ берсе семіріп кетеді, ол да ауыр тиеді. Қыста далада шөп-шалам жоқ болғандықтан дәріханадан түймедақ, қалақай, қайың, т.б. ұнтақталған дайын шөп түрлерін, фитошайларды сатып алып контейнерге салып беруге болады. [1-4]

Сонымен қатар өздерінің арнайы жемдері де болады, соған қосымша әр үш күн сайын күріш, қарақұмық, тарыны шикі пісіріп, оған шекер, алма, сәбіз араластырып беруге, ал сәбізді күн сайын үккіштен өткізіп беруге болады. Құстардың бір нашар жері, уақытылы тамағын бермесең, ішіндегі әлсізін талап жеп қояды, соған сақ болу керек. Әрбір құс сайрап тұруы үшін қарны тоқ болуы керек. Одан соң аптасына 2-3 рет ұшырып тұру керек. Ал бос кеңістікке жіберу үшін кішкентайынан ас-суын беріп үйрету қажет. Сонда міндетті түрде ұшқан ұясына қайта оралады.

Балапандар есейген кезде, ұрғашы құс жаңа ұрпақты қалайды, сондықтан жас жануарларды аяусыз шымшып тістейді. Сондықтан, бұл жағдайда ең жақсы әдіс жас тотықұстарды басқа жерге орналастыру керек, сонда ұрғашы құс шағылысуға тыныш кіріседі. Содан кейін оған демалуға рұқсат беріп, торды алып тастау қажет. Есіңізде болсын, жас жануарлардың жаңа ұрпағын алар кезде көп жем кетеді. Сондықтан қажетсіз қиындықтарды болдырмау үшін жемді алдын ала және артық мөлшерде сатып алу керек. Тотықұстарды өсірудің өзі бірнеше кезеңге бөлінеді: дайындық, көбею және сату. [4-7]

Көбею шарттары Үй жағдайында тотықұстарды сәтті көбейтудің екі негізгі шарты бар: біріншіден, олар тіршілік ететін тордың мөлшері. Дайын үлгіні сатып алу оңайырақ. Әр қалада үй жануарлары дүкендерінде көптеген әдемі нұсқалары бар. Ұя неғұрлым үлкен кең болса, онда оның тұрғындарына соғұрлым ыңғайлы, жағымды болады. Кішкентай тар ұяларда құстар өте сирек көбейеді. Тордың өлшемі ең кемінде ұзындығы 60 см, ені 40 см болуы керек. Құс ұстайтын тор көбінесе Қытайдан келеді, келмей қалса қолдан істелгені онша жарамайды. Сәндік құс болғандықтан, мыстан жасалған торды алу керек. Ал жәй темір тор тот басып кетеді, ол құстың асқазанына түссе, құсыңыздан айырылып қаласыз.

Екіншіден, күндізгі жарықтың жеткілікті ұзақтығы әсер етеді. Бұл жағдайлардың кез-келген, тіпті шамалы өзгеруі құстардың өміріне қатты әсер етеді. Күн сәулесі құстың физикалық денсаулығына пайдалы әсер етеді. Бұл процеске барлық дерлік мүшелер мен жүйелер, соның ішінде гормондардың өндірілуіне жауап беретін эндокриндік жүйелер қатысады. [7]

Құстардың ішкі секреция бездерінің үлкен қатары көз аймағында орналасқан және олар өз функцияларын тек күндізгі уақытта орындай алады: қыста шамамен 12 сағат, жазда 10 сағат. Жарықтың қажетті мөлшерін сақтамаудың салдары: өсудің

баяулауы, рахит ауруы, жұмыртқа салуды тоқтату немесе азайту, өзін-өзі тістеп шымшу, метаболизмнің бұзылуы болуы мүмкін Сондай-ақ, ультракүлгін сәуле үй жануарларының тамақтануы мен көбеюіне қатты әсер етеді. Тұқымға байланысты ультракүлгін сәуле құстың жынысын анықтау үшін қажет болады. Мәселен, мысалы, аталығының маңдайындағы тәж қауырсыны ультракүлгін сәулелердің әсерінен флуоресцентті қасиетке ие. Бұл керемет жаратылыстар ультракүлгін сәулелерді өте жарқын күн сәулесінен де ажырата алады. [8]

Тотықұстар жыл бойы көбейе алады, оларды өсіру үшін жылдың ең жақсы уақыты-жаз және күздің басы: осы кезеңде құстарға жылу мен жарық жеткілікті; жазда олар көптеген дәрумендер мен қоректік заттарды алады және жүктілік, жұмыртқа инкубациясы және балапандарды тамақтандыру кезінде барлық жүктемелерге оңай шыдай алады. Жақсы ұрпақты күздің аяғында және қыста алуға болады, бірақ бұл көп қиындық тудырады. Біріншіден, электр жарығымен 16 сағаттық күндізгі жарықты қамтамасыз ету қажет. Екіншіден, торды ұстайтын бөлмедегі температура шамамен 20 °C болуы керек. Үшіншіден, ағаштың алдын-ала дайындалған тірі жас бұтақтарын (тау күлі, қайың, Линден және т.б.) торға орналастыру керек. [1,4,6-8]

Тотықұстар сәтті көбейе бастауы үшін оларды бұған жақсы дайындау керек. Жұптасудан 2-3 апта бұрын олар көп ұшулары керек. Егер құстар еркін ұшатын үлкен тор болмаса, оларды күн сайын 2-3 сағатқа бөлмеге жіберу керек. Тордың есіктері осы уақытта ашық болуы керек, сондықтан құстар тамақтанғысы келсе, торға өздері қайта ұшып бара алады. Егер тотықұстар көп ұшса, олардың метаболизмі жоғарылайды, тәбеті жақсарады, бұлшықеттері күшейеді. Бұл болашақта жұмыртқалардың ұрықтануына және ұрпақтардың толықтығына жағымды әсер етеді.

Құстарға серіктес жұпты қалай таңдауға болады, олар адамдар сияқты, ғашық болуы мүмкін, сондықтан бір-біріне немқұрайлы қарайтын құстардан ұрпақ күтуге болмайды. Сондықтан үйде тотықұстарды өсірудің маңызды шарттарының бірі-өзара қарым-қатынасқа сәйкес келетін жұптарды табу. Аталықтары сау және физикалық жағынан жақсы жетілген болуы керек: семіз емес, таза, жылтыр қауырсындары бар, қисайған рахит аяқтары жоқ, жылтыр балауыздары және тұмсығы болуы керек. Тек сау және белсенді құстарды жұптастыру ұсынылады. Ауру, әлсіз немесе тым кәрі тотықұстар сапасыз немесе тіпті ұрықтанбайтын жұмыртқаларды салуы мүмкін. []

Ешбір жағдайда бір-бірімен тығыз туыстық байланысты құстарды жұптастыруға болмайды. Тотықұстарды өсірмес бұрын, сатып алынған құстардың туыстық дәрежесін біліп алу керек. Аталық пен аналық арасындағы қан байланысы жас жануарлардың денсаулығын едәуір нашарлатуы мүмкін. Құстарды әртүрлі өсірушілерден сатып алу дұрыс болады. Қиындықты болдырмау үшін балапандарды 4 айға дейін сатып алмаған дұрыс. Құстардың жасы да өте маңызды. Жас тотықұстар 8-10 айлығында көбеюге қабілетті, бірақ туылған балапандар жас ата-аналардан бір жасар балаларына қарағанда әлсіз болады. Сондықтан құстардың мұндай ерте жұптасуын құптау мүмкін емес, өйткені бұл құстың ағзасына зиянды. Әдетте, тиісті күтімдегі тотықұстар көбею қабілетін 10-12 жасқа дейін, кейде оданда егде жаста сақтайды. Тотықұстарды көбейту үшін ең қолайлы жас-2 жастан 9 жасқа дейін. Бұл құстар 2-5 жаста ең көп ұрпақ береді.

Жұп құру үшін бірдей жастағы тотықұстарды алудың қажеті жоқ. Олардың

жастарының бес жылдық айырмашылығы болуы мүмкін. Ең бастысы, құстардың достасуы. Егер тотықұстар жұпта көп уақыт өмір сүрсе, соғұрлым жақсы. Кейде ұрғашылар өте агрессивті және еркектермен дос болғысы келмейді. Бұл жағдайда көбінесе көбею мүмкін болмайды. Егер сіздің құсыңызда, бұрын балапандары болса, онда сіз ересек жұпты сатып ала аласыз. Егер сіздің құсыңызда ешқашан балапан болмаған болса, онда жас жұпты таңдаған дұрыс.

Үйді орнатқаннан кейін және жұпты таңдағаннан кейін көбейту кезеңі басталады, ұяға ағаш үгінділерін төсеу керек, оны әр қалада бар қарапайым үй жануарлары дүкендерінен сатып алуға болады. Сондай-ақ кейбір ағаш шеберханасынан сұрап алуға болады. Үйді жабдықтаған кезде, ұрғашы тотықұс оған ұшып, келіп тексереді. Тотықұстарға үй сәйкес келсе, олар бір-біріне барлық жағынан қамқорлық жасай бастайды. Кейінірек ұрғашысы ағаш үгіндісі төселген ұяның түбіне көбінесе салмағы шамамен 2г болатын 5-6 жұмыртқадан салады. Ұрғашысы жұмыртқаны инкубацияласа, еркегі оған үнемі тамақ әкеледі, ұяны қорғайды. Бұл әдетте 8, плюс немесе минус 2 күнді алады. Осы кезеңде ерлі-зайыптыларды қажетсіз алаңдатпаған дұрыс, 16-19 күннен кейін балапандар баяу жұмыртқаны жарып шыға бастайды, мұны нәзік шиқылы арқылы бақылауға болады.

Балапандар екі күндік жиілікпен пайда болады. Шамамен 40 күннен кейін балапандар тордан шыға бастайды. Ата-аналар оларды әлі де тамақтандырады, бірақ сондада оларға үйдің түбіне қосымша тамақ қойып кету керек. Қайбір құс болмасын өкпек желде қалмауын қадағалау керек. Терезенің алдына қоюға болмайды. Күн сәулесі көп түссе де зиян. Күндізгі сағат 10 мен 11-дің арасында күнге шығарып, тордың жартысы көлеңкеде, жартысы күнде тұрса жеткілікті.

Тырнағы мен тұмсығын да егеп отыру керек, егер өсіп кетсе, құстың мазасы қашады. Бұлардың да үстін кене, бит басып кететін кездер болады. Ондайда марганцовка қосып шомылдыру қажет. [8]

Балапандарға қалай күтім жасау керек. Жұмыртқаларды басуы инкубация басталғаннан кейін шамамен 2,5–3 аптадан кейін аяқталады. Жұмыртқаны жарып тесіп шыққандар алдымен кішкентай құрттарға ұқсайды, бірақ уақыт өте келе олар қауырсын ала бастайды және ата-аналарына ұқсайды. Балапандар соқыр, дәрменсіз, пропорционалды емес басы үлкен, аяқтары ұзын және мойны бар болып туылады. Олар 7 күннен кейін ғана көре бастайды.

Тіршіліктің екінші аптасының соңында балапандарда толық жабын пайда болады және құйрық пен қанаттарда қауырсындар пайда бола бастайды. Егер мамық сұр болса, онда құс әдеттегі түспен, ал ақ болса, ашық түсті болады. Әрбір күн сайын жаңа қауырсындар көбейіп балапандар шамамен 20 күннен кейін ересек құсқа ұқсайды. 20 күндік цикл аяқталғаннан кейін кейбір жұмыртқалар ұя салатын жерде қалуы мүмкін. Егер бұл орын алса, онда олар ұрықтанбаған, бұл жағдайда бос жұмыртқадан құтылу керек. Сонымен қатар, ұрықтандыруға сенімді болу үшін балапандардың шығу мерзімі келгенше күту керек. Кейбір себептерге байланысты аналықтар балаларын тамақтандыра алмайды. Ол жағдайда балапандарды жасанды тамақтандыру керек.

Бизнес ретінде тотықұстарды өсіру. Бұл кәсіпті 3-5 жұп тотықұс пайда болғаннан кейін бастауға болады, тек 1 жұп сізге жылына 3-4 ұрпақ бере алады. Жас тотықұсты орта есеппен 3000-5000 тенгеге сатуға болатындықтан, оларды өсіру арзан

әрі тиімді бизнес болып табылады. Бұл құстар тез көбейіп, үйде 15 жылға дейін өмір сүреді.

Көлеміне байланысты тотықұстарды үйде қауіпсіз орналастыруға және сәтті өсіруге болады. Кейбір тотықұс тұқымдарын сирек кездесетініне байланысты өте қымбатқа сатып үлкен табыс табуға болады. Бірақ эксклюзивті түрлерден басқа, адамдар арасында жақсы сұранысқа ие қарапайым тотықұстарды алуға болады. Шағын бизнесті бастау үшін үлкен бөлменің қажеті жоқ, тотықұстарды және олар үшін жабдықты тікелей сатып алуыңыз керек (мамандандырылған тор, қоректендіргіш және жақсы тамақтану). Егер қаржы өте аз болса, онда сіз 3-5 жұп құстардан бастай аласыз.

Сатып алу кезінде тотықұс неғұрлым жас болса, соғұрлым тезірек сөйлеуді үйренетінін ескеру қажет. Негізі тотықұстарды сөйлетіп үйрету үшін кішкентайынан бір өзін бөлек асырау керек, содан зеріккенінен адамша сөйлеп кетеді. Ал қасында басқа құстар болса, өзінің тотықұс екенін біліп қояды да, біздің тілімізде сөйлеуі екіталай болады.[1-8]

Кез-келген бизнес сияқты, тотықұстарды өсіру де тәуекелділікке ие. Бір немесе бірнеше тотықұстарды сатып алмас бұрын, ветеринармен және орнитологпен кеңесіп, олардың пікірлері мен ұсыныстарын ескеру қажет. Барлық құстар сау болуы, сонымен қатар вакцинациялануы керек. Егер вакцинация болмаса, дәрігерді үйге шақыру арқылы өзіңіз жасауға болады. Вакцинация: құс тұмауы; тері шешегі; Ньюкасл ауруы; дифтериялық шешекке қарсы жасалуы керек.

Тотықұстарды өсіру тиімді ме? Тотықұстарды өсіру бойынша үй бизнесі-бұл жануарларға және жалпы табиғатқа ұмтылатын кәсіпкерлер үшін қызықты идея. Мұндай адамдар жақсы пайдадан басқа, сүйікті ісінен ләззат ала алады. Қаласаңыз, тотықұстарды сөйлеуге үйретіп, оларды әлдеқайда қымбат сатуға болады. Сондай-ақ, тотықұстарды өсіру өзекті, өйткені олар үй жануарлары санатына жатады және оларға сату нарығы, мысалы, ауылшаруашылық малына қарағанда әлдеқайда көп.

Мысықтар мен иттерден айырмашылығы, тотықұстар әлдеқайда аз орын алады және барлық ұрпақтардың адамдарына ләззат әкеледі. Тағы бір айта кетерлігі, оларға серуендеу және қатаң ұстау шарттары қажет емес. Бұл бизнестің, шын мәнінде, кез-келген адам сияқты, оң және теріс жақтары бар.

Артықшылықтары: өзектілігі мен қажеттілігі. Көптеген адамдар қауырсынды дос тапқысы келеді. Негізінен қарапайым тұқымды тотықұстарға сұраныс бар, бірақ әдемі тотықұс үшін мыңдаған ақша салуға дайын адамдар да бар.

Кемшіліктері: көп уақытты қажет етеді. Құстардың дұрыс күйде болуы үшін оларға үнемі назар аудару керек. Торларды уақытында тазалау, құстарды тамақтандыру, үйрету және үйлерден шығару қажет. Көп шу болады. Бір бөлмелі пәтерде адамдар мен тотықұстардың бірге өмір сүруі өте қиын болады. Бұл құстарға ұшу және әлеуметтік өзара әрекеттесу үшін орын қажет. Құстардан ақша табуға тұрарлық деген қорытындыға келуге болады. Бірнеше кемшіліктер бар, бірақ артықшылықтар екі есе көп!

Қорытынды: 1. Сонымен үйде тотықұсты өсіру бизнесін ұйымдастыру әбден мүмкін. Бұл бизнестің кемшіліктері де, тәуекелдері де бар, бірақ бұл одан ақша табуға кері әсер етпейді. Үйде құстарды өсіру көп күш жұмсауды қажет етпейді, бірақ тиісті

дайындық, тұрақтылық және сәттіліктің белгілі бір факторы қажет.

2.Егер шынымен тотықұстарды өсіруден бизнесті бастағыңыз келсе, міндетті түрде ұсынылған ережелер мен кеңестерді пайдалансаңыз көптеген қателіктерден аулақ бола аласыз және сіздің құс нарығындағы жолыңыз әлдеқайда ыңғайлы және болжамды болады.

Әдебиеттер.

1. Вегер З. Разведение волнистых попугайчиков: Пер. с чешск./ Под. Ред. Е.В. Малаханова. – М.: Лесн. Пром-сть, 1987. – 175с., ил.,
2. Гусев В. Г. Живой уголок. М., «Лесная пром-сть», 1977, с. 176 с ил.
3. Золотова Е. И. Знакомим дошкольников с миром животных: Из опыта работы/ Под ред. Н.Ф. Виноградовой. – М.: Просвещение, 1982. – 96 с., ил.
4. Харчук Ю. И Разведение и содержание волнистых попугайчиков. Издат.: Феникс, М., 2009 г. 205с
- 5.Рахманов А.И.Попугай-неразлучники. Содержание. Уход. Разведение. Профиактика заболеваний . М.Изд: Аквариум: 2011г.,112с.
6. Рахманов А.И. Попугай-Домашняя птица. Содержание и разведение. на приусадебном участке и в городских условиях. М. Изд: Аквариум-Принт: 2012г., 256 с. с.
- 7.Пинтер Г.Попугай и попугайчики. Виды. Содержание. Разведение. Лечение заболеваний : Аквариум, 2010, 160с.
8. Остапенко В. Попугай: биология, содержание, разведение. Учебно-методическое пособие. Изд. ЗооВетКнига. 2016г., 212 с

ӘӨЖ 378

МЕКТЕПТЕГІ ТІРІ ТАБИҒАТ БҰРЫШЫНДА ТАСБАҚАНЫ ӨСІРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ «БИОЛОГИЯ» ПӘНІНЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Замишева А¹- магистрант,

Ғылыми жетекші-Тулеубаев Ж.С.¹-а.ш.ғ.д., профессор

¹М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. Тараз қ., Қазақстан Республикасы

Биологияны оқыту барысында мектепте тірі бұрышты ұйымдастыру білім беру контекстінде маңызды және өзекті болып табылады. Бұл бағыт оқушыларды оқытуға және олардың биология мен қоршаған ортаға деген қызығушылығын қалыптастыруға айтарлықтай әсер етеді. Қажетті оқу материалдарымен ғана емес, сонымен қатар тірі организмдермен де жабдықталған оқу кабинеті оқушыларға практикалық білім алуға, тірі заттармен тікелей қарым-қатынас жасау арқылы білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді.

Оқушыларды табиғатпен таныстыру, оған деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу мектеп табиғат бұрышына орналастырылған бөлме өсімдіктері мен кейбір жануарлар көмектеседі

Тірі табиғат бұрышының негізгі міндеті - оқушыларды қоршаған ортаға

ұқыпты қарауға тәрбиелеу, табиғи нысандармен жұмыс істеу дағдыларын пысықтау және оларды бақылау. Тірі табиғат бұрышының бұл функциялары біздің қазіргі қоғамымызда ерекше өзекті болып отыр, себебі адамдар арасында табиғатқа өзіндік "немқұрайлы" көзқарас пайда болуда. Бұл тірі бұрышта оқушылар жануарлар түрлерімен тәжірибе жасап, оларды бақылай алады. Ұзақ мерзімді бақылаулар оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі өркениетке тән көптеген жағымсыз факторлар қалалардағы адамдардың инстинктивті түрде тірі табиғатпен тікелей байланыс іздеуіне әкелді. Гүл өсіру, сәндік құстарды, балықтарды және басқада жануарларды ұстау-бұл адамның табиғатқа жақындауының нәтижесі. Адамдар табиғат оның нысандарымен үнемі байланыста болмай өмір сүре алмайды. Табиғатпен байланыс адамға оң әсер етеді, оны мейірімді, жұмсақ етеді, ондағы жақсы сезімдерді оятады.

Оқушыларды тәрбиелеудегі табиғаттың рөлі ерекше. Мектепте сабақтарда мұғалімдер оқушыларға флора мен фаунаға деген мейірімділік пен қамқорлық, сүйіспеншілік туралы айтып түсіндіреді. Бірақ жүз рет естігеннен гөрі бір рет көрген жақсы екені бұрыннан белгілі. Егер оқушылар өздері тірі бұрыштағы жануарларға қамқорлық жасап, тамақтандырып, торларды тазалап, олармен серуендесе, үй жануарыңыздың қалай өсіп жатқанын бақыласа, ол жануарлар оқушылармен кездесуге әрдайым қуанышты болады.

Оқушылар өз тәжірибесінде жануарлардың ойлана, зеріге, қуана алатындығына көз жеткізсе, оларға зиян тигізгеннен гөрі олармен дос болудың жақсы екендігін және басқада жануарлардың бар екенін және оларды құрметтеу керек екенін түсінеді. Бұл қасиеттердің көрінісі олардың еңбегі үшін ең жоғары марапат болып саналады.

Жұмыстың мақсаты: Мектептің тірі бұрышын жаңа жануарлармен толықтыру арқылы кеңейту.

Міндеттері:

- оқушылардың жануарлар мен бөлме өсімдіктері туралы білімдерін кеңейту, оларға күтім жасаудың практикалық дағдыларын дамыту, табиғат туралы экологиялық сауаттылықтарын дамыту.

- оқушылардың байқампаздығы мен зейіндерін, қызығушылықтарын, сөйлеу мәдениетін дамыту, іздену-зерттеу дағдыларын қалыптастыру;

Жұмыстың практикалық маңыздылығы: Зерттеу жұмысы барысында оқушылар көптеген жаңа білім алады, ой-өрісін кеңейтеді, практикалық іс-әрекет дағдыларын дамытады, еңбекқорлық, үнемділік, үй жануарларына қамқорлық сияқты құнды қасиеттерді тәрбиелейді, шығармашылық қабілеттерін дамытады, жалпы рухани-адамгершілік және экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастырады.

Мектеп кабинетінде пайдалы бөлме өсімдіктері мен жануарларды өсіріп бағу— бұл оқушылардың экологиялық тәрбиесінің негіздерін қалыптастыру, оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша жұмысты ұйымдастырудың ең тиімді, теориялық қана емес, сонымен қатар практикалық түрі болып табылады. Зерттеу жұмысын жүзеге асыру барысында шешілетін мәселе жаңа емес, бірақ өзекті және маңызды.

Күтілетін нәтижелер және олардың тиімділігін анықтау тәсілдері бойынша оқушылар білулері керек:

- "Тірі табиғат бұрышының" өкілдерін оларды сыртқы белгілері бойынша анықтай алу, оларды туыстық түрлердің әртүрлілігімен байланыстыра білу;
- тірі табиғат нысандарының тіршілік әрекетінің ерекшеліктерін білу;
- "тірі табиғат бұрышының" әртүрлі өкілдеріндегі аталықтары мен аналықтарының мінез-құлқының айрықша ерекшеліктерін білу;

Жасай алу :

- Үй жануарларына дұрыс күтім жасау;
- қарапайым тәжірибелерді жүргізу, талдау және қорытынды жасау;
- табиғаттағы мінез-құлықтарына барабар баға беру.

Тірі бұрышта әртүрлі бөлме өсімдіктері және жануарлар орналастырылған. Зоологиялық бөлімінде орналастырылған тасбақаны зерттеу барысында, оқушылар оның биологиялық ерекшеліктері туралы мәліметтерді кітапханаға барып, интернеттен ізденіп, жануарларды күту ережелері туралы білімдерін қалыптастырады.

Құрлық тасбақалары үйде ұстауға арналған ең қолжетімді түрлердің бірі болып саналады, өйткені олар өміршеңдігі мен тіршілік ету ортасының қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Олар жаңа жерге оңай бейімделеді, күтімі аса күрделі жағдайларды қажет етпейді, үй жағдайында өсіру үшін қолайлы шағын өлшемдерге ие және сонымен бірге салыстырмалы түрде арзан. Барлық осы артықшылықтар осы түрдің өкілдері көбінесе осындай экзотикалық үй жануарлары ретінде таңдалатындығына ықпал етеді. Сондықтан Биология пәніне қызыққан оқушылардың көпшілігі тасбақаны өз үйлерінде өсіруге машықтанады.

Құрлық тасбақалары температураның күрт өсуіне және жел өтіне өте сезімтал. Бастапқыда тасбақаны кең қорапқа салған дұрыс, содан кейін оны өмір сүруге қолайлы жерге көшіру керек. Құрлық тасбақалары көлемі кең 60-100л көлденең төмен орналасқан террариумда немесе сусыз үлкен аквариумда өздерін жақсы сезінеді, оның ені жануардың өлшемінен 3 есе артық болуы керек. Осының бәріне сәйкес келетін кең террариум-құрлықтағы тасбақаның тіршілігі үшін қолайлы болып есептеледі. Сонымен қатар жануар адамдардың тітіркендіргіш назарынан әрқашан жасырынып демалуға болатын террариумның ішіне шағын үйшік орнату керек. Бұл үшін тесігі бар ағаш қорап қолайлы болуы мүмкін. [1-2]

Бұрыштың зоологиялық бөлімінде қиын күтімді қажет етпейтін майда жанауарлар болғаны дұрыс. Тірі нысандарды алып келмес бұрын оларды ұстайтын орын (аквариумдер, террариумдер, торлар) және қоректерін дайындап алу керек. Террариумдарда жорғалаушылар мен қос мекенділерді ұстау тиімді. Оны жабдықтағанда сонда ұсталатын жануардың мекен ету ортасын ескеру қажет. Қосымша жылу қажет болса оны электр лампымен көмегімен беріп, ылғалдылықты арнайы пластик ыдысқа ылғал құм салу арқылы қамтамасыз етуге болады. [3-4]

Жалпы биологиядағы бақылаулар мен тәжірибелер үшін жануарлардың әртүрлі түрлері: дрозифила шыбындары мен тропикалық балықтардың әртүрлі

нәсілдерін ұстау ұсынылады, өйткені олармен тәжірибе әр мектепке қол жетімді Тірі бұрыштағы жануарларды түрлері, кластары, тіршілік ету ортасы бойынша топтастырып, оларды тиісті өсімдіктермен біріктірген дұрыс.

Тірі табиғат бұрышында әрбір өсімдік пен жануарда міндетті түрде атауы мен реттік нөмірі бар жапсырмамен, сондай-ақ қысқаша сипаттамасы бар төлқұжатпен қамтамасыз етіледі. Жапсырмалар ақ фанерадан немесе шыныдан жасалған құтыларға бекітіледі.

Террариумға арналған топырақты таңдау. Тасбақа өмір сүретін террариумның түбіне, қалыңдығы 3-10 см топырақ төсеп, хош иістендірілмеген ағаш үгінділерді қолдануға болады, бірақ олардың кемшілігі-олар тез ластанады. Сондықтан тасбақа қоректенуге болатын пішен шөпті топырақ бетіне төсеніш ретінде пайдалануға болады, бұл жануардың денсаулығына қауіпті емес. Пішенді тасбақаның басының өлшемінен үлкенірек жалпақ тастар мен қиыршық тастарды қосумен бірге қолданған дұрыс. Жер тасбақасы өмір сүретін террариум үшін топырақтың жарамсыз нұсқалары – тас, құм және мысық қоқысы. Мұндай топырақтағы қоқысты тасбақа жұтып қоюы мүмкін, бұл әртүрлі ас қорыту мәселелеріне әкеледі және жануарды емдеу оңай емес. [1-4]

Табиғи ортада құрлық тасбақасы жылы климатта өмір сүреді, сондықтан ол үшін жеткілікті жылуды (+20+35°C) қамтамасыз ету керек. Жас тасбақаларға қыста ультракүлгін сәулеленуі, ал жазда бұл жануарларға жиі күн ванналары қажет. Қыста ультракүлгін сәуле беретін шам күн сайын, жанып тұруы керек, жазда аптасына бір рет жанып тұруы жеткілікті болады, ал кәдімгі жарық шамы күніне кемінде 12 сағат үнемі жанып тұруы керек. Тасбақаның қалыпты дамуы үшін жеткілікті жарықтың болуы қажет.[5-6]

Құрлық тасбақасына күтім жасау өте қиын емес. Аптасына бір рет оны бассейнге жылы (+30°C дейін) сумен шомылдыру керек, судың деңгейі тасбақа бойының жартысынан аспауы керек. Шомылу кезінде суға бір шай қасық сода қосу тасбақаның денесі үшін пайдалы. Қатты өскен тырнақтар қозғалу кезінде тасбақаға кедергі келтіруі мүмкін, сондықтан оларды маникюрлік егеу арқылы егеп қысқартқан дұрыс.

Террариум ластанған кезде оны үнемі тазалап отыру маңызды. Күн сайын ішетін ыдыстағы суды ауыстырып, табақты тағамнан тазарту керек. Жазда құрлық тасбақаларын шөпті көгалдарда серуендетуге болады, ең бастысы-жылу (+20°C бастап) кем болмауы қажет.[7]

Үйдегі тасбақаларды тамақтандыру. Үйдегі тасбақалар әртүрлі көкөністер мен жемістерді, шөптер мен бақбақтарды жақсы жейді және мұндай өнімдер осы жануарлардың диетасына тұрақты түрде енуі керек. Сондай-ақ оларға жауын құрттар мен ұлуларды қабықсыз беруге болады, ал жазда құлпынай, бақбақ, таңқурай және шөппен бағуға болады. Тасбақаларға арналған барлық тағамдарды алдын ала ұсақтап турап, мезгіл-мезгіл тағамға кальций қоспалары мен дәрумендерді қосып үлкен, таяз табакпен беру керек. [1-7]

Тасбақаларға арналған тамақтану режимі мен мәзірі олардың жасына байланысты белгіленеді. Жас тасбақаларды күн сайын, ал ересектерді күнара мол тамақтандыру керек, соның ішінде аптасына бір рет олардың мәзірінде

тартылған ет (фарш) берілуі керек. Қандай тағамды сүйсініп жейтіндігі анықталды. Кесте-2)

Кесте-2.Тасбақаға берілген тағамдар

№	Ұсынылған Жем	Ұнады	Ұнамады
1	Алма	+	
2	Сәбіз		- - -
3	Қырыққабат	+++	
4	Жапырақ салаты	+++++	
5	Қызылша		- -
6	Банан	++	

Қорытынды: сүйікті тағам-қырыққабат пен жапырақты салат.

Құрлық тасбақасы: күту туралы не білу керек? Құрлық тасбақалары жыл сайын ұйықтауы керек деген пікір әрқашан әділ бола бермейді. Үйде бұл тіпті дұрыс емес. Мәселе мынада, жануарды қысқы ұйқыға дайындап, мұндай тыныштықтың дұрыстығын тек маман ғана қамтамасыз ете алады, әйтпесе тасбақа мәңгілікке ұйықтап қалуы мүмкін. Егер тасбақа террариумның бұрышында ұзақ уақыт тұрса және соңында жерге көмілуге тырысса, онда ол ұйықтауға дайындалып жатқан болуы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін жануарды жақсылап тойындырып, ұйқыдан тірі және сау болып шығуы үшін, тасбақаларды күту туралы мамандандырылған әдебиеттермен мұқият танысу керек.

Үй жағдайында тасбақалар жақсы күтіммен және дұрыс тамақтанумен 15-30 жылға дейін өмір сүре алады. Бұл жануарды үйге әкелу арқылы оқушылар оның өмірі үшін жауапкершілікті өз мойнына алады және қанша жыл қуантатындығы, тасбақаға қалай күтім жасайтыныңызға байланысты болады.

Зерттелген материал мен тірі бұрыштағы жұмыс барысында оқушылар арасында әлеуметтанулық сауалнама жүргізілді: яғни 112 адамнан 1-9 сынып оқушыларынан сұхбат алынды (Кесте-2)

Кесте- 2. Оқушыларынан алынған сұхбат нәтижесі

№	Сұрақ	ИА	ЖОҚ	%
1	Сіз жануарларды жақсы көресіз бе ?	109	3	97,3
2	Сіз тірі бұрышқа жиі барасыз ба?	107	5	95,5
3	Сізге мектептің тірі бұрышы ұнай ма?	112	0	100
4	Сіз тірі бұрыштың барлық тұрғындарын білесіз бе ?	108	4	96,4

5	Тірі бұрышта жаңа үй жануарларын көргіңіз келе ме?	112	0	100
6	Орташа мәні	109,9	2,4	97,84

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Кез-келген мектепте тірі табиғат мүйісінің болуы оқушылардың мәдениетіне, әсемдік дамуларына және оқу - тәрбие үрдісінің міндеттерін шешуде ықпалы зор. Оқушылар бұл жерде бағдарламаға сәйкес бақылаулар жүргізіп, тірі нысандармен тәжірибе жасайды, жануарлар мен өсімдіктерді ұзақ бақылау зерттеушілік біліктіліктің дамуына ықпал етеді.

2. Биология кабинеті мен оқу - тәжірибе алаңын ұйымдастырған тәрізді тірі табиғат мүйісін жасауда да оқушылардың ат салысып, белсене араласқаны жөн. Жануарлар мен өсімдіктердің орналастырылуы және оларды ұстау биологиялық, санитарлық - гигиеналық ережелерге сай болуы тиіс. Тірі нысандармен жұмыс істеу барысында оқушылардың еңбек мәдениеті, біліктілігі мен дағдылары қалыптасып, табиғатқа деген аяушылық және қамқорлық сезімдері оянып көзқарастарына әсер етеді.

3. Оқушыларды тірі табиғатқа жақындату үшін мектепте тірі табиғат бұрыштарын жасау қажет және оқушылардың кейбір экзотикалық жануарларды өз жеке үйлерінде қарап бағуға міндетті түрде мұғалімдер тарапынан ғылыми ұсыныстар мен қолдаулары болуы керек. Бұл оқушыларға табиғатпен, қоршаған ортамен қарым-қатынастың жаңа мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.

1. Чегодаев А.Е Сухопутные черепахи. Содержание. Разведение. Кормление. Лечение заболеваний. Изд.: М.: ООО «Аквариум - Принт», М., 2012, 128с.
2. Чегодаев А.Е. Аквариумные и террариумные черепахи. Обзор видов. Содержание. Разведение .Москва, Аквариум-Принт, 2012, 208 с.,
3. Гусев В. Г. Живой уголок. М., «Лесная пром-сть», 1977, с. 176 с ил.
4. Золотова Е. И. Знакомим дошкольников с миром животных: Из опыта работы/ Под ред. Н.Ф. Виноградовой. – М.: Просвещение, 1982. – 96 с., ил.
5. Сосновский И.П., Корнеева В.И. Уголок природы в школе: Кн. Для учителя. – М.: Просвещение, 1986. – 112с., ил.
6. Марковская М.М. Уголок природы в детском саду: Кн. Для воспитателя дет.сада. 2-е изд., дораб. М.: Просвещение, 1989. – 144 с.:
7. Кочетов С.М. Современный аквариум - техника и принадлежности М.: Вече, 2007. – 59 с.: ил. — (Животные в вашем доме).

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Әзімхан Бауыржан

ЛӘ-23-2 тобының 1 курс студенті,

Ғылыми жетекшісі – Азаматтық Авиация Академиясының

профессоры, ф.ғ.к., Г.Х. Тулекова

Азаматтық Авиация Академиясы, Алматы қ, Қазақстан

Gulnaz.tulekova@mail.ru

Мақалада қазақ тілінің латын әліпбиіне көшу мәселелері сөз болады. Латын әліпбиінің біздің отанымыздың әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды роль атқаратыны нақты мысалдар арқылы берілген. Латын әліпбиіне көшу – жаһандану дәуіріндегі рухани жаңғырудың алғашқы да маңызды сатысы екендігі айқындалған.

Тірек сөздер: *латын әліпбиі, ұлт, ұлт тарихы, ғылым, қазақ тілі, жазу.*


Тіл- әр халықтың рухани, мәдени өсуін, ғылымы мен білімінің, барлық саладағы даму деңгейін көрсететін маңызы зор әлеуметтік-мәдени құбылыс. Жазу арқылы өткен мен бүгінгі және болашақ өміріміз жалғастық табады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Бүгінгі күнгі бұқаралық ақпарат құралдары мен зиялы қауым өкілдері арасында кеңінен талқыланып жатқан мәселелердің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру үрдісі. Себебі жазу – белгілі бір әріптердің жиынтығы ғана емес, ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі, сол ұлттың тарихы, мәдениетінің таңбаланған жәдігері. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан болатын. Ол – ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін алтын көпір. Ал, жазудың өзгертілуі сол халықтың қоғамдық өмірінің барлық саласына, рухани әлемі мен мәдени деңгейіне, тіпті, әлеуметтік психологиясына әсер етеді. [1,5-6.]. Бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлемнің 70% елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда. Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білідерді. Демек, латын әліпбиінің біздің отанымыздың әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды роль атқаратыны сөзсіз. Түркі тектес халықтар тілінде латын әліпбиі 1926 жылдан бастап қолданылады. Латын әліпбиін алғаш қолданысқа енгізгендердің бірі – Түркия мемлекеті. Біздің елде ХХ ғасырдың 20-жылдары қазақ зиялылары латын әліпбиіне көшу мәселесін көтерді. [1,8-6.]. Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»

атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. [4]. Біздің қазіргі кирилл әліпбиіндегі қазақ тіліміз - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі. Қазақ тіл білімінің, әліпбиінің негізін салған бірегей ғалым А.Байтұрсынұлы: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білу керектігі одан да артық», - деген болатын. Бұл – ХХ ғасырдың басындағы қоғамдағы коммуникациялық үрдістерді зерделеуден туған ой болатын. Қазір адамзат баласы ХХІ ғасырға аяқ басып отыр. Жазудың маңызы бұрынғыдан бірнеше есе өскен заман. Сондықтан, әлемдегі елдердің басым бөлігі, соның ішінде туыстас түркі халықтары қолданатын латын әліпбиіне көшу – жаһандану дәуіріндегі рухани жаңғырудың алғашқы да маңызды сатысы болмақ. [1,8-б.], [3,23-б.].

Латын әліпбиіне көшкенімізбен оны қолдану мерзімі ұзақ болмағаны тарихтан белгілі. Бұл – кешегі кеңестік идеологияның салдары еді. Түркітестес ұлттардың түбі бір түркі екенін, тамырын тереңге жайған түбегейлі тарихы мен мәдениеті бар елдер екенін ұмыттыру үшін жасалған сұрқия саясаттың айла-шарғысы болатын. Ал рухани жаңғыру дәуірінде құлдық санадан арылып, бұрынғы құндылықтарымызды қайта қалпына келтірудің қажеттілігі өз-өзінен түсінікті жайт [2]. Тілші ғалымдар латын әліпбиіне көшудің тиімді жақтарын жан-жақты дәлелдеп берген болатын. Қазіргі уақытта латын әліпбиіне көшуде қандай мәселелер бар? Латын әліпбиіне байланысты бұқаралық ақпарат құралдарында әртүрлі пікірлер айтылып жүргені белгілі. Осыған байланысты латын әліпбиіне қатысты бірнеше сұрақтан тұратын сауалнама дайындадық. Ол сауалнамаға 20 студент қатысты. Енді сол сауалнама бойынша ойымызды өрбітейік. Бірінші диаграмма бойынша «латын әліпбиіне көшуді қолдайсыз ба?» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 45 пайызы қолдаймын десе, 55 пайызы қолдамаймын,- деп жауап берген. Аталған сұрақ бойынша латын әліпбиіне көшуді қолдамайтындардың әлі де бар екеніне көз жеткізуге болады

1. Латын әліпбиіне көшуді қолдайсыз ба?


20 ответов



1-диаграмма. «Google forum survey» сайты

2. Латын әліпбиінде жаза аласыз ба?

20 ответов




2-диаграмма. «Google forum survey» сайты

Екінші диаграмма бойынша «латын әліпбиінде жаза аламын» дегендер 70 пайызды, «латын әліпбиінде жаза алмаймын» дегендер 15 пайызды, «латын әліпбиінде жазу қиын» дегендер де 15 пайызды құрайтынын көруге болады. Аталған диаграммадан латын әліпбиін қолдайтындардың пайызы жоғары екенін анық байқаймыз.

3. Латын әліпбиінде жазуды үйренгіңіз келе ме?

20 ответов




3-диаграмма. «Google forum survey» сайты

Үшінші диаграмма бойынша латын әліпбиінде жазуды үйренгісі келетіндердің пайызы 50, жоғары екенін мақтанышпен айтуға болады.

4. Қазіргі кезде латын әліпбиінде жазылып жүрген әртүрлі мәтін түрлеріне көңіліңіз тола ма?

20 ответов



4-диаграмма. «Google forum survey» сайты

Төртінші диаграмма бойынша сауалнамаға қатысушылардың 50 пайызы «латын әліпбиінде жазылып жүрген мәтін түрлерінің көбіне қате жазылатынын» баса айтады. 30 пайызы қатесіз жазылады деген пікірмен келіседі. 15 пайызы латын әліпбиінде жазу дұрыс емес деген пікірді алға тартады.

20 :отвeтoв



Бесінші диаграммада берілген «бұқаралық ақпарат құралдарынан латын әліпбиіне байланысты мақалаларды оқисыз ба?» деген сұраққа «оқимын» және «оқымаймын» деген жауаптың өзара тең 45 пайыз екенін көруге болады. Берілген сауалнама жауаптары көрсеткендей, тұтастай алғанда, латын әліпбиіне көшуіміз – дұрыс таңдау. Бүгінгі жастар латын әліпбиіндегі қазақ жазуын тез меңгеріп алады. Мектепте ағылшын тілі оқытылатындықтан, олар латын әліпбиін тез қабылдайтыны сөзсіз. Жаңа латын әліпбиі қолдануға өте ыңғайлы, әлемдік жаңа технологияларға бейімделген, қазақ тілінің, сондай-ақ Қазақстанда тұрып жатқан басқа да сан ұлттың тілдік жағдайларын да қамтитын әліпби екендігі анық. Олай болса, латын әліпбиіне көшу – мемлекеттік тіл – қазақ тілінің өсіп-өркендеуіне зор көмегін тигізері сөзсіз.

1. www.vkgu.kz/ сайты (Мақала - Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, **Б.Б.Келгембаева, ББО директоры**)
2. Www.egemen.kz сайты.
3. nur.kz сайты
4. history.kz сайты
5. «Google forum survey» сайты

ΘΟЖ 37.013.8

amangalieva.ayazhan@mail.ru

Бұл мақалада биология пәнінде қазақ этнопедагогикасы элементтерін пайдалану жолдары, әдіс-тәсілдері туралы жазылған. Биология пәнін этнопедагогика негізінде оқыту оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырады. Биология сабағында және сыныптан тыс жұмыстарда қазақ этнопедагогикасын тиімді пайдалану оқушылардың білімін, біліктілік дағдыларын қалыптастыруға алған білімдерін тереңдетіп кеңейте түсуге, қызығушылығын арттыруға, сонымен қатар, олардың халықтық салт-дәстүр туралы білімін молайтып, жеке тұлғалық қасиеттерін дұрыс қалыптастыруға ықпал етеді. Осыған орай, біз бұл мақалада қазақ этнопедагогика элементтерін қолданып биологияны оқытудың бірнеше әдіс-тәсілдерін қарастырылған.

Түйін сөздер: этнопедагогика, қазақ этнопедагогикасы, салт-дәстүр, биология, тәрбие, оқыту.

Кіріспе: «Атадан ұл туса игі, ата жолын құса игі» деген нақыл сөздің астары біраз нәрсені баяндамақ. Дана халқымыз тарихи және мәдени мұраларын өскелең ұрпақтарына сеніп тапсырған. Ағартушылық құндылықтар құнды мұраның өзіне жатады.

Этнопедагогика жалпы педагогиканың бір саласы. Қазіргі таңда қазақ этнопедагогикасының құндылықтары мен жетістіктері мол. Этнопедагогиканың қай саласы да тіршілік пен дүниені тануға, оның қалыптасу жолына үңілуге және қоршаған орта мен әлеуметтің байланысын түсінуге бағытталған.

Қазіргі таңда халқымыздың педагогикасының озық дәстүрлерін өскелең ұрпақ тәрбиесінде негізгі құрал ретінде қолдануымызға болады. Ол үшін педагогика ғылымы негізгі ақпараттарды тірек ете отырып оның мазмұнын жан-жақты зерттеп, зерделеуі қажет. Ұлттық тәрбиенің қайнар көзіне, қазақ халық педагогикасы мен дәстүрлеріне қайта оралу заманның жай ғана талабы емес, бұл - қоғамдық өмір талабынан туындап отырған қажеттілік, өйткені болашақ ұрпақ ұлттық мәдениетті, әлеуметтік тұрмыстың дәстүрлерін жетік білу арқылы оның рухани бастауына терең бойлайды, туған елінің алдындағы өз борыштарын сезініп, ұлтының өзіндік ерекшелігін аялап, сақтауға үйренеді, ана тілінің қасиетін меңгеруге талпынады.

Материалдар мен негізгі әдістер: Қазақ этнопедагогика ғылымында ұлттық тәрбиенің өркендеуіне зор үлес қосып жүрген абыз-ағаларымыздың еңбектері мен қосқан үлестерін ескере отырып, теориялық талдау жасалды. Интернет ресурстарын пайдаланып халқымыздың балалар фольклорына, салт-дәстүріне, өнеріне, ұлттық ойынына, ұлттық өлке табиғатына зерттеу жүргізе отырып, алынған нәтижелер өңделді.

Нәтижелер және талқылау: Қазіргі кезде ағарту саласында білім беру жүйесінің ұлттық үлгісін жасау жөнінде бастамалар қаралуда. Демек, қазақ этнопедагогиканың ағартушылық тәжірибесі үлгі болмақ. Оқушыларды қай жаста болмасын қазақ салт-дәстүрмен, ұлттық құндылықтармен, туған өлке табиғатымен, ұлттық ойындармен, ата-бабаларымыздың ілімімен таныстыру маңызды. Күнделікті сабақта пәнаралық байланысты қолданып, ұлттық құндылықтарды күнделікті тұрмыспен, жаратылыспен, қоршаған ортамен байланыстыру арқылы функционалды сауаттылықты да арттыруға болады. Осы орайда этнопедагогика білім берудің алдына мынадай міндеттерді қоя алады: қазақ этнопедагогикалық элементтерді тиімді әдістер ретінде білім беру, тәрбиелеу жұмыстарын жетілдіру; халық педагогикасы

элементтерін үйлесімді биология пәнінде қолдану; оқушыларда ұлттық көзқарас пен дүниетанымды қалыптастыру.

Этнопедагогика бес бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімі «Қазақ балалар фольклоры» бойынша оқушылар биология пәніндегі үрдістермен құбылыстарға байланысты сергіту сәті үшін ойындар, өтірік өлеңдер, санамақтар, қырық мысал, мақал-мәтелдер, проблемалық ахуал немесе сұрақ қою үшін жаңылтпаштар, жағдаяттарға сай балалар айтысын, эволюция бойынша ертегілер мен қырық өтірік құрастыруға болады.

Жұмбақтар арқылы тірі табиғатта жүретін түрлі үрдістерді жасыруға болады. Және оқушылардың таным-түсініктерін қалыптастырады. Жұмбақтарды сабаққа кіріспе кезеңінде жиі қойылып жатады. Биология 8 сыныптағы «Омыртқалылар жүрегі мен қантамырлары құрылысы мен қызметі» тақырыбы бойынша мынадай проблемалық сұрақ қоюға болады: «Күні, түні тапжылмай, соғады кеуде тұсында» (жүрек).

Мақал-мәтелдер – ұзақ замандар бойы қазақ халқының іс-тәжірибесінен түйінделген басты құндылық. Қазақи ағартушылық мұра, өкелең ұрпаққа қалған өсиет.

Мақал-мәтелдерді оқу-тәрбие процесінде жиі қолданып жатады. Ал биология пәнінде денсаулық, дене мүшелеріне, табиғат, азық-түлік, асқа қатысты мақал-мәтелдерді қолдануға болады.

Жаңылтпаштарды есте сақтауға қиындық тудыратын терминдерді, жиі оқушылар шатастыратын процестерді жаттауға, қайталауға арналған жаттығу ретінде қолданылады. Мысалы, 7 сыныптағы «Зат тасымал» бөліміндегі тақырыптардың бірінде оқушылар ксилема мен флоэманың тасымалдайтын өнімі мен қызметін шатастырып жатады. Осы жағдайда жаңылтпаш қолдануға болады.

Фото, фотон, фотосинтез,

Пластидтегі синтез

Жинақталған глюкоза,

Флоэмалық транспорт дейміз.

Осы жаңылтпашта оқушыларға фотосинтез арқылы түзілген глюкоза флоэма арқылы тасымалданады деген түсінік беріліп тұр.

Пікір таласатын тақырыптар үшін биология пәнінде айтыс қолдануға болады. Теорияға жүгінетін, түрлі көзқарастар аясында қалыптасқан тақырыптар аясында пайдаланған қызықты. Мысалы, «Тіршілік қалай пайда болды?» немесе «Адамды кім жаратты?» деген сұрақтарда оқушылар әртүрлі көзқараста жауап қайтарады.

Қазақ ертегілері арқылы қазақ халқының әдет-ғұрыптары және тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктері көрініс береді. Ертегілер арқылы оқушылар ерекше, көркем образдарды, мазмұнды хикаяларды, фантазиялық іс-әрекеттерді көре отырып, үрдістерге сипаттама бере алатын болады. Пәнаралық байланыс арқылы 7-8 сынып оқушыларында сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерді дамытуға болады.

Ертегіге негізделген тапсырма:

Сен «Шалқан» ертегісін білесің. Атасы шалқан егеді. Сонда өте үлкен шалқан өсіп шығады. Өнімді жинап алатын кезде ертегі кейіпкерлеріне шалқанды жерден жұлып алу қиын болады. Себебі неде деп ойлайсың? (Сурет 1)



Сурет 1. «Шалқан» ертегісі

Этнопедагогиканың екінші «Салт-дәстүр» бөлімі бойынша тіршіліктегі немесе ағзадағы үрдістерді, салауатты өмір ережелерін салт-дәстүрмен байланыстыру арқылы оқушыларда ұлттық сананы қалыптастыруға болады. Мәселен, сәбиді дүние әкелген ананы «қалжалаудың», сәбиді бесікке салудың, шақалақты тымақпен ораудың, баланы қырық күн барлық ырымын жасап күтудің, ашымайға (атқа) 5 жасынан мінгізудің тәрбиелік мағынасынан бөлек ағза үшін маңызы мен ерекшелігін түсіндіру маңызды. Ал әлеуметтік дәстүрлер бойынша «Қан тазалығы, 7 атадан қыз алыспау» секілді ғұрыптар мен салт-ырымдар ұлттық генофонд пен генеология үшін маңызды. Әрі ғылыми тұрғыдан зерттеліп, ұлт арасында өзектілікке ие.

Этнопедагогиканың үшінші бөлімі «Өнер» бойынша қолөнер, саз өнері салаларының тіршілікке қатысы бар десек артық емес. Себебі, қолөнерде қолданылатын оюлар (қошқар мүйіз, жануарлар іздері), сызу элементтері табиғаттан алынады. Қолөнерде қолданылатын «Оймақты» мысал қылып алуға болады. Осының төңірегінде мынадай функционалды тапсырманы ұсынылады (Сурет 1):

«Оймақ»

Немерелерімен әңгіме-сұхбат құрып отырған әжей көздің жауын алатын әдемі көрпе тігіп отырады. Сол кезде Аяның көзі әжесі саусағына киіп отырған оймаққа түседі. Ая:

- «Әже, саусағыңыздағы не?», - дейді. Әжесі сұрақ қоюға жалықпайтын немересіне күлімсіреп қарап:

- «Бұл оймақ. Ол менің саусағымды иненің шаңшуынан қорғайды», - деді әжесі.

Сұрақ: - Өсімдік тамырында тамыр оймақшасы деген құрылым бар. Өсімдік жағдайында оймақша қандай рөл атқаруы мүмкін?



Сурет 1. Оймақ әңгімесі

Сонымен қатар, Өнер бөлімі бойынша биология сабағында тақырыпқа сай «5 жол өлең» жиі қолданылады.

1 жол – тек 1 сөзбен беріледі: зат есім

2 жол – тақырыпты екі сөзбен сипаттау: сын есім

3 жол - тақырыпқа қатысты үш қимыл атауын жазу: 3 етістік

4 жол – 4 сөзден тұратын сөйлем

5 жол – тақырыппен мәндес бір сөз. Синоним

Этнопедагогиканың төртінші бөлім «Ұлттық ойындар» бойынша ерекше элементтерін сабақ барысында көрсету маңызды. Себебі ойындар арқылы халқымыздың салт-дәстүрі, шаруашылығы, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі бейне табады.

Ақыл-ойға арналған ойындарға «Жаңылма», «Ұшты-ұшты», «Жұмбақ есептер» мен «Жұмбақ тапсырмалар» жатады.

Ұлттық ойындардың көпшілігі табиғи денелерді қолдану арқылы да ойнатылады. Оларға асық, тас, сүйек, т.б қолданылады. Мысалы, «Бес тас», «Бас асық», «Асық ату». Сонымен қатар, биология сабағында хайуанаттар дүниесін жасыру, дыбыстау, сөз табу ойындарын ойнатуға болады.

Этнопедагогиканың бесінші бөлімі «Ұлттық өлке табиғаты» бойынша көптеген тапсырмалар беруге болады. Оқушыларды туған өлкенің ерекшелігімен байланыстыра отырып, тіршілікпен байланысын айқындауға болады. Себебі, тірі ағзада болатын процестердің барлығы сыртқы орта өзгерістеріне байланыс және соған қатысты биологиялық ырғақтылық, биорежим туындайды. Сол арқылы ауа-райын табиғат тылсымын анықтайды. Мәселен, төрт түлік жануарлар мен құстар іс-әрекеті, қимылдарына қарап ауа-райын болжайды. Биология сабағында этнопедагогикалық элементтерді қолдану - жас ұрпақ үшін алға бастайтын жарқын баспалдақтардың бірі болатыны айқын. Оқушыларды жеке тұлға етіп тәрбиелеу үшін оларға өз халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, рухани құндылықтарымен сусындата отырып, жан-жақты білім беру керек.

Қорытынды:

Зерттеу жұмыстары нәтижесінің арқасында этнопедагогиканың ежелгі кезеңнен бері қолданыста екендігі белгілі болып отыр. Дегенмен жалпы білім беретін мектептерде биология пәнін оқыту барысында этнопедагогиканың негізгі элементтерін қолдану жұмыстары аз. Сондықтан жүргізіліп отырған зерттеу жұмысы өзекті деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ұзақбаева С. (2013) Қазақ халық педагогикасы. Алматы: «Глобус» 80 б.
2. Теремов А.В. (2018) Методология исследовательской деятельности в образовании. Москва: МПГУ. С.56 .
3. Li, Z., Qiu, Z. (2018) How does family background affect children's educational achievement? Evidence from Contemporary China. Journal of Chinese Sociology, 5, P. 13-34. <https://doi.org/10.1186/s40711-018-0083-8>
4. Қожахметова К.Ж (2012) Этнопедагогика. Алматы: «Қарасай» 198 б

5. Айджанова З.Ж(2010) Этнопедагогика.Ақтау:Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті-37 бет
6. Митина Е.Г., Крыштоп В.А. (2020) Методическая подготовка студентов-биологов: конструирование содержания биологического образования. Мурманск: МАГУ. С. 1-3
7. Чобот Ж.П., Гладкая И.Н., Дубовец О.А., Шарапова И.А. (2018) Методика преподавания биологии: курс лекций. Витебск: ВГУ имени П.М. Машерова. С. 13-17
8. Ғаббасов С. (1995) Халық педагогикасының негіздері. Алматы, 12-16 б.

ӨОЖ 37.013.8

ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Темирханова С.Ж., Аманғалиева А.А.

Ғылыми жетекші: Қуанбай Ж.І

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

sarsenbayeva2003@mail.ru
amangalieva.ayazhan@mail.ru

Мақалада этнопедагогикалық элементтердің білім беру жүйесінде зерттелу тарихы жайында жан – жақты жазылған. Ұлттық педагогиканың баланы дамытудағы рөлі айқындалып, оны оқу барысында қолдануды құптаған ғалымдар тізбегі көрсетілген. Оның ішінде шетелдік және қазақ ғалымдарының еңбектері мен тұжырымдамалары бар. Олардың еңбектерінен үзінділер келтіріліп, этнопедагогика тарихы жөнінде мәліметтер беріледі. Қазақ халқына тән қасиеттерді педагогикалық іліммен байланыстыру барысында зерттеу жүргізудің маңызы дәріптеліп, оның тарихи кезеңдеріне шолу жасау ғылыми мақалада кеңінен жүргізілген. Қазіргі білім беру жүйесінде этнопедагогиканы кіріктіре оқытудың маңызы айқындалып, оны сәтті байланыстыра білудің маңызы айтылады. Ұлттық педагогиканың құрамдас бөлігіне енетін ең басты артықшылықтар тілге тиек етіліп, оны өскелең ұрпақ бойына сіңіру барысында қол жеткізетін артықшылықтар талқыланады.

Түйін сөздер: этнопедагогика, педагогика, халықтық, бала тәрбиесі, тарих, ұлттық.

Кіріспе

Этнопедагогиканың – білім беру барысында алар орыны ерекше. Оның зерттелу тарихы мен дамуы кезеңдерін басшылыққа алар болсақ, қаншама құнды мәліметтермен танысамыз. Адамзат баласы ілім – білімді қашан да күнделікті тұрмыс – тіршілікпен байланыстырып, тарихты көмкеруді көздегенін ескере отыра, ұлттық педагогиканың да асыл діңгегі тереңде екенін айқын аңғарамыз.

Қазақтың халық педагогикасының мұраларын жалпы талдап қарағанда, оларда оқыту мен тәрбиелеу мәселелері туралы, отбасы, отбасылық дәстүрлер, ата – аналар мен балалар, достық пен махаббат туралы, Отан және оның байлықтарын арттыру

жөніндегі аса ауқымды ақпарат бар екені, оны қазіргі жағдайдағы тәрбие тәжірибесінде кеңінен қолдануға әбден лайық екені байқалады. Халықтық педагогиканың артықшылығы мынада, ол «өз үйінде» өзі қожайын бола отырып, жас ұрпақты тәрбиелеуге ерте бастан тікелей, күн сайын ықпал етіп қана қоймай, халық даналығы мен қоғам арасындағы дәнекер, байланыстырушы буын қызметін де атқарады. Адамзат барлық тарихи дәуірлерде тәрбие объектісі әрі субъектісі болған, бола да бермек. Ғасырлар бойы жинақталған тәрбие тәжірибесі іс жүзінде сыннан өткен эмпириялық біліммен ұштаса отырып, халықтық педагогиканың өзегін құрайды. Тұрмыс – тіршілік ережелері және тәрбие тәсілдері – адам өмірінде кездесетін алғашқы заңдар, олар отбасында пайда болады. Қазақ халқының көптеген әдет – ғұрпы, дәстүрлері шын мәнінде біздің елімізде тәрбиенің жазылмаған заңдары, отбасының моральдық кодексі іспетті болған, өйткені жас ұрпақты тәрбиелеудің сан ғасырлық тәжірибесі сүзгіден өтіп, осылардың бойына жинақталған. Кез келген ата – ана, мұғалім, тәрбиеші және тәрбие беру ісіне қандай да бір қатысы бар жандардың бәрі әлдебір тәрбиелік жағдаяттарда баға жетпес халық даналығын пайдалана алады әрі пайдалануы тиіс.[1, 4 б.]

Материалдар мен негізгі әдістер

Зерттеу барысында отандық және шетел ғалымдарының еңбектері, сонымен қатар ғалымдардың қосқан үлестері пайдаланылды. Этно-педагогикалық элементтердің зерттелу тарихы туралы мәліметтерді қамтитын басылымдарға шолу жасалып, әртүрлі ғалымдар сипаттаған зерттеу жұмыстарына талдау жасалды.

Нәтижелер мен талқылау

Этнопедагогиканы жан – жақты зерттеу барысы барлық елдің ғалымдарын толғандырып, ғылыми зерттеу жүргізуге негіз болды. Мәселен, Я.А.Коменский балаларды ана тілінде оқытудың маңыздылығын баса айтып, «ана мектебінде» саналы түрдегі мектепке дейінгі тәрбиенің және халық өміріне байланысты біліммен қаруландырудың, еңбек етуге даярлаудың, балаларға мейірімділік танытудың, олардың жасы мен жеке бас ерекшеліктерін ескерудің қажет екенін көрсетті.[2, 65 б.]

Ұлы педагог – гуманист тәрбиенің халықтық дәстүрлерін, педагогикалық құбылыстарды ұғынып, оларды өзінің педагогикалық жүйесіне қосып алып қана қойған жоқ, тәрбиенің мәні, тәрбие мекемелері, оқулықтар, мектепке дейінгі тәрбие, жалпы білім беретін мектеп ұғымдарына жаңа мазмұны беріп, шығармашылықпен дамытты. Я.А.Коменский дүниежүзі педагогтарының ұстазына, рухани әкесіне айналды. Одан ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы жаңа педагогикалық ізденістерге К.Д.Ушинский жол салды. Халықтың дәстүрлі мәдениеті, тарихы, мұқтажы мен тұрмыс деңгейі жас ұрпақты тәрбиелеудің соған сәйкес жүйесін тудырады деген идея К.Д.Ушинскийге тиесілі.

Халықтық педагогика халықтың ұжымдық шығармашылығының құрамдас бөлігі ретінде, халықтың ойы мен арман – мүддесін білдіреді, оның идеяларын, көзқарасын, адам, отбасы, балалар туралы, өскелең ұрпақты тәрбиелеу туралы ұғым – түсініктерін көрсетеді. Адамзат жасаған, ұрпақтан – ұрпаққа берілген әрі біздің заманымызға дейін жеткен ерекше шағын шығармаларда, мәселен мақал – мәтелдер, ертегілер, аңыздар, әндер, сәндік қолданбалы өнер секілді қазақ халқының педагогикалық мәдениетінің баға жетпес байлығы жарқын көрініс тапқан.

Бұл баға жетпес құндылықтарды білім беру жүйесінде балалардың бойына сіңіру қажет деген ұстанымды біздің Отандық зиялы қауым өкілдері де үнемі басшылыққа алып, барынша дәріптеуге тырысты.

Халықтық педагогика мен оның негізгі идеялары мәселелерін қарастыруда белгілі қазақстандық ағартушылар мен қоғам қайраткерлері Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, Ө.Диваевтың, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Х.Досмұхамедовтың және басқалардың көзқарастарының баға жетпес мәні бар. Олардың ғылыми еңбектерінің басым бөлігі халықтық ұстаным идеяларына негізделген.

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» оқу құралында жеке тұлғаны тәрбиелеу мақсатын айқындай келе, әрбір тәрбиешінің ұлттық тәрбиеден хабары болуы тиіс дейді. Халықтың өзіндік ерекшелігі ұлттық мектеп пен ана тілі арқылы сақталады.

А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ж.Аймауытовтың, Х.Досмұхамедовтың көзқарастарын көбінесе ана тілінде оқыту және ана тілін үйрету туралы идеялары біріктіреді.

Бала алғашқы білімді ана тілінде алса ғана, өзінің ана тілін танып білгенде ғана, ұлттық рухты бойға сіңіруге, ұлттық сананы оятуға болады. Мұндай балалар ұлттық мектепті бітіргеннен кейін ұлттық рухтарын жоғалтпайды. Халықтың өзіндік ерекшелігін сақтау, Ж.Аймауытовтың пікірінше, балаларды туған халқының әдет – ғұрыптарымен, салт – дәстүрлерімен, жергілікті көз тартарлық орындармен таныстыру арқылы туған жеріне деген махаббат сезімін қалыптастыруға толыққанды жағдай жасайды. Бұл үшін, ол – 4 – сыныптан бастап тарих, география, әдебиетті кешенді түрде оқытатын «Біздің Отан» атты кіріктірілген курс енгізуді ұсынады.

Х.Досмұхамедовтың мынадай ойлары әлі маңызды: «...Тіл – халықтың жаны. Өз тілін білмейтін халықтың болашағы жоқ... Тілінен айырылған халық – жоғалады... Ана тілінді біле тұрып, өзге тілді де керемет меңгерсең, құба – құп. Ал егер сен туған тілінді білмей, өзге тілде сөйлесең, өкінішті нәрсе. Бұл – асқан қателік. Мұны мұғалімдер мен оқушылар есінен шығармауы тиіс».

Қ.Б.Жарықбаев халықтық педагогиканы тәрбиенің мақсаты мен міндетіне деген үстем көзқарасты білдіретін халық тәрбиесінің эмпириялық педагогикалық білім саласы ретінде қарастырады. [3]

С.Қ.Қалиевтің пікірінше, «халықтық педагогика – бірнеше ғасыр бойы эмпирикалық негізде жалғасып келе жатқан, жас ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық озық салт – дәстүрлердің жиынтығы». [4, 70 б.]

С.А.Ұзақбаеваның анықтамасында, халықтық педагогика халық шығармашылығы түрінде келесі ұрпаққа берілетін, салт – дәстүрлердің қалыптасуына алып баратын табиғи – тарихи үдеріс ретінде ұғынылады. Автордың халықтық педагогикаға байланысты не нәрсеге баса көңіл бөлгенін атап өткен жөн. [5, 81 б.]

К.Ж.Қожахметова «Қазақ этнопедагогикасы: әдіснама, теория, практика» деген монографиясында «этникалық тәрбие – жеке тұлғаның этноәлеуметтік рөлдер жүйесін меңгеруін мақсатты түрде реттеу» [6, 21 б.], - деп жазады.

Бұл жағдайда туысқандық байланыстардан, салт – дәстүрлерден, әдет – ғұрыптардан, әдептілік ережелерінен көрініс табатын халықтық педагогиканың идеялары тәрбиеге «этноәлеуметтік - рөлдік» тұрғыда келуді толық жүзеге асыруға жол ашады.

Тәрбиеге этноәлеуметтік – рөлдік тұрғыда келуді жүзеге асырудағы қазақ эткалық тәрбиесінің кешенді құралы ретінде К.Ж.Қожахметова халықтық педагогика идеяларының төмендегідей бөліктерін атап көрсетеді:

- қазақтың қарым – қатынас формасф ретіндегі ұлттық этикет әуел бастан этноәлеуметтік – рөлдік бағдармен байланысты, сондықтан этноәлеуметтік рөлдерді жақсы меңгерген адам кез – келген ортада өзін жақсы ұстай алады, яғни ол қарым – қатынастық тұрғыда сөйлесу мен жүріс – тұрыс жөнін біледі, яғни этноәлеуметтік рөл – өз алдына мінез – құлық пен қарым – қатынас ережелерінің кешені, осы этноәлеуметтік рөлді меңгерген адамның жазылмаған визит карточкасы;

- әрбір адам – туғаннан бастап этнос мүшесі;
- этнос өкілі ретіндегі әрбір адамның үш туысқандық байланыс саласы болады;

Қорытынды:

Зерттеу нәтижесі этнопедагогика ғылымы қолданыста екенін көрсетіп отыр. Этнопедагогикалық элементтердің зерттелу тарихымен көптеген ғалымдар айналысты,бірақ олардың көпшілігі математика,әдебиет,химия салаларында көптеп қолданылады.Биология білім саласында зерттеу жұмыстары аз.Бұл мақала биологиялық этнопедагогиканы зерттеуге негіз бола алады. Сондықтан жүргізілгелі отырған зерттеу жұмысының өзектілігі жоғары деп ойлаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы / Қалыбекова, Асма ... – Алматы : БАУР, 2011. - 485 б., суретті; - Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл, Баспаға Қазақстан халқы Ассамблеясының Ғылыми-сарапшылық кеңесі ұсынған . – Библиогр.: 469-484 б.

2.Коменский Я.А.Избранные педагогические сочинения: В 2 – х т. //Под ред. А.И.Пискунова; АПН СССР. – М.: Педагогика, 1882. – Т. 1. – С. 565.

Жарикбаев К.Б. Развитие – педагогической мысли в дореволюционном Казахстане: автореф. ...докт.пед.наук. – Киев, 1982. – 511 с.

3.Қалиев С.К. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарих. – Алматы: Рауан, 1998. – 128 б.

4.Узакбаева С.А. Использование материалов казахской этнопедагогики при изучении педагогических дисциплин. 1997. – 81 с.

5.Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с.

6.Өміртаева, Р. Халықтық педагогика идеяларын тәрбие жүйесінде пайдаланудың маңызы [Мәтін] / Р. Өміртаева // Білім берудегі менеджмент. - 1997. - № 3. - 45-50 б.

ӨОЖ 371.3:53

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Набиева Қаракөз Еркенбекқызы

6B01502-Физика мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының студенті

Тұғыры биік тәуелсіз еліміздің болашақ мамандары үшін қазіргі таңда жаратылыстану бағытындағы пәндерге, әсіресе физикапәнінің мектеп қабырғасынан бастап оқытылуына көңіл бөлу өте маңызды болып табылады. Қазақстанда 300-ге жуық мамандық бар десек, соның 80 пайызынан астамы түрлі сала инженерлері, ауылшаруашылық мамандары. Сондықтан бұл пәнді мектеп қабырғасынан терең меңгермеген адамның болашақта нашар маман болатыны еш күман туғызбайды.

Қазіргі таңда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін оята білу олардың болашақта өз ісінің шебері болуына көптеген мүмкіндіктер ашады. Осыған орай қазіргі таңда цифрлық технологиялардың дамыған кезеңінде, берілген мүмкіндіктерді дұрыс пайдалану арқылы оқушылардың физика пәніне деген қызығушылықтарын арттырып, сол пәнді одан әрі жақсы көріп оқуларына жағдай жасауымыз керек.

Жыл сайын Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында білім саласына байланысты өзекті мәселелерді көтеріп, нақты шешімдерді айтады. Осыған орай мамандықтар арасында жаратылыстану пәні өте маңызды екенін, ғылымдарымен тығыз байланысты, оның ішінде физика пәнінің алатын орны ерекше екені баршамызға мәлім. Цифрлық заманда, технологиялардың дамып тұрған мезетінде неге сабақты заман талабына сай қызықты әрі сапалы өтпеске ?

Жаңа технологиялар дамып, кең өріс алуына қарай оқыту процессінде «интерактивті әдістер», «интерактивті оқыту» терминдерін жиі кездестіре аламыз. Интерактивті әдістер – оқушылардың өзара әрекет жасауына жағдай жасайтын әдістердің бірі, ал интерактивті оқытуды өзара әрекет жасауға негізделген құрылғыға оқыту деп түсінуге болады. Интерактивті оқыту әдістері өте тиімді, неге десеніздер? Оқушылар өз өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенулеріне негізделген әдіс. Сол үшін де олар сабақта ынтымақтастық педагогикасының жүзеге асуына, бірігіп әрекет жасауға, сабақта кезінде оқушы ға жайлы да жағымды психологиялық жағдайдың орнауына мүмкіндік береміз.

Физиканы оқыту-бұл ғылыми ойлауды қалыптастырудың және білім алушылардың аналитикалық дағдыларын дамытудың маңызды аспектісі. Алайда, дәрістер мен оқулықтарды оқу сияқты дәстүрлі оқыту әдістері қызығушылықты арттыруда және материалды түсінуді тереңдетуде тиімсіз болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда интерактивті оқыту әдістерін қолдану оңтайлы нәтижелерге қол жеткізудің маңызды құралына айналады. Бұл мақалада біз интерактивті әдістердің физиканы оқытуда неліктен пайдалы екенін және қандай нақты әдістерді қолдануға болатындығын қарастырамыз.

Неліктен физиканы оқытуда интерактивті әдістерді қолдану керек?

Оқушылардың назарын аударту үшін: демонстрациялар, ойындар және интерактивті модельдеу сияқты интерактивті әдістер студенттердің назарын аударуға және зерттелетін материалға қызығушылық тудыруға көмектеседі. Бұл әсіресе заманауи

білім беруде өте маңызды, мұнда әлеуметтік медиа мен ойын-сауықтың басқа түрлерінің оқушылардың назарын аудару үшін бәсекелестік өте жоғары.

Түсіндіруді жақсарту үшін: интерактивті әдістер оқушыларға практикалық мысалдар мен тәжірибелер арқылы физика ұғымдары туралы түсініктерін тереңдетуге көмектеседі. Материалмен өзара әрекеттесу ақпаратты жақсы игеруге және оны іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді.

Сыни ойлауды ынталандыру үшін: интерактивті тапсырмалар мен жаттығулар оқушыларды талдау мен сыни ойлауға ынталандыруы мүмкін. Мәселелерді шешу және басқа оқушылармен бірлесіп немесе пікірталастар арқылы жауап іздеу оқу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру үшін: топтық жобалар немесе пікірталастар сияқты көптеген интерактивті әдістер оқушылардан қарым-қатынас пен пікір алмасуды талап етеді. Бұл тек оқу ортасында ғана емес, болашақ мансапта да маңызды болатын қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Бағдарламалық – ақпараттық жиынтық «интерактивтік тақта» дегеніміз бұл дәстүрлі мектеп тақтасының барлық сапасына ие және төмендегідей кең, ауқымды мүмкіндіктері бар тақта:

- экрандағы берілген проекцияны графикалық түрде түсініктеме берді;
- бір уақыт мезетінде сыныптағы оқушылардың жасаған жұмыстарына сипаттама жүргізіп, тексеруге мүмкіндік берді;
- табиғи әдіспен, яғни ұсынылатын ақпарат ағынын арттыру есебінен сыныптағы оқушылардың оқу жүктемесі артады;
- оқуға жаңа құлшыныстың бастапқы шарттарын даярлайды;
- сұхбатқа, яғни әгімелесуге негізделген оқытуды жүргізеді;
- басқа да әдістерді пайдалану арқылы, қарқынды түрде оқиды.

Физика пәнін оқытудағы интерактивті тақтаның көмегі:

- электронды форматта сақталып тұрған пайдалы мәліметтерді оқушылардың білімдерін қорытындылау сәтінде пайдаланамыз;
- сыныптағы оқушылардың сабақ барысында тапсырған тест жұмыстарының нәтижелерін шығарып, олардың білімдерінің диаграммалық түрінде көре аламыз;
- оқушыларға қызық kahhot, quizizz, wordwall және т.б. сайттары арқылы онлайн форматта, оқыған сабақтарын жетілдіру үшін ойын ойната аламыз;
- оқыған сабаққа байланысты интернет желісінен керекті ақпараттардың қажеттісін жеке папкаға жинақтап қояды;

Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы сабақты жаңа әдіспен түсіндірумен оқушылардың назарын аударуға болады, жалпы физика пәніне қызығушылығын артады. Оқушылар сабақ барысына дайындалуға белсенді түрде қатысады, жоғарыда айтылған әдістер оқу – зерттеу жұмыстарын жасау шығармашылықпен жұмыс жасауға ойлау қабілетін дамытады, тек физика пәнімен қатар, информатика және мультимедиялық білім беру пәндерінде жақсы жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

Оқытудың жаңа әдістерін қолдану өте маңызды, үйлесімді тәжірибе арқылы мұғалімді табысқа жетелеп теориялық білімі шындай түседі. Ең қиыны оқытудың бүкіл әдістерін белгілі бір ізге сала отырып, сабақтың құрылымын қазіргі заман талабына сай қайта құру. Адамгершілігі мол сауатты, білімді мұғалім өзінің әрбір сөзіне, сөйлеміне, сыртқы келбетіне талғаммен сынай қарап, шәкірттерге де талап

қойа біліп, үйретуден жалықпайтын, түсінбей қалса, оларды кінәламай, сабырлықпен сөйлеп, қателескен жерінде өз кінәсін мойындап оқумен бірге тәрбие беріп отыру негізінде мақсатқа жете алады.

Оқытудың әдістерінің, сабақ түрлерінің молдығы, оқушылардың оқу процесінің элементтеріне ретімен, жүйелі араласып отыруы, оларды шебер пайдалану - әрбір пәнді оқыту процесінің тиімді болуының аса маңызды шарттарының бірі. Сабақтың алдында мынандай міндеттер тұрады:

- оқушыларға терең білім беріп қана қоймай, іскерліктері мен дағдыларын жетілдіріп, қалыптастыру;

- өз бетінше оқуға үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуына талдау жасау, алған білімді практикада қолдана білуге баулу, ойын дамыту, оқуға, білімге деген көзқарасын қалыптастыру, жүйелі оқытудың қажеттілігін ұғындыру.

Шығармашылық есептерді шығару оқушылардан шығармашылық іс-әрекеттерді қажет етеді. Шығармашылық іс-әрекеттердің анықталған нақты бір операциялар жүйесінің болмауы физиканы оқыту процесінде педагогикалық маңызды қиыншылықтарды туындатады. Біз шығармашылық есептерге оқушының есептің шарты қоятын мақсаттарды шешу жолында есептің идеясын, ондағы жаңа нәрсені, белгісіз амалдар тәсілін табуға, есепті шығаруға төмендегідей іс-әрекеттерді пайдалануға болатын есептерді жатқызамыз. Олар келесі іс-әрекеттер:

- физикалық құбылысты, объектіні өз бетінше көре білуі, көріп бақылаған құбылыс пен объект туралы өз ойларын, фактілерді іздеу тәсілдерін тұжырымдай білуі;

- бір физикалық объектіні нақты бақылай білуі, оның белгілері мен сапаларын танып, ажырата және ортақ белгілерді топтай білуі;

- қарастырып отырған физикалық құбылыстың және объектінің сипатын, олардың белгілері арасындағы байланысты таба білуі;

- фактілер туралы сұрақтарды тұжырымдау;

- қойылған сұрақтар бойынша проблеманы, есепті тұжырымдай білуі;

- қажет болған жағдайда проблеманың эксперименттік қойылуы.\

Физикадағы интерактивті оқытудың нақты әдістері:

Зертханалық жұмыстар: зертханалық жұмыстарды жүргізу оқушыларға физикалық құбылыстар мен заңдарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл материалды түсінуді тереңдетуге ғана емес, сонымен қатар аппараттық және деректерді талдау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Интерактивті модельдеу: физикалық процестерді модельдеу үшін компьютерлік бағдарламалар мен виртуалды орталарды пайдалану оқушыларға әртүрлі жағдайлармен тәжірибе жасауға және нәтижелерді нақты уақытта бақылауға мүмкіндік береді.

Топтық жобалар: топтық жұмысты қамтитын тапсырмалар оқушылар арасында білім мен идея алмасуды ынталандырады, сонымен қатар топтық жұмыс пен мәселелерді шешу дағдыларын дамытады.

Пікірталастар мен дискуссиялар: физикалық тақырыптар немесе мәселелер бойынша пікірталастарды ұйымдастыру оқушылардың белсенді қатысуына ықпал етеді және оларға өз пікірлерін білдіруге, өз көзқарастарын дәлелдеуге және мәселелерді шешудің әртүрлі тәсілдерін талқылауға мүмкіндік береді.

Физиканы оқытуда интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың зерттелетін материалға деген қызығушылығын арттыруда, олардың тұжырымдамаларды түсінуін жақсартуда және қажетті дағдыларды дамытуда шешуші рөл атқарады. Зертханалық жұмыстар, модельдеу, топтық жобалар және пікірталастар интерактивті және танымдық оқу ортасын құру үшін оқытушылар пайдалана алатын тиімді әдістердің бірнеше мысалдары ғана болып табылады.

Қорыта айтқанда, болашақ физика пәні мұғалімінің басты қызметі ұсынылған жаңа қолжетімді технологияларды дұрыс пайдаланып, жаңа қоғамға сай білімді, көкірегі ояу, тәрбиелі, әр уақытта еліне қызмет ете алатын, оңды-солын білетін жақсы азамат қалыптастыру.

Ал, мұғалімнің негізгі міндеті қазіргі кездегі жаңа оқыту мен тәрбиелеу технологияларын меңгеріп, өз кәсібінәрі қарай дамыту, білім мен біліктілік шыңын бағындыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. С.А.Мухина, А.А.Соловьева. Нетрадиционные педагогические технологии в обучении Ростов –на-Дону 2004. 348с., Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. –М. Высшая школа. 1995. -336с.
2. Тантыбаева Б. С. Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында оқытудың белсенді әдістерін қолдану тиімділігі. <http://www.group-global.org/>

ӘОЖ 378.147:91

ҚАЗАҚСТАНДА ГЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН Қ.И.СӘТБАЕВТЫҢ МҰРАЛАРЫН ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТАНЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ

Манахова М.Н.

география пәнінің мұғалімі, Жетісу облысы, Көксу ауданы, «Мектеп жанындағы шағын орталығы бар Мұқаншы орта мектебі» КММ, e-mail:

madina.dauren1986@mail.ru

Мақалада Қазақстан Республикасының ұлттық ғылым академиясының негізін қалаған, елімізде геология-минералогия, металлогения ғылымдарының дамуына зор үлес қосқан академик Қ.И.Сәтбаевтың өмірі мен қызметі, тау-кен өнеркәсібін, қара, түсті металлургияны дамытуға қосқан үлесі, ғылыми мұраларының географиялық білім берудегі маңызы қарастырылған.

Тақырыптың мазмұнын ашу үшін мектеп оқушыларына арналған география оқулығының «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімін оқытуда ғалымның еңбектерін пайдалану негізінде білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттырудың, арнайы пәндік және әмбебап пәнаралық құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді әдістеріне талдау жасалған.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының және геология ғылымдарының негізін қалаған геология-минералогия ғылымдарының докторы, қазақстандық металлогения ғылымының негізін қалаған Қ.И.Сәтбаевтың туғанына биыл 125 жыл толды.

Қазақтың біртуар азаматы, ғұлама ғалымы Қаныш Имантайұлының ашқан ғылыми жаңалықтары мен өшпес мұраларының географиялық білім беруде, болашақ геоморфолог, геолог, маркшейдер, тау-кен ісі салаларының білікті мамандарын даярлауда маңызы зор.

Еліміздің геология ғылымының, тау-кен, қара және түсті металлургияның дамуына, экономикалық әлеуетінің артуына зор үлес қосты. Оны қара және түсті металл кендерін барлауда академиктің металлогенді зоналар теориясының геология-минералогия ғылымында өз құндылығын жоғалтпауы және оны дүниежүзінің кентану, тау-кен ісі салаларының білікті мамандары басшылыққа алуы дәлелдейді.

Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми мұралары О.А.Артюхованың [1], Г.О.Батырбековтың [2], И.Т.Лозовский мен Г.А.Сипайловтың [3], академик А.Х.Маргуланнның [4], Е.А.Каменев, Г.Жайлыбай, М.Тнымовтың [5], тағы да басқа геолог, географ, кентанушы ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасының ұлттық ғылым академиясының, еліміздегі геология-минералогия ғылымдарының негізін салушы ғалымның ғылыми мұраларын зерттеп зерделеу, мектеп географиясын оқыту үрдісінде тиімді пайдалану негізінде жас ұрпақтың білімін, білік дағдыларын, зерттеу құзіреттіліктерін қалыптастырып, функционалдық сауаттылықтарын дамыту білім берудің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

2022-2024 жылдар аралығында ғұлама ғалым, геология-минералогия ғылымдарының докторы, академик Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми мұраларын 8-9 сыныптарда оқытылатын мектеп географиясының «Географиялық зерттеу әдістері», «Физикалық география», «Экономикалық география» бөлімдерін оқыту барысында тиімді пайдалану негізінде білім алушылардың танымдық белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру, функционалдық сауаттылықтарын дамыту, арнайы пәндік және әмбебап пәнаралық құзіреттіліктерін қалыптастыру мақсатында эксперименттік зерттеулер жүргізілді.

Жүргізілген зерттеулер барысында сипаттау, талдау, жинақтау, бағалау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар

Қаныш Имантайұлының геолог ғалым ретінде қалыптасуына 1921-1926 жылдар аралығында Томск технология институтында тау-кен инженері мамандығы бойынша жоғары білім алуы маңызды орын алды. Ол 1924 жылы 25 жасында 2-3 курста оқып жүріп төте жазумен және латын әліпбиімен қазақ мектептеріне арналған «Алгебра» оқулығын жазды. Оны 1930-1940 жылдар аралығында оқу үрдісінде іс жүзінде қолданды. Жоғарыда аталған мектеп оқулығын жазуына 1914-1918 жылдар аралығында Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясында алған білімі, 1921-1922

жылдар аралығында қазіргі Павлодар облысындағы Баянауыл ауданындағы мектептерде мұғалім болғанда қалыптасқан білім, білік дағдылары негіз болды [6].

Қ.И.Сәтбаевтың білікті тау-кен инженері, ғұлама ғалым ретінде қалыптасуы 1926-1942 жылдар аралығында Атбасар түсті металл тресінің геология бөлімінің, сонымен қатар, Қарсақбай мыс комбинатының геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған кезеңдерінде басталды.

1930 жылы Қаныш Имантайұлының геологиялық барлау тобы ашқан қоры 2 миллион тоннадан асатын бірнеше шашыраңқы мыс кен орындары дүниежүзіндегі ең ірі «Үлкен Жезқазған мыс кен орны» екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Кейін оның «Қазақстанның халық шаруашылығы журналының 1936 жылғы 1-2 номерінде «Үлкен Жезқазған мәселелері» атты алғашқы іргелі ғылыми мақаласы шығады. Ол өз зерттеулерін одан ары жалғастырып 1957 жылы «Кеңестік геология» журналының №58 санында «Орталық Қазақстандағы эндогендік кендеу аймақтарының кеңістікте орналасуының негізгі заңдылықтары» атты іргелі мақаласын жариялады. Онда өзі негізін қалаған металлогения ғылымының негізгі тұжырымдарын жан-жақты ашып көрсетті [7].

Қ.И.Сәтбаев жасаған және жоғарыда аталған ғылыми мақалада шығарған ой қорытындылары мен тұжырымдаған ғылыми ережелер геология ғылымында бүгінгі таңға дейін өз құндылықтарын жоғалтқан жоқ.

Орталық Қазақстанның, сонымен қатар, еліміздің экономикасын өркендетуде ерекше орын алатын «Үлкен Жезқазған» мыс кен орындарының ашылуы қара және түсті металлургияның дамытумен қатар, ғалымның кәсіби ғылыми көзқарастың қалыптасуында ерекше орын алды. Жоғарыда аталған аумақтардан қола дәуірінің «Тәңірқазған», т.б. қоныстарынан металл балқытатын ежелгі пештердің орнының табылуы еліміздің аумағында қола балқыту ісінің бағзы замандардан өркендегенін дәлелдеуге, археологияның да дамуына мүмкіндік берді [1; 3; 4].

Ғалымның отанына сіңірген маңызды еңбектерінің қатарына Жезқазған, Жезді мыс, 1941 жылы екі айда Қаражал темір-марганец кен орындарын ашуы негіз болды. Сол жылдары қара және түсті металл кендерінің басым бөлігінің металлогенді желілер мен зоналарда шоғырланатынына баса назар аударды. Кейін сол еңбектері Қаныш Имантайұлы негізін қалаған металлогения ғылымының негізін қалауына ғылыми негіз болды.

1942-1964 жылдар аралығында КСРО Ғылым Академиясы Қазақстандағы филиалында еңбектеніп, 1946 жылы құрылған ҚазКСР ғылым академиясының алғашқы президенті болып, геология ғылымдары ғылым зерттеу институтының негізін қалады.

Геология ғылыми-зерттеу институтын Қ.И.Сәтбаевтың инициативасы бойынша Орталық Қазақстандағы темір мен марганец кең орындарының қорын бағалау, қазіргі Теміртау қаласындағы толық циклды Қарағанды қара металлургия комбинатының ашылу бағытында жұмыстар жүргізді [5;6].

Өзі басқарған геология ғылымдары ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары Жезқазғанда, Саяқта, Кенді Алтайда, Жетісу Алатауында жүргізген зерттеулерінің барысында жинақталған мәліметтерге жасалған талдаулар негізінде Қазақстанның жеке өңірлерінің пайдалы қазындылардың болжам карталарын жасады. Олардың бүгінгі таңда еліміз аумағындағы Мұғалжардағы хром, никель, титан, Торғай

үстіртіндегі Соколов, Сарыбай темір, Орталық Қазақстандағы марганец, барит, мыс-молибден, алтын, Алтайдағы полиметалл, мыс және сирек кездесетін металдар, Батыс Қазақстандағы мұнай-газ, т.б. кен орындарының, шөлді, шөлейтті аймақтарда жерасты суларының алаптарының ашылып қорын бағалауда маңызы зор болды [7, 26-б.].

Болашақта еліміздің тау-кен, қара және түсті металлургия, машина жасау өнеркәсіптерін данытуға мүмкіндік беретін білікті геоморфолог, геологтарды, тау-кен инженерлері мен маркшейдерлерді дайындауда білім мазмұны жаңартылған мектеп географиясын оқытуда қазақтың тұңғыш геолог ғалымы Ұлттық ғылым академиясының алғашқы президенті Қ.И.Сәтбаевтың еңбектерін насихаттаудың маңызы зор.

Жас ұрпақтың отансүйгіштік сезімдерін, білім мен ғылымға қызығушылықтарын арттыру үшін Қаныш Имантайұлының еңбектерін 8-9 сыныпта оқытылатын білім мазмұны жаңартылған мектеп географиясының «Географиялық зерттеу әдістері», «Физикалық география» және «Экономикалық география» бөлімдерінде насихаттаудың маңызы зор.

Атап айтсақ, өзімнің педагогикалық іс-тәжірибемде 9-сыныпта «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімінде *«География ғылымының дамуына үлес қосқан қазақстандықтардың зерттеулері»* тақырыбын өту барысында оқу мақсаттарына сәйкес Қ.И.Сәтбаевтың Қазақстанның кенді және кенсіз пайдалы қазбаларын барлауға және олардың қорын бағалауға, толық циклды Балқаш пен Жезқазған мыс, Қаражал темір-марганец кен байыту, Қарағанды қара металлургия комбинаттарын ашуға қосқан үлесін анықтауға баса назар аударамын.

Ал *«География ғылымының қазіргі заманғы өзекті проблемалары»* тақырыбында елімізде қара және түсті металлургияны дамытуға мүмкіндік беретін мыс, мырыш, темір, марганец, асыл баяу балқитын, сирек кездесетін металдар кен орындарын барлау, олардың қорларын бағалау мәселелерін оңтайлы шешуге Қаныш Имантайұлының қосқан үлесін білім алушылардың өз беттерімен зерделеу жұмыстарын жүргізу үшін ақпараттық-қатынастық технологияларды, интернет ресурстарды қолданамын [8].

Жоғарыда аталған тақырыптарды өту барысында *коллаборативті оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, STEM білім беру* технологияларының элементтерін қолдану негізінде талдауды, жинақтауды, бағалауды талап ететін өзекті және шығармашылық тапсырмалар беру білім мазмұны жаңартылған мектеп географиясының оқу мақсаттарына сәйкес білім алушылардың Қ.И.Сәтбаевтың ғалым ретіндегі Қазақстандағы геологиялық зерттеулерді, сонымен қаатар, металлургияны, ғылымды дамытуға қосқан үлестерін өз беттерімен анықтатуға, танымдық қызығушылықтарын арттыруға, зерттеу дағдыларының, арнайы пәндік, әмбебап пәнаралық құзіреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді [9].

Сабақ барысында шағын топта ғалымның тікелей басшылығымен ірі мыс, темір және марганец кен орындарын, Балқаш, Жезқазған мыс балқыту, Қаражал, Жәйрем, Саяқ кен байыту комбинаттарын ашуға, еліміздің Ұлттық ғылым академиясының негізін салуға, іргелі ғылыми-зерттеу институттарын құруға сіңірген ерен еңбектерін дәлелдейтін мәнмәтіндік тапсырмалар дайындап, шағын топта талқылау білім алушылардың қосымша білім көздерінен өз беттерімен іздеу, тапсырмаға қатысты

маңызды ақпараттарды талдау, жинақтау, бағалау, үлгілеу дағдыларын, географиялық ойлау мәдениеттерін қалыптастыратынын көрсетті.

9-сыныпта «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімінде «География ғылымының қазіргі заманғы өзекті проблемалары», «Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары» тақырыбын өту барысында білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында мектеп кітапханасындағы ғылыми әдебиеттерден академик Қ.И.Сәтбаевтың ғылым саласындағы ғылыми мәдениет пен геологиялық зерттеу әдістерін енгізуге қосқан үлесін анықтатуды көздейтін баяндама, хабарлама дайындау білім алушыларды өз бетімен білім алу, іздену, зерттеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді [10].

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелерінде алынған мәліметтерге жасалған талдаулар орта мектепте география пәнін оқыту барысында Қазақстан Республикасының ұлттық ғылым академиясының негізін қалаған, елімізде геология-минералогия, металлогения ғылымдарын дамытуға зор үлес қосқан Қ.И.Сәтбаевтың өмірі мен қызметін географияны оқыту үрдісінде тиімді пайдалану білім алушылардың қолжетімді ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі қажетті мәліметтерді талдау, жинақтау, бағалау негізінде білім көзі ретінде пайдалану дағдылары қалыптасатынын көрсетті.

9-сыныпта «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімінде «География ғылымының дамуына үлес қосқан қазақстандықтардың зерттеулері», «География ғылымының қазіргі заманғы өзекті проблемалары», «Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары» тақырыптарын өту барысында заманауи белсенді және интербелсенді оқыту әдістері мен технологияларын пайдаланып, шағын топта, жұппен және жеке орындайтын тапсырмалар беру Қаныш Имантайұлының ғылыми мұраларын өз беттерімен зерделеу, алынған мәліметтерді талдап, жинақтау негізінде білім алушылардың өз беттерімен баяндама, хабарлама дайындау дағдыларын, зерттеу құзіреттіліктерін қалыптастыруда ерекше орын алатынын анықтауға мүмкіндік берді [8, 10].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Артюхова О.А., Валукинский Николай Васильевич //Археологическое наследие Центрального Казахстана: изучение и сохранение: сб. научн. ст., посвящ. 70-летию ЦКАЭ АН Казахстана. Отв. ред. А.З. Бейсенов, В.Г. Ломан. Алматы: НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2017. Т. 1. С. 80–87.
2. Артюхова О.А. Батырбеков Г.О. Академик Сатпаев и его современники. Алматы: «Рауан», 1999. 176 с.
3. Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. Студенческие годы Каныша Сатпаева в Томске. Томск: изд-во ТПУ, 1999. 135 с.
- 4.. Маргулан А.Х. К изучению памятников района р. Сары-Су и Улутау // Вестник АН КазССР. 1948. № 2 (35). С. 53–60.
5. Мир Сатпаева / сост. Каменев Е. А., Жайлыбай Г., Тнимов М. – Алматы: Шартап С, 1999. – 304 с.

6. Академик К.И.Сатпаев и наука Казахстана: статьи, очерки, воспоминания. - Алматы: Ғылым, 1999. – 272 с.

7. Сәтбаев Қ.И. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999.- 464

8, Асубаев Б.Қ., Тоқпанов Е.А. Қазақстанның физикалық географиясы пәні бойынша Блум таксономиясына сәйкес жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі жинағы: Әдістемелік нұсқаулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 126 б.

9. Тоқпанов Е.А., Абулғазиев А.У., Сергеева А.М., Әбдіманапов Б.Ш. Географияны оқыту әдістемесі: – Жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналған оқулық. 1 бөлім – Алматы: 2022. –248 б.

10. Тоқпанов Е.А., Абулғазиев А.У., Сергеева А.М., Әбдіманапов Б.Ш. Географияны оқыту әдістемесі: – Жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналған оқулық. 2 бөлім – Алматы: 2022. – 187 б.

ӘОЖ 373.1

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК DAҒДЫЛАРЫН ДАМУ

А. Ерболекова

Ғылыми жетекші: Н.И. Дүйсенова

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.,
Қазақстан

Аңдатпа. Зерттеу барысында оқушылар қажетті білім мен дағдыларды игереді, демек құзыреттілікті қалыптастырады. Зерттеу қызметі барысында келесі негізгі құзыреттер қалыптасады: құндылық-семантикалық, жалпы мәдени, оқу-танымдық, ақпараттық, коммуникативті, әлеуметтік-еңбек, өзін-өзі жетілдірудің жеке құзыреті.

Түйін сөздер: белсенділік, шығармашылық, ғылыми.

Зерттеу белсенділігі - бұл әр баланың табиғи жағдайы. Зерттеу арқылы танымға деген ішкі ұмтылыс зерттеу мінез-құлқының дамуына әкеледі және жалпы зерттеушілік оқытуға жағдай жасайды. "Мектеп оқушыларының зерттеу қызметі" ұғымы педагогикалық әдебиеттерге сәйкес бұл білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үшін белгілі бір формалар мен жұмыс әдістерін қолданатын мұғалімдер ұйымдастырған іс-әрекет.

Оқушылардың зерттеу қызметі- белгісіз фактілерді, теориялық білімді және өмір бойы әрекет ету тәсілдерін ашуға әкелетін іздеу сипатындағы әрекеттер жиынтығы. А.И. Савенков [2008] зерттеу қызметін бұрын-соңды болмаған жаңа нәрсе жасауды көздейтін шығармашылық қызметтің бір түрі ретінде қарастырады.

Зерттеу қызметі оқу процесіне инновациялық көзқарасты шоғырландырады, онда оқытудың мақсаты білім алушылардың жаңа тәжірибені игеру мүмкіндігін дамыту болып табылады. Қазіргі уақытта білім алушылардың зерттеу қызметі оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін толық анықтауға және дамытуға мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологиясы болып табылады.

Ол білім алушылардың танымдық белсенділігін, жеке өсуі мен өзін-өзі жүзеге асыруын дамытудың қуатты құралы болып табылады, сондай-ақ зерттеу дағдылары мен дағдыларын қалыптастыруға бірегей мүмкіндік береді.

Зерттеу қызметі-негізгі құрал ретінде оқу зерттеулерін қолданатын білім беру технологиясы мұғалімнің басшылығымен қоршаған әлемнің объектісі немесе құбылысы туралы идеяларды құруға бағытталған алдын-ала белгісіз шешіммен оқу зерттеу міндеттерін орындауды қамтиды.

Зерттеу барысында оқушылар ғылыми әдіс арқылы субъективті түрде жаңа білім алады. В. И. Андреев [1988] оқу-зерттеу қызметі ғылыми қызметтен ерекшеленеді деп санайды, өйткені білім алушы зерттеудің бүкіл циклынан өтпей-ақ зерттеудің жекелеген элементтерін ғана орындайды.

А. В. Леонтовичтің [2008] пікірінше, зерттеу қызметі дегеніміз-зерттеу мәселесін алдын-ала белгісіз шешіммен шешуге байланысты студенттердің мұндай әрекеті [1].

Ол нақты құрылымға ие және белгілі бір кезеңдерді қамтиды. И. Я. Лернер [1974] оқу зерттеуінің келесі кезеңдерін анықтады:

- зерттеу мақсаты (оны анықтау немесе хабардар ету қажеттілігі) —
- зерттеу объектісі (анықтау немесе анықтау) —
- объект туралы белгілі нәрсені зерттеу (оның элементтерін, олардың арасындағы байланыстарды анықтау) —
- проблеманы қою (мәселені түсіну);
- зерттеу пәні (анықтау);
- зерттеу гипотезасы (ұсыну) — зерттеу жоспарын әзірлеу;
- жоспарланған жоспарды жүзеге асыру (зерттеу процесінде жоспарды түзету);
- гипотезаны тексеру (қажет болған жағдайда эксперименттік);
- объектіні тұтастай түсіну үшін таңдалған мәселенің табылған шешімінің мәнін анықтау;
- табылған шешімді қолданудың салалары мен шекараларын анықтау.

Зерттеу қызметі қазіргі оқушының дамуында үлкен практикалық маңызға ие. Н.Н. Михайлованың пікірінше [2016] баланың зерттеу қызметіне қосылу тәуелсіз ойлауды, іс жүзінде білім алу және қолдану қабілетін дамытады, осылайша оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамытады, сонымен қатар оқушылардың тілдік коммуникативті мәдениеті қалыптасады, бұл шынайы еркін тұлғаны өсіруге ықпал етеді.

Мұғалімдердің пікірінше, оқушылардың биологияны оқуға деген қызығушылығының төмендеу тенденциясы байқалады, дегенмен осы пәндік саланы игеру кезінде барлық биологиялық заңдылықтар зерттеліп, өмірдің мәні ашылады. Бұған зерттеу қызметі де көмектесе алады.

Архитектура дизайны және технологиялар стегі. "Виртуалды дәрігер" жобасының негізінде цифрлық технологиялар арқылы медициналық қызмет көрсету мәселелерін шешуге бағытталған ойластырылған архитектуралық дизайн жатыр. Клиент пен сервер арасындағы тиімді өзара әрекеттесу, деректердің қауіпсіздігі, сондай-ақ пайдаланушылардың барлық санаттары үшін жүйені пайдалану ыңғайлылығы-технологиялық стекті таңдау кезінде алдымызға қоятын негізгі мақсаттар болып табылады.



Сурет-1 «Виртуалды дәрігер» веб-қосымшасының реттік UML диаграммасы

Реттік UML диаграммасы виртуалды дәрігер жүйесіндегі төрт негізгі процесті көрсетеді: жүйеге кіру, қабылдауға жазылу, бейнеконсультацияға сұраным және медициналық құжаттарды жүктеу [4]. Бұл процестердің әрқайсысы қауіпсіздік пен тиімділікті қамтамасыз ету үшін арнайы технологияларды қолданумен қатар, клиент пен сервер арасындағы нақты үйлестіруді қажет етеді.

1. Кіру және авторизация. Front-end (клиенттік бөлік) аутентификация логикасын өңдеу үшін Nest.js пайдаланатын серверге авторизация сұрауын жібереді. Пайдаланушы деректерін тексергеннен кейін, сервер Nest.js-тің кіріктірілген механизмдері арқылы JWT токендер жұбын жасайды, бұл сеанстарды басқаруда жоғары қауіпсіздік пен икемділікті қамтамасыз етеді [1].
2. Қабылдауға жазылу. Жазу сұранысы ұқсас түрде өңделеді, айырмашылығы — back-end-те (серверлік бөлік) кестеге жазуды тіркеу үшін PostgreSQL-ге жүгінеді. Prisma дерекқормен жұмыс істеуді жеңілдету және сұраныстардың типтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ORM ретінде пайдаланылады [6].
3. Бейнеконсультацияға сұраным. Бейнеконсультацияны бастағанда, backend PostgreSQL ақпаратын пайдаланып дәрігердің бастығын тексереді және бейне сессия жасайды. Мұнда пайдалану маңызды рөл атқаратын WebRTC пайдаланушылар арасында бейне мен аудионы тікелей тасымалдауды қамтамасыз ету үшін клиент пен серверді біріктірілген технология [10].

4. Медициналық құжаттарды жүктеу. Құжаттарды жүктеу және сақтау үшін серверлік бөлікте Nest.js және клиенттік бөлігінде React.js тіркесімі қолданылады, ал құжаттарға қол жеткізу Cerbos арқылы бақыланады. Cerbos тек уәкілетті пайдаланушылар медициналық құжаттарды жүктей немесе көре алатындығына көз жеткізіп, кіру саясатын реттеудің қуатты құралдарын ұсынады [2].

Архитектуралық дизайн және "виртуалды дәрігер" үшін технологиялық стек таңдау масштабталатын, қауіпсіз және пайдаланушыға ыңғайлы жүйені құруға деген ұмтылысты көрсетеді. Nest.js, PostgreSQL, Prisma, JWT, Cerbos және React.js сияқты заманауи құрылымдар мен технологияларды пайдалану жүйенің қауіпсіздігі мен өнімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ете отырып, күрделі процестерді тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Даму әдістемесі. "Виртуалды дәрігер" веб-қосымшасын құру үшін agile әдістемесі таңдалды. Бұл тәсіл жобаның әр кезеңінде пайдаланушының өзгеретін талаптары мен қалауларына бейімделуге мүмкіндік беретін икемді және қайталанатын даму моделін білдіреді. Негізгі мақсат-тез өзгертулер мен түзетулер енгізу мүмкіндігі бар жұмыс істейтін бағдарламалық жасақтаманы құру.

Agile әдістемесі түпкілікті талаптар басынан бастап толық анықталмаған немесе даму процесінде өзгеруі мүмкін жобалар үшін өте қолайлы. Бұл әсіресе жаңа ғылыми жаңалықтар мен заңнамадағы өзгерістер қолданбаның функционалдық талаптарына әсер етуі мүмкін медициналық салаға қатысты [5].

Agile тәсілін қолдану маған жобада жеке жұмыс жасау, даму процесін тиімді басқару, нәтижелерді үнемі талдау және веб-қосымшаның функционалдығы мен интерфейсін жақсарту үшін қажетті түзетулер енгізу арқылы мүмкіндік берді. Маңызды компонент өнімді үздіксіз тестілеу және оңтайландыру мүмкіндігі болды, бұл сапалы және қолдануға ыңғайлы қосымшаны құруға ықпал етті.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету "виртуалды дәрігер" сияқты медициналық веб-қосымшаларды әзірлеу кезінде маңызды компонент болып табылады. Жобада пайдаланушылардың медициналық ақпаратының құпиялылығы мен тұтастығын қорғау үшін кешенді шаралар қабылданды.

Қауіпсіздік жүйесінің негізгі элементтерінің бірі JWT (JSON Web Tokens) интеграциясы болды. JWT клиент пен сервер арасындағы ақпаратты безопасам, өзін-өзі қамтамасыз ететін таңбалауыштар ретінде қауіпсіз тасымалдау үшін қолданылады [8]. Бұл таңбалауыштар пайдаланушы туралы барлық қажетті ақпаратты қамтиды, бұл аутентификация және авторизация үшін дерекқорға тұрақты сұрауларды болдырмайды, осылайша жүйенің өнімділігін арттырады. JWT қолтаңбаның арқасында қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, оны тек сервер тексере алады және растайды, бұл таңбалауыштарды қолдан жасауды өте қиын етеді [7].

Қосымша қол жетімділікті басқару және пайдаланушы құқықтарын басқару үшін Cerbos жүйесі қолданылды. Cerbos түйіршікті қол жетімділікті басқаруды қамтамасыз етеді, бұл олардың рөлдері мен атрибуттарына байланысты әр түрлі пайдаланушылар немесе пайдаланушылар топтары үшін қандай әрекеттерге рұқсат етілгенін дәл

анықтауға мүмкіндік береді. Бұл веб-қосымшаның белгілі бір мүмкіндіктеріне қол жеткізуді ғана емес, сонымен қатар белгілі бір деректерді оқу, өңдеу немесе жою құқығын да қамтиды. Serbos пайдалану қауіпсіздік жүйесінің икемділігі мен ауқымдылығын қамтамасыз етеді, бұл қолданба әкімшілеріне қол жеткізу саясаттарын өзгертін талаптарға оңай бейімдеуге мүмкіндік береді [9].

"JWT және Serbos комбинациясы" виртуалды дәрігерге " рұқсат етілмеген кіруге жол бермеу және сезімтал медициналық ақпаратты қауіпсіз өңдеу мен сақтауды қамтамасыз ету арқылы деректерді қорғаудың және пайдаланушының жеке өмірінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл технологиялар деректерді шифрлау және қауіпсіз тасымалдау протоколдарын пайдалану сияқты басқа қауіпсіздік шараларымен бірге веб-қосымшаны әртүрлі қауіптер мен шабуылдардан қорғаудың сенімді негізін құрайды.

"Виртуалды дәрігер" веб-қосымшасын әзірлеу барысында негізгі төмендегідей функционалдық мүмкіндіктер іске асырылды:

- ⑩ пациенттердің дәрігерлермен тікелей қарым-қатынасы үшін бейне чаттар
- ⑩ медициналық құжаттар мен талдаулармен алмасу жүйесі
- ⑩ дәрігерлер арасында талқылау және кеңес беру құралдары
- ⑩ дәрігерге жазылу функциясы
- ⑩ пациенттерге алдағы уақытты қабылдау мен дәрі-дәрмектерді қабылдау туралы хабарландыру жүйесі.

Қазіргі уақытта қосымша белсенді даму сатысында, ол техникалық қателерді үнемі анықтаумен және жоюмен бірге жүреді. Қосымшаны енгізу және оны пилоттық пайдалану жақын арада жоспарланады, бұл оның медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасына әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

"Виртуалды дәрігер" жобасы медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен пайдаланудың негізгі мәселелерін шешуге бағытталған телемедицина саласындағы елеулі ілгерілеуді білдіреді. Әзірлеу интерфейстің қарапайымдылығы мен максималды функционалдығына назар аудара отырып, пайдаланушылардың негізгі қажеттіліктерін ескерді. Веб-қосымша бейне кеңес беру, құжаттамамен алмасу, дәрігерлерге жазылу және медициналық процедуралар мен дәрі-дәрмектерді еске түсіру мүмкіндіктерін біріктіреді, бұл оны пациенттер мен мамандардың қолында бірегей құрал етеді.

Айтарлықтай жетістіктерге қарамастан, жоба егжей-тегжейлі қарауды және пысықтауды қажет ететін техникалық қиындықтар мен нормативтік шектеулерді қоса алғанда, бірқатар сынақтарға тап болады. Дегенмен, "виртуалды дәрігерді" енгізудің болжамды Әлеуметтік және медициналық әсері жоба бойынша одан әрі жұмысты ынталандырады. Бұл медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар пациенттердің ауруларды емдеу және алдын алу процесіне белсенді және саналы қатысуына ықпал етеді деп күтілуде.

Әдебиеттер

1. Кочер П.С. Микросервисы и контейнеры Docker. – Москва: 2019. – 240 с.

2. Тиленс Т.М. React в действии. – Санкт-Петербург: Питер, 2019. – 368 с.
3. Кужербает Н.А., Байбакина А.Т. Об автоматизации работы медицинских работников через веб-приложения. Вестник АРУ им. К.Жубанова, №4 — 2023. 15-21 с.
4. Рамбо Дж., Блах М. UML 2.0. Объектно-ориентированное моделирование и разработка. 2-е изд. – Санкт-Петербург: Питер, 2007. – 544 с.: ил.
5. Аппело Ю. Agile-менеджмент. Лидерство и управление командами. – Москва: Альпина Паблишер, 2018. – 536 стр.
6. Кантелон М., Хартер М., Головайчук Т., Райлих Н. Node.js в действии. 2-е издание. – Санкт-Петербург: Питер, 2018. – 432 с.
7. Ричардсон К. Микросервисы. Паттерны разработки и рефакторинга. – Санкт-Петербург: Питер, 2024. – 544 с.
8. Хоффман Э. Безопасность веб-приложений. – Санкт-Петербург: Питер, 2021. – 336 с.
9. Моуэт Э. Использование Docker. – Москва: ЛитРес, 2022. – 356 с.
10. Лорето С., Романо С.П. Real-Time Communication with WebRTC. – O'Reilly Media, 2014. – 164 с.

87.31.91

КАТОНҚАРАҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ ҰЛТТЫҚ ПАРКІ ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ЭКОТУРИЗМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

¹Қабдрахманова Н.Қ., ²Бақберген А.М.

Сениор-лектор, жаратылыстану ғылымдары магистрі

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан

knazym90@mail.ru

Мақалада Республикамызда экологиялық туризмді дамытуға арналған ғылыми негізделген мәліметтер қарастырылады. Экотуризм дамуы – мүлтіксіз және туристік қызмет нәтижесінде болған экожүйеге теріс әсер етуін төмендетудегі жалғыз жол болып табылады. Барлық дерлік елдерде экологиялық туризмнің дамуына үлкен көңіл аударады. Соның нәтижесінде біздің тіршілік әрекетімізді қолдап тұратын қоғамның табиғи ортаға және экожүйеге көңіл аударуы жоғарылай бастады.

Қазақстан егемендік алғаннан кейін дүниежүзілік аренада танылу мақсатында көптеген шаралар жүзеге асыра бастады. Солардың бірі – кең байтақ Қазақстанның табиғи тарихи мүмкіндіктерін пайдалана отырып туризмді дамыту. Оларға ғылыми тұрғыдан сараптама жасау, туристік объектілерге толық сипаттама беру – өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Экологиялық туризм алуан түрлі қорлар мен жергілікті қоғамдастықтардың бірлескен жобаларының арқауы болуда. 2006 жылдың мамыр айынан Еуразия қорының қолдауымен экотуризм бағдарламасы қолға алынды [1].

Республикамызда экологиялық туризмді дамытуға арналған ғылыми негізделген бағдарлама осы саланы мемлекеттердің әлеуметтік экономика саясаты төңірегінде қарастырып, іске асыруы қажет.

Қазақстандағы экологиялық туризмнің әлсіз дамуының себептеріне келесілерді жатқызуға болады:

- экологиялық туризмнің нормативті-құқықтық базасының дамымағандығы;
- экологиялық туризмнің объектісінің жағдайы мен саны жөніндегі статистикалық есептің болмауы;
- салық саясатының жетілмегендігінің нәтижесінде туристік қызметке шетел туритерін қабылдайтын және отандық туритерді шетелге жіберілуін жүргізетін туристік фирма қызметінің сипатын шектеусізден 20% көлемінде қосымша құнға салық салынады;
- ерекше қорғалатын табиғи территориялардың көпшілігінде экологиялық туризм маршруттарын дамытуға қаражаттың жоқтығы, келушілерге қызмет көрсететін және ақпарат беретін дайындықтан өткен кадрлардың жоқтығы;
- магистральдар мен жолдарды айтарлықтай алыста орналасқан экологиялық туризм объектілеріне көліктің жетуінің төменділігі;
- экологиялық туризм саласындағы халықаралық қатынастардың және экологиялық туризмді ұйымдастырудағы халыаралық тәжірибенің болмауы [2].

Шығыс Қазақстандағы Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі - Алтай тауларының көп бөлігін алшып жатқан Шығыс Қазақстанда туризмді дамытуға зор мүмкіндік бар. Шөл даладан бастап ну орман алқаптары, биік шыңдардағы альпы шалғындары мен мұздықтарға дейін созылған ландшафтты-климаттық аймақтардың біртұтас жиынтығы. Орман мен өзендерге, балық пен балға, емдік шөп пен кенге, туристердің көзін тартар табиғи естеліктерге бай бұл жердің анағұрлым аумағының табиғаты тұмса және экологиялық таза болып сақталынған. Мұнда Сібір мен Алтайдың ең биік шыңы-қасиетті Белуха тауы бар (4506 м). Табиғатының әсемдігі жақсы сақталынған, терең өзендерге бай, «қара» және «қызыл» балығы мол, аң және құс аулау мүмкіндігі, қарлы маусымы ұзаққа жалғасатын таулы аймақтар, курорттар (радонды бастаулар мен пантымен емдеу)-мұның барлығы зор табыс әкелетін қуатты туристік индустрияны құруға мүмкіндік туғызады [3.4].

Қазақстанның Алтай аумағында ТМД және Прибалтика елдерінің туристері көп жылдар бойында әртүрлі саяхат құруда, бұл: альпы шыңдарын бағындыру және ат үстіндегі саяхаттар. Жыл сайын біздің аудан Европа және Америка елдерінің туристерін, балық аулаушыларын және аңшыларын қабылдайды. Соңғы екі-үш жылда антропогендік көлем анағұрлым ұлғайды. Осыған байланысты жергілікті тұрғындардың орналасқан мекенін бұзбай, берілген аумақты қолдануды және қорғауды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын структура құрудың қажеттілігі туып отыр.

1998 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі Катонқарағай ұлттық мемлекеттік табиғи паркін ұйымдастыру жөнінде Қаулы қабылдады. 2001 жылдың шілдесінде парк құрылып қызметін бастады. Табиғи парктің негізгі міндетіне: әлемнің негізгі биотикалық кешендерінің репрезентативті үлгісі ретінде экожүйені сақтау;

- табиғи ортаның экологиялық әртүрлілігін қолдау;
- мәдени мұраның учаскелерін және нысандарын сақтау;

- табиғаттың әсем жерлерін сақтау;
 - ауданның экономикалық дамуында қосымша күш құру;
- Негізгі аумақтық- шектелген міндеттер:
- Жаңа жұмыс орындарын құру;
 - Тұрғындарды тұрақтандыру;
 - Ғылыми зерттеулер жүргізу және ортаның жағдайын бақылау;
 - Туризмді және демалысты ұйымдастыру кіреді.

Шығыс Қазақстандағы экотуризмнің негізгі нысандары Катонқарағай ауданында орналасқан. Бүгінгі таңда Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде 13 бағыт бойынша турлар ұйымдастырылады. Қазіргі кездегі туристік маршруттардың тізімі 1-кестеде көрсетілген.

Ұлттық саябақ аумағында табиғаты әсем және тарихи көзтартарлық орындар мол. Олардың кейбіреулері халықаралық мәртебеге ие: Мұзтау тауы, Көккөл сарқырамасы, Берел қорғандары, Рахман қайнарларының термальды бастаулары, Ұлы Жібек Жолының Солтүстік Тармағы (Алтын Тармақ) және тағы басқалар.

Оңтүстік Алтайдың жануарлар әлемі таңғаларлықтай әртүрлі. Мұнда сүтқоректілердің 66 түрін (Қазақстанда мекендейтіндердің үштен бірі), құстардың 250-ден астам түрін, қосмекенділердің үш түрін, бауырымен жорғалаушылардың 4 түрін және жәндіктердің бірнеше мыңдаған түрін кездестіруге болады [5, 6]. Олар өңір аумағында өзен-көл алқаптарынан тау шалғындарына, тундралар мен мұзды шыңдарға дейін таудың барлық белдеулерін мекендейді.

Кесте 1.

№	Туристік бағыттың түрі	Маршрут атауы
1	Рекреациялық-танымдық соқпақ	«Ақ Берел»
2	Экскурсиялық соқпақ (маршрут)	«Марал соқпақтары»
3	Экскурсиялық соқпақ (маршрут)	«Бұландыкөл көліне»
4	Экскурсиялық соқпақ (маршрут)	«Берел қорғандары»
5	Оқу-танымдық экскурсия	«Тихий көліне»
6	Ғылыми-танымдық бағыт	«Туған жер»
7	Экскурсиялық соқпақ (маршрут)	«Алтай соқпақтары»
8	Туристік-экскурсиялық маршрут	«Көлдер»
9	Туристік-экскурсиялық маршрут	«Сарымсақты»
10	Экскурсиялық соқпақ (маршрут)	«Ирек»
11	Экскурсиялық соқпақ (маршрут)	«Орман жолдары»
12	Экскурсиялық соқпақ (маршрут)	«Тасшоқы»

13	Экскурсиялық соқпақ (маршрут)	«Бүркітауыл»
----	-------------------------------	--------------

Алтайдың ең айқын және өзіндік нышаны қар барысы- ілбіс болып табылады. Барыспен қатар оның шегінде Алтай арқары да қорғалады, бұл - арқарлардың ішіндегі ең ірісі, құлжасының салмағы 200кг-ға дейін жетеді. Ұлттық саябақ аумағында таутекелердің Қазақстандық Алтайдағы (Оңтүстік Алтай жотасы) ең ірі үйірлері мекен етеді.

Жергілікті тұрғындар шағын жеті ауылдар мен Рахман Қайнарлары шипажайы поселкасына шоғырланған және оның көпшілігі қазақ және орыс ұлттарының өкілдері. Олардың іс-қызметтерінің негізгі түрлері – омарта, мал және марал шаруашылықтары. Бұрын мұнда орман шаруашылықтары; ұжымшарлар ірі омарта және марал шаруашылықтары жұмыс істеп, дәнді дақылдар себілетін. Соңғы уақытта барлық мемлекеттік кәсіпорындар дерлік іс-қызметін толық тоқтатты және тұрғындарды еңбекпен қамту мәселесі күрделене түсті [7].

Қазіргі уақытта ауданда Жердің шалғайлығына қарамастан, жыл сайын ауданға денсаулықтарын түзеу мақсатында «Рахман қайнарлары» және ауданда ашылған пантымен емдеу орындарына көптеген адамдар келеді. Саяхатшылар мен аңшылардың келуінен туындаған мәселелер, жұмыссыздық, браконьерлік, қасқырдың көбеюі, өрт ошақтарының пайда болуы, өзбетімен ағаш кесу мәселелерін оңды шешу – жоғарыда айтылғандай, ұсынылған аумақ шеңберінде бірегей парктік жүйе құруда. Сондықтан, шектес жатқан Ресей, Қытай және Монғол мемлекеттерімен тығыз қарым-қатынаста еңбек ету қажеттігі туындауда.

Әдебиеттер тізімі

1. Багаутдинов, Шамиль. Национальный парк становится резерватом [Текст] / Ш. Багаутдинов // Рудный Алтай. – 2014. – 12 дек. (№ 144). – С. 8.
2. Багаутдинов, Шамиль. Туристические амбиции катонкарагайцев [Текст] / Ш. Багаутдинов // Рудный Алтай. – 2016. – 3 марта (№ 25). – С. 12.
3. Баймуканов М. Создается Национальный парк [Текст] / М. Баймуканов // Рудный Алтай. – 2000. – 4 нояб. – С. 4.
4. Жумагулов Е. В краю первозданной красоты [Текст]: [о богатстве флоры и фауны парка и работах по восстановлению природной зоны] / Е. Жумагулов // Казахстанская правда. – 2003. – 17 мая. – С. 1.
5. Жумагулов Е. В краю снежного барса [Текст]: [об изучении экологами и биологами животного и растительного мира Катон-Карагайского национального парка] / Е. Жумагулов // Рудный Алтай. – 2002. – 29 июня. – С. 21.
6. Зинченко Ю. Проект в действии [Текст] / Ю. Зинченко // Экофера: Восточно-Казахстанский информационно – аналитический ежегодник. – Усть-Каменогорск, 2008. – С. 49-50.

7. Катон-Карагайский национальный парк [Текст] / сост. Р. Н. Крыкбаева. – Усть-Каменогорск, 2008. –104 с.

ӘОЖ 37

ТЫҢ ЖӘНЕ ТЫҢАЙҒАН ЖЕРЛЕРДІ ИГЕРУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ҮРДІСТЕРІНІҢ ТАРИХЫ, ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЛДАРЫ

Азылханова Айнура Бакытжановна

Шығыс Қазақстан облысы, Алтай қаласы

«Алтай қаласының №9 орта мектебі» КММ тарих пәні мұғалімі

bakytzhanovna-82@mail.ru

Қазақстан тарихында XX ғасырдағы аса елеулі оқиғалардың бірі – Тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны. Екінші дүниежүзілік соғыс салдарынан күйреп, қуаты кеміген ауылшаруашылығын қалпына келтіріп, дамыту мақсатында Кеңес Одағында ондаған жылдар бойы жүргізілген тарихи оқиға. «Тың эпопеясы» аталған дәуір жайында жетпіс жылға жуық уақыт жүзінде көптеген кітаптар жазылды, көркем және документальды кинотуындылар түсірілді, картиналар салынды, ғылыми еңбектер мен мақалалар жазылды.

Қазақстан мен Ресейдің Батыс Сібір өлкесін егін шаруашылығын дамытуға қолайлы өңірлер ретінде қарастыра отырып, осы ұланғайыр аумақты игеріп, Одақ бойынша ауқымды жасампаз еңбектің алабына айналдыру мәселесі алғаш КОКП Орталық Комитетінің 1954 жылы ақпан-наурыз айларында Мәскеуде өткен пленумында көтерілген болатын. «Елде астық өндіруді одан әрі ұлғайту мен тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» мәселе күн тәртібіне қойылды. Пленум Кеңес Одағының барлық аудандарында дәнді дақылдардың шығымын арттырумен қатар, астық өндіруді мақсатты түрде молайту үшін, Солтүстік Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игеру арқылы аз уақыт ішінде егістіктің көлемін кеңейту аса маңызды, әрі нақты міндет болуы екенін атап көрсетті. Дегенмен, осы пленумда биік мінберден ресми түрде «алғаш көтерілді» дегеніміз болмаса, Батыс Сібірді, әсіресе қазақ жерлерін астық егу мақсатында игеру мәселесі бұрыннан бері қозғалып келе жатқан еді.

Кеңес Одағының тоталитарлық коммунистік билік жүйесін қалыптастырушы бас көсемі И.В.Сталин 1953 жылы 5 наурызда қайтыс болып, елдің билігін қолына алған Н.С.Хрущев өзін ұлы істердің бастамашысы етіп көрсету үшін Тың және тыңайған жерлерді игеру науқанын бастауға пәрмен берді.

Тың игеру жылдары – батыл қадамдардың айқын көрінісі болды. Бұл қадамның арқасында сан ғасырлар бойы дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығының табиғи базасы болып келген Сарыарқаның ландшафтық келбетіне қоса, онда мекендеген байырғы халықтың тұрмыстық жағдайы, өмір сүру салтында үлкен өзгерістер орын алды. Атап айтқанда қысқа ғана тарихи кезеңнің ішінде бұрын мал жайылымы болған ұланғайыр жердің миллиондаған гектар алқабы жыртылып, өңделіп, ауылшаруашылық айналымына алынып, игерілді. Осы негізде егін және мал шаруашылығы қоса дамытылған, дамыған инфраструктурасы бар мыңдаған елді мекендер бой көтерді.

Тың игеру миллиондаған адамның өміріне тың жаңалық әкелді. Тың игеру – энтузиазмға толы қайнаған еңбектің алып алаңы болды. Тың игерудің алғашқы екі жылының өзіне ғана-ақ Қазақстанға үш жүз мыңнан астам механизаторлар, құрылысшылар, инженер-техниктер, кәсіби жұмыскерлер, ысылған ауылшаруашылық мамандары келді. Тың игеру – жалынды жастық күш-жігердің символы болды. Тың игерушілердің орташа жасы жиырма бесті құрауы – осының дәлелі. Туған дала төсінде дүбірлеген жаңашыл бастамаға, қайнаған еңбекке қазақ халқы етене араласты. Тың көтеруге тек солтүстік облыстың тұрғындары ғана емес, батыс, оңтүстік, шығыс өңірлердің жастары да белсене қатысты. Қазақ халқының өмірінде үлкен серпіліс пайда болды. Қазақ халқынан шыққан алғашқы даңғайыр тыңгерлердің есімі Кеңес Одағы құрамындағы он бес республика ауқымында мадақталып жатты. Тыңгерлердің өмір жолы, еңбек сапындағы ерен тұлғасы туралы әдеби шығармалар жазылып, кинокартиналар түсіріліп жатты. Қылқалам шеберлері тың игерушілердің қанық бейнелерін сомдады. Композиторлар бітік өскен астықпен тербелген тың дала туралы небір тамаша туындыларды өмірге келтірді.

Тың игеру барысында көптеген қалалар, кенттер, кеңшарлар мен ұжымшарлар бой көтерді. Олардың ортасын қосатын жолдар салынып, су құбырлары тартылды. Зауыттар мен фабрикалар, шеберханалар көптеп салынып, адамзат игілігіне қызмет ете бастады.

Тың игерудің Кеңес Одағының экономикалық әлеуеті артуына, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға пайдасы болуымен қатар, қазақ халқының мүддесі тұрғысында тым кереғар нәтиже көрсетті. Тың игеру ұранымен байырғы қазақ жеріне миграциялық шабуыл жасау партиялық ұранмен бүркемеленгені белгілі. Себебі, Н.С.Хрущев бастаған КСРО билігі Солтүстік Қазақстанның шұрайлы аудандарын игеру деген желеумен, біртіндеп Ресейге қосып жіберуді көздеді. Бұрынғы Торғай, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Павлодар облыстарымен қатар бұрынғы Қарағанды облысының солтүстік аудандарын біріктіріп, Тың өлкесі атты әкімшілік бірлігін құрды. Тың өлкесінің дербес партия комиеті, атқару комитеті, жеке бюджеті болды. Партиялық, атқарушы-әкімшілік билігі Алматыға емес, тікелей Мәскеуге бағынатын басқару құрылымына ие болды. Бұл «үй ішінен үй тігу», Қазақстанды бөлшектеу саясатының нақ өзі еді. Тың өлкесінің орталығы – ежелгі Қараөткел, Ақмола қаласына Целиноград деген атау берілді.

Тың игерушілерді Қазақстанға көптеп тарту және олардың еңбегін ынталандыру мақсатында мемлекет көптеген материалдық жеңілдіктер жариялады. Тың игерушілер өндірістік жоспарды орындаған немесе асыра орындаған жағдайда қомақты сыйақылар тағайындады. Қазақстанға отбасы, үй мүлкімен келетін тыңгерлерің жол қаражатын мемлекет көтеріп алды. Сондай-ақ отбасына үй салу үшін 10 жылға 10 мың рубль көлеміндегі несие берілді. Бұл несиенің 35 пайызын мемлекет өз мойнына алды. Мал алуға 1500-2000 рубль несие берілді. Бір жарым центнер астық немесе ұн түрінде азық-түлік қарыз түрінде берілді.

Атап айтқанда, тың игерушілер отбасындағы әр адамға 150-1000 рубль көлемінде бір реттік ақшалай көмек берілді. Өзге де материалдық, азық-түліктік көмектер берілумен қатар, тың игерушілер ауыл шаруашылық салығынан босатылды.

Тың және тыңайған жерлерді игеру үшін Қазақстан бойынша 1954-1959 жылдары 20 миллиардқа жуық рубль (сол кездегі бағам бойынша 5 миллиард АҚШ долларына

тең қаржы) жұмсалған. Осындай үлкен қаржыны игерудің нәтижесінде Қазақстанда егістік жерлердің көлемі әлденеше есе артып, астық өндіру бойынша Кеңес Одағында Ресейден кейінгі екінші орынға шықты. Қазақстан Орта Азияны, Оралдан Сібірге дейінгі өңірді астықпен қамтамасыз ететін әлеуетке ие болды.

Тың игеруге келген аудан, кеңшар басшыларының көбі Қазақстаннан тыс өңірлерден келгендіктен, олар жергілікті жердің климаттық ерекшеліктерін, адамдарын т.б. мүлде хабарсыз адамдар еді. Тың игерудің дақырт-желеуімен 1954-1960 жылдар арасында Қазақстанға Ресей мен Украинадан, Белоруссия мен Молдовадан екі миллионнан астам адам қоныс аударып келді. Олардың барлығы да беркелі еңбектің дәмін сезінген жұмысқа төселген жандар емес еді. Нағыз еңбек адамдарымен қатар, сотталғандар, оңай олжа іздеушілер, алаяқтар мен ұрылар т.б. аз болған жоқ. Бұл туралы қазақстандық татар жазушысы Ибрагим Салаховтың «Көкшетау даласында», Сәкен Жүнісовтің «Жапандағы жалғыз үй» романдарында т.б. көрініс тапқан. Әсіресе, қазақ халқының менталитетіне қатты әсер еткен маскүнемдік, отбасындағы тұрақсыздық қатарлы келеңсіз жағдайлардың дәл осы тұста қалыптасқаны аталған романдарда шынайы баяндалады. Тың игеру жылдарындағы сұрапыл миграциялық үрдістің салдарынан қазақ халқының Қазақстандағы үлес-салмағы 1959 жылғы санақ нәтижесі бойынша 29 пайызға дейін құлдырады. Н.С.Хрущевтің: «Біз патшалық Ресейдің екі ғасырда жасай алмағанын бірнеше жылда жасап үлгердік», - деуінің мәнісі де осы болатын. Бұл демографиялық кері сальдоның зардабын қазақ халқы әлі тартып отыр. Себебі, тың игеру жылдары құрылған көптеген аудандарда жергілікті ұлт өкілдерінің үлесі екі пайыздан аспайтын жағдайлар кездесті. Қазақстаннан тыс өлкелерден келген тың игерушілерге: «Бұл өлке ежелден игерілмеген, иен жатқан қу медиен дала», - деп ұғындырылды. Сондықтан да келімсектер үшін өздері келіп түскен аумаққа бағзыдан кіндігімен байланған жергілікті халықтың жан дүниесін, салт-дәстүрін, тілін үйренудің, танып білудің еш қажеті болған жоқ.

Қазақстан жеріне келген тың игерушілердің легін жастар құрады. Олар иен далаға қазығын қағып, орнықты. Ешқандай елді-мекен болмаған ен далаға келіп қоныстана бастады. Арман –мақсаттары соғыстан кейінгі тұралап қалған халықты астықпен тойдыру еді. Халыққа азық-түлік жетіспеді, адамдар нан алу үшін үлкен кезекте тұруға мәжбүр болды. Азық-түлік жетіспеушілік тапшылығынан арылу үшін, халықты астықпен қамтамасыз ету мақсатында 1954 жылы СОКП ОК елде ары қарай астық өнімін ұлғайтуға, тың және тыңайған жерлерді игеруге шешім қабылдады. Қазақстанда 1954–1960 жылдары 25,5 млн. га тың және тыңайған жерлер жыртылса, оның 17 млн. жері Қостанай, Целиноград, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Көкшетау облыстарының аумағында болды. Игеру науқаны басталысымен КСРО-ның түкпір-түкпірінен жастар ағыла бастады.

1954 жылы мәліметтерге сенсек Қазақстанға 130 мыңнан астам адам, ал 1954–1955 жылдары барлығы 360 мың механизаторлар, құрылысшылар және т. б. мамандар, инженерлі-техникалық жұмысшылар жіберілді, ал 1954–1960 жылдары 640 мың-нан астам жастар келсе, оның жартысын комсомол жолдамаларымен келген жастар құрады. Сонымен 1954 жылы маусымында тың игеру аудандарында Кеңестік Одақтың республика мен облыстарынан 57 мың комсомолдар мен жастар және Қазақстанның облыстары мен аудандарынан 12 мың жастар жұмыс жасады. Тың игеру жылдары

Қазақстан халқының саны 2,9 миллионға немесе 39,2% ұлғайды. Ал тың игеру аудандарында халық саны 61%-ға өсті. 1954-64 жылдар аралығындағы он жылдықта халық саны 4,4 миллионға өскен. Әсіресе Қостанай мен павлодар облыстарының халқының саны күрт ұлғайған.

Алғашқы тың игерушілерді орналастыруда және мәдени-тұрмыстық жағдайларын қамтамасыз етуде қиындықтар болмай қоймады. Тыңгерлер қаққан қазық толыққанды ауылға айналды. Басында шатырлар мен вагондарда өмір сүрген олар, совхоздарға бірігіп, елді мекендерде мәдени ошақтар, білім беру мекемелері мен тұрғын үйлер салына бастады.

Ақмола облысына – 3705;

Көкшетау облысына – 1363;

Қостанай облысына – 4877;

Павлодар облысына – 1431;

Солтүстік Қазақстан облысына – 2666 адам келген.

Әр елден Қазақстан даласына қарай ағылған адамдардың ағыны шынымен де жоғары болды. Алғашқы үш аптада тек комсомол еріктілері 25 мың адамды құрады, ал маусымның аяғында келушілер саны 75 мыңнан асып түсті. Сол жылдары бұл көрсеткіш бүкіл Көкшетау тұрғындарынан екі есе жоғары еді, ал Целинаның астанасы атанған Ақмола тұрғындарының саны екі жылдың ішінде 80 мыңға жетті. 1954 жылдың қыркүйегінде әскери қызметтен босаған әскери қызметшілері де еріктілер қатарына қосыла бастады. Тың игеру басталған алғашқы қыста дейін жыртылған тың жерлердің көлемі 11 мыңға жетті.

Осылайша, 1954-1959 жылдар аралығында Қазақстанның тың аймақтарында ауыл шаруашылығында жұмыс істейтіндердің саны бес еседен астам өсті! Жалпы, Ақмола облысының халқы 41%-ға, Көкшетау – 37%-ға, Қостанай – 56%-ға, Павлодар – 44%-ға өсті. Осы бес жыл ішінде республика тұрғындарының жалпы саны төрт есеге жуықтады.

Тың игеру деген бұл тек жердің жыртылуы ғана емес, бұл сонымен қатар тұрғын үй, мектеп, аурухана, балабақшалар, клуб, жол құрылысы, көпір, аэродромдар, мал шаруашылығының құрлысы, қоймалар, зауыттар мен өнеркәсіп ғимараттарының тұрғызылған уақыты. Республикада әсіресе әлеуметтік нысандар көптен тұрғызылды. Теміржол, елді мекендер арасындағы жолдың құрылысы, электр желілері, телеграф, радио байланыс, ірі элеваторлар мен ауыл шаруашылығы техникаларын құрастыратын ірі кәсіпорындар пайда болды. Осының бәрі де тың игеру жылдары қол жеткен жетістіктер.

Әрине толассыз келіп жатқан осыншама адамды тұрғын үймен азық-түлікпен қамтамасыз ету проблемасы тұрды. Тыңгерлердің естеліктерінде кейбір совхоздар екі-үш күндеп азық-түліксіз қалатындығы жазылған.

Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысы, Черкасск совхозында 26 бала дүниеге келген, ал жұмыс кооперативінде сатып алуға көрпе де, жөргекте, балаларға арналған кереует те, жас нәрестеге арналған киімдер де жоқ, 6 мың жәшік емізік ғана әкелінген. Жұмыспен тұрмыстың қатаң жағдайларына шыдамай мыңдаған тың игерушілер Қазақстан жерлерлерін тастап, өз туған өлкелеріне кері қайтқан. Мәселен, Көкшетау облысына келген 2598 отбасынан 663 отбасы, Ақмола облысында – 412, Павлодар облысында – 416 отбасы өз елдеріне кетіп қалған.

Республика көлемінде ауыл шаруашылығы мамандарын дайындайтын бірнеше жоғарғы оқу орны, СПТУ лар мен арнайы техникумдар ашылып, жастарды оқыту мәселесі мен кадр тапшылығы мәселесін шешкен. 1953-54 оқу жылында 9,4 мың жалпы білім беретін мектептерде 1347 мың бала (*оның ішінде ауыл мектептерінде 791 мың*), балабақшаларда 33 мыңнан астам бала тәрбиеленді. Тың игеру жылдары 44 арнайы білім беретін, 13 жоғарғы білім беретін, олардың 3-еуі ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын оқу орындары ашылды. 196 арнайы білім беретін оқу орындарында 171 мың бала оқыса, 39 – жоғарғы білім беретін оқу орындарында 144 мыңнан астам студенті тәлім тәрбие алды.

Тыңға келгендер ең алдымен партияның тапсырмасын орындап, патриоттық сезімнің желеңімен келгендер еді. Иен далаға қазық қағып, халықты нанмен тойдырамыз деген асқақ арман мен жалаң ұранның жетегінде келген жастардың – тың игеруге келген өзге ұлт өкілдерінің ұрпағы бүгінде Қазақстан жерінде тамырын тереңге жайып, халықтың басым бөлігін құрауда.

Қорытындылай келе, тың және тыңайған қазақ жерлерін игеру үшін 1954—1959 жылдары 1 млн 500 мың адам келді. Қазақстандағы тың эпопеясы , орталықтың ұйғаруымен жоспарлы ұйымдастырған көші-қон ғаламат этнодемографиялық өзгерістерге әкелді. Нәтижесінде Қазақстанның ұлттық құрамы түбірлі өзгеріп, қазақтар өз жерінде азшылыққа айналды. Қазақ ұлтының республика тұрғындары арасындағы үлесі 1959 жылғы санақ бойынша 38%-дан 30%-ға (2 млн 787 мың адам) күрт төмендеді. Жалпы, 1953—1965 жылдары ауыл шаруашылығы тұрғындары Қазақстанда 2 млн-ға көбейді, демек, 1,5 есеге артты. Қазақстандағы халық санының көбеюі табиғи өсім есебінен емес, механикалық өсу жолымен жүрді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы: әдістемелік // Алматы, №5, 2009 жыл
2. Тың игеру жылдарындағы Қазақстанның демографиясы | world-nan.kz
<https://world-nan.kz/kz/blogs/demografiya-kazakhstan-v-gody-osvoeniya-tseliny>
3. “Тың эпопеясы тарих таразысында” С.Мәлікова. Алматы, 2014 жыл

ӘОЖ 913

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

¹Қабдрахманова Н.Қ., ²Зарылханова Б.М.

Сениор-лектор, жаратылыстану ғылымдары магистрі

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан
knazym90@mail.ru

Аннотация: Мақалада Шығыс Қазақстан аумағындағы кен орындарының ашылуына үлес қосқан зерттеуші ғалымдар туралы тың мәліметтер берілген. Сондай-ақ кен орындарының ашылу тарихы жайында қарастырылған.

Кілт сөздер: экспедиция, пайдалы қазба, тау-кен, зерттеу, минерал, маршрут

Алтай тауларының оротектоникалық ерекшеліктері мен геологиялық құрылымын, кендену ерекшеліктерін танып білу Қазақстан табиғатын зерттеудегі аса бір маңызды мәселе болды.

Физикалық-географиялық зерттеудің дамуы өлкенің табиғи-ресурстық мүмкіндіктері мен өнеркәсіптік-өндірістік құрылымының өзгеруіне ықпалын тигізді. Материалдық өндірісті дамыту қажеттігі Шығыс Қазақстан табиғатын зерттеу жұмыстарын рет-реті мен жүйелі түрде өрістетудің қозғаушы күшіне айналды.

Аймақтағы тау-кен өнеркәсібінің дамуы өндірістің инфра құрылымының өркендеуіне, құрылыс индустриясының жандануына, жаңа жұмыс орындарының пайда болуына әсерін тигізеді.

1730 жылы штейгер Иван Чупоршнев Березовка кен орнын ашты. Демидов 1731 жылдан бастап Невьян зауытынан әкелген жұмысшылар күшімен бұл учаскені пайдалану басталды. Жем мен нан алыс Сібір және Орал уездерінен жеткізіліп отырды.

Азық-түлік мәселесін шешу үшін 1760 жылы «Өскемен бекінісінен орын алу туралы және онда Уба өзендері, Ертіс өзенінің оң салалары Березовка, Глубокая, Үлбі және Ертіске құятын басқа да өзендер бойынша сол жақтағы бекіністер мен қоныстандыру туралы екі мың адамға дейін орыс халқыты» қоныстандырыру және Өскемен бекінісінен орын алу туралы «Сібір Жарлығы шықты» [1].

Алтайды зерттеуге Берлиннің тумасы Петр Симон Палласта үлкен үлес қосты. Ол 1741 жылы 22 қыркүйекте дәрігер отбасында дүниеге келген. 1770 жылдың жазында Паллас Алтай тауларына жүретін экспедицияны басқарды. 21 Маусымда Паллас Семейге келді, содан кейін Ертістің оң жағалауымен солтүстік-батыс Алтайға қарай жүрді. Өскемен бекінісіне барды. Оны Ертістен Құлынды даласы арқылы жүріп, Барнауылға жететін жолақты бор қызықтырды. «Бұл таулардың Ұлы Алтай жотасының бастауы, ... Солтүстік Азия арқылы шығыс жағына таралады, - деп жазды ол, - және Ертістен обаға дейін Алтай атауы, обадан Енисейге дейін Саян» деп сипаттаған [2].

Паллас экспедиция нәтижесінде Алтайдың археологиясы, этнографиясы, геологиясы, флорасы мен фаунасы туралы көптеген мәліметтерді жинақтады. Алтайда Паллас биік жартасты тауларда мекендейтін пиканы (тас қоянын) ашып, сипаттады. Ол қар барысы, Алтайда жоғалып бара жатқан қабан мен жолбарыс туралы ақпарат берді. Ол округтің тау-кен өндірісін, зауыттары мен кеніштерін сипаттады.

Алтайды зерттеуге П.И. Шангин үлкен үлес қосты. 1786 жылы Екатерина II тау-кен өндірісі кабинетінің нұсқауы бойынша П.И. Шангиннің экспедициясы Катунь өзенінің саласы Коксы алқабына шықты. Катунь бойымен П. И. Шангин кең Уаймон даласының сол жағалауынан өтіп, зерттеушілердің алғашқысы Катун жотасының солтүстік беткейлеріне жетті. Тауда өткізілген бес айдың ішінде батыл зерттеуші нақты картографиялық түсірілімдер жасады. Ол жасаған карта сол кездегі

географтарға Алтайдың ескі карталарында көптеген «ақ дақтарды» толтыруға мүмкіндік берді. П. И. Шангин бүкіл саяхаттың бағытын Алтай картасына енгізіп, барлық жаңадан ашылған кен орындарын белгіледі. П. И. Шангин зерттеушілердің алғашқысы болып Катун жотасының солтүстік беткейлеріне шығып, Алтайдың Мұзтау тауының қарлы шыңдарының жарқырауына таң қалды. П. И. Шангинді Алтайдың алғашқы ботанигі деп атауға болады, ол геолог, географ, минеролог болды. Ол Алтайдағы асыл тастардың 145 көзін тауып, олардың 64-ін картаға түсірді, өсімдіктердің 250 түрін сипаттады.

Филипп Риддер-түсті металдардың ең бай кен орындарын ашушы. Риддер қаласы 1786 жылдың мамыр айында Батыс Алтайдың тау бөктерінде металл кендерінің бай кен орнын ашқан жас тау кеңесшісі Филипп Риддердің атына берілген. Бұл ашырудың маңыздылығы мен лайықты бағасын шамамен 100 жылдан кейін ағылшын миллионері Лесли Уркварт берді, ол бұл кен орнының әлемдік масштабтағы бірегейлігін атап өтті.

Жаз бойы 27 жастағы кенші отряды Үлбі, Ертіс жағалауын және Убаның сол жағалауындағы жерлерді зерттеп үлгерген. Мұражай құжаттарында айтылғандай, минералдардың 39 көрінісі ашылды, сондай-ақ асыл тастар, 2 бай тамырлар, 4 кен көрінісі. Нәтижесінде олардың 10-нан астамы болашақта өнеркәсіптік өңдеу үшін жарамды болып шықты [3].

1797 жылы Василий Белоусов Шығыс Қазақстан облысының Глубокое ауданында Өскемен қаласынан солтүстік-солтүстік - батысқа қарай 18 км жерде орналасқан полиметалл кен орнын ашты. Оны ежелгі шахтан орындары және қазбалары бойынша тапқан. 1797-1887 жылдары Белоусовка кенішінде 5 797 913 пұт бай тотыққан кен өндірілді, кеннен 3 701 177 пұт (шамамен 60 мың тонна) мыс балқытылды.

Алтайды зерттеуге тау – кен ведомствосының дәрігері Ф.В. Геблер-атақты жаратылыстанушы, Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, қоғам қайраткері үлкен үлес қосты. Ғалым Алтай тауларының орталық жерлерінің алғашқы толық картасын жасады. Ф.В. Геблер өзінің ұстазы арқылы ұлы неміс ғалымы және ақыны И. В. Гетеге Алтай минералдарының кең коллекциясын бергені белгілі. Ф.В. Геблер П. К. Фроловпен бірге Барнаул өлкетану мұражайын құрудың бастамашысы болды.

Кесте 1 Шығыс Қазақстанның геологиялық географиялық зерттеулері

№	Зерттеушінің аты-жөні	Зерттеу жүргізген жылдары	Қандай аймақтар зерттелді	Зерттеу нәтижелері
1	И. Чупоршнев	1730	Ертіс өзені бойы	Березов полиметалл кен орны
2	П.С. Паллас	1771-1772	Ертіс бойы, Алтай өңірі	Ертіс өңірінің жаратылыс жағдайы, байлығы зерттелді
3	П.И. Шангин	1786-1796	Таулы Алтай, Катунь, Чарыш өзендерінің бойы	Таулы Алтай картасы жасалып, 150-ге жуық пайдалы қазба түрлері табылды
4	Ф. Риддер	1786	Үлбі, Ертіс өзендерінің аңғарлары	Алтайдағы түсті металл кен орындары ашылды
5	В. Белоусов	1797	Кенді Алтай	Белоусовка кен орыны

				ашылды
6	Ф.В. Геблер	1820-1836	Бұқтырма, Катунь өзендері бойы	Рахман қайнарын сипаттап жазды. Мұзтау биіктігін анықтады
7	К. Лебедур	1826	Катунь, Ертіс бойы, Зайсан көлі	Оңтүстік Алтай таулары картаға түсірілді
8	А. Гумбольд	1827-1829	Алтай таулары	Алтайдың геологиялық құрылысын зерттеп, жаңа пікірлер айтты
9	Н.А. Чихачев	1842	Алтай таулары	Алтайдың бірінші геологиялық картасы жасалды
10	М. В. Певцов	1866-1879	Тарбағатай, Сауыр жоталары	Осы аймақтардың картасы түсірілді
11	Е.П. Михаэлис	1870-1871	Зайсан өңірі	Кендірлікте жаңғыш тақтатас пен көмір кені анықталды.
12	Н.Я. Ядринцев	1878	Алтай таулары, Ертіс- Обь өңірі	Алтайдағы кен орындарының ашылуы
13	В.А. Обручев	1905-1914	Алтай, Қалба жоталары	Қалба тауларының геологиясы зерттеліп, алтын кен орындары болжанды
14	В.П. Нехорошев	1950	Алтай таулары	Тархан геологиялық ескерткіші зерттелді
15	Қ.И. Сәтпаев	1946-1964	Алтай таулары	Кенді Алтайдың геологиялық жағдайы зерттеліп, тұңғыш Алтай кен-металлургиялық ғылыми-зерттеу институты ашылды
16	В.С. Ерофеев	1959	Зайсан қазаншұңқыры мен Сауыр, Сайқан таулары	Динозаврлардың қалдықтары мен жұмыртқалары табылды

Николай Михайлович Ядринцев-публицист және қоғам қайраткері, Сібірді зерттеуші, археолог, этнограф. 1878 жылы ол Алтайға алғашқы кешенді экспедиция жасады (Ресей Географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің мүшесі ретінде), қоныс аудару ісін зерттеді, этнографиялық және ботаникалық материалдар жинады. 1880 жылы Николай Ядринцев 2-ші экспедицияны жүзеге асырды, нәтижесінде Телец көлі мен Чуй өзенінің географиялық карталары жасалды, көптеген қызықты антропологиялық зерттеулер жүргізілді. Ядринцев Алтайдың барлық аудандарына, соның ішінде орталыққа барды. высокогорную облысы.

1914 жылы геология профессоры В.А. Обручев Алтай қатпарлы палеозой тауларының жүйесі ретінде жер бетінен жоғалып кетті, ал олардың орнында жаңа, жас таулар пайда болды деген болжамдарды тексеру мақсатында Алтайға саяхат жасады. Обручев ірі ғалым, геология және география, Сібірдің мұздануы туралы көптеген еңбектердің авторы болды. Катуні географиясын зерттеу оның қызығушылықтарының шеңберіне кірді. Сайлаугем жотасындағы шыңдардың бірі және Чихачев жотасындағы мұздық В. А. Обручевтің есімімен аталған.

Владимир Афанасьевич Обручевтің есімі бүкіл әлемнің геологтары мен географтарына әйгілі. Оның осы саладағы жазған еңбектері ТМД елдерінің жер құрылысы мен беткейлерін, табиғатын тануға зор үлес қосты. Владимир Афанасьевич Обручевтің есімімен Орталық және Орта Азияда, Сібірде ғана емес, Шығыс Қазақстанда жүргізілген зерттеулер де тығыз байланысты. Ол 1905 жылғы Орта Азияға саяхаты кезінде Семей облысын солтүстігінен батысына, оңтүстігінен шығысына дейін өтіп Тарбағатай сілемдерін, Маңырақ қыраттарын, Зайсан ойпатын, Қара Ертіс жағалауын зерттеді. Зайсанда болды. Ол, әсіресе, Қалба тауларының геологиялық және географиялық құрылысына ерекше назар аударды. Алғашқы жыл өткен соң ғалым бұл жерге екінші рет экспедиция жасады [5]. Ғалым 1911 жылы Өскеменде болып, күнделігіне ол туралы Орталық алаңда бірнеше тастан салынған үйлері бар үлкен село. Қалада қонақ үйлер болмағандықтан біз көмір іздеумен және оның жиналуын күтумен бірнеше бөлмелі, жиһаздары жоқ бос үйге екі күн тоқтадық— деп жазды. Ол Өскеменде өзіне Қалба таулары туралы деректер берген саяси жер аударылған Е.П.Михаэлиспен танысты. В.А.Обручев жаз бойы өз баласы Сергеймен, тау-кен инженері Павловпен бірге Қалба тауларын геологиялық зерттеумен шұғылданып, бірқатар алтын қазатын рудниктерде болды. Ақжал поселкесі ауданында тау жыныстарының 300-ден аса түрлерін жинап, топографиялық және геологиялық карталар жасады. Ол өз еңбектерінде археологтардың назарын Қалба тауларын тас дәуірінде адамдар мекендеген жерлер ретінде зерттеу керектігіне аударды. Қалба тауларына жасаған екі экспедициясы туралы Обручевтің «Менің Сібірдегі саяхаттарым» деген кітабында жазылған. Қалба тауларында болғанда ол Алтайдың геологиясына ерекше мән берді [6]. Алтай ежелгі тау жүйесі деген ұғым дұрыс емес деген қорытындыға келді. Ғалымның 1914 және 1936 жылғы саяхаттары Алтайды тереңірек зерттеуге арналды. Соның нәтижесінде маңызды ғылыми жаңалықтар ашылды. Бұл В.А.Обручевті біздің еліміздегі даңқты геологтар қатарына қосты.

Василий Петрович Нехорошев (2 қазан 1893 жыл — 1977) — геолог, палеонтолог және стратиграф, геология-минералогия ғылымдарының докторы (1937), профессор. Алтайдың ежелгі мұздықтары мен пайдалы қазбаларын қайта құру, карст түзілу процестері, тектоника және т.б. зерттеген. КСРО-да майлышөп фаунасын зерттеудің негізін қалаушы.

Кенді Алтай кен орындары бойынша басқа ғалымдардың постулатты ғылыми жағдайы мен зерттеулерін басшылыққа ала отырып, Қ.Сәтпаев өзінің кәсіби және ғылыми қызметінің нәтижесін білдіретін «түсті металдар кендерін кешенді пайдалану бойынша Қазақстан Ғылым Академиясының зерттеулері» атты ғылыми жұмысында Шығыс Қазақстан үшін түсті металдар кендерін кешенді пайдалану бойынша зерттеулерді қорытындылаған (ҚазКСР ҒА Жаршысы, 1962. – № 12. - Б.3-11).

Практикалық, яғни, саяси-экономикалық т.б. мүдделерді жүзеге асыру мақсатымен әскери экспедициялар ұйымдастырылды, пункттер құрылды, геодезиялық зерттеулер және басқа табиғи ресурстарды іздестіру жұмыстары қолға алынды.

Қазақстанның бүкіл территориясы Ресейге қосылған тұста маршруттық шолып-бақылау және арнайы географиялық зерттеулер кең көлемде өрістетілді. Бұл кезеңде негізінен екі міндет – бір жағынан, әскери операцияларды қажетті картографиялық материалдармен қамтамасыз ету, екінші жағынан, Ресей империясының құрамына

енген Қазақстан жерлерінің табиғи ресурстарын іздеп табу міндеттерін алға қойылды. Қазақ жерлерінің географиялық тұрғыдан зерттеу ісіне академиялық экспедициялар үлкен үлес қосты.

Орыс Географиялық қоғамы, Қайта қоныстандыру басқармасы, Геологиялық комитет және басқа ұйымдар қазақ жерін физикалық-географиялық зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуде.

Қазір Қазақстан пайдалы қазбаларға бай мемлекет ретінде ғана емес, бірлескен кәсіпорын құрғысы келетін инвесторлардың көпшілігі көздейтін өндіріске тиімді өңір де болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Щерба Г. Н. Металлогения Рудного Алтая и Калбы / Г. Н. Щерба, Б. А. Дьячков, Г. П. Нахтигаль. – Алма-Ата, 1984. – 112 с.
2. Бубличенко Н. Л. В поисках горных богатств Рудного Алтая / Н. Л. Бубличенко. – М. : Недра, 1974. – 120 с.
3. Цыбульский В. Научные экспедиции по Казахстану / В. Цыбульский. – Алма-Ата : Казахстан, 1988. – 215 с.
4. Романович Ф. Полезные ископаемые / Ф. Романович, А.И. Кварцов, Д. П. Филиппов. - Алма-Ата : Наука, 1982 – 384 с.
5. Нұралин Н. Қазыналы қойнаулар / Н. Нұралин. – Алматы : 1983 – 160 бет.
6. Филиппов Д. П. Геология месторождений золота Казахстана / Д. П. Филиппов. – Алматы : 1984. – 426 с.

ӘОК 372.3/4

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ СЕНСОРЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР

¹Г.Т. Танабаева, ²Н.Ш. Султонова, ³М.Б. Муратбекова
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: gulmira.tanabayeva.84@mail.ru

Баланың жүйелі түрде білім мен тәрбие алатын алғашқы баспалдағы-бөбекжай-бақша. Мектепке дейінгі жас-баланың одан әрі дамуының негізі. Осы уақытта балалар салыстырмалы түрде тәуелсіз, қоршаған әлемге, заттар мен заттардың қасиеттеріне қызығушылық танытады. Бала үшін ең қолайлы тәрбиелеу және оқыту құралы – ойын. Ойын балалардың бүкіл өміріне еніп, дамуына игі әсер етеді. Ойын әрекеті баланы қызықтыруға, ынталандыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда бөбекжай-бақшаларда балаларға білім берудегі оңтайлы жаңа әдістердің бірі – сенсорлық білім беру, яғни, дидактикалық ойындар негізіндегі сенсорлық білім болып табылады. Бөбекжай-бақшаларда балалардың ойлау шеңберін сенсорлық тәрбиемен оқыту, сенсорлық білім беру, дидактикалық ойындар арқылы кеңейтеді. Дидактикалық ойын жүйесін үнемі пайдалану, айналасындағылардың түсімен, пішінімен, мөлшерімен танысуға арналған

мектеп жасына дейінгі балалармен сенсорлық тәрбиенің жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік тудырады. Шетел ғалымдары Ф.Фребель, Е.И. Тихеева, М.Монтессори, Л.А. Венгер, және т.б. сенсорлық тәрбиемен оқыту мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі аспектісі деп санаған.

Сенсорлық – дыбыс, жарық, иіс, дәм және тактильді сезім сияқты сыртқы ортадан келетін әртүрлі тітіркендіргіштерді ағзаның қабылдауы мен реакциясын зерттейтін ғылым. Ол сондай-ақ оқыту, дамыту немесе терапия мақсаттары үшін әртүрлі сенсорлық жүйелерді ынталандыру үшін қолданылатын әдістер. Сенсориканың дамуы баланың әртүрлі пәндердің ерекшеліктерін үйренуінен басталады. 5 жасқа дейін нәресте арнайы сенсорлық стандарттар негізінде бір объектінің және бірнеше объектінің қасиеттерін бір-бірімен салыстыруды үйренуі керек бұның бірнеше түрі бар:

- түстер: кемпірқосақ түстері, реңктер және реңктер;
- пішіндер: шеңбер, шаршы, үшбұрыш және т. б;
- шамалар: метрикалық жүйе;
- есту: ноталар, тілдің дыбысы;
- дәмі: тәтті, тұзды, ащы, қышқыл және т. б;
- иісі: гүлді, ұнтақты, ауыр және т. б.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сенсорлық дамуының ерекшелігі-сезім мүшелерінің қызметі жетіліп, қоршаған орта туралы ойлары қалыптасады. Балалар әртүрлі анализаторлардың жұмысын-көру, есту, ұстау, тактильді, иіс сезу, дәм сезу; тері-бұлшықет тағы да басқа өзгерістерді жетілдіреді.

Сенсорлық тәрбие-тұлғаның жан-жақты дамуының негізі. Сенсорлық даму еңбек өнімділігін арттыруға, еңбектің шығармашылығына зор ықпал жасайды. Ең бастысы, ол ғылым мен техниканың, мәдениеттің жедел дамуының қайнар бұлағы екендігін үнемі есте ұстағанымыз жөн. Қорыта айтқанда, сенсорлық тәрбие-адам зиялылығының негізі [1].

Дидактика-оқытудың әдістері мен принциптері және оқыту процесі туралы ғылым. Білім, білік, дағдыны әртүрлі педагогикалық әдістер мен әдіс-тәсілдер арқылы жеткізу жолдарын зерттейді [2, 39 б.].

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту теориясы мен практикасында тәрбиеге айтарлықтай көңіл бөлді. Сенсорикалық тәрбие халықтық педагогикаға негізделген. Әдістер мен әдіс тәсілдері танымал ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Ф. Фребельдің жүйесі мектеп жасына дейінгі баланы қабылдауды тәрбиелеу міндеті болып саналды негізгі және оны шешу үшін дидактикалық материалдар қолданылды – геометриялық денелер [3, б. 303]. М. Монтессори жүйесінде бала даму үшін сезім мүшелері заттар мен құбылыстарды бақылау қолданылады арнайы дидактикалық ойындар мен жаттығулар материалдармен, сурет салу, мүсіндеу жатады. Е.И. Тихеева сенсорлық қабылдауды дамытуды қарастыра отырып, тәрбиеге көп көңіл бөліген. Ойлау және сөйлеу ажырамас бірлік деп және оны таныммен қоршаған өмір, табиғат әлемі, ойындар және еңбекпен байланыстырған.

Шетел ғалымдарының сенсорлық білім беру теориясына негізделген Б.Г. Ананьев, Л.А. Венгер жасаған қабылдау, Л.С. Выготский, А.В. Запорожец, В.И. Логинова, А.Н. Леонтьев, А.М. Леушина, С.Л. Рубинштейн, А.П. Усова және т. б. А.В. Запорожец сенсорлық стандарттар жүйесі мәдениеттің өнімі деп санады, әлемді тану

құралын алу үшін балалар игеруі керек [4]. Л.А. Венгердің еңбектері дәйекті кезеңдерге егжей-тегжейлі талдау жасау сенсорлық эталондар жүйесін игеру [5]. В.И. Логинова пәндер нысанын зерттеуде ұйымдастыру әдістемесін әзірлеген, бұл балалардың арасындағы жалпы байланысты білуіне негіз болады, нысандардың сыртқы түрі және олардың мақсаты болып табылады [6].

Мектеп жасына дейінгі бала дамуы үшін ойын өте маңызды. Баланы дамытатын ойындар ішінде бөбекжай-бақшасы үшін ең тиімдісі дидактикалық ойын. Дидактикалық ойын түрлерінің тиімділігі бұл ойында сенсорикалық білім қатар жүреді. Себебі дидактикалық ойын бала қолымен түрлі пішіндерді, жануарлар кескіндерін алып жапсытырып ойнаумен ерекше. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған дидактикалық материалдардан жасалған сенсорикалық ойын түрлерін 5 түрге бөліп жіктеп қарастыра аламыз. Олар:

1.Тактильді материалдар арқылы жасалған ойындары: тактильді контейнерлердегі әртүрлі текстуралы материалдар, әртүрлі текстурасы бар қораптағы заттарды іздеу немесе әртүрлі материалдарды соның ішінде: құм, модельдеу саз, мата және т.б. пайдаланып суреттер жасау сияқты ойындарды қамтиды.Тактильді материалдары бар ойындар балалардың сенсорлық және дидактикалық дағдыларын дамыту үшін өте пайдалы болуы мүмкін. Міне, кейбір мысалдар: Сенсорлық қораптар: қораптарды күріш, құм, мақта, дәндер, мозаика және т.б. сияқты әртүрлі материалдармен толтырыңыз. Балалар әртүрлі текстураларды, пішіндерді және өлшемдерді зерттей алады. Сенсорлық карталар: картон, велюр, жүн, зығыр және т.б. сияқты текстурасы әртүрлі карталарды жасаңыз. Балалар беттердегі айырмашылықтарды зерттеу үшін бұл карталарды саусақтарымен жүргізе алады. Қалыптау материалдары: Балаларға әртүрлі текстуралар мен пішіндерді жасауға мүмкіндік беру үшін сазды, ермексазды немесе әртүрлі қалыптарды пайдаланыңыз. Сенсорлық кітаптар: беттерінде әртүрлі материалдардан кітаптар жасаңыз, мысалы, үлбір, киіз, пластмасса, барқыт және т.б. Бұл балаларға текстураны тануды және сипаттауды үйренуге көмектеседі. Джигсо және құрылыс блоктары ойындары: Балаларға басқатырғыштарды, құрылыс блоктарын немесе түймелер, моншақтар және шнурлар сияқты қарапайым материалдарды пайдаланып әртүрлі пішіндер мен үлгілерді жасауға мүмкіндік беріңіз. Бұл ойындар тактильді дағдыларды дамытуға, моторика мен көрнекі қабылдауды жақсартуға, шығармашылық ойлау мен қиялды ынталандыруға көмектеседі.

2. Көрнекі ынталандырушы ойындар: Бұл түстер, пішіндер, иллюзиялар, оптикалық иллюзиялар және көрнекі сезімдерді ынталандыратын әртүрлі нысандар бар ойындар болуы мүмкін. Мысалы, түстерді, пішіндерді және әртүрлі геометриялық пішіндерді тану арқылы ойындар ойнауға болады.

3. Дыбыстары мен музыкасы бар ойындар: Түрлі музыкалық ойындарды, музыкалық аспаптарды пайдаланатын ойындар. Бұл арқылы бала табиғат дыбыстарын немесе заттардың дыбыстарын таниды.

4. Дәм және иіс сезу ойындары: Бұл ойындарға иісті тану, дәм сезімін қамтитын ойындар кіруі мүмкін. Мысалы, әртүрлі тағамдардың дәмін көру немесе ароматерапия сияқты.

5. Қимыл-қозғалыс және жанасу ойындары: Бұл әртүрлі қозғалыстарды қамтитын ойындар болуы мүмкін. Мысалы, жаттығулары бар ойындар, балалардың әртүрлі көркемдік материалдарын пайдаланатын ойындар.

Бұл ойындарды әртүрлі жастағы және әртүрлі қажеттіліктері бар балаларға бейімдеуге болады. Сенсорлық тәрбиеге арналған дидактикалық ойындарды құрастырған кезде әрбір баланың жеке ерекшеліктерін ескеріп, олардың дамуына ықпал ететін, қызығушылықтарын қанағаттандыратын ойындарды жасау маңызды.

Қорытындылай келе, дидактикалық ойын арқылы баланың сенсорлық қабілеті дамиды. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда дидактикалық ойын маңызды болып есептеледі. Осылайша, мектепке дейінгі балалық шақта сенсорлық процестер дамиды және жетілдіріледі. Бұл болашақта баланың жан-жақты дамуына, ойлауы мен сөйлеуіне әсер етеді. Сенсорлық дамудағы маңызды бөлігі-дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану. Балалардың толыққанды сенсорлық дамуы үшін дидактикалық ойындар тәрбиешінің ұйымдастырылған іс-әрекет мақсатына қарай таңдалуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмабекова Ф. Мектепке дейінгі педагогика. - Астана 2014. - 134 б.

2. Грабова В.П., Арынбаева Ш.К., Исакова Ж.Ф. Мектепке дейінгі балалардың қауіпсіздік тәртібі негіздері. – Көкшетау, 2017. - 284 б.

3. Тәрбие мен оқыту әдістемесінің негіздері бар мектепке дейінгі педагогика: жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Үшінші буын стандарты. /Ред. А. Г. Гогоберидзе, О.В. Солнцева. - Санкт-Петербург.: Питер, 2013ж. – 303 б.

4. Дунаева Н.А. Е.И. Тихееваның теория мен Әдістемеге қосқан үлесі Ресейдегі мектепке дейінгі тәрбие. // Қазіргі заманның өзекті мәселелері ғылым және білім беру. I Халықаралық ғылыми-практикалық материалдар конференциялар. - М.: "Перот" Баспасы, 2016ж. - Б.51.

5. Венгер Л.А., Пилюгина Э.Г., Венгер Н.Б. Сенсорлық тәрбие 6 жасқа дейінгі баланың мәдениеті: бала тәрбиешісіне арналған кітап бақша. – М.: Білім, 2008ж. – 144 б.

6. Туғаннан мектепке дейін. Негізгі білім беру бағдарламасы мектепке дейінгі білім беру. / Ред. Н.Е. Вераксы, Т.С. Комарова, М. А. Васильева. – М.: МОЗАИКА-СИНТЕЗ, 2015. -368 б.

ӘОЖ 378.147:54

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ОРЫНДАРЫНДА ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА КӘСІБИ БАҒЫТТАУ

Қостанай Аяжан Анарбекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

ayazhan.kos@mail.ru

Кәсіби бағдардың күрделі де кешенді бағдарлама екені белгілі. Ол әдістері мен мазмұны бойынша психологиялық-педагогикалық және медициналық-физиологиялық,

әлеуметтік шаралар болып бөлінеді. Кәсіби бағдар жұмысының нәтижелері елдің экономикалық өміріне тікелей әсер ететін факторлардың бірі болып табылады.

Ғалымдар бұл ұғымды әр түрлі анықтаған. Педагогика ғылымының өкілдері кәсіптік бағдар деп мектептердің педагогикалық ұжымдарының, отбасының, кәсіптік оқу орындарының педагогикалық ұжымдарының, жұртшылықтың болашақ мамандықтарды оқушылардың жеке мүдделеріне, бейімділіктеріне, қабілеттеріне, психикалық және физикалық деректеріне және қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктеріне сәйкес дұрыс таңдау мақсатында жүргізетін қызметін түсіну керек деп санайды [1].

Еліміздің мектептеріндегі химияны оқыту дәстүрлеріне қолданбалы бағыттағы мәселелерге терең қызығушылық жатыр [2].

Химияға табиғатта болып жатқан процестерді және елді химияландыру мәселелерін түсіну үшін қажетті білім жүйесін қалыптастыру міндеттері жүктелген. Педагогикалық әдебиеттегі соңғы міндет оқушылардың негізгі химиялық өндірістерді зерттеуімен байланысты болды. Бұған дейін, политехникалық дайындық мақсатында бағдарлама оқушыларды химиялық өндірістермен және олардың дамуының негізгі бағыттарымен таныстыруға мүмкіндік берді: шикізаттың жаңа көздерін игеру, прогрессивті технологиялық процестерді, оңтайлы бірлік қуаты бар аппараттарды енгізу, автоматтандырылған басқару құралдары мен микропроцессорлық техниканы пайдалану. Оқушылар қоршаған ортаны қорғаудың нақты шаралары туралы ақпарат алды. Оқушыларды кәсіптік бағдарлау мақсатында оларға химиялық өндірістердің аппаратшысы, операторы, зертханашысы мамандықтарының сипаттамасы берілді. Қазіргі уақытта мектептегі химия курсына сағаттардың қысқаруына байланысты бұл мәселелерді қарастыру проблемалы болып отыр.

Бірақ бұған қарамастан, химияның теориялық және қолданбалы аспектілерін зерттеуді бір-бірімен байланыстыру қажет. Қолданбалы сұрақтар міндетті түрде өнеркәсіптік тақырыптарға қатысты болмауы керек. Олар ауыл шаруашылығы, медицина, мәдениет, тұрмыс салаларына да қатысты болуы мүмкін. Мысалы, бояулар жасау - Бейорганикалық және органикалық химияның бірқатар тақырыптарында суреттеу. Экологиялық мазмұн мәселелеріне өте байыпты қарау керек. Адам экологиялық білім берудің маңызды компонентін тек мектепте алатынын есте ұстаған жөн. Мектеп өз түлектерін әлеуметтік экология мәселелеріне бағыттап қана қоймай, әдетте химиялық білімге негізделген табиғатты ұтымды пайдалану мысалдарын көрсетуі керек [3].

Оқушыларды химиямен байланысты мамандықты өз бетінше таңдауға дайындау барысында кәсіптік бағдар беру жұмысының барлық түрлерін пайдалану пайдалы: өлкетану қағидатын ескере отырып, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы объектілеріне өндірістік экскурсиялар жүргізу; кәсіп таңдауына арналған тақырыптық кештер, конференциялар, даулар дайындау және өткізу, оларда кәсіп өкілдерінің сөз сөйлеуі; химия үйірмесінің жұмысын ұйымдастыру және т.б [4].

Кәсіптік бағдар беру жұмысы мектеп оқушыларын кәсіптік оқыту мен кәсіптік тәрбиелеудің бірыңғай процесіне қосылу үшін, олардың белгілі бір мамандыққа деген қызығушылығын қалыптастыру - үлкен маңызға ие.

Дегенмен, статистикалық мәліметтерге сүйенсек, жылдан-жылға еліміздегі химия, химиялық технология секілді мамандықтарға сұраныс азайып келеді [6]. Оның себептерінің бірі - оқушылардың мектеп қабырғасында химия пәніне деген қызығушылығының төмендеуі, оған келесідей факторлар әсер етеді:

- Оқушылардың орта мектепте химия пәнін оқу нәтижесінде алатын базалық дайындығы негізінен жеткіліксіз. Көптеген мектептерде зертханалық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі және вертуалды зертханалардың шынайы зертханалық жұмыстардың орнын басуы. Бұл оқушылардың пәнге қызығушылығын төмендетіп қана қоймай, оқушы бойындағы химиялық негізгі дағдылардың қалыптасуын шектейді.

- Мектеп оқулықтарындағы материалдың логикалық тұрғыдан жеткіліксіз берілуі болып табылады.

Сол себепті орта кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушылары химиялық мамандықты оқытуда бірқатар проблемаларға тап болады: болашақ мамандағы химия пәні бойынша мектептегі базалық білімнің жеткіліксіздігі және зертханалық негізгі дағдылардың, тіпті қауіпсіздік ережесін сақтау мәдениетінің болмауы.

Ол үшін, негізгі кәсіптік бағдар беру жұмыстары сабақтарда, әсіресе мектеп курсының өндірістік тақырыбы зерттелген кезде жүргізілуі керек екенін ұмытпаған жөн. Химияны оқытудағы кәсіптік бағдар пәннің негіздерін оқудан оқшауланбауы керек, сонымен қатар ол химиялық білімді оқыту жүйесін бұзбауы немесе ұсынылған материалға қарапайым иллюстрацияға айналмауы керек.

Таза химиялық, силикат, металлургия, мұнай-химия және басқа өндірістерді зерттеуге арналған химия сабақтарында, соның ішінде өндірістік экскурсияларға арналған сабақтарда немесе жалпылама сабақтарда (оқу материалының мазмұнына байланысты) келесі әдістерді қолдануға болады:

- зерттелетін өндірістік материалдың қазіргі заманмен, экономиканың осы саласын дамыту перспективаларымен және жергілікті өндіріс кадрларына қажеттілікпен байланысын қамтамасыз ету;
- политехникалық сипаттағы пәнаралық байланыстар орнату;
- өндірістік мазмұнмен мәселелерді шешу;
- химиялық профильдің белгілі бір кәсібі үшін алынған химиялық білімнің мағынасын ашу;
- қазіргі заманғы өндірістің әртүрлі салаларында зерттелетін заттарды, материалдарды, химиялық процестерді, химиялық бақылау әдістерін кеңінен қолдануды көрсету;
- технологияда химиялық заңдар мен теориялардың қолданылуын анықтату;

- оқушылардың болашақта химиялық білімді қолдану қабілетін дамыту және әртүрлі кәсіптердегі қызметкерлердің химияны қолдануы туралы жаңа білімді өз бетінше алу.

Сонымен. орта мектеп жағдайында болашақ еңбек қызметіне кәсіби дайындықтың тиімді жолдарының бірі - оқушылардың сабақта ұтымды ұйымдастырылған оқу еңбегі, өйткені еңбек қасиеттерін тәрбиелеу, әр оқушының оқу міндеттерін адал орындаудан басталады [5].

Қорытындылай келе, орта білім беруде еңбекке қабілетті, кәсіби білім алуға бағдарланған түлектерді қалыптастыру үшін келесі әрекеттер маңызды:

- 1) Оқушылардың химия бойынша жалпы білім беру білімінің деңгейі мен сапасын арттыру, оқытудың өмірмен, жергілікті өндіріспен байланысын нығайту;
- 2) Химияны оқытудың политехникалық бағытын қазіргі заманғы өндірістің жетістіктерін, оның даму перспективаларын және шешілмеген мәселелерді көрсету арқылы кәсіптік бағдарлаудың теориялық негізі ретінде күшейту;
- 3) Оқушыларды практикалық мәселелерді шешу, химиялық реакцияларды жүргізудің оңтайлы жағдайларын анықтау және өндірістегі химиялық процестерді басқару үшін алған теориялық білімдерін қолдануға үйрету;
- 4) Практикалық сабақтар мен зертханалық тәжірибелер оқу курсына игеруге де, жалпы еңбек мәдениетін тәрбиелеуге де ықпал етеді – жұмысты жоспарлау: жұмыс орнын таза ұстау, қауіпсіздік ережелерін сақтау, еңбек операцияларын ұқыпты жүргізу, орындалатын еңбек процесінің нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру.
- 5) Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыруды, мазмұны мен әдістерін жетілдіру, оқушыларды сабақтарда және экскурсиялар арқылы өндірістің негізгі салаларымен, жетекші кәсіптермен, органикалық бірлікте жұмысшылардың еңбек функцияларымен таныстыру, кәсіп қосымша болмай, химияны оқыту кезінде оқушылар алатын политехникалық білім берудің ажырамас элементіне айналуын қамтамасыз ету.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұрахметов Н. Ұлт мектептерінде білім сапасын жоғарлатудың түйінді мәселелері. //РҒПК материалдары: «Қазақ мектепбі: бүгінгі жайы және даму болашағы» 11-12желтоқсан 2002 жыл. – Алматы: РОНД, 2002. – Б. 384- 386.
2. Бейсекова А.С., Балтақожаева Ж. Ильясова Г.У. Принципы объективного контроля оценки знаний студентов /«Жаратылыстану ғылымдары білімін жаңартылған мазмұны жағдайында модернизациялау» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.- Алматы, 2-3 наурыз, 2017.- Б.694-698.
3. Бекоева М.И. Основные направления профориентационной деятельности в современной общеобразовательной школе // Балтийский гуманитарный журнал. 2016. Т. 5. № 4 (17). С. 159-162.

4. Solano, D. M., Wood, F. E., & Kurth, M. J. (2011). “Careers in chemistry”: A course providing students with real-world foundations. *Journal of Chemical Education*, 88(10), 1376–1379.
5. Yasin, N. Y. B. M., & Yueying, O. (2017). Evaluating the relevance of the chemistry curriculum to the workplace: keeping tertiary education relevant. *Journal of Chemical Education*, 94(10), 1443–1449.
6. https://24tv.ua/education/ru/vstupitelnaja-kampanija-2023-spisok-samyh-populjarnyh-specialnostej-sredi-postupajushhih-ucheba_n2413941

ӘОЖ 542.06:37.09

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЕЙІНДІК ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Мусанова Маржан Жумағалиевна

e-mail: marzhan_musanova@mail.ru

Ғылыми жетекші: п.ғ.к. Шаихова Б.К.

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Орта білім берудің жаңартылған мазмұнға көшуі аяқталғаннан кейін 12 жылдық оқытуға кезең-кезеңімен көшу басталады. 12 жылдық мектептің жоғарғы сатысы болашақ кәсіпті таңдау үшін элективті пәндерге бейінделеді. Оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер жаңартылады. Республикалық оқу-әдістемелік кеңестердің жұмыс істеуіне қойылатын талаптар жетілдірілетін болады»- деп көрсетілген.

Қазіргі таңда бейінді оқу бағдарламасын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагогикалық әдістемелік материалдар құрастыру үнемі өзекті мәселе болып табылады. [1]

Қазіргі мектеп түлегі әлі де өзінің білімін жалғастыру бейінін нақты бағдарлай алмауынан болашақ кәсіби қызметін мемлекеттің экономикалық, технологиялық және қорғаныс әлеуетімен байланыстыра алмайды. Осы мәселені шешудің жолы мектептің жоғары сынып оқушыларының болашақ кәсіби бағдарын айқындау жұмысына елеулі өзгеріс енгізу болып табылады.

Жалпы орта білім берудің жоғарғы сатысы қазіргі білім берудегі негізгі орынға ие бола отырып, кәсіби білім беру жүйесінің мүмкіндіктері мен жастардың бейіндік әрекетінің сапасын анықтайды. Жоғарғы саты жеке тұлғаның әлеуметтік, кәсіби және азаматтық тұрғыдан өзін-өзі анықтау аясында өтетін ерекше білім беру кеңістігін құрайды. Жасөспірімнің азаматтық және адамгершілік бағытта өзінің білімдік әрі кәсіби таңдауын жасауы қоғамда білікті кәсіби маман ретінде қалыптасуына тікелей байланысты.

Осы сұраныстарға, жеке тұлғаға бейімделген көзқарас, білім берудің орта буынын бейіндік оқытуға көшіру арқылы даралап және саралап оқыту

(индивидуальное и дифференцированное обучение) жеткілікті түрде жауап бере алады.

Қазіргі кезде жоғары сыныптарда енгізіліп жатқан бейінді оқыту оқу үрдісін саралап және даралап оқыту негізінде ұйымдастырудың түрлеріне жатады «Саралау» ұғымының халықаралық баламасы – дифференциялау, ол латынның *differentia*– «айырмашылық», «ерекшелік» сөзінен шыққан. Оның мағынасы: біртұтас бір нәрсені бірнеше бөліктерге, нысандар мен сатыларға бөлу, бөлшектеу. «Педагогикалық энциклопедияда «саралап оқыту» және «даралап оқыту» ұғымдарына келесідей анықтама берілген:

– «Саралап оқыту – орта мектептің жоғары сыныптарында оқу жоспарлары мен бағдарламаларының бөлінуі» .

– «Даралап оқыту – оқытудың әдіс-тәсілдерін, оқыту қарқынын тандау, оқушылардың дербес ерекшеліктерін, олардың оқуға деген қабілеттерінің даму деңгейін ескеретін оқу үрдісін ұйымдастыру жолы» .

Оқытудың бейінді саралануын ұйымдастырудың қалыптасқан тәжірибесі дүниежүзілік педагогика теориясы мен практикасынан белгілі. Негізін Батыс Еуропа, Солтүстік Америка мемлекеттері қалаған бейінді-бағдарлы оқыту Ресей империясында да XIX ғасырдың екінші жартысында жүзеге аса бастады. Атап айтқанда, 1864 жылғы мектеп реформасы 7 жылдық гимназиялардың екі бағытын анықтады. Олар:

1. Оқушыларды оқуға түсіруге дайындайтын классикалық гимназия.

2. Оқушыларын практикалық қызметке немесе арнаулы оқу орнына түсуге дайындайтын реалдық училищелер (математика, жаратылыстану ғылымдарын басым етіп оқытқан революцияға дейінгі орта мектептер).

Қазан төңкерісінен кейін алғашқы он-он бес жылда бейінді-бағдарлы оқыту мәселесі КСРО-да жаңа мазмұнға ие болды. 1918 жылы білім саласы қызметкерлерінің І-ші бүкілодақтық съезінде қабылданған еңбек мектебінің ережесі бойынша орта мектептің жоғарғы сатысында үш бағытта бейінді-бағдарлы оқыту ұйғарылды: гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық және техникалық.

Алайда қоғам дамуының объективті заңдылығынан туындаған осы мәселе КСРО басшылығының кереғар саясаты салдарынан өз жалғасын таба алмай қалды. 1934 жылы жарық көрген КСРО-дағы бастауыш және орта мектеп құрылымы жайлы партия және Үкімет қаулыларына сәйкес Кеңес Одағының мектептерінде оқушыларды бір ғана бағдарламамен, бір ғана оқулықпен, бір ғана оқу жоспарымен оқыту көзделді. Сондықтан мектептерде саралап оқыту, бейінді-бағдарлы оқыту мәселелері назардан тыс қалды. Дегенмен оқытудағы бұл қажетті бағыттар заман ағымының әсерімен қатаң ұстанымдарына негізделген коммунистік қоғамның өзінде де бірте-бірте көрініс таба бастады. Осындай жағдайлардан ықпалымен Кеңес Одағында қайта жанданған бейінді-бағдарлы оқытудың әртүрлі нысандары бүгінгі ұрпақтың ие болып отырған білім деңгейіне өз үлесін қосқаны анық.

«XX ғасырдың екінші жартысында бұрынғы КСРО мен бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мектептеріндегі факультативтік курстар, жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептер, спорттық немесе өнер бағытындағы мектептер және қазіргі кезеңдегі лицейлер, колледждер, гимназиялар бейінді-бағдарлы мектептердің өзі, немесе оның өте жақын туыстары демекшіміз. Бұдан, Қазақстанда бейінді-бағдарлы

оқыту мәселесі тақыр жерден басталғалы отырған жоқ», – деп Ж.Т. Қайыңбаевбейінді оқыту жүйесіне көшірілудің тарихи жолын пайымдайды[2].

Кеңес мектебінің тарихи даму мәселесі және ғылыми-теориялық өзгерістердің тәжірибеге (практикаға) енгізілуі бірнеше кезеңнен өтетіндігін М.Ж. Жадрин көрсетіп, 90-жылдардың бірінші жартысындағы мектептегі білім беруді бағдарландыру идеясы келесі екі үрдістен тұратындығына тоқталады:

- жаңа идеяларды практикаға енгізу бойынша шығармашылық үрдіс;
- мектептегі білім беруді реформалаудың тұжырымдамалық нормативті, ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздерін жасап шығару бойынша мақсатты үрдіс[3].

Білім беру жүйесі дамуының өткен кезеңінде «соңғы білім беру» типі қалыптасты, сол кезде білім-білік, дағдылар бүкіл кәсіби іс-әрекет пен өмір жолында өз құнын жоймай сақталып қалатын. Бұл қоғамдық өндірістің салыстырмалы түрде баяу эволюциясының және соған байланысты білім беру мазмұны құрылымының тұрақтылығы салдарынан орын алған болатын.

Жаңа білім беру саясаты «нәтижеге бағдарланған білім беру» деп аталып, әлеуметтік тапсырыс деп негізгі құзыреттіліктердің белгілі бір жиынтығын меңзейді. Мұндай білім берудің мәні – ерекше зейінді дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға, яғни жеке бөлшектелген білім беру салаларының білім-білік, дағдыларына емес, мектеп бітірушілерінің жылдам өзгеріп жатқан әлемге бейімделуіне дайын болуға, әлеуметтенуіне мүмкіндік беретін базалық құзыреттіліктер түріндегі біртұтас сапалы, соңғы нәтиженің қалыптасуына қойылатын талаптар.

Маманның пәндік-білімдік үлгісінің баламасы ретінде оның құзыретті үлгісі болады. Жиі пайда болып және өзгеріп отыратын мәселелерге іс-әрекеті мен мінез-құлқы парапар болатын адам құзыретті деп саналады.

Қазақстан мектебінің де оқушыларды саралап оқытудан жинаған тәжірибесі аз емес. Тәуелсіздік алғаннан кейін де кеңестік мектеп жүйесінің сақталып қалуымен қатар, білім саласын реформалау да жүргізілді. Айта кететін болсақ, 1992 жылы қабылданған ҚР-ның «Білім туралы» Заңы мектептердің көптиптілігін заңдастыру арқылы бейінді саралаудың құқықтық негізін қалады[6]. 1994 жылы бекітілген көпнұсқалы оқу жоспарлары оқытуды саралаудағы батыл қадам болды[4].

Бейінді саралаудың дамуындағы келесі кезең:

- 1996 жылы «Қазақстан Республикасы гимназияларының қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережелер» мен «Қазақстан Республикасы лицейлерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережелердің» қабылдануы арқылы оның мүлде жаңа сапалы деңгейге көтерілуіне ықпал етті;

- 1999 жылғы «Білім туралы» Заң мен мемлекеттік «Білім» бағдарламасы осы дәстүрді жалғастырды[5].

Дегенмен оқытуды саралауды жүзеге асыруда қазақстандық мектептерде, әлі де болса, нақты ғылыми-практикалық тәжірибе қалыптаса қойған жоқ.

Қазақстанның инновациялық мектептері негізінен оқытуды бейінді саралаумен айналысады. Бұл арада осы жұмыстардың отандық және шетелдік тәжірибеге, ғылыми жетістіктерге негіздеу қажеттілігі жайлы мәселені А.А. Мұқатаев өз кандидаттың диссертациясында қозғайды. Ол 1992–2005 жылдар арасында еліміздің инновациялық

мектептерінде жинақталған бейінді саралау тәжірибесінің жағымды (позитивті) және жағымсыз (негативті) тұстарын зерттеу жұмысының нәтижелері арқылы көрсетеді.

Бүгінгі күні құзыреттілік тұрғысынан білім беру оқушының субъектілігінің даму идеясынан, өзін-өзі тұлға ретінде қалыптасуынан және өз болашағын құруынан байқалады, ал бұл еңбек іс-әрекетімен байланысты. Осы ретте «Болашақ мамандықты, болашақ бейін бағытын таңдау нені білдіреді?» деген сұрақ туындайды. Бұл адам өз өмірінің $\frac{1}{3}$ бөлігін қалай өткізгісі келетіндігіне байланысты. Сондықтан жоғары сынып оқушысы үшін негізгі мәселе – болашақ мамандықты таңдау, яғни қазіргі заманның «жаңа оқушысының» орны жаңа – бейінді мектепте.

Бейіндеу үрдісі өз алдына мектепті бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беру мекемелері мен мектеп бітірушілерінің осы оқу орнына түсу үшін дайындауға қажетті сәйкестілікті сақтап, білім беру үздіксіздігінің белгісі ретіндегі кластерліктің болуын қамтамасыз ету болып табылады.

Бейіндеудің міндеттері мектепте әр оқушының «өзін-өзі анықтап», «өзін-өзі танып», өз қызығушылықтары бойынша іс-әрекеттердің қай саласына икемі бар екендігін анықтап, мектептің оқу үрдісіне өз қабілеттері мен қызығушылықтарын дамытып, болашақ еңбек жолын қалыптастыруы деп тұжырымдауға болады.

«Үздіксіз білім берудің сапалық тұрғыдан жаңа ұлттық үлгісін жобалаудың теориялық-әдіснамалық негіздері – ҚР-ның тұрақты дамуының факторы ретінде» атты жобаның төңірегіндегі іргелі зерттеу жұмыстарын А.К. Құсайынов, Т.К. Әбенова, Р.Б. Башар, М.Р. Көпжасарова, Н.Т. Ермеков, Т.С. Көшеров, Ы.А. Наби, Г.К. Меңдіғалиева, С.Д. Мұқанова, Х.М. Рақымбек, К. Тоқтыбаева, Б.К. Төлбасова, К.У. Үстеміровтар жүргізді.

Бейінді оқытудың әртүрлі аспектілеріне қазақстандық ғалым-педагогтар А.Е. Әбілқасымова, Т.С. Садықов, М.Ж. Жадрин, К.У. Қонақова мен С.Д. Мұқанова, С.А. Нурахметова, Д.М. Қазақбаева, Ә.К. Қағазбаева және т.б. зерттеулері арналған. А.Е. Әбілқасымова мен Т.С. Садықовтың берген анықтамалары бойынша, саралап оқыту дегеніміз – оқушылардың икемділіктері, қызығушылықтары және байқалған қабілеттері ескерілетін, алайда оқушылардың жалпы білім беру дайындығының базалық деңгейі төмендемейтін оқу іс-әрекетін ұйымдастыру түрі. Бұлайша оқытудың мақсаттарына мыналар жатады:

- әлеуметтік тұрғыдан – қоғамның шығармашылық-интеллектуалдық, кәсіби әлеуетінің қалыптасуына көзделген әсерін тигізу, қоғамның әрбір мүшесінің мүмкіндіктерін неғұрлым толық пайдалануға ұмтылу;

- психологиялық тұрғыдан – «оқушы – мұғалім» жүйесінде субъект субъектілі қарым-қатынасқа көшу үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- дидактикалық тұрғыдан – оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып, ұйымдастырылатын оқыту әдістері, нысандары мен құралдарының жиынтығын іске асыру арқылы әрбір оқушының қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға, икемділіктерін анықтауға тиімді жағдай туғызу;

- әдістемелік тұрғыдан – міндетті білім беру стандарттары жағдайында оқытудың сыртқы және ішкі саралануына негізделген жаңа әдістемелік жүйені құру, мектептің кезек күттірмейтін мәселелері болып табылады.

Бейіналды оқытудың негізгі міндеттеріне:

– оқушылардың өмірлік және кәсіби жолын саналы түрде таңдауына ықпал ететін қызығушылықтарын, икемділіктері мен қабілеттерін анықтау;

– жоғары мектепте оқу бағдарын таңдауға негізделген әртүрлі танымдық және кәсіби іс-әрекеттің әртүрлі орталарындағы практикалық тәжірибені қалыптастыру;

– оқушыларда өмірлік, әлеуметтік, сонымен қатар кәсіби тұрғыдан қалыптасуына байланысты құндылықтары жайлы түсініктерге иеленуіне психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;

– танымдық және кәсіби қызығушылықтарының кең ауқымының, болашақ кәсіби іс-әрекетіндегі сәттілікті қамтамасыз ететін негізгі құзыреттіліктерді дамыту;

– болашақ білім алу бағытын, мамандық алу жолдарын таңдауында дұрыс, нақты қажеттіліктерге жауап беретін шешім қабылдау қабілетін қалыптастыружатады.

Аталып өткен міндеттерді іске асыру негізгі мектептің барлық кезеңдерін оқушылардың оқу барысында болашақ бағдарын таңдауға дайындауды 9–10-сыныптарда күшейтуді талап етеді.

М.Р. Көпжасарованың айтуынша, жоғарғы сатыдағы бейінді оқыту оқу пәндерінің әртүрлі үйлесімдерінің болу мүмкіндігін, яғни бейінді оқытудың икемді жүйесін қарастырады.

Бейіндік мектептің базисті оқу жоспарында келесідей компоненттер қарастырылған :

– инвариантты (базалық) компонент;

– бейіндік компонент;

– вариативті компонент («Зерттеу және шығармашылық іс-әрекет негіздері» арнайы курсының моделі, элективті курстар);

– жеке компонент (өзіндік жобалық-зерттеу іс-әрекеті, жеке және топтық кеңестер).

Бейіндік компонент төңірегінде мектеп оқушыларының білімге деген қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес бейіндік пәндерді оқыту ұйымдастырылады.

Бейінді оқу пәндері – типтік оқу жоспарларында көрсетілген, оқытудың нақты бағытына мамандануы мен мазмұнын анықтайтын жалпы білім беретін пәндер. Олар оқушылардың таңдаған бағыты мен оқу бағдарындағы жалпы білімдік дайындығын кеңейтуге және тереңдетуге арналған. Бейіндік пәндер білім берудің келесі (орта кәсіптік немесе жоғары кәсіптік) деңгейімен таңдалған бағытта мамандану саласына көшуді қамта Бейінді оқыту мазмұнының вариативті бөлігіне оқушылардың таңдамалы элективті курстары мен «Зерттеушілік және шығармашылық іс-әрекеттерінің негізі» атты қолданбалы арнайы курс кіреді.

Элективті курстар таңдап алынатын міндетті оқу курстары, олардың мазмұны оқушылардың жеке білімге деген қызығушылықтарына сәйкес танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыруға мүмкіндік беріп, пәндер бойынша білімдерін кеңейтіп, тереңдетуге ықпал етеді. Элективті курстар оқытуда таңдалған бейіндік пән қоғамдық өмірдің нақты бір салаларында қажетті қолданбалы білім-білік және әрекет түрлерін меңгеру жағына бағытталады.

Оқушылардың жеке сұраныстарын зерттеу негізінде оларға оқу бағдарынан өзгеше болатын, бірақ тұлғалық бейімделуі мен білім алу қажеттіліктерін қамтамасыз ететін курстар ұсынылуы мүмкін.

Элективті курстар қысқа мерзімді және әртүрлі бағыттағы қосымша білім беру бағдарламаларына негізделеді. Мектеп немесе басқа білім беру ұйымдары ұсынатын элективті курстардың саны оқушы таңдауға міндетті курстармен салыстырғанда артық болуға тиіс.

Элективті курстар-әр бір оқушының жеке білімге қызығушылығын, талап тілектерімен және икемділігін қанағаттандырумен байланысты. Сондықтан ол мәні бойынша жеке білім беру бағдарламаларын жасаудың маңызды құралы болып табылады және мейлінше әр оқушының қызығушылығына, қабілетіне, өмірлік жоспарына сәйкес таңдауына байланысты болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы
2. Қайыңбаев Ж.Т. Бейімді –бағдарлы оқытудың мәселелері: неге бейімді бағдарлы оқу жүйесіне көшуіміз керек / Ж.Т. Қайыңбаев// білім берудегі менеджмент. - 2010—. -№37 - С.119-124.
3. Жадрина М.Ж. Проблемы профильного обучения/ М.Ж.Жадрина// Открытая школа. – 2006. -№1. –С.3-7
4. 1996 жылғы «Қазақстан Республикасы гимназияларының қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережелер» мен «Қазақстан Республикасы лицейлерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережелері»
5. 1999 жылғы «Білім туралы» Заң мен мемлекеттік «Білім» бағдарламасы

ӘОЖ 342.7.1

ЖҮЗІМ ӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ж.М.Жайлаубаева,¹ Б.К.Момбаева²

Ғылыми жетекші: Б.К.МОМБАЕВА PhD, ДОКТОР

¹М.Х..Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан
e-mail: zhanira@mail.ru

²М.Х..Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан
e-mail: bekzat.mombaeva@mail.ru

Ашытқы саңырауқұлақтарының шарап өндірісіндегі маңызын оның шарап түзілу үдерісінің барлық кезеңдеріне қатысуынан-ақ аңғаруға болады. Жүзім шарабын жасауға шарап ашытқы саңырауқұлағы пайдаланылады. Оларды жүзімнен алады. Жемістерден алынған шарап ашытқылары табиғи ашытқылар деп аталады. Шарап өндірісінде ең жиі қолданылатын ашытқы саңырауқұлақтарына *Saccharomyces oviformis* пен *Saccharomyces vini* ашытқылары жатқызылады [1].

Шарап жасау өндірісі – ертеден-ақ белгілі. Ежелгі грек, Рим және таяу шығыс елдері шарап жасау технологиясымен ертеден жақсы таныс болған. Жүзім шарабы дүние жүзінің 45 елінде жасалып, барлық елдерде дерлік пайдаланылады. Жүзім шарабын негізгі өндіруші елдер – Франция мен Италия.

Шарап жасау өндірісі - жүзім шарабын жасауда қолданылатын технологиялық процестер мен әрекеттердің жиынтығы.

Жүзімнің және оның қайта өңделген табиғи микрофлорасына ашытқының пайдалы және зиянды топтары кіреді. Шарап жасауда *Saccharomyces* туысына жататын нағыз шарап ашытқыларының практикалық маңызы зор. Пайдалы ашытқылар бұлар – жүзім суслосын сапасы жоғары шарапқа айналдыратын ашытқылар. Оларға негізінен *Saccharomyces vini* және *Saccharomyces oviformis* ашытқылары жатады. Олардан селекция жолымен таза культураларды дайындауға қолданылатын өндіріске қажетті ашытқы штаммалары сұыптап алынады.

Табиғатта ашытқылардың пайдалы түрлері аз. Жүзім микрофлорасының құрамындағы ашытқы түрлерінің көпшілігі шарап жасау өндірісіне зиянды болып келеді. Сахаромицет деп аталатын пайдалы шарап ашытқыларының бір жасушасына “жабайы” ашытқылардың миллион жасушалары келеді.

Жүзім жидектері өндіріске зиянды бактериялар мен зеңдердің көптеген түрлерін тасымалдаушылар болып табылады. Жүзім жидектеріндегі бактериялар мен зеңдердің мөлшері жидек зақымдалғанда, әсіресе шіріндімен зақымданғанда бірден көбейеді.

Зең саңырауқұлақтарының және бактериальды микрофлораның негізгі массасы жүзім өнімдерін өндіру және өңдеу жұмыстарына зиянды болып келеді. Әсіресе шарапты, шырындарды, алкогольсіз және әлсіз алкогольді сусындардың бұзылуын тудыратын сірке- және сүтқышқылды бактериялары ерекше қауіп тудырады[2].

Жүзім микрофлорасы алуан түрлі. Ол жыл мезгілдерінің көптеген факторларына, ауа райы жағдайларына, инфекция ошақтарынан қашықтығына, топырақтағы микробтар санына, жүзім шоқтарының топырақ беткі қабаттарынан алыстығына, жүзім сортына және т.б. байланысты.

Жүзім шоқтарының беткі қабаттарында ашытқылар, алуан түрлі бактериялар, зең саңырауқұлақтарының споралары болады. Олар жидек неғұрлым піскен және жердің беткі қабатына жақын орналасқан болса, соғұрлым көбірек болады. Ашытқылар мөлшері әсіресе зақымдалған жидектерде көбірек болады. Бұған ашытқылардың көбеюіне қолайлы аэробты жағдайлар әсерін тигізеді.

Жүзім шырынының микрофлорасы. Жүзім шырыны көбінесе *Penicillium* және *Aspergillus* туыстарына жататын зең саңырауқұлақтарымен, қанттың жоғары концентрациясына бейімделген осмофильді түрлерімен зақымдалады. Олардың споралары (конидиялары) беткі қабаттарда өсіп, ақ түсті колониялар түзеді, кейін ол колониялар жасыл түсті болып өзгереді. рН мәні төмен болатын шырындар-жартылай фабрикаттар үшін *Saccharomyces* туысының ашытқылары қауіпті. рН-тың жоғарылауымен және шырындарды әдеттегі температуралық жағдайларда сақтағанда, шырындардың бұзылуын қышқыл түзуші сүт- және сіркеқышқыл бактериялары тудырады.

Кептірілген жүзім микрофлорасы. Ол едәуір дәрежеде шикізат сапасына, жүзім сортына және өнімді (мейіз, кишмиш) алу технологиясына байланысты. Шикізатты кептіруге дайындау процестері (жуу, сульфитация, бланшировка және т.б.), күн радиациясы және кептіру температурасы микроорганизмдер мөлшерінің азаюына әкеледі. Кептірілген жидектер зарарсыздандырылмаған және 1 г өнімде 100-ден 1000-ға дейін микроорганизмдер болады. Кептіру кезінде ашытқылар және бактериялардың вегетативті жасушалары өледі. Кептірілген өнімде бактериялар мен зең

саңырауқұлақтарының споралары қалып қояды. Егер ылғал мөлшерінің төмен болуына, қант концентрациясының жоғары болуына байланысты олардың өсуіне және дамуына жағдайлар болмаса, онда споралар тыныштық күйде болады.

Жүзім шырынында ашытқы саңырауқұлағы, зең саңырауқұлақтары, сүт және сірке қышқылды бактериялар секілді микроағзалар кездеседі. Бүтін жүзім жидегінде шырын залалсыз күйде болады, алайда өндіріс жағдайында микроағзалармен залалданбаған шырын алу мүмкін емес. Шырынға микроағзалар жүзім жидектерінің бетінен, құрал-жабдықтардан, ыдыстардан, ауадан, сонымен қатар, бунақденелілер көмегімен келіп түседі.

Жүзім шырынындағы микроағзалардың сандық және сапалық көрсеткіштері түрліше болуы мүмкін және ол көп жағдайда жүзімнің сапасына, жемістердің санитарлық жағдайы мен өңдеу технологиясына байланысты. Жүзім шырынында қышқылға төзімді, осмофильді, факультативті анаэробты микроағзалар – ашытқы және зең саңырауқұлақтары мен сүт қышқылды бактериялар көбейеді. Сірке қышқылы бактериялары шырынға ашу үдерісі кезінде түсіп сақталады және дамиды.

Жүзім шарабының ашу үдерісі үш кезеңнен тұрады:

1. Алғашқы және негізгі – белсенді ашу үдерісі. Ол - шырын ашыту ыдысына құйылғаннан кейін бірнеше сағаттан кейін басталып, 3-4 аптаға жалғасады.

2. Баяу ашу үдерісі – жас шарапта бірнеше айға созылады.

3. Ашудан кейінгі үдеріс – жертөлелік ашу – 3 жылға дейін созылады.

Белсенді ашу – спирттік ашу үдерісінің негізгі сатысы. Белсенді ашу кезінде шарап қатты көбіктенеді. Ол шараптың күштілігіне байланысты 10-нан 100 күнге дейін созылады. Белсенді ашу неғұрлым ұзаққа созылса, шарап құрамындағы спирт соғұрлым көп болады. Өйткені, белсенді ашу кезінде қант спиртке және көмір қышқыл газына айналады.

Белсенді ашу екі кезеңге бөлінеді:

- 1) Өзіндік белсенді ашу үдерісі әдетте 3-7 күнге созылып, шырын қатты көбіктенеді, көмір қышқыл газының көпіршіктері үздіксіз бөлініп жатады. Шырын қатты толқып, көтеріледі және көбік шырын үстіндегі бос аймақтың барлығын толтырады. Егер ыдысты шырынмен ернеуіне дейін толтырса ыдыс жарылып кетуі мүмкін. Сонан соң, шырын тынышталып, көпіршіктердің бөлінуі азаяды, көбік ыдыс түбіне шөге бастайды. Бұл белсенді ашу аяқталғанын білдіреді.

- 2) Басты – негізгі ашу ашытқы саңырауқұлақтары барлық қантты спиртке айналдырғанша немесе өздері төзе алмайтын спирт мөлшері түзілгенше жалғасады. Бұндай ашу кезінде шырын қатты көпірмейді, ал газ көпіршіктері күннен – күнге аз бөліне бастайды. Бұл уақытқа дейін бөшке түбіне біраз тұнба жиналады, бұл тұнба негізінен ашытқы жасушаларынан тұрады. Жас шарап шырынмен салыстырғанда әлде қайда мөлдірлене түседі. Бұл кезеңде белсенді ашу үдерісі тоқтап, шарап алғашқы сүзілуге дайын деп есептеледі.

Баяу ашу - сүзіліп құйылған шарап әлі де жеткілікті дәрежеде мөлдір емес. Оның құрамында әлде де ашытқының бір бөлігі мен белсенді ашу кезінде ыдырамаған қант кездеседі. Баяу ашу кезінде басқа ыдысқа сүзіп құю жұмыстары шараптың ащылануы мен бұзылуына алып келетін тұнбадан тазарту үшін, сонымен қатар, шарапты желдету мақсатында жасалады. Шарапты желдетудің маңызы зор. Өйткені, желдету шараптың

лайлануын туғызатын бөгде заттардың шөгуін жылдамдатады. Сондықтан, шарапты неғұрлым тез сүзіп отырса, ол соғұрлым тез тазарып, мөлдірленеді.

Ашу үдерісін дұрыс жүргізе отырып, шараптың сапасын жақсарту аламыз. Сондықтан, шарап өндірушілер ашу үдерісіне түрліше әсер ете отырып, шырынды ашытудың көптеген әдістерін ойлап тапты. Солардың бірнешеуін айтып өтейік. Мәселен, қосымша заттар қоса отырып ашыту, езіндімен қоса ашыту, периодтық жолмен ашыту, қысым қатысында ашыту және “төрттен жоғары” ашыту әдістері [3].

Қосымша заттар қоса отырып ашыту – ашыту ыдыстарының белгілі бір бөлігі қатты заттармен: ағаш, металл, фарфор, полиэтилен бөліктерімен, сабақшалар немесе езінді-қабықпен толтырылады. Индиференттік заттардың спирттік ашу процесін жылдамдатынын Л. Пастер анықтаған болатын. Ашу үдерісінің қарқындылығы CO_2 тез бөлінуіне, микроағзалардың ортада біркелкі таралуына, бөлінетін заттардың көбеюіне байланысты. Қосымша заттарды маусымнан тыс уақытта өңдеп, сақтау қиындық тудыруына байланысты табиғи заттар: жүзім сабақшаларын, қабығын және езінді пайдаланған тиімді.

Қосымша заттарды негізінен шарапты шампандау, шырынды ашыту кезінде, сондай-ақ биологиялық жолмен қышқылды төмендету кезінде қолданады [4].

Езіндімен қоса ашыту – ферменттер әсерінен шырында кездесетін көмірсулардың ыдырауы процесі мен жүзімнің қатты бөліктерінің құрамындағы сығындыларды бөліп алу жұмыстарын біріктіре отырып шарап алу әдісі. Жай шырынды ашытудан езіндімен қоса ашытудың айырмашылығы шараптың жүзімнің қатты бөліктері құрамындағы пайдалы қосылыстармен байытылуында. Сығындылар жақсы бөлінуі үшін ашыту жоғары температурада жүреді және езіндіні үнемі араластырып отырады. Езіндімен қоса ашыту әдісімен қызыл шараптар, күшті шараптың бірнеше түрі мен кахетиндік шарап өндіріледі. Езіндімен қоса ашытудың өзі екіге бөлінеді: жүзіп жүретін «қалпақшалы» ашыту және батып тұратын «қалпақшалы» ашыту.

Жүзіп жүретін «қалпақшалы» ашыту кезінде жүзім қабықша-езіндісі шырынның бетінде жүзіп жүреді. Алайда оның бетінде зиянды бактериялар дамуы мүмкін, сондықтан оны мезгіл-мезгіл араластырып тұру қажет. Ол үшін «қалпақшаның» астынан ауа үрленеді. Дегенмен, оттегі әсерінен бояғыш заттар тотығып, ыдыс түбіне шөгуі мүмкін, сондықтан ауа орнына инертті газдар пайдаланған жөн. Қызыл шарап өндіруде ең қолайлы температура $28^{\circ}\text{--}32^{\circ}\text{C}$ аралығында. Температура жоғары болған сайын шарап қанық түске боялады, алайда сапасы төмендеп кетеді. Жүзіп жүретін «қалпақшалы» ашыту кезінде шарапта спирт аз түзіледі, бірақ сапасы жоғары және үйлесімді шарап түзіледі.

Батып тұратын «қалпақшалы» ашыту кезінде зиянды ағзалардың дамуына жол бермеу мақсатында қабықша-езінді шырынға батып тұратындай етіп ыдыстың 4/1 бөлігіне тор орнатылады. Қалқып шыққан қабықша-езінді осы торға тұрып қалады да тор саңылауларынан өткен шырын оны жауып тұрады. Алайда қабықша-езінді тығыздалып, құрамындағы пайдалы заттардың бөлінуіне кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан шырынның астынан ауа үрлей отырып араластырамыз.

Бұл әдіспен жасалған шарапта жүзіп жүретін «қалпақшалы» ашыту әдісімен алынған шараппен салыстырғанда антоциандар аз болады. Бұл әдіс өте қиын болғандықтан аз қолданылады [5].

Периодтық жолмен ашыту – жабық жүйелерде тоқтаусыз өзгеріп отыратын жағдайлардағы шырынды ашытудың технологиялық әдісі. Периодтық жолмен ашытуға тән қасиеттер: барлық процестердің бір жерде өтуі, кезектесіп келетін, процеске қатысушы құрамдас бөліктер мөлшері мен түзілетін қосымша заттардың, сондай-ақ, микроағзалар көлемі мен физиологиялық жағдайының, ашытылатын массаның кей физикалық өлшемдерінің үздіксіз өзгеруі.

Периодтық жолмен ашытуға көптеген сыртқы жағдайлар; температура, CO_2 , O_2 , SO_2 , орта рН-ы, спирттер, қоректік ортаның құрамы және т.б. әсер етеді [6].

Қысым қатысында ашыту – герметизацияланған ашыту ыдыстарынан көмір қышқыл газының бөлінуін басқара отырып жүргізілетін спирттік ашу үдерісінің технологиялық тәсілдерінің бірі. Қысым қатысында ашыту кезінде ашытқылардың зат алмасуы қайта құрылады. Этил спиртінің бөлінуі ыдыраған қант бірлігіне шаққанда көбейіп, пирожүзім қышқылының түзілуі кемиді. Ашу процесіне қатысатын ашытқылар биомассасының аздығынан, жоғары сапалы, тотығу-тотықсыздану потенциялы төмен, алайда оттегіне жоғары сезімталдыққа ие шарап түзіледі.

“Төрттен жоғары” ашыту немесе “суперкатр” ашу процесін – француз ғалымы Л.Семишон ұсынған болатын. Ашытудың бұл әдісінде ашытар алдында шырынға немесе езіндіге 4-5% көлемде этил спирті қосады. Көптеген елдерде шырынға этил спирті қосуға заң жүзінде тиым салынғандықтан, Семишон шырынды жас шарап өнімдерімен араластыруға кеңес берді. Бұл әдістің мәні, шырында тек бір ашытқы культурасының дамуына жол беру. Өйткені, 4-5%-ды спиртте тек *Saccharomyces* туысы ғана дамып, жетіле алады [7].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Герасимов М.А. Технология вина. 3-е издание. М.: 2004.
- 2 Валушко Г.Г. Виноградные вина. М.: 2008.
- 3 Кишковский З.Н., Мержаниан А.А. Технология вина. Москва. 2004.
- 4 Бурьян Н.И., Тюрина Л.В. Микробиология виноделия. Москва. 2006.
- 5 «80 вопросов о вине», Пьер Казамайор. Издательство Simple Publishing, 2011
- 6 «Вино. Атлас мира» Дженсис Робинсон и Хью Джонсон. Издательство BBRG, 2013
- 7 «Вино. Практический путеводитель», Мадлен Пакетт, Джастин Хэммер. Издательство Азбука-Аттикус, 2016

ӘОЖ 342.7.1

ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА ДАЙЫНДАЛҒАН ШАРАП МИКРОФЛОРАСЫН ЗЕРТТЕУ

Ж.М.Жайлаубаева,¹ Б.К.Момбаева²

Ғылыми жетекші: Б.К.МОМБАЕВА PhD, ДОКТОР

¹М.Х..Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан

Шарап жасау технологиясымен танысып, үй жағдайында шарап дайындау тәсілдерін меңгердік. Шарап құрамынан бөлініп алынған ашытқы саңырауқұлақтарын сусло-агарлы қоректік ортасында термостатта 20°C температурада өсірдік.

Қоректік ортаның құрамы:

Шарап ашытқыларын өсіруге *Сусло-агар* қоректік ортасы пайдаланылады.

Сусло-агар қоректік ортасын дайындау үшін сыра суслосына 2,5-3% агар қосып, балқығанша қыздырамыз. Сұйықтық мақтадан өткізіліп сүзіледі және 30 минут бойы 115°C температура мен 0,5 атм. қысымында залалсыздандырылады.

Сусло дайындау үшін арпа дәндерін жылымшы суға салып, 35°C температурада өсіреді. Өскін дәннен екі есе ұзын болғанда, дәнді құрғатып, *солод* аламыз. Солодты ұсақтап сумен араластырамыз (1 литр суға 250 грамм солод). Фермент жақсы бөлінуі үшін қоспаны 57°C температураға дейін (57-58°C асырмаған жөн), яғни крахмалға реакция жойылғанша қыздырамыз.

Сусло мақтадан өткізіліп, қағаз сүзгі арқылы сүзіледі. Бұндай *сусло* құрамында 10-20% дейін қант кездеседі. *Суслоға* қант мөлшері 6-8% болғанша су қосылып, 30 минут 115°C температура мен 0,5 атм. қысымында залалсыздандырылады.

Жүзім суслосының және шараптың микрофлорасын зерттеу. *Ашытқылар*. Ашытқылар зарарсыздандырылған жеміс-жидекті *суслода* өсіріледі. Нағыз және жабайы ашытқылардың культуралары дамуының алғашқы күндерінде микроскопталады, вегетативтік көбею әдістерін (бүршіктену, бөліну немесе аралас көбею) анықтайды. Ашытқы жасушаларының пішініне, олардың көлеміне, құрамына, сондай-ақ сұйық қоректік ортада пленка түзу қабілетіне назар аудару қажет.

Ашытқыларды сипаттау үшін оларды олардың физиологиялық күйін келесі көрсеткіштер бойынша анықтайды:

1) ашытқының бүршіктеніп жатқан жасушаларының пайызы (препараттағы жасушаларды тікелей санау арқылы);

2) тірі және өлі жасушалардың пайыздық қарым-қатынасы (әлсіз метилен көгімен боялған жасушаларды санау әдісі арқылы);

3) ашытқы жасушаларындағы гликоген мөлшері (оларды Люголь ерітіндісімен бояу арқылы);

Санауды 10 көру алаңында жүргізіп, оны пайызбен көрсетеді. Дәлірек санау үшін есептеу камераларын пайдаланады.

Ашытқыларды метилен көгінің сулы ерітіндісімен бояу өлі және тірі жасушалардың бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Тірі жасушалар боялмайды, ал өлі жасушалар көк түске тез боялады. Препарат даярлау үшін зерттелетін материалдың тамшысын зарарсыздандырылған ілмекпен алып, заттық шыныға салады, ілмекпен оған 1 немесе 2 тамшы метилен көгін енгізіп, мұқият араластырады. Сосын тамшыны жабын шынымен жауып, 5 минуттан кейін өлі, яғни көк түске боялған жасушаларды санай отырып микроскоптайды.

Метилен көгінің спирттік ерітіндісін дайындау үшін 0,5 г құрғақ бояуды 100 мл спиртке ерітеді, сосын сүзеді. Препараттарды бояу үшін спирттік ерітіндіні 10 есе

зарарсыздандырылағын құбыр суымен ерітеді (бояудың ерітіндідегі концентрациясы – 0,01%).

Жасушадағы гликогенді анықтау үшін зерттелетін ашытқы сұйықтығы Люголь ерітіндісінің 1 тамшысымен араластырылады. Араластырып болған соң 5 минуттан кейін препаратты микроскоптайды, гликогені жоқтары – лимонды-сары түске, ал барлары – қызыл-қоңыр немесе ашық қоңыр түске боялады.

Люголь ерітіндісін йодтан дайындайды. 1 г йодты және 2 г йодтағы калийді 5 мл суға қосады, сосын 300 мл (5 мл-ді қосқанда) сумен ерітеді.

Зең саңырауқұлақтары. Зерттеу үшін заттық шыныдағы агарлы қоректік тамшысында өсірілген саңырауқұлақтарды алған дұрыс. Егілген саңырауқұлақ споралары 2-3-күндері өседі. Конидий тасығыштардығы конидийлердің орналасуын байқау үшін кіші ұлғайтуда микроскоптау керек.

Мицелий құрылысын спирт тамшысындағы саңырауқұлақ үзіндісінен дайындалған препараттан көруге болады. Жабын шынысының астындағы спиртті сүзгіш қағаздың жолағымен сорып алады, ал жабын шыны астына ерітілген глицерин тамшысын енгізеді.

Жүзім (*Vitis*) – жүзім тұқымдасына жататын өсімдік. Қазақстан республикасында дақылдық жүзім өсіріледі. Оның сабағы жуан, шырмауық тәрізді оралып өседі. Жапырақтары тілімделген немесе жиегі бүтін болып келеді, кезектесіп орналасады. Гүлшоғыры сыпыртқыға ұқсас, гүлі майда, жасыл түсті. Жемісі – жидек.

Жүзім сорттары қолданылуына қарай үш түрге бөлінеді: шарап жасайтын, асханалық және кептіріп мейіз жасайтын сорттары. Жүзімнің шарап жасау өндірісінде қолданылатын кең таралған асханалық сорты – Изабелла. Оның жемісі қара көк түсті, дәмі - қышқылтым-тәтті [1-3].

Үй жағдайында шарап жасауға күрделі құрал жабдықтың керегі жоқ, жай ғана асхана құралдары да жеткілікті. Ең алдымен шарап ашытатын ыдыс қажет. Бұл мақсатқа ең дұрысы көлемі 20 литрлік шыны бөтелкелер, сондай-ақ, шарапты 10 литрлік бөтелкелер немесе үлкен эмальды ыдыстарда да ашытуға болады. Бұдан басқа, бізге езіндіден шырынды және шөккен тұнбаны бөліп алатын ыдыстар да қажет болады. Аллюминий және пластмассадан жасалған ыдыстарды тек аз уақыттық, аралық іс-әрекеттерге қолдануға болғанымен, мұндай ыдыстарда шарап ашытуға болмайды. Шарап ашытатын ыдыс химиялық инертті және бөтен иістен таза болуы керек. Ертеректе шарап ашытуға ағаш бөшкелерді пайдаланған. Алайда, оларды тазалау және сілтілендіру оңай шаруа емес. Ағаш бөшкені екінші рет пайдаланарда тазалау өте қиын. Сондықтан, ағаш бөшкелерді пайдалану тиімсіз.

Жеміс-жидектен шырынды бөліп алудың бірінші тәсілі: оларды ұсақтап, жаншып, сумен араластыру. Осылайша, таза шырынның судағы ерітіндісін аламыз. Екінші әдіс, жеміс-жидекті аздап ашытып алу. Бұл жағдайда жеміс-жидектен шырынды толық сығып алуға болады және тұнба аз түзіледі. Сонымен бірге бізге қосымша: сүзекі мен капрон мата қажет болады.

Ыдыстарды дайындап алған соң, бірінші кезекте шарап ашытқысын дайындау қажет. Шарап ашытқысы – бұлар микроскопиялық тірі ағзалар тобы. Олар көбеюге және қантты спиртке айналдыруға қабілетті. Ашытқы культуралары жемістің беткі қабатында тіршілік етеді. Жүзім шарабын жасауға шарап ашытқысын пайдаланамыз. Оларды жүзімнен аламыз.

Ашытқының түріне байланысты шараптың күштілігі де түрліше болады. Жүзім шарабы ашытқыларының кей түрі табиғи ашу кезінде шарап күштілігін 18-19°C-қа дейін қамтамасыз ете алады [4].

Жемістерден алынған шарап ашытқыларын табиғи ашытқылар деп атайды. Табиғи ашытқыларды пайдалана отырып, күштілігі 14-16°C шараптар алуға болады. Нан ашытқыларын шарап ашытуға пайдалануға болмайды.

Жас ашытқы қантты белсенді ашытып, спирттің жиналуы 16-19°C жеткенше төзе алады. Ашу кезінде ашытқы саңырауқұлағы өзіне тән иіс бөлетін заттар түзеді. Олар шарапқа ерекше жағымды иіс береді және шарапта өзіндік иістер жинағының (букет) пайда болуына әсер етеді [5].

Шарапты толық толтырылған және мықтылап тығындалған ыдыстарда сақтайды. Сақтау үшін 10-12°C температураға, 2-3 және одан да көп жылға қойылады. Бөтелкелік асхана және шампан шараптарын міндетті түрде көлденең қалыпта сақтаған жөн.

Әр шараптың өзіне тән сақтау мерзімі болады, осы уақыттан соң оның сапасы төмендейді. Сақтау мерзімі ақ асхана шарабы мен шампандарда 3-5 жыл, қызыл шарап үшін 5-10 жыл, десерттік шарапта 18-20 жыл, ликерлік және күшті шараптар 100 жыл және одан көп уақытқа жетуі мүмкін.

Үй жағдайында шарапты бөтелкеге құйып, құрғақ құмда сақтаған жөн. Мұндай жағдайда топырақта температура бір қалыпты сақталып, шарап сапасы керемет болып шығады.

1. Шарап жасауға қажетті шикізат.

Жүзім шарабының сапасы өңделетін жүзім түріне, аймақтың климаты мен жиналу уақытына тікелей байланысты.

Көптеген жүзім сорттары шарап өндіруге жарамды, дегенмен шарапты жүзімнің шарап жасайтын сорттарынан даярлаған жөн. Олар шырын мен қантқа бай келеді, химиялық құрамы да әр түрлі (кесте 1).

Табиғи ашытқыларды мынадай жолмен аламыз: 150-200 грамм жүзім алып, оны бөтелкеге саламыз. 50-60 грамм қант салып, 3/4 бөлігіне қайнатылған су құйылады. Бөтелкені ауа кіретіндей етіп, мақтамен тығындап, жылы жерге қоямыз. 3-4 күннен кейін ашытқы дайын болады, оны шырынға қосамыз.

2. Шарап жасау үшін жүзімді жинау жұмыстары.

